

БАЛҒАБЕК
ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ



МЫСЫҚ
ТҰТҚЫНЫ



БАЛҒАБЕК
ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ

МЫСЫҚ ТҰТҚЫНЫ

* СЫҚАК
ӘНГІМЕЛЕР

* ФЕЛЬЕТОНДАР

* ӘЗІЛ-
ОСПАҚТАР

* ӘНГІМЕЛЕР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
Алматы — 1979

Қ 79 **Қыдырбекұлы Балғабек**
Мысық тұтқыны. Сықақ әңгімелер, фельетондар, әзіл-өспак, әңгімелер. Алматы. «Жазушы», 1979. 444 бет.

Журналист, жазушы Балғабек Қыдырбекұлының «Мысық тұтқыны» атты жинағына әр жылдары жазылған шығармалары еніп отыр.

Қаз 2

© «Жазушы» — 1979

К $\frac{70303-72}{402(07)79}$ 217-79 4702023020

МЫСЫҚ ТҮТҚЫНЫ

СЫҚАҚ ӘНГІМЕЛЕР

БАУЫРЫМНЫҢ БАС ТЕРІСІ

Көптен көрмеген ауылыма сағынып жеттім. Колхоз іріленгелі бері мұнда келе алмай жүргенмін. Арасы тай шаптырым екі ауыл бұрын екі коллективтік шаруашылық болып, қысқа жіптері байлауға келсе де, күрмеуге келмей, былай тартса арба сынып, былай тартса өгіз өліп дегендей болып жататын. Осы ауылдың бірінен мен оқуға аттанып едім. Енді міне, екі ауыл бірігіп бір үлкен колхоз болған. Мына бір төбесі қызыл қаңылтырлы еңселі үлкен үй бұрын жоқ еді, әлгі колхоз председателі Айтбай салғызып алды деп менің туысқандарым шағым айтып есігімді тындырмайтын. Жұрттың көзіне сүйелдей батқан, арыз қоздырушы құрылыс шамасы осы болды. Оған жалғас мына бір қыштан тұрғызылған ғимарат ауылдық совет председателі Көбектікі болса керек. Қысқасын айтқанда, бәрін де біліп келе жатырмын. Келмесем бұл ауылға өзім келген жоқпын, ал менің көзім бұл ауылды талай сыртынан шолған. Қай шұңқырдан үй салғызуға Айтбай қанша қап топырақ қазып алғанын, оған дөңгелек күпшегінің ұңғысы желініп кеткен елуінші жылдар ішіндегі колхоздың шиқылдақ өгіз арбасының қай жолмен қанша рет барғанын естіп, талай көз алдыма елестететінмін. Ал менің миым да бұл ауылда талай болып қайтты. Кімнің үйінде қандай өзгеріс бар, қайсысы баласын қай күні сүндеттеткені, қай шеше қызын қай күні әкесінен жасырып, түн жамылтып күйеуге қашырып жібергені, олардың арасына кімнің жеңгетай болғаны, қашқан қыздан кімнің көйлек кигені, «өлі-тірісін» қай күні, қалай, кімдердің әкелгені, құдалыққа құйрық-бауыр асаса келгендерді тұнжырап, әлде қуана қарсы алғаны бәрі маған белгілі. Өсек-аянды жақсы тыңдағыш менің журналистік құлағымның жайын жақсы білгендіктен ауыл адамдары маған Көпенбайдың есігінің алдында жатқан жұдырықтай тасты Шөпенбайдың алдарына Тоғатайдың тентегі қалай лақтырып түсіргеніне дейін тегіс жеткізеді. Қысқасы, бұл ауылдағы Салақбайдың салпаң құлақ қара лағының тұяғының айырмасы қалай, қай күні құрттап кеткеніне дейін білемін. Көріп отырсыздар, алпыс-жетпіс километр жерде, Алматыда жатсам да, бұл ауылдағы болған оқиғаны қолмен қойғандай, жіпке тізіп отырамын. Бірақ «жіпке тізіп» дегенде, сіздер «пәлені жіпке тізіп» дегенмен шатастыра кермеңіздер. Пәлені тілегеннің басына берсін. Ондайдан аманмын. Тек кейде әлгі Теке рулы аулымызды Қошқарлар жайлап алғанына іштей (ішегімнің қырындысы кетпеген бе, қайдам) кіжініп-кіжініп алатыным да бар.

Қошқар демекші, менің ауылым Теке деген атаның ұрпағы. Екінші ауыл — Қошқарлар да маған туысқан. Бірақ Теке Қошқардан гөрі маған жақынырақ. Бірақ сіздер ешкінің етінен гөрі қойдың еті дәмді деген мағнада ұғып жүрмеңіздер, бұл айтқандарым тек туысқандық тұрғыда. Сондықтан ба, кейде Текенің біреуі Қошқардан таяқ жеп қалса, «қырда бұғының мүйізі сынса, ойда өгіздің мүйізі сырқырайды» дегендей Қошқарға деген ашуым арта түседі, ашуым келіп, қаным қайнап басыма шыға келеді. Байқап отырған шығарсыздар, «тасқа желіндеп мұзға бұзаулаған» бибауырмал қазағың мен емес. Мені әлі ешбір туысқаным «тауда жүріп таста өскен жер қадірін білмейді, ағайыннан басқа өскен ел қадірін білмейді» деген мәтелді қолданып, айыптап көрген жоқ. Сонымен әлгі ауылыма келіп қалдым. Теке ауылы Қошқар ауылынан әрі көбірек, әрі тұрған жері кең, суы мол шаруаға қолайлы болғандықтан колхоз орталығы осында орнаған. Оның есесіне ауыл активтері тегіс Қошқарлардан іріктеліпті. Алматыда жүргенде бұған да күйініп қоятынмын: «Өз ет, өз бауыры бұл Қошқарлар Текелерді неге шеттетеді екен? Әлде Текелер мүйізді келіп, қой мінезді момын Қошқарларды қоңаштай бере ме екен?» Бірақ маған жеткен сыбыс-дыбысқа қарағанда керісінше Қошқарлар келісімді орындарды тегіс алып, Теке бауырларына күн көрсетпейтін сияқты еді.

Ауылда ет жақыным болмағандықтан ешкімнің үйіне тіке түспей екі жағын да (Қошқарларды да, Текелерді де) өкпелетпейін деп тура кеңсеге келдім. Қазір тұрмыс жақсы, арасына келген ағайынды кез келген үй қой сойып, қол қусырып қарсы ала алады. Сондықтан кеңседе бірінші кездескен туысқанның үйіне түспек болдым. Колхоз кеңсесі бұрынғы үш бөлмеден тұратын қоржын үй емес. Іргетасын цементтен құйып бір метрдей көтеріп салған әлденеше бөлме. Тек осының өзінен-ақ ауылымның экономикалық жағынан қаншалықты өсіп кеткенін шамалаймын. Күз болып, жиын-терін аяқталып, жұмыс сиреп қалғандықтан болса да, колхоз председателі Айтбай да, ауылдық совет председателі Көбек те, мен келді дегенді есітіп жан-жақтан шапқылап жетті. Ішімде Қошқарлар жағының теке тіресіп тұрса да білдірмей, қойдай қосылып, қозыша жамырасып жаттық. Сөз арасында бір-екі қыңыр-қыңыр сұрақтар да беріп үлгірдім. «Арызқойлық неден туады» деп те қалдым. Ондағы ескертпегім егер бастықтар әділ болса, арыз болмас еді ғой дегенді ұқтырғым келіп еді.

Арызқой дегеннен еске түседі, осыны Тұмантай да айтып қалып еді. «Ауылың арызқой» деген сөз оған да батса керек. Бірақ оның сөзінше Текелер тентек. Мен іштей оны туысқандарын жақтап отыр деймін. Алматыда ауылдан жырақтау жүргендіктен бе, әлде бөлісе алмай жатқан ат үстіндегі қызмет болмағандықтан ба, Тұмантай екеуміз татумыз. Әдебиет төңірегінде бір ауылдан шыққан екеуміз-ақ екенбіз. Сондықтан да қалада оқта-санда ұшыраса қалғанда ағалы-інілі болып шұрқыраса кететінбіз. Мүмкін ол менің не Теке, не Қошқар болмай, әншейін жай тұқымнан шыға салғанымнан ба екен? Егер мен де Қошқар мен Текенің бірі болсам, Тұмантай екеуміз басымыз бір қазан түгіл, бір қалаға сыймай сүзісіп жүрер ме едік. «Сыймай жүрген жоқпыз, сыйыса алмай жүрген жоқпыз ба!» деп Ғабит Мүсрепов айтқандай, сыйысу деген де осы бір ауылдың адамдарына келелі мәселенің бірі болып отырған жоқ па екен?

Айтбай — Қошқар, мен — Көбек. Қошқар екеуі менің сөзімді қалт жібермей қағып алып, жауап беріп отыр. Сағынып көріскен туысқандарым, байқаймын, мен қырын келіп отырған соң шайға шақыруға да батпайды.

— Бас зоотехниктерің кім?

— Өзіңмен бірге оқыған Төлеуқұл емес пе?— Ол Теке жағынан болған соң үндемедім. Бірақ бір Текенің мүйізі көп Қошқардың ішін жармас деген ғой бұлар деп топшыладым.

— Бас агроном ше?

— Жасұлан ғой, бір партада отырып едіңдер ғой. Тағы бір Текенің аты аталды. Бұл да кездейсоқ қойыла салған болар. Дегенмен ішім жылып қалды. Ішінде бүкпесі бар адамды қойсаңызшы!

— Бас бухгалтерлерің кім?

— Көмекбай.

— Ол да Теке емес пе?!— дедім. Бағанадан бері ішімнен санап отырған пәленің бәрі сыртқа абайсызда еріксіз шығып кетіп.

— Теке болмақ түгіл бұқа болса да, жұмысты жақсы істесе бәрібір емес пе?!— деп Айтбай қатты күліп жіберді. Шамасы менің неге кенедей қадалғанымды о баста-ақ аңғарып, ауылдан өсектің маған қаптап жетіп жатқанын біліп отырса керек.

Нақ осы бір кезде Айтбай, Көбек — үшеуіміздің жараса қалған күлкімізді бұзайын дегендей сырттан «аттандаған» дауыс естілді.

— Аттан, аттан! Мына Қошқарларың қырып барады. Ойбай, өлтірді...

Шынында қазақ «аттаныңнан ойбайым тыныш» деп бекер айтпаған-ау. «Ойбай» болса әншейін көп төбелестің бірі ме дей салар едік, «аттандаған» пәле жау келіп қалды, аттарыңа міне шабыңдар деп тұрған жоқ па? Қап, жаңа жарасқан әңгіменің шырқын бұзған қай мандымағыр жау екен?!

Соның арасынша өгіздей өкіріп, сақалы белуарына түскен, үсті-басы қып-қызыл қан бір шал кеңсеге кіріп келді. Қазір қызыл қанға боялған бастағы шаш та, ұзын текесақал да төбелестен бұрын аппақ құдай екені қанды бастың әр жерінен көрінеді. Шал болса да күш-қайраты мол адам екені тіп-тік қапсағай денесінен білініп-ақ тұр. Анықтаңқырап, бажайлап қарап бұл кісінің Жалабай деген осы ауылдағы бұрын белсенді болған ағаларымыздың бірі екенін тани кеттім.

— Ойбай, аттан! Мына Қошқарлар тұқымымызды құртатын болды. Ойбай, өлдім-ау, өлдім-ау!

Үрейлі дауыстан, қан жуып тұрған адамнан бәріміз де үрпиісіп қалдық. Шал күзге лайықтап киген қабылмалы шолақ фуфайкесінің сыртынан белдік буынып алыпты. Онда бір кішкентай балта жүзі жалтырап қыстырулы жүр. Төбелес әбігерімен бөркінің қайда қалғанын аңғармаса керек. Оның артынан кірген жастау жігіт «ойбай өлтірді, өлтірді» деп айғайға аттан қосады, бірақ арғы жағында ешбір зіл жоқ сияқты. Бұл екі Текенің кіргені екі Қошқар бастықтың еңсесін түсіріп, қатты абыржытты. Бұған шынында да абыржымауға болмайтын еді. Сәлден кейін маған көзі түсіп кеткен Жалабай шал еңіреп жіберді:

— Ойбай, Балбақ, айналайын, біздің көрген күніміз осы. Мынау екеуі қатар бастық болып отырғанда бізге күн жоқ. Қит етсек бас салып сабап, пышақтайды. Ойбай, ауданға сотқа шабамын, жіберіңдер, ойбай, жібер.

— Мұндайда ер болсаң намысқа шаппай көрші. Оның үстіне өзің, екі ауылдың бар өсек-аяғын жіпке тізіп, артық-кемін есептеп отырсаң.

Айтбайдың өңі құқылданып, түрі қашып кетті.

— Аға-ау, не болғанын байыппен айтсаңызшы, — дегеннен арыға бара алмай істі шиеленістіріп, насырға шаптырып алам ба дегендей тоқтап қалды. Шал оны әке-баба жеті пұстысынан бері біраз сыбап алып, айғайды үдете түсті. Шал ашуына қыбым қанғандай боламын ба, ішім ұнатып барады.

— Өлтір деп ағасын өзі жіберіп отырып көлгірсуін қара, аяр қатынға ұқсаған иттің. Бұл мына Көбек екеуінің ісің — Көбек те абыржып, телефон құлағына жармасып, ауданнан милиция, жедел жәрдем шақырды. Ішімнен әбәлем, қалай екен деген жайым да бар. Туысқандарыма жаным ашып, жараға тұз сепкендей болып отырғанмен мен де қысыла бастадым. «Құтты қонақ келсе қой егіз табады, құтсыз қонақ келсе қойға қасқыр шабады» десе, мен келгенде қасқыр адамға шауып жатса бұдан өткен құтсыздық бола қояр ма екен. Әй өзім де осындай бір жолы болмағыр-ақпын. Енді бұдан кейін қысылмай көр. Өзің сағынып туған аулыңа қолың зорға тиіп пәлен жылда бір келсең, олар қызыл тақия киісіп, шу-шұрқан болып жатса, бұған қалай ренжімессің.

— Ойбай-ау, Балбақ, сен әлі отырсың ғой, мына екеуін қаматпай. Мені сойған тура осы екеуі. — Оның артынан кірген жас жігіт те көмейі бостау, қоштап қояды:

— Тура осы екеуі! — дейді ол. Ой, жігерсіз неме, дұрыстап айтпай ма екен деп қоямын, ішімнен.

Жедел жәрдем де, милиция қызметкерлері де мына иек астыңда он бес шақырым жердегі ауданнан сау ете түсті. Жалабайдың басы маңдай жағынан құйқа басталар жерден тілінгеннен артқы ұшы шүйдесінің оң жағына жетіпті. Екінші жара (тағы да тілінген) сол құлақтың үстінен басталып, тура оң құлақтың алдына жетіп тоқтапты. «Көз киелі деуші еді, құдай көзін сақтауынай!» дегендей қалқайған құлаққа түк те тимепті, ашулы пышақ қалай қағып кетпегенін қайдам, есек атаулыны тегіс естіп, біліп алайын дегендей қалқиып орнында қалыпты. Мен өзім әйтеуір құлақтың амандығына қуандым. Бізге бәрін жеткізер құлақты қатты ардақтайтынымды айтып жібере жаздап отырдым. Оның басындағы жарасы қосу белгісіндей болып шығыпты. Ал Жалабай өзі осы дәрігерлер ем-дом жасап жатқанда тағы бір айғайлап қойды.

— Ойбай, бұлар басыма ізнәк салды ғой. Әдейі істеді.

Мен қабағымды тарс түйіп алдым-ау деймін, Кебек те, Айтбай да жанұшырып бәйек болып жүр. Қоңырайысып қалдық. Аздан соң адам басын сойғыш Айтбайдың «ағасы» әкелінді. Адалбай ғой бұл. Адалбай десе Адалбай еді. Енді бұл да арамдана бастаған екен-ау, ә!

— Қалай болды, не масқараң бұл, өз ағанды өзің пышақтап,— деп Айтбай қатал келді. «Өз ағаң» деуін өтірікшінің деп жібердім кіжініп. Бірақ тағы да ішімнен айттым. Ал мына Адалбайды мен де жақсы білетінмін. Сонау бір жылдары ауданға барған атты ағайындардың ешқайсысы құлағынан тартып тұрғызғандай қу жетімдерді аттарының артына мінгестіргенде, бұл солармен ұрсысып, өз атының сауырына қаратышқандай балалардың бұтын салаңдатып үшеуін салып келіп еді. Содан бүкіл ауылдағы балалар оны Адал аға деуші едік. Япыр-ай, заман өткен сайын, адам мінезі де өзгереді екен-ау! Енді міне, Қошқар мен Текенің тіресіне бұл да белшесінен араласып кеткен.

— Мен кінәсізбін,— деді Адалбек екі көзі меңде, қатты ұялып тұрғандай.— «Алтын арық» бойындағы колхоз ағаштарынан үшеуін кесіп қойыпты. Соны неге кесесің деп атымды тебініп жанына жақындап едім, қалтасына қолын салды да, басын сипады, сөйтіп қан-қан болып шыға берді. Мен жанына бармай, тұра қаштым. «Сендерді құртайын»,— деп айғай салды.

— Қой оңдай өтірігіңді,— деді Айтбай,— Милиция тексерсін!
Мен екі дәй болып жатқан ауылыма қанша сағынып барсам да аунап-қунап жата алмадым.

Азар болса шал өлер, жаназасына қатысарсың,— деп қиылған бірге оқыған жолдасым, Жалабайдың ең жақыны Төлеуқұлдың сөзіне де тоқтамадым. Кеш алдында аттанып кеттім. Күзгі кеш менің денемді тоңазытып, қоңырлау шығарып салды. Көбек пен Айтбай Жалабайды өздері жайратқандай үндей алмады, Көбек:

— Ұят болды-ау! Қап!— дей берді.

Ертесіне Жалабай ағама, ауруханаға кірдім. Шеңбер салған құдықтай басты тегіс шандып тастапты. Жәкем қатты көңілді, қарқ-қарқ күледі. «Қатырдым ба иттерді!»— дейді.

— Не болды, бұл не?— дедім шынымен.

— Отыр шырағым, осылардың қорлығы өтіп жүр еді. Ыңғайы келді. Енді Жасұланды председатель қоямыз!

Жалабай жайын тәптештей сұрасам ол бір ат арба сұрап алып отынға барады. Алысқа баруға ерінеді де, «Алтын арық» бойындағы колхоз әдейі тіккен ағаштарды кесе бастайды. Нақ осы кезде колхоздың жер қорышысы Адалбай келе қалады. Сонан кейінгісін ол өзі былай айтады:

— Сенен несіне жасырайын, шырағым. Мыналарды бір табаныма салып алайын деп едім. Сол дөп келгенін көрдің бе? Оның үстіне сенің келетініңді біліп арқаланып та кеттім білем. Адалбай жаныма келе бергенде қалтамдағы ұстарамды алып, өз басымды өзім тіліп-тіліп жібердім. Жан керек екен, батырыңа. Атын тебініп қаша жөнелді. Ат арбаға міне салып, қанымды сорғалатып тура кеңсеге мен де салдым. Қатырдым емес пе, иттерді. Зар иманы зәр түбіне кеткен болар.

Мен ойланыңқырап қалып, туысқаншылық райымнан тайып түстім. Жалабайды сынамақ болдым. Қараспанды жаудырдым-ай келіп.

— Ал енді Адалбайды бүгін соттайды. Бала-шағасы шулап қалатын болды. Кеше қамап тастаған. Қатыны мұндай жалақорлардың ішінде отырмаймын деп төркініне көшкелі жатса керек.

— Ойбай-ай, не дейді мынау. Мен оны соттасын деппін бе,— деп шал орнынан жігіттерше атып тұрды. Мен күліп жібере жаздадым.

— Құртайын деген өзіңіз ғой, жала жапқан.

— Сен қарағым,—деп жалынды шал,— өлерімнің шағында ақтық рет сұрағаным болсын, соны соттатпай алып қала гөр. Оны соттағанша мені соттасын. Анау мили-саңа айт! Оны соттарын ойлап па, мынау қуарған бас!— Онсыз да жаралы басын қос қолдап екі шекесінен қойып-қойып жіберді. Менің бұл жолы күлкім келген жоқ, шалды шынымен аяп кеттім.

— Жарайды айтып көрейін,— деп қоштасып шығып кете бардым.

Кетерімде аудандық прокурорға бәрін айтып кеттім. Туысқан десе ерекше бүлкілдеп жүріп беретін екі бүйірімді Жалабай ағамша нұқып-нұқып қойып жазаладым. Көпке дейін көз алдымда қосу белгісі болып тілінген бауырымның бас терісі де, кейіннен өз басын өзі тоқпақтағаны да тұрып алды. Жауласуы да, дауласуы да, араздасуы да, татуласуы да оңай, ағаларымның қылығы қызық та болып көрінді. Шын жамандыққа бармайтыны суықтан келіп ыстық сорпа ішкендей ішімді жылытып та жіберді. Дегенмен бауырымның бас терісі кең-ау, ол тілуге де, күлуге де жетіп жатыр. Алғаш тарылып кеткенімен кейін кеңіп сала беретін кең құйқаға — бауырымның бас терісіне не жетсін деп ойладым. Па шіркін, кең терілі бауырым-ай!..

1971 жыл.

ҮМІТ, ӘЛДЕ ДАЛБАСА

Адам үмітпен өмір сүреді. «Үмітсіз — шайтан», мен де нақ солай, бар өмірімді үміттенумен өткізіп келемін. Үміттен аулақтап көріне көзге дүниеде жоқ, жұртқа жек көрінішті құбыжық атақ алу жап-жақсы деп ойлап па едіңіз. Шайтан болудан құдайыңыз сақтасын. Бірақ менің сол үмітімнің өзі шайтан болуға айналды ма деп қорқамын. Өйткені ол көзіме бір көрініп, ырым алдырып, той-тойлатпай-ақ, барады.

Менің машина мінетін үлкен сықиған бастық болуды ойлағаным қашан. Егер шынына келсем, мен сондай машиналы бастық болуды үйленгеннен кейін-ақ ескере бастағанмын. Оған түрткі салған да сол біздің үйдің шүйке басы — Бізбаркүлдің түрпідей сөзі болатын. «Ойбай-ау, бізге машина міну қайда?», «Біз жаяуға жаралған адамның әйеліміз ғой» деген сөздер батырып арнайы айтпағанымен бүйіріме темірді қыздырып басып, қыздырып басып алғандай әсер ететін.

Менің соқтасы теріні тесе жаздап, талаурап тұрған шиқандай тарынғанымды әйелім де сезді, енді ол басқа әнге басты. Әнге болғанда кәдімгідей шын ән шығарып алды. Үй ішінде екеуіміз қалсақ-ақ әйелім қырылдауық тамағын кенеп-кенеп алып, жартастан шыққан жаңғырықтай жаман даусымен соза жөнеледі:

*Дүние, құдым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ,
Біреуге мал мен басты үйіп беріп
Міреуді мойдың...*

Әрине, жартысы ғана айтылған соңғы жолды мінгірлеңкіреп, басқы әріптердің бәрін «м-ға» айналдырып соза береді. Ол жолды айтқызбай-ақ сіздердің білгендеріңіз сияқты мен пақыр да сезіп, құйқа тамырым шымырлап отырады. Жаныңда жамбастап біреу жаныңды жанып қамшылап отырса, бұдан кейін кеудеңді ерге айдамай көрші қане! Бұдан кейін бастық болуды ойламай көрші қане!

Бастық болғанда мен соншалықты бір «ішкен мас, жеген тоқ» немесе «ит басына іркіт төгілген» жерді іздеп жүрген жоқпын. Осы өзім істейтін чермет цехының бастықтығын аңдимын. Одан жоғарырағынан дәметпегенімнің де жөні бар. Үнемі тасы өрге домалап, аспандап жүрген, тәжірибелі өсеген жолдасым Қартабай «байқұс-ау, құлдың сүйген асын кім береді», одан да «кедейдің аздан байығаны жақсы» деп ақыл айтқаны бар емес пе. Көңіліме қона кетті.

Сондықтан бастықтықтан ат-тонымды ала қашып, біржола қойғандай жайым бар еді, қоя алмадым. «Барғызбасың барғызбас» дегендей, менің де қойғызбасым қойғызбады. Жарғақ құлағым жауыр болған соң қайтейін, болсам бола салайыншы десем, оның манақасы көп екен. Ол жө- ніндегі менің ақылшым, білгішім Қартабай ғой. Қарте- кем менің күнде бір кемшілігімді көрсетіп, тарыдай күнде талай көзіме шұқиды:

— Балбақ, сен бастық болғың келсе, алдымен аман-дасуыңды өзгерт,— деді.

— Қалай?— деймін мен оның сөзін аңғара алмай.

— Міне, міне, сенің екінші бір ұнамайтын мінезің де шығып қалды. Алдымен сен шапшаңдықты қой. «Қалай» демеуің керек. Екінші амандасқанда өтірік те болса сықылықтап немесе қарқылдап күліп ал.

— Қой, босқа күліп мені жын ұрып па?!

Қартекем жарылып кете жаздады. Жақ жүні үрпиіп, шекесі қызарып кетті. Енді пәле болды. Қартекеlep жатып зорға бастым. Ол қайта сөйледі:

— Сенің оңбайтын жерің осы. Ол болмайды дейсің. Сен болмайтынын білсең де үндемеуің керек. Сенің міндетің бас шұлғу, құптау.

— Ал жарайды,— дедім мен тайқып түсіп.

— Ал жарайдың не, үндемей отыруға саған болмай ма, қой сенен бастық шығара- мын деп жүрген мен де оңбаймын.

Сілейіп қатып қалдым. Мұнымды Қартекем тіпті де ұнатпады. Жол үстінде әлденеге кездескен кірпідей дүрдиіп алды.

Тіл-аузын қойып қалған адамдай бұның қалай, сілейме, түк білгізбеуің керек.

Ішімнен Қартабайды сорлатып отырмн. Бұлай болса, сол цехтың бастықтығынан да бездім. Мынауыңнан он муфт жону әлдеқайда оңай ғой. Ой, құрсын бүйткен мансабы!

Солай дегеніммен де Қартекем мені жанынан жарты елі тастамайтын болды. Енді не де болса сабақты соның өзінен үйренбек ойым бар. Қартекемді зерттей бастадым.

Маған алғашқы ескертпе амандықтан басталды ғой. Байқаймын Қартекеңнің амандасуы үш түрлі болып келеді де, соларды кезектесіп адамына қарай қайталай береді. Ол мысалы «сәламатсыз ба?» деп алып, сойған тұлкідей ыржиып жүріп береді. Немесе кеңкілдеп, кейде рабайсыздықпен сықылықтап алады. Мұндай жағдайда оның күлкілі даусы шығады, о ғажап, бет-жүзі өзгермейді. Қателеспесем бұлай амандасатындары көбіне қызметі жағынан да, жасы жағынан да өзі тұрғыластары болса керек. Енді біреулерді көргенде жалпылдақ отындай алпылдап-жалпылдап кетпей (мен өзім сөйтемін ғой) сыздаусып шала піскен картоптай томырайып, не аузынан оқтау жұтқызып, сол мойнын күйездендіріп тұрғандай кекірейіп, иегін болар-болмас изеп өтеді. Байқаймын алдыңғы амандасуы болмаса соңғысы қолымнан келетін түрі бар. Және мұның тағы бір оңай жағы мұндай амандасатындары өзінен төмен тұратындары-ау деп шамалаймын.

Осылай жүргенде амандасудың тағы бір бөтендеу, әрі қиындау жолын көрдім.

Демалыс күні болатын. Қартекең екеуміз Көкбазарды жағалап келе жатыр едік, ең-гезердей келбетті адам кездесе кетті Мен танымадым. Қартекем жанымнан доптай домалап барады. Ол әлгі адамның алдында бүгжиіп тұрғанын бір-ақ байқап қалғаным. Бала күнімде айдаһар лебімен тартқанда қоян өзі жүгіреді екен дегенді ертегіден талай естігенім бар еді. Қартекем де нақ сол ертегідегі қояндай кездескен кісінің аузына қойып кете жаздады. Сонан соң Қартекем әрбір сөз айтқан сайын әлгі кісінің біресе арғы жағына, біресе бергі жағына лыпын қағып шығып отырды. Айрылысарда әлгі кісінің қолын қысып, өзі күлкірне басқан адамдай бүкшиіп кетті. Нақ мынаны істеу үшін Қартекемді былай қойғанда, Асқар Тоқпановтан ең аз болса төрт жыл сабақ алуым керек деп ойладым.

— Жаңағың кім, Қартеке?

— Көрші заводтың директоры, Кәкен.

Амандықтың бұл түрінің кімге екенін енді айтпасам да білген боларсыздар. Осынша өнердің барлығы менің қолымнан келер ме? Енді бар әурешілікті қоймақ болдым. Нақ осы мансап іздеуімді қоймақ болған күні мені завод директоры шақырмасы барма. Білген ілтипатымды жасап оның алдына келіп отырдым. Ол орағытып цехтың жайын, жұмысшылардың халін сұрады. Кейбіреулерінің, атын атап айтып отырды. Менің жағдайымды сұрай келіп:

— Сізді өзіңіз істейтін чермет цехына орынбасар қойсақ деген ойымыз бар, — деді.

Қартекем әбден үйретіп тастаған емес пе, үндемедім. Шынында үндемеуім керек пе екен, әлде «құп, рахмет» демекпін бе, анығын білмей сасып қалдым. Үндемей отырғанымды келіспеді деп біліп қалар ма екен деп те қыпылдап, қылпылдап барамын. Көріне көзге басқа келген бақытты теуіп, құдайсең өзі айдап келген, жете алмай жүрген мансаптан айрылып қалар ма екенмін деп отырмын. Дегенмен жұрттың ішіндегісін білмесе басшы бола ма, көзің жамандық көрмегір, әлгі өзі арт жағын жөндеп жібергені:

— Ендеше оқасы жоқ, үндемеу келіскендіктің белгісі.

Міне, қызық! Мен бастық болатын болдым. Қазір-ақ Төлеуге, Ораққа жеткізіп, кешке тіпті жуып жіберсем бе екен, ә! Бәрінен де құлақтың тыныштығын айтсаңшы. Бір рахаттанып ұйықтайтын болдым. Қаңқу сөздер, шаншу сөздер бәрі де бүгіннен бастап пышақ кескендей тыйылады ғой. Бір уақыт кейде жиналыстарда қатты сөйлеп кеткенде «сен өсе алмайсың» «сен әлі бұл мінезіңмен он жыл мастер қалпыңда жүресің» деген жақындарымды сыртынан сөгіп-сөгіп алдым.

Нақ осы күні кешке қарай цехта кәсіподақ жиналысы болды. Менің жақсы жұмысымды да атап етті. Бірақ дүниені өзім бүлдірдім. Цехтың бастығы Елеместің кейбір мінезін көзіне айтып, кішкене сынаңқырап алдым. Қайтейін сен де сөйле дегендей жұмысшылар маған да қарап қояды. Шыдамадым. Бірақ бұрынғыдай тереңнен салу қайда! Қалқыңқырап кеттім. Нақ сол бір сәтте Елемес мені бір кекетіп қалды:

— Сен осы жалақыны сынағаның үшін алмайсың ғой!

Қызып, қан дуылдап басқа шапшып тұрғанда оны тыңдайын ба, тағы Елеместі біраз жерге апарып тастадым. Жұмысшыларға менің сөзім ұнады білем, отыра бергенімде жан-жағымдағылар қолын ұсынып жатты.

Құдай тас төбеден қос қолдап тұрып ұрды. Таңертеңмен үйге Қартекем келіп жанымды алды. Түнімен ұйықтамай шыққан ба, қалай түсі әлем тапырақ.

— Енді менің жаныма жолаушы болма. Саған айтқан сөзімді басқалардан естимін. Аузыңа сөз тұрмайды. — Қартекем есікті тарс жапты...

Апырай, ә! Менен басқада құлақ, құлағы болғанмен Қартабайы жоқ қой шамасы.

Қартекем білгенді неге басқалар білмейді екен, дүниедегі бар құпияны шамасы өзі ғана білетінін сезеді-ау! Керемет адамдар көп қой, шіркін, дүниеде!

Бәрінен де менің үмітімді айтсаңызшы. Директор сөй-лескеннен кейін үрлеген мейі қампайған көңіл сол қалпымен солмай тұрды. Бірақ күн ұзап, менің мансабым сағымдай бұлдырап бара жатқанға ұқсайды. Бәрін де шиқан шыққыр тілімнен көрдім. Егер ол қышымай тыныш тұрғанда, кім біледі, ендігі цех бастығы болмағанмен соның майлы-күйелі столының шетіне жетіп қалатын едім. Өзіме де обал жоқ. Қартекем тілін алмаған жарты басқа не амал бар.

Жоқты сылтау етіп бір күні директорға кірдім. Ол менің мансап іздей келгенімді білгендей:

— Сізге коллектив қарсы көрінеді, — демесі бар ма. Міне, керек болса! Шығып алып, жат та ойла. Коллектив!

Қай коллектив? Жергілікті комитеттің құрамына сайланғаным бар. Онда бірауыздан-ақ өткенмін. Одан басқа басшылықтан әзір аманмын. Ең болмаса құдайсыздар ұйымының, қызыл крест қоғамының бастығы болып көрген жоқпын. Қызыл крест қоғамын Мақаң-ақ билетпейді. Сонда маған коллектив қалай қарсы болған. Мүмкін менің қаруымдағы шәкірт жұмысшы бірдеме деген болар. Онда сөз басқа. Әлде мен коллективті шатастырып алғанмын ба? Мүмкін коллектив деген цехтың бастығы шығар! Әй, әйтеуір шатасып біттім.

Кейде үміттеніп отырып, осы мансабым өспеуіне аты-жөнім, туған ортам кінәлі ме деп қаламын. Қоқыған бай, Жандай Теке, Абылдай хан атанған болсам әлде өсіп жүріп берер ме едім. Өйткені ондайлар сүрініп жығылып, аударылып түсіп-ақ, ертеңіне атқа қарғып мініп кете барады. Шамасы олар мансапқа лайықты өнерді әбден меңгеріп алған-ау. Ал мен болсам үміт үзген жоқпын, үмітсіз шайтан, сондай пысықтардың өткен жолдарын зерттеумен жүрмін. Кейде үмітім жоғалып шайтан болып бара жатқандай да көрініп кетеді. Дегенмен әлі де үміттімін. Сонда мұным үміт пе, әлде далбаса ма, ол жағын өзім айыра алмаймын.

1966 жыл.

СЫРҚАТ ӘЙЕЛ

Баққа бөленген әдемі қаланың ортасына салынған емхана бір көшені бір-ақ алып тұрады. Оның көше жағына қараған беті дәрігерлер науқас адамдарды қабылдайтын бөлмелер де, аула жақ беті ұзын зал. Ұзын залдың бойына қойылған отырғыштардың босы көп болғанымен қабылдау кабинеттерінің бәрінің алдында адам баршылық. Адамның ең көп отырған жерлері құлақ, мұрын, тамақ ауруларын, көзді, тісті қарайтын кабинеттер алды. Ұзын залдың ашпалы терезелерінің барлығы ашық. Осы ашық терезелерден таңертең соққан самалмен бір хошиіс келеді де, адам мейірін қандырмай жоқ болады. Сусап отырғандарға зор сабадан бір-бір тостағаннан қымыз беріп бір жайқар келіншек ізінше қайтып шығып кеткендей болып тұр. Жанға сая көктемнің лебі отырған науқастарға табылмас шипадай сезіледі. Самал тағы да, ессе игі еді деседі, отырғандар.

Залдың кіре беріс есігі кең ашылды да, денесіне жабыстыра тіккен қалың күрең қызыл көйлегі бар бір әйел көріне кетті. Ол есік жабылар—жабылмастан залдың оң жағына қарай тез басып жүріп берді. Осылай қарай бұрылуымен одан хош иіс бұрқылдап, терезеден келген лепке жарымай отырғандардың мұрнын жарып жібере жаздады. Ол құлақ, мұрын, тамақ ауруларын қарайтын кабинет алдынан аяғындағы өкшесі дірілдеген жылтыр қара туфлин шажамайын шиқылдата, екі қолын артына лақтыра тастай сыпыртып өте шықты. Құлақ, мұрын, тамақ ауруларын қарайтын кабинет ең түкпірде еді. Бұдан былай кабинет жоқ болса да ол өтіп барып бұрыштан кілт бұрылып, қашаған қуып үйренген қысыр биедей өкшесінен қайтты. Туфлин шиқылдатып бері жүрді. Екі құлағын кезек басып шыдай алмай шеткерірек отырған орта жастағы Ерекеңнің беті тыржың ете түсті. Оған жалғас отырған қартаңдау әйел де татып кеткен айран ұрттап алғандай мұрнын тыжырып, бет-аузын қатпарландырып, аузын ырсыта қойды. Көзі әлгі әйелде.

Әйел отырғандарды хош иіске бөлеп, олардың тура ортасына келіп тоқтады да:

— Соңы кім?— деді өзінен-өзі күліп. Неге екені белгісіз оның оң жақ езуі жоғары көтеріліп, аузы қисайып кетті, керқызылдап жаққан далабы екі құлағына аз-ақ жетпей тұрды.

— Мен,— деді шетке жаңа келіп отырған әйел сыпайы ғана.

— Мен сізден кейін, — деді де әлгі әйелдің оң жақ езуі тағы қисая берді. Оң жақ езу көтеріліп, әдемі қыр мұрыны оң, жағына қисайып, оң жақ көзінің алды, арты әжімденіп, көзі шапыраштанып қалды. Керқызыл езулер тағы да екі құлаққа жете бергенде ең-ең-еңелеген негізсіз, қисынсыз күлкі шығып барып тоқтады. Бұл жолы оң жақ езу жоғары әжептәуір көтерілгендіктен әйелдің ақыл тісінің алтын екенін отырғандардың бәрі де көрді.

Әйелге отырғандар ығысып орын ұсынды. Ол орындыққа бір қырындап отырмақ болды. Сыптай етіп, жабыстыра тіккен түймелі қызыл күрең көйлек оның отыруына қарсылық білдіргендей тырсыып, икемге зорға-зорға келді.

— Әй, осы көйлектен көрген қорлығым-ай, таңертең салқындау болған соң киіп шыға салып едім, — деп әйел сықылықтай күліп алды. Бірақ оның күлкісі тырысып-бырысып отырған науқас адамдардың арасынан қоштаушысын таба алмай жалғыз, ерсілеу естілді. Оның күлкісі естілгенде анау шеттегі құлағы ауырып отырған Ерекеңнің танауы тағы тыржың ете қалып, сол құлағын қоя салып, оң құлағын басты. Оның күлкісін ұпатпай қалды ма, әлде білгісі келді ме, Ерекеңнің жанына тақау отырған қартаңдау әйел:

— Қай жерің ауырады, келін? — деді.

— Ибай, келіні несі, қызым деп сөйлемейсіз бе!? — деді де, ол сауалды жауапсыз қалдырды. Сонан соң іле жанындағы әйелге бұрылып:

— Мына бір құлағымның, — деді ол, оң құлағын ұстап, — сырғалығы ауырып жүргені. Мына бір сырғасы құрғыр да басып бара ма, қайдам. Соны дәрігерге көрсетейін деп едім.

Ол қолын құлағынан ала бергенде алтындаған үлкен дүмбір сырға екі құлағын басып, шайқалақтап кетті. Отырғандарға ауру нақ осы сырғада тұрғандай көрінді.

Аздан кейін ол орнынан тұрып, көз одан тіс ауруларын қарайтын дәрігерлерге де кезек қойып келуге жөнелді. Содан жарты сағат өткенде қайта оралды, әрі самбырлай сөйлей келді.

— Жеңгей, біреу келсе, артымда бір адам бар деп айта салыңыз, мен үйге барып келе қояйын, ыстықтап, қапалап барамын.

Жеңгей өзінің тамағымен әуре. Оған жауап та берген жоқ. Ал оның есесіне кезек қояшы да кезегімнен айрылып қаламын-ау деп қадағаламай-ақ, жауап алмай-ақ жылтыр қара туфлиді шиқылдата басып, тартып кетті. Оның аяғынан шыққан шиқыл отырғандардың самайына біз сұғып алғандай, қабақтарын тыржың-тыржың еткізді.

Күн көтеріліп, үйдің ішінің ауасы жыли бастады. Қы-зарған күн мен далаға да жан кірді. Ашық тұрған терезе-нің бәрінен әлдеқалай әдемі жасыл ала көбелек кіріп, далбалақтап, зал ішін тегіс аралап шықты. Шешелерімен емханаға ере келген бір-екі бала қалпақтарын ала, тұра ұмтылып еді, шешелері етектерінен басып, отырғызып қойды. Жасыл ала көбелек қалбалақтап, есікке таман барғанда, іштен ашылған кабинет есігіне соғылған көбелекті үшінші бір бала қалпақпен ұрып алды.

— Мына бір көбелек те емделуге келген бе? — деп қалды біреу езу тартып.

— Мұнда жыңды көбелектер де келеді, — деді Ерекең ызалы күлкімен.

— Сәлден кейін жаңағы әйел тағы келе жатты. Бұл тура жаңағы өлген көбелекті жоқтатқысы келмегендей, үлдірек гүлді жасыл жібек көйлек киіпті. Екі қолы иығына дейін, мойыны жауырынына дейін жалаңаш. Күн аптабы осынша желең киіндіретін ыстық болмағанымен мұның екі өкпесінен қысып, дем алдырмай келе жатқандай. Тіпті әп-сәтте басы да өзгеріп кеткен. Шашын дудыратып бос тастаған да, оған бір гүлді қиықша орамалды түйрей салған. Аяғы да басқаланып, біз өкше, біз түмсық аппақ туфли киген. Қандаңдаған жүрісінен көйлегінің етегі делбеңдеп, шашы жалпылдап барады. Түп-тура жаңағы көбелек.

— Қай бала қалпағымен соғып алар екен,— деп ойлады Ерекең ол отырғандарға жақындай бергенде.— Әсіре қызыл тез оңар, қалбалақтаған жыңды көбелек өстіп жүріп отқа түсіп кетпесең жарар...

Жасыл ала көйлек жақындай бергенде осы жерге жаңа ғана келіп, кезек ұстаған жігіт: «О, Беке, сәламетсіз ба?»— деп орнынан атып тұрды. Беке дегенді естіп әйелде де осындай ат болады екен деп жұрт бір-бір қарап қойды.

— Аман. Өзіңіз де сәламетсіз?— деп әйел құбылып, тіпті сызылып қалды.— Ғапу етіңіз, мына емханаға кел-гендегі нашар түрімді көрдіңіз, алау-далау болып, мына бір жаман көйлекті кие салып ем. Емханада таныс кез-десе қояды деп ойламап едім.— Әйел ыржиып, сықылық-тап күліп, әрі мүләйімсіп, оң жақ езуін көтеріп, алтын тісін жылтыратты. Баттастыра опалаған ақ құба өңі бі-ресе далап жаққандай қызарып, біресе күлбеттене қуарып түрлі өзгеріске енді. Оның киімі, құбылысы жаңа ғана осы жерден ұшып өтіп, балалар қалпақпен соғып алған көбелекті аңғартқандай.

— Жоқ, жоқ, олай демеңіз, сіз кәдімгі көктем күнінің көбелегіндей құлпырып тұрсыз. Өзіңіз бұрынғыдан да жасаңғырап кеткенсіз.— Әйелдің көзі күлмендеп сәл төмен қарады. Құлағындағы дүмбір сырғасының шайқа-лақтағанындай, әйел қипаңдап, қиқаңдап кетті. Ол тағы да мақтау сөз айтар ма дегендей үміт те етті, жігіт құрғыр сөзге сараңдық жасады, одан әріге бармай титықтап қалды. Тіпті ол мақтауды әйелдің қатты ұнатқаны, тағы да бірдеме айтар ма екен деп тосқаны сонша «тағы бір-екі сөз айтсаңшы» дей жаздап, отырғандар да қопаңдап, қомпаңдап қозғалысып кетті. Жігіт одан әрі жай амаңдық сұрасып бара жатыр еді, әйелдің өзі әңгіменің бетін өзіне қарай бұрып әкетті:

— Мына бір көйлекті салқын бола ма деп тіктіріп едім, ұнаспайды.

— О не дегенің, Беке. Сіз жаңа шыққан жауқазындай желбіреп тұрсыз. Гүлге қонған көбелек сіздің жаныңызда әдемі емес.

Әңгіменің беті жаңа түзелген сияқты. Нақ осы кезде отырғандардың біреуі:

— Келін, сіздің кезегіңіз келді,— деді.

— Сіз кіре беріңіз, мен сонан соң...— дей салды келін. Әңгіме кішкене қызып, өткен-кеткен айтылған соң жігіт асығыс орнынан тұрды.

— Айып етпеңіз, курортқа барайын деп, соған дәрігерлерге тегіс көрінуім керек еді. Енді көз дәрігеріне барайын.

Жасыл ала көйлек те асығыс тұра келді.

— Онда жүріңіз, мен де соған баратын едім. Мына көздерім жаз шыққалы бері қаратпай жүргені, соған бір қара әйнек алуым керек еді.— Әйел бастап жүрді. Оның өкшесінің дыбысы тық-тық етеді. Ол дыбыс аурулардың шекесін құрыстырып барады.

— Соңы кім? Менің кезегім өтіп кеткен екен, жарайды, Ақан, мен сізден кейін-ақ бола салайын. Сіз отыра тұрасыз ғой. Күн кешкіріп келеді. Мен үйге барып келе қояйын.— Оң жақ езуін көтерем дегені ме, әйел оң жақ көзін қысып қалды, ін аузынан көрінген суырдай алтын тіс жылтың етті.

Жігіт «жарайды, жарайдыдан» артық сөзге бармады. Әйел тық-тық басып, тіс дәрігері жаққа қайқаңдап барды да, оның алдындағы шоғырланғандармен бірер ауыз тілге келіп далаға бет түзеді.

Түс ауып күн екіндіге таянып барады. Емхана есігінен кірген қан қызыл көйлекті әйел оңға бұрылып, қолын артына көбірек сермей, құлақ, мұрын, тамақ ауруларын қарайтын кабинет алдына бір соғып, көз дәрігеріне келді. Одан тоқтамай тіс дәрігерінің кезегін күтіп отырғандарға жетті. Бұл кезде Ақан тіс дәрігеріне көрініп, кабинеттен шығып келе жатыр еді.

— Япыр-ау, Ақан, сіз тіс дәрігеріне көрініп үлгіргенсіз бе?

Ақан жаңа таныды. Алдында тұрған бағанағы өзінің «Бекеді». Тіпті басқа. Бағанағы жасыл ала көйлек жоқ, қан қызыл жібек киген, шашын тас төбесіне тікірейтіп түйіп тастаған, Дүмбір сырғаның орнына құлаққа жабысып тұратын қызыл қоңыздың суреті. Қолында торлап каучуктен тоқылған қызыл қапшық. Аузын да... Құсқасын айтқанда, басынан аяғына дейін батар күндей қып-қызыл. Ақан таңырқап қалды.

Қалай өзгеріп кеткен? Жаңа ғана жап-жасыл көбелек еді, енді қырдың қызыл түлкісіндей жайнауын! Пай-пай, Бекең-ай!

— Я, я, үлгіргенім. Сіз көз дәрігеріне бардыңыз ба? — деді Ақан сасып қалып.

— Жоқ, кезегім өтіп кетіпті. Көзден өлетін емеспін, Ақан. Мына бір тісім зырылдап жел тигізбей тұрғаны. Алдымен соны қаратайын деп ойладым. — Ол ыржия қойды да, аяғында сықылықтай жөнелді.

— Я, я, атай көрмеңіз, бәрінен де тіс ауруы жаман, тісіңіз ауыра көрмесін! Соған көрінгеніңіз дұрыс, — деп Ақан далбарақтап шынымен сөйледі. Ақан жылыстап кетпек болды. Нақ осы кезде саусағын салалап, сол қолын құлаштай сермеген Бекең Ақанға бұрылды.

— Күн болса кешкіріп қалды. Бір күнге өлмеспін. Мен де ертең-ақ келсем. Оның үстіне жұқалау киініп келіп едім, кешкі салқынға ұрынып қалып жүрем бе деп тұрмын. Бекең Ақанмен қабаттаса далаға беттеп бара жатты. Отырғандар таңданып қалды.

— Ертеден кешке дейін дәрігерге келіп, біріне кірмеген бұл әйел кім? — деп сұрады тіс ауруынан ұрты ісіп кеткен ер адам.

— Соны танымаушы ма едіңіз, кәдімгі қалаға белгілі Бекбике деген осы ғой.

— Сырқат әйел ғой, — деді күліп бір жігіт.

Жұрт Бекбикенің ізінен көз алмай қадалып қалды. Ол шерменде ешнәрсе білмей кердеңдей басып бара жатты. Терезеден түскен күнмен шағылысқан қызыл көйлек сол батар күңдей қызараңдап барып көзден ғайып болды.

1960 жыл.

ӨГІЗ ҚАРА КҮШІМ БАР

Көшенің бұрылысынан өте бергенімде шап беріп сол қолымнан біреудің ұстай алғаны. Жаздың күні болғандықтан, басымда ондатр құлақшыным болмағандықтан қорқа қойғаным жоқ. Бірақ қатты тартынып қалдым. Алдымда тұрған жанды құбыжық салдыр-салдыр ете түсті. Сасып қалып:

— Ау, мұның қалай? — депшін.

— Мұным дәп солай. Немене адам көрмеп пе едің?

— Халің қалай, бауырым? — дедім аузыма сөз түспей.

— Қалай болушы еді, алла деп арақ ішіп, құдай деп қуырдақ жеп жүріп жатырмыз.

Не дерімді білмей аңырып қалдым. Жаңағы көрген құбыжығым кәдімгі таныс адам Меншік деген жігіт болып шықты. Жаздың күнінде аяғына екеуі екі пұт шығатын, шүбар табан, бақа бас көн етік киіпті. Шыңырау құдыққа салатын баяғының тозған қауғасындай қолқылдақ екі қонышының ішіне шүберекке орап әлденелерді тығып тастапты. Қоныш бақа жұтқан жыланның тамағындай буылтықтанып кеткен. Үстіне бір кезде Болгарияда шыққан киім сияқты, бірақ Азияның күні күйдіріп, жаңбыры шайғандықтан өң-түстен түк қалмаған, қазақ аулының тозған қабындай көнтиген камзол. Меншіктің құтын қашырып тұр. Бұл бұл ма, беліне байлаған кішірек бакыраш пен кішкентай балта қозғалса болды, біріне бірі тиіп салдыр-салдыр етеді. Бұның бәрі түк емес. Әсіресе басындағы ет салатын мыс дағарадай қоғадан тоқыған қалпақ, ботаға артқандай сегіз қанат үйдің шаңырағын басып қалыпты. Алыстан қарағанда басы жоқ екі аяқ жүріп бара жатқандай.

— Қайда бара жатырсың? — дейді ол маған. Қызық, қайда барушы едім. Мынау шатасқан шығар деймін.

— Қызметке дағы.

—Мен дачадан келіп едім, дачаға бара жатырмын.

—Келгенің қалай, кеткенің қалай?

—Ой, бауырым, артта қалған адамсың,— деді ол маған тіке.

—Жаңа төбемді көрсету үшін қызметке келдім емес пе, енді мойнымды қылқитып кетіп барамын.

—Кішкентай отырып сөйлесейікші, автобус келген-ше,— деп жабысты ол.

Отырғышқа жақындадық. Мен отырғанша ол тізесін бүге беріп сылақ етті. Дорбадан әлде не бұрқ етті. Арқасындағы тырмыштап тастаған дорба басып кетсе керек.

—Мына бір цементі құрғырды ала салып едім,— деді ол...

—Дача салып едім, соның есігінің алдына цемент жетпей қалып...

—Мына қалпыңмен автобусқа мінгізбейді ғой.

—Неге мінгізбейді «Былғаныш киіммен-ақ автобуста жүруге болмайды» дегенді айтып отырмысың? Түк те емес. Мінбе дегеніне қарайтын мен бар ма? Таскенедей жабысып қалармын ба одан. Елдің айтқанын тыңдай берсем бұлдіргенім пісіп, түсіп кететін түрі бар. Картошкам әлі түптелген жоқ, биыл нақ алма гүлдегенде құдайы құрғырдың аспаны тесіліп кеткендей жаңбыры шелектеп құйғанын айтсаңшы. Алманың бар гүлін шайып кетті емес пе! Енді анда-санда бір құдай дегендей, әр жерде бір түйнек қалды. Ой, көк түйнек келгірдің жаңбыры! Енді қарашы, қас қылғандай бір тамбай, аспан айналып жерге түсіп барады. Су керек кезде.

Мен кетуге тұра бердім. Ол етегімнен басып отырғы-зып қойды.

— Отыра тұр.

—Ойбай-ау, қызметке...

—Ей, қоя тұр, бауырым,— деді ол бет-аузын тыр-житып,— коммунизмді жалғыз сен орнатамысың. Мына біз де барамыз деп жүрміз. Мына дачамды бітіріп алғаң соң менің қалай жұмыс істегенімді көр. Бесжылдықты төрт жылда орындауға атсалысатын көзелің мына, Мекең болады.— Ол өз кеудесін өзі жұдырығымен нұқып қалды. Байлаулы бақыраш отырғышқа соғылып саңғыр етті. Бос саңғыр.— Жаңа әлгі бір қаруымдағы қызметкер Мөңдібайға қатты ренжігем. Кеше тапсырып кеткен істі пысылдап әлі бітіре алмай жатыр. Сондайлармен коммунизмді қалай орнатарсың. Кеше тапсырған жұмысты бүгінге әкелген соң одан не үміт, не қайыр. Жұмыс істейді деп мына бізді айт. Мемлекеттің жұмысын да істеп, арасында дача да салып, бұлдірген егіп, жемісін де жеп үлгіреміз. Айтқандай дачаң бар ма?

—Жоқ,— дедім келте. Енді не дейін жоқ болса.

—Тұу, Балбақ, тіршілігің жоқ байқұс екенсің ғой. Әй, ұйқың пырдай, желкең қырдай жалқауға лайықты-ақ адамсың. «Алма піс, аузыма түс» деп құдай біледі, мемлекетке қарап аузыңды ашып, жұтқыншағыңа жұмыршақтай бірдеме тілеп отыратын жансың ғой, ә. Өзіміз тауды талқан, ойды кезең қыламыз. Құдайкеңнің қай заманда әкеліп тастағанын қайдам, менің участогымда үйдей гранит орнап алып, арқасын күнге қақтап жатып алып еді, екі пұттық гірмен ұрып-ұрып сындырып тасын лақтырып тастадым. Бұдан кейін Мекеңде қайрат жоқ деп айта алармысың. Сонау бір жылдары әлгі «Алатау» колхозы сол жерге колхозға қора саламыз деп сол шоқы тас үшін құрылыс жүргізе алмаған екен. Мен жұртқа жалақы төлеп істете алмайтын тауыңды сөйтіп төңкеріп тастадым. Бұдан кейін ертедегі Таукөшірерден кем деп көрші, кәне. Ендігі жарты шегесіне дейін қағып түгел бітіріп те қоятын едім. Әлгі бір Мұрат деген шофер жігіт мына бір цементті түсіріп бере сал десем «қызмет уақытысында болмайды» деп кергиді. Ой, бас пайдасын білмеген жаман неме. үстінен директорға арыз жазып, басына пәле салып қойдым. Көрсін енді Мекеңмен сөйлесіп.

— Ал, жарар Меке, пиғылыңа құдай береке бер...

— Қоя тұр, кеткеніңді. Бермек түгіл береді. Біз та-биғаттың бермесін тартып алып үйренген жандармыз ғой. Әйтпесе екі қабатты дачаны екі аптада, күн-күйерімен тұрғызып алар ма едім. Тек мен әлгі біздің кеңсе бастығы, сіз жұмыс істеуіңізді... деп мыңқылдай-ды.

Мен жұмыс істемегенде қамыр илеп жүрмін бе? Цементтіңді ұндай шылаймын, тасты бидайдай ұнтаймын. «Өзіміздікі дегенде өгіз қара күшім бар». Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды деген. Аталарымыз дұрыс айтқан. Мемлекет пен мені бөлуге бола ма? Менде болса, мемлекетте болғаны емес пе? Мен осы өнімнің бәрін жалғыз жеймін бе, бәрін базарға саламын. Апыр-ау, былтырғы жұмыс қызу еді. Ол кезде астымда машина. Былқылдап барып «Волганы» бәйгеден келген аттай қаңтарып тастап, шофер екеуміз терлеп-тепшіп кеп іс атқарушы едік. Әлгі пысықсыған Кәсіпжан дегеннің кесірінен, «қызмет уақытыңда келеді» деген сөзінен тоңқалаң астым. Әттең... Әйтпесе биыл шаш етектен кенелетін едім. Дегенмен жұма күні түсте кетіп, дүйсенбі күні түс ауа төбе көрсетіп, жұмыста бар болып көрініп қана жүрмін. Дача машинасыз болмайды екен. Шіркін, бір дөңгелек...

Мен де ойланып қалдым. Япырмай, шынымен қоғамдық меншікпен жеке меншіктің арасы бірігіп кетті ме? Сондай-ақ өмірден артта қалған екенмін-ау. Әлде Меншік сияқтылар өз меншігі мен қоғамдық меншіктің арасындағы айырманы ажырата алмай қалды ма екен? Дача салсын бос уақытыңда еңбектенсін, дем алсын деген мемлекет қамқорлығын Меншіктердің қалай ұққанын көрдіңіз бе? Жеке меншіктік пиғыл қалай қара шешектей жайлап алған оны. Тіпті мемлекеттік қажетті уақытта қалай қас қақпай, көз жұмбай кете береді, ә. Әлде. Меншік істейтін мекемеде тәртіптің тартпасы босап кетті ме екен?

— Ал, кеттім — деген дауыс ойымды бөліп жіберді. Меншік екен. Келген автобустың шаужайына жармаса кетті. Алғашқылар оны қағып түсірді. «Азамат, бұл жүк такси емес қой» деген сөздер оны қақпайлай берді. Машина қозғалып, жылжи жөнелді. Өзі атқандай, Меншік автобус есігіне таскенеше жабысып кетіп бара жатты. Үзіліп түсер ме екен?! Осы пиғылынан ажырамаса, ол ұлы көштің автобусына іліне алмай, жұлынып түсері сөзсіз. Оған түк те күмәнданбадым.

ТІСІҢІЗ АУЫРА КӨРМЕСІН

— Әлі есімде,— деп бастады Ермек сөзін,— бұрнағы жылы тісіме нан тиіп кеп кетіп еді, отыз тісім зар қақсап жүріп берді. Содан кәне тамақ іше алсамшы. Біреу ыстық, біреу суық іш деп басымды даң-даң қылды. Бәрінің де айтқанын істеп үлгердім. Бірінен болмаса екіншісінің емі қонып қала ма деген оймен айтқанды мүлт жібергенім жоқ. Тіпті тойғанымша чеснок та жедім. Көбірек жеп қойсам керек, ішімді ауыртып бәлені салғаны бар емес пе? Тістің емін іздеймін деп екі ортада ішімді ауыртып, «қайдан жедім бауырды, ішім жаман ауырдының» керінің келгенін көрдіңіз бе?

Енді емі қонып қала ма деп әлі де әркімдердің айтқанын істеп жүрмін. Кесеге ыстық суды құйып алып, ішіне бір уыс қаратікен тұзды салып, ұрттап та көрдім. Ауырғаны қояр емес, қақсағаны былай тұрсын, енді сыздап та бәлені салды. Көп емшінің бірі, ашутас пен тотияйынды күйдіріп ыстықтай тісіңе бас дегенді айтты.

Мұны да істеп бақтым. Дағылағаным құрысын, аузым таттанды да кетті. Тісімнің ауруы қоймаған соң тісім қандай жағдайда екен деген оймен айнаға келіп қарай қалдым. Тістің бәрін бір жіпке тізіп қойса өз тісіңізді қайдан ажыратып аласыз. Барлығы да ақ түсті меруерт сияқты болады да қалады ғой. Бірақ нақ осыдан былайғы жерде менің тісімді танып алу онша қиынға түспейтін болған екен. Тістің өзі сап-сары тат, еті көкпеңбек, насыбай ататындардың тісіндей сатал-сатал болыпты да қалыпты.

Бір әлекке түстім де қалдым. Аузымды ысқылап жуып жатырмын. Бәрібір көгергені кетер емес. Қыздар тісінің түрінің жаманы-ай, деп айтады-ау, деп іштей ренжіп те тұрмын. Осыған мені қандай пәле бастады екен деп те қоямын. Аузы сасық екен деп айта ма деп жақын жолдастарыма барып лебімді байқатып едім. Әйтеуір одан сау болып шықтым.

Тіс тазарту процесі басталып кеп кетті. Порошокты да, пастаны да жинап қойып, қолыма жаңа жасалған тіс щеткасын алып, тісімнің етін сойғылап жатырмын. Бағанағы көгерген пәле кетер емес. Осы кезде әлгі құмнан көшіп келген Сырғауыл қарт келіп сексеуілдің күлімен ыса ғой, қазір жоқ болады демесі бар ма. Жалма-жан сексеуілді отқа салып жағып, қозы сөніп, қоламта суыған соң қолымды көсіп кеп жіберіп, бір уыс күлді уыстап алып та шықтым.

Қолымды қоламтаға сұқпай несіне жиіркенейін, қолым тұрмақ күл аузыма да барайын деп тұр. Сонымен шалқайып тұрып, көзімді бақырайтып, аузыма талқанға ұсатып құйып кеп алдым. Аузым тызылдап барады. Заты жаңағы қайнасып қатып қалған ашутас пен тотияйынды тартып алып жатыр ғой деп ойлап тұрмын. Ұртымдағы, көмекейімдегі күлді жинап, тілімді былғалаңдатып та қоямын.

Сумен аузымды шайып едім, аузым ашып жүріп кеп берді. Міне пәле, керек болса. Бұл бір қызық болды. «Ті-леп алған аурудың емі табылмас» деген осы екен. Тілімді жүгіртіп, ұртымды, ернімді, таңдайымды байқасам сексеуілдің күлі аузымды қолдыратып ойыпты да кетіпті. Сөйтіп тамақ ішуден қалдым. Бір күннен кейін өңі жетіліп ұртымның, таңдайымның терісі қабыршықтанып түсе бастады. Қане, бұдан кейін жолашы сексеуілдің күліне ер болсаң.

Ақырында, аяңдап дәрігерге келдім. Жамандық көр-мегір бір жақсы жандар екен, тісімді тазалап, аузымды шегендеп тастады. Сақайдым да кеттім.

Екі жылдан бері тіс ауру деген ойыма кіріп шыққан жоқ еді. Жақында бір азуым тағы да зар қақсап ауырды. Тіпті құлақ-шекемді кеміріп жеп алып барады. Тамағымнан без шошып, жақ етім шодырайып ісіп шыға келді. Дәрігерден көмек алып дәндеп қалған басым, жүгіріп өкпемді қолыма алып, емханаға келдім.

Келгенде осы Арық көшесіндегі емханаға жеттім. Кезек күтіп табаны күректей төрт сағат отырмын. Не қызметте жоқ, не емдеуде жоқ, сарғайып, тапжылмай бір орында қалдым да қойдым. Бір кезде кезегім келіп ішке кірдім. Төрт сағат күткенімді қайтейін, қолындағы бізімен төрт түртті де, ертең келіңіз деді дәрігер.

Дүниеде тісім ауырады деп қызметтен сұранбағайсыз. Қандай ұят. Кішкентай тіс үшін жарым күн уақытыңыз босқа кетеді. Барғандағы істеген емі әлгі.

Қызметтен сұранып ертеңінде сүмірейіп тағы келдім. Тағы күттім. Дәрігер тағы кешегіні істеді де «ертең келіңіз-ді» қайталады.

—Қызметтен қалып жатпай-ақ нақ осы уақытта келе қойсам қайтеді,— деймін мен.

—Ерте келіп, кезек алыңыз,— дейді дәрігер Дәрме-нов,— әйтпесе қарамаймын.

—Қарындас, телефонмен тізімге тіркеліп қоюға бола ма?— дедім тізімге алушы кыздарға.

—Жоқ, болмайды,— деп қысқа қайырды қыздар. Емхана мен қызмет орнының арасы бірсыпыра жер. Емханаға келіп тіркеліп, қызметке барып, одан келуге бәрібір сол төрт сағат уақыт кетеді. Амал нешік, қызметтен ертеңіне тағы қалдым.

Қреслоға отырғызды да, ұртымды толтыра, жауыр атты ерттегенде арқасына қоятын кепілді мақтадан жасап жіберіп, бұралақтап тығып жатыр. Әйтеуір аузым жұмуға келмей қалды. Сонымен қолына арасын алып, аралады-ау дерсіз тісімді. Дәрігеріміздің жұмысқа алғашқы қосылған күні екен. Нақ осыған менің түс болғанымды көрдіңіз бе. Аралаудың мәнісін жақсы білмейді, кейде сау тістерімді де аралап жіберіп, тызылдатып жанымды жеп барады. Машинаны жүргізе алмай, тоқтатып да қояды. Ара-арасында ернімді, езуімді шымшып алып жанымды көзіме көрсетеді. Айтуға ауыз келмейді. Ерін-ерінге тимесе ғой ауыздан сөз шықпайды. Ал ауызды жұмып қойсаңыз ем қонбайды. Шыдамым кетіп өліп барамын. Әсіресе, айдаладағы ернімді шүрейлегені жаман болды.

Сонымен Дәрменов бетпе-бет отырып алып, әлі шұ-қылап жатыр. Жақындап сығалап-сығалап қояды.

Бір кезде долбарлап бірдемені аузыма қойып берді де, ертең келіңізді айтты. Қуанғанымнан екі езуім құлағыма жетті.

Ертеңіне бетімнен басып зорға келдім. Жүрегім шай-лығып қалыпты.

Дәрігер жан-жағындағылардан тіске қандай дәріні жұмсауды да сұрап қояды. Сөйтіп он күнге дейін шыдайды деп шегендеген болды. Ол екі күннен кейін-ақ түсіп қалды. Бүгін дәрігерге қайта баруға тура келіп отыр. Тағы қанша күн жұмыстан қалатынымды кім біліпті. Барамын деп ойласам жүрегім зырқ-зырқ етеді. Барғым келмей айнып отырмын, дегенмен барамын ғой...

Сонымен тағы келдім-ау. Менің де тым сыпайгершілік істеймін деп жүріп, жүйкем жұқарып қалса керек, дәрігердің он күндік шегенінің он сағатта түсіп қалғанын да айтып салдым. Дәрігер төмен қарап, қатесін мойындағандай болды.

— Енді мықтап емдеймін,— тісіңіздің өзі де...

Бұл аяғы айтылмаған сөз қабырғама қатты батты. Маңдайымнан, мұрнымнан тер бүркі етті; Аузымда күлдің, көмірдің, ашутастың, тотияйынның ізі тұрып, соны біліп қалды ма деп қысылып отырмын. Әйтеуір ақыры тісімді шегендеді-ау. Мықтап тастаған сияқты. Осыдан кейін-ақ ернімді, езуімді шымшып алған шымшуырды да тез-ақ ұмытып кеттім. Бірақ бұл дүниеде тісіңіз ауыра көрмесін, мұны ұмыта қояр ма екенмін. Ауырса өздігіңізден емделмеңіз, тілеп алған аурудың емі болмас деген осы екен деп, жүрген жерімде айта жүретін болдым.

1955 жыл.

БЕЙТАНЫС СТАТЪЯ

Егіз қыз Виктория мен Инесса Черкасовалардың әкесі Борис Черкасов Алматы облыстық тұтынушылар одағы базасының заң бөлімінің бастығы, ал шешесі Валентина Черкасова екі қыздың әкесінен тіпті де кем түспейді,— Алматы қаласындағы № 2 заң консультациясының адвокаты. Көріп отырсыздар, екеуі де заңды білетін адамдар және заңды білуден осы уақытқа дейін қорлық көрген жоқ, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Сондықтан да ерлі-зайыпты екеуі биыл екі қызы орта мектепті бітірген кезде бір ауыздан екі қыз да өзіміздің ізімізбен кетсін, екеуі де заң факультетіне түссін десті. Несі бар, болмасын деген оңбасын!

Екі қыз сонымен университеттің заң факультетіне арызды беріп келіп қалсын. Виктория алғашқы емтиханнан-ақ тоңқалаң асып, шығармадан екі алып шыға берді. Жаны мұрнының ұшына келген әке-шеше енді Инессаның тілегін тілеп, соны салмақтады. Несі бар, болмасын деген оңбасын! Әке-шеше бар уақытта баласына жақсылық қана тілеуі керек. Оған кім қарсы болмақ! Бірақ арада біраз күн өткенде әке-шеше иек артқан Инесса да СССР тарихынан мақрұм екен, емтиханнан құлап, шоқпар бас қисық цифрды арқалап үйіне келді.

Міне әке-шешенің сасқан жері осы болды. Әке-шешеге өмір бойы азық болған заң қызметі оларға ендігі ұрпағына қызмет етпеймін дегенде біржола қолдан шығып бара жатқандай елестеп кетті. Нақ осы жерде әке-шеше екеуі бірдей заңды қайта ақтарып, тексеріп бір жылт тапқандай болды. Енді екі қызды кешкі факультетке түсіруді ойлады. Несі бар, болмасын деген оңбасын!

Кешкі факультеттер, бір жаман жері тиісті бір мекемеде жұмыс істемегендерді қабылдамайды. Құдайға шүкір, бұл жерде әке-шеше көп қинала қойған жоқ, Алматыдағы заң орындары тегіс таныс, екі қызды солардың біріне орналастырмақ болды. Оқуға түсу дегеннің қиын екенін көрген соң ерлі-зайыпты Черкасовтар арамдықты да қоса ойлай жүрді. Заңды оқып, заң қызметін істеген оларға ойларын жүзеге асыру қиынға түскен жоқ.

Алдымен әңгіме Викторияның орналасуы туралы. Совет аудандық халық сотының председателі Никитина қол қойған 1 сентябрь күнгі № 20 бұйрықтың 2 параграфына тура былай деген сөздер түсті: «1971 жылғы 30 августан бастап Виктория Борисовна Черкасова сын мерзімімен курьерлік қызметке алынсын».

Сол судья Н. Никитина қолымен 1 сентябрь күні бұйрық бере отырып, одан бір күн бұрын 30 август күні Викторияға өндірістік мінездеме де беріп тындырып та қойып еді. Н. Никитина өзі сын мерзімімен курьерлік қызметке алған Викторияны аузының суы құри мақтап, «30 августан бастап сот мәжілісінің секретары болып қызметке алынды» деп жазды. Халық сотының председателі Никитина да, әке-шеше де бұл жерде заңды білетіндігін бір көрсетіп тастады. Өйткені, заң факультетіне сот мәжілісінің секретарының бірінші кезекте қабылданатынын күні бұрын білді. Егер олар заң қызметінде істемесе оның бүге-шігесін байқар ма еді. Сөйтіп заңсыз жасалған документ заң факультетіне барып жатты. Виктория емтихан да тапсырды...

Ал Инесса ше? Несін айтасыз, Викторияның жоғарыда айтылған ісінің бәрі Инессадан үлгі болып алынған жоқ па? Виктория ісі Инесса тәжірибесінен алынса, Совет аудандық халық сотының председателі Никитина Алматы қалалық сотындағылардан үлгі алып еді. Қалалық соттағылар 18 августа № 38 бұйрық бойынша Инессаны курьер етіп алып, еңбек книжка көшірмесін Алматы қалалық сотының сот мәжілісінің секретары деп жасап берді. Кейін мәселе белгілі болып қалған кезде бұрынғы бұйрыққа жазуға орын болмаса да сот председа телінің қолының үстіне дейін олар былай деп баттастырып жазып қойды: «...Белькевичтің орнына сот мәжілісінің секретары міндетін уақытша атқару жүктелсін». Бұл жерде біз де шегініс жасап, осынша өтірікті кім құрастырып, кім жасағанын, кімді кім алдағанын қалалық соттың өзіне қалдыра тұрамыз. Өйткені осы алдаушының біреу еместігі бадырайып көрініп тұрады. Бір жаманы мынау болды. Бұл кезде Белькевичтің орнында басқа бір адам істеп жатқаны, аман-есен жалақысын өзі алып отырғаны, кейде басқалардың да заңның ондай ұсақ-түйегіне дейін біле беретіндігі қалалық соттағылардың есінен тарс шығып кетті. Сөйтіп заңды білетін заң қызметкерлері жасаған заңсыз документтер қаланы шарлап жол тартты.

Сонымен көріп отырсыздар, Виктория да, Инесса да — екі курьер сот мәжілісінің екі секретары болып шыға берді, олар жоғары оқу орнының студенті де болатын еді. Бірақ...

Біз Алматы қалалық, Совет аудандық сотындағылардың да екеуі де заң қызметінде істейтін Б. және В. Черкасовтардың да заңды және оның тармақ-тармағын жақсы білетіндігіне дау айта алмаймыз. Дегенмен мына бір оларға таныс емес статьяны естеріне сала кетпек едік. Өйткені кім біледі, сотқа да сот болатын күн болмай тұра ма, сонда біліп алса бір кәдесіне жарар. Оның үстіне айыпталатын статьяны күні бұрын білген де дұрыс болар. Қазақ ССР Қылмыс кодексінің 148-статьясы «қызмет жөніндегі подлог» деп аталады. Онда тура былай деп жазылған: «Қызмет жөніндегі подлог», яғни қызмет иесі адамның пайдакорлықпен немесе басқа бір зұлымдық ниетпен документтерге көрінеу мәліметтер енгізуді, жалған документ жасауы, документті өзгертіп қолдан жасауы, сондай-ақ көрінеу жалған немесе өзгертіп қолдан жасалған документтер беруі, — үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады».

Амал нешік, қиын да болса, ащы да болса мұны айтпай бола ма, «ет сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер» демей ме халық. Ал судья қылмыс істесе ол не жаза алады екен, ә?!

1971 жыл.

БҮЙЕН ЖЕГЕНДЕР

ҚҰС деген қандай жақсы жануар. Қораға қойсаң көркі қандай жесең еті қандай. Әрине сатқан жұмыртқаны айтпай-ақ қоялық. Күші азая кетсе жұмыртқаға жармаса беретіндер де болады. Бірде қуыртып жеп, бірде сылқытып шикідей-ақ сорып қоятындар да табылады. Тіпті дауысы қарлыққан актерлердің де жұмыртқа жарып жұтып жатқанын жиі көресіз. Ал етке келгенде қалай дейсіз ғой. Қой еті ауыр, құс еті тәуір деседі. Тіпті сіздердің ішіңізде де құс етін ешкім жек көрмейді. Сенбесеңіздер совхоз директорлары Шкариннің, Әтешбаевтың, Рецтың үйіне бара қойыңыздаршы. Олардың екі күннің бірінде қуырған тауық, бітеу пісірген үйрек, майға келкітіп қайнатқан жұмыртқаны іспелеп жеп жатқанын көрер едіңіз. Оның үстіне мамық, жастық, құс төсек те осы құстан алынады емес пе?! Кеш болса-ақ жолдастар мамыққа малынып, қорылға басады.

Әсіресе, Рецті алыңыз. Арық тауықты қанша жек көрсе, семіз тауықты сонша жақсы көреді. Аппақ төс етін, санындағы бос етін жегенде шөпшең қағады. Құсты асырап, жемдеуін ауырсынғанмен, жақсы жемделген тауықты, жемсауы майлы үйректі жеуді қиынсынбайды. Құс етін пісіріп әкеп қойғаныңызда бүйрегі, бауыры, өгі, өкпесі, басы, бөтегесі қайда деп оны екі мүшені тізбектей жөнеледі. Ал Әтешбаевты әңгімелесек, ол Рецтен бір де кем түспейді. Ол тауық сорпасын «сіңімді» деп тапқан. Сондықтан да сап-сары майы кілкіп жүрген сорпаны ала отырып, «ет етке, сорпа бетке» деген деп тостағанды кезек-кезек босата береді.

Шкарин, Әтешбаев, Рец үшеуі бір жексенбіде аңға шығып, құс атып қайтпақ болыпты. Үшеуі үш жолмен шықса да, ақыры бір жолға тоқайласып қалыпты. Үш директор бірін бірі көріп «сапар оң болсын, қанжыға қанды болсын» айтысып, одан әрі жол сұрауға мұршасы келмей, өзен жағасын бойлап жөнелісіпті. Жұық арада ештеме кездесе қоймай, бір иірімнен жалғыз шүрегей көріп үшеуі де кезеніп тұрып, мылтықтың шүріппесін тартып жіберген екен, шүрегей ұша жөнеліпті. Енді құлайды, енді құлайды деп тұрғанда ойларына «мұны кім байланады» деген ой түсіп: «Менің мылтығым бұрын атылып, оғым бұрын дарыды» деп қалыпты бірі. «Жоқ менің оғым дәл тигенін өзім көрдім» депті екіншісі. Содан үшіншісі: «Екеуіңнің оғың да дарымай, үйрек әрі ұшып кетіп бара жатқанда менің оғым артынан қуып жетіп, дөп тиді» депті.

Бірақ көп даурықпаға қарай қоймапты, ұзай беріпті.

Енді әңгіменің беті өзгеріп, талас туыпты.

— Сен бұрын атып үркіттің, бүйен жеген, — депті үшіншісі біріншісіне:

— Сен де бізден қалысқан жоқсың, — деді бірінші атқаны. Сонда екіншісі тұрып:

— Бірін бұрын атып үркіттің, ал, — депті үшінші атқанға қарап, — үйрек қонар ма еді, қайтер еді, сен тағы атып бұрынғыдан да жаман үрейін алып алысқа жібердің. Оғымыз қисық кетті, бүйенді үшеуміз де аянбай-ақ жеген екенбіз сорлы басымыз, — деп көңіл жұбатыпты.

Сөйтіп үшеуі үйрек дауымен көп жерге кетіп қалыпты. Бір кезде қылт ете түскен қаз мойнын көріп, мылтықтарын кезенісе қалыпты. Ол қаздың аржағында үйір-үйір құс жатқан соң тоқмейілсі қалып және жаңа ғана біткен үйрек дауынан жүректері шайылып қалған батырлар «сен ат, мен атпен» тұрысыпты. Сөйткенше «Тарт!» деген дауысқа қараса, арттарыңда «Таранов» совхозының құс бақташысы тұр. Осы жерден бұл совхоздың директоры да табыла кетіпті. Ол мына үш директорға совхозда жұмыртқаның 35 тиынға түскенін, құстан жарым миллион сом табыс алғанын айтыпты. Содан бүйен жеген мергендер құс сорпасын сұраған екен, «Таранов» совхозының директоры қысқасын бір-ақ айтыпты:

— Сендерге құс фермаңызды мен тараттырған жоқпын, берекеден безген өздерің, ет жегілерің келсе еңбектеніңдер!

Құс етін жегісі келгенімен, құс өсіргісі келмейтін осы үшеуінің арасынан осы жерде тағы дау шығыпты. Алғашқы сөзді Шкарин бастап кетті:

—Міне құс өсірмедің деп кінәлауға болмайды. Ондайлар мыналар болуы керек,— деп қалған екеуін көрсетті.— Әйтпесе мен бір гектар жерге 200 құс өсірудің орнына, екі жүз гектар жерде бір құс өсіріп отырмын. Мен қысқасын айтқанда құсқа кең көлемді жер беріп, жүруі түгіл ұшуына да мүмкіндік жасадым. Әспесе өзі білсін! Мені құс етін ерекше аранмен жесе де, асырауға келгенде тайқып шыға беретін Әтешбаев деп ойла-масын,— деп тоқтады.

—Сауып ішер сүті жоқ, ауыз толар еті жоқ, құсты асыра дегізген сендей құс құмарлар. Мен сорпасына ғана бола еске аламын. Әйтпесе қой етімен-ақ совхозды қоңдандырып тастар едім,—деп тоқтады Әтешбаев.

Нақ осы кезде үшінші директор Рең өзінің тауықтарына қатты өкпелі екенін білдіріп қалды. Оның фермасындағы мекиендер жылына 8—9 жұмыртқа ғана салады екен.

— Тауықтарды да сынап алатын уақыты жетті,— деді ол өз сөзінде,— әйтпесе, әбден бюрократтанып алған, жұмыртқа салмайды.

Нақ осындай бюрократ тауықтар Шкарин басқаратын совхоздан да кездеседі екен. Директор бұл тауықтарға өкіне өкпелеп, қапалана қарайтын сияқты. Өкпелемей қайт-сін, өйткені мекіренген мекиен, қоқиланған қораздың бәрі де қонақасыға жарамайды. Жұмыртқа жағына келсеңіз, мұнда он жұмыртқа 133 сом 50 тиын тұрады. Яғни екі адам мықтап тою үшін жиырмасын алсаңыз 267 сом суырып бересіз. Сондықтан осы совхозға командировкаға барғанда байқап барып, тамақты абайлап жемесеңіз тотиып қалуыңыз мүмкін.

Бұлар осылай бюрократ тауықтарды жазғырып отырғанда біздің көңілімізден бір күдік кетпеді. Ол: «Апыр-ай, Шкариннің үйіндегі жеңгеңіз де он жұмыртқаны 133 сом 50 тиыннан ала ма екен, ә?! деген ой еді. Шынында солай болса бұл бағаға Шкарин, Әтешбаев, Реңтер шыдай қояр ма еді! Дегенмен де бұл үшеуінің халдары мүшкілдеу екен. Бұлардың көңілдеріне қарамай, тауықтар да оңбайды. Әздері-ақ қанат жайып өсе бермей ме екен, директорлар қалағанша жұмыртқа да сала бермей ме екен! Ма-мық жастық, құс төсек сонда көбейер еді-ау! Әй, бюрократ тауықтар-ай! Семіз ет пен уызды жұмыртқаның дәмі таңдайдан кетпейтінін қалай-ақ түсінбейді екен. Қайран дәмді ет, қымбат жұмыртқа. Я, айтып-айтпай немене, жұмыртқа қымбат! Бүйен жеген байқұстарға ол ұстата қоя ма?!»

1955 жыл.

ҚҰЙРЫҒЫН-АЙ, ТҮЛКІНІҢ БҰЛАҢДАҒАН

Файзолла Бектұрғановтың бүгін түсінде көргенін айтпаңыз! О не болды, түсінен шо-шып па дейсіз бе, жоқ. Енді не екен деп таңданбай-ақ қойыңыз, Колхида ойпатында кездесетін кәдімгі алты құлаш айдаһар беліне оралыпты деп ойлап қалып тұрмысыз ол да емес. Адамның басына бермесін, егер ондай жағдай бола қалса, Файзолла елсіз-ге жалғыз аттанып жынданды дейсіз бе! Файзолланың түсінде көргені кәдімгі басқа кесе тұмақ, иыққа жамылса ішік болатын алтайы қызыл түлкі емес пе. Өзі сылаңдап, құйрығы бұлаңдап тіпті есік пен төрдей-ақ қалды-ау! Па шіркін-ай, қызыл қылшыққа тырнағының ұшы бір тиіп кеткенде, денесінің ду етіп жүріп бергенін қайтерсіз. Енді аз ұйқтай тұрғанда Арқаның алтайысы қанжығасына байланып та қалатын еді! Қап, қыр-дың қынадай қызыл түлкісін бұйыртпаған құдайға не айтарсың.

Мұндай түсті күнде көре беретін Файзолла Бектұрғанов жай адам емес. Оның түсінің мүлт кеткен жері жоқ. Осындай түс көргенде ол аттанып кеп кетсе, қанжығасы құр болуы мүмкін емес. Сәуегейлік дегенді бұдан кейін қане жоққа шығарып көріңізші. Біреудің екі қабат әйелі түсінде пышақ алса, сөз жоқ, ол ұл балалы болады.

Енді біреу түсінде бір табақ піскен ет жемек болса, алдына әкелінсе, немесе тісі ыр-сиып, құлағы қалқиып қойдың піскен басы майлы құйқасымен алдыңызға келе қалса, оның үстіне ол бас быжынап құрттап кетсе, онда оның бай... болмағанда несі қалды. Тіпті, мұндайда бір қойды құдай үшін шалып жіберіп, етін асып елге тарқатып берсе, құртша быжынаған қалың қой бітіп, бір-ақ күнде дәулеті тасып жүре береді. Әттең сол түсінде алдыға құрттыбас келгенде сақал-мұртың өсіп кетсе! Мұртыңды балта кеспей-тін бай сонда боласың, шаруашылығың да шалқып кетеді. Міне осының бәрін білетін Файзолла Бектұрғанов қалай ғана қасиетті түс көрген соң үйінде отырып қалсын. Таңертең құласын құйғытып Файзолла аттанып кетті. Мектептегі шәкірттер бұл шаруақұмар мұғалімін әрі тосып, бері тосып ақыры түс ауа тарап кетуге мәжбүр болды. Бұл күні ол аң аулап кеткен екен.

Балалар ертеңіне тағы жиналып алып, мұғалім ағайын күтіп отырды. Ол күні ағасы әлі аңнан қайтпады. Әлде түлкісі құрғыр кәдімгі бұлаңына салып, желе-шоқырақтап, есек-дәмелендіріп алысырақ ертіп кетті ме кім білсін, оның ертеңіне де келмеді. Арада үш-төрт күн өтіп те кетті. Шәкірттер бұл кезде оқудан күдер үзіп, кезексіз каникулдың болғанына таңдана түсіп жүре берді.

Төрт оқу күні бос өтіп, бесінші күнге аяқ басқанда құла атты құйғытып Файзолла Бектұрғанов әйтеуір келіп жетті-ау. Шынын айту керек, колхозшылар Бектұрғановқа өздерінің наразылығын білдірмей тұра алмады. Сөзді «Бұлақ» колхозының бригадирі Василий Кольш бастады:

—Бұныңыз қалай, Бектұрғанов жолдас, шәкірттер... «Шәкірттер» деген сөздің аяғын Бектұрғанов айтқызбай қағып әкетіп, тастағы түлкіге түсе алмай ашуланған бүркіттей шабынып, шабынып алды:

—Маған сөйлеп, ескертпе жасайтын сен кімсің, ой, қаратабын колхозшы. Мен кім, сен кім?! Мен құла аттың құлағындамын да, сен оның тұяғыңда емеспісің?! Бригадир басыңмен...

Ол Кольшты сөзбен жерлеп, тіпті өзі өмірдегі ең таза адамдай, анау бұған жала жауып тұрғандай ашуланып, күйіп-пісті. Мұны көрген шәкірттер көшеде біріне-бірі:

—Ағай да ұрсады екен.

—Ұят-ай, ағай балағаттап жатыр, — десіп жүрді.

Күнде-күнде сабақ та болмай қалып жүрген соң балалар таңертең сабаққа келмес бұрын «ағай, бүгін сабақ бола ма, болмай ма» деп сұрап алысатын болды. Осындай сабақтың сәті түскен күні Файзолла класқа әндете кірді. Сабақ былай өтті: төртінші класта «Қазақстан байлығы» деген жаңа сабақ басталды. Мұғалім түсіндіре жөнелді.

—Дүниеде бай ел көп, бірақ Қазақстандай бай ел жоқ. Өйткені Қызылорда күріш береді, Оңтүстік Қазақстан мақта береді, Қарағанды қара алтын береді. Қара алтын деген не—ол байлық. Ол неліктен байлық. Өйткені ол көп. Ол неліктен көп, өйткені ол байлы болғандықтан көп... Ілік септеуі қалай дейсіңдер ме? Лар-лер, дар-дер, тар-тер, бұлар ілік септеуі болады. Барыс септеуі қалай? Ой, ақымақтар, айтып едім ғой, қалай білмейсіңдер, тан-тен, дан-ден емес пе?

Сабақты осылай бастап келе жатқанда Бектұрғановтың мұрнының жыбырлап, есінеп жүріп бермесі бар ма. Не істеу керек? Шіркін, қара бұйра насыбайдан бір атса бұйтпес еді-ау! Қап, бағана шақшасы құрғыр үйде ұмытылып қалыпты.

—Балалар, сендер сабақ жаттай тұрыңдар мен насыбай атып келейін.

Мұғалім сол кеткеннен мол кетті. Насыбай іздеп үй-үйге өтіп, бәрін аралап келгенде ауылдың аяғына да шығып қалды.

Соңғы кірген үйі ертеңгі шайға жаңа отырған екен.

—Насыбайыңыз бар ма, отағасы? — деді Бектұрғанов.

—Насыбай дәмнен үлкен емес, кел шайға отыр.

—Насыбай іздеп...

—Ертеңгі ас қой, ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама деген емес пе.

—Айтқандай ертеңгі ас екен ғой.

Файзолла Бектұрғанов насыбай іздеп жүргенде қыстың қысқа күні батып кетіп, артынан шәкірттер де іздеп келісіп қалды.

—Ағай, сабақ бола ма?

—Я, менің сабағым бар екен-ау... Жарайды, тарқай беріңдер, ертең кітап оқып келіңдер.

Шәкірттер ертеңіне мектепке уақытысымен келгенімен мұғалім кешіге берді. Балалар хабарласуға енді шыққалы тұрғанда мұғалім кірді. Тағы да әндете келді. Балалар сабақ болмайтынын қашан да осы ызың әннен аңғара бастап еді.

—Құйрығын-ай, түлкінің бұлаңдаған...

—Ағай тағы да кетпегей еді,— десті біріне-бірі.

—Балалар, бүгінгі өтетін сабағымыз. «Шөп» туралы, «Ас адамның арқауы» деген сияқты, шөп малдың арқауы. Өйткені оны мал жейді. Шөпсіз мал жұтқа ұшырайды. Шөпсіз мал мал бола ма?

—Жоқ, жоқ...— десіп шу ете түсті балалар.

—Ендеше, менің құла атым ақырда тақырлап тұр. Алдында шөбі жоқ. Сендер кітап оқи беріңдер.

Бектұрғановтың бұл кетісі жаңа жылдан он күн бұрын болып еді. Ақыры балалардың елка төңірегінде ойнап, көңіл ашар кезінде мектеп есігінен қара құлып ажырамады. Ескі жылдың он күнін тұтас алған Бектұрғановтың «демалысы» жаңа жылдағы каникулмен ұштасып, айға созылды. Әрине, оның мектепке қайтқан күндері жалақы алумен байланысты болады. Ақша алуға оның ұқыптылығын айтып жеткізу қиын. Қар түсіп, сонарланған күні «құйрығын-ай, түлкінің бұлаңдаған...» деген әніне басып Бектұрғанов кетеді де, содан ұзын сонарға түседі. Бұл оның бес жыл бойғы әдеті. Кейде менің жайымды айтып қоясыңдар деп көрші-көлемінің есігін тепкілеп-тепкілеп алады. Ал көңілі келген күні мектепке шәкірттерге тапсырма беріп, тайып тұрады».

Мұғалім бар, сабақ жүріп жатыр деп аудандағылар отырады.

Мінекейіңіз, құрметті оқушы, осы Бектұрғанов сіздің ауылда да жоқ па, көз салыңызшы!

1956 жыл.

ЖАБЫСҚАҚ

Дүниеде әйелдердің аузына іліне көрмеңіз. Олар сіздің әжептәуір Батыр деген атыңызды Қорқақ, Зор деген атыңызды Қор, Жігіт деген атыңызды Түбіт атандырып жібереді. Олардың аузындай дуалы ауызды әзірге ешкім кере алған жоқ. Жабысқақ деген де Жабысқақтың іштен туа, азан айтып, құлағын тартып қойған аты емес. Жас күнінде жеңгелері мен қыздардың бастаңғысынан жабысып қалмай, қай ауылға барып жасаса да, алдарынан шыға берген соң жеңгесінің бірі «мынау бір жабысқақ қой» деп, содан Жабысқақ атанып кеткен екен. Бері келе өз аты мүлдем ұмытылып, тіпті документтеріне де Жабысқақ деп жазылып кеткен.

Сол Жабысқақ «Талдыбұлақ» колхозына Сәкен председатель болып келгенде егіс бригадасының есепшісі еді. Жаңа председателді орнынан атып тұрып қарсы алғандардың бірі осы болды. Ыңғайын тауып бұрынғы председателдің басындағы колхоздың ұйымдастыру жұмысындағы кемшіліктерді сыналап айтып жіберіп те отырды. Осындай кемшіліктерді байқаған адамның қолынан іс те келуі керек қой деп, Сәкен екі-үш рет қиын тапсырмаларға мұны жұмсап көріп еді, тап-тұйнақтай етіп, орындап та шықты. Бұдан былай Сәкен ол туралы жақсы пікірде болып, оның істеген жұмыстарын атап отырды.

Бір күні колхоз басқармасының отырысы ұзаққа созылып, жұрт үйді-үйіне кеш қайтты. Нақ осы күні үйіне жақындап қалған Сәкенге Жабысқақ бір бүйірден төтендей қосылды да, «Сізді шығарып салуға біздегілердің мәдениеті де жетпеген ғой, сізді жалғыз жіберіп» деп жампаңдап, үйіне дейін бірге келді. Ол Сәкенмен бірге отырып, әңгімелесіп, шәйді бірге ішті. Бұдан кейін ол бұл үйге келгіш болып алды. Таңертең келіп Сәкеннің атын ерттеп қояды. Қолтығынан ұстап, аттандырып та жібереді. Атына шөп салып, Сәкен атпен жақын бригадаларды аралап келгенде атының түйген құйрығын шешіп, тартпасын босатып, қолды-аяққа тұрмайды. Ол жоқта колхоздың орталығында болып жатқан жаңалықтарды шұбыртып айтып, бірін асырып, бірін түсіріп те жібереді. Кейде ол тек болып жатқан жайды айтып қана қоймайды, сонымен бірге былай болса деген ойын да білдіреді. Онысы кейде Сәкеннің ойынан да шығады.

Тағы бірде түскі тамаққа келе жатқан Сәкен өзінің есігінің алдында балтамен ағаш жарып, қара суға түсіп жатқан Жабысқақты көрді. Ол тіпті шешініп, өз үйіндегідей құлшына-құлшына шабады. Ол кеткен соң Сәкен әйеліне қатты ренжіп:

—Мұның ұят емес пе!? Колхоздың белсенділерін шетінен өзіңе отыншыға айналдырып алмақ па едің? Мұныңды бұдан былай мен көрмейтін болайын,— деді.

Сәкеннің әйелі қатты қысылды.

—Ойбай-ау, мен оған ағаш жарып бер деп айтты дейсің бе, күніне тоқсан келіп, осы үйден шықпайды. Кет деп айту ұят. Бағана тіпті жеңеше сүтінді пісіре салайын ба деп, қазанды ошаққа қарай көтере жөнелді. Орта жолда зорға тоқтаттым.

Жеңіл-желпі сөзді елең қылмайтын Сәкен:

—Мұнысы қызық екен,— дей салды.

Бір-екі айдан кейін осының бәрі де ұмыт болды. Бұ-рынғыдай ағал жарып, сүт пісіріп бермегенмен, Жабысқақ бұл үйдің бір адамы сияқты болып алды. Оған бұлардың да үйреніп кеткені сонша, ол келмей қалса, Жабысқақ неге келмей қалды деп, үйде бір адам жоқ болып тұрғандай көрінді. Осы үйдің жылы-жұмсағының бәрі соның аузында, Жабысқақ Сәкеннің кенже інісіндей болып кетті.

Қыстың бір күнінде Сәкеннің қаладағы ағасы Кәкен келді. Нақ осы кезде Жабысқақ та сап ете түсті. Кәкеннің келгенін білмей қалған үй іші оны қорадан шығып қарсы алды.

—Бәрің неғып қорада жүр едіңдер?— деп сұрады Жабысқақ.

—Ендігі жылы астық қалай болады деп біраз бидай көміп едім,— деп күлді Сәкеннің әйелі. Сонымен бәрі үйге кірді. Жабысқақ Кәкенді шешіндіріп, тіпті байпағын да аяғынан тартып тастады. Ішіне кіріп, сыртына шығады. «Жоғары шығыңызды» үсті-үстіне қайталап, астына төрт қабаттап көрпені де салып, шынтақтап жатуы үшін қос жастықты да алып қойып жіберді. Өз үйіндегі, құдай жайқап жүрген бір жан. Сонан соң, өзі Сәкеннің кіші баласын алдына алып, бадырақ көзі жан-жақты тегіс шолып, бал-бұл жанып, малдас құрып отырды. Кәкеннің көзқарасынша осы отырыс оған жарасатын сияқты. Өйткені үстіндегі сыпа киімі, төртбақ денесі, әжімсіз, майлаған торсықтай беті жаңағы қошаметті істеген қосшы бала сияқты емес.

Құрмет иесі салдарлы адамдай, бірақ көзі жүгіре беретіні жаман екен.

— Япыр-ай, неткен кішіпейіл жан,— деп ойлады Кәкен.

Бір кезде Жабысқақ балалармен алысып ойнап кетті. Балалар да өзімсініп оның бірі кеудесіне, бірі тізесіне мініп алышты. Сәлден кейін Сәкен маған сөйлесе бастағанда балаларды қуып жіберіп, Жабысқақ қараңғыдағы торпақтай мұрнының пысылы ғана естіліп, жым бола қалды. Баланың біреуі қайта келмек болып еді, қағып жіберіп, маңайлатпады. Қату қабақты ұққан балалардың өзі де бұдан кейін Жабысқаққа жолай қоймайды.

—Япыр-ай, неткен тәртіпті жігіт,— деді Кәкен.— Біздің сөзімізге балалар бөгет болмасын деді-ау.

Кәкен әңгімелесіп отырып, енді бір қарағанда Жабысқақ екі көзін жұмып, басын ұстап қалғып отырды. Енді бір қарағанда жермен жексен болып, етпетінен түсіп киізге жабысып, тыпыр етпей, ұйықтап жатыр. Кәкен көзін Жабысқақтан алып, інісіне қарап сөйледі:

—Екі жүз сомдай ақшам жетпей қалды. Соған саған келдім.

—Ия, оны қойшы, ертең ауданға барған соң тауып берермін,— деді Сәкен.

Таңертең Кәкен аттанарда да Жабысқақ осында болды. Ол Кәкеннің пальтосын киіндіріп, галошын сала беріп, қалтасындағы беторамалын алып, галоштың тұмсығындағы топырақты сүртіп жіберіп, кигізді. Бұл Кәкенге ұнамай қалды. Оның ұнатпағанын біліп қалды ма, Жабысқақ оның бетіне қарай беріп, ыржия кетті.

Кәкен мен Сәкен аудан орталығына келгенде бағана ауылда көрген Жабысқақ алдарынан шықты.

—Қайда тоқтайсыздар?— деп сұрады ол.

—Банктың қорасына,— деді Сәкен...

Арада біраз уақыт өткен соң Сәкен ағасын машинаға шығарып салып тұрды.

—Мынау кешегі сұраған ақшаң. Артықтау берем бе деп едім жөні келіңкіремеді,

—деді інісі ағасына,

— Жазға қарай балаларды жіберерсің.

—Нақ осы кезде Жабысқақ екеуінің жандарынан өте берді. Кәкен оған жақтырмаған қабақпен қарады.

—Осы бала тым ақкөңілдеу екен. Күле кіріп, күңірене шығатын біреу болмасын,

—деді Кәкен інісіне қарап. Сәкен ол сөзге маңыз бере қойған жоқ.

...Қосымша ақы бөлген басқарма жиналысынан бері Жабысқақ Сәкен үйіне кіруді қойды. Кіргенді былай қойғанда көшеде көрген бұл үйдің балаларына да жылы ұшырамайтын болды. Ал Сәкенді көргенде теріс айналады. Тіпті олардың үйінде мынадай жағдай, мынадай жай бар деп жаяу өсектерді де айтып жүргені байқалды. Оның басты себебі бригадаға бөлінген қосымша ақы еді. Қосымша ақы тізіміне Жабысқақ өзін де жапсырған. Бірақ бригада есепшісі ауылшаруашылық артелінің Уставы бойынша көрсетілмегендіктен оны Сәкен шығарып тастауды ұсынды да, басқалар қызу қоштаған. Бар болғаны сол. Күнде жалбақтап Сәкенді үйге дейін шығарып салатын Жабысқақ жоқ болды да кетті.

Арада екі-үш ай өткен соң аудандық совет атқару комитетінің комиссиясы колхозға сау ете түсті. Көптен Сәкен бар жерге жоламай, қасқырға асамай тастап қойып алыстан байқаған аңшыша ойқтап жүрген Жабысқақ та кеңсені төңіректеп қалды. Ол бұл кезде алыстан байқамай, ыңғайы келді атып алам ба деп дәмеленгендей ме, қалай? Көптен бері салбырап кеткен екі иық та көтеріліп, жабылып жүрген қалың қабақ та ашылып кетіпті. Екі езуі екі құлағында. Күлсе сояудай отыз екі тісін былай қойғанда, үңгірдей аузынан көмекейі көрінеді. Күлкімен бірге бадырақ көздерінен жасы қоса атып-атып шығады. Күлгенде даусы шыққанды әркім көрген шығар, ал жасы шыққанды кім көріпті?! Бетін басқан қалың түк қарауыта түседі.

Комиссия қатты тексерді. Алғанды, асқанды қарады. Астықты ақтара санады. Банкты баса есептеді. Ақыры ештеме таппады. Екі айдан кейін тағы оралды. Сәкеннің де мазасы кетті. Тағы тексерді. Сәкенге тексеруші сұрақ қойды:

— Қаладағы дүкенді талан-таражға салған ағаңызға банктан екі жүз сом алып бердіңіз бе?

— Пианино сатып алуға ақшасы жетпеген ағама екі жүз сом бердім. Ол кісі дүкенші емес, жұмысшы. Бірақ оны банктан емес, банк қорасында тұратын Батырхан деген жолдасыма қарыз берген ақшамды алып бердім. Оны әлгі Жабысқақ та білуші еді ғой, содан-ақ сұраңдар.

—Қораңызға қанша астық тықтыңыз.

—Қазір астық тығатын уақыт емес қой. Елімізде

астық мәселесі шешілген жоқ па?

—Бар,— деді арт жақтан бір дауыс.

—Болса қаралсын,— деді тағы біреу күліп.

...Алда келе жатқан Жабысқақ жұртты «жүріңдер, жүріңдер» деп желпіндіре берді.

Келе қора бұрышын нұсқады. Келгендердің біразы күліп жіберді. Бұрыштың әлегі аспаннан шықты. Қазған жерден шала туған қара бұзау шықты. Тексерушіге іс мына шала туған бұзадан бірдеме болып көрінді. Колхозшылар шала туған бұзауды білетін болып шықты. Ішінде оны қолынан көміскендері де бар екен.

—Бұл қалай?— деді тексеруші.

—Қора тарлығынан екі сиыр сүзісіп, бір сиырым бұзау тастады. Содан оны далаға тастауға індет пе деп қорықтық. Көму керек болды. Дала тоң. Сондықтан көктемге дейін табанының тоңы жоқ қораға көмдік. Көмгендер осында бар,— деді Сәкен.

—Ия, бармыз.

—Рас,— десті бір топ адам.

Арыздың ыңғайына кетіңкіреп жүрген тексеруші ауданға аттанды. Банктің жанындағы Батырхан үйіне де кіріп шықты. Сөйтіп төрт-бес айға созылған арыздың аяғы сиырдың құйрығы болып шықты.

Колхоз ортасына жиналыс шақырылды. Бұл жиналысқа Жабысқақтан басқаның бәрі келді.

— Жұртты жұмыстан қалдырған қайсың едіңдер, ай-тыңдар,— деді кейбір қызу қанды колхозшылар.

—Жабысқақ, Жабысқақ,— деді көпшілігі. Жабысқақ дегенде Сәкен бір түрлі тітіркеніп кетті. Басқадан келсе де бұл пәле, Жабысқақтан деп ойламап еді. Сондықтан да жұрт «Жабысқақ» деген оның ойына адам Жабысқақ емес, кәдімгі арамтамақ, паразит жабысқақ елестеп кетті. Кәкеңнің «күле кіріп, күңірене шығатын неме болмасын» дегені есіне түсті. Ол:

—Ай, Жабысқақ-ай!— деп зілді мысқылмен күліп жіберді. Ал бұл кезде Жабысқақ тура бес ай үзілістен кейін екі иығы салбырап, сүмірейіп Сәкен үйіне кетіп бара жатты...

1960 жыл.

ҚЫДЫРУДЫҢ ЕСЕБІ

Ырғайты бір әсем қала Жасыл желек жамылған осы қала әсіресе, көктем кездерінде ерекше көрікке енеді де содан жаз бойы осы әсемдіктен арылмай, күнде таранып, күнде боянып кербез сұлудай рахат дүниесіне малынады да тұрады. Бұл қаланың ағаштарының бәрі де бір өңкей, тіп-тік, аспанмен сөйлесетін зәулім ағаштар. Осындай көркем көріністің арасында аңда-саңда кездесіп қалатын қураған түбірлер бар. Ол не бас жағынан бұтақтары түсіп, таз бастанады да, не кез-келген бұтақтары сынып, әйтеуір төңірегіннің ұсқынын алып тұрады. Ол шіріген түбірлер жіті көзге байқалмаса, жаңағы айналадағы гүл-шешекке малынып, көрінбейді де.

Нақ осындай бір таз бастанған, басын өрт шалғандай ағаш Бағланның қызметке баратын жолында Ырғайты аудандық совет атқару комитетінің есігінің алдында да бар. Бағлан да, басқалар да бұған күнде қарап өтетін. Ол көзге шыққан сүйелдей сиыспаушы еді. Сондықтан да ауатком кеңсесі орналасқан екі қабат үйдің осы сәнін кетіріп тұрғандай көрінеді.

Бір күні үйден ертерек шығып кетіп Бағлан ауатком кеңсесінің алдындағы әсем аллеялы қырықпа ағаштан өтіп бара жатыр еді, ауаткомде нұсқаушы болып істейтін қаладағылар жалпақ сары атаңдырып жіберген Жұрынбай жолығып қалды. Үстіндегі кең көк пальтосы қолқ-қолқ етеді.

Мол жаралған денесін билеп ала алмайды, аяғын балп-балп басады. Екі қолы артында. Бағлан амандаса кетті.

—Сәләматсыз ба?

—Амансың ба, бала? Я, үй ішің... Я, қайда соғып барасың?

Бағлан бұл сұраққа сәл таңдана жауап берді. Сағат таңертеңгі сегіз бен тоғыздың арасында жұрт қайда барушы еді, әрине асыға басып жұмысқа кетіп бара жатады ғой.

—Қызметке ғой, Жүреке.

—Е, мен қыдырып жүр екен десем. Мен мәселен үйден ерте шығамын да таңертеңгі таза ауаны жұтып, рахаттанып тұрып дем аламын. Е, айтқанда, өзің бұрынғыша мұғалімбісің. Біреудің қарауында істеуге үйреніп кеткен жансың, ә? Әй, шіркін өз алдыңа, өзің би, өзің қожа болып жүргенге не жетсін. Сен әлі баласың ғой, кішкене жасың келген соң көресің.

Жүрекең сәл үндемей отырды да, өзінің қолындағы буманың шетін ашып бір үңіліп қойды. Сонан соң ыңғай-сызданғандай буманы біресе алдына, біресе артына ұстады. Мұның ыңғайсыздануы Бағланға ой түсіргендей болды. Жүрекеңнің қызмет алдында қыдырып жүргені қалай, қолындағы бумасы не? Бағланның бұған таңданып отырғанын біліп Жүрекең ешбір маңыз бермегендей сөйледі:

—Осы қатындардың күйбең-күйбең ісі біте ме? Мына бір буыншақты әлгі жеңгең... Я буыншақ болғанда әлгі ауыл арасының дүниесі, Үндістан шайы. Құрғыр осы кезде сирексіп кетті ғой. Түу, бірді айтып бірге кете беремін, әлгі жеңгең, ой осы қатындардың ісі құрсын-ай, Алмалықтан келген еді ғой. Жата жабысып жолың ғой, апарып бере сал деп болмаған соң алып едім. Алмайын десем жалғызілік маған болыспайсың деп бұртияды. Олардың көңілін аулап қоймасаң да болмайды.

Жұрынбай көкірегің кере, күн тимеген аппақ қабағың көтеріп, қасын қозғап, паңдана қалды. Оның мұрнын жоғары көтергені сонша, жаныңда тұрған адам танауынан кеңсірігіне дейін тегіс көргендей еді. Ол Бағланға қайта бұрылып:

—Біз ғой, сорлы еркектер, қатындар сияқты ұсақ-түйекпен айналыспаймыз. Сондықтан-н-да..

Жұрынбай «сондықтанның» аяғын айтпай аузын жаба қойды да, кенет қайта тіл қатты:

—Осы сенде өсудің перспективалық жолдары бар ма?— деді де, оған жауапты өзі берді.— О, жоқ екен-ау. Сен мықтағанда әзірге мектептің оқу бөлімінің меңгерушісі немесе директоры боларсың. Бірақ олар жаяу бастық қой.

Бағлан үндеген жоқ. Тіпті Жүрекең оның жауабын керек те еткен жоқ, өзі кесіп-пішіп, алдын орап алды.

—Айтқандай, осы сен, Бағлан, демалысыңды қалай өткізесің. Шіркін, машинаң болса, демалыс сонда демалыс қой. Онымен саятқа...

«Саятқа» деген сөзді айта беріп Жұрынбайдың өңі қу-қылданып, әлденеге тітіркене қалды. Оның лопардай денесі тезінен жалт бұрылып, бетін күнбатысқа қаратып алды.

Ол жыпылдап, асыға тез сөйледі:

Ал, тағы да бірде сөйлесерміз, уақыт болып қалыпты.

Жұрынбайдың бұдан әрі сөйлеуге мұршасы келмей ауыр денесін күшпен сүйрей жөнелді.

Уақыт сағат тоғызға таялып қалған екен. Он-ақ минут бар. Бірақ Жұрынбайдың өзі қызмет істейтін ауатком кеңсесінен күннің батысына қарай өтіп кетуі қалай. Бағлан алдымен осылай ойлап қалғанымен артынан оған мән бере қойған жоқ, өз жайына кете барды. Бұрын орман шаруашылығының директоры болғанда машинадан түспейтін Жүрекең қалай жаяушыл, қыдырғыш болып кеткен?!

Бағлан істейтін мектеп ауатком кеңсесінің терістік жағына екі көше төмен орналасқан.

Ал үйі ауатком кеңсесінің түстік батысында. Таңертең қызметке барарда ол мына қырықпа бақтың батыс жағын басып өтеді. Міне Жұрынбай бүгін де нақ сол бұрышта Бағланға кездесе кетті. Ол тағы да өзі қызмет істейтін кеңсенің батыс жағына қарай келе жатыр екен. Ал Жұрынбайдың үйі осы қаланың күншығыс жағында.

— Я, жолыңыз болсын, Жүреке!

— Айтқаның келсін, қыдырып жүрмін. Қыдыру үшін әдейі ертерек келемін.

Жұрынбай жымырайған қара қаракөл елтірісінен істелген жұқа құлақшынын басып киіп, кең пальтосының етегін тізесіне салп-салп ұрып, екі қолын артына ұстап өте берді. Оның бүгін әңгімелесуге уақыты жоқ сияқты. Бағлан да оның тоқтауын керек ете қоймады. Тек Жүрекең неге кеңсесінің алдындағы қырықпа баққа қыдырмай, батысқа қарай өте береді екен деген сұрақ оны басынан бір шықпай-ақ қойды. Әдетте семіріп бара жатқан адамдар өзіне жаяу жүру үшін маршрут белгілейді деу-ші еді. Ол рас та болуы керек. Өйткені осындағы оқытушылар институтының директоры болған Лукьяновтың таңертең төмен жақтағы вокзалға барып, содан қызмет басталар алдында терлеп-тепшіп келе жатқанын талай көргені бар. Сондай-ақ қан айналысы бұзылып ауырғандар да осындай маршрут белгілейді дегенді талай естіген. Ал мына Жұрынбай да сондай бір науқас шығар. Сол науқасынан айыға алмай әлекке түсетін болар.

Бағлан сабаққа үш күн сегіз жарымда кіруші еді де, үш күн тоғыз жарымда кіретін. Міне осындай мектепке кеш баратын күндердің бірінде Бағлан Жұрынбайдың тағы да сағат тоғызға бес минут қалғанында кеңсенің батыс жағына қарай сабылып кетіп бара жатқанын көрді. Тіпті бұл жолы Жұрынбайдың амандасуға да шамасы келмеді. Бұған қарап тұрып Бағланның жаны ашыды. Шынында да бір жаны үшін байқұс Жүрекең жан ұшырып, қара терге түсіп, өкпесін қолына ала маршрутқа жетіп қайту үшін жүгіріп барады-ау! Әйтпесе анау зор денені сүйреп бұлай қатты жүру оған оңай да деймісің. Жан қинайтын осы аурудан жаман нәрсе бұл дүниеде сірә, бар ма екен! Әй, құрғыр ауру-ай!

Бағлан қырықпа бақты аралап, біраз жүрді. Содан ауатком кеңсесінің алдындағы сәнді бұзып тұрған шірік ағашқа көз салды. Бар болғыр «комхоз» осы ағашты неге түбімен қопарып тастамайды екен, ә! Өзі бір үйді бір қыс отынсыз етпес еді. Бағлан осы шірік тамырдың өзі құлағанша тұрса, қанша уақыт тұрар халі бар екенін айырмақ болып жанына келіп айналдырып қарай бастады. Ол енді көпке ұзай қоймайтын шірік ағашты «көп ұзай қоймас» деп бұрыла беріп еді, қарсы алдынан келе жатқан Жұрынбайды және ауатком председателі Кенбаевты көрді. Кенбаев Бағланға басын изеп амандасты да, Жұрынбай оған қарап жымыып күлді.

— Қыдырып жүріп кездесіп қалдым,— деді де кеңсеге ол да іле сүңгіп жоқ болды. Бұдан кейінгі екі күнде де Бағлан Жұрынбайдың кеңсенің күнбатыс жағынан Кенбаевпен бірге жапсарласып келе жатқанын байқайтын болды. Бірде байқамай «қыдырып жүрсің бе?» деп Бағланның айтып қалған сөзіне Жүрекең: «жо-жо-оқ» деп сасып қалды да, «ты-ыс-ыс» деп сұқ саусағын шошайтты. Осыдан кейін Жұрынбайдың қандай аурумен ауырып жүргені Бағланға аян еді. Таңертең үнемі үйінен жаяу келетін Кенбаевты Жұрынбай есігінің алдынан күтіп, «кездейсоқ» кездесіп, бір күн «қыдырып» жүріп, бір күн «дәрігерден» келе жатып, бір күн «біреуде жұмысы болып барып» жол жөнекей кездесіп қалып жүргендей жайы бар-ды.

Арада өткен бір ай Бағланға Жұрынбайдың маршрутын толық түсіндіргендей болып еді. Бір күні Жұрынбай осы қырықпа бақта көрінбей үшті-күйді жоқ болып кетті. Үш-төрт күннен кейін Бағлан Жұрынбайдың әдемі көк машинаның үстінен басын изегенін байқады. Осыдан былай Жұрынбайдың маршруты тағы белгілі болды. Күнде сағат тоғыз жарымда Бағлан сабақ беретін (яғни ауатком кеңсесінен екі көше төмен орналасқан) мектептің қарсысындағы тігін фабрикасының алдында көк машинадан түсіп жатқан Жұрынбайды көру қиын емес еді.

Үш-төрт аптадан кейін Жұрынбайға Бағлан қуыршақ театрының алдына келіп түсіп жатқанында амандасты.

Ол тек Бағланға емес, ол төңіректе тұрғандардың бар-лығына ерекше жылылықпен басын изектетіп, мәз бола сәлемдесті. Ал алысырақ тұрғандарға күліп, оң қолын жоғары көтеріп, көзін сығырайтыңқырап, бұғағын бұл-тита, екі езуін тыржита ризалық білдіргендей бас изеді. Бағланға тұрғандардың барлығы да осының қарауында істейтіндер, ал мынау солардың бастығы — көсемі сияқ-танып кетті. Бұл жолғы сөзді Бағлан бастап әкетті:

— Жүреке, қыдырмайтын болып кеттіңіз ғой. Жүрекең бірден қабағын шарт түйіп алды. Нақ осы сөзге жауап берер кезде бүкіл Ырғайты қаласы салмағын Жұрынбайға салып тұрғандай болып кетті. Тіпті Бағлан оның бір жері қатты ауырып кетті ме, әлде қан айналысы бұзылып кетті ме деп шошып қалды.

— Ой, шырағым-ай, біз бір байлаған бұзау емеспіз бе?! Қыдыру түгіл сіңбіруге де қол тимейді. Уақыт жетпейді. Таңертең кетесің, кешке келесің.

— Жүреке-ау, демалысыңыз бар емес пе?

— Жоқ, шырағым, айналдырған бір күн қаланың сыртына шығудан-ақ, саятқа шығудан ауыспайды.

— Е, қыдырудың да есебі бар еді-ау, онда бұрынғы қызметіңіз-ақ жақсы емес пе еді?.. — деді Бағлан, — уа-қытыңыз мол болатын.

— Бізде не ерік бар, — деді Жұрынбай мүләйімсіп, тыжырына, — қайда жіберсе сонда барамыз. Я, айтқандай, осы сен қайдан білдің?

— Нені?

— Менің кететінімді. «Көп ұзай қоймас» деп түнеугі күні айтып салдың ғой.

— Гүл бақшаның сәнін бұзып тұрған шірік ағаштың ұзаққа бармай құритынын кім білмейді? Біздің қаламызда оған орын жоқ қой. Қыдырудың есебі сияқты тұрудың да есебі болуы керек қой.

1958 жыл.

ЖАЙЫҚТАҒЫ ЖАЛМАНДЫ ҚАРМАҚТАР

Күздің аласапыран күнгірт күндерінде Гурьев қаласының бір бұрышында банк басқарушысы Прокопенко мен балық тресінің басқарушысы Сармаев ойда жоқта кездесе кетті. Көрген жерден ой өрістеп, әңгіме ақтарылып кетті. Екеуі ақыры бар сырларын шертісті. Сырға сыр ұласып, Каспийге құйған Жайықтай сапырылып жатыр еді, нақ осы кезде Сармаев өзінің күйреуік жан екенін жолдасына сездіріп алды. Ол әңгіме аяғын қамыға айтқан бірауыз өлеңмен аяқтағандай болды.

— *Тобылғы торы сыраны
Толқыта жұтар күн қайда?!
Сырадай сырлы «Волганы»
Сырғыта мінер күн қайда?!
Ұстатпай «Волга» кетер ме!
Күніміз «Газбен» өтер ме!*

Ендігі лебіз Прокопенкодан естілетіндей болған соң, Сармаев азырақ сабыр етіп құлақ түре қалып еді, Прокопенко ақын болмаса да ақындықты түсіне білетін бір ақынсүрейдің адам болып шықты. Әрі ол жанында тұрған трестің басқарушысына қарағанда әлдеқайда жігерлі, саруайымға салынбайтын саңлақты жігіт екенін аңғартты:

— Па, па, өзің қалай-ақ Гурьевтің маңдайына сыйып жүрсің. Махамбетше басып кеттің бе, қалай?! Бірақ машина міну үшін күйреуік болудан гөрі күштірек болған жақсы. Күйреуік болып күн көре алмай жүргенше, оптимист болып орып түспейсің бе? Я, я, бауырым, орып түскенің жақсы. Қалай да қапысын тауып, қағып қал! Әйтпесе, саған ешкім ештеңе әкеп бермейді.

Болдырған бураға «әйт шу» деген де сеп дегендей Прокопенконың сөзі Сармаевқа қамшы болып тиді. Оған әлдеқайдан әл бітіп, бойы бекіп, машиналы болудың түрлі тәсілдерін қарастыра бастады. Машинаның бола берер жерінің бірі осы еді деп, облыстық тұтынушылар одағына соқты. Нақ осы күні оның бастығы жоғарыдан шұғыл телеграмма алып, оны қауырт іске асырып та үлгерген екен. Ауыл шаруашылық өнімдеріне берілетін жеңіл машинаны заңсыз сатып алып, тіпті оны облыстық автоинспекциядан да өткізіп, мемлекеттік номер алып, желпініп отыр екен. Сармаев басын базынамен бастап, аяғын баяғысындай қамыға аяқтады.

—Бауырым-ау, «үкілі құйрық, майда жал, кесер басың сары алтын, үстіңе біткен түгінің жарымы күміс, жарымы алтын» деген сөзді бұрын қыдыра жалды қыл құйрыққа айтушы едік қой. Ендігі біздің «қыдыра жалымыз» осы «Волга» емес пе, тіпті мұны оған теңеп бола ма! Ол мұның маңына да ілесе ме, шіркін! Мініп алып, «Волгаға» атыңа түскен қайтып міне алмайсың, әй-әйдің суға келген ізін көрсең» деп ыңыранта әңдетіп кете барар ма едің. Құтты болсын, құтты болсын!—деп алып аяғын тағы өлеңдетіп жөнелтіп:

*Мен де өзіңдей бастықтың бірімін ғой,
Мен де өзіңдей бекіре — ірімін ғой,
Көк «Волга» көлденеңдеп ұстатпайды
Өлмеген соң әйтеуір тірімін ғой!*

—Ой, қамықпа, бауырым, қамықпа, қапысын әлі-ақ табамыз,— деді оған Хайзуллин. Көп ұзамай-ақ орайы келді де. Гурьев ауданындағы «Еркін қала» колхозы алуға тиісті «Волга» балық тресіне аударыла салынды. Көзің көрсін, қолың ұстамасын деген осы болды. Колхозға берілді делінді. Бірақ машина суға тойып алып, біреудің астында ойнақтай басып кете барған Төлегеннің көкжорғасындай Сармаевтың астында жөңкіді. Керек десе колхозшылар машина жөнінен бейхабар қалды. Бірақ машина аларын алғанмен осы бір кезеңде Сармаев қатты састы. Өйткені автоинспекция машина колхоздікі деп тіркемей қарысып отырып алды. Машинаға жаңа жеткен Сармаев аласұрып жоғарыға шапты:

—Өзіңізден медет тілей келдім...

Медет тілей келдім деген сөз талайдың мерейін көтеріп, өзін сарымайдай ерітіп жібітіп жіберді, ол машинаны Сармаевқа тіркеп бер деп, әрі ауызша, әрі жазбаша бұйрық берді. Машинаны әбден жайғастырып Сармаев демін бір-ақ алды. Ол бұдан былай машинаға мінген сайын медет деген құдіретті сөзді аузынан тастамайтын болды. Бұдан кейін мұның өзі қаладағы мекемелердің басшылары арасына кең тарап, бәрі колхоздың көк дөненіне жабысатынды шығарды. Жабысқандары алып та жатты. Қезек-кезек кеңесіп, келісімін беріп, инспекцияны күштеп көндіріп отырған соң колхозға келген машиналар қаладағы басқарма бастықтарының астында жалмаңды қармаққа ілінген Жайықтың жайынындай жөңкіп кете барды, кете барды. Бірі көгін, бірі күлгінін таңдап мініп, машина Гурьев көшесінде жөңкіп жүрді. Ол ол ма тіпті мотоциклдерге дейін қаладағы қармақты қызметкерлерге ілініп отырды. Олар қарық болып қалды. Әрине бәрін Хайзуллин өзі қолымен шығарып салып отырды. Жөні келмегендерге машина алудың жөн-жосығын айтып, жылы аттандырып, жақсы жігіт атанып, атағын жұртқа жайды.

Қыстың қақаған ортасы кезінде Гурьевтің бір тар көшесінде біріне-бірі қарсы келген екі жеңіл машина да тоқайласа кетіп, іштеріндегілер жерге түсе қалысты.

—Алдым, әйтеуір,— деді Сармаев.

—Міне, мені де көріп тұрсың ғой, бір-ақ соқтым, ауылға келген машина қалаға қалмай не бітіреді, қала кенелмей ауылға не жоқ,— деді Прокопенко шаттанып.

—Әй, жалмаңды қармағым-ай, қадалған жеріңнен қан аласың-ау, іліп түскен екен-сің,—деді анау да Прокопенкоға мақтауын аямай. Сонан соң машинасына мініп:

*Тобылғы торы сыраны,
Толқыта жұтар күн туды.
Сырадай сырлы «Волганы»
Сырғыта мінер күн туды!*

—деп Сармаев машинасына жантая кетті...

Сөйтіп бұдан былай Жайықтағы жалмаңды қармақтылар қармағын Тұтынушылар одағына тастап іліп жатыр. Желбезегі бір күні жырттылып кетпесе жарар еді.

1957 жыл.

МЕН ЖАСАҒАН ҒЫЛМИ ТЕРМИН

Жоғары білімі барлардың көпшілігі-ақ кандидаттық диссертация қорғауға ұмтылады. Жұрт сыпыра кандидат болып алғанда қалай жалғыз қалайын, мен де өз шамама қарай шарықтап, өз көрпеме қарай көсілдім. Филология ғылымының кандидаты — Балбақ деп тұрса, ол фельетонист — Балбақ дегеннің аузына бір-ақ қойып, шекесін шеруен аттырып жібермей ме? Мені жұрт атақты жек көреді деседі дейді. Оны кім айтып жүр? Ал маған сенбегендеріңіз сол филология ғылымының кандидаты деген дәрежені беріп, сонан соң бір көрсеңіздерші.

Бірақ ондай аспаннан түсер жақсылықтың нышаны көкжиекте көрінбегендіктен, ғапу етіңіздер, ғылми жетек-шісіз-ақ істі өзім жүргізіп, аяқтап та шықтым. Және жетекші дегеніңіз де күй таңдайды екен. Мен қарапайым газетшіде оған жасай қоятын жағдай бар ма? Сондықтан қиын да болса қамытты жалғыз киіп, тертені митыңдап болса да жалғыз сүйреп жөнелдім.

Диссертация қорғау үшін оның бірнеше тарауы баспадан жарық көруі керек екенін де білдім. Сондықтан сол ұзын сүре әңгімені ортасынан шорт үзіп, сіздерге сарапқа салуға орталарыңызға тастай бердім.

Бір қызығы мен диссертациямда ғылми термин жаса-дым. Оған ұзақ-ұзақ талқылаулар, талдаулар келтірдім. Тіпті термин жасауға келгенде мен өз көршім Ғайнекең-нен артық болмаса кем түскен жоқпын. Сенбесе мұны сол тілмарлар мен әдебиетшілер, тәржімәшілер өздері теріп, тексеріп алсын. Әзірге маған керегі дәреже ғана. Оған ұсынарым мыналар:

1. Өсекшілер— (Алфавит ретін сақтамағаныма ресми емес оппоненттерімнен ғапу өтінемін). Мұның өзі жамандайтын кісінің жамандалатын кісіге мінбеге шы-ғып қорғатпай-ақ, мен сияқты жаздырып әуре қылмай-ақ таға салатын дәрежесі. Мен сияқты кандидаттыққа қолы жетпей жүрген кейбіреулерге ол дәреже де өсекші деген атактай тез тағыла салса деп армандайды. Ал талдап отырған сөз еске түскенде бұрынырақ құдық басына су ала келіп, не от ала келіп аузын сылп дегізіп қойып бір абысын екінші абысынды сорлататыны есте тұратын. Қазір оның жайы мүлдем басқа. Осы кезде бұл өзі әйел-дерден гөрі еркектерге көбірек ауып (әлде дарып) бара жатқан өнер. Екінші бір жағынан алып қарағанда ондай ат алған адамды жаман деп қарауға болмайтын сияқты. Өйткені ондай адамдар дұрыс-бұрысын былай қойғанда, әйтеуір адамға азды-көпті баға бере алатын адам деп қа-раған дұрыс. Қорыта келгенде біздің айтарымыз өсекші аяғымен емсс, аузымен жүретін адам. Бірақ, олардың құ-лағының жақсы жұмыс істейтінін былай қойғанда, жа-нынан шығарып қосып айту өнері екінің бірінің қолынан келмейтін суырып салмалық екенін атап айтқан жөн. Ал мәселеге біз сияқты журналистің тұрғысынан қарағанда ол аз да болса бізге біраз жұмыс тауып беретін, біз жұ-мыссыз қала ма деп қам жейтін, қамқор адамдар.

Егер ондай атак алғысы келгендер болса бір көршісінің есігін аңдып отырып, ертеңіне екінші көршісіне көргенін айтып берсін. Сонда көп қиналмай-ақ атақ алғанын өзі де сезеді. Тағы бір жол мынау: бір қыздың бір күнде киген көй-легін санасаңыз жетеді. Атақ әзір. Сайып келгенде өсек-ші дегеніміз — кейде өз үлесін ала алмай қалғанда сы-байласының үстінен арыз жазатындар, немесе кейде керісінше, қоғам мүлкін қорғаушы мазасыз адамға, мем-лекетті сүліктей сорғысы келетіндердің тағатын айыбы. Ол жағына келгенде кейде шындықты айтамын деп те өсекші атануға болады. Дұрысы өсекші — көргеніне, естігеніне қосып айтатын жалақор.

2. Арамтамақ — бұл алфавит бойынша алда тұруға жаралған сөз. Бірақ термин ретінде «өсекшіден» кенже қалғандықтан, яғни көпке кейін танылғандықтан мен де кейін жазып отырмын. Арамтамақ деген — пиғылы жаман, жейтін тағам деген екі ұғымнан құралған екен. Дәл айтқанда ішкенін өзі жұмыс істеп, адалдап ішпейтін біреу. Бірақ жұрттан мешкейлеу болмаса, кінәздау емес. Әсіресе, мұның өзі менің жүргізген зерттеуімше адам қолымен жасалған ащы суға жақындау да, соның алпыс екі тамырыңды жібітіп, басқа іске бойкүйез тартқызатын ерекше қасиетін артықтау пайдаланатындар. Арамтамақтар да басқалар сияқты әртүрлі. Олардың өсекшілерден принципаалды, ерекше айырмашылығы бар. Ол — олардың жасы. Мысалы олар өсекшілерге қарағанда сарыауыз балапандай. Бірақ сөйлеген сөздері батпандай. Аналардай мәймөңкелей алмайды. Осыларға еліктеп өсекшілер де көбіне өздерін жасартқысы келгенімен арамтамақтардай жасара алмай жүр.

Екінші еске түсетін нәрсе мысалы, өсекші деген атақты кейде қоғамдық меншікке суық қолын сұғатындар да бере салатын болса, арамтамақтарға ондай жеңілдік жоқ. Олардың бәрі де «алма піс, аузыма түс» деп отыратындар. Кейде байқалмайтын арамтамақтар да болады. Мысалы әке-шешесіне өзін отызға келгенше асыратса, ол білінбейді. Арамтамақтың басқа да мағнасы бар екенін айтпасам ресми емес оппоненттерім ашуланып жүруі мүмкін. Онда тіпті менің ғылыми еңбегімнің құны жоқ деуі де мүмкін. Сондықтан арам тамақтың (бұл жерде бөлек жазылуға тиіс) ит тиіп кеткен, не тышқан түсіп кеткен, бетінде шыбыны қалқып жүретін көк сорпа, немесе әншейін лағман, мантиның бірі екенін атап айтуым керек. Ал бұл екі сөзді бөлектеп көрсеткім келмейді.

3. Хулиган — біздің тілімізге кейін келген, кірме сөз. Бұрын оны сотанақ, тентек, есірік деуші едік, қазір олар жігіт болып жетіліп, ат жалын тартып мініпті де хулиган болыпты. Өйткені бұрынғы тентек — яғни қазан бұзар, бір үйде, немесе бір ауылда (он шақты үйде) ғана болатын; Ал сотанақ — әредікте сөкет қылықтар жасап қоятын балалар еді. Енді ол сөздер хулиганның мағнасын бере алмайды. Өйткені хулигандар арамтамақтан шыққан аламандар — дәл айтқанда арамтамақтың ағалары.

Оларды жулик деп те атайды. Тіпті біреулер оны жулик десе, енді біреулер тілі келмей жөлек дейді. Ал шынында олардың қарекеті аттың жалына жабысып қанын сораптың, түйенің терісін тесетін, сөйтіп тойған соң таскенеден жөлекке айналатын паразиттен тіпті де айырмасы шамалы. Айырмасы біреуі — адам, екіншісі — кене. Бірақ екеуінің ақыры, яғни өмірінің соңы ұқсас. Мәселен кәдімгі кене әбден қан сорып тойған соң, адамның ақ тырнағындай болып үлкейіп, бадырайып жөлекке айналып, бір күні жарылып, парс кетеді. Ал анау да ақырында... Бұл жағына келгенде, тілші жолдастар, байқап отырған шығарсыздар, жөлек пен жуликтің төркіні жақын, жалпы атағы паразит болады. Мүлт кетсем гапу өтінемін.

4. П л а г и а т — қазақ тіліне сіңе алмай жүрген бұралқы сөз. О баста шыққан жерін менен сұрап, әурелемесеңіздер де болады. Бірақ әйтеуір қазақ тіліне кіре алмай босағадан сығалап жүргенін байқаймын. Бұл әдебиет төңірегіндегі ұрлықшыларға әдебиет танытын құлағы бар жандардың ауыздары, көбіне баспасөз арқылы тағылып, қорғатпай берілетін атақ. Ондай атқа қызығатындар болса, бұрын қалам ұстап, бұрын көз жұмған адамдардың жарияланып кетіп ескерусіз қалған еңбегін көшіріп қайта баспа бетіне шығарсын.

Тек аяғына өз атын қоюды ұмытпаса болғаны. Бірақ тұтас көшіріп алып қолға түсіп қалудың керегі не, там-тұмдап, өлең болса бір-бір жолдан, мақала болса кейде пікірін ала салуға болады да. Пікір ұрласа көбіне ондай дәреже ала алмай қалуы да мүмкін. Бұл атақты алатындар көбіне әдебиет төңірегіне келгендер болады. Ал менің зерттеуімше әуен сарындарын ауыс-күйіс пайдаланып кеткендер, тіпті кейбір музыка төңірегіндегілер тұтас көшірсе де ол дәрежеге ие бола алмайды. Оларға алғаны балдай батып, судай сіңеді, плагиат атағынан мақрұм қалады. Бірнеше әннен бір опера құрастырып, өзінікі етіп шығара салса да музыка төңірегіндегілер оған мыңқ етпейді. Ал бір жақсы жері музыка деген өнерде тырнақша белгісі жоқ көрінеді. Заман өткен соң сіз «мынау ән Мәдидікі еді» деп дәлелдеп көріңіз. Музыка тілінде тырнақшаның болмауы аталған атақты алуға қатты қиыншылық тудырып жүр. Сондықтан бұл атақ әзірге әдебиет төңірегіндегілердің еншісі болып қала береді-ау деп шамалауға болады.

5. **І ш к і л і к** — екі мағыналы сөз. Ең алдымен ол кәдімгі аттың қыр арқасына ердің қасы тимеу үшін тоқымның астына жайылатын жаялық. Көбіне жабағы жүннен жасалады. Кейбір жерлерде терлік деп те атайды. Машинаның, техниканың көбеюіне байланысты жиі пайдаланылмағандықтан оның бұл мағынасы ұмытылып ба-рады.

Менің алмақ дәрежем филология ғылымының кандидаты болғанмен ғалым болатын адам өзінің жан-жақты білгірлігін көпшілікке танытып тастаса артық болмайды деп есептеймін. Мысалы мен ішкіліктің химиялық зат екенін де зерттеп таптым. Ол уыт өндірілген ащы су екен. Ішкілік әлін білмейтін әлектерді көбірек айналдырады. Әсіресе үлкен бас ішіндегі кішкентай миды улап, тұмандандырып, кейде иығындағы басын да жоғалтып кетеді. Ішкілік-тату қосылып, төбелестіріп айыратын, таныса келіп табыстыратын, сүйістіріп-жабыстыратын, елшілік-жаушылық өнері бар препарат. Таланттың жауы. Ішкілікпен айналысып от басын ойран ететіндер, бала-шағасынан бөлінетіндер толып жатыр. Қарақан басы соқиып қалатындар қанша? Ішкіліктен пайда тапқандарды көп зерттеу жүргізсем де таба алмадым. Амал нешік! О баста одақтастырғанмен артынан омақтастырады екен.

6. **Қ ы з ы л қ ұ л а қ** — сауданы кәсіп еткендердің халық арасындағы оны жақтырмай шығарған аты. О баста қызыл құлақ ат алу оңайға түспесе керек-ті. Ол үшін керіл-дескен тамақ, жыпылдаған ауыз көп қызмет істесе керек. Ал шын мәнінде қарсылас жағына беріспей құлағы қызарғанша саудаласады, дауласады дегеннен шыққан болуы тиіс. Қызыл құлақ болу үшін жай тиын-тебен алдап алу жеткіліксіз. Оның артында көп нөкері болады. Делдал, ара ағайын, қалыс адам, тағы-тағылар. Аттарына қарағанда бұлар қызыл құлақтан жырақ жатқан жандар сияқты.

Түштеп келгенде бір сіріңкелік нәрсе үшін қызыл құлақтың сойылын соғушылар. Бұлардың әшейіндегісі бір басқа. Ал қызыл құлақ оларды сіріңке бағасындай пұлмен алдын ала жемдейді. Көріп отырсыз, қызыл құлақ жайма базардың бір тұтқасы.

Соңғы кезде жайма базардың қаламызда болмауынан қызыл құлақ жыбыр, сыбыр құлаққа айналды. Өйткені олар қала магазиндеріне бұрын жетіп, алғанын артық бағасына сатып қана бұрынғыдай керілдесіп тұра алмай ұсақтап кетті. Бұл да болса құдай уақтысы дейтін көрінеді олар. Ал пысықтаулары осы кезде Қаскелеңге қарай дөңгелеп тұрады деседі.

Қорыта келгенде қызыл құлақ — діншілдер көзімен қарағанда иманын сатқандар. Өздерінің көзқарасынша олар жұрттың қамқоры. Өйткені біреудің таба алмай жүргендерін тауып береді. Сән қуған біреулер (әйелдер деуге бата алмай отырмын) үшін қолында бәрі бар, бәрін таба алатын құдай екеннің базардағы өкілі. Ал милиционер үшін қызыл құлақ — чемпиондар. Өйткені көбіне олар қызыл құлақты қуғанда жете алмай қалатын болса керек-ті. Ал жай адамдар үшін сынаптай сырғып қолды-аяққа тұрмайтын, есік-тесіктен тегіс өтіп кететін, сонымен бірге ақшаға арын қоса саудалайтындар.

Осылай жолдастар. Мен зерттеген терминдер әлі таусыла қоймайды. Қалғанын кейін көре жатасыздар-дағы. Әзірге болашақ ресми, ресми емес, оппоненттеріме алғыс айта отырып, автореферат ретінде ұсынарым осы демекпін.

Жоғарыда келтірілген сөздерді артық-кемді бағалағаным үшін аталған атаққа ие болғандардан гапу өтінемін.

1968 жыл.

ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ

Институттың бір кең аудиториясының алдына жиналып тұрған студенттер есіктен қуана шығады да, бірінің бірі қолын қысып шаттана түседі. Бәрінің көңілдері де жайдары. Олардың арасынан агрономды да, инженер-механикті де, зоотехникті де, мал дәрігерін де табуға болатын еді. Өзгелерден шеткерірек Тұрыскұл тұр. Оның бет әлпетінен өзінің қуанышы жоғы былай тұрсын, ең болмаса жолдастарының шаттығына, қуанышына көңіл қосқаны да көрінбейді. Бағанадан бері күнде көрмей жүргендей айналдырып тұрғаны он саусағының сүрмесі. Қып-қызыл етіп боятқан сыры кете бастапты. Неге біржола осындай етіп тумаған деп шешесіне бір ренжісе, неге кетпейтіндей қып сырламаған деп тырнақ сүрмелеуші шеберге тағы ренжиді. Осы кезде іштен қуанышты Әбітай шықты.

Тұрыскұл анадай жерде тұрған қалпынан қозғал-мастан:

—Немене, қалаға қалдырды ма?— деп сұрады одан.

—Неғылған қала? Зоотехникке қалада не бар? Мені өзіміз білетін «Коммунизм жолы» колхозына жіберді, — деп ол аяғын жерге тарс-тарс ұрып, билеп барып тоқтады.

Тұрыскұл оған жақтырмаған қабағымен бір қарады да, қайтадан тұрған орнында тырнағын айналдырып, мелшиіп тұра берді. Бірақ Әбітайды басқа жолдастары дереу қоршап алды да, қуанышына ортақтасып, болған әңгімені бастан аяқ сұрай бастады. Есіктен тағы да біреу шықты. Жамал екен. Ол да әуелгі ашық мінезімен жарқын-жарқын сөйлеп келеді.

— Талдыбұлақ ауданына жолдама беретін болды. Отырғандардың аузынан осы лебізді естігенде жүрегім жарылып кете жаздады. Қалаған жеріңе бару қандай жақсы! Жолдастары оны тағы да қауамажалаған соң Жамал өзінің риза екенін көңілденіп айта бастап еді, жаңағы орнынан қозғалмаған Тұрыскұл де «неменеге қуанады екен» дегендей құлағын түре қойды. Тұрыскұлден әбден көңілдері қалған ба, әлде оның тұрғанын аңғармады ма, онын жанына бір адам да келген жоқ. Жамал есіктен жаңа шыққанда Тұрыскұл бетіне біраз өңдеу-жөндеулер жүргізіп, тағы бір нәрсеге ренжіп тұр еді. Әрі-бері жұрт жүріп жатыр. Олармен оның жұмысы да жоқ сияқты. Ол бір қолына айнасын, бір қолына далабын алып тұрып шешесіне, шаштараз жанындағы сүрмелеуші шеберге тағы ренжімей қоймады. Қалай ренжімесін, қайта-қайта бояп қойса да өңі қарауыта береді. Қазір ғана бетін опалап, далаптап, қасын керіп, көзін сүрмелеп қойып еді, минут өтпей айнаға тағы қараса, түрі тағы өзгеріп кетіпті. Сондықтан да ол неге осындай көркем етіп тумаған деп шешесіне бір ренжіп, ең болмаса тырнақ сүрмелеген сияқты беттен бір апта кетпей тұратын етіп бірдеме ойлап таппай жүр деп шеберге тағы ренжиді. Өзі өстіп ренжіп тұрғанда ауылға баратындығына қуанып аудиториядан Жамал шықты. Оны көріп Тұрыскұл тағы күйіне түсті.

Неғылған қызық адамдар бұлар. Ауылға баруға театрға бара жатқандай қуанады.

Ауыл қанша айтсаң да ауыл ғой, театр емес. Тіпті жарайды, — деді ол тағы да, — анау Әбітайлар ғой жігіт. Ауылға барсын делік. Қиыншылығына көнер. Ал қыз басымен мына Жамалға не жок. Оқыған қыздың орны қалада болмас па?

Тұрыскұл осындай шолақ түсінігінің дүниесінен шыға алмай тұрғанда оның фамилиясы аталып, аудиторияға кірді. Тәрде мемлекеттік емтихан комиссиясының председателі Ақылбаев отыр екен.

Өзінің таныс оқытушылары да жоқ емес. Деканы тағы бар. Емтихан комиссиясы оны жылы шыраймен қарсы алды.

— Тұрыскұл, институт бітірдің, оқымысты агроном деген атақ алдың. Енді қайда барғың келеді?— деп сұрады.

Ол комиссия председателінің қабағы көтеріңкі болғандықтан үміткер болды да, суырыла сөйледі:

—Ағай, мен оқымысты агрономмын, қалада қалғым келеді. Ауыл деген — жігіттердің жұмысы ғой.

—Ауылға оқыған қыздар да керек.

—Жоқ, менің барғым келмейді.

—Неге барғыңыз келмейді? Жолдастарыңыздың бәрі де колхозға жолдама алды.

—Мен олар сияқты болашағын ойламайтын адам емеспін.

—Қалқам, агрономның болашағы ауылда болады! Тұрыскүл қалай жалтарса да, комиссия председателі өздегенін айтып отырып алды. Сөйтіп оған «Молшылық» колхозына жолдама жазып берді.

Үйіне келе жатып ол ой дариясына тағы да бір сүңгіп кетті. Осы агроном болып нем бар еді менің, не дәрігер, не мұғалім болмай дей берді де, тағы тоқтап қалды. Ауылға да мұғалім, дәрігер керек. Онда да жібереді екен-ау. Қап! Электр инженері болмаған екем. Ойбай-ау, қазір ауылдың бәрінде электр станциялар бар екен ғой. Енді қайттім! Ендеше шаштараздағы кірпік, тырнақ сүрмелеуші болсам етті. Бірақ ол да колхозда болуы мүмкін-ау. Дегенмен ол колхоздарда әзір тегіс бола қойған жоқ.

Ақыры не керек, Тұрыскүл ауылға да бармай, тырс етіп далаға да шықпай, үйінде жатып алды. Әбден қар жауып, із басылды-ау деген кезде, үш-төрт ай өткен соң көшеге шығып, бірді-екілі таныстарын кездестіріп еді «қалашыл қарындас» атанып та қалған екен, өзінің қатар өскен достары да оған салқын қарай бастапты.

...Арада екі-үш жыл уақыт өтіп те кетті. Оқымысты агрономыңыз әзірше жүре тұрайын деп, бір буфетке сатушы болып орналасып, біраз істеді. Бәрібір «қалашыл қарындас» аты жабысып қалмай-ақ қойды. Келген-кеткен көзтаныс, тұстаныстар: «Қалашыл қарындас компот әкеліп беріңізші» дейтінді шығарды. Жылдан жылға жас болса да қосылып келеді. «Қалашыл қарындасқа» жігіттер де маңайлатпай кетті. Бұл қызмет те ұнамады. Таза жұмыс қой деп шаштараз жағын айналдырып көріп еді, оның да ыңғайы табылмады. Өйткені оған да шеберлік керек екен. Тарағы жүрсе, қайшысы жүрмей, қайшысы жүрсе, тарағы жүрмей әлек қылды. Содан соң бір ас-ханаға табақшы болып орналасты.

Бір күні асханаға келген, омырауында Ленин ордені бар жігіт, тамақ әкелінгенше газет қарай отырды. Тұрыскүл не ішетінін сұрай оның жанына келіп еді, газеттегі бір таныс суретке көзі түсіп кетті. Кәдімгі өзімен бірге оқыған Жамалға ұқсайды. Байқаңқырап қараса, нағыз Жамалдың өзі. «Алғабас» колхозының агрономы. Социалистік Еңбек Ері делінген суреттің астында Жамалдың фамилиясы. Тұрыскүл оған сенер-сенбесін білмей «газетіңізді көруге бола ма?» дей беріп, аңырып тұрды да қалды. Ленин орденді жігіт — осыдан үш жыл бұрын өзімен бірге институт бітіріп шыққан зоотехник Әбітай. Оны тани кеткен Әбітай Жамалдың қандай табыстары үшін Социалистік Еңбек Ері болғанын қысқаша айтып берді.

— Сені де колхоз даласында кездестіремін ғой деп ойлап едім, — деді ол кетерінде. Арада бір апта өткен жоқ, Тұрыскүл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына барды да жолдама алып, «Молшылық» колхозына тартып отырды.

Келген күні-ақ Тұрыскүлді партия бюросы, комсомол комитеті шақырып әңгімелесті. Олармен сөйлескеннен кейін Тұрыскүл бұрынғы өзінің ауыл туралы жаман пікірінен құлан таза болып шыға келді. Өйткені мұнда барлық мәселені өзінен әлдеқайда артық білетін адамдардың бар екенін байқады. Ол іске кірісіп те кетті...

Міне, жыл қорытындысы да шықты. Соңғы жылы Тұрыскүл екі бақытқа бірдей ие болып отыр. Біріншіден, ол мамандығы бойынша қызмет істеп, оны барған сайын жақсы меңгеріп келеді. Екіншіден, мұнда келген соң басқа бас қосылды. Қысқасын айтқанда, ештен кеш жақсы деген осы екен.

1954 жыл.

ЖАСЫЛ ҚОҢЫЗ

Қаланың рестораны жанды, тік бақай әйелдері «жұқалтаң сары» деп атайтын асханалар тресінің тексерушісі Жымық шағын ғана Сымқорған қаласының ортасындағы жалпайып жатқан екі қабатты үйге орналасқан асханаға келді. Жымықтың сыртқы бейнесі сол әйелдер қойған атқа шынында да ұқсайтын қойған атқа шынында да ұқсайтын еді. Оның бас терісі тықырайып ерекше бір тар жаратылған адам болатын. Басында шөкім ет жоқтығы оның сүйегіне жабысқан маңдай терісінен білініп тұратын. Қабағы тықырайып, шыбын тайып жығылатындай жылтырап көрінеді. Ал милығы басқалардікі сияқты шығыңқы емес, әбден мұ-жылған жақ келсаптай қушиып тұратын. Сондықтан да төбесі тым сүйірленіп, қораз болатын жұмыртқадай шо-шиып көрінетін.

— Пай, пай шіркін-ай, жылқы болсаң басына асықтай ет бітпеген нағыз қу шеке, екі құлағы тас төбесіне біткен ерен жүйрік болар едің-ау, — деп қалжыңдар еді құрдастары. Ал бет пішіні де атжақтылау, екі жағына пышақ жанығандай, түрі шала, оты дұрыс жанбағандықтан сарытаптанып зорға піскен нанға келетін. Демек рестораны жанды әйелдердің «жұқалтаң сары» дегені ша-маға соғатын. Ал ресторандағы табақшы әйелдер де, ас-паздар да оны «жұқалтаң сары» да, Жымық та демейді, «Шыбық» дейді. Өйткені оның асханаға келуі кейбір жұмысты адал істемейтін табақшыларға шыбық болып тиюші еді. Сондықтан да ол келгенде қаптағының қазанға қазандағының табаққа түсуі ерекше бақылауға алынып, асхана, рестораны қызметкерлері аяғының ұшынан басатын. Міне сол «жұқалтаң сары» мейлі Шыбық болсын, мейлі Жымық болсын асхананың бір бұрышындағы столға келіп үн-түнсіз отырды. Ол көп адамның бірінше өзіне тамақ әкелуді табақшыға тапсырды да, тып-тыныш отыра берді. Бүгін бұл жерден тыныш кеткісі келді. Тамақ та тез келді. Тексеруші ойында ештеме жоқ алдына келген сорпаны сораптап ұрттай бастады. Дәмі жаман емес, тым-ақ жақсы. Ішінде болуға тиісті әртүрлі нәрсе-лердің барлығы да жүрген тәрізді. Әрине тамақ шамадан тыс жылдам келді, бұл мына трест тексерушісіне жа-салған құрмет қой десіп бір көтеріліп қалды. Тексеруші мұны да сезіп отыр. Сорпа ішіліп түгесіліп қалған кезде тексерушінің көзі табақ түбіндегі әлденеге түсті де, де-несі дүр етті. Оның жіті көзі табақ түбіндегі қарайғанға қадалды. Не болды екен, ә? Шыбын ба әлде? Шынында да арбып қисық-қисық, біткен нәзік аяқтары майға бөге қуырылғандықтан сәл қысқарыпты. Ал бас жағы онша анық емес. Бірақ оның есесіне бөксе жағы қалпында сақ-талыпты. Кәдімгі шыбындай ғана жылтыр жасыл қоңыз. Қап!

Тексерушінің ішкен жегені лықсып алқымына тығылды. Лоблыған жүрек асқазанды бүлкілдетіп, қайта тастап жіберуге аз-ақ отырды.

— Қап, құрғыр-ай, — деп ойлады Жымық. — Ішпей тұрып араластырып әбден көріп алмаған екем. Бәсе, тым-ақ тез келіп қалып еді. Қарын қатты ашқан соң қа-рабасып жылдам ішіп қойыпты. Тексеруші келді деп ас-паздың асыққанынан болды ғой бұл. Енді қайттім?! Менің табағымда болмай-ақ мына менің жиренішіме ортақ-тасып отырған бадырақ көз қараның табағынан шықса ғой, онда мәселе қандай оңай шешілген болар еді. Онда мына асхананың адамдарын бадырақ ақ жүгеріше қуырар едім-ау! Осы арада оның ішкі дүниесіне әлдеқандай бір пәле кіріп кеткендей екі бүйірін кезек-кезек соғып, ішкенін аузына қарай лықсытып-лықсытып жіберді. Бірақ Жымықтың өзі де жігіт-ақ екен, жібермей сазарып бақты. Тексерушінің өңі күнде қалған шүберектей қуарып, қу-қылданып кетті. Оның жүрегі айнып отырғанын көршіле-рі де сезіп қалды. Сол секундта-ақ тексеруші табағынан кішкентай, әдемі, жылтыр жасыл қоңыз шыққандығы ке-лушілердің бәріне тегіс жайылып кетті. Ресторанда жиі болып тұратын сайқымазақ әйелдер «жұқалтаң сарының сыбағасын салған екен» десіп сықылықтап, ашық күліп жатты.

— Е, тексеруші енді асхананы жақсы тексеріп тұра-тын болды, — деп әр жерде-ақ гу-гу күлісіп жатты. Таба-лаушылар да табылды. Не керек, шіркін, «сексен бес кө-рейін деген жасым ба еді, ит быламық ішейін деген асым ба еді» дегендей, мұндай болады деп тексеруші үш ұйық-таса ойлап па еді?

Тіпті жұрт табалайтындай бұл қыз-метін де жаман атқармайтын. Нақ осындай сәтте, «қай-тер екен» дегендей асхананың табақшыларына дейін бір-де бірі залға басын сұқпай қойды.

Жымықтың лоблығын жүрегі қабынан шығып кете жаздап лүпілдейді. Міне, бір табақшы әрең дегенде көрінді-ау! Тексеруші оған не дерін де білмеді. Ол көтерген тегерік толы тағамды көрші дастарханға таратып, отыр-ғандардың сыбырынан кейін тексеруші жанына жақын-дады. Табақшы моншақтай жып-жылтыр әдемі қоңызды көзімен көрді. Оның артынан зал меңгерушісі де жетті. Қоңыздың тексеруші табағынан шыққандығынан ба, әл-деқалай осында болғандықтан ба асхана директоры да келді. Қарны шермиген, көзі кілегейленген, бет терілерінің бәрі салбырап бос қалған директор Исақ егде тартқан адам. Әсіресе бұғағы сиырдың әукесіндей салпылдап бос қалған. Осы бір сәтсіз минутте бұл да неше түрлі жаман ой ойлап тастады. Басқадан шықпай бұл қоңызы құрғыр қайдан ғана тексеруші табағынан шыға қалып еді. Басқалардың табағынан шықса, ары кеткенде кешірім сұрап, аспазға бір сөгіс беріп құтыла салар еді, әйтпесе тіпті «ондайлар бола береді» деп маңыз бермей танауын көтеріп тартпас па еді. Енді міне ертең трестен алар сөгіс, тіпті қызметке қауіп, бәрі Исақтың көз алдына елестеп, әйтеуір мұның тегін кетпейтінін біліп сасып тұр.

—Бұл қалай болды, жолдас директор!— деді тексеруші.

—Қайтеміз,— деді өзі де қылпылдап, қыл үстінде тұрған директор.— Осылай болмай тұрмайды. Келушілер көп. Тамақ та шамадан тыс бүгін көп істелді. Көп нәрседе кемшілік болмай қоймайды.

Тексеруші өңі қуқылданып, реңсізденіп кетті. Шамасы жүрегі айнып кетті білем.

—Байқамайсыздар ма, мұндай масқараға жол беруге болмайды ғой.

Директор не дерін білмеді. Бір пәле болып кетпесе жарар еді. Мына залда отырған екі жүз адамның біріне түспей, қанатын да, тілеуің де көсілгір, құзғын қарғаның жемі болғыр жасыл қоңыз нақ тексеруші табағынан табылар ма.

—Осының өзі әуелі қоңыз емес, қатты қуырылып, күйіп кеткен пияз болып жүрмесін,— деді директор әлде бірдеме ойлағандай түсін өзгертіп, күлген болып.

—Япыр-ай, неткен көрмес адамсыз. Ортасынан жарылып тұрған арқасын, тікенденген аяқтарын көрмейсіз бе? Мен ауырып қалсам қайтесіз. Масқара ғой, бұл.

Директор жылтыр қоңызды қалайы қасықпен іліп алды.

—Қоңыз емес қой, қуырылған пияз ғой,— деп танауының астынан бір қайталап қойды. Нақ осы бір сәтте тексеруші ашуланып қатты кетті:

—Қазір акты салып сіздерді прокурорға тапсырамын.

Бұл сөзді естігенде Исақтың денесі мұздап кетті. Трестің бұйрығымен тына ма деп тұрған нәрсе заң орнына бара жатса, оның өзінде тексерушінің өз басынан кешкені жазылса, пәле сонда болады ғой. Тексерушімен ерегісуге бола ма? Оның арғы жағы темір тор емес пе? Директор қоңызды алып, «бұл қоңыз да, пияз да емес қой»,— деп аузына қағып салды. Сөйтіп қышыр-қышыр еткізіп, қоңыздың жылтыр қанатынан тісін бір-екі тайғыза, бір жұтынып, қоңызды қылғып қойды. Исақ кенет ашуланып, дөрекіленіп, өзгеріп сала берді. Ол тіпті тексерушіні адам екен демей айқайлай жөнелді.

—Қайсы, қайсы қоңыз. Қызмет бабыңды пайдаланып қашан да қоқандай бересің.

Қайсы, бағанадан бері жұртты дүрліктіріп отырған қоңызыңды көрсетіңі маған. Үнемі қоқанлоққы жасайсың. Жұрт, мына тексерушіні көрдіңдер ме? Маған пәле жапқалы отырғанын. Қайда қоңыз, қайда?

Директордың екі көзі шатынап, ашуланып қайнаған самаурындай бұрқ-сарқ етті.

Міне, пәле керек болса! Исақ Жымықты ішіп-жеп бақрады. Тексеруші болса не дерін білмей қатты састы, тіпті өзі өтірік айтқандай жаман ұялып отыр. Расында ол қоңыз емес пе еді деп өзіне өзі күмәнданды.

—Апыр-ай, жылтырақ қоңыздың өзі-ақ еді ғой,— деді де не дерін білмей. Бірақ енді оны немен дәлелдемек. Ол үндей алмай отырып қалды.

Ал Исақ жылтыр қоңызды жұтуын жұтқанымен бір апта бойы ішкені ірің, жегені желім болып, тамақ іркілдеп көкірегінде тұрды да қойды.

1958 жыл.

КИІЗ ҮЙДІҢ ҚҰДАЙЫ

Кәсіпорын бастығына берілген сырттай мінездеме Осы мінездеме берілді, осыны ұсынушы Елемес Тоқаевқа. Сарысу аудандық тұрмыс комбинатының директоры. Малшылардың жағдайын білмегенімен мал өнімдерін жаныңдай жақсы көретін адам. Әсіресе, малдың етін, сүтін қатты қадірлейді. Қымыз ішіп қызара бөртіп, ет жеп екі иығынан дем алып жүруді жек көрмейді. Жалақысын да жарты ай сайын уақтысымен алып тұрады. Сағат күндізгі оңдарда кеңсеге соғып кетпейді деген кісінің көзі шықсын. Бірақ қарауындағылардың істеп жатқан жұмысын ашық көзімен көріп қабылдады деп айтқан кісі болса, жағына жылан жұмыртқаласын. Өзі үшін басқаға қағазға қол қойдырмайды.

Ақ қағаздың бетіне қанша ирек салса да бәрі өзінікі. Өтірік айтып не керек, ісінің бір жақсы жері осы. Біреудің үйін үптеп, ақшасын сүттеп көрген жері жоқ. Бірақ сонда да жұрт, әсіресе, малшылар оны қатты қарғайды. Сарысулықтар оны Елеке дегенімен басқа жерлердегі малшылар оны келеке етеді. «Ішкенің ірің, жегенің желім болсын!» «Өзіңдікі өзіңе бұйырмасын!», «Алғаның ас болмасын!» деседі олар. Естіген құлаққа жаман екен. Мұндай түрпідей сөздер естігенде кірпідей жиырылғаныңмен амал не, жарғақ құлағыңды көп сөзінен қалай жасырарсың. Қарғыс атып, немесе қарғыстан қағынып өлген адамның моласын әлі ешкім көрген емес. Ал егер ондай адам өлер болса, Елемес Тоқаев бір-ақ күнде іші басынан асып, шытыр жеген өгіздей аунап, до-малап әлдеқашан жөнін табар еді. Керісінше қарғыстар Елекеңнің қағанағын қарқ етеді: сарысулықтардың са-нағынан да, санатынан да қалып көрген емес мал со-йылған жерден.

Жалпы Елекеңнің ерекше қасиеті, оған сөз дарып көрген жоқ. Оның бір құлағынан айтқан сөз екінші құлағынан ағып кетеді. Қарғыс түгіл, талай үлкен жиын-дардағы ескертпелер де оны елең еткізген емес. Сондықтан ішкені ірің емес, қымыз, жегені желім емес, жамбас, оның бәрі Елекеңе арда заманның ең жұмсақ ішке жа-ғымды тағамдарының бірі — айтулы кондитердің қолы-нан шыққан торттай сіңіп, балдай батады. Қала берсе ырсып піскен бас та, майлы жамбас та, қайқы бас қа-зылар да, қыстан қалған сүр оның сыбағалы үлесі. Одан ол түскен емес, құсқан емес. Әлі бір қақалған жері жоқ. Тек бере бер, бере бер.

Мінездеме болған соң бір жақты кетпей, Елекеңнің бар «қадір-қасиетін» түгел айтқан дұрыс. Талас бойындағы қалын малшы алғанын адалдап алып үйренген жаңдар, бұл олардың әдеті. Егер қойы қоңды, түйесі қомды, сиыры әукелі, жылқысы жалды болмаса, олар ондай арық малды мемлекетке тапсырып көрген емес. Ал Елекеңдер малшының қиын да, қастерлі де еңбегін көріп отырып оны қадірлемейді. Елекеңдер көз жұмбайға салатын бір жаман әдеті бар.

Мұндай мінездемеде оны дәлелдемесе бола ма? Мысалы ол басқаратын тұрмыс комбинаты малшыларға арнап киіз үй жасайды. Шынын айту керек, оның да уығы, керегесі, шаңырағы бар. Әрине, «ұрының қатыны өзіне лайықты» дегенді естігендеріңіз бар болар. Бұлар жасаған үйдің де таздың басына лайықты кебі болатынындай бау-шуы бар. Баяғыда түнде қорқып келе жатқан біреу алдынан қарайып көрінген үй сықылды жоқ бірдемені көріп «мынау үй ме, шошала ма, құдайдан бұрын осы ала ма?!» деген екен. Несін айтасыз. Елекеңдердің жа-сайтыны осы шошаланың ағайыны. Егер бұл мінездемеге сенбей көзімен көргісі келгендер Жамбыл облысының «Қаракемер» совхозының № 3 фермасына барсын.

Был-тырғы алынған үйлерді айтпағанда биылдың өзінде бұлар Елекеңдерден он шақты үй сатып алған. Оны Елекең бөлсініп зорға босатқан. Төрт қанат, бес қанат деген аты болмаса құрқылтайдың ұясындай. Егер сенбегендер болса, сол жерді бір шолып өтсін. Онда ол үйлер туралы түрпідей сөзден басқасын да естиді.

Елемес-ау, Елемес,

Қылмысың сенің еленбес,

Келер-кетер бастықтар,

Мәңгі қалар ел емес.

Өтірік қылмай шын сөзді, Тыңдасаңшы бір кеңес...—

деген елеңді де құлағы шалады. Елекең осындай аңыз болған мекеменің басшысы. Мінездеменің басында егер Елекең үй жасаушылар-дың ісін өзі қабылдады дегеннің жағына жылан жү-мыртқаласын делінді. Олай дейтініміз бұл үйдің бағасы онша қымбат болса, керегесіне пайдаланғаны жас бала-ның шынашағындай шыбық. Елекең оны көрген жоқ. Көре тұрып жіберсе онда Елекеңнің көзін ақшел қаптаған. Ал уықтарды тезге салып қордаға көміп ешкім әуре бол-маған. Қарағайдан тілінген рейкалардың екі жағын жонып уық ретінде ұсына салған. Елекеңнің мақұлдаған, оның бас инженері Қалымбетов ұнатқан уықты керегенің басына таңғанда ол ортадағы шаңырақты емес, айдаланы, аспанды көздейді. Әр тақтай-уық әр жаққа тартады. Ал бұл шошаланы тұрғызғанда ол әтеш болар тауық жү-мыртқасындай сүйірленіп шыға береді. Ал айтыңызшы! Елекең сықылды көзі бар кісі осыны көрді деп айтуға ауыз бара ма? Елекеңдер үйді ықтасын жерлерге арнап жасайды. Жел болмасын деңіз. Жел болса... Әй, айта көрмеңіз. «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көрерсің» дегендей, байырғы киіз үйді жел қозғаса, даланы жалғыз кезетін жасанды қаңбағыңыз осы болады. Бұл тымық Талас соң қайда кетер дейсің, біздің адам болады ғой. Құлқыны құрғыр кімді ұрындырмайды дейсің, екі-үш күн күтпейді деймісің, басын сырадан бастаймын ғой, әрине, деп ол менің айтқаныма жүре ме, жүрмей ме дегенмен ісі болмай оңашада жанман ойын осылай қорытқан болатын.

Есіктен шығып келе жатқан Төлетайды көрді де, Сөлпекбаевтың түсі кенет қуқыл тартып жүріп кетті. Бірақ Сөлпекбаевқа аяқ астынан бір батылдықы пайда бола кетті де: —Мына жерден сыра іше кетсек қайтеді?—деді. Төлетай бұрын онымен ауызба-ауыз бір де рет сөйлеспеген тек сыртынан танытын. Ісі түскен адамына ол «сырасын» ала жүгіреді деп жолдастардың әңгімелегенін талай естіген. Міне сол сыра Төлетайға да айтылып қалды.

—Рахмет, мен сырқат адаммын, ішпейтін едім,— деді Төлетай жүре беріп.

—Іше кетіңіз, неңіз кетеді? Сырқат едім дегендердің сылықтып жіберетінін талай көргенмін. Талай жерден талайлармен таңдай жібіткен шығарсың,— деп Сөлпекбаев жанамалай берді, Төлетай оған «бармаймын» дедім ғой деп қайталап айтты. Бірақ Сөлпекбаев тағы сөйлеп кетті.

—Мұныңыз жұрттың бәрі айтатын сыпайыгершілік қой, жүріңіз. Шын мәнісінде таңдайыңыз құрғап-ақ тұрған болар, таңдай жібіте кетіңіз.

Бұл сөз Төлетайдың шыдамын тауысып кетті білем: «Таңдай жібітетін мен әзір нәріге қойған жоқпын» деді ол Сөлпекбаевқа.

— Жоқ, нәріккенді қайтесің, бәріміз де тамақ ішпей жүргеніміз жоқ қой, әншейін жарты литр сыра ішең... залал болмас дегенім ғой...— деді шімірікпестен Сөлпекбаев, сыпайылап тұрған «ыздан» «ыңға» көшіп. Әуелгіде Төлетай мұның сөзін көңіліне шам алып тұрды да, артынан оған:

— Сөлпекбаев жолдас,— деді ол,— қазан түбінде қатқан шеміршек қалды деген адам екенсіз өзіңіз, не деген бақай есеп адам едіңіз?!

Бір саптыаяқ сыраны көп дүние көріп тұрған Сөлпекбаев не дерін білмеді. Дегенмен саса қойған жоқ, ұялмады да, Төлетай кезекті троллейбусты күтіп тұрып, мінді де зырғытып кете барды....

Арада бірнеше минут өткен соң Сөлпекбаев бір әдебиет бірлестігіне тап бола кетті. Онда жиналыс өткелі жатыр екен. Күн тәртібіндегі мәселе жас ақын Өрентайдың «Үлкен жолда» деген дастанын талқылау болатын.

Сөлпекбаев кабинетке тыжырына кірді.

— Дастан кімдікі? — деп сұрады ол шетте отырған біреуден.

— Өрентай деген жігіттікі,

— Қай жердікі екен?

— Таясудікі.

— Ол қай жер?

Бұл жерге келгенде жаңағы шеттегі кісі әлдеқандай оймен мынаны алакөзімен бір атты да, аузына түскенін айта салды.

— Тарпаңтау...

Сөлпекбаев блокнотына оны-мұнысын түртіп алып отырғанда, айтылған пікірлерді тыңдай алмай қалды. Автор дастанын қалай жазғанын айтып өткен болатын. Өрентайға бірнеше сұрау берілді. «Кім сөйлейді?» деп басқарушының сұрауы мұң екен, «мен» деді Сөлпекбаев өзі шақырылмай келіп, рұқсатсыз кірсе де. Мұның өрескел мінезін оғаш көріп, бұл не айтар екен деген пішінмен басқаларының екі көзі Сөлпекбаевқа тігілді.

— Мен Өрентайды білемін, ол Таясуда туған. Таясу деген Тарпаңтауда. Оның жазатыны тек Таясу туралы. Таясуда туып соны жазғандықтан, оның шығармасы жаман. Сондықтан...

«Сондықтанның» аяғын көпшілік айтқызады. Сөлпекбаев шеттегі орыңдыққа отыра кетті.

Басқарушы өзінің қорытынды сөзінде Өрентай дастанының жақсы жағын, кемшілігін, ондағы адам образдарын сыйпаттай келіп, Сөлпекбаевқа бұрылды.

— Сөлпекбаев жолдас! Сіз Тарпаңтауда болдыңыз ба?

— Болған жоқпын.

— Онда Таясу деген жер бар ма?

— Мен қайдан білейін!

— Өрентай Тарпаңтауда атымен болмаған адам, оның үстіне мәселе творчествосында ғой... Сөзге жауап бере сөйлеу керек.

— Мен жауап беріп қайтем. Жауап беретіндер бере берсін, — деді де Сөлпекбаев орнынан атып тұрып, шығып жүре берді.

«Сыбағасын» алған Сөлпекбаевқа біреу ере шықты. Сөлпекбаевтың жаңағы сөзі өзіне қатты ұнағанын айтып, ол бұған жапсарласып қалмады.

— Қай жердікісің? — деп сұрады одан Сөлпекбаев.

— Жайық жағасыныкімін.

— Мен Шаған бойыныкімін. Ой, екеуміз туыс екенбіз ғой. Жалғыздық көріп жүр едім, мият таптым, — деді біріншісі.

— Маған да... Жалқұйрығым, бауырым, — деп екіншісі біріншісін құшақтай түсті, тіпті көрісіп те алды, шұрқырасып жатыр.

Әйтеуір талай жылдың ішінде Сөлпекбаев мінездес бір адам табылды-ау әрең дегенде. Екеуі шұрқыраса кетті. Екеуі екі түкпірден болса да туысқан болысты. Анау Сөлпекбаевқа темекі тартқызды.

— Қайда істейсің? — деді Сөлпекбаев.

— Журналда.

— Пәлі, пәлі, міне қызық. Маған кітаптарға рецензия жазғызып тұрарсың.

— Әлбетте, туысқанбыз ғой. Менің фамилиям Қуғалиев. Ал байланыс жасап тұр.

Капиталистік сарқыншағы басынан арылмаған туысқандарға бір ыңғайы келмей діңкелеп жүргенінде «Кең жайлау» деген повесть жарыққа шыға келді.

— «Кең жайлауға» сын жазып бере қойыңыз, — деді телефонмен Қуғалиев Сөлпекбаевқа.

— Апырай, қалай болар екен?

—Авторы қай жердікі екен дегенім ғой.

—Біздің елдікі, бірақ туысқаншылығы жоқ, мені де бауырына тартпайды, руды жоққа шығарғысы келеді. Маған көшеде кездескенде жүріңіз деп ізет білдірмейді. Тіпті ізетіңіз не? Әуелі жылы шырай да бермейді. Сондықтан оны соғу керек. Осыны соғу арқылы жерлестігі бар деген сөзден де құтылып қаламыз. Таңертең әкеліп беріңіз. Көрсін кім екенімізді. Ә, бәлем...

Сөлпекбаев ұзақ түнге отырды. Ойы құрғырға да ештеме түсе қоймады. Оншақты шөлмек сыра ішілді. Қазбектің бірнеше қорабы босады. Содан кейін ғана ойына түскенін жаза бастады. Мақсаты — жамандау. «Тақырыбы жаман, — деп жазды ол жол басынан. — Кең жайлау» дейді. Тар жайлау болмай ма екен? Біздің жайлауларымыздың көбі тауда ғой. Мұның өзі дұрыс емес. Тар жайлауды да көрсету керек қой. Кең жайлауда көп қозы өсті дейді, неге аз қозы өспейді, деп бір тұжырман болды ойын. Бұл — құнсыз кітап. Өйткені, құнсыз болғандықтан құнсыз. Баспау керек еді, мұны басу арқылы баспа үлкен қате жіберген. Өйткені, басуға тұрмайтын кітап. Повесте екпіндіні мақтайды, жалқауды да атай кетсе несі кетеді, жалқау жан емес пе екен» деген жерлері де кездесті. Не керек, осындай сарынды, қысқасын айтқанда авторды жерден алып, жерге салған рецензия таңертеңгі тамаққа дейін әрең жазылып болды. «Құдайға шүкір, құртатын болдық» деп те қойды ішінен Сөлпекбаев.

Осының артынан құртпайтын жағдай да болып қалды. Шайын ішіп болып Сөлпекбаев есіктен енді шыға бергенде газет тасушы келіп қалды. Оның ойына бірдеңе түсе қалып, газеттің бүгінгі номерлерін қарап жіберіп еді, «Кең жайлауға» сын табыла кетті. Көзімен шолып өтіп еді, өзінікіне керісінше жазылған. Мұны оқығанда Сөлпекбаевтың көзі шарасынан шығып кете жаздады.

—Туысым, туысым деп, осы тумай кеткір туысым мені жарға итеріп жіберейін деп жүрмесе игі еді. Әй нысайы жаман осының, — деп жалма-жан газеттегі рецензияны көшіре бастады.

Аздан кейін Сөлпекбаев журнал редакциясында болды. Редакцияға Құғалиев әлі келмеген екен.

—Рецензия қалай шықты? — деді отырғандар.

—Апырау, адам ойы адам ойымен бір жерден шыға береді екен ғой, мына газеттегі рецензия менің рецензиямнан түк айнымайды. Қалай бірдей болып шыққан десеңізші, — деп Сөлпекбаев сөзін соза түсті.

—Я, қалай бірдей болып шыққан... — десті редакциядағылар. Сөлпекбаев ұялған да, қысылған да жоқ. Оның ұялмағанына редакция қызметкерлері ұялып жерге қарасты.

—Мақалаңыз тым ұқсас боп кеткен екен, — десті олар. Ал Сөлпекбаев ешнәрсе сезбегендей бедірейіп отырды да қойды.

1955 жыл.

ШМЕРЕЗ

Адамды білу деген қандай қиын десеңізші. Жұрттың бәрі ішіндегісін сыртқа жайып салып отыратын ақкөңіл ардакүрең адамдар болса, онда бұл дүние, мүмкін, талас-тартыс атаулыдан, беті күлмей тісі күлетін, жүзіңе мүләйімсіп, айнала беріп жұдырық түйетін, күле кіріп күңірене шығатын арамдардан мақрұм қалар еді. Онда дүниеде жақсы, жаман деген екі сөз жасалмай, адам атаулы әлде екі сөзге болса да мылқауланып қалмас па еді. Пәле болғанда сен жақсысың, сен жамансың деп сұқ саусағымен әлде шұқып, әлде нұқып көрсетуі үшін осы екі сөз жасала қалғанын көрмейсіз бе?

Менің ауылдасым Барақ мұның екеуіне де жатпайды. Бұл дүниеге ол жаңағы адамның екі жікке бөлінуін азырқанғандай, үшінші бір сөзді дүниеге келтіру үшін туғандай.

Барақ екеуміз туысқан болмағанымен одан да жақын адамдардай болып кеткен едік. Бір ауылда тудық, бір мектепте оқыдық. Алғашқы ұстазымыз да, жұрттың айтуынша, ақкөкірек, аңқылдақ адам, басқалардан үздік оқыған екеумізді егіз қозыдай етіп ажыратқан емес. Бір партада отырдық. Ойынның қызығын да бірге көрдік. Кейде ойымыз осылып кеткен кездері төртті қақ бөліп алып, үйге мойнымыз да бірдей салбырап қайттық. Кейін күлді көмеш күлшенің күйік жағымен әбден піскен жағын айырып, оның үлкен-кішісін біле аңғара бастағанымызда Барақ маған кейбір артық білетін ұғымдарын да аңғартты. Мысалы «барақ» деген сөз онша келісімді ұғым болмағанымен тарихта Барақ атанған адамдардың бәрінің де «қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалған» кездері халыққа бірі пана болып, бірі дана болғанын айтады. Батыр Барақ, әнші Барақ, датқа Барақ, тағы тағылар. Тіпті мысық екеш барақ мысық та басқа тышқан жегіштерден қасиетті болатын көрінеді. Ол кезде маған Барақ мысық барақ-барақ болып басқа мияулағыштан үлкен көрінгендіктен немесе қорқыныштырақ болғандықтан үрейленген тышқан құлақтары қалқиып, оның аузына шиық-шиық етіп өзі келіп қойып кететіндей болатын. Міне бұдан кейін біздің Барақ, қалай осал болмақ. Институтта оқып, одан кейін әр жерде қызмет істеген Барақ екеуміз араға он жыл салып көрістік. Ол да, мен де осы үлкен қалаға жұмысқа ауысқалы жиі қатысып, шай-пай ішісіп тұрдық. Мен бала күндегі Барақты ұмытып қалғанмын ба, әлде ол жасынан-ақ солай ма, әйтеуір мен сияқты тез сөйлеп, ұшқары қорытыңды шығармайтын көрінеді. Көбіне тыңдайды. Менімен сөз таластырып отырмағандықтан да, көбіне жалғыз сөйлеп, бәйгеден жалғыз келе беремін. Бұл жағы маған ұнайды да. Менімен жарыспағандықтан, сөз салыстырмағандықтан Бараққа ішім жылып-ақ кетеді. Сондықтан да болар соңғы кезде онымен жиі ақылдасатын болдым. Ол мен айтқан сөздің бәрін көңіл қоя тыңдайды, көбіне үндемей қалады. Мен оның үндемеуін мені құптап отыр деп түсінемін. Кеуіп сөйлеп ісінемін. Шіркін жұрттың бәрі мені біздің Барақтай тыңдайтын болса, онда бүкіл екі аяқтыны бір қора қойдай жалғыз шыбықпен айдап, әйт деп өргізіп, шәйт деп қайырып отырмаймын ба?

Барақ біздің үйге көп келе бермейді. Жасымыздан егіз қайыңдай қатар өскен адамның неге солай етерін кім біледі. Біздің де үйіміз өзімізше үй сияқты. Қантайдың сөзімен айтсам, үңгір емес, ін емес. Ол түсіп қалар алдында құрып қойған қақпан жоқ, ілініп қалар тұзақ жоқ. Әйтеуір біздің үйге келгіштей берсе аяғының сарбуыны ұстап қалатындай, арнап шақырмасаң аттап баспайды. Бірде жағдайы бар, бірде жағдайы жоқ біздің үйімізге кез-келген уақытта қойып кетсе қайтер едік. Сондықтан қалалы жерде шақыртпай келмегені де тәуір ме деп қаламын.

Бір күні нақ осы Барақ жөнінде Қантай екеуміздің келісе алмай қызыл кеңірдек бола жаздағанымыз бар. Селт етіп бір кеште екеуміз де өрмектің селкеу қалған жібіндей босай қалған екенбіз. Баяғы аузы жылдам басым:

— Барақтікіне барайық, — деп жып ете түскенім бар емес пе? Үйде отыра алмайтын әдетім жаман. Менің жып еткенім құрысын әйелім сексеуіл шоғына қойған қазандай бұрқ-сарқ қайнап жүріп берді:

— Қойшы соныңды. Өздері аттап баспайды. Қашанда болса тамақ таппай жүргендей, жетім лақтай жағалап біз барамыз. Немене оның үйі үй де, менің үйім үңгір ме екен. Айыр басты жылан болып шаққан жеріміз жоқ еді ғой, соларыңды.

— Япырмай, Қантай-ай, бұрнағы жылы 1 Май мейрамы күні олардың келгені қане?

Қантайдың жауабы езуінен сілекейше ағып дайын тұр екен, сылп ете түсті:

— Шақырса ит те келеді.

Қаным қайнап шыға келдім. Тіпті бұл сөзге қалай шыдайын. Араласатын ағайын-туған алыста. Енді мұның жалғыз Барақты да көп көргені ғой. Осы бар дауысыммен бақырып қатты кете жаздасам ба екен! Ішім қылп ете түсті. Аузымды баса қойдым. Аузың ит аяқтай үлкен болса бір жөн ғой, сөз құрғыр бір езуі болмаса, бір езуінен шығып кетті дер едің, жып-жинақы болып тұрып-ақ кейде аузымның сөзге ие болмай қалатыны бар.

Ойпыр-ай, ит дегені өтіп кетті-ау! Енді қайттім? Табиғатта бы-тыраңқы жаралған, дән-дей шашылып кеткен ақылымды етікші алдыңдағы шегені тартқан магниттей болмаса да, тары терген тауықтың тұмсығындай белгісіз бірдемемен жинап қарасам, қатты кете жаздамағаным абұйыр болған екен. Қантайға майын көп салған тары ботқадай жылбырап қана жұмса келдім.

—Апыр-ай, Қантай-ай, әуілдектің атын атамасаң да болар еді ғой.

Әйелім алара бір қарады. Сіңірімнің бәрі бірдей тартылып қалғандай кішірейіп, шүйке-дей болып бұғып кеттім. Нақ маған әдейі істегендей арамызда тұрған столдың да мені жасырғысы келмей қасақана аласара қалуын қарашы. Биігірек болса астына кіріп кетсем де болар еді.

—Е, сонда көрмедің бе, сызылып келді де, сыздаусып отырып тіс жармай кетті емес пе? Әлде күні бойы жалғыз сөйлегеніңді ұмытып қалдың ба?

Япыр-ай! Шынымен солай ма еді. Әйтеуір келген-кеткенді, артық-кемді осы әйелдер-ақ есептеп, жіпке тізіп отырады. Қалай келіп еді, ол? Кебеже қарын, кең құрсақ емес, сылыңғыр қара Барақ есіктен кіре ернін жыбырлатты. Жырттып ашқандай, сығырайған тышқан көздері тесірейіп өтіп барады. Басындағы бір кездегі дудыраған қою бұйра қара шаш теп-тегіс көк бурыл болыпты. Бет-пішіні өзгеріп ботқа беттеніпті. Екі шықшыты, екі ұрты аузына құрт тығып алғандай томпайып тұр.

Мен шам жағалаған жыңды көбелектей оны айнала жүгірдім. Ол әдетті амандық сұрасты. Содан кейін? Содан кейін нағыз мәдениетті адам екенін көрсеткендей, ол. Аз сөйлеп көп тыңдады. Мен сапырып отырдым. Тіпті қалай ғана үндемей отырайын, Қантайдың қанша шиша әтірі барын, қонақты жиі шақырып тұрмайсың деп ұрсатынын, (әрине, ол шақырасың деп ұрысады) әсіресе менің бірге өскен құрбы-құрдастарымды сыйлай алмайтыным үшін аш қалдыратынын оңды-солды айтып жатырмын. Нақ осы бір сәтте масқара болдық емес пе? Ас үйден осында кірген Қантай ерекше жайдарыланған болып, «баскиіміңіз әдемі екен, көрдік, бірақ былай алып қоялық» деп мен «әй-әй» дегенімше Барақтың басын қос қолдап ұстай алмасы бар ма. Әлі түсе қоймаған, сулап, майлап бастыра тарап тастаған көк бурыл шаш борсықтың жота жүніндей күдірейіп-күдірейіп шыға берді. Енді ғапу өтініп қоя салудың орнына Қантай тағы бүлдірді.

—Қайдан білейін көк елтіріден тігілген бөрік екен деп едім, — деді. Мен әлденеше ғапу өтінгенімде Барақ шіркін жігіт-ақ қой, тырс етпеді. «Ештеме етпейдіден» басқа сөз тісінен шықпады, сыздаусып отыра берді. «Ұрының қатыны өзіне лайықты» дегендей сараң дихан қырманының кеусенге беру үшін қаптаған еншісіндей оның әйелі Қатира тырсыып, безерген күйі қалды. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай «ештеме етпейді» деді ол да. Ал Барақтан бар байқағаным тәмпиіп, зорға жаратылған мұрынын екі-үш рет тартып-тартып қойды. Осының бәрін де Қантай екеуіміз әп-сәтте-ақ ұмытып, ұшып-қонып қонақ күтумен айналысып кеттік. Ерлі-зайыпты екеудің ең көп айтқан сөзі «рахмет» болды. Біз әрбір қимылымызға екі-үштен рахмет алып, қатты кенеліп қалдық. Содан кейінгі бізге келгені бұрнағы жылғы 1 Май мейрамы. Алғашқыда Қантайдың оның басын ұстай алғанына ашуланып үндемеді ме десек, жоқ соңғы келгенінде де шала піскен бүйректтей сол тысырайған қалыптарымен атанды.

Міне, содан бері Барақ пен Қатираның аты аталса-ақ әйелім су тиген қара құрттай жиырылатын болды. Сондықтан бірге оқыған жолдасты қия алмай әйелімнен жасырынып, Барақтың кеңсесіне барып тұратын болдым. Көбіне ақылдасу үшін барамын. Жасымнан бірге өскен, жамандыққа қимаса осы Барақ қимас деп ойлаймын. Сондықтан сыр сақтағыш Бараққа ішімдегіміңнің көбін-ақ көжедей күбітіп, айрандай ақтарып тастаймын.

Бір сәтті күні тағы да Бараққа бардым. Ол көп үндемейтін мінезімен қарсы алды. Несі бар, сүйекке біткен қу мінез сүйекпенен кетеді демей ме!

—Отыр, — деп ым қақты ол, — ініңді орналастырдың ба?

—Ертең барады. Тұрмыс комбинатына. Сағат он бірде.

—Тағы да өмірде не болып жатыр?

—Әйелдерге кримплен көйлек-пальтосы мода болды, әлгі Қантай соны тауып бер деп пәле салды. Ақыры соның біреуін универмагтың Батылбаева деген сатушысынан ертең түске таман алатын болдым. Мені...

Ол әдеқалай өз ісімен шұғылданып кеткендей бұл дүниеде менің бар екенімді біржола ұмытты. Барақ үндемей отыра берген соң мен шығуға ыңғайлана бердім. Ол маған қарамады. Мүмкін қарамаған болды. Тек шыға беріп Барақтың баттиған ботқа бетіне көзім түсіп еді, оның тәмпиген танауы қусырылып, қалам ұстаған оң қолының сұқ сауағын аузына салып отырғанын байқадым. Шіркін деп ойладым мен, ой адамы дегенінді қойсаңшы, соның арасында дүниені толғап, тереңге шомып кетті емес пе?! Әлі күнге көшеден әйеліне сәнді көйлек іздеп жүрген жұрттың бәрі мен сияқты қатыннан қаймығатын сорлы деймісің, қасқайып отырысын көрмеймісің, анау бір кездегі ауылдағы қолы іс білетін бар шалдың ұстарасын тегіс жиып, бірінен кейін бірін салғанда бәрі етпей қалатын қайратты, қара бұйра шаш бекер көкбурыл тартты деймісің. Тұмандай қалың ойдың бастан артылып жатқан асқақ ақылдың тегеурініне шаш түгіл тас та шыдай алмас. Ал бірақ Қатира ше? Күйкентайдай кішкентай Қатира-ақ Барақтан ығыспай, жаныңда жатып-тұрып жүрген жоқ па?

Барақтан шыққан күннің ертеңіне армиядан жаңа қайтқан інімді ертіп орналастыруға тұрмыс комбинатына бара жаттым. Ініме бар ақылымды айттым. Әрине комбинат директоры мені сыйлағандықтан алмақ болып отырғанын, енді ішімдік деген осы заманның сәдірмегінен алыстау болса, жап-жақсы шофер болып, қызмет істеп кететінін, шофер болған соң қасына қыз отырғызбауын, баранка ұстап отырып әңгімелесуге болмайтынын, шофер дегеннің қолды-аяқтай жүгіріп тұруы керектігін, бастығы арақ ішкенде мұның сілекейін жұтып отыруы тиістігін, қысқасы бәрі-бәрін түсіндірдім. Інім де ертеңнен бастап отыратын машинасының түсі қандай болатынын ойлап әйтеуір сары болмаса екен деп безек қағып келеді. Комбинатқа кіре берісте алдымыздан Барақ сап ете түсті. Мен тұра қалып. Қатирадан бастап, үйіндегі қатқан нанның қабығының амандығына дейін бір шұбыртпақ едім. Жоқ, оған мүмкіндік болмады. Ол қысқа қайырды. Кім біледі, бастығынан сұрап алған азғантай уақыты бітіп қалған шығар.

—Амансың ба?

—Рахмет!

—Қатира аман ба?..

—Рахмет!— Соңғы рахметті ол жүріп бара жатып айтты. Сондықтан менің келесі сөзім керек болмады. Бетіме тура қарамай, тұқырайған қалпымен кетті. Әлде кеше жексенбіде бір жаққа барып, суық тигізіп алып, бет-аузын ұшық қаптап кеткен болар... Сонымен тұрмыс комбинатының кадрлар бөліміне кіре бердім. Менің жанымдағы ініме көзі түскен сары божыр әйел аمانдықты шала тыңдап, зарлап жүріп берді:

—Комбинат резина емес. Ол созылмайды. Орын жоқ.

Нақ осы бір шақта телефон безілдеп кеп бермесі барма.

—Иә, Сәке, өзіңіз айтқан адамды алып жібердім. Шоферді...

—Қалай аласыз, ол қазір інісін ертіп кіріп бара жатқанын көрдім ғой,— деген сөздер трубкадан құрқылтайдың ұясындай кішкентай бөлмеге тегіс естіліп тұрды.

—Япырым-ау, Сәкен Дүйсенович, сіз жіберген адамды алып едім ғой. Ағасы өзі ертіп келді ғой... Енді түк жоқ...

Телефон трубкасынан тағы біраз сөздер естіліп жатты. Інім алынбайтын болған соң салым суға кеткендей шығып жүре бердім. Енесіне аузын ашқан сары ауыз балапандай байқұсқа енді қай жерден тұрақ іздесем екен? Оны ертіп қызмет орныма отыра бергенім сол еді, өз телефоным безек қақты. Жаңа да телефон шарылдағанша ештеме жоқ еді ғой. Жүрегім шайлығып қалған басым қолым трубкаға жетті.

—Сенбісің? Кримплен пальтоң жоқ. Оны бүктеп Қатираға салып берді. Қатираға бер дейтінің бар мені несіне әуре қылдың?! Енді анау ішмерезіңе ертең комбинатқа бас инженер болатыныңды айт, барып отырып алсын...

Әйелімнің даусы тарғылданып жаман естілді. Шамасы Қатирамен ұстасып қалмасына кім кепіл. Мен өзім де қай бір жетісіп отыр едім. Інімнің алдында әтуерімнен айрылдым. Әлде «бір елі аузыңа екі елі қақпақ қой» деген дұрыс шығар. Ініме шоферлік те, әйеліме кримплен көйлек-пальто да бұйырмады. Үйге барған соң Қантайдан алар сыбаға тағы тұр, не істесем екен? «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» деп ұлы Абай-дың айтқаны осындайлар болар ма!? Енді өзіме тиер күлшеден айрылып қалмаймын деп шұға комбинатына қарай тұра жүгірдім...

1971 жыл.

ЕСКІРГЕН ЕРМЕКТЕР

Жаңа жылды қалаға жақын колхозда қарсы алмақ болдық. «Ет дегенде бет бар ма!» дегендей дастарқан басына бәрінен бұрын Төлеутай екеуміз келіппіз. Ол болса әлі бас қусыра қоймаған, қу тізесін құшақтап жүрген жігіт, сондықтан да оның үйі болса да, кейде күйі болмай жүреді. Әредікте оның осылай жүре беретініне күйіп-пісіп, кейіп-кейіп алатыным да бар-ды. Қызмет аяқталып, сағат алтыны соға бергенде ол кеңсе есігінен қылық ете түсті.

—Е, жол болсын!

—Бірге болсын, кеттік колхозға.

—Қой, бір қонақ болар жерге қона түстеніп, күні бұрын барып қылықтып отырғанымыз келіспес.

—Апыр-ау, жаңа жылға алты-ақ сағат қалды ғой.

—Алты сағат бұрын барып араным ашылғандай отырғанымызды үй иесі не демек?

—Өз басыңды ғана ойлайсың-ау, жазған. Менің қарным ашып, кәдірім қашып, ішімде біреу ит жүгіртіп, түлкі алып жүрсе...

—Е, өз обалың өзіңе.

—Қалай өз обалым өзіме, алдыма қойған қазы-қартаны қалдырып кеткен жерім бар ма еді. «Жақсы тамақ қалғанша жаман қарын жарылсын!»

Менің ашуым ойнап басыма шыға келді білем. Содан соң оның қалай кінәлі болатынын бетіне айтып-айтып салдым.

—Екеу болмай тұрған өз обалың өзіңе. Қызметтен шықсаң қыдырып бой жазбайсың, үйіңнен аттап шықсаң, қадамыңды хаттап шығасың. Үйіңнен ұзап шыға алмаған соң, саған қай қызғалдақ қол артып, қай қайнаңкөз көз салсын.

Ол кінәсін мойындағандай, үндей қоймады. Бар айтары «Жаңа жылда, жаңа жылда...» дей береді. Осыған келгенде мен де оны аяңқырап кеттім.

Жалма-жан қос етекті түріп алып, қос көзел автостанцияға келдік. Осы сағатта автостанциядан алты жүз жеңіл машина жүреді екен, біз соның өзінде алпыс алтыншы болып тіркелдік.

Кеш алдындағы қарбаласта біз де бір машинаға жармастық-ау, әйтеуір. «Қарны ашқан қараша үйге шабар» деп, колхозға Төлеутайдың шашпауын көтеріп, шоқтығын арттырып мен де жеттім.

Келгеніміз ферма меңгерушісі Малдыбайдың үйі. Ал — қонақ дегенде қойы байлаулы тұратын қазақ Молдекең де күтініп отыр екен. Дастархан толы түрлі тағам, Төлеутайдың жұтқынысына қарағанда исі танауын жарып бара жатса керек. Байқаймын, стол үстінде әдеттегідей қонақты көпіртер көкмойын да, қыздырар қызылмойын да көріне қоймайды. Оның есесіне шербеттің суы, майлы астың буы байқалады. Сағат түнгі оңды сокқанда бағанадан бері сілекейімізді жұтып, ішпей-жемей күтіп отырған құрдасымыз Болатбек есіктен көрінді-ау, әйтеуір.

Күте-күте көзіміз көгерген батырлар оны ортаға ала бастадық. Ол кешіккен сырын, жырын айтып еді, бәріміз де сол кезде сонымен бірге болмағанымыз-ай дестік.

Ең алдымен Болатбек өзінің жылдық тапсырмасын кеше ғана зорға орындап қатты қиналған екен. Осы жағдайын баяндай отырып, ол Малдыбайға жармаса кетті:

— Біраз кешіксем де жаңа жылдың жоспарын орындап, жойқын күшпен қарсы алдым, орындай алмай қалсам не болар еді, орындаған ерді айтсаңшы. Япыр-ау, сен кімге күле қалдың? Дәнін жинасаң да егініңнің сабағын қалдырып отырмаушы ма едің? Шынында Болатбек мүлт кетті.

— Екі жыл артта қалыпсың, жолдас, — деді Малдыбай. — Біз жаңа жылды жыл сайын 1 октябрьде қарсы алатын болғанбыз. Жаңа жылға осынша кешігіп келіп отырып мынаның кебуін қарашы.

Болатбек бұл жағдайға әлі түсіне алмай отыр.

— Қалай бірінші октябрьде? — деп сұрайды ол.

— Екі жылдан бері мал шаруашылық жылы октябрьде 1 аяқталады. Қолхоздар өз жұмысын жылдың осы бір шағында қорытады, сен әлі жұмыста ғана емес, жалпы хабарың да нашар болып шықты, — деп жай-мәнісін түсіндіріп жатыр, әмсе барлық жағын біліп, түйіп жүретін жаяу шежіредей Төлеутай. Ал Болатбек болса өзінің бұл үйге келуге кешігуін былай дәлелдеді.

Қызметтен шығысымен өкпесін қолына ала жүгіріп сән ательесіне келеді. Жаңа жылды жаңа костюм киіп қарсы алғысы келген екен. Осы кезде оның сөзін жаңа ыза болыңқырап қалған Малдыбай бөліп жіберді:

— Ей, тапсырмаңды кеше ғана орындап отырып, сенің жаңа костюм киген неңді алған!

— Кеше бітірсе де, бітіріпті ғой, — деп Төлеутай екеуіміз принципті қоя салып, ымырашылдана қалдық.

Болатбек әңгімесін сапырып жатыр.

— Содан ательеге келсем кезекке көз жеткісіз. Әр-қайсымыздың киімімізді әрбір шеберге тапсырған екен. Мен көз көрім жерде тұр едім, қолымнан бір қыз жетектеп ала жөнелді. Қыз жетегінде кеткеннің арманы бар ма және оның жамандыққа ұрындырғанын көрген жоқ едім, тартынбай, мұрнын тескен тайлақтай жетегіне ере жөнелдім. Көзің жамандық көрмегір, сол қыз, міне костюмнің қалған жерін тігіп, кигізе салды. Сол қыз...

— Шіркін-ай, Төлеутайды да сүйрей кететін бір шүйкебас болмайды екен, — деймін мен. Ал Малдыбайдың ойы басқада екен, ол әлі де Болатбекті қажай түскісі келеді.

— Ол да сен сияқты, тапсырмасын уақытымен орындай алмаған біреу шығар, ателье де сондай. Жалпы өнеркәсіптің... Малдыбай Болатбекті ызаландыру үшін «өнеркәсіптің бәрі» деп отыр. Ал Болатбек оған шынын айтып жатыр. «Тұтыну көп, халық тілегі өскен» дей береді. Ал оған Малдыбай одан сайын араның тұмсығындай тілін қадай түседі:

— Сендер жұмысты шабан істесеңдер, жұрт кінәлі ме?

Аздан кейін асыға күткен Жаңа жыл сағаты соғылып, үй ішінде қысысқан қолдар, «Жаңа жыл құтты болсын!» деген балалардың шіңгірлек дауыстары естілді. Тамаққа тойыңқырап қалған соң Төлеутайдың алғашқы ренжн шыққан даусы да қоңырқай тартып арғы жағына ел қонып қалғанын байқатады. Болатбек бір нәрсені жоқтағандай:

— Апыр-ай, ақаңның келмегені-ай! — деді.

— Жоқтап отырғаныңды жұтынғаныңнан танып тұрмын, ақмағамбет қой, ә?

— Ермек етейік, әкеліңдер ақаңды, — дейді Болатбек,

— Қой, қой, — дейді Малдыбай, — онан көрген қорлы-ғымды айтпа, одан сегіз сөгіс, елу ескерту алғанмын. Енді оған қарай құдай аузымды қисайтпай-ақ қойсын. Ақаңды қойғалы аға атанып қалдым. Әйтпесе, осындай мейрамдарда жолдасым бала, төсегім дала болушы еді. Қысырдың қымызын ішсек те осы колхоздан бәрі табылады. Ақмағамбетіңді атай көрме.

— Ол ескірген ермек қой, — дейді Төлеутай...

Ескірген ермек жайына қалды. Дастархан басында әрқайсымыз ұстатпай кеткен Ғайниымызды, жете алмаған Жібегімізді әнге қосып, өз өнерімізді көрсетіп жатырмыз.

Біреу бар даусымен барылдап, біреу шіңгірлел, аянысып қалмадық. Аздан кейін үйдің ауасы тарылып, буымыз бұрқырап сыртқа шықтық. Жаңа жылдың жұлдызы жыпырлап, аязы бет қариды. Онысын ешқайсымыз елең қыла қоймадық білем. Қаладағы мұз айдынына барайық десті жігіттер. Колхоздың газигіне мініп бәріміз осында келдік. Мұз айдынына жақындап келгенімізде көптің арасынан баласын қолынан жетелеп шыққан әйел оған қатал сөйледі:

—Саған мен бір сағат сырғанауға ғана рұқсат етіп едім ғой,— дейді.

—Мама, мен бір-ақ сағат сырғанадым,— дейді баласы аузын томпайтып.

—Енді неге үш сағат бойы жоғалып кеттің?

—Екі сағат кезек күтіп тұрдым.

Сырғанақтың ескірген ермек еместігін бәріміз де білеміз. Бірақ сөйте тұра мұны неге кеңейтіп, көпшілік пайдаланатын жағдайға келтірмейді екен дейміз. Ақыры бірер сағат тұрып, мұз айдынының кезегіне жете алмай, театрға тартып кеттік.

Түн ортасы ауып барады. Театр есігіне келгенімізде біреу кіріп, біреу шығып жүр.

Үлкен залда оркестр ойнап, күй жүйе-жүйемізге түсіп барады. Жөбішендіге еліге, елти қоймайтын Төлеутай да аяғын ұрып, секең-секең етіп қояды. Мұны көргендер әлде «ескірген ермектен» бұл да сау емес шығар дер еді, шынын айту керек, бұрын «сорласам мен-ақ сорлайын!» деп тартып жіберетіні болушы еді, бұл жолы обалын көтере алмадық.

Жастардың ың-жыңына, би-билесіп, ән салғанына қарап тұрып талай уақытымызды өткізіп алыпсыз. Нақ осы кезде залда концерт басталып кетіп еді, бәріміз құлақ ұрып тыңдаса қалдық. Төменін мецомен, жоғарысын колоратурамен алатын бір артиска «Бұлбұл» әнін шырқап кеп салды дерсің. Бәріміздің де қабағымыз ашылып, қатты риза болысып қалдық. Енді бір артист шығып еді, конференсье «Ақайша» әнін айтады деді. Осы әннің атын естігенде Төлеутай ренішін ішіне бүгіп қала алмады:

—Жыл жаңарса да, ән жаңармайды екен,— дейді

ол.

—«Ақайшаны» алты жылдан бері естіп келе жатырмыз,— деді Болатбек — Мұның өзі неғылған ескірмейтін репертуар.

—Мұны да ескірген ермектің қатарына қосса, онша теріс бола қоймас еді. Бұл ескірмейтін репертуарды ерінгеннің ермегі ғана еткен жөн ғой,— деді Малдыбай. Бәріміз де қоштағандай басымызды изестік. Нақ осы сағатта таң құлан иектене бастады. Барар жеріміз толып жатыр еді, амал не, бір түн уақыт жетпей қалды. Талай достардың да, талай әсем бұрыштардың да көңілін аулай алмадық. Оны әрине, жаңа жылға қалдырдық. Ия, ұмытып барады екенбіз. Төлеутайдың тойы да кейінге қалып барады. Амал не! Әйтеуір енді сол біржола Төлеутай есінен шығып кетпегей еді...

1955 жыл.

ҮНДЕМЕГЕН АДАМ

Қарақоңызға баратын автобус Алматы автостанциясынан түс әлетінде шықты. Алысқа, яғни автомашина баратын соңғы нүкте адамдары тегіс орындарына отырды. Жолаушылардың ырың-жырыңы біте ме, гу-гулесіп, дуылдасып келеді... Олардың жастары да әртүрлі, киімдері де ала-құла. Жаздың алғашқы айы басталып күн елжіреп, дүниені балбыратып тұрса да, қорбиып әлі қыстық киіммен пысынап отырғандар көзге оғаш көрінеді. Ал жақын жерге баратын болғандықтан түрегеп тұрған екі-үш адам жейдешен, жалаңбас. Пысынап, моншақтап терлеп отырғандар «ой әумесер» қызыл іңірден желең жүргені несі екен деп күлісіп отыр. Өздері қайта-қайта терлерін сүртеді. Жығылып жатып сүрінгенге күледі. Ал түрегеп тұрғандар да оларды жетістіріп тұрған жоқ. «Осындай ыстықта шапан арқалап қайтеді, надандық-ай» деп олардың киім киісінен надандық іздейді.

Машина үлкен жолға шығып, жолаушылар біраз ты-ныштанған кезде автобустың нақ ортасынан шаң-шұң дауыс шықты.

—Менің себеттерімді сен басқанша мен сені басып, мыжғылап өлтірермін,— дейді бажылдаған әйел дауысы.

—Ғапу етіңіз,— дейді бір еркек,— мен кешірім сұраймын, сізден. Бүлінген ештеме жоқ қой. Жұрт сіздің себеттеріңізден аяғын қоятын жер таба алмай тұр. Бұдан да жүк таксиіне отырмадыңыз ба!— Алдыңғы дауыс жаңағыдан да қаттырақ шықты. Бажылдап, бақырып кетті:

—Кешірмеймін. Бүлінген ештеме жоқ деп. Қарашы мұны, енді бүлдіруі қалыпты...— Әйел артқы сөздерін былапыттап барады. Автобустағы бірі қалғып, біреулері әңгімелесіп, енді бірі кітап оқып, әйтеуір уақытты немен өткізерін білмей іші пысқандар мойнын созып, тегіс бір-бір тұрып отырды. Ондағысы соңғы дауыстың кімдікі екенін білу. Белгілі болды. Ортада тік тұрған, мұрнының үстін, көз алдын сепкіл басқан, аузы базданған сары жалақ әйел. Басына тартқан бір жапырақ орамалдан шашы жылпылдап шығып кеткен. Жаңа ол бір чемодан, он шақты себетпен кіріп еді. Онда да нақ осылай ұрсысып-таласып, зорлықпен мінген. Енді міне, қайта шатақ шығарды. Жұрттың оған қатты көңіл аударып, бәрінің жаман көзбен қарауынан ба, әлде өзі-ақ бажалақ адам ба, жаңағыдан да даусын тарғылдандырып қаттырақ шығарды. Бұзылған радио сөзіндей жарықшақтандырып бақырады.

—Сен тәрбиесіз маған орын бермейсің.— Нақ осы кезде репродуктордан жүргізушінің дауысы естілді.

—Сіз жақын жерге барасыз, енді тәртіпсіздік істесеңіз автобустан түсіріп тастаймын. Сарыжалақ сәл үндемей тұрды. Аздан кейін танауының астынан күңкілдей бастады:

—Мені түсіріп тастап көрсінші. Көрсетейін оған. Немене мен оп-оңай адам ба екем? Мен де мынау сияқты Совет Одағының азаматымын... Ал сенің себетке аяғың тиіп тұрып, маған орын бермеуін оңбағандық. Тәртіпсіз, надан...

Сарыжалақ жүргізушіге естіртпей, отырған кісіге ұрыса берді. Ал ол орта жастағы ер адам түк есітіп, түк сезбегендей тіл қатпады. Оның үндемей қойуын сары-жалақ өзінше ұқты:

—Мені үндемей жеңбек қой. Оңбаған. Еркек басымен маған орын бермей. Сен сықылды еркек менде де бар,— деп алып ол сәл үндемей ойлана қалып,— болатын, - деп сөзін жалғады.

—Мен оны борышыма берген жоқпын. Сен сияқты іннен шықпаған тышқандарды қорғаймын деп өлді. Менің күйеуім сен сияқты әйелге орын бермейтін надан емес, батыр болатын.— Ол тағы да ойланып алды.— Совет Одағының Батыры болатын.

—Әйел осы сөздерді айтқан кезде автобус іші қайта сыбыр-күбір әңгіме болып кетті. Бір-екі әйелдің аяушылық білдірген дауысы естілді. Артта отырған бір толықшалау әйел «бәріміздің күйеуіміз де қой бағып кеткен жоқ» деп сарыжалақтың міндетсінгенін жақтырмай қалды. Жұрт оның аузына жапырлай қарай қалып еді, ол одан артыққа бармады.

Жаңағы еркек үн-түнсіз орнынан үш ұмтылып зорға түрегеліп алдыңғы орындықтың арқалығынан ұстап тұрды. Қату қабағы әлденені ауырсынғандай. Бірақ ешкімге тіл қатпады. Орынды босатқанымен сарыжалаққа да отыр демеді. Автобустың алдына, алысқа қарап қалыпты. Артқы жақтан бір-екі әйел, шамасы жаңа аяушылық білдіргендер болуы керек, қосарлана: «ал отыр, орын босады» деді сарыжалаққа. Ол рахметсіз жалп етіп отыра қалып, үш себетті бірінің үстіне бірін тізесіне қойды. Үстіңгі себеттің бір кезде былғанып қатып қалған батпағы, шаңы алдыңғы отырған әйелдің жауырынына үйкеліп сурет салып бара жатты. Оны көрген кейбір қушкеш жігіттер «жеңгейдің өзі суретші» екен ғой десіп қалжыңдап қояды. Орын алғанымен сарыжалақ ұрысын қоймады, жол бойы күңкілдеді де отырды. Не деп отырғанын төңірегіндегілер ғана естіді.

Әлгіде ғана Қарақоңыз барамын, одан әрі Фрунзе құлаймын деп отырған жас қара жігіт орнынан қарғып тұрды. Оның түрі бұзылып кетті. Жанында тұрған кісіге қарап сөйледі:

—Отырыңыз ағай, мен түрегеп тұрайын.

Орта жастағы адам жігітке рахмет айтып, иығынан басып орнына қайта отырғызды.

Бала жігіт ыңғайсызданды. Әлденеге абыржығандай түр көрсетті. Орнынан тұрған адам жұқа көк сулығының омырауын қымтап үнсіз тұра берді.

Автобус зулап барады. Терезеден қызғалдақтың кермек иісі келеді. Тау үстінде найзағайдың шақпақ шаққаны білінеді. Күн екіндіге таянғанда машина Қарғалыдан құлдилап Ұзынағаш барып қалды. Жолаушылардан әлдекімнің таңданған даусы естілді:

—Мына чемоданнан қанды сары су ағып жатыр.

Ішіне ет салған ба, не пәле.— Сарыжалақ жаңағы сөзді айтқан әйелді тарпа бас салды.

—Сені сойып, етіңді салғанмын.— Жұрттың ішінде бұған күлгендер де болды.

Жақтырмай біразы қабағын тыржитты.— Байың екеуің-ақ бүгін мені діңкелеттіңдер ғой, түге.— Жолаушылар шынымен-ақ бұл әйелді жаңағы орын босатқан еркектің әйелі шығар деп ойлады. Соңғы әйел оған шамданған жоқ, «мынау неткен бәдік адам» деді де, қоя салды. Қара кісі бұл біреуді біреуге әкеліп таңып, ауыз екі некелестіріп жатқан шақта да үнсіз қалды. Машина Ұзынағаштағы аялдамаға тоқтағанда тағы бір адамның дауысы шықты:

—Мына бір себеттен де еттің қанды сарысуы ағып барады. Ет сасып кетіпті.

Машина тоқтаған кезде ол сөзге ешкім мән бермеді. Жолаушылар тегіс сыртқа беттеді. Үнсіз қара да ауырлау қозғалып, автобустан зорға түсті. Ол түсіп бара жатқанда жаңағы балаң жігіт тағы бәйек болды. Оны қолтығынан демеді. Қалың қара қасын керіп естілер-естілмес етіп рахмет айтты. Жолаушылар көптен су көрмей, енді көлмекке жеткен үйректей бәрі газды судың кезегіне тұрып, шөлдерін қандырды.

Сәлден соң машина жүрмек болып моторға от бере бастағанда жолаушылар кимелесіп қайта кірді. Жаңағы зор қара кісі соңынан кіріп келе жатты, оны жаңағы балаң жігіт машинаға шығарда қолтығынан тағы демеді. Мұның анау кісіге жасаған құрметін сарыжалақтың көзі шалып қалып, енді балаң жігітке тиісті.

—Жаңа менің себеттерімді салыспап едіңдер, енді мына дәу қараға жағымпаздануын түге. Шамасы ол сенің бастығың ғой. Түкірдім сенің бастығыңа,— деп «түпу» дегенде сарыжалақтың түкірігі алдыңғы әйелге шашырап кетті.

Еріккен жұрт алдыңғы әйел тұра салып сарыжалақты беттен осып жіберер деп еді, жоқ ол да үндемей құтылғысы келді білем, дыбыс шығармады. Бұдан кейін сарыжалақ көпшіліктің төбесіне әңгір таяқ ойнатқандай жайы бар еді.

Машина қозғалып селодан шығып та кеткен. Кең асфальт жол жүріске жайлы. Дегенмен жолдың аты — жол. Ол мазасыздық тудырмай қоя ма? Машина бұрылады, селкілдейді, адамды шайқайды. Біреудің ұйқысын, біреудің құсқысын келтіреді. Сондай шайқақтың енді бірінде жаңағы үндемес қара кісі бір жағына қиқаң ете қалып, жалп құлап түсті.

Сарыжалақтың себетінің біріне оның аяғы тиіп, ол төңкеріліп қалды. Себет ішінен қанды сары суы арылмаған ет бөлек-бөлек түсіп жатыр. Себеттің астына салынған еттің бәрі сасып кетіпті. Автобустың іші мұңкіп барады. Біреулерге осы иіс тура базданған сарыжалақ ауыздан шығып жатқандай сезіледі. Біраз адам ақтарылған етті қызықтағанымен, енді бірсыпыра жолаушы жалп құлаған қара кісіге ұмтылды. Оның шалбарының балағы жоғары сыпырылып кеткендіктен сирақтары жалаңаш көрініп қалды. Бірақ сирақ емес. Сирақ сияқты протез — ағаш аяқ. Екі аяғы да жоқ екен. Протездің басына құр ботинканы кигізе салыпты. Оны жалп еткізіп жыққан да, июге бой бермей себетті ақтарған да сол ағаш аяқ екен. Басқалардан мұны бұрын байқаған бір алты-жеті жасар бала:

— Ағаш аяқ,— деп баж ете қалды. Жолаушылар қайта дүрлігіп бәрі орындарынан тұрды.

Кейбір шыдамсыздар, жылдамдаулар жүгіріп оның жанына барамын деп, сарыжалақтың ақтарылып қалған етін жинауға мұрша бермей, мыжып, оны бұрынғыдан жаман бажылдатты. Қара кісі тар автобустың ішінде үйелеп тұра алмай жатыр. Балаң жігіт қатты айқайлап жіберді:

—Аяғының протез екенін сықырлағанынан білмеп пе едіңдер! Мені әкесіз қалдырған сұрапылды қалай ұмытасыздар.— Осыдан кейін машина айдалада асфальт үстіне тоқтап қалды. Бір-екі адам қара кісінің қолтығынан алып басын көтерді. Ашылып қалған сулықтың омырауы астынан Совет Одағының Батырының Алтын Жұлдызы жарқ ете түсті. Орденнің бірнеше колоткасы сұр костюмнің төс қалтасының үстінде тізіліп тұр. Батыр басын көтеріп жығылып қалғанына ұялғандай терлеп кетті. Ол қалтасынан орамалын алып терін сүрте тұрып, бір-ақ ауыз сөз айтты:

—Протезі құрғырдың винті босап кеткені. Батырдың отырмаймын дегеніне жұрт қарамады. Бағанағы балаң жігіттің орнына отырғызды. Етін жинап болса керек, сарыжалақтың даусы қайта шықты:

—Бір ақсақ құлады деп өлеміз бе, неге тұрмыз. Осы бір сәтте бағанағы арт жақтан сөйлеген толықша әйел автобустың алдына таман келді де, даусын басқаларға естірте қатты шығарды:

—Автобусты жүргізуге болмайды. Автобусты тазалау керек. Мына тәртіпсіз адамды шығару керек. Ол сау адам емес— Ол сарыжалақты сұқ саусағымен шұқып көрсетті. Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар дегендей, бұл жолы сарыжалақ үндемеді. Мына әйелдің шошайта көрсеткен қолы оның көзіне тигендей үнсіз екі көзін басып төмен қарай қалды.— Шофер жолдас, бәріне сіз кінәлісіз. Жақын жерге баратын адамды осынша жүгімен алып. Не пәле мына себеттегілер. Жігіттер, шығарыңдар. Орындарынан ерлерден бұрын әйелдер тұрды. Сарыжалақ шынымен өзіне тықыр таялғанын сезді, бір сәт бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалды. Бірақ жолаушылар ішінде бұл жолы оны жақтайтын адам болмады. Олардың бәрінің көз алдына екі аяғы қара санына дейін жоқ адамды орынсыз тілдеп орнын тартып алғаны, екі сағат оны қақитып қойғаны тұрды. Тіпті жаңа ғана балағы жоғары сырғып кетіп, сидиып жатқан сұрықсыз ағаш аяқ әр қайсысының-ақ көзіне елестеді. Егде адамдардың көбінің-ақ түрі бұзылып кетті.

Толықша әйел себет толған еттің бірін автобустан шығарып жерге сылық дегізіп қойып қалды. Енді сәл үндемей отырсам бұлар басыла қояды деп есептеген сарыжалақ бұлай көп ашуы сыртына тебер деп ойламаған екен, далаға шығарылған себетпен бірге мұның да жаны шыққандай ышқынып кетті. Оның ендігі бажалақ-байбаламына ешкім көңіл аударған жоқ. Жолаушылардың бәрі-ақ әрқайсысының қышшыған жерін қасып, соған сүйсініп отырғандай пейіл білдірді. Ет салынған он себет бірінен соң бірі далаға сылық-сылық түсіп жатты. Үйрек жұмыртқасын басып шығарған тауық суға түсіп жүзіп кеткен әр балапанының соңынан қырқылдап жүргені сияқты әрбір себет шыққан сайын ұмтылған сарыжалақ діңкелеп қалды. Ақыры нән қара чемоданын өзі ала қашты. Бірақ ішіндегі жүгі ауыр болғандықтан көрінеу көзге сарыжалақты табалағандай оның тұтқасы жұлынып кетті. Келеке етіп, тілін шығарып көрсеткен адамның аузынша ол бұлта-лаң-бұлта-лаң ете түсті. Не істерін білмей сасқан сарыжалақ аузы ұрыстан, былапыт сөзден босамай чемоданның о бұрыш, бұ бұрышын ұстап жұлқылай берді. Қара чемодан ішіме қанды сары суын ағызып ет салдың, онымен қоймай құлағымды жұлып алдың, енді не қыласаң о қыл, боларым болды дегендей тұрған жерінен тапжылмады.

Алғаш себеттердің далаға шығарылғанына көнбей тұрған сарыжалақтың енді қара чемоданды өзі далаға сүйреуіне кейбір сайқымазақтар күліп те алды. Ал қара кісі құлап қалғаннан бері ыза болып, тырсылдап тұрған жас жігіттің есіне елде айтылатын бір әңгіме түсіп мырс етті. Ол әңгіме былай келуші еді:

Нақ осындай шілде туып, шыбын шыға бастағанда сараң байдың бірі тауға малын айдап көше жөнеліпті. Ондағы ойы — таудың соны, отты жайлауына бұрын же-тіп, қоныстанып алу.

Арам пиғыл жайлаған бай таудың қия-құзды жолымен малын асығыс айдап бара жатқа-ныңда шұбаған жылқыдан бірі сүрініп, таудан құзға қарай құлай жөнеліпті.

Мұны көрген сараң бай:

—Бісмілда, бісмілда, а құдай, а құдай!—депті. Сөйтіп құдайға сыйынып тұрғанда, тағы бір құнан домалай жөнеліпті. Бай жалбарынуды көбейтіп:

—А, құдай, а, құдай!—дей береді. Оның «а құдай-лағаны» тас құлақ құдайына жетпесе керек, үшінші ту бие және құлапты. Шал тағы да жалбарыныпты:

—Е, құдай, сақтайғөр, е, құдай!— Соның арасынша үйірге жаңа салған құры айғыры домалапты. Мұны көріп күйіп кеткен бай:

—О әкең... дөң-дөң, дөң-дөң,— деген екен. Сарыжа-лақтікі де нақ осы сияқты болып шықты. Алдымен шы-ғарылған әрбір себетке таласып еді, ақырында өзі сүйрей жөнелді, Сарыжалақтың жұлқылауына көнбеген чемоданды екі жігіт сыртқа ысырып тастады. Ауыр салмағы-мен түскен чемодан жапсары сөгіліп, күнде қалған ағаш ыдыстай ырсып-ырсып кетті. Ол себеттің қайсысына жүгірерін білмей, біресе отыра қалып, біресе түрегеліп әбден састы. Бір жапырақ, орамалдан шыққан шаш аюдың жалпылдақ жүніндей басы, кезін жауып алды. Оның сығырайған көк көзі құрғаған құдық түбінде қалған екі тамшы судай болар-болмас жалтырайды. Жолаушылар жан-жақтағы терезені тегіс ашып тастады. Автобус іші әп-сәтте-ақ мұңкіген иістен тазарып қалды. Бір-екі жас жігіт көзді ашып-жұмғанша бір-бір бау гүл теріп әкелді. Енді автобустың ішінде қызғалдақтың, қалампырдың иісі аңқып тұрды.

Шофер де қатты састы. Сарыжалақты тастап кетейін десе өзі мінгізген, алайын десе жолаушылардан бата ал-мады. Не істеу керек? Осы бір сәтте арттан бір жеңіл машина тоқтады да, үш дөңгелекті мотоциклді адамдар автобустың алдына келіп көлденең тұра қалды. Автобусқа кіріп келген екі адам жолаушылардың билетін тексерді, қайда баратынын анықтады. Ал даладағы екі-үш адам себеттерді өздерінің машинасына тасып салып жатыр. Жерде алау-далау болып бажылдап сарыжалақ жылаған болады:

—Мен сияқты жесір адамды табасыңдар, басқаға әлдерің келмейді,— деп қояды ол.

Автобустың ішіндегі-лердің бірсыпырасы жерге түсіп, сарыжалақтың барлық қылығын жамыраса айтып жатты.— Мен сияқты жесір-ді...— деп бажылдады сарыжалақ.

—Жоқтап, жылап тұрғаныңыз еріңіз болса, ол да осында келген болар,—деп күліп қойды келгендердің бірі. Әйел енді бүкіл көк жасылға оралған даланы басына көтерді. Оның жарықшақтанған тарғыл дауысы мауыққан мысықтық бақырғанындай тұнық даланың тыныштығын бұзды:

—Менің ерім болса бүйтіп қорламас едіңдер...

—Оның күйеуі Совет Одағының Батыры екен, соғыс-та өліпті,— деді бір әйел келген адамдарға қарап, шамасы бағанағы алғашқы жаны ашыған әйелдердің бірі болса керек.

—Абыржымаңыз,— деді келгендердің бірі күліп,— екеуі де тірі.

Әйел де, басқалар да оның байыбына бармады. Тек ақыры немен тынар екен десіп қана тұрысты. Әйтеуір сарыжалақтың таза адам еместігін білді. Келгендерден екі жігіт құлағы жұлынған шұнақ чемоданды да машинаға көтеріп салды. Жұрт енді әйелдің өзін машинаға отырғызады, сонымен іс бітер деп шамалаған болатын. Олай болмады. Сарыжалақ «мені қайда апармақсың, мен мүсәпірмін, себет те, чемодан да менікі емес, мен батырдың әйелімін» деп жата қалып, жердің шөбін жұлды. Қарап тұрғандардың бәрі енді одан түңіліп кетті.

—Алып көрші, мен батырдың әйелімін.— Тұрғандар-дың кейбірі шынында да осының сөзінің жаны бар шығар дейді. Келгендердің бірі күйіп кетті білем:

—Бұдан жиырма үш жыл бұрын екі аяғын көріп тастап кеткенің қайда? Батыр болатынын білмегенсің ғой, ол кезде,— деп салмасы бар ма. Жолаушы әйелдер сыбырласып кетті. Сарыжалақ қайта айқайлады:

—Ерімді тауып беріңдер!

—Алып кел, көрсін!— деді келгендердің бірі екінші біреуіне қарап. Анау машинадан әлдекімді түсіріп әкелді. Екі жағына пышақ жанығандай, кәтіңкі, сақал-мұрты өсіп кеткен біреуді алып келді.

—Міне, ерің,— деді жаңағы кісі.— Кешегі өзіңнен бөлінген жерден әкелдік.—
Кәтіңкі қараға көзі түскен сарыжалақ сасып, көзін қайда жасырарын білмеді.

—Мұндай сұмырайды ешқашан көрген емеспін.— Ол тағы бақырып жылаған болды.
—Марқаева, одан да бүгін қайдан шықтыңыз, тез соны айтыңыз!—деді жаңа кәтіңкі кісіні әкелдірген адам. Сарыжалақ үнсіз қалды.—Екеуін де апарыңдар, машинаға!
Жолаушылар орындарына отырғанда арттан келгендер автобусқа кірді. Олар алдымен балаң жігіттің аты-жөнін, адресін сұрады:

—Әділ Айтанов, Фрунзе қаласы...— Кезек толықша әйелге келді:

—Клавдия Коршунова, Қордай ауданы...— Осы арада тағы да екі-үш адамның аты, тұрағы жазылды. Соңғы кезек батырға келді. Ол тіпті өзіне кезек келгенде қара суға түсіп терлеп, ұялып кетіп еді:

—Бекет Марқаев, Қарақоңыз селосы. «Коминтерн» колхозының председателі.

Жолаушылар да, арттан келгендер де аң-таң болды. Бірақ бір адам дыбыс шығармады. Сұрап тұрған адам тез бойын жинап, автобустан түсті де:

—Сапарларыңыз оң болсын!—деп шоферге қолын көтерді. Автобус жылжып, ұзап бара жатты.

1967 жыл.

СОҚАН САЛҒАН ОҢАЙ ЖОЛ

Қостанай облысының етікшілеріне, теміршілеріне, сағатшыларына бір құрылған комиссияның мүшелері жай сұрақ беріп жедел жауап алды:

—Ең жақсы адам кім?

—Соны да білмейсіз бе, біздің бастығымыз Соқан емес пе!?

—Ең мырза адам кім?

—Пәлі, бауырым, Соқан ғой.

—Ең дарқан адам кім?

—Не айтып тұрғаның,— деп етікші қолындағы балғасын ала жүгірді.— Біздің Соқаннан басқа кім болушы еді.

Комиссия бұдан әрі сұрақ бере алмады. Өйткені, әркімнің өзінің басының аманы жақсы. Жұмысы отырып істейтін жайбарақат болса да, етікшінің көбінің қаны қызу болады. Балғасы қолында. Үшкір шегесін өкшесіне емес, комиссия мүшесінің бірінің басына жалғыз ұрып қағып жіберсе кімнен таптым демес пе? Одан да жан олжа.

Қостанайдағы халық тұрмыс қажетін өтеу басқармасының бастығы Соқанның осындай бір мырзалығы бар деген Москваға жетіп, СССР Мемлекеттік баға комитеті басқармаға қарайтын Қостанай аудандық тұрмыс комбинатын астан-кестен тексеріп келіп жіберіп еді. Қостанай өңірінде Соқан соққан жалғыз емес екен, оған тартқандар сол жүйеде толып жатқанға ұқсайды. Тұрмыс комбинатының директоры Бекіш те бір көрге жаман кісі болмаса керек. Оның дарқандығы, жақсылығы бір басына жетіп жатыр деген рас екен. Мұндағы үш кісі істейтін бір шеберханада әр адам бүкіл жыл бойына 137 сомның жұмысын істепті.

—Ойбай-ау, бұларың қалай?—деген Бекіш ақылы түстен кейін кіріп, сасып та қалыпты. Бірақ шеберханадағылар саспаған:

—Ойбай-ау, жұрттың аяқкімі тіпті бүгін болып пәле болған жоқ па? Мұжылған өкше, жыртылған жұлық, түскен ұлтан дегенің бұл кезде көзден бұлбұл ұшатын болды ғой. Жұлығы жыртылса жұрт қазір қоқысқа лақтырады да, жаңасын киеді. Олар тышқан тісінің қышуын қандырып жатса керек.

— Батыр-ау, не деп тұрғандарың бұл,— дейді Бекіш қалжың шығар дегендей сенімсіздеу, піскен бастай ыржия қалып. Қарауындағылар өтірікке қысылмады:

— Жыртық ботинкаларды осы кезде тышқан жейтін болған,— бәсеке деп жылмың-жылмың етті.

Тексерейін десе документ, қағаз жоқ, Бекіш қай келген жыртық жұлықтыны аңдып отырсын. Шеберхана жанынан өткендердің үшеу-төртеуінің аяғына қарап еді, етіктері бүтін сияқты. Тышқан ұялап тұрған, жұлығы шығып тұрған етік көре алмады. «Жалмауызға да жан керек». Жоғарыдағылар алдында не демек? Одан да ең оңай жол — бұл үш ақша жегіш шеберді мемлекетке бір тиын табыс бермепті деген көп ауыздың, шөп ауыздың бірі шөпшең ете түссе, «ініне су құйған күзендей қызметтен қуып шыққанмын» деу әлдеқайда жеңіл ғой. Жыл бойы жегендері бойына құт, үш шебер қалтаны толтырып қайқайып шыға берді. Әрқайсысының қалтасында кемінде мың сомнан ақша кеткен соң олар да қинала қойған жоқ. Рахметін жаудырып бала-шағаның игілігін көр деп аман аттаныпты. Тамағың тоқ болсын, пәлекетің жоқ болсын деп Бекіш те қала беріпті.

Ғафу етіңіздер, ол үшеуінің қалтасындағы ақшасын қолымызды түкіріктеп санамағанымызбен комиссия көп есептеп дәл шығарыпты. Көрші шеберхананы тексерудегі жиынтық олардың абұйырын айрандай төгіп, ақшасын, сырын ақтарып тастағандай болды. Көрші шеберханадағы әр шебер 1 455 сомнан табыс түсірген екен. Ал мыналар 137 сом. «Ойпырмай» осы кезде төрт амалды білмейтін адам жоқ, айырмасын шығару әркімнің-ақ қолынан келеді-ау деп Бекіштің берекесі кетіпті. Осының бар сыры Соқанның өз мырзалығына келіп саятын болған соң Бекен де айылын жимапты.

Адам дегеннің сырын біліп бола ма? Оның ішінде Соқан сияқты бастықтардың да өз есебі, өз байламы бар. Сенің оның дұрыс, бұрыс деуге де әншейін адамдардың ауызы бара бермейді. Соқан өзін осынша жұртқа бекер мақтатты ғой дейсіз бе? Бір күні бүкіл Қостанайдағы халық қажетін өтеу мекемелері қызметкерлерінің облыста басы қосылып, кеңесі өтті. Осы кеңесте... Ғафу етіңіздер, кім не сөйлесе еркі, елімізде сөз бостандығы берілген. Ал бастықтардың да әр түрі болады. Бірі заңды әділ ұстап халыққа сонымен ұнағысы келеді. Ал енді біреуі жұртты бет-бетімен жіберуімен жақсы көрінеді. Шама-сы Соқан соңғысын қалап алса керек, кеңесте сөз сөйлеп, ашықтан-ашық бұйрық жариялады:

— Мен етікшілер сендерге, сағатшылар өздеріңе, те-міршілер сіздерге де ерік беремін. Сендер істеген іске квитанция жазып әуре болмаңдар. Келісімді ауызша жасап, ақшаны қолма-қол алып, істі әп-сәтте аяқтап, ақшаны сақал сипағанша жаратыңдар. Қағаз жазу қойылсын. Жойылсын қағазбастылық!

«Ердің атын қатын шығарады, қатынның атын отын шығарады» деген екен бұрынғылар. Сол айтқандай осыдан былай, яғни квитанция жазылмайтын болғаннан кейін Соқанның даңқы етікшілер, сағатшылар, тағы-тағылар арасында эстрада оркестрінің дүмбірлек барабанындай дүңк-дүңк естілді.

Содан кейін мырза жігіт те, ақылды жігіт те, жақсы жігіт те Соқанның жалғыз өзі болып шыға келді.

Жойылсын қағаз деген қатырлақ, бюрократ пәле! Қостанай өңіріндегі бар шеберхана осы ұранды жүзеге асырып, қағаз атаулыдан безіп, квитанцияның атын атаған адаммен ала көз болып алды. Халықтан түскен мол ақша құрдымға сіңген Ырғыз, Торғай өзенінің аяғындай «көрдім-жоқ» болып құрып жатты. Ақша дегеніңнің көлемі осы кезде кішкентай тышқанның құлағындай. Өзі кішкентай ақша жалмауыз тоймайтын, толмайтын тоқсан бөлек бұлың-бұлың қалталарға сүңгіп таптырмай кетті.

Сонымен балапанды күзде санамақ болып жүрген Соқанға қағаз атаулы жазылмайтын болған соң жоспардың құлдырап бара жатқаны оған сыбыстан, дыбыстан жетіп-ақ еді. Бірақ обалы нешік, Соқан бұл жерде де қазан түбінде шеміршек қалды деп ұсақтық жасамай, ірілік көрсетті.

— Балапанды күзде санар болар!

Соқан сияқты уәлі ауызды адамның айтқанын кім екі қылсын, бәрі де қоңыр күзді тосып балапанның қарақанат құс болуын тосып қала берді емес пе?

Күзде келіп «балапанды» басқа ұрып санап жіберсе, жоспар орындалмай қалған, халыққа 68 мың сомның қызметі кем істелінген. Аяқкиім жөндеу жоспары бар болғаны кіндіктің үстінде ғана қалып қойыпты.

Бұл саладан да 76 мың сом кем түсіпті. Сөйтіп, «балапанды күзде санаса» бәрін жаз бойы қарақұс жегені бір-ақ білді. Сонымен Қостанай ауданының тұрмыс комбинаты талқанды тары деп ұсынып, есесін елден алмақ болған, 13 сом 20 тиынның ботинкасын 28 сом 60 тиыннан тіккен. Әйелдер етігі қырық сомнан елу сомға қарғып шыққан. Бірақ қашанғы комиссияны Москвадан шақырарсың, сәт-сәттің арасымен талай қомағай қалталар қампайған...

«Социализм дегеніміз — есеп». Ал есептен ауытқыған-дардың қайда барарын не бір құдай, не құдайдан бір бұлай емес Соқан ғана білсе керек-ті. Жасыратыны жоқ, әзірге Қостанай шеберханасындағылар Соқан салған оңай жолмен кетіп барады. Соқан салған жол атанса жарар еді бұл, әйтеуір. Әй, қайдам!?

1968 жыл.

МЕН ҰҚЫПТЫ АДАММЫН

Сыпа ел көп жүретін үлкен көшеде кездесе кетіп, амандық жоқ, саулық жоқ, әңгімені тура «өй не болып кеткенсің» деп бастағаны бар емес пе? Өзімді ең өтімді, сортты жігіт санайтын маған бұл сөз көкірегіме тағылан инесіндей қадалды.

—Е, не болып кетіпшің?

—Өй сен ауырлап қалдың ғой.

—Ауырлайтын маған ешкім тас артқан жоқ, арта алмайды да,— деп амандық сұрасаң осы бір пәлелікпен сұрап тұр деп теріс жауап беретін Шымбай ағамша теріс бағып кеттім. Теріс бақпай қайтейін, құдай берген жанды құдай алады, сөзі шымбайыма батып барады. Жұрт сорпадай сапырылысып жатқан жерде, ел көзінше «не болып кеткенсің» деп несін алыпшын мен оның. Не болып кетіпшің, сонша! Түнімен арақ ішіп, бет аузым көлкілдеп, азып кеткен жоқпын. Орынсыз сүрініп, бетіме қағаз жапсырып жүрген мен емес. Сонау Берлинде тігіліп, өзіме әдейі арнағандай жабысып қалған қара сұр костюм мынау. Шляпа дегеніңіз шекеден шеруен атып, шікірейіп ол тұр. Қазір жұрт тегіс киіп үлгірмеген Париждің бақа бас ботинкасы балпыып аяғымда жатқаны анау. Өзім де ұқыптылықты ешкімнен үйренбеймін деп жүрген жанмын. Бір түйме үзілгенін біреу көрсе, он күн тамақ іше алмай жүремін. Енді қалай шыдайын.

—Өй ауырлама, мынаны айтамын,— деп ол сұқ саусағымен төсқалтамның үстін түртіп қалып, қолын ауыртып алғандай «еһ-еһ» деді. Саусағын аузына сала қойды. Кетіп бара жатып ол:

—Ауырламай-ақ қой, жәй буылтық-буылтық болып кеткеніңді айтамын,— деп жүгіре жөнелді.

Не болып кеттім екен деген ой мені билеп алды. Осы кезде не көп, бүкіл қабырғасы түгел әйнекті үй көп. Бір шаштараздың жанынан өте беріп жақсылап сәндене көз салдым. Шынында Сыпаның айтатынындай-ақ бар. Пиджактың екі жанқалтасы томпайғандықтан костюм керіліп, екі етегі қиюсызданып, үркек тананың құлағындай делдиіп кетіпті. Төсқалтамның үсті итбасындай ілгері шығып тұр. Шалбарымның қалтасы тұрған жерлердің бәрі де томпақ-томпақ, жаңа ғана құрбақа жұтқан жыланның жемсауындай.

Көңілім жаңа жайланды. Күлсе күле берсін. Менде артық нәрсе жоқ. Тек жаңағы Сыпа қолын нағып ауыртып алды деп төсқалтама қолымды салып жібердім. Білеудей болып Өміртай інім Ленинградтан базарлыққа әкеліп берген «штрауме» қаламы жатыр. Жуандығы жөбішенді жас баланың білегіндегі бұл қаламның өз ерекшелігі бар. Оған орнатқан электр шамы түнде жазғанда қағаз бетін бажырайтып-ақ жібереді. Оның үстіне бұл осы өңірді мекендейтін жамағаттың қолына үрдіс түсетін дүние. Сұранып-тіленіп жүріп, өзімнен жоғары жарғақ құлақтарды жауыр қылып жүріп, автомашинасы болмаса да, есек арбасы бар мекемеге бастық жасаңдар деп қолым зорға жеткен ескі-құсқы зат одағына бастық болғалы бері күндіз-түні бірдей жүремін.

Эу-шайтан түнде қол қоюға тура келсе жарық іздеп, терезе сәулесін қуалап жүрмекпін бе? Сондықтан «керекті тастың ауырлығы жоқ» деп қалтамнан «штраумені» тастамаймын. Тіпті тастайтын нәрсе ме, қараңғыны жарық етер қаламым-ақ қой, бұл. Айтыңызы, артығы бар ма мұнымның. Ендеше бұдан кейін Сыпаңыздың сөзі маған бұйым ба? Пішту, шіркін!

Өзі басшылық етіп көрмеген адам басшылық өнерінің қырын, сырын біле ала ма?

Төсқалтамды томпитып тұратын нәрсенің бірі қызыл сиялы қалам. Онсыз менің күнім бар ма? Басқалардан менің бір айырмам болуы керек емес пе? Сондықтан баттитып тұрып Барақбаев деп қол қоюым үшін қызыл сия керек. Ал әне бір елдің ұлығынан кішігіне дейін барлығы тегіс иемденген шарикті қалам дегеніңіз ыстық болса ағып кетіп, суық болса қатып қалып қатырады. Ендеше, еркін сілтейті шіркін қызыл сия! Басшы адам қатал, әсіресе ақшаға қатал болғаны абзал. Кейде біреудің көңілін қалдырмағың да келеді, ақша беруге де болмайды. Ол кезде қызыл сиямен «берілсін» деп баттитамын. Есепшім Ертай сия сырын қатты біледі. Ол қызыл сияны көреді де, мұздаған теректей қақиып қалады. Ал маған қол қойдырып алған Сөлпекбай салпылдап қайта айналып келгенше мен жер жұтып қойғандай зым-зия боламын. Міне сондықтан да Сыпаның сөзі маған не керек?!

Анда-санда есепшінің де көңілін аулап қоймай болмайды. Дүниедегі пәле осы есепшілер. Бастық есепке шорқақ болса, оның құдайы бергені. Онда есепші есептеп жейді, есебін тауып кесектеп жейді. Әсіресе есептен ана құрсағыңда-ақ құр алақан қалған маған есепші дегенің мәтіби. Демек көк сиямен «берілсін» деп қол қойсам, беру, бермеуді есепші өзі керегіне қарай шешеді.

Кейде менің көк жазуымды көрген соң нелер азуын айға білегендерді әр жерде сарғайып кеткен бір тісі қалған базданған жаман аузына-ақ телміртіп қояды. Көрдіңіз бе, қалтам томписа томписын, тек маған есепшім томпия, томсырая көрмесін.

Күлгін сияның сыры мүлдем бөлек. Ел болған соң көз шатынатпай, сөз шашыратпай тұра ма. Біреу жанымды шымшиды. Біреу қырын қабақпен қарайды. Шоқ түскір әлгі қызыл тіл тағы бар. Барақбаев пәлен күні Бәкірдікіне, сәтті күні Сәкендікіне қонаққа барыпты деседі. Тым болмаса менің үйдегі үйіндіден шыға алмай отырған шүйкебасымның бере алмаған шайын, пісіре алмаған нанын айтады. Өсекті тез естігіш ол бәрін менің құлағыма құяды. Ондай езуіне ие бола алмайтын сөзтүйнектерді көргенде түйіп жібергім-ақ келеді. Амал нешік, ескі-құсқы мекемесінің бастығы есірік екен дегізіп қайтемін. Ондайлардың жазасын күлгін сия берсін. Есепші бұдан кейін сөзбұйдаға салып сүйрей береді. Қане, бұдан соң сіз бұл қалам артық деп айта аласыз ба? Қалтам томпайса томпайсын, бірақ әлгі жер томпайтқырлар да әуре болып жүрсін.

Сіздің мекемедегі ерке менде жоқ деп ойлайсыз ба? Қателесесіз. Менде ерке еркек түгіл еркеотайлар да бар. Қасын керіп, көзін сүзіп келіп тұрса, ондай сәулемнің өзі түгіл көлеңкесінен көп ақшаң садаға емес пе. Сол кезде ақ қағазға жасыл сиямен жалп дегіземін. Міне менің төс қалтамды түртіп көргенде тұратындар осылар. Артық деп айтшы кәне, бұларды! Айтқан ақылыңыз өзіңізге, басыңызға шайнап жағыңыз!

Көше тәртібін тегіс біле алмай жүрген жайым бар. Кей-кейде көлденең соғып, көшені қиғай кесіп өтіп, милиция қызметкерлерінің тілімен айтқанда «өз өміріме қауіп төнгізетін» жаман әдет бойыма сіңіп кеткен. Сондай қызыл итім қыңырт кеткен кезде тұтқиылдан ойда жоқта ысқырық естіліп, өзіңіздің бет-жүзіңізді, аты-жөніңізді растайтын документ сұрайды. Не демексіз? Сондықтан тарбақ мұрыным, жайын аузыымды көрсеткен суретім жапсырылған куәлігім үнемі қалтамда. «Міне» дей қоямын. «Ескі-құсқы зат» дегенді оқығанда қарны ашып қалғанмен «бастығы» дегенді көріп кім болса да тойып, кекірігі азып кетпей ме!? Демек куәлігім қалтамда болуы тиіс. Ал паспорт ше дейсіз бе? Қалай ойлайсыз? Паспортсыз адам бола ма? Паспорты жоқ кісі — Отаны жоқ кісі, Отаны жоқ дегенді баяғыда ұлы Белинский «Пашпортсыз, қаңғыбас» деген жоқ па еді. Ондайдан құдайыңыз сақтасын. Бірақ паспортта қызметіңіз жазылмайды ғой. Ендеше неге паспортыңызды арқалап жүрсіз дейсің бе.

Аяқ астынан осы заманның темір қанат құрына мініп, сонау Қиыр Шығыстан бір-ақ шықсаңыз қалай болады. Онда есек арбаға бастық болғаның не керек. Совет Одағының азаматысың ба, жоқ па демей ме, ендеше бауырым паспортым да сипағанда қалтамда қатып тұрғаны жақсы.

Жаман айтпай жақсы жоқ. Оны білерсіз. Көшеден қиғай өткенде, шала мас шофердің қиып түспесіне кепілдік бере аласыз ба? Жоқ әрине. Сонда бұл кім екен дейді. Паспортымды көреді. Дұрыс. Совет Одағының азаматы. Куәлігімді көреді, есек арба мінетін бастық.

—Оу, жедел жәрдем шақырғалы тұрмыз, осы сұлап, сұлық жатқаныңның өзі «Қызыл креске» мүше ме екен?— деп бір пысықайдың қойып қалмасын кім біледі. Сондықтан жарнамды төлеп «Қызыл крестің» билетін де алып жүремін. Марка жапсыратын едім деп Мақаң жетіп келсе, үйде қалыпты деп қалай ұялмай жауап беремін. Ғапу етіңіз! Марка демекші, апырау, әлгі кәсіподақ билеті қайда? Жыл мойыны жақындап келеді. Кәсіподақтың есеп беру-сайлау жиналысы болмақ. Мен кәсіподаққа мүше болғалы қашан!? Аттай ширек ғасыр. Жиырма бес жыл бойы жапсырылған марка билетті жауыр аттың желқомындай етіп көнтитіп жіберді. Мына бір бүйірімді бұлтитып тұрған сол. Кәсіподақ демалысқа жолдама беремін десе, «міне иманым, міне жаным» дегенге олар сене ме, «міне мүшелік жарнамды төлегенмін» деп көрсетуім керек емес пе? Керек емес деп көріңізші, мұны. Әрине бұрынғы осавиахим, мопр, құдайсыздар ұйымының билеттерін алып жүрсем, құдай ұрсын. Бірақ бүгін-ертең тирге барып мергендігімді, әлде бүйен жегендігімді сынауым керек. Сонда ДОСААФ-қа мүшемін деп документімді жұлып алсам, оның өзі бір қанибет.

Басы ауырып, балтыры сыздамайтын жан бар ма? Оның үстіне күн болса күз. Күнің тұман болып, ауруың тұмау болып кетсе қайтесіз? Өзіңмен кеткір грипп деген пәле сарамастай сап ете түсіп, аузы-мұрныңды аралап қолқанды қапса, дәрігерге бармай тұра алармысың. Ендеше ауруханаға тіркелген куәлігімнің қалтамда болуы заңды емес пе? Ал еркектің азаматтық борышы — әскери міндеті. Әскери комиссариат алдында күніңді күн, түніңді түн демей тәк тұруым керек.

Әрине офицермін. Билетің бар ма? Так, точно! Қанша жүн-жұрқа, темір-терсек тапсырғанымды бастығым алдында айта алмай, аузын бұған өгіздей өңкиіп отырсам, ол мені маңдайымнан сипай қоймас. Сондықтан олар қалтамдағы кітапшадан табылуы керек. Тіпті Мақандағы «жеке істің» бәрін алып жүрер едім, қалтаға сыймайды. Әй осы мұқаба жасайтындардың да қорлығы өтті-ау, кішірек жасамай... Еріккенде жұма күні жұмыстан кейін саятқа кететін де сайтаным бар. Ұсталып қалмау үшін... Бұдан кейін қалтаңыздың қарыны қампаймай көрсін!

Бұрын «таздан тарақ қалғаны қашан» дейді екен. Ал осы күнде тарақ керек болғанда таздарға керек болсын. Өйткені ақ құйқамды бірде жарқ еткізбеу, бірде жалт еткізбеу үшін судан қалған егіндей он тал шашымды бір жағына жапсыра тарап тастаймын. Шалбарымның қалтасын керіп тұрған сол. Әдемілікті аңғарған адам мұны артық деп айта алмаса керек.

Күн көтеріле бәріміз үйден ерте өреміз. Үйде бірде адам бар, бірде жоқ. Сондықтан есіктің қарыс-сүйем кілтін жасатып алдым. Бұл құлыпқа әркімнің кілті келе беретін болғандықтан номерлі құлыпты тағы салғыздым. Оның қаймақтай жұқа көп кілтінен біреуі маған неге бұйырмасын. Тек осы-ақ деп қалмаңыз. Кабинеттің кілті, столдың кілті, ең мықтысы да, ауыры да сейфтің кілті тағы бар. Шалбарымның қалтасын әйелім күн ара жамаса да жарты қадақ темір өзімде жүрмесе бола ма? Бұдан кейін буыншақ-түйіншек болып кетіпсің деп мені сөккеннің жағасын сөкпей қалай тұра алмақпын. Ендеше Сыпаға айта барыңыз, ақылын басына шайнап жақсын. Бұдыр-бұдыр болсам да, осылай жүргенім өзіме қатты ұнайды. Ұқыпсыз адам деп мені кім айта алады?

1971 жыл.

ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰЛАҒЫ ЖОҚ

—Құдайды көргеніңіз бар ма? Мен құдайды көр-дім,— деді автобуста маған таяу отырған қара тонды кісі арғы жағындағы қарт адамға қарап.

—Астағипыралла, оның күпірлік болады, шырағым. Тауба қыл, тіліңді кәлимаға келтір,— деді қарт жағасын ұстап, сақалын сипап әлденені күбірлеп. Қара тонды кісі қалың қабағын түйіп алып қайта сөйледі:

—Ойбай-ау, үрікпей-ақ қойыңыз, мақшардағы күнәсін өзім-ақ тартып, тозақ отына өзім-ақ күйем. Бірақ мен құдайды көрдім. Ол шошқа бермесен өкпелейді екен.

Бұл жолы қарт адам жаңағыдан да ыршып түсті. Тіпті машинадан да шыға қашар ма еді, бірақ ол тоқтай қоймады. Оның екі қолы жағасында. Ислам дінінде бірі мен бірі бір жерге сыйыспайтын шошқа мен құдайдың бір аталғаны қартты күпір қазақтан біржола қыңырайтып әкетті. Ол екі қолы жағасында, қара тондыдан бір қырындап отырды. Қара тонды кісі енді маған қарап сөйледі. Ол тіпті де қалжыңдап отырмаған сияқты. Қабағы қату:

—Құдайды көрдім. Ол мына өзіміздің Талғарда жүр. Бірақ құдай біреу деуші еді, екеу екен.

Автобуста жол қысқарту үшін әрнәрсені ауызқажаяу етіп келе жатқан көпшілік тегіс қара тондыға назарын тікті. Шынында мұның өзі қызық болып барады емес пе! Алдымен жоқ деп жүрген құдайымызды бар қылып шығарды, сонан соң ол мына Талғарда жүр деді. Енді ол біреу емес екеу екен дегенде автобустағы бар қалқан құлақ құлақшындарының салпаң құлағын түріп қалды. Машинаның артын ала отырған жігіт, бұл да бір сайқы мазақ болу керек, дарылдақ даусын барылдақ мотор үнінен асыра айқайлады.

—Ей, тонды бала, құдайыңның түрін айт, оны қандай жағдайда көрдің. Керек болса іздеп тауып алуымызға оңай болсын. Саған көз қырын салды ма? Көп ұзамай-ақ қара тондыды лақтырып ұратын болдың ғой.

—Қара тон кесем таппағанымнан киіп жүрген жоқпын. Шаруаға сән жараспас деп жұмысқа кие салғаным. Оның үстіне 6—7 ай ақы-пұлсыз жүрсен қайтер едің. Сол құдай маған оң көзімен емес, сол көзімен қарады.

Сайқы мазақ жігіт қайта жұлып әкетті.

—Сен әлігі құдайыңды көргеніңді айт.— Жұрт тағы қара тондыға қарады, ол шытына қайта сөйледі. Ұзақ сөйлеуге кіріскендей тамағын кенеп, бір жұтқынып алды:

—Бала күнімде әке-шешем айтқанда,— деді қара тонды кісі,— құдай бар деп жүрдім. Бері келе мектепте оны біржола ұмыттым. Ол кезде құдай мен үшін жоқ болатын. Тіпті жалпақ тізеден қан кешіп соғыста жүрген-де де, жараланып жатқанда да сол байқұсты есіме бір алмадым.

Жұрт күлмейтін жерде-ақ ду-ду күліп әңгімені бөліп жіберді. Қара тонды түзеліп отыра бергенде тағы біреу бүйірден қойып қалды.

—Сен өзің кімсің. Жүздің жүзін танығанша, бірдің атын біл деген.

—Ең алдымен құдай көрген қазақпын. Атым — Қондыбай. Қызметім — Талғар мал бордақылау совхозының товароведімін.

—Міне, өстіп жөніңе көш. Құдайыңды...

—Құдай дегеніңіз,— деді Қондыбай,— жұрт жаңылып жүр екен, өзіміздей тамағы тесік адам екен, ол мына біздің совхоздың бас бухгалтері Босов екен.— Жұрт сандарын бір-бір соқты. Қондыбай қайта сөйледі:

— Өткен көктемнің кезі болатын. Ол менен торай сұрады. Мен тауып бере алмадым. Өстіп жүргенде жамандатқыр қара бие түйеден үркіп қазыққа жығылмасы бар ма. Жоқ, бұл мемлекеттікі емес, Бәкіровтікі. Пәле нақ осы жерден басталды. Бәкіровтың қара биесі мен қабылдаған жылқы делініп, маған дереу милиция қызметкерлері жіберілді. Сөйтіп қолдағы мемлекет малын тегіс хаттап басқаға өткізіп келесі бұйрықты күтіп қалдым. Содан аздан кейін қызметпен қош айтыстым. Тоғыз жыл істеп тоғыз күндей болмады, аңқайып қала бердім.

—Өзің де тек жүрмегенсің ғой,— деді бағанағы қарт бері таман бұрылып.

—Ие, Алматы мал дайындау тресінің тексерушісі Жүкенов, бастығы Қошқаров, бухгалтер Босов бес күн тексеріп, мойнына салаң еткізіп екі мың сом мінгізе салды.

—Өй, көрген құдайың мыналар болса екеу емес, үшеу болды ғой.

—Рас, үшеу екен. Дүниеде бауырым бухгалтермен жамандаса көрме. Мен тіпті жамандасайын деп пе едім, қолымда торайы құрғыр болмай қалды ғой.

—Өй,өй, тоңды бала, өліп кетсең де заңды бұзбауың керек,— деді алғашқы сайқы мазақ. Қондыбай күрсініп қойып қайта сөйледі:

—Сегіз кісіден алған малды олардан алған жоқ деп жала жапты. Тіпті әлгі тексеруші Жүкенов атас кісілерді жауапқа шақырды. Ол мен байқұстың қаңғып жүргенімді қайдан білсін, «сиыр өткізген жоқпын» деп келте қайырады. Тексерушіге керегі де сол. Бұл тексерушінің басқа тексерушіден тағы бір айырмасы ара-арасында кісі сабап та алды. Мұны құдай болмаса істей алар ма еді?

—Бұлай шатастыру құдайдың да қолынан келмес,— деді біреу.

—Ей жігіт,— деді бағанадан үндемей отырған қарт бері бұрылып.— Бұл құдайдың ісі емес, сайтанның ісі.

Жаны қатты кейіп кетті ме, әлде әдейі шалдың қытығына тигісі келді ме, Қондыбай кесіп тастады:

—Ой, тәйірі-ай, оның құдайы не, сайтаны не. Мен соның қайсысын қалап отыр дейсіз.

—Ойбай-ау, өз малымыздың ақшасына өзіміз зар болдық қой. Мына Қондыбайдың берген квитанциясын ұстап қаңқиып отырмыз,— деп машинаның артынан біреу сөйлеп еді.

—Ойбай, бізді қойшы, Совет өкіметі тұрғанда әйтеуір ақшамызды бір алармыз, тоғыз баласы бар анау Бәкіровтың ала алмай жүргенін айтсаңшы,— деп алдыңғы жақтан да біреу қойып қалды. Мұнда Қондыбайдан басқа да құдайды көргендер көп екен, тұс-тұстан шулап қоя берді:

Бағанағы сайқымазақ жігіт жөнге келіп:

—Ал сен әлі боспысың?— деді Қондыбайға.

—Жоқ, милиция тексерді, халық соты, облыстық сот тексерді. Бәрі дұрыс. Мені жұмысқа қойғызды. Бірақ мына жұрттың ақшасын ала алмай жүргені маған өтіп барады. Соған күйінгеннен соғыстан алған жарақатым да ашылып кетіп, ауырып та жаттым. Оған да сенбей, осынша адамның арызын естімей, сандалтып құртты ғой. Он адамды он ай сандалту құдайдың қолынан ғана келсе керек-ті.

—Ары-бері жүріп алатын ақшаның жартысын да бітірдік,— десіп жұрт қайта шулап кетті. Бағанағы қарт бұрыла беріп күңк етті:

—Сенің құдайыңның құлағы жоқ екен!

Құлағы жоқ екен деп ойладым, мен де. Жұлар ма еді құлақтарын!

1966 жыл.

ТАУЫҚСЫЗ ДА ТАҢ АТАДЫ

Өткен жылдың көктемі «Қауырсын» колхозында ерекше жағдаймен есте қалды. Бұл көктемді олар өздерінше мал шаруашылығын өркендетуде алып адым жасаған кезең деп есептеді. Бұл олардың тауықтары тамаша көрсетіп, балапандары баққа қонып, қораздары қоқиланып тұрған кез болатын. Инкубатордан әкелген 2800 балапан шүпір-леп еріп жүріп бергенде жер қайысып, енді бір-екі жылда осы колхоздан өрбіген тауық дүниенің жүзін қаптап, жұмыртқаны әр жусан түбінен тезекше тереміз деген болатын. Осы бір кезде колхоздың бухгалтері Беріков шотты сартылдатып, кірісі мен шығысын, артық-кемін, алыс-берісін тегіс есептеп лепірген ішке бүгіп тұра алмай сыртқа шығарды: — Тауықтай табысты мол беретін мал көргем жоқ, жесең еті бар, қуырсаң жұмыртқасы. 2800 балапанымыз бар, оның үш жүзін жаңа қоныстанушыларға шүленге бергенде екі жарым мыңның өзі дүниенің көзін бітейді.

Колхозымыз тауық табысымен-ақ байиды.

Шынында да бухгалтерге топылдатып жұмыртқалар тауып, шиқылдатып балапан шығарған екі жарым мың ақ тауық адам бұрын көрмек түгіл естімеген байлық әкелетіні көз алдына елестеп кетті. Қанаты салбырап, ақ үрпек балапанын ерткен мекиен күркілдеп, қызыл жалбақ айдары, мың құбылған сапары, күтеленген қанат-қауырсынды әтештер айғайлап аспан әлемін жаңғырықтырып, «Қауырсын» колхозының табысын дүниеге жария етіп тұрса, бұдан артық не байлық керек! Сонда сонау Қиыр Шығыстағы біреулер: «Мынау не ызың, не қиқу, не жаңғырық» десе, «бұл председателі Құрымбаев, бухгалтері Беріков басқарған, тауықпен табысын тасытқан колхоздың тауық фермасының ызыңы» деп жауап берсе, міне, дүниені қара күшімен таңдандырған Қажымұқан мен Поддубныйдан кейінгі атақ осыларға тимес пе!!

Балапан бастан асып, тауық жұмыртқа салып, қиқылықтаған қиқумен жаз өткенде бастықтар тауық фермасына көз қырын бір тастаған еді, одан пайда келіп жатыр екен. Күз болып тауық жұмыртқа салуын қойғанда председатель Құрымбаев пен бухгалтер Беріков есеп шығарар кезең келіп қалды-ау деп тауық фермасын тағы есіне бір алған екен. Естеріне түсісімен есебін алып қарағанда екі жарым мың тауықтың еңсесі түсіп шығынданып, даусы қора көлемінен шықпай қалыпты. Қорадағы тауықтар қылқып әр жерден бір көрінеді. Небәрі екі жүз тауық, саусақпен санағандай. Тауық қиқуын дүниеге естіртпек болған бухгалтер Беріков қатты қысылды. Сасқанынан Құрымбаев қораны айнала берді. Ақыры бухгалтер бастықты жұбатудың есебін тапты:

-Асеке, тауықсыз да таң атады деген емес пе, қайғырмай-ақ қоялықшы осыған.

Бұған көңілі жұбанғандай болған Құрымбаев ойламас үшін фермадан кетіп қалды да, содан қайта фермаға оралмай аудандық атқару комитетінің ағасы болып, үлкейіп кетті. Колхозға келген жаңа председатель Пышный құс фермасына көңілді қатты бөлді. Тіпті асхана ашып, құс етінен сорпа, жұмыртқасынан жұмсақ жұқана жасамақ болды.

—Әлі-ақ тауық арқылы дабысымыз жер жаратын болады. Тауығымыз түйедей, балапанымыз биедей, бөтеге еті бұлдырықтай, жұмыртқасы жұдырықтай болады,— деп лепірді. Ауданда бұл сөзді естіген Құрымбаев өзіме тартқан председатель деп мақтанып отырды.

Осындай уралаған бөспе сөзден кейін өткен жылдың есебі алынды. Тауық фермасынан сегіз жүз сом табыс келіпті. Шыққан шығын қанша? Бухгалтер жаңағы цифрды қалай жеңіл айтса, мынаны сонша ауырсынып, ыңыранып зорға айтты. Сегіз мың сом! Әр тауық жиырмадан жұмыртқа салыпты. Бірақ колхоз басшылары бұған қанша кінәлі?! Бюрократтанып алған тауықтардың өзі емес пе! Тіпті әр жұмыртқасы отыз тиыннан түседі. Жаңа председатель осының бәріне көңіл аудара қоймап еді, осы арада оның тауық сорпасын тілеп, жыбырлаған тамағы тағы бір қызықтың бетін ашты.

—Тауық сорпасын ішкім келіп тұр,— деді ол бухгалтеріне қарап.

—Сізден аяғанымызды ит жесін, ақшасын төлеңіз де ала беріңіз. Килограммы тоғыз сом 25 тиын.

—Ойбай не дейді? Одан да бұған он килограмм сиыр етін жемеймін бе!

Сөз осымен бітіп председатель Пышный екі жүз тауықты өткізіп алып, жөніне кетті. Содан тауық шіркін көзден кетіп, көңілден ұмытылып қала берді. Кейін қолы тиді-ау деген кезде биылғы жазда председатель фермаға бір айналып соғып еді, жетпіс тауық қалыпты. Мұны көрген председатель жүрегі лоблып, қатты қысылып қалды.

Бұл жолғы жұбатушы тағы колхоздың бухгалтері Беріков болды:

—Қойшы соны Пышкеке, тауықсыз да таң атады! Бухгалтердің сөзі тамаққа кенеу болмаса да көңілге медеу болды. Бұдан соң тауық біржола ұмытылды. Құс бригадирі бұдан былай кеңсеге тауық жайын айта барса, председатель Пышный:

—Тауықсыз да таң атады!— деп келте жауап береді. Осымен «Қауырсын» колхозының құс фермасы құрып барады. Оны ойлайтын шаруашылық басшысының әтештің әнін естігенде құйқасы құрысып жүріп береді. Екінші жағынан «тауықпен дабысымызды шығарамыз» деп орындалмайтын уәдені де бере жүреді.

Ондай құрғақ уәдені ауданнан Құрымбаев құптай түседі, неше айтқанмен өзі құрған ферма ғой. Қайтсін-ай!

1957 жыл.

СЕРГЕЛДЕҢ ОЙЫ

«Қожаның көңлі құртты сүйер, көжесінің қатығы жоқ» деген бір мәтел жұрт арасына кең тарап кеткен. Осындай бір жағдай жақында менің жолдасым Біләлдің де басынан кешті.

Кеш таянғанда-ақ Біләлдің ойы онға, санасы санға бөлініп, көңілі шартарапты шарлайды. Ондағы ойы оқу емес, қызмет емес, тіпті көп адамның басында кездесе беретін қиындық—үй де емес, үйлену мәселесі.

Үйлену! Үйлену деген үйленіп, бала-шағалы болып алған адамдарға оп-оңай, оларша қарасаң: несі бар, құдайға шүкір, қыздан көп кім бар. Шетінен біреуіне таныс та, үйлене қой. Ал Біләлдің ойына бұл түскенде талай таңдарды көзге тіреуіш қойып қарсы алады. Сенбі күнгі кештер, жексенбі күндері осыны ойлауға кетеді.

Не жасыратыны бар, алғаш қыз деген шіркіннің орайы келе беретін еді. Мейлің биге бар, мейлің театрға бар, мейлің паркке бар танысу қиын болмайтын. Сонан соңғы бір кезеңдерде танысқандардың кемшілігі сорайып көрініп тұратын бір пәле пайда болды. Бірінің беті жалпақ, бірінің бойы талпақ, енді біреуі қортиған аласа, тағы біреуі сорайған ұзын, сонымен қисық аяқ екен, қамыт аяқ екен деп жүріп бұл екі-үш жыл да өтіп кетті.

Бұдан кейінгі бір кезеңде беттің қызылы, бойдың ұзыны, шаштың сүмбілі, көздің шұңғылы сөз болмайтын болды. Ақылдысы мен абзалын іздеумен, бірі ұшқалақ, бірі ұрысқақ екен деп жүрді. Мысалы Күләй өзін қоғамдық орындарда ұстай алмайды екен, Күлтай тым тымырсық екен, ал Күлпан дарақылау, күлегеш екен деп қыздарды тоғыз саққа жүгіртті.

Сонымен көк етікті Біләлді жақтырмай, көн етікті Біләл жақтырмай жүргенде жас шіркін отыздан асып та кетіпті. Отыздан асқан жастың да өзіндік ерекшелігі бар. Бұрынғыдай тынымсыз жүре алмайсың. Жүрейн-ақ десең де жалғыз көшеге сыймайсың. Ал біреумен бірге жүру де қиын. Өйткені сенің жасыңдағы бойдақ табылмайды, ал бозбаламен жүрсең ұятқа қалдыратын жайы тағы бар. Не істеу керек?

Бір күні кешке Біләл қызметтен келген соң азырақ жатып дем алып ұзынсонарлы саяхатына тағы шықпақ болды. Осы жерде оған бір ой сап ете қалды.

..Қандай әйел алу керек. Мамандығы қандай? Мамандығы мұғалім болса ше? Мұғалім болғанда мамандығы әдебиетші болса, онда оған қалада орын табыла қоя ма? Анау Күләйімнің, Сұлушаштың жүргенін қайтесің. Жоқ, жоқ, мұғалімнің керегі жоқ, ертеден кешке дейін балалар жүйкесін тауысады, ол не жарық көрсетер дейсің. Қалаға оны орналастыру да қиын ғой. Одан да инженер-металлург болғаны жақсы емес пе? Ойбай-ау, мұның да машақаты аз емес екен ғой. Ерте кетіп кеш келетін болады. Сонда ол маған шай қайнатып бере ме, әлде жұмысын істей ме. Заводта істеген бір жағынан қара күйелеш болмай тұрмайды. Оны жұмыстан қайтқанда қарсы алуым керек. Сонда күйелеш-күйелеш қылып қалай ертіп жүрем. Мейлі қызметке тез орналасуы үшін инженер болса болсын.

Ойбай-ау, осы мен табиғи жағдайды қалай ұмытып кеткенмін. Басы ауырып, балтыры сыздамайтын жан болушы ма еді. Мен де ауырмаймын ба. Я, мұндай жағдайда менің жұбайым дәрігер болғаны жақсы. Сыздаған сырқатыңды басы-аяғыңа қарап, жұмсақ қолымен бетіңнен бір сипағанның өзіне не жетсін. Бірақ ол ақшаны аз алады-ау. Е, таптым, таптым, онда мен бір ғылым кандидатына үйленуім керек. Ақшасы да жетерлік болады, қоғамдық орындарда өзін де ұстай біледі.

Тұра тұр Біләл, шатаспа, ғылым кандидатына үйленем деп бір кемпірге кез келіп, таңдаған тазға жолығады дегендей елге күлкі, жұртқа масқара болып жүрерсің.

Япырай, кемпірге үйленіп қала жаздадым-ау. Құдайдың бір сақтағанын қарашы! Ең болмаса басқа жағы тегіс келмегенмен көшеге ұялмай ертіп жүретіндей болғаны жақсы еді. Әрі ақшасы болса, өзі сұлу болса, қызметі де айтқанда жұртты таңдандырып тастаса. Сен өзің инженерсің, ал келіншегің кім дегенде, академик болмаса да ауыз толтырып айтарлық адам болса деп ойлап жатып, Біләл меңіреу ұйқыға кеткенін сезбей де қалды.

Ол ақыры іздегенін тапты. Өзі қалағандай ай десе аузы, күн десе көзі бар бір сұлуды құшып тұрғанда қар жауып кетіп, қардан құшағындағы жарын қорғап шірене беріп оянып кетті. Байқаса құшақтап жатқаны үстінен ысырылып түскен жамылған көрпесі екен де, арқасы суық қабырғаға тиіп жатыр екен. Сағат сегіз болып, қызметке баратын уақыт таяныпты.

Қап, шіркін-ай! Жас отыз беске келді, басқасын былай қойғанда есек дәмемен өткен қайран бес жыл!

АЙШАНЫҢ ӘУРЕСІ

Мұрат орта мектепті бітіріп, кәметтік аттестат әкелген күні шешесі Айшаға қатты ұнап кетті. Әрине мұндай қуаныш үстінде барлық аналар да баласын айналайтын болар, дегенмен Айшаның баласына деген сезімі кісі айтып жеткізерлік болмады.

— Міне, міне менің балам дарынды деп мен әлдеқашаннан айтқанмын. Өзіңе де айтып едім ғой, Мұрат. — Мұрат күлімсіреп қана қойды. Мұндай мақтау сөздерді шешесінің неліктен айтып тұрғанын Мұрат білуші еді. Әсіресе, соңғы күндері шешесі осындай сөздерді реті келген жерге де, келмеген жерге де тықпалай беретін болған.

Айша баласына көзінің астымен бір қарап алды. Міне кәметтік аттестат стол үстінде жатыр. Енді жақында ол баласының студенттік сынақ кітапшасын да қолына ұстап көруі тиіс. Баласы заводқа жұмысқа барғысы келгенімен, шешесінің ойы мүлдем басқа. Абысын-ажын алдында әжептәуір беделі бар, келін-кепшіктерді бидайша бөрттіріп, ши жүгеріше бадыратып қуыратын адуын жеңгейдің баласының заводқа барам дегені не сүмдық! Өзі бір атаға қараған ауылдың келін-кепшігін айт деп өргізіп шәйт деп қайырып отырған білгір адамның баласы да мансаптан қашар болар ма! Оның үстіне бұл анау-мынау адам ба, Айша емес пе! Тарихқа белгілі Айша аттас әйелдердің бәрі де атағын шығарып, тіпті артында өзінің жұрт зиярат етіп, айтардай күмбезін де қалдырып кетті ғой. Демек Айша да жалғыз баласына тілін алдыруы керек.

Айша баласының жанына жақындап келді де, екі алақанын Мұраттың екі жақтауына тіреп тұрып қайта үн қатты:

— Ал баласы күзде шешесіне не әкелер екен, ә? Мұрат көп ойланып тұрған жоқ, бірден жауап берді:

— Жалақысын әкеледі де, шешесінің алақанына салады.

Баласының қуанышпен айтқан бұл сөзі шешесінің деген жерінен шықпады. Дегенмен ол баласына «ақша дейді ғой, ақша жетеді, осы үйдің иесі де ақшаны аз алмайды, жоғары білім алып, мансап иесі болу керек, сонда жақсы балам бар деймін» деп ашық айтып салды.

Бұдан кейінгі бірнеше күннің ішінде шешесі Мұраттың мансап иесі болмауына қоймайтындай етіп, шырмап тастады. Мұратқа шешесі қол сағат сатып әкеліп сыйлады. Оған беріп жатып: «лекциядан кешігіп қалмауың керек», — деді. Ертеңіне алабажақ костюмнің бірін әкеп кигізді. Оның қуықтай шалбарының бүріскен балағы қызыл асықтан келіп, Мұраттың тобығы көрініп тұрды. «Студенттердің қазіргі сәнді киімі осы» деді шешесі.

— Міне, міне, ұқсап-ақ қалдың, балам.

Үшінші күні Айша баласының студенттерге ұқсамай тұрған тағы бір нәрсесін толықтырды. Ол аудандық магазиннен барып бір бума граммофон пластинкасын сатып әкеліп берді.

Оның ішінде қиқылдап-шиқылдап, буынып-қабынып ән салатын, ыңылдап жылаған бала дауысындай, қыңсылаған ит дауысындай талайлары болды. Студент дегендер биге әуес келеді ғой. Айша осылай баласын студенттерге еліктетемін дегенімен Мұраттың ойынан заводты шығара алмай-ақ қойды.

Осы кезде не қиын, жоғары оқу орнына түсу қиын. Бұған әкенің көмегі болса деп Айша жолдасына әр нәрсені жағалатып айтып көріп еді: «Е, жібер өзін. Қала алыс емес, иек астыңда. Базарға барып бағыңды сына деген. Жұртпен бірге емтихан ұстап көрсін», — дей салды.

Әкенің баласына осындай көзқараспен қарауы алғаш Айшаны ашуландырып, қабағын шытынаттып, мұрнын тыржиттып тастап еді, бірақ сен балам үшін ренжіп жүрсің-ау деп ол қайта көңіл аудармай қойды. Тіпті дастарқан басында Айша осы әңгімені бастаса, ол тамағын ішпей түрегеп, тастап жүріп кететінді шығарды. Содан соң Айша оған айтудан шаршады, енді өзі жүрмек болды.

Айша қарап қалмады. Өзінің арманын ол абысын-ажын арасында да айтты, жек-жат-жұрттарға да жеткізді. Не керек, көжедей көп абысын тәттілі шай ішіп, жылы-жұмсақты жегенде ғана бар болды да, мұндай іс қолынан келмейтін әншейін балалардың мамасы болып шықты. Дегенмен сыралғы ажындардың арасынан Ажар сияқты жөн-жосық білетін адам да табылды. Ол «жатпай-тұрмай біреуді іздемеймісің, қарға тамырлы қазақ емес пе едік, біреудің жиені болмаса, біреудің қарын бөлесі дегендейін біреуі институттардың қабылдау комиссиясында болып қалуы мүмкін емес пе» деп Айшаға ақыл берді. Бұл әңгіме Айшаға қатты ұнағаны сонша терлеп-тепшіп Ажар екеуі бір самауырын шайды әңгімелесіп отырып, ішіп қойды.

«Қарға тамырлы қазақ» дегендейін, ойдағы-қырдағы, қаладағы-даладағы дос-жаранның бәрін іздестіріп қарап еді, ондай ешкіммен таныс болмады. Жұрттың ісі түседі-ау дейтін қаладағы өзіне таныс кино-театрдың есепшісіне дейін сұрастырып ешкімнің ыңғайын келтіре алмады. Ақыры жақсылық хабар тағы да сол Ажардың өзінен болды. Бір күні ол арнайы келіп: «сенбі күні кешкі сағат алтыда біздің үйге келе ғой, қаладан бір сый қонақ келеді. Соның жанында институттың қабылдау комиссиясының председателі ерлі-зайыпты Дарқановтар да болады. Басқалар да келеді. Байқас болғайсың, біздің отағасы біліп қалып жүрмесін» деп айтуын айтқанмен қатты таптады.

Сол күні Айша да уәделі сағатта жетті-ау. Келсе қонақтар отырысып қалған екен. Ажар Айшаны қонақтарға таныстырды. Нақ төр алдында самай шашына ақ кіре бастаған, толықша қара кісі отыр. Жанында жұпыны киінген әйелі бар. Бет-әлпеті жаман болмағанымен үстіндегі киіміне қарағанда көзге қораштау көрінеді. «Екі жаман қосылған әрқайда бар, екі жақсы қосылған дәл қайда бар» деген-ау, деп ойлады Айша. Қандай керемет білімді адамның әйелінің сиқын қарашы. Бір институтты билеп тұрған мынадай адамның тапқанын үстіне дұрыстап та жапсыра алмаған екен. Тағы да екі кісі бар, олар да айрықша жарқырап киініп отырған жоқ.

Тамақтан кейін шеттегі екі адам да кәнігі саятшы екен, өздерінің басынан кешірген неше түрлі оқиғаларды соғып кетті. Ал Дарқановтың әйелі де орнынан тұрып, верандаға шықты да Ажар үйіндегі кереуетке жабылған шілтерлердің нәзік тоқылғанын, кестенің әрі ұсақ, әрі жиі шаншылғанын ұзақ әңгімелей бастады.

Әңгіме бастайтын сәтті секунд туды. Айша жүрегі алас ұрып, лүпілдей берді. Осы бір азғантай уақыттың ішінде ойын жеткізіп қалуы тиіс. Әрі түсінікті, әрі қысқа айтқаны жөн. Әй бір осындайда естімейтін нәрсені естіп қалатын құлақтар да болушы еді, құдай сондайлардан сақтасын. Айша Дарқановқа қарап асыға-аптыға сөзін бастап кетті:

—Менің балам биыл онжылдық бітіріп, аттестат алды. Әлеке, менің балам сіздің жолыңызды ұстаса қандай жақсы болар еді.

—Менің өткен жолым мақтарлық емес еді, — деп кү-лімсіреді Дарқанов.

—Ол онша қиындықтан қорқа беретін бала емес. Әлеке, соған көз қырыңызды салсаңыз екен. Егер ол сіз сияқты таныс адамның қарауына барса, алаңсыз болар едім. Балам орналасқанша ішкенім ірің, жегенім желім болып, тамағым бойыма тарайтын емес. Соның орналасуына көмектессеңіз екен...

—Жарайды, кемектесейін,— деді Дарқанов,— бірақ менің көмегім не үшін керек, біздің есігіміз жастарға кең ашылған ғой, биылдың өзінде мен жүзге жуық адамды қабылдадым.

Қонақтар дастарқан басына жинала бастады. Дарқановтың әйелі де келді. Айша олардың адрестерін сұрап алды. Бірақ жазып алмады. Ондай керек нәрсені Айша жазбақ түгіл қайта сұрап та көрген емес. Ондай нәрсе оның миына басқа құйған қатықша жұғатын.

Қонақтан Айша үйіне жүзі жайнап көңілді қайтты. Арманы орындалатын болды, абысын-ажын алдындағы беделі де арта түсетін болды. Абысын дегендер де қайбір дос, олар шайыңды ішкенше ғана. Шыға салып «ойбай-ау, бетім-ау, жеңгейдің дастарқанында бес жерде бес-ақ бауырсақ жатты-ау» деседі. Енді міне балам институтқа орналасады, орналаспағанда несі қалды, емтихан председателінің өзін құдай айдап әкеліп, қолға берді.

Арада екі-үш күн өтпей-ақ Мұрат конверт сыртындағы адрес бойынша қалаға кетіп бара жатты. Қалай, қалай емес деп Мұраттың документтерін де конверттің ішіне салды. Мынадай сөздер жазылған қағаз да бар: «Менің сізге айтқан балам еді, көмектесуіңізді тағы да өтінемін. «Ер мойында қыл арқан шірімес» деген ғой, сізге сенеміз. Сәлеммен Айша».

Мұратқа бүгін ерекше құрмет көрсетілді. Баласының көйлегін Айша (қатып тұрса да) қайта өтектеді. Костюміндегі жабысқан қыл-қыбырды өзі тазалады. Сонсоң баласын есікке дейін шығарып салып тұрып шешесі: «Бұл бағалы хат, балам, әлі Әлекеңнің қандай керемет адам екенін өзің де көресің», — деді.

Кешіккен сайын шешесі асыға күтті. Екі күннен соң Мұрат келді.

—Сүйінші орналастым,— деді ол шешесін көре салып. Қатты қуанып қалған шешесі тікесінен тік тұрып:

—Әңгімені бастан айт!— деді.

—Әлекең заводқа кеткен екен. Артынан сонда бардым.

—Институтқа де,— деді Айша.

—Жоқ заводта директор екен.

—Пәлі, балам, бәрін бытыстырған екенсің. Ол институтта қабылдау комиссиясының председателі ғой.

—Жоқ, қабылдау комиссиясының председателі оның әйелі екен. Ал Әлекең заводқа мені орналастырды. Жақсы қарсы алды. Бірақ заводқа мен Әлекеңнің көмегінсіз де орналаса алатын едім ғой.

Айша жұпыны киінген әйелге қабылдау комиссиясының председателдігі түгіл председателдің әйелі болуды қимап еді. Дегенмен солай болған соң оған Айшаның келісімі керек пе. Айшаның маңдайынан тері бұрқ ете түсіп, екі самайынан ағып жүріп берді.

Айша қайтадан төмен қарап кетті. Өңі қарауытып сала берді. Әсіресе бәрінен ұят болғаны кеше мақтанып, көршілерге де, абысын-ажынға да балам институтқа түсетін болды деп сыпылдап еді, көп әуренің аяғы былай болып шықты. Қап, енді қайтгі?

Сәлден кейін оның ойына бірдеңе түскендей селк етіп:

—Ал, документтерің қайда?— деп сұрады.

—Оны өзіңіз конвертке салып, Әлекеңе берген жоқ па едіңіз.

Айша не дерін білмей отыра кетті...

1961 жыл.

ТҮТІК АУЗЫНДАҒЫ ТҮЙНЕК

Жартас Қаласында ең қиын нәрсе не десеңіз жұрттың барлығы ойланбастан «монша» деп жамырай жауап береді. Үйінде шүмектен ыстық су саулап тұрғандар мұның жайын қайдан білсін.

Ал жартастықтар жұма, сенбі, жексенбі күндерді айтпасаңшы деп зарлап жүріп береді. Сондықтан болу керек, жұрт «тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар» дегендей елең-алаңнан ерте жү-гіреді. Кейде қаңғырлатып кірленін көтеріп бара жатқандар да кездеседі.

Қожанасырдың моласындай жар басында жарбиып тұрған осы моншаның қорлығы Мақанға да әбден өтіп еді. Ол алты жасар баласын ертіп таң шапағы жармай моншаның алдында болды. Алды моншаның бақылаушысына тие тұрған кезектегілердің арты моншаны айналып кетті. Қыс болса суық, сақылдаған сары аяздан пана іздемей тұра алмайсыз, ондай кезде моншаның дәлізіне кірудің өзіне дүниені күшімен таңдандырған Қажымұқандай болмаса да, татар балуаны Қажымұраттың күшіндей қуат керек. Мұндай кезекке таласушылардың арасында кім жоқ дейсіз. Басқаларды басып-жаншып, қарап тұрғандарды қағып өтіп, ілгерілерін итере тастап кассаға бара жатқан өңірейген дәңкеуделер де, сәт-сәттің арасынан сынапша сырғып, біреудің қолының, біреудің қолтығының астынан бұлтылдап өтіп кетіп жатқан бәкенелер де, үлкендерге үндемей, кішілерге кісімсіп тұрғандар да, ақырын күтейік деген қой аузынан шөп алмас момындар да бар. Жүрегі қысылып, тынысы тарылып түтігіп тұрғандар да, енді-енді кассаға жетем деп тұрған үміткерлер де бар.

Осындай қарбаласта кассирдің де алпыс апасы, жетпіс жездесі келмей тұрмайды. Араға кісі салып олардың да шаруасын бітіру керек. Монша дәлізіндегі осындай тоқсан түрлі оқиғаның куәсі болған Мақан да бір кезде кассаға жақындады-ау.

—Номерге бір билет!

—Уақыты?

—Сегіз!

—Мінекиіңіз.

Мақан шыға беріп билеттің бетіне қараса сағат сегізге емес, жетіге жазылыпты. Мақан кассаға қайта ұмтылды.

—Қайда барасың кимелеп?!

—Қате жазып қойыпты.

—Әй иманың күйсін, өтірік айтасың.

—Иманым бұйырмасын!

Мұндай антқа бергісіз ұшы-қиыры жоқ сөздің біразын естіп өлгенде әрең кассаға жеткен Мақанға кассирдің өзі шатақ салмасы бар ма.

—Өзіңіз айырбастап, өзіңіз шатақ саласыз.

—Апыр-ай, қалай ант-су іш десеңіз де әзірмін. Кассирдің сояу тырнақ қолдары билетті ала беріп Мақанның сұқ саусағының көбесін сойып өтті. Не де болса «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» шыдайын деп Мақан үн шығармады. Әйтеуір жөндетіп алғанына қуанды. Бірақ кассирмен арадағы айтысқа біраз уақыт кетіп, сағат сегіз де болып қалды. Уақыт біткенмен номер босамады. Күте-күте бір сағаттың жиырма минуты кетті. Әлден уақытта іштен біреу шықты-ау.

—Азамат, мұныңыз қалай біреудің уақытын...

—Е, мен ішіне құр кіріп шығуға келгем жоқ қой жуынуға келгем.

—Жуынуға бір сағат жетпеді ме?

—Су жоқ.

—Су жоқ, оған не болған.

—Түтік аузына түйнек тұрып қалған:

—Түтік аузында түйнек! О, тоба! Не дейді мына кісі.— Мақан да асығыс номерге қойып кетті. Шешініп болған соң шүмекті бұрады. Қуығы тұтылып тұр. Су жоқ. Суды күтумен он бес минут уақыт кетті. Амал нешік, қайта киінуге тура келді. Ол моншашыға, моншашы кезекшіге, кезекші жөндеушіге айтып, ол келіп жөндеп, су жіберіп үлгергенше бір сағаттың тағы жарты сағаты сыртылдап өте шықты. Сонымен қалған он бес минуттың бес минутында Мақан қайта шешініп үлгіріп еді, осы кезде кезекші келіп есікті тоқылдатты.

—Не болып қалды?

—Шығуға әзірленіңіз, он минут уақытыңыз қалды.

—Апыр-ау, біз жаңа жуына бастадық қой.

Кезекші оны естімей кетті. Мақан баласының басына енді су құйып, сабын жаға бергенде есік қайта тоқылдады.

—Тағы не боп қалды?

—Номерді босатыңыз.

—Апыр-ау, біз жуынғанымыз жоқ қой,

—Онда менің жұмысым жоқ.

—Жоқ, мен мұнда номердің ішін көріп қайтуға келгем жоқ.

Нақ осы жерде кезекші қатты кетті. Ол мұндай тәр-тіпсіздікпен келісе алмайтынын, көмекке адам шақыратынын кесіп айтты.

—Егер қазір шықпасаңыз, милиция шақырам... Міне, қызық, керек болса! Өз ақшаңа заңды бұзды, қылмысты болды, сөйтіп милицияға түсті деген атты сатып алу қандай қорлық. Кезекші бақырып, ойбайға аттан қосты. Моншашымен Мақан дауласып жатқанда жағылған сабыннан көзі ашып кеткен баласы бақырып жіберді. Іштен баласы мен Мақан сыртта моншашы айқайлап монша іші тау жаңғырыққандай болды. Ақыры баласын киіндірмек болғанда «жуынбай кетпеймін» деп баласы әлек салды. Өстіп Мақан өз ақшасына қорлық сатып алып сыртқа беттеді. Ол монша меңгерушісін іздеп еді, мұндай керек кезде меңгеруші табыла ма, ол «бәрін жөнге салып», үйінде ұйықтап жатқан болып шықты. Сонымен Мақан шаршап-шалдығып, шағым кітабын зорға сұрап алды... Монша саяхаты жоқ, гапу етіңіздер, монша әуресі осылай аяқталды.

Аздан кейін баласының басының суы кеппеген Мақан ызаға булығып, баласын жетектеп кетіп бара жатты. Шамасы енді «үйдегі кірленді құдай аман қылсын» деп бара жатса керек. Ие, мынандай болса моншаңыз бар болсын, үйдегі кірлендер аман болсын. Шіркін — темір дәуірінен бері адамға адал қызмет етіп келе жатқан қайран кірлен десеңізші!

1957 жыл.

БҮЛДІРГЕННІҢ ДӘМІ

Артель председателінің тырысқақ орынбасары Көсебай сәті түсіп, ойда жоқта бастық бола қалғалы Дабектің де мінезі өзгеріп кетті. Басқаны қайдам, ол коллективтегі ең жақын жолдасы менімен қатынасын сиретті. Өйткені менің қу аузым тыныш таппайды да, кейде көрген-білгенімді, естігенімді ел құсап ішіме тығып безбұйректеніп жүре алмай, жарылған қарыннан төгілген айрандай жарқ еткізіп жария етіп жіберетін жаман әдетім бар. Білгенімді ішімнен шығарсам, яғни тәптіштеп, тігісін жатқызып тұрып біруге айтсам, сонда ішім босап, жаным жай тауып қалатындай боламын.

Оның үстіне тек көргенімді айтып қою ма, кейде оны кәдімгі маған бір шен беретіндей жиналыстарда ұзақ-ұзақ сөйлеп шұбыртып жөнелетінімді қайтерсің. Әрине қолтығына мұқаба қысқысы келетін, мансап атаулыдан үміткер кісіге менің бұл мінезім оғаштау-ақ. Несін айтасыз, оны кейін сезіп қор болдық қой. Егер бұрын білсем, әттең... Әттең тіліме тыйым салар едім.

Сонымен айтайын дегенім Дабектің менен безуі еді ғой. Бекер обалы не, ол менен ә дегеннен іргесін аулақ салған жоқ. Ішек-қарнымызға дейін араласып кеткенбіз. Демек салған жерден Дікең пышақ кескендей тыйылса онда көзге не болып көрінбек? Ол «ал қолыңа мылтығыңды, енді атысамын» дегендей болып шықпай ма? Сондықтан Дабек қоянды қолға үйреткен кісідей маған жайлап келді. Әуелі келуін азайтып жүрді де, кейін ат ізін сирек салып, аяғын сиыр құйымшақтатып сұйылып кете барды. Қызмет орнында кездескенде бұрын от басын — әйелімді, бала-шағамды, шешемді, ағайын-туғанымының, бәрінің дені-қарнының саулығын, малы-басының амандығын, кейбірінің буынының сырқырамасын, енді бірінің басының сақинасын жаттап алғандай

тізіп жөнелуші еді. Кейін Дікең алдымен ағайын-туғанды, сонан соң шешемді сұрауын қойып, әйелімді, бала-шағамды ғана атап біраз жүрді. Енді біршама уақыт өткеннен соң әйелімнің де, бала шағамның да ішек-қарны оған керек болмай, бауыры беріш болып қала берді де, өзіме, соқа басыма «амансыңбаны?» арнап айтып өтуге көшті. Үйренген қу аузым бірде мұны оған айтып қалғанда ол: «Космос заманы» деді. Несі бар, асығыс космос заманы! Заман ағымына қарамай безектеп ілесу оңай дейсіз бе? Басқа дүние сонау Айдан жансыз нәрсенің берген хабары көзді ашып жұмғанша алдыға келіп топ-топ түсіп жатқанда, жаны бар, жұмыр басты пенде — Дабек сенің жаныңда — біреудің малы-басын санап, соның бас-сирағын жеп жілігін мұжитындай шұбатып тұруының керегі бар ма? Жұлдыздай ағып кетуі тиіс. Дұрыс-ақ! Ал енді біраз уақыт өткен соң Дабек жастай өсіп кеткен қарнын бақсының дорбасындай бөлек-салақ қылып жанымнан өте беріп, басын изеуге ғана мұршасы келетін болды. Кайтесің, космос заманы! Космос жылдамдығы. Айдан хабар екі минутта келіп жатқанда...

Космос заманы! Осы космос жылдамдығы қазір бәрін билеп бара ма қалай? Біздің артельдің бастығы Көсебайға бүлдірген дәмін үйреткен де осы космос заманы, космос жылдамдығы. Жақсы жолдасымнан айырып, маған зорға амандасатын еткен де осы космос жылдамдығы. Былай қарағанда қызық та емес пе!?

Шешек шыққан адамдай маған мүлдем жолауды қойған Дабек бір күні біздің үйге келе жатыр. Сонау айланбадан-ақ көзіме оттай басылды. Әп бәлем деп ойладым мен, космос жылдамдығы бүгелек қуған жылқыдай өзін біздің үйге де қуып әкеле жатыр екен ғой. Ал қолыңдағысы несі екен? Екі жағына теңдеп алғаны шелек пе, немене өзі. Біздің үйге оны қуып әкеле жатқан күш нақ осы шелекте шығар. Сиқырлы шелек болмағай еді мұнысы. Ия, нағыз шелек. Кәдімгі құдықтан су әкелетін, әр үйдің босағасын бермейтін қаңылтыр ақ шелек! Міне қызық керек болса! Өзі мені көретін емес. Бір ғасыр өмір сүрген ақ теректің түбіне жасырына қалдым. Космос заманының жылдамдығымен оны бір қапылыста бас салмақ болдым. Дабек қары жуан болғанымен жасында ит тиген бе, әйтеуір ши борбайлау. Кішкентай қамыт аяғы майысып зорға келеді. Шамасы қолыңдағы шелек бос болмауы керек. Терек қалқасында сәл тұрып, енді келіп қалған боларсың бәлем дей беріп аңырып қалдым. Дабек жер жұтқандай зым-зия. Кім біледі, космос жылдамдығы...

Біраз аңырып тұрдым. Жолдағы үйлерді ойластырып шықтым. Не болса да оны іздеуге кірістім. Ауыл үйіміз ғой, жолдан әуелі Оразбайдың, сонан соң Ермекбайдың үйіне кірдім. Оларда Дабек болмады. Кәдімгідей артельдегі менен кейінгі оның ең жақын дейтін достары осы екеуі болатын. Енді мұның арғы жағында Көсебайдың үйі. Ол артельдің бастығы. Оған ол бармаса керекті. Өйткені мен білетін кездері ол онымен бір-ер рет әлдебіреулердің үйінде кездесіп, аздап карта ойнағанын естігенмін. Ол шақта Көсебай орынбасар еді, артельдің председателімен бүтін күлшеге таласып алакөз болатын. Сондықтан кейде менің әлі күнге қақталмаған, балбыраған жұмсақ қолымды отқа көсегісі келіп тұратын. Осы пиғылын білгендіктен көп жайларда одан аулақ жүруді жөн көретінмін. Кейде орынбасар болған соң амалсыз иіліп, сөзінің керегін алып кете баратын едім.

Менің қу аузым тыныш таба ма, кейде председателді сынап жібермей тұра алмаймын. Өйткені «Еркін бетің бар, жүзің бар демейді, жігіт-ақ» деген мақтауды әлсін-әлі естігім келіп тұрады. Ондай күндері ертеңіне-ақ Көсебай мені шақырып, жібектей жұмсақ амандасып, «керегің болса сұрап, менен алып тұрсаңшы» дейді. Мен рахмет айтып шығып кетемін. Сөйтіп жүрген Көсебайды сыртынан Дабек те сыпыртып жамандаушы еді. Тіпті екі-үш жерде ақшамды ұтып алды деп балағаттап та жіберді. Бірақ ол кездері, бір әттегенайы, Көсебайдың Дабекті ұтқанын, әлде Дабектің Көсебайға ұтылғанын есіме алмапшын. Сөйткен Дабекті Көсебайдың үйіне қуалаған әлденедей қойып кетеді деп қайдан ойламақпын. Біздің үй деп адасып жүрмесін, қайдан білемін.

Шынымен Көсебайдың үйіне беттедім. Ауыл үйіміз ғой, несі бар, бұрын бармасам бүгін барармын.

Тіпті ауылдың басқа бөлегінде тұратын Дабек екі балағы далбаңдап, бақайшағы майысып, тәлтіректеп қолындағы жүгімен кіріп кеткенде іргеде тұрған маған не жоқ.

Бригадирдің артельдің бастығында жұмысы болмаушы ма еді, Кесебайдың үйіне не болса ол болсын көзді жұмып қойып кеттім, ас үйде әлдеқалай абыржыған сөздер жыпылдақ еріндерден сыпылдап айтылып жатыр екен:

—Апыр-ау, Дабек мұның не?— дейді Көсебай аузында бірдеме бар ма, сөзді бұзып айтып.

—Өзіңіз құлақ қағыс қылған соң...

—Ұйбай-ау, әлгі оқудағы балаға деп едік. Өзіміз-ақ алатын едік қой.— Көсебайдың әйелі Нақанның даусы әлдеқалай әдеттегі тарқылдақ, тантақтықтан айрылып, май жаққан нандай жұмсап қалыпты. Бұл жерде Дабектің сөзі аяқталмай мен үстіріне кіріп бардым:

—Космос заманы ғой. Беретін болған соң тез өзім әкеліп тастай салайын дедім. Қиналатын түк жоқ...

Әрине менің ойда жоқта Көсебайдың ас үйге кіріп баруым тіпті-ақ орынсыз болды. Мен:

—Дабек біздің үй— дей беріп едім оны Дікең тыңдар да емес, өзімді әжептеуір адаммын деп жүрсем де көзіне ілмеді. Екі тышқан көзі жылтыңдап, тік түрегеп тұратын қалың қара шашы жалпылдап Көсебайдың тобан аяқ қатынына әлде нелерді айтып жатыр. Жаңағы қолындағысы шынымен екі шелек екен. Екеуінің іші де толған сиыр бүлдірген — құлпынай. Нақ осы жерде тамағымның бала күннен бергі фаренгиті ұстап, жыбырлап жөтеліп жібергенім. Жөтелгенім қаттылау ма, әлде кіргенім оғаштау ма, о жағын қайдам, әйтеуір анық байқағаным, мені енді ғана көрген Дабектің пісірген темірдей өңі қоңырайып, пора-пора болып терлеп жүріп бергені. Тіпті әлгі құрғырдың құйылғаны сонша Дабек орамалы түскірді іздемей, жеңімен сүртінді.

Нақ осы жерде — ас үйде Көсебайдың өзінің де тұрғанын енді байқадым. Екі шеңгелі толған бүлдірген. Күбіртке ме, күс пе, әлде одан да басқа бір пәле түскендіктен мұжылған тырнақтары бар, құныс болған кісінің беліндей бүкір саусақтарының арасынан құлпынайдың шырыны қызарып ағып тұр. Мүйізді қалың әйнек салған отсыз екі көзі маған қарап шарасынан шығып барады. Тіпті әншейінде бір жағына бастыра тарағандықтан біреу тақия киген, енді біреу парик киген деп жүретін он тал шашы басындағы ала шабырын жаба алмай жалбырап екі самайына түсіп кетіпті. Екі ұрты бұлтияды, шамасы онда да бүлдірген. Әрине қандай жолмен келіп, кімнің аузында тұрғанын бүлдірген байғұс қайдан білсін....

Бүлдірген ауыз таңдамайды. Бүлдіргенге ауыздың бәрібір. Ол жырық ауыздан түсіп қалып көрген емес. Керісінше жыртық ауыз да бүлдіргеннен түскен жоқ. Мынау қып-қызыл, торламаланып тұр, тым әдемі екен, маған лайық емес демейді. Кайта бір жағынан шырынын жұтып, жыртық жағынан сілімтігін шығарып тастау бүтін ауыздан гөрі оған оңайға түсетін көрінеді. Баз бірде ғана байқаусызда жырық жағынан ауыздағы шырын тамып кетіп аппақ көйлектерді қып-қызыл ала қылғаны болмаса, басқа одан келер кемшілік жоқ. Ал, Көсебайдың бүкіл саусақтары бүлдіргеннің біреуін шашау шығармай шеңгелдеп тұрғанда, бүтін ауыз бірін жерге түсіріп жын ұрып па? Бірақ бір қызығы Көсебайдың ауызы бүлдірген-нің біз білмейтін бір ерекше қасиетін сезетіндей. Өйткені ол оны жұтқыншаққа жібермей, бұлтаңдатып өзінде ұстап тұр. Соған қарағанда ол сіздер мен біз білетін дәм емес болса керек. Әлде армян коньягінің, әлде қазақтың киіз үйде ыстап-сүрлеген қазы-қартасының дәмі сияқты тілді үйретін бірдемесі бар-ау деймін. Әйтеуір ауыздан шығарғысы келмейтін бір сиқырлы дәм таңдайға татып бара жатқандай. Борсықтың сирағындай быртық саусақтарын салып, маған амандаспай Нақанның аранды ауызға көмейлеп тығуынан менің де сілекей бездерім өнер көрсетіп, аузымнан су ағып жүріп бермесі бар ма? Қап, бәле-ай! Ол тамсанып-тамсанып қалғанда мен сілекейімді жұта бердім.

Аузы босады білем, әлден уақытта Көсебай шеңгелінде бүлдірген уыстаған қалпы Дабекке қарап:

—Дабек отырсаңшы,— деп орындық ұсынды. Маған үндеген жоқ. Мен өзіме орындық ұсынбағанына бұл жолы ренжімедім де. Оның есесіне Дабек:

—Еркін отырсын да,— деп мыңқ ете түсті. Оның танауының астынан дыбдырлай сөйлеуі маған сен пәле болдың ғой дегендей тиді. Мен тұра жөнелдім. Екі уысын-да бүлдірген, төсегіне отырып қойған баладай тыржиып Көсебай тұрды, терін немен сүртерін білмей мен шыға бергенде құтылдым ба дегендей, Дабек орындыққа сылық отыра кетті.

Космос заманының жылдамдығы айдап бұдан кейін де Дабектің Көсебай үйіне келіп жүргенін талай көрдім. Енді мен оған дұрыс амандаспады деп өкпелемейтін болдым. Уақыт зымырап өте берді. Космос заманы, космос жылдамдығы... Нақ осындай бір күні басқарманың мәжілісі өтіп жатты. Күн тәртібінде жаңа біткен төрт бөлмелі үйді кімге беру туралы мәселе екен. Не де болса семьясы ең көп біреу алсын десті ұсыныс бергендер. Басқарма мүшелері әрқайсысы әркімнің атын атап отырды. Іріктеле келіп, үйге таласта, екі кісінің ғана аты қалды. Сол кезде төрде отырған Көсебай орнынан тұрды. Ол әдеттегідей сөйлердің алдында тыржиды. Екі көзі Дабекте. Сонан соң кемдеу жаратылған тұқыл иегін оң қолының бүкір саусақтарымен бір сүртіп, тілін бұлғаңдатып екі ұртына кезек жүгіртті. Тамсанып-тамсанып алды. Жұтқыңды. Тағы қайталады. Маған ол Дабектің бетінен бүлдіргеннің суретін көріп тұрғандай елестеді. Содан отырғандарға көз тоқтатпай, бұрышқа қарап сөйледі:

—Космос заманы! Болар болмас нәрсемен уақыт өткізіп отырамыз ба? Мұны космос жылдамдығымен шешейік. Үйді Дабек алсын.

Басқарма мүшелерінен әлде кім сөйлеуге ыңғайланып келе жатқанда ол әкіректеп кетті:

—Космос дәуірінде отырамыз ба кешке дейін. Осымен доғаралық,— деп даусын көтере айтты да, ол тағы жұтқынып-жұтқынып қойды. Маған оның аузында сонау бір күнгі бүлдіргеннің сиқырлы дәмі тұрғандай көрінді.

1968 жыл.

ДАУКЕС

Дәлізден тарс-тұрс жүріс естілді де, есік шалқасынан ашылып, қабырғаға қатты соғылды. Қабырғаға маңдайы тиген есік қайта беттегенде оны ашқан адам қабырғаға қайта жаныштап, нығарлап, екі-үш рет сілкіп-сілкіп алды. Есігі құрғыр «ағатай-ай, қояйын» демеді, кісінің ашуын ұқпай сықыр-сықыр етіп, мізбақпай қатып қалды. Есікпен төбелесе кірген адам сол аяғын табалдырыққа сала беріп, кезеңнен жауды көрген пулетше дыбдырлап сөйлеп қоя берді. Ол екінші аяғын тартып алғанда аяқтай бөлмені аударып тастай жаздап, бақырып-шақырып азан-қазан қылды. Отырғандардың шақшадай басы шарадай болып, бозарысып, қуарысып, орындарынан тұрып дүрлігіп кетті. Алмалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қызметкерлері де талай тас шайнап, мұз бүріккендерді көріп еді, бірақ мына сияқты зікір салған бақсыдай аузынан жынын төккен адамды көргені жоқ еді. Ол бөлімдегінің әрқайсысының жанына барып жеке-жеке төнді:

—Мен әлі сендерге көрсетемін. Бәріңнің үстіңнен қызыл судай жүріп өтем. Сендер түгіл мен Анненковтың да әкесін танытқан осы көкең болатын. Әкелеріңді танымай жүр екенсіңдер!

Ол тыным таппады. Оттығына көмір түскен сары самауырша бажылдап-шажылдап барады. Бұл пенсия даулаушы Сиркеевтің қамсыздандыру бөліміндегі кезекті ұрыстардың бірі ғана еді.

Шынын айтсақ Сиркеевтің өзі артист адам. Ол әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне келген сайын әртүрлі роль ойнап кетеді. Бір күні таяқ сүйретіп, ақсай басып келсе, енді бірде жақ жүні үрпиіп, базардың делдалдарындай жылпыңдап келеді. Енді бір күні ойбай салып өкіріп келсе, тағы бірде құртатынын, үйтетінін айтып көпіріп келеді.

Не керек. Сиркеевте өнер көп. Бірақ оның өнері қамсыздандыру бөлімінен аспай, қайран талант қор болып бара жатыр! Алда шіркін, ішті тескен артистік өнер-ай десеңізші! Сиркеевті құтыртып, қолды аяққа тұрғызбайтын бір күш бар. Ол оған 1935 жылы берілген бір жапырақ қағаз. Бұл қағазды ағайынды Шуашбаевтар мен Давыщенко «Сиркеев қызыл партизан болып еді-мыс» деп жазып берген екен. Міне, бұл шақта ол осы бір жапырақ қағаздың бетіне бір қараса болды, аккумулятордан от алған мотордай күшейіп, қызыл партизан болып шығады. Сөйтіп әрісі Москва, берісі қаладағы әрбір бөлімге дейін жар салып, жарғақ құлағы жастыққа тимейді. Дау даулайды. Өзіне де, өзгелерге де тыныштық жоқ.

Айтудың да айтуы бар, бірақ ешкім Сиркеевтей айта алмайды. Жазудың да жазуы бар, бірақ ешкім Сиркеевтей жаза алмайды. Оның жұрттан асқан шешен, ел бастаған көсем болып көрінгісі келетінінің бәрі де бір қу құлқынның қамы. Шіркін, отқа-суға салған қу тамақ!

Елу сегізінші жылға дейін Сиркеев 42 сом әскери пенсия алатын. Мұнысы дұрыс та сияқты еді. Бірақ аран ашылғанда амал не, бір күні әлде қалай тұманды ой билеп оның пенсияны көбейткісі келді. Нақ сол кезде оған әлгі бір жапырақ қағаз Алатаудай медет болды, қалалық советке қос құлаш арызды қойып қалды.

Міне қызық! Сиркеевтің шешендігі мен «жазушылығы», арамызда белгісіз болып жүрген артистік таланты осы арадан басталды. «Мен қызыл партизанмын, мен черкасшылар қорғанысына қатыстым, мен Мамонтовтың қарауында болдым» деп ол өзін азамат соғысының ардагері, атақты адамы етіп көрсетпек болды. Кім біледі жасы келген адам, өтірік айтпас, мүмкін болса, болған шығар десті қалалық советтегілер. Тексеріп кеп қалды. Шіп шикі, иі қанбаған өтірік болып шықты бәрі де. Сиркеев дербес пенсия алуға жатпады. Ол он жетінші жылы он төрт жаста екен. Ал документтерді ақтара қарап, аударыстырғанда Сиркеев 1920 жылдың май айынан бастап үш айдай Қызыл Армияда болған да, жасы жетпегендіктен шығарылып тасталған. Ал Мамонтовтың қарауында болдым дегені өзінің құдай берген мамандығы — өтірікшіліктен туған, өйткені Мамонтов одан екі жыл бұрын қайтыс болған.

1957 жылы қалалық совет атқару комитеті осыларды анықтап, оған дербес пенсия бермеу жөнінде ұйғарымға келді. Ол қайта жазып кеп жіберді. Не жазбады дейсіз онда. Черкасшылар қорғанысында оқты бораттым, атыс салдым, талай жауды тырағайлата құдым деп басталған арыз ардагерлер дәрежесіне дейін көтеріліп кетті. Тағы да баяғы өтірігіне басты. Тағы тексеру жүріп, бұл жолы үлкенірек комиссия жұмыс істеп, арыз тағы қаралды. Өтірік өрге баспады. Тағы арыз жазылды. 1958 жылдың 19 февралі күні қалалық совет бұрынғы қаулыларын күшінде қалдырды. «Өтірігіңізге береке бермесін» деп тілек білдірді.

Арада бес ай өтіп, арыз ескіре бастағанда Сиркеев арызын қайта жаңғыртты. Бұл жолы көктен сұрағаны жерден табылып, оның арызынан әбден ығыр болғандар жергілікті дербес пенсия беруге қаулы алып келіп қалды. Сәті түсейін десе қиын емес екен, үрлей білсе, өтіріктің оты да маздап тұрып жанады екен. Қоймай жүріп өтірікті өрге бастырған Сиркеев үйге келіп төбеге түкіріп жатып алды. Үйге ай сайын келген 60 сомды алғанда ол көзі күлмендеп, баяғы бір жапырақ қағаздың күшін бар құдіреттен артық көрді. Оған қараса болды-ақ қару асынып, мұздай темір құрсанған қып-қызыл партизан болып шыға берді.

Сиркеев қызыл партизан болып, алақанына түкіріп жүргенде келесі жылдың күзінде бір күні ақша келуін сап тоқтатты. Қате төленген ақша берілмейтін болды. Азамат соғысының ардагерлері өтіріктің бір тұтам құйрығын жұлып алды. Осыдан былай Сиркеев арызды Черкас қорғанысында атылған оқтан да көбейтіп, Лепсінің қаңтардағы қарындай боратты. Оның арызы бұрнағы жылдың декабрінде, былтырғы жылдың февралінде, мартында, биылғы жылдың февралінде, мартында қаралды. Қысқасы Сиркеев қалалық совет атқару комитетіне жұмыс тауып берді. Кім біледі егер Сиркеев болмаса олар қарап отырар ма еді, қайтер еді. Мұның арасында даукес арызы талайға жүк болып, біраз адам тексерумен айналысты.

Осы кезде ол тағы да қиыннан қиыстырып, ащы күйді түштеп тартып қайдағы-жайдағыны жазып жатса керек.

Даукестің арызы берген сайын қаралады. Бірақ бір қызығы нәтижесі қаралмайды?

Бәрін істетіп жүрген қу құлқын деп кешіре сала ма екен әлде?

Алда қу құлқын-ай!

1968 жыл.

ШОЛЖЫҢ

Ызбаркүл көзін ашқанда бөлменің іші жарқырап тұр екен. Оңтүстік жақтағы қатар екі терезенің шығыс жағындағысынан еденге күн түсе бастапты. Ол өзі біреу оятып жіберді ме деген оймен ұйқылы-ояу көзін үйдің ішіне бір тастап алып, сөйлей жөнелді. — Тамағыңды ішіп кете бермейсің бе, кішкентай да болса жаның ашымайды, түнімен ұйықтай алмай шыққанымды білесің.

Осыны айтқан соң Ызбаркүл уһлеп-аһлап алды да, серіппелі төсекті бір солқ еткізіп аунап түсті.

— Босаңбай-ай, аяқ жағымның көрпесін тұйықтап, қымтай кетші, денем жіпсіп жатыр. Ол жамылып жатқан шәйі көрпесін басына қарай тарта түсті. Көсіліп жатқан аяғы сойдаң етіп көрпеден шығып кетіп еді, екі езуі көпіршіп жүріп берді.

— Үйдің іші әбден тозып бітті. Басқа тартсақ аяққа, аяққа тартсақ басқа жетпей жатқан көрпенің сиқы мынау.

Босаңбай келіп көрпенің аяғын тұйықтап, жан-жағын қымтап, енді шыққалы бара жатыр еді, Ызбаркүлдің тағы да дыбысы шықты:

— Үй емес қой бұл, үңгір! Бүйірімнен ұстап қалды. Босаңбай-ей, менің үстіме қасқыр ішігіңді алып жаба кетші.

Босаңбай қасқыр ішікті алып жапты. Сонан соң жазу столының үстіндегі «Қазбегін» ашып, қорап ішінен бір шылым алып тартты. Босаңбай есіктен шығып бара жатқанда-ақ Ызбаркүлдің қор ете түскен дыбысы шықты.

Босаңбай түскі тамаққа қайта айналып соққанда Ызбаркүл әлі түрегеле қоймаған екен. Дегенмен көзі жыртиып ашылысымен сөйлей бастайтын ескі әдеті бойынша:

— Бұл қайсысың, есікті жырыплататып тыныштық бермедіңдер, бір сасық тер жөңді шықпай-ақ қойды, — деді. Ол басын сәл көтеріп қарап үйге кірген Босаңбай екенін аңғарды.

— Босеке келіп қалдың ба, ана киімлігіштің ішінен маған желең әперіп жіберші. Несіне қарай қалдың, егер сен маған жаман көзіңмен қарайтын болсаң орнымнан тұрмай қоямын. Ескі шаншуым бар екенін өзің білесің ғой.

Босаңбай қарақошқылданған шекесінің терін сүртіп, қарнын зорға өңгеріп, шермиіп киімлігіштің жанына келді. Оны аша беріп еді, қақпағы шиқ ете түсті. Төсек жақтан Ызбаркүлдің жақтырмаған даусы естілді. Қақпақ ашылғанда ілулі тұрған желең көрінбеді.

— Ызаш, ілулі тұрған желең жоқ, — деді Босаңбай тағы не бұйырасың дегендей, аларған қой көздерінің қиығын Ызбаркүлге тастап. Оның дауысынан әлдеқандай әлсіздік байқалады.

— Әлгі Күләйім қайда, қайда екен, жаның тынса да, жағың тынбайды. Адамды қақсата береді, айтқызбай істемейді. Бір пысық адам алу керек еді, өзі бір істеген ісі өнбейтін, бір істі ойындағыдай істемейтін неме. Күләйім-ей!..

Босаңбай денесінің бәрімен бұрылды да, жуан дауысымен:

— Сен маған айтсаңшы, Күләйім күл шығарып жүр, — деді.

Ызбаркүл Күләйімді жазықсыздан жазықсыз тағы бір жазғырып алды.

— Түске дейін не бітірген оңбаған, ұйқысы бір қанбайды осының. Сен желеңді киімлігіштің табанынан қарасаңшы, еңкеймейсің ғой, ішіңнен бірдеме тіреп тұр ма? Босаңбай еңкейіп, одан ыңғайы келіңкіремеген соң жүресінен отырып қарады.

Мамық төсекте оны байқап, жантайып жатқан Ызбаркүл:

—Түу, болар болмас нәрсеге отырып алғаның-ай,— деп реніш білдірді. Киімлігіштің ішінде желеңнің аз болса бір бесеуі жатыр. Бәрі кіршіксіз таза, тегіс өтектелген, мұқият бүктелген. Ол қайсысын аларын білмеді. Апырай деп ойлады ол, біздің Ызбаркүл көйлекке бай екен ғой. Менің алатын ақым осыншама жібек желеңдерден де артылып қалады, ә? Ал көйлек дегенің қанша, крепдешин, креп-жоржет, креп-сатин, креп-москва... Масаты, мақпал көйлектерді қара. Қайсысын алсам екен?

Босаңбай шеттегі біреуін алып, екі тізесін басып, зорға тұра келгенде қолындағы шәй желең жерге сусып түсіп кетті. Ол оны еңкейіп алып, ұмар-жұмыр ұстаған күйінде Ызбаркүлге апарды. Ызбаркүлдің қабағы шытылып шыға келді:

—Бұл дүние ғой, дүниеге осылай қарамас болар. Мұны мыж-мыж қылып қалай кием. Апарып тастап, басқа біреуін...

Босаңбай қалың қабағы салыңқыланып, киімлігішке қарай қайта бұрылды. Арт жағынан көрінген күжірейген желкесінен жылтыраған тер байқала қалды. Шүйдесі күжірейіп, құйқасы да көп адамда бола бермейтін өте қалың, майлы құйқа екенін бірден танытты. Ол шәй желеңді орнына тастады да, оған таяу қойылған масаты желеңді алып, Ызбаркүлге беттеді. Ызбаркүлдің тарбақ мұрнының кейкі тұмсығы тыржың ете түсті де, екі бетінің ұшы дамылсыз жыбырлап кетті. Жүп-жұқа шытынаған терісі шықшыт, желке, төбеден жиналып, қабағына келіп тас түйіліп тұрып қалды. Оның даусы өз жанын жеп, жарықшақтанып шықты:

—Босеке-ау, шілденің күнінде, мұның не, қалың желеңді...

—Е, ескі шаншуың болған соң.

—Босеке-ау, білетін уақытың болды ғой. Ішімнің іш аурудан қалған ыстығы бар емес пе!?

Босаңбай сәл аңтарылып тұрды да, үлкен ала көзін бадырайтып Ызбаркүлге қарады. Ызбаркүл ыржиған болып, тісін бір көрсетті. Сонан соң балаларша аузын бұртитып:

—Босеке, басқа біреуін,— деді.

Босекең киімлігішке қайта келіп, қытай шәйісінен тігілген бір жұқалтаңын қосқолдап Ызбаркүлдің алдына әкелді. Ол желеңді жұбайына ұсына беріп, автолы таусылғандықтан подшипнигі ағып-еріп бара жатқан трактор жүрістес «суырма» қалта сағатын ышқырынан ышқына тартып зорға суырып алып қарады. Сонан соң:

—Мә, жұқасын киіп, енді «есекжемің» шығып қал-масын,— деді де, есікке беттей берді. Осы сәтте де Ызбаркүлдің «Босеке» деген дауысы жарықшақтанып тағы бір естіліп қалып еді, оған Босаңбайдың қарауға мұршасы да болмады. Өйткені қазір жақын колхозға барып келе қоятын машина оны тосып тұр еді. Ал Ызбаркүл «Босеке» деген сөзінен кейінгісін ол естімесе де, аузына келген соң іркіп қала алмай, «сандықтан жұмсақ сүлгінің бірін әперіп жіберші, терімді құрғатайын» деп айтып жіберді. Ызбаркүл Босекеңнің қайрылмай кеткенін сәл ауырсынып қалды. Ақыры одан қайыр кеткен соң Күләйімді шақырды:

—Күләйім, ей, Күләйім, бермен кел! Күләйімнің қолы бұл кезде тіпті де бос емес болатын. Сұңғақ бойында қармақ шаншым еті жоқ, аққұба әдемі қыз жалғыз өзі жаңа ғана аудандық өнеркәсіп комбинатынан әкеліп түсіріп кеткен бір тоннадай ағаш отынды тездетіп сарайға тасып жүр еді. Іштен шолжың жеңгенің дауысын естіп кіріп, есік алдына тұра қалды.

—Елдің сендей ұй қызметкерлері отынымен кіріп, күлімен шығады. Сен болсаң бір манап, үнемі көше қыдырумен жүресің,

—Ме...

Қой әрі, менің әлгі жұмсақ сүлгімді, шәркейімді әкеп қойшы. Едені құрғыр да тап-тастай суық. Аяғың тиіп кетсе, суығы шекеңнен шығады.

Ол кебістің басын іліп кроваттан түсіп, енді диванға жантайды.

— Қап, телефонның алыс қалғанын қарашы. Күләйім, анау телефонды айналдырып, маған трубканы әперіп жіберші.

Күләйім келіп телефон жанына тұрды.

—Айта беріңіз.

—Бір, бес, сегіз, сегіз. Енді бере тұр. Өзің бара бер, ары. Аман ба, қайным? Менің тіккізген әлгі жаман, қап көйлегім бітті ме? Бітсе әкеп бере сал. Ақшасын дейсің бе? Ағаңның атына жаза сал. Я, я, айтқандай ұмытып барады екенмін-ау, сендерде автомашинаның жасыл сыры... Жоқ дейсіз бе, е, ағаң айтып па еді. Ендеше, қайным-ау, жүрегіміз қарайып өлетін болдық қой. Құр шай мен құр нан. Жұмсартатын бірдеме болса. Ойбай, бетім-ау, бір ошарлы жанға оның не болады, келімді-кетімді кісіні қайтесің. Олар мені іздеп келмейді, Босекеңе келеді ғой. Қырық... я, үш-төрт күнге жетер. Ұмытып барады екенмін-ау, киімлігіш ескіріп кетті. Ескінің деймісің? Аларсың, бес айдан бері ескірмеді деймісің. Сонсоң бір тәуірін. Ағаңның мойнына жаза сал. Он жеті мың дейсің бе, он жеті мың түгіл, он жеті жүз болса да. Ал, қайным, сені тосамын, шай қайнап тұр. А? Е, ол да болады.

Сәлден кейін-ақ қақпа алдында дүрілдеген машина қораға кіріп тоқтады. Машина үстінде жаңа киімлігіш, оның ішінде жетпіс желбіршек салған, қырық жерден қатарған, әлде қос етекті, әлде он етекті жасыл мақпал көйлек тігулі тұр.

—Мінекейіңіз, жеңгей, айтқаныңыздың бәрі әзір. Май деп едіңіз ол да келді. Әттең мен директор емеспін, әйтпесе, жеңеше, бір сіздің көңіліңізді табар едім.

—Онда, оны мен Босекеңе білдірейін, жасыл сыр тауып бере алмадың ғой.

—Рахмет, жеңеше, онда бәрі...

—Е, қайным, асықпа, «сый қылсаң, сыпыра қыл» деген емес пе! Сен тұрғанда жүкті мен түсірем бе? Сені құдайдан неге тіледік...

* * *

Босекең бүгін кеңседен ерекше көңілді қайтты. Көңілі келмей қайтсін, бүгін құлағы бір тыншитын болды. Әуелгі күні Ызбаркүл жасыл масатыдан аудандық өнеркәсіп комбинатына көйлек заказ бергелі үйдегі әңгіменің барлығы осы бір көйлегі құрғырға келіп тіреле беретін болды. «Машинанды боят, жақсы әйелдің мінетін машинасының бәрінің түсі көйлегіне қарай өзгеріп тұрады», — деп мазалап бітірді. Әсіресе, жаныңнан отырып алып, дұрыс болса да, бұрыс болса да бірдеңені айтып құлағыңа тыныштық бермей мылжыңдай берсе, көргенде көресіні әйелден көресің. Сондықтан да бүгін Босаңбай бар жұмысын қойып, осы «машина сырлату» деген әйел алдындағы жауапты жұмысымен айналысты. Ол ауданға таяу А. қаласымен байланыс жасап көріп еді, онда керекті бояу табылмады. Сонан соң Т. қаласымен хабарласып көрді, олар ертең кешке дейін қолма-қол ақшаға машинаны бояп беретін болды. Міне, бүгін бұдан көңілі тынғандай болған Босекең үйге кіре берді. Ол келгенде Ызбаркүл желеңін жамылып, айна алдына бара беріп еді. Ол тырс етіп ашылған есік дауысынан селк еткендей болды да, Босаңбайға тұра жүгіріп мойнына асылды.

—Сен мені жақсы көрмейсің. Жақсы көретін болсаң, айтқаныма көп болды, неге өзіміздің «Победаны» жасылмен боятпайсың. Енді міне, менің жасыл көйлегім де тігіліп бітті. Ол аузын кере, екі көзін өлежітіп, даусын маңыраған ешкінің дауысындай соза сөйледі...

Нақ осы кезде бұлардың көршілерінде де осы сияқты бір әңгіме болып жатыр еді. Аупарткомның екінші секретары Теміровтің әйелі Гүлжан үйіне кірген күйеуін қатал қабақпен қарсы алды. Оның аққұба өңі әлде неден бүгін қарауытып көрінеді. Бауырсақ мұрны кейкііп қысқарып кеткен сияқты, ол әдеттегі шыдамдылығынан шығып күйеуіне қарап сөйлеп жөнелді:

Сені-ақ жұрт көріп тұрады. Көлеңкеңнен қорқатын сен-ақ. Елдің сендей-ақ еркегі үйіне бәрін әкеледі. Тіпті мына Босекеңдерді өкімет көрмейді. Ол да сендей жауапты қызметкер ғой. Басқасын қойғанда бүгіннің өзінде бір кеспек май бір-ақ келді ғой. Ал біз магазиннен өз ақшамызға да ала алмаймыз. Бүйтіп аудан басқарғаның бар болсын. Теміров еріксіз ойға қалды. Шынында да Босекең сөйте ме екен? Тіпті бір нәрсе жоқ болса болды Гүлжан мысалды солардан алатын болып кетті.

Мұның өзін ойластыру керек қой.

* * *

Бүгінгі күн Ызбаркүлге батпай-ақ қойды. Күн болса сенбі. Машина Т. қаласынан бо-
ялып келіп, қораға тоқтағанына екі сағаттай болды. Бұл екі сағат уақыт ішінде Ызбар-
күл жасыл көйлекті жалтыратып киіп, жасыл машина жанына дүркін-дүркін келіп-кетіп
жүрді. Тіпті екі қолымен екі бүйірін таянып, машинаның әйнегіндегі сәулесіне бала-
ларша қарап-қарап қояды. Күнде еп-ерте келетін Босаңбайдың да нақ бүгін машина
келгенде кешігіп қалуын қарашы. Әй, егер келе қалса ма! Ендігі қалаға жетіп те қала-
тын еді. Сонан соң жылтыр қара туфлиді тық-тық басып, жаңа капронның қарайтып
өкшесін көтере көрсетіп қарағайлы парктің асфальт көшесімен жүретін еді. Осындай
да еркек бола ма! Тіпті жұбайым, жарым бар еді деп ойламайды да, ә! Ең болмаса
бір мезет болса да әйел шаруасын да ойластырса қайтер екен. Қарамаса қатын кетеді
дегенді білмей ме!?

Осындай ойлармен Ызбаркүл ызаланып, атылар патронша түтеп отырғанда, екі иығы
салбырап, ұнжырғасы түсіп Босаңбай да келіп жетті. Қабак терісі бүгін өсе түскендей
екі көзін жауып кетіпті. Астыңғы ерні де әдеттегіден салбыраңқы көрінеді. Қалың,
етті бетінің бәрінен біреу әдейілеп арық тартқандай қарт-қарт әжім басыпты. Өзгермей
тұрғаны майлаған торсықтай шекесі ғана. Оның өзінен де бүгін тер сорғалап ағып тұр.
Босаңбайдың кескін-кейпіне қарамай, оның дене-бейнесін көріп Ызбаркүл аузындағы
қу атылып кеп кетті.

—Осы уақытқа дейін қай көңілдесіңмен, көзжасыңмен жүрдің, бәлен сағат бойы ма-
шина тұр қаңқиып, мен отырмын сарғайып!

—Енді қайда бармақ ең?— Босаңбай бұл сөзді ауыр күрсініп, аузынан жалын ата
зорға айтты. Сөйтіп орындыққа отыра берді. Одан ыза мен ашудың вулканы жарылға-
лы тұрғандай көрінді.

—Отырамысың омалып, жүр тез машинаға!— деп есінен айрылғандай бұрқ-сарқ етіп,
Ызбаркүл бұйыра сөйледі.

—Машина жоқ,— деді Босаңбай. Ызбаркүл жаңа қарап еді, оның түсінен адам шо-
шырылықтай. Ол терезеден көз салып машинаның жоғын көріп, машинамен біржола
қоштасқанын сезіп, осы кезде ғана барып есін жинағандай болды.

Асқақтаған көңіл осылай тасқындап басылды. Мұн-дайларды есте араны ашылған деп
ағайлардан көретін едік, сөйтсек желіккен жеңгейлердің де кесірі осал емес екен. Ой-
лай келсек, көптеген ағайлардың түбіне желіккен жеңгейлер жетеді екен!

1956 жыл.

ӨЗІМ АМАН БОЛАЙЫН

Бәрі де туысқан болғысы келіп қалыпты, бауырыма кіріп өліп барады. Шіркін-ай, де-
сеңізші. Мен дегенде анжырланып қатқан мұзы еріп кеткен болар ма? Еметайы езіліп
бара жатқандай сәлем берейік деп едік дегенін қайтерсіз. Әлгі бір Еркін деген бала
мен бастық болмай тұрып туысқан болып келіп жүруші еді. Одан басқа туысқанды
бұрын көрсем мына қушиған маңдайымдағы бадырайған екі көзім ағып түссін! Енді
міне, әне жерден де, міне жерден де «Мен Қоқаңның туысқанымын» деп сопаң-сопаң
етіп шыға берді, шыға берді. Мейлі олар не десе о десін, мен де оларға артық бірде-
ме арқалатып жібергенім жоқ, әдемі жылдыртпа сөзбен тілімді емізіп шығарып салып
жүрмін. Қайтем соларды, өзім аман болайын!

Айтқандай Еркін демекші, қайда жүр екен сол бала? Осы кезде керісінше, ол келу-
ді сиретіп кетті де, Шұбарағаштан ба-ай, Ұзынталдан ба-ай біреулер туысқан болып
қаптап кеткен жоқ па? Бұрын туған құлақтан соңғы шыққан мүйіз болып озбақ болады.
Ия, ия, әлгі Еркіннің өзі көп білетін, көп адамды да білетін бала. Қолынан келмейтіні
жоқ екенін жұрттың бәрі айтып жүреді.

Асқан зергер ұста, кішкентай қолымен осы дүниедегі күштілердің бірі К-700 тракторын бұрағанда тракторың қалш-қалш, дір-дір етіп, гүрілдеп-сарылдап оған жалынып тұрады деседі. Тіпті машинаның бірнеше тетігін өзі ойлап тауып, орнына келтіріп жібергенде Ақадыр ауы-лындағылардың бәрі аузын ашып, көзін жұмады. Сол баланы сол ауылға ферма бастығы қою жөнінде де талай ұсыныс болмап па еді. Мүмкін фермаға бастыққа, қойып жіберсек пе екен?

Тұра тұр. Асықпа Қоқа, Соның өзі ұрт мінездеу жігіт. Дүниенің біресе мына ұртын, біресе ана ұртын тесіп жібере жаздап жүреді. Кім біледі, бір күні төңірегіндегілермен тегіс сөзге келіп, біреуінің қисығын, біреуінің қиығын айтып жүрсе, кетпеннің сабы келіп маңдайыма тарс тиіп жүрмесін. Онда оны қоя тұрған жөн болар. Бір пәле шығып кетіп жүрмесін. Одан да өзім аман болайын!

Дүниеде жақсы адам аз ба? Солардың біразы маған да келіп тұрады. Бойы да, ойы да бар, сымбатты жігіттер де бар, бірді бірге шағып, екеудің арасына от жағып, дөй-дөй жасап жүретін, қос үйді қоса қондырмайтындар да бар. Дегенмен анау бір Топшыбай деген жігіттің жаратылысы басқа-ау, осы. Ол өзі есепші ме еді, не еді? Әлгі күміс қылшықты түлкі совхозы директорының орынбасары ғой. Соның өзі маған туысқандығы жоқ па? Жоқ сияқты. Екеуміз екі облыстанбыз. Тікелей бастықтарынан анықтама алып көріп едім, өз жұмысын білетіндігі былай тұрсын, әдебиет, мәдениет жағына да жетік екен. Ал шыны керек, қазіргі біздің шаруашылық басшыларымыздың көбі «Өтеген батырды» Абайдың дастаны, «Аттың сынын» Жамбылдың өлеңі деп жүрмей ме? Тіпті Абай мен Жамбылдың атын білмейді деу артық болар, бірақ солардың бір шығармасын айтып бере алмайтындар екінің бірі болмағанмен, бестің бірінен табыларында дау жоқ. Ендеше Топшыбайды бір белеске көтеріп тастамасқа не?

Ей, ей Қоқа. Байқа! Оның өзі Қаратаудан дегеніңмен Қаратауға Алатаудан кісі бармапты дегенді кім айта алады. Оның аталары бір кезде менің аталарыммен араздасып Алатаудан аттанып, Қаратау кетпегенін кім білсін. Қарыс жердегі Қаратау түгіл, сонау Еділдің арғы жағындағы Сарытауға да кетіп қалған қазақтар емес пе, бұл? «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау» деп Европаға барып жүрген қазаққа Қаратау, Қаратөбе, Қарашоқың сөз бе? Шоқаңдатып жалғыз атпен жүріп-ақ талай төбенің басына шыққан ел ғой, бұл. Ендеше асықпа, Қоқа. Сара ізіңе шөп салып, адымыңды қарыстап өлшеп жүргендердің бірі ол Қаратауда тұрғаны болмаса, Қоқаңның қайын атасының бөлесінен туған жиенінің жиеншары деп жүрмесін. Одан да шыдай тұрайын. Әйтеуір өзім аман болайын!

Аяғымен жүруді қойып аузымен жүретіндерді бұл күнде бесжылдықтың барлық ауырлығын көтеріп жүрген майталмандардай көретіндер әлі де табылып қалады.

Қолы істемейтіндердің ауыздары сөйлейтіні қашаннан бергі шындық. Ондайлардың қолына картаның қозырін ұстатып, мені кім деп отырсыз? Мен өзімді ұмытып өзегіме ыс кірді дейсің бе? Сондықтан да қарауыма туысқаным түгіл жекжат-жұратымды жақындатады екен деп ойламаңыз. Тек біздің үйдегі аюдай ақырған қырыс қатынның әңкілдегенінен құдай сақтасын! Әңкілдемей-ақ, әкіреңдемей-ақ сол жанымнан отырып алып мыжи беріп-ақ бәрін бітіріп алады. Сыбырлап айтса да, сықпытын келтіріп айтады. Орындамай көр, айтқанын! Соның кәріне ұрынбайын деп жүріп кейде айтқанын істеп қоятын бір босандығым бар. Менің туысқаным не болса ол болсын, тек сол тыныш болсын. Шынын айтсам оның тыныштығы менің тыныштығым. Сондықтан кейде дарияға тәуекел қайығын салған балықшыдай қалт-қалт етіп тұрсам да, жеңгеңіздің айтқанын қалт жібермеймін. Былтыр соның айтуымен ішімнен ұнатпай тұрсам да әлгі шақша бас, шүңірек көз Шоқиды тауық фермасына апарып шоқита салғаным бар. Қайтейін құлағым тыныш болсын. Өзім аман болайын!

Әлгі бір қара жігіттің аты кім еді? Қазақтың бәрі қара ғой деймісің? Жоқ олай деме. Соның өзі көзі қиықтау, қысыңқылау. Сондай қиық көздерді көргенде баяғыда Хасан көлінде соғысқандар есіме түсе кетеді. Оның он бес жыл бір қора қой бағып, мемлекет малын түлетіп, түгендеп жүргенін қайтейін, көзінің қысыңқылығы бір ашылмай-ақ қойды. Көрсеткішіне қарасаң алдына жан салмайды.

Жүз саулықтан жүз елу қозы алған. Анкетін алып қарасам он жылдық мектепті де бітіріп тастаған батырың екен. Пәлесін қарай гөр өзінің. Қой қоздатқан он бес жылдың он үш жылын табыспен аяқтаған екен. Содан бір ой келіп, соны жастар бригадасына бригадирлікке жібере жаздап қалғанымды көрдіңіз бе? Айналайын басымның қайдан істеп кеткенін білмей қалдым. Былтыр бір қойшылармен бас қосқанда ферма меңгерушісін сойып салғаны есіме сап ете түсіп, құдай әлгіні білдей бригадир етуден сақтап қалғанын қарашы. Япырай бригадир болып кетсе, жай қойшы болып жүргендегісі анау, қойыңның көрініп тұрған екі құлағын қойып, аузындағы тісін санайтын пәле бола ма, қайдам. Әйтеуір қысық көз қараны бригадир қоймағаным мұндай жақсы болар ма!?

Ұсынса басқалар-ақ ұсынсын. Кім біледі. Өзім аман болайын да. Осы әлгі Еркіннің өзі бір қызық жігіт. Басқа-көзге қарамай бірдемені қойып қалып отырғаны. «Мына бір шофер 1-класс, осыны гаражға бастық қойыңыз» дейді. Туысқан болса қайтейін тілін алмай қойдым. Тіпті ол бір едіреңдеген немені «Үнемі екі норма орындайды, әлі шоферлық правосын алғызу түгіл, талонын да тескізіп көрген жоқ» деп мақтайды. Инженер болса қайтейін, о баста нағып мұнда инженер болып келмепті. Еркін ұсынса ше? Басқалар ұсынбай оны неге еркін ұсынады? Бір жерінде жарылайын деп күні жетіп, пісіп тұрған шиқаны шыға келсе қайтемін? Қой әзірге оны да қоя тұрайын. Кейін көрермін бәрін де. Одан да өзім аман болайын!

Сіздер аман болыңыздар! Олар аман болсын! Туу түк те ұнасып тұрған жоқ. Өзім аман болайын! Міне, қалай икемге келе кетті. Басқаны қайтем, өзім аман болайын!

1975 жыл.

АҚАБАЙДЫҢ АҚШАСЫ

Алғашқы кезде ақшаның қадірін ағаңыз білгенімен жеңгеніз біле алмай жүрді. Еркек қанша ақша тапқанымен оның құнын біліп, құрап отырар әйел болмаған соң болмайды екен. Тұрмыс бірқалыптан өзгермей бұрынғысынша қала берді. Шіркін-ай дейтін бұл кезде ағаңыз, «мал таппас жігіт болмас құрарын айт» деген осы екен ғой, біріңді екі, екіңді үш етіп жинап отыратын әйелге не жетсін.

Ағаңыздың тапқан ақшасын жеңгеніз алып алғаш базарға шыққаннан соң-ақ ақшаның дәмін татып, жақсы екенін білгендей жайы бар-ды. Ақша шіркіннің өзі көзге ыстық қой. Ақшаға дүние сатып алған сайын жеңгеніздің іші қуанса, қолынан ақшаны санап берген сайын іші ашып, ақшаның әжептәуір күші бар екенін бағалай бастады. Осыдан бастап жеңгеніз де ақшамен дос болып кетті.

Ағаңыз болса баспада редактор болды. Өз қолында болған соң аясын ба, азды-көпті ақша дәмін татқан жеңгеніз де оны табудың жөнін ұқты. Ол үйде аударма жасап, ақша табуға отырды. Сөйтіп түзден ағаңыз, үйден жеңгеміз екі жақтады. Екі бірдей адам ақша табудың қамына кіріскен соң көне ақша қашып көрсінші?

Қалай бұлтарса да қоймады, «Дәніккеннен кәніккен жаман» екен, ақша табудың соңына түсіп алған соң ағаңыз бен жеңгеніз біріне бірі қарап жымыңдасып, ирек-ирек жолға түсті.

Бұл ағаңыз Ақабай, ал жеңгеніз деп отырғанымыз оның зайыбы Ғалия.

Ғалия бір тәуір жері совет мекемесінің есігін ашып, жұмыс істеп көрмеген адам. Бірақ өзіне дегенде өгіз қара күшін көрсетіп, аударма жасады. Ел қатарлы атқарар сегіз сағатың не, сегіз минут та мемлекет үшін шөп басын сындырып көрген жоқ. Ойлағаны өз қамы, өз құлқыны болды. Алғаны алақанында, жұтқаны жұмырына, татқаны таңдайына. Ал Ақабай болса, Ғалияның аудармасына қамқорлық жасаумен, соның тілеуін тілеумен болды. Мекемеге келіп отыратын сегіз сағатының көпшілік уақыты өзіне түсер пайданың ізін бағумен өтіп жүрді. Өйткені, қайдан болса да екеуінің тапқаны зат болса бір қапқа, ақша болса бір қалтаға түседі ғой. Сөйтіп қалай да болса ақшаны мыңдап болса да, ондап болса ала жүріп бірнеше жыл өтіп те кетті...

Өтіп кеткен нәрсенің қайбірін сөз қыла берейік. Көптеген былықтар жасалып, буда-буда болып буылып архивке сүңгіп кетіп жатты.

Бірақ осы былықтың бірсыпырасы осыдан екі жыл бұрын ашылып, Ақаң орнынан алынып, партиялық жаза алған. Бәріміз де іс осымен бітті деп білгеміз. Бірақ архив қайтадан ақтарылғанда оның қойыртпағы қопарылып, былығының беті ашыла берді. Ашыла берген сайын үңіле бердік, түңіле түстік. Қылғып қойған ақша, алысқа кеткен ақша, танысқа кеткен ақша, «досқа» кеткен ақша, мың-мыңдап босқа кеткен ақша. Қысқасы, Ақабайдың мемлекеттен шығарған шығынының түрі осындай, шұбалып кете береді.

Атап айтқанда:

Ақаң жолдасы Ғалия почташыларға нұсқауды аударып тиісті ақшасын алған еді. Содан кейін бұл кітап ағамыздың столында айлап жатты. «Е несі бар, шартты ақшасын алған, шығардағы» десіп жүрді жұрт. Жоқ тіпті де олай емес екен. Ақаң Ғалия аудармасын шығармады. Оның да есебі бар екен. Кітаптың жарыққа шығатын мерзімін әдейі өткізіп жіберіп, ақшасын қайта даулап алу үшін кітапты әдейі баспаға жібермеген екен. Ақша табудың жолының көбі-ай, десеңізші! Сөйтіп, Ғалия ағаңызды сотқа беріп, 2500 сомды қайта соғып алды. Кітапты кешіктіретін күйеуі, ақшасын қайта алатын әйелі. Бірақ бәрібір қалай болса да «бидайдың барар жері диірмен» дегендей ақша бір-ақ қалтаға түсіп жатты.

Жеңгеңіз де жеудің жөнін біліп қалған, бір күні тағы бір кітап—«Бағбан туралы әңгімені» аударып бітірді. Бұл кітап нұсқау бойынша бес мың дана болып шығуы керек еді. Күйеуі мен әйелі он мың данаға шарт жасасты. Сонан кітап жарыққа шығарда Ақабай полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы басқармасына барып, шабуылдап жүріп, кітапты он бес мың тиражбен шығарды. Ғалия ертеңіне жүгіріп сотқа барып, артық тираж үшін 3315 сом ақша кестіріп алды. Үйіне келген әйеліне Ақабай халыққа көп тараған Балуан Шолақтың Ғалиясының ізімен былай деп өлеңмен сырғанатып қоя берді:

*Ғалияның қолында бір буда ақша,
Жаям құшақ Ғалия ақша тапса,
Сауын сиыр емес пе баспа деген,
Сора бермей немене артын жапса,
артын жапса?!*

*Ойпырмай, Ғалия, ақшаңыз,
Ұнайсың ақша тапсаңыз,
Жақпайсың маған әрине,
Қалтаның түбін ой,
oho ой қақсаңыз!*

Ақабай мен Ғалиясы бір кітаптың ақшасына екі жеп қашаннан дәндеп алған соң, бұдан былай салымы соттан болды. Ебін тауып екі асап, «Мектеп» баспасын да сотқа беріп, он жеті мың сом кестіріп алды.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын Томанов деген біреу портрет арқалап, Ақабайдың кабинетіне кіріп келді. Көтергені Жамбылдың, Абайдың, Ыбырайдың, Шоқанның «портреттері» екен. Дәл айтқанда портрет емес, бояу баттасқан бірдеме. Екі сағатқа созылған ерекше күбір-сыбырдан соң әлгі суретші тоғыз мың сомды алып тайып кетті. Кіммен бөліскенін өзі білсін. Әйтеуір сол сурет басуға жарамай баспаның қоймасында ұзақ жатып, ақыры жоқ болды. Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткен есіл ақша десеңізші. Тағы да көзтаныстарына көп нәрселер аудартып, оларға мыңдап ақша шашты.

«Көп асқанға бір тосқан» деуші еді халық, бірақ әзірге Ақабайға да, оның ақшатапқыш келіншегіне де ештеме жолайтын емес.

Еш жерде қызмет істемейсің, партияның келесі жиналысында қалай есеп бересің? — деген екен оған бір коммунист, сонда Ақаң:

— Жазушымын, профессионал жазушымын, — дейді. Профессионал жазушыңыз не жазды дегенге келсек ондай әзірге газет-журналға, баспаға түскен ештеме жоқ, оның есесіне ол туралы заң орындарына көп қағаз түссе керек. Шынына келгенде жиырма жыл ішінде жиырма жолдық хабар жазбаған Ақаңның атынан жазушылар мынадай өлең шығарып қойыпты:

*Есентайдың баласы Ақабаймын,
Пайда түспес жерлерді жақамаймын.*

Қайырмасы:

Ойпырмай, Фалия, ақмаңыз, Ұнайсың ақша тапсаңыз...

1977 жыл.

ҚАРА ЧЕМОДАН

Келген-кеткендерді есепке алып, жүрген-тұрғанды жіпке тізіп отыратын демалушылардың әдеті. «Бүгін курортқа пәлендей көйлегі бар, аққұба немесе сары әйел келді». Ол автобуспен немесе «Волгамен» келді. Осының бәрін мүлт жібермейді. Тіпті кімнің қай әйелдің қандай туфли киіп келгені, оның бүгінгі модаға қатысы қалай, осының бәрі де хатқа жазылғандай, «мынау кім?» дей қалсаң сыпырта жөнеледі. Еркектер туралы да дәл осылай. Бір қызығы жаяу өсек тек әйелдер еншісі емес, оған еркектер де араласып, егер өсек айту күнә дейтін болсақ, олар да белшесінен батады.

Алмалық қаласына жақын орналасқан «Қарағайлы» курортына күніне әлденеше адам келіп кетеді: Жұрт-бүгін әлдеқандай сары әйел келді. Ол жап-жасыл «Волгадан» түсті, үстінде тауықтың қанатынша жайылған жасыл жібек көйлегі, аяғында өкшесі құздиған, түмсығы біздиген жасыл туфли бар десіп жүрді. Мұндай перизатты «Қарағайлы» өмірінде көрді ме екен деп гуілдесті. Талай-ақ сән қуған жеңгейлер де мұндай сәнді аяқкиімді бұл өңірде көрмегенін айтып, ол әр әйелдің-ақ арманы болып қалды. Шынын айтса өкшесі құздиған, түмсығы біздиген туфли бұларда да бар, бірақ көйлек түріндей жасылын қайдан тауып алды десеңізші!

Бейтаныс әйел туралы әп-сәтте-ақ ерігіп жатқандарға тегіс тарап, әркім-ақ оны бір көріп, дидарласу, егер жөні келсе сөйлесуді де ойластыра бастады. «Ол әйел жаңа моншаға барды», «одан шығып корпусқа кетті», деген соны деректер қайта-қайта жаңарып зыпылдап бірінен-біріне жетіп жатты.

— Қап, ең болмаса атын білмедік-ау, мұндай періштенің атын біліп отырудың өзі бір ғанибет екен ғой, — деген сайқы-мазақ жігіттер де кеу-кеулеп, оны жерге түсірмей аспандатып барады. Тіпті олардың кейбірінің сөзіне сенсең ол жер басып жүрмейтін, тек жер үстінде қалқып жүруге жаралған әсем көбелек сияқты. Нақ осы бір сәтте, тағы екі танауы делдиген, екі құлағы қалқиған, өзі тура хабар әкелуге жаралған жан сияқты Көшер келіп жетті.

— 99-ға орналасты!

— Әй, ей, Төкен, сүйінші бер, сүйінші, — деп қалжың-бастар 99-ға көрші палаталардың жігітіне жармасты.

— Қап, біреуі жетпегені жарамады, — деп ақырын ғана сыбыр ете түсті жатып атар Төкен.

— Осындай хор қызына қалай аузың барып сондай сөз айтасың, — деп жігіттердің біразы шынымен ренжіп қалды. Төкен сөзі әркімнің-ақ көңіліне дақ салғандай тыныштық орнай қалды.

Тағы біреулер даурығып бірдемелер айтпақ еді, жігіттердің бірі «тыс — с — с!» деп аузын басты. Жаңағы перизат. Өзгеріп кетіпті. Қызыл көйлек, қызыл туфли киіп, қызыл шатыр көтеріп барады. Қара чемоданын бір дәу қара жігітке көтерткізіп, мүлік сақтау камерасына қарай өтті. Жуан қара чемодан жігіттің қолын үзе жаздап бара жатқаны оның шамадан тыс мықшыңдауынан көрініп тұр. Демнің арасында өзгеруін көріп демалушылар бұрынғыдан да гулей түсті.

Айнала тау. Күн нұрын төгіп тұр. Қарағайлардан шайыр иісі аңқып курорт төңірегін алып барады. Палаталардан шыққан демалушылардың бәрі түскі тамаққа беттеді. Асхана маңына жиналғандар жұртты таңдандырған сары әйелді көрмекке ынтық. Тамаққа келетін-ақ шығар деп тұрысты. Бірақ ол жұрт тамаққа кіріп кеткенше келмеді. Жұрт әбден асқа отырып, кейбір қомағайлар алғашқы табақтарды босатып болғанда барып есіктен сары көйлек қылаң берді. Асхананың күнге қараған ашық есігінен түскен сәуле оны бар әлемге паш еткендей жарқ еткізді.

—Әне, көктемгі көбелек,— деп Төкен күліп жіберді. Оның қарсы алдында тамақ ішіп отырған Алтынай деген әйел оны түсінбей сасып қалып, қос қолымен табағының бетін жаба қойды.

—Ол сенің табағыңа сыймайды. Ол әне, анау кірді,— деп Төкен ішек-сілесі қата күлді. Бұл сөзге Алтынай да күліп алып, қалжыңмен жауап берді:

—Кім біледі, сыбағама ортақ болып жүре ме деп қалдым ғой!

—Сыбағаңа ортақ болып қана қойса, ештеме етпес. Сол сыбағаңды сыпырып алып, құр алақан қалдырмаса не қылсын!

—Мына қарсы алдымда отырған сізді де алып қоя ма, әлде айдаһар аузына жүгірген қоянша өзіңіз-ақ солай қарай ығыстай бермек ойыңыз бар ма?

Төкен мен Алтынай екеуі біраз күліп, тамағын ішіп болып сыртқа шықты. Демалушылар есік алдындағы ұзын отырғышқа тізіліп отырыпты. Шамасы асханадан шығар сары көйлектіні тағы бір көріп қалмақ сияқты. Нақ осы кезде соны хабар жетіп, онымен бір столда тамақ ішкен жігіт оның атын айтып берді. Аты Мариза екен. Мариза! Аты қандай әдемі еді! Па шіркін, Мариза!— десті отырғандар.

Жұрт аузын жиып алғанша Мариза сары көйлегі күнге шағылып, лаулап жанған жалындай лапылдап келе жатты. Сайқы мазақ жігіттер бірін бірі түрткілеп «сен айт, сен айт!» десіп қалды.

—Отырыңыз, демалыңыз, тоғыңызды басыңыз,— деп жіберді аузы жылдамдау біреу. Мариза тоқтамай «рахмет, қазір келейін» деп ырғала басып өтіп кетті. Ол өткен кішкене жолда аңқып «спутник» әтірінің иісі қалып қойды. Отырғандар өзі болмағанымен осыған да қарқ болып жатқан жайы бар. Демалушылар енді көтеріліп кетпек болғанда Маризаның осылай беттеп келе жатқаны байқалды. Өзгеріп кетіпті. Үстіне аппақ ақторғын көйлек киіпті. Аяғына ақтан шаңдыма шарық тартыпты. Боялған башайлары ін аузындағы шаяндай қызарады. Өкшесі жалғыз шегеде тұрғандықтан ба дір-дір етеді. Талып, буыны құрып бара жатқанға ұқсайды. Оның аяғына қараған әркім-ақ «егер Мариза осылай жүре берсе, бір оңбай жығылады ғой» деген қорытындыға келіп отыр.

Мариза жұп-жұмсақ сөйлеп, сәл жымыып қоңыр қозыдай момақансып көптің ішіне келді. Жұрт жарылып оған орын берді. Ол отыра бергенде-ақ түскі тынысқа қоңырау берілді..

Жұрт Маризамен танысып қалды. Бір қызығы оның ылғи күлкісі келіп тұрады екен. Ол отыра беріп те, тұра беріп те күле береді. Амандасса да тісін көрсетеді. Таныса келе тіпті ол даурыға сөйлеп, қарқылдай күлетінді шығарды. Дегенмен жұрт сыр алмаған адамды бауырына тарта берді.

Мариза бұл күндері демалушылармен қатты араласты. Тек Алтынайлар ол келсе-ақ тыжырынып қалатын болды. Ол күніне көйлегін он шақты рет өзгертеді. Және бір киген көйлегін қайта киіп көрінген жоқ. Талай сәнқойлар оның шалымына да ілесе алмай қалды.

Арада бір апта өтіп, Маризаны біреу мақтап, біреу жамандап, енді біреулер оның байлығына таңданып жүріп жатқанда ол жоқ болды да қалды. Тіпті дәлізде де көзге түспейді. Бірге тұрғандар да не болғанын айта алмады. Күтушілер 99-ға тамақты тасып беріп жатты.

—Япыр-ай, көңілін сұрау керек еді,— десіп қойып жүрді еркектер жағы,— қатты жығылды-ау!

—Я, науқасы қатты,— деп күлді Алтынай. Оның күлкісін Маризаны көре алмағандық деп түсінді көпшілік.

Шынында да Маризанын орны бөлек. Демалыс үйінің сәнін келтіріп тұрған сол сияқты екен. Көктемнің көркі, гүлге қонған әдемі көбелектің қанаты қырқылып, күз болып, қазан ұрғандай болды.

Бір күн көңілсіз өтті. Мариза жоқ. Жұрт енді бүгін келер деп үміттеніп еді, екінші күні де болмады. Тым-тырыс.

Тек үшінші күннің жүзі болғанда ғана әнеугі Маризаның чемоданын көтеріп келген дәу қара тағы бір зор қара чемоданды көтеріп жетті. Ол тура тартып 99-палатаға кірді...

Қара жігіт көп кешіккен жоқ қайта шықты. Бірақ бос емес, әнеугі қара чемоданды мықшыңдап көтере шықты. Палатадан қара чемодан кіріп, жаңа чемодан келгеннен кейін Маризаның тықыры біліне бастады. Ол көрінбей қалғанын күлкімен көмгісі келгендей сықылық, қағады. Оның үстіндегі зер араласқан жалтырауық қара көйлегі күлкімен селкілдегенде жалт-жұлт етіп құбыла түседі, қара шұбарланып, әлдебір суық түске боялып, сұрқай көрінеді.

Мариза бұрала басып, тағы да аллеяларға шықты.

Ал қара чемодан арқалаған жігіт мықшыңдап оның алдында кетіп бара жатты. Енді жұрттың көзі Маризаға емес, қара чемоданға ауды. Сырт қарағанда бұл чемодан басқа чемодандардан аққұла айырмасы да жоқ. Дегенмен оның тойған сиырдың қарнындай сыртқа шығыңқыраған, солқылдаған бүйірінде иесін құтырта түсетін бір пәле бардай еді..

1964 жыл.

СУАЙТ

Жамал Зояны ертіп биге жақындап келіп тұр еді, бұрын бұл институттан бір де рет көрмеген, сып-сыпайы біреу жаңдарына келіп Жамалды биге шақырды. Қыстың қақап тұрған суығында басына жалаң тақиядан басқа түк кимеген бұл жігітті Жамал әуелгіде есерсоқтау біреу шығар деп ойлағанымен, сырты жылтырап тұрған соң ондай жаманшылыққа қимай, билеп кетті.

Талпақ танау, қысық көзді бұл жігіттің шекесі тықырайып тұр. Оны бір жапырақ болған тақиясы құрғыры жасыра алмайды. Сырт қараған адамға шырт етпе ашуланшақ сияқты көрінер еді, бірақ қыз алдындағы тым сыпайыгершілігі бір көргенде оны байқата қоймады. Үстіндегі сәнді тігілген костюмі өзіне қонып тұр. Аяғындағы қара ботинкасын жалтыратып, жүз көрінетіндей етіп тазартып қойған.

Жігіттің билегенде аяғы аяғына жұқпайды, сып-сып етеді. Вальс ойналып бітіп, аз үзіліс болды. Үзілісті пайдаланып әлгі жігіт:

—Таныс болайық, Құрбан,— деп Жамалға қолын ұсынды. Өзінің атын айтып Жамал да қолын берді. Зоямен де танысып үлгерді. Осы кезде би қайта басталып кетті де, Жамал Құрбанмен қайта айнала бастады. Бұл жолы Құрбан бұрынғыдан да жақсы биледі. Мінезі, ісі биіндей болса, жаман жігіт болмады деп қойды ішінен.

Би арасындағы бір үзілісте буфетке тұра жүгіріп кеткен Құрбан екі қызға екі шоколад алып келіп, ұстатып жатып:

—Мұның бағасы жетпіс екі тиыннан, екеуі бір жарым сом,— деді.

Қыздар мынадай сыпайы жігіттің аузынан мұндай сөзді ести қоямыз деп ойламаған еді.

Бұдан кейін Құрбан Жамалға келгіштей бастады.

Екінші келгенде-ақ Құрбан Жамалмен бала жасынан бері таныс адамдай «сен» деп сөйледі. Кейде мінезі ашық адам өзі құрбылас адамға бірден-ақ «сен» деп сөйлей берді ғой. Қыздарға келгенде бұл жігіттердің батылдығына байланысты болады. Жамал да оны не батыл, не ашық мінезді шығар деп ойлады. Ешкім сұрамаса да ол өзінің шетел тілдері институтында оқитынын, ол тұрған бөлмеде телефон бар екенін айтып, Жамал сұрамаса да телефон номерін қалдырды.

Арада бір-ер апта өткен соң Құрбанға Жамалдың әлдеқалай ісі түсе қалды. Шетел тілінің бірінен оқулық керек болып, кітапханаға барып еді, мұндағы барын студенттер алып кеткен екен. Сонан соң Құрбаннан сұрай қояйын деп телефон соғып еді, әл-декімнің үйінен жауап бергені. «Садыровтың үйі тыңдап тұр»,— деді бір нәзік дауыс. Жамал шатасып кеттім бе деп телефон трубкасын қоя салды. Ол трубканы қайта көтерді.

—Сіздерде Құрбан тұра ма?—деп сұрады Жамал.

—Ия, тұрады, ол менің інім,— деп жауап қайырды телефоннан, жаңағы нәзік дауыс. Жамал терлеп сала берді. Даладан келген Зоя оның институтта оқымайтынын да біліп келіпті. Жамал орнына енді отырғанда бөлмеге оның сабақтас жолдасы, әрі ауылдасы Хамит кірді. Көптен бері келмей жүретін Хамиттың бұл жолы келгеніне таңырқап қалды.

—Немене, адам көрмеп пе едің?— деп ол бір қалжыңдап алды. Сонан соң Хамит сөйлеуге арнап келгендей тамағын бір кенеп қойды.

Оның бетінен ызалы күлкінің ізі көріне қалды да, жеке тұрған отырғышқа отыра беріп, әңгімені шұғыл бастап кетті:

—Мереке болса жақындап келеді. Бүгін қалтамда бар ақшама бір костюм алайын деп бір-екі магазинге кіріп едім, маған керекті түрі кездесе қоймады. Содан базарға келсем, тықырайған бір жас жігіт үстіне бір жаңа жасыл пиджак жамылып жүр екен. Іздегенім де осындай еді. Жанына келіп біраз тұрдым. Сұрайын деп едім, үстіне жамылып тұрған соң батпадым. Айналсоқтап біраз жүрдім. Ондағы ойым, өзінің киіп жүргені болып, «өзінің үстіндегіңді сатушы ма едің» десе не деймін деп тұрмын, ал сұрамайын десем, костюм керек... Түрі ұнап барады. Костюмі маған шақ келе кететін түрі бар, оның үстіне білегіне салып шалбарын бөлек ұстап тұр. Тәуекелге бел байладым.

Осы жерге келгенде Хамит Жамалға көзінің астымен бір қарап қойып, әңгімені ерекше бір шешендікпен айта берді. Ал, Жамал Хамит әңгімесін құтыртып айтқан сайын берекесі кетіп, бір қуарып, бір қызарды. Осының айтып тұрғаны Құрбан болмағай еді деп ойлады, ішінен.

— Иә, иә,— деді Жамал әңгіменің аяғын тез естігісі келіп. Мұны байқап қалған Хамит аз-кем тыныс алған болып, серги қалды. Содан Жамалға бұрылмай басқаларға қарап сөйлей бастады:

— Сатасыз ба?— деймін мен.

— Жоқ, бірақ, сіз қаласаңыз, амал жоқ, сатайын,— дейді ол. Оның алғашқы «жоқ» дегенін естіп, мұрнымнан тер бұрқ ете түсіп еді, «сіз қаласаңыз» дегенін естіп, тыныштана қойдым. «Амал жоқ сатайын» деген соң, бұл маған сонша жаны ашып тұрған не деген жақсы адам деп үйіріліп үстіне түсе қалдым.

— Екі сом беріңіз де ала қойыңыз,— деді. Осындай жақсы костюмнің бағасы қалай екі сом болмақ? Өз құлағымға өзім сенбеймін, костюмді ары-бері аударып, аударып қоямын. Сөйтсем сұрап тұрғаны екі сом емес, екі жүз екен.

— Бұл қай пішім,— дедім.

— Сізге қайсысы керек еді?

— Қырық сегіз.

— Мынау нақ қырық сегіз, киіп көріңіз.

Иығыма костюмнің ілінуі мүң екен:

—Құдай тура сізге арнап пішкен екен, енді шешпеңіз, ақшасын төлей беріңіз, екі жүз сомнан екі тиынын кем бермеймін. Әншейін сіз үшін ғана, әйтпесе,— дейді. Сіз үшін деген сөз ішімді жылытып жіберді. «Керекті тастың ауырлығы жоқ», дегендей ала қойдым. Мен неде болса, костюм тауып алғанымға қуандым. Әлгі жігіт бұдан былай да байланыс жасап тұратын болды, «атым Құрбан»,— деді.

—Құрбан?!

Жамал тағы шошыңқырап қалды. Хамит оған көңіл аудармағандай сөйлей түсті. Ол әңгімесін соза айтқанмен сондай әсерлі шықты. Бөлмедегі бір адам қыбыр етпей, тыңдап отыр.

—Сөйтіп жөнімізге кеттік. Жол-жөнекей бір магазинге кірсем, әлгі мен алғандай костюм толып тұр. Жағалата магазинге іліп тастапты.

—Ие, ие,— деді ентелеп тыңдап отырған студенттер. Бағасын сұрап көріп едім, жүз-ақ сом.

—Қап, есіл ақша-ай,— деді тыңдаушының бірі санын соғып.

Хамит сөзін қайта жалғастырды:

—Өзім де санымды бір-ақ соқтым. Екі костюм алатын ақшама бір костюм алғанымды ойлап, ішім удай ашыды. Жалма-жан іздеп едім, ол табыла ма, «сауда сақал сипағанша» деп тайып отырыпты.—Хамит тағы бірдеңе айтайын дегендей оңтайланды да, Жамалға көз қиығын бір тастап шығып кетті.

* * *

Жамал Хамиттың артынан залға шығып еді, Зоя мен Хадиша келе жатыр екен. Хадиша да осы ауылшаруашылық институтында оқитын. Жамалды көрген соң-ақ ол күліп, «ботыны тегін киетін болдыңдар» деп ары жүре берді де, Зоя бері бұрылды.

—Неге түнеріп тұрсың? Құрбаныңды ойлап тұрмысың?—деп мысқылдай күлді Зоя. Жамал кекесінмен «иә» деді де, Хамит айтқан әңгіменің бәрін бастан-аяқ айтып берді. Зоя да шешіле кетті.

—Ендеше қыздарға келеке болып жүр екенбіз, олар оның кім екенін жақсы біледі екен. Жақында ол Хадишаларға алпыс сомнан боты сатыпты. Не деген сұмдық.

—Қап, қорлық-ай!..— деді Жамал түнеріп. Өтірігінің шығып қалғанын қайдан білсін, екі-үш күн өткен соң тақиясын шекесіне салып, сыпсың қағып, институтқа Құрбан келе жатты. Адам болған соң армансызы бола ма? Жамалға қосылса, Құрбан үйленді деп туысқандар тамбурын тартса, дауылпазын соқса! Жамал оқыған әйел, ол қазан-аяқтан аулақ. Өзі ас әзірлесе! Өзі оқымай қалды. Бірақ Жамал қызмет істейді, ақша жетеді. Я, өзі де қарап жата ма? Оқыған әйел алып, оған манти пісіріп қойып, шалқасынан түсіп, ханымды күтіп жатса... Ол жатақханаға келіп те қалды. Жамалды да онша қиналмай-ақ тез тауып алды.

Жамал залда кездесе кеткен Құрбанға тіке сауал қойды:

—Сіз қайда оқитын едіңіз?— Сол, сол-ақ екен, Құр-банның өңі қуқыл тартып сала берді.

—Селхозда,— деді ол сасып қалып, өзі сол институтта тұрып.

—Сіз тағы өтірік айтып тұрғаныңызды өзіңіз сезесіз бе?

Адам аузынан жаңылам десе қиын емес екен, Құрбанның тұрып-тұрып «әрине» дегені ғой. Жамал күліп жібере жаздады. Қыз алдында жігіттің міні сорайып шығып тұрса, оның басына одан артық өлім бар ма шіркін? Өлмегені қара жер. Бірақ Құрбан ұялған жоқ. Сол жақта-ақ дәлізде көрінген қыздардың әрқайсысына бір сөйлеп, қылжаңдап кетіп бара жатты...

1955 жыл.

МҮЗДАҒАН ЕТ

Еркін ауылдан қалаға ет магазинінің директоры болып ауысты. «Біреудің асық жілігін жесең, өзіңнің жамбасыңды сақта» деген емес пе, Еркіннің үйі де «ерулікке қарулық» деп өздерін шақырып азды-көпті сый көрсеткен Төкен үйін қонаққа шақырды. Жаңа ғана «жұмыстан шыға салып келіп едім» деген Төкең Еркін үйінің табағына шанышқысын бір қадап, бір түйір етті аузына салды да, соны ұзақ, малжаңдай шайнап, қайтып беттемей бедірейіп отырып қалды. «Алыңыз-алыңыз» деп қу жаны қалмаған Еркін сөзін естісе де естімегендей сұлық, қарш еткізіп тісімен тас шайнап алғандай сілейіп отыр. Үн жоқ. Тіпті Еркін жанын қоймаған соң салқын ғана «рахметін» айтты. Олар шайды шала ішіп үйіне қайтқан соң Еркін мен Гүлдан көздері аларып, біріне-бірі шапы-раштана қарасты. Маңдайларынан бұрқ-бұрқ тер де шықты. «Етті сасытып» дегеді естігенде Гүлдан да Еркінге шап ете түсті:

—Жұрт сияқты менің тоңазытқышым бар ма? Қалаға келген соң бәрі сай болуы тиіс. Ауылда ол оп-оңай. Іңірде етті тұздап жая салсаң, таңертеңге дейін қанды суы сорғып, қоңыр жел кептіріп қоюшы еді. Енді міне, үйімізден қонағымыз қашты. «Тату кісі ұрыса алмайды» дегендей ақыры ерлі-зайыпты екеуі желінбеген сасыған ет кінәсін бөлісіп алып, ертеңіне-ақ магазиннен тоңазытқыш іздемек болып жатты.

Көп сандалыстан соң бір магазиннен тоңазытқыш табылмағанымен, ұзыннан-ұзақ жасалған бір тізім кездесті. Көп умаждан кедейдің түтеленген киіз байпағындай болған қағазға Гүлдан сексен тоғызыншы болып тіркелді.

—Ертең-бүрсікүні тоңазытқышты ала аламын ба?

— деп сұрады Гүлдан, жазып жатқан адамнан. Анау «сары майдан дәмметкен кеудең құрысын» дегендей алара қарап алды да, «екі-үш ай күтесіз» деп салғаны.

—Екі-үш ай!

Сонда екі-үш айға дейін үйіне келушілерді сасыған етпен сыйлауы тиіс, не аш аттандыруы керек. Одан соң қар да жауады. Міне саған, тоңазытқыш керек болса!

—Еркін-ау, енді қайттік?— деген Гүлдан даусы қатты шықты. Бұл тұрғандардың біразына-ақ естілді.

—Амал нешік!— деді Еркін есікке беттеп. Олар есікке жақындай бергенде ақырын ғана «Азамат» деген сөз естілді де, Еркінді біреу жеңінен тартып қалды. Еркін сескеніңкіреп, ежірейсе қарады. Жаңағы тізім жазып тұрған пісте мұрын сары әйел. Қабағы тұнжыраңқы, іші бұрап ауырып тұрғандай кейіп, тыжырана сөйледі:

—Сіз қиналдығыз ғой. Білем-білем. Ет сақтай алмай, қорлық көріп жүрсіздер ғой.— Ол жан-жағына қарап, иттен қашқан еліктей елең-елең етті. Бет-аузы да қайта құбылды.

—Ойбай-ау, әлек болғанда айтпаңыз етіміз иістеніп, үйімізден қонағымыз қашты,— деп, Гүлдан сексеуіл отына қайнаған қазандай лақылдап бар сырын ақтара салды.

—Ендеше менің жаздырып алған талоным бар, сіздерге-ақ берейін, кезегім келіп, алып едім. Зәру екенсіздер. Ақшам да жететін емес.— Әйел бір жапырақ қағазды қойнынан шығара қойды. Бұл қормал әйелге екеуі де қатты риза болып, қолындағы қағазға жармаса кетті.

—Ой бала-шағаның игілігін көр, айналайын,— деп ерлі-зайыпты екеуі батаны басынан жаудырды. Ал Еркін әйел қолындағы талонды ала жөнелді. Нақ осы кезде жаңағы пісте мұрын сары ұры ұстағандай Еркінге шап берді. Көзі шақырайып, тас төбесіне бітіп, жаңа ғана қызылы-қызыл, ағы-ақ болып қарға аунаған түлкідей жайнай қалған келіншек, ит кемірген қу асықтай болып шыға келді. Ол жаңа ғана Еркін қолынан Гүлданға жеткен талонды жырта-мырта жұлып алды.

—Немене, үш ай босқа жүрді деп пе ең? Бермей-мін!— деп шаңқ-шаңқ етті.

—Ойбай-ау, шырағым, өзің берген соң...

—Тапқан екенсің нан жеместі!

Гүлдан пісте мұрынға жалынып, айрылмай қалды.

Отыз сом бер.

—Мә!

Сөйтіп, құр талонның өзін ғана отыз сомға түсіріп, одан тоңазытқыштың бағасын төлеп ерлі-зайыпты екеуі магазин қорасынан тоңазытқышты үйге алып қайтты. Неде болса тауып алғандарына қуанды. Сол күні-ақ Гүлдан үш-төрт килограмм ет пісіріп, тоңазытқыштың ішін толтырды. Бір жағына шикі етті де орналастырды. «Ертең мен жұмыста жүргенде келсең жерсің» деп Еркінге еркелей күлімдеп те қойды.

Ерекеңнің де өзінше мақтаны бар. Ол ертеңіне-ақ түсте бір жолдасын ертіп, жетіп келді.

—Қазір бір тоңазыған ет жеп тоялықшы,— деп лепіріп те қойды. Бірақ тоңазытқыштан шыққан ет жолдасы екеуін қатты жұтқындырып, құр тамсантқаны болмаса ауызға түспеді. Өйткені піскен тіл, жау бүйрек, құйрық-бауыр бәрін де қыста далаға түнеген тоқтыдай қырау басыпты, тістеуге келмей, мұз болып қалыпты. Түскі үзілісте оны жылытып отыруға уақыт жоқ, екеуі құр шай ішіп, жолдасы Еркіннің сөзіне тойып қайтты. Дегенмен Еркін мал иесі болған соң «өлсем де» деп қыраулы, қатқан тілдің бірін түйіле-қабына жеп жіберді. Суыққа ба-тырлық жүре ме, кешке қарай Еркін тамақ ауруы ұстап, күндіз денесі мұздап, кешке қарай қызуы көтеріліп қайтты.

—Мен сені сорпа ішкізіп жазамын,— деді Гүлдан. Ет асты. Бірақ бұл ет те бозарып үсіп, дәмі қашып кетіпті... Сөйтіп тоңазытқыш тілін ерлі-зайыпты екеуі жаңа үйреніп келе жатқанда бір күні асығыста оның қақпағы ашық қалып, бұзылып қалды. Техниканың тілін білу оңай ма, шіркін!

Еркін шеберханаларға телефон соғып, ешкімді шақыра алмады. Бәрі де «тоңазытқышты әкеліңіз» дегенді айтады. Бір килограмма емес, он килограмма емес, бір центнерге жуық темірді қайтіп арқалап жүрсін! Қиын-ақ болды. Дегенмен адал еңбегімен тапқан тоңазытқышты пайдаланбай соқайтып қойғысы келмей, ауыр болса да олар арқалап жүріп жөндетті. Мұның өзі бір ақыл жетпейтін қиын іс болды. Телевизор бұзылса үйге келіп жөндейді, ал тоңазытқышты, радиоқабылдағышты жөндеу одан қиын ба екен. Әйтеуір алып келіңдер дейді де отырады. Бұған ерлі-зайыптылардың есі кетті. Таңданды да, тамсанды да. Ал күнде тоңазытқыш алу әуресі де, ондағы үсіген ет те естен шыға бастады...

Қыс түсіп, қырау басқан шақта бір күні Еркін үйіне ауылдан Гүлданның әкесі келді. Ойда жоқта келген сыйлы қонаққа Гүлдан жүгірген бойы Еркін директор болып істейтін магазиннен ет әкеліп, былқытып аса бастады. Жылқының сырбаз еті қарттың мұрнын қытықтап, тамсандыра түсті. Мұны байқаған Еркін атасына қарап сөз бастап еді:

—Па, па, бір мінсең де жорға мін, Бүлкілдесін бүйрегің,

Бір жесең де май шайна,

Кілкілдесін жүрегің,—

дегендей, ата, қызың жылқы етін асып жатыр білем, жейтін шіркін жылқы еті ғой, асылғаны жұртқа жария.

—Ия, рас, балам, бірақ жылқы етінің дәмді болуы ұстауына байланысты. «Алатау жазы бейіш, жылқының еті жеміс» деп бекер айтылмаған болар,— деп қарт жұтынып-жұтынып қойды.

Нақ осы кезде ет келіп, қол жуу сұралды. Жуған қолын орамалға сүртіп болып қарт орнына отырды. Сонан соң қалтасынан алған кездігімен еттің бір кесімін аузына салды.

Қарт татыған айран ұрттағандай тыржиып, нақ жазды күнгі Төкеңше отырып қалды.

—Ет үсіп кеткен,— деді қария түк те жасыра алмай. Шамасы, «піскен астың күйігі жаман» дегендей, оның үстіне қарны ашып отырғанда кезіккен етті бір қарпыта асай алмағанына күйіп кетсе керек. Еркін алая Гүлданға қарап еді, Гүлдан:

—Несіне қарайсың, сенін магазиніңнен қазір әкелдім,— деп өзіне бас салды. Жаңа ғана кеуіп-басылып отырған Еркін не дерін білмей, жер шұқып отырып қалды...

Тоңазытқыштардың қорлығы-ай!

Еркінді жерге қаратып кеткен жоқ па, ол бар болғырларың. Сіздің үйдегі еттің дәмі қалай, оқушы. Үсіп кеткеннен аман ба, әйтеуір. Лайым дәмді болғай.

1962 жыл.

ЖЕҢГЕЙДІҢ ТАНЫСЫ

Жеңгесінің сырын көбіне қайнысы біледі. Мен де өз жеңгем Зағипаны жақсы білемін. Тіпті оны жақсы білмеу мүмкін емес. Өйткені ол ұмыт қалатын көзге көрінбейтін шүйкедей біреу емес. Өтірік айтқан кісіге атан түйедей.

Зағипаның мен ешқашан жанына қатар келмеймін. Егер көшеде онымен бірге жүруге тура келе қалса, мен қой соңында қалған ақсақ қозыдай оның артынан еріп отырамын. Ол қараға ілесіп келе жатқан маған зекіп, ала көзімен ата қарап:

—Былай, жұрттың қайындарындай, қатарға жүрсеңші,—деп қояды. Содан мен қатарға келе қоймаған соң, бір-екі қайталағаннан кейін шаршай ма, ұмытып кеткендей жайына жүре береді. Маған керегі де осы еді. Бірақ, әйтеуір соңынан қалмаймын.

Менің онымен қатар жүргім келмей ме? Осындай маңдайы кере қарыс, сегіз қанат үйге көтерген шаңырақтай бақырайған, шарасы кең қара көздері әлемді ішіп-жеп қоятындай, келбетті адаммен неге ғана қатар жүргім келмесін. Жүретін де едім.

Дүниеде не көп, көреген көз көп. Дүниеде не көп, өткір, буынсыз тіл көп. Бір күні жеңгеймен көк базарға кетіп бара жатқанымда тіліне теріскен шығып, аузына албасты ұялағыр бір сары шақа әйел бізді көріп мырс етіп күліп алды да, маған естірте жанындағы жолдасына тұпа-тура былай деп салмасы бар ма:

—Мына бір жуан мен жұдырықты қара. Анау жеңгей бір шелек су көтеріп келе жатыр екен десем.

Мен өзімді ешкімнен кеммін деп жүрмеген жанмын. Соғыс комиссариатында есепте тұрамын. Мемлекет мекемесінде қызмет істеймін. Демек бұл менің кәдімгі санаттағы адам екенімді аңғармаса керек-ті. Әскери сапта тұрғанда да қалың шаңның ішінде болатынмын. Ал енді мынадай сары масаның тұмсығындай өткір сөзді қалай көтере алайын. Маңдайымнан тер бұрқ ете түсті. Осыдан кейін-ақ Зағипаның қатарына бармай шегіншектей беретін болдым. Оған қатарласа берсем-ақ сары шақаның өң-менімнен өткен сезі есіме түседі. Ілгері басқан аяғым кейін кетеді. Сөйтіп жүргенде жеңгем өзін маған басқа бір қырынан танытты.

Журналист байқұстың ұйқысы қанған ба, ертең бір демалыс алған күнім еді. Бүгін ерте жатып, ертең түсті ала тұрайын деп қам жасап жатқан шағымда телефон шарылдап қоя берді. Трубкадан естілген дауыс Зағипанікі. «Сен бала таң ата бізге кел. Ағаң сені бос деді. Бір шаруам бар» дейді. Міне, ұйқы керек болса! Зағипа телефон соққан соң тыныш ұйықтап көр. Егер мен уақтысымен бармасам «туысқандарыңның сиқы анау, шақырып келтіре алмаймыз» деп қызметте жүрген ағайдың құлағының етін жейді.

Оған жаның ашиды. Оның үстіне ондай-мұндайды тыңдамай кете беретін маған біткен ағаның жасы ғана үлкен болмай, қызметінің қоса үлкен болғаны пәле болды. Сондықтан ағаға деген сый математиктер тілімен айтқанда екі дәрежелі болып шыға келеді. Ендеше оның біреуін ағаға көрсетсең, екіншісін қалай етерсің? Жеңгенді сыйласаң ағаң оған қуанбаса ренжи қояр ма екен! Құлағының тыныш болғанын кім жек көрсін.

Ал, жүгір!

Таңертең ертерек тұрдым да, шала жуынып жеңгеме жеттім. Ол ұйықтап жатыр деді үйдегілер. Уақыт өтіп барады. Шіркін, демалысыңда бір көсіліп жатып еркінше ұйықтағанға не жетсін. Арадағы біраз уақытты есік алдында жүрумен өткіздім. Сағат тоғызды соқты. Газет қарауға дүкенге жөнелдім. Барған дүкендердің біразы жабық болып, алысырағына кетіп қалып, асықсам да кешігіңкіреп жеттім. Сағат он болып кетті. Менің өкпемді қолыма ала жүгіргенімде не жұмысы бар, жеңгем бір жақсы жері әлі қалың ұйқыда екен.

Жарты сағаттан соң жеңгей тұрды. Мен не де болса газеттерді тегіс қарап шығуға мүрсат алғанымға қуандым. Үстінде жапырақ-жапырақ гүлі бар желеңмен ол ас үйге кіріп кетті де, аузына бұралақтап бірдемені тығып қайта шықты. Мәз тауып отырмалды. Сонан соң өз бөлмесіне кірді. Сәлден соң қайта көрінді. Жеңгей жаңағыдай емес, төрт-бес бунақ болып кетіпті. Ауылда өзен көмейін бекіту үшін кәдімгі қамыс бойрарларды жазып қойып, ішіне тас аралас топырақты, шөпті буатын.

Мықты болуы үшін жіп бірнеше жерден түсетін. Сонда ол бақа жұтқан жыланның тамағындай бунақ-бунақ, бөлтек-бөлтек бо-лып жатушы еді. Менің жеңгемнің де соған бір ұқсастығы бар сияқты.

Зағипа тырмыштанып, буынтық-буынтық болып менің алдыма түскен кезде есіктің қоңырауы шылдыр етті.

—Тұла, тұл,— деді аузындағы тамағынан тілі сөзге келмей ол бар денесімен маған бұрылып. (Өйткені мойны бұрылмайды). Тоқтай қалдым. Ұйықтай тұр демейді-ау, шіркін, деп тұрмын ішімнен. Ол аузын шала-пұла сұрткен болды. Ашылған есіктен жеңгейдің екінші бір егізі сияқты әйел көрінді. Құлағындағы сырғасы, мойнындағы алқасы, тіпті үстіндегі көйлегіне дейін менің жеңгемнің киімінен айнымайды. Бота көрмеген біреу оны көргенде «кішкенедегі болмаса құдды түйе» деген екен. Сол айтқандай әнтек кішілігі болмаса тура Зағипа. Тек жаз шілдесінде аяғына жыланның қабығы түстес шұлық киіпті Ол есіктен аттап басқан кезде үйге адам емес, табалдырықтан әлдеқандай шұбар оқ жылан көтеріле сырғып кіріп келе жатқандай көрінді. Ол дудар қара шашты әлденеше жерден шеңберлеп тастапты. Баяғыда көкпар тартып жүріп аттан құлаған бір жігіттің басын оташының осылай қайыспен шандып тастағанын көрген едім. Жеңгеме есіктен кірген әйел біз сұғып алды ма деп шошып қалдым. Жоқ қан шыққан жері көрінбейді.

Нақ осы жерде жеңгем қайта сөйлеп кетті. Аузында бұлтаңдап әлі де бірдеме жүр.

—Немене, бәрін өздерің киіп,— деп келген әйелге ажырая қарады. Ол жеңгемнен қысылмады. Алдымен сықылықтап күліп алып барып сөйледі:

—Менің ойлағаным сенің қамың ғой. Нағып құлқын сәріден жүр деп ең. Одан да әкелші алдыңдағы конфетіңнен.— Әйел қайта сықылықтады. Қалай күлкісі келеді екен. Күлетін тіпті ештеме де жоқ. Әлде мені келекелеп тұр ма деп қысылып барамын.

—Алдымен әкелгеніңді көрсет, конфетті сонан соң,— деді жеңгем, аузы бұл жолы босаса керек, сөзді бұзбай сөйлеп.

Біздің жеңгеймен келген жеңгейдің көйлегінен айнымайтын сары ала қапшықтың аузы ашылды. Бір қызығы осы қапшық та жеңгем сияқты бұдыр-бұдыр болып кеткен екен. Қай бүйірінде не жатқанын кім білсін, әйтеуір алдымен бір езуінен жылан қабығы түстес қара ала шұлық ирелеңдеп, шұбырып шығып келе жатты. Оны тартып шығарып жатқан әйелдің аузына жеңгем өз аузындағы конфеттің қалғанын, сілемей-сілемей қалпымен алып тығып жіберді:

—Тула тенін тазмедің,— деді енді келген жеңгей конфеттен босамаған тілі оралымға келмей. Ол айтқан сөзге түсінбей барып, соңынан білдім. «Тура сенің размерің» дегені екен. Оның көмейіне жеңгей және бір конфет тастап жіберді. Оның ашқан ауызы маған шамадан тыс үлкендеу көрінеді. Конфеттен гөрі үлкенірек нәрсе сұрап тұрғандай. Ол қапшықтың тағы бір қуысынан үлдірек әйелдер кеудешесін шығарды. Біздің жеңгей күлмеңдеп барады. Сары ала көйлектің қалтасына бырбық саусақтарды сүңгітіп жіберіп бір уыс конфетті алып енді өз аузына ұрып жіберді:

—Тады нен бад?— деді ол келген жуаңдау жеңгейге. Сөйтті де оның аузына өз қолымен қайта конфет салды.

Ал келген әйел қолын қайта қапшыққа тықты. Алтын жү-зіктерге толы бырбық саусақтары қапшық ішін шарлап жөнелді.

— Пыда бід дәдте бад еді!— деді ол конфетпен қоса тілін шайнап. Жеңгейдің бырбық саусақтары сары ала көйлектің қалтасына қайта түсіп шығып, бір уыс конфетті ауызға жеткізді.

— Адам!— деді жеңгей әлдеқандай тоқыманы көріп. Мен оның «алам» деген сөз екенін бірден білдім. Өйткені оның шарасы кең көздері жайнап сала берді. Жеңгей алған дүниесін көріп отырғанда «ақсасын кедін» деп аузын бұлталаңдатып келген әйел шыға жөнелді. Аяғына көзім қайта түсті. Жаңағы шұбар жылан арбап болып, қайқаңдап шығып бара жатқандай.

Мұндай жомарт жанды білмеуге қалай дәтің барады. Ол шыға бере-ақ жеңгейге қарадым:

—Бұл кім?

—Дәдияны айтатын ба?— деді ол. Әлі аузы босамаған екен. Ер болсаң түсініп көр. Шәлия ма, әлде Мәдия ма? Не болса ол болсын «ия» дей салдым.

—Тадыс сатуты,— деді ол жұтынып. Түсінікті... Сонымен далаға шықтық. Жеңгейдің аяғы да өзгеріп

қалыпты. Жаңағы жылан қабық бұл аяққа да жармасыпты. Бұж-бұж денеге шүп-шұбар шұлық... Жыртық ерінге кетік тостаған сияқты болды. Мен бұрынғымша артында келемін. Ол анда-санда артына бір қарап қояды. Әлі аузы бұлталаңдап барады. Аузындағы конфеттер оның әр жеріне барып біте қалып жатқандай, буылтық көбейіп көрінеді. Ол бұрылатын жерге келіп артына қарады. Оның көлеңкесіндей болып, өкшелеп мен келемін. Жеңгей қатты есінеді.

—Ұйқым қанбай қалыпты,— деді. «Аз ұйқтадың ғой» дей жаздап қалдым. Өмірбақи тілімнен таяқ жеп келе жатқаным есіме түсе кетті. Айтпағаным қандай жақсы болды. Ашылмас тұманға жолығып жыным бар ма! «Інің адам сыйлауды білмейді» деп тағы да пәлеге ұрындырады ғой.

Жолдан өте бергенімізде еңгезердей біреу: «Сәлематсыз ба?» деп гүр ете қалды.

Көзінде мүйіз қара көзілдірік. Тани алмадым. Адамның бар қадір-қасиеті, бар нұры көзінде екенін осы жерде бірінші рет аңғардым. Егер көзін көлегейлесең-ақ адамды бірінен бірін айырып болмайды екен.

Шамасы бір профессор шығар. Біздің жеңгей тегін адаммен сөйлеседі дейсіз бе? Қара көзілдіріктімен жеңгей сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр ұзақ сөйлесті. Арасында әйтеуір әуейі болғандар оңаша кездескенде бола беретін ыржалақ күлкі жоқ. Байқаймын, онысына қарағанда әңгіме аса мәнді болса керек. Олай болғанда мен не істей алмақпын. Аты-жөні жоқ қара көзілдіріктімен төбелесе кетпекпін бе. Ішімнен тынып жүре берер едім ғой. Бір кезде «кеттік» деді жеңгей маған қарап. Қара көзілдірікті алға түсті. Кең-кең көшеде шұбап жүріп келеміз. Кәдімгі жалғыз аяқ жолмен келе жатқандаймыз. Мен болсам Зағипамен бастан қатарласпайтын адам. Ал мынанікі не?

Қара көзілдірікті оң жақтағы жасыл қақпаға қалт бұрылды. Буынтық-буынтық жеңгем де сап-сары ала болып жалт етті. Мен қалайын ба, бұлт ете түстім. Кіре берістегі бір жер астындағы есікке түстік. Нақ осы жерде қара көзілдірікті артына бұрылып күңк етті. Жеңгем маған қарады.

—Қал осы жерде!— Қаққан қазықтай қатып қалдым. Жеңгемнің даусының бұйрықты шыққаны сонша кеңкііп тұра бердім. Олар неге кетті, мен неге қалдым дегенді де ойлауға шамам келмеді. Бір кездері «ал мынаны» деген сөзді естіп селк ете түстім. Бір бума зілдей бірдеме. Көтере жөнелдім. Екеуміз кеттік. Өзінен-өзі түсінікті болғандықтан қара көзілдіріктіні іздегенім жоқ. Басқа жаққа бұрылмай үйге тура тарттық. Міне, көріп отырсыздар, менің жеңгем сайраңдап жүр. Үйге келген соң ағамды адам қылған жеңгемнің өзі екенін оның сөзінен білдім. Ол «сенің ағаң кеңсенің жұмысынан басқа не білуші еді, бәрін, үйді құрап отырған өзім» деп маған ұзақ-ұзақ әңгіме айтты. Кім біледі, рас та шығар.

Осы заманның жеңгесі. Телефон шыр ете қалды. Қап пәле болмаса игі еді деп мен отырмын.

—Алло, мен өзім. Аман, қанша?— дейді жеңгем.— Қайным. Әрине, басқаға сенемін бе? Жарайды, қазір.

—Кеттік,— деді жеңгем бұрылып.

—Тағы қайда?

Сары ала көйлек есікке беттеді. Бұл жолы көбелек сияқты көрінеді. Көбелек деген де көп нәрсе. Сырты жақсы болғанмен іші жаманы аз дейсің бе, оның?..

Баратын жеріміз жақын болды. Көшені кесіп өтіп арғы бетте тұрған «Азық-түлік» магазинінің үстіндегі бір үйге кірдік.

Магазиннің үстінде тұрғандықтан ба, әлде жасауы тым айғайлап тұр ма, осы бір үй маған тура магазиндей көрінді. Үй-ішінде орындықтан басқа жерде орын жоқ. Жалтырауық столдың үсті жабылып арақ-шарапқа толып тұр. Есік ашқан адам жеңгейді асқан құрметпен қабылдады. Ол босағаға тоқтамай төрге бір-ақ шықты. Мен атқосшы ретінде есік жақтан орын алдым. Таудай жеңгемнің жанында төбешіктей болып отырғанымның өзі қандай оғаш көрінер еді. Жеңгем бәйгеден келген аттай жайнаңдап кеткен. Үй-іші оған бәйек болып жатыр. Отырар-отырмастан ыстық қуырдақ буы бұрқырап келіп қалды. Таңертеңнен бері сандалудан қолы тимеген мен байқұстың мұрнын қуырдақтан шыққан қара бұрыш иісі қытықтап екі рет түшкіріп қалдым. Үй иесі инеліктей қатқан қара келіншек мені көзімен атып барады. Шамасы танитын адам сияқты. Мен көңіл аудармауға тырыстым. Алдыма салып берген қуырдақты жей бердім. Бірақ атауымды жегендеймін. Олар мені тіпті керек те қылмады.

—Жеңгей, сіздің ден саулығыңызға!— деп қара келіншек рюмка толы шарапты көтеріп тастады. Өз денсаулығы үшін ішпей жеңгемді ауру деп пе едіңіз, ол да қағып салды. Екінші тосты жеңгей көтерді:

—Дәметтің ден саулығы үшін!— Е, мына әйелдің аты Дәмет екен ғой. Таныс ат. Әлде ол бізде істеді ме? Ия, ия осы сияқты біреу машинистка болып еді... Менің жеңгеме екі рюмка да үлкен жүк болды. Демнің арасында оның сөзі бұзылды:

—Мынаның ағасы үйге қарамайды. Жұртпен тіл табатын, бәрін табатын өзім...

Дәмет бірер рет «сізді де, әсіресе, ағайды сыйлаймыз ғой» дегенді ескертпек болып еді, Зағипа оны тыңдамады. Даурығып кетті. Мен қыпылдап барамын. Кетуге асықтым.

—Мені сыйла, ағанды мына мен...— деп Зағипа жү-дырығын жұмып көрсетті. Ағайдың жаны Зағипаның жү-дырығының ішінде қалғандай көрінді маған. Мен орнымнан тұра бастадым. Зағипа зекіп қала ма деп лып етіп отыра қалуға дайын тұр едім, жоқ ол бір тәуірі ештеме демеді. Менің ыңғайымды көрген Дәмет бір торға төрт шөлмек коньяк салып әкелді. Зағипа орнынан тез тұрды. Сары ала көйлектің қалтасынан коньяктің ақшасын төледі.

—Төртеуі не болады,— деді Зағипа.

—Тағы әкеліп қоярмын,— деді Дәмет. Бәрі түсінікті. Мен коньякты үн-түнсіз көтере жөнелдім. Артыма қарағанымда Дәмет мені көзімен атып тұрғанын байқадым. Мен шыға бергенде ол «газетчикке» деген сөзін құлағым шалып қалды. Одан кейін:

—Ол менің қайным ғой,— деп дауырығып жатқан буыны босап қалған жеңгемнің күрмелген сөзін шала естідім.

Зағипаны есіктен кіргізе салып, үйге тарттым. Діңкелеп келіп құладым. Бірақ қанша шаршасам да жылан қабық шұлық, көзілдірікті дәу, Дәмет көз алдыма елестеп ояна бердім. Көзімді жұма берсем-ақ олар ағайды буындырмақ болып келе жатады...

...Таңертең келіншегім екеуміз қызметке бірге шықтық. Трамвай аялдамасында әйеліммен қырықпа шаш, керме қас біреу ескі танысыңдай жалпылдасып жатты. Трамвайға отырған соң:

—Жаңағың кім?— деймін оған.

—Жеңгейдің танысы ғой,— дейді ол.

—Сатушы шығар.

—Ия, сатушы. Қайдан білдің?— әйелім мені бір сә-уегейлікпен білді десе керек.

—Жеңгейдің танысы болған соң...— дей салдым мен.

1967 жыл.

АЛАЯҚ

Екі қолын қалтасына салып, қалпағын шалқайта киген бір жігіт жақында Ұзынағаш базарының ортасында «мені көрдің бе» дегендей өзіне өзі сұқтанып тұра қалды. Жанынан өткен біреулерді тоқтатып алып, «мен жазушымын» деп таныстырды өзін.
—Болсаң бол!

Осы кезде жазушымыз сөйлеп кетті:

—Кітап жазып 15 мың сом алып едім, сіздей жол-дастардың беделінен садаға деп ортаққа салып жіберіп, енді міне қалтаның босап тұрғаны. Содан міне «көкмойындарды» көріп мұрынның қышып тұрғанын көрдің бе?

—Олай болса жүр ендеше!..

Тұсқайта бұл жігіттің қошаметшісі көбейді. «Ұзынағашта «көп жүріп қалдық, бұл жердің дәмі кетіп барады.

Ал енді бір жерге барып қонақтайық!» деді жаңағы «жазушымыз». Сонымен ол бастаған бір тоғыз, машинаға отырып алып, Қарақыстақ қайдасың деп тартып кетті. Қарақыстаққа келген соң «жазушымыздың» лауазымы үлкейіп, өзгеріп кетті. Айналдырған жарым сағаттың ішінде қазір ғана қастарыңда тұрған жолдасының тез өсіп кеткендігіне айналасындағылар таңданып қалды. Бұл жолы ол өзін республикалық газеттің тілшісімін деп таныстырды.

—Апырай, мына жігітіміз бара-бара кім болып кетер екен?—деді бірі. Шынында да солай-ау, егер «тілшіміз» мына шоқырақтан танбаса, енді біраздан кейін министр болып алмаса қайтерсің. Я, мына шабытына қарағанда министр де болып алатындай түрі бар. «Бұл тегін адам емес» дегендер де болды бұл жерде. Несін айтасыз, «ақмағамбеттер» тағы келтіріліп, рюмкалар сеңдей соғылды.

—Мына шаш босқа түсіп, босқа қасқабас болды деп отырсыңдар ма? Үлкен газетті отыз жыл шығарысамын,— деп сөйлеп кетті жігіт.

—Кеше де сол газеттің бір қызметкері болып еді,— деді отырғандардың біреуі.

—Ей, қой, «бұрынғы туған құлақтан соңғы шыққан мүйіз озыпты» деп, немене айтып отырсың?!—деп зекіп тастады ол тағы да.

Осы Қарақыстақта тұратын Мұсаның үйіне келгенде әлгі тілшісымағымыз тағы бір секіріп түсті. Бұл секірімпаз жігітіміз кәдімгі Суқылдақов еді.

—Құтты қонақ келсе, қой егіз табады деген. Мен бір жүрген қызырмын, шал. Барың болса әкел. Мен үлкен газеттің аға редакторымын, Алматыға барған соң жазуды тура сізден бастаймын,— деді Суқылдақов қасындағы кәрияға. Әрине ол босқа тілші болғысы келген жоқ. Жөні келсе, бірдеме жымқыра кеткісі келді.

Газетке жазамын дегенді кері түсінген шалдың есі кетті:

—Не алсаң да жаза көрме, айналайын,— деп жалынды.

Суқылдақов, ертеде баспа төңірегінде әдеби қызметкер болып істеген. Содан ол бір күні командировкаға барғанда өзін «редактордың орынбасарымын»,— деп таныстырған.

Суқылдақов баспадан шығарылып жіберілгеннен кейін де өтірік тілші болуды қойған жоқ. Қайта ол өтірігін үдеткен үстіне үдете түсті. Ол талай құбылып, талай түрленді. Бір күні ол аяқ астынан зым-зия жоқ болды да кетті. Оны жоғалып кетті деп жоқтай қойған да ешкім болған жоқ.

Арада ай өтіп, апта өтіп кеткен соң сол алаяқ Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданынан қарасын бір көрсетті. Күздігүні жел аударған қаңбақтай талай ашық-ауыздарды алдап-арбап, дүниені шарлап жүріп осында келген екен. Келе салып кәсібіне шұғыл кірісіп кеп кетті.

Бұл алаяқ аудан басшыларының біріне келіп: «Мен республикалық қызметкермін, маған машинаңды бересің, колхоздарды аралаймын» деп кеудесін кере түсті. Ол мұның сөзінің төркінін көріп, одан куәлігін сұрады. Куәлік сұраған соң Суқылдақов кенет ашу шақырып, сенің колхоздарыңды аралап, өзіңді орныңнан алдырамын деп қорқытты.

Содан бұл әр мекеменің атын жамылған өкілсымақ «Бінтымақ» колхозына келді. Колхозда жылдық есеп беру жиналысы өткелі жатыр еді.

Жиналыс басталғанша, Суқылдақов колхоз председателі Оңалбаевтың ашықауыздығын пайдаланып, «үстіңнен мынадай арыз түсті» деп қысып та алды. Алаяқ артынан жұмсарыпты да, «мен сені кәдір білер, адамгершілігі мол адам деп келдім, оны өзіңіз білесіз» деп құлқынын ескертіп, көмекейі босапты. Сөйтіп, колхоз председателі оған арнап ауданға, аз да болса бірдеме жеткізіп бермек болды.

Жиналыста есепті баяндама бітіп, екі-үш кісі жарыс-сөзге шығып, сөйлегеннен кейін алаяқ сөз алды. Ол: «Мені неге танымайсыздар, мен — Қазақстандағы қазақ атаулыға белгілі Суқылдақовпын. Мен Қазақстанның төбесінен қараймын» деп ол демін бір алып, сөзін қайта соза берді. Бұдан кейін ол осында біраз жұмыстарды «тексеруге келгендігін», оны өзі тексеріп, шешіп қойғандығын, қорытындысын кейін хабарлайтынын айтты. Сөз арасында арыздарың болса қазір тапсырыңдар деп те жіберді. Ең соңында өлшесе бойына сыймайтын бір сөзді айтып салды: «Сіздер келешекте жұмысты жақсы істейді деп республиканың басшы мекемелерінің атынан сенім білдіремін» деді. Шіркіннің беті бүлк етпеді-ау.

Осыны айтты да, ол жиналыстың аяғына қарамай «Жоталы» колхозына жүріп кетті. Колхоз председателіне қағаз жазып, «ендігі сөзді ауданда сөйлесерміз, тапсырманы орындап барғын» деп хат жазып қалдырыпты.

Бұл алаяқ әр колхозға, мекемеге келгенде куәлік сұрағандарға «надансың» деп ұрсып, одан әрі тартып отырды. Әр жерде әркімдермен бөтелкелес те бола кетті. Оларға мақтанып, бөсіп «мен математика ғылымының докторы, профессормын, Кенесары Қасымовтың қатесін тапқан да мен, аспан әлеміне де қатысым бар. Оқта-текте Темірқазықтан да хабар алып тұрамын» деп күпінді.

Суқылдақовтың алаяқтығы Келесте ғана білінген жоқ, өткен жылы Есікті де, бұрнағы жылы Бұғылыда да білініп қалған. Суқылдақов әлі жас жігіт, жасына келе суайттығы Хлестаковтай болмаса да, Қорабаймен бара-бар түседі.

Мінекейіңіз, Суқылдақовпен таныс болыңыздар!

1952 жыл.

ҚАРА МЫСЫҚ ҚАЙДА?

Торғын егіннен бесінде қайтты. Қайтарда денесі тітіркеніп еді, енді үйге келісімен іші-бауырын бүрістіріп, әлдене бүріп барады. Тіпті аяқ-қолын жазудан қалып, төсекте әрі-бері домалай береді. Торғын қарақұрт тиген түйенің осылай домалағанын талай көрген еді, енді ол домалау алыс емес, өзі де шытыр жеген өгіздей аунақшып жатыр. —О, тоба! Мұндай да дерт болады екен! Енді қайттім. Күлкірне жасап басайын, — деп Торғын тұра жүгіріп, қоз араласқан қоламтаны ескі темір табаққа салып, қолдың майы сүртіле-сүртіле сауыс болып, мұңкіп кеткен ескі орамалға орап әкеліп, ішіне басып көрді. Оның дауасы түспеді. Іш қояр емес, бүріп барады. Өрмекші торына түскен шыбынның шығамын деп тырбанғанынан өрмекші торы жиырылып, шыбынды бүрістіре түсуші еді, нақ сол сияқты Торғынды да бір көрінбес алып бүйінің құрған торы өткен минут сайын кіндігінің түбінен алып, жиырып барады. Торғын домалап жатыр...

Ол сасайын деді. Ең болмаса жалғызы Еркінді де көрмей қала ма? Нақ осы кезде екі қабат әйелдердің «қалай туатынын айырғыш» Көмескі кемпір үйге жетіп келді де, зарлай жөнелді:

—Құдай біледі, сонан соң мен білем, ауырып жатырсың, ә?!

—Я, я, қасиетіңнен айналайын, абысын-ау, дәл түстің төбесінен. Енді қайттім? Ой-бай!..

—Бәсе, бәсе, үш күннен бері айналдырып жүргенін көріп едім, осы үйді, түнде соны қуалап түнімен ұйықтай алмадым. Жар жағалап кетіп еді. Ақыры тапқан екен, жүзің құрғыр...

—Абысын-ау, таптың, таптың! Ауырып жатырмын. Көмескі ғайыптан бірдеме естігендей ақилана аспаға бір

қарап алды да, шұғыл бұрылып:

—Е, ол кәпірге менің әлім келмейді. Анау Құмтоғамнан пері түсіріп оқитын Шахан молда келген. Соған шап. Тіпті кітап ашса, өзі де келіп қалар!

—Ойбай-ау, абысын-ау, өзіңнен басқа жан жоқ қой.

—Жарайды, қарағым, жарайды!

Арада жарты сағат өтпей-ақ жын түсіріп оқитын ғұлама молда құдай айдап осында өзі келді. Молданың басында сәлдесі болмағанымен жаз күнінде қалпақ ішінен киген тақиясы бар. Анықтап қараған кісіге бір кезде оның қара-ала болғаны байқалады. Енді тақияның ағы шайырмен баттасып, оның ағы қайсы, қарасы қайсы, айырып болмайтындай күйге келіпті. Молда аяғын сипай басып келіп, кебісін тастап, шарта жүгініп ағаш үйдің төріне отырды. «Мұрттың құтсыз болғаны ақынға сын» дегендей шошақ иегіндегі он тал сақал молдекеңнің бет пішінін берекесіздендіріп тұр. Сопақ сары өңі қапсыз, сөлсіз, тым қуарыңқы көрінеді.

Бұл кезде ауылдың естияр адамдары жұмыстан қайт-пағанымен бірді-екілі желаяқ әйелдер жетіп, тіпті саққұлақтары Торғын хабарын естіп, осы үйге келді. Ойда жоқта сау адамға жабысқан бұл кенет кесел тегін еместігін Көмескі кемпір келін-кепшіктерге түсіндіріп, сапылдап жатыр.

—Күн қайта жабысуын көрдің бе, күн қайта. Егер молда мықты болмаса, мұның айығуы қиын,— деп те жіберді ол. Оның төңдіре сөйлеген сөзінен өзімізге де бірдеме жабыса түспесін дегендей аналар үрпиісе, дүрдиісе қарасады. Ендігі сөз молдада қалды. Бәрі де соның аузына қарады.

Шарта жүгініп отырған молда әп-сәтте батыс жақтағы терезеден түсіп тұрған, еңкейіп ұясына жақындаған ащы күнге бір қарап алды да, шіңкілдек даусын созып бастап, біреу тез бітір деп желкесінде жұдырық түйіп тұрғандай артын жылдамдата жөнелді:

—Арық жағасында жатқан жынның жанынан жүріп кеткен екенсіз. Егер үстінен жүргеніңізде жаныңыз қалмайды екен. Қазір қара ешкі тауып сойыңыз, өкпесімен қағамын. Сонан соң ешкінің еті бұл ауылға харам. Жынды қара мысыққа аударып оқимын.

Төсінде ағы бар қара мысық тауып келіңіздер. Алла тағала дауасын салса, ертең-ақ жазылып кетесіз.

Торғын үйінің ақ ешкісі Қайсар үйінің қара ешкісіне айырбасталды. Қайқы мүйіз қара ешкі көзі жаутаңдап, жазықсыз сүйреліп келгеніне наразылық білдіргендей маңырап-маңырап қойды. Сәлден кейін бір жігіт қара ешкіні алып ұрып, жәукемдей бастады. Қара ешкінің терісі сыпырылысымен өкпе-бауыр кеңірдегімен суырып алынды. Ауруы бағанағыдан да асқынып, бүрісіп қалған Торғын зорлап тұрғызылды. Далаға шығарылды. Өкпені қолына алған Шахан молда қара ешкі етінен аласталған сен болдың-ау, дегендей өкпені қолына алып ашқарақтана қарап қойды. Сонан соң қолқадан ұстап бауырын жаза алмай тұрған Торғынды өкпемен үш рет салып жіберді. Іштен жаңа шыққан қанды өкпе Торғынның жазғы ақ көйлегіне қызыл мөрін үш рет басқанда, ақ көйлек қызылала көйлекке айналғанда Торғын молданың «үйді үш рет айналып келіне» шыдамай қалбалақтап барып, қалпақтай түсті. Молда өкпені қимаса да лақтырып жіберді. Ол анадай жерге барып сылқ ете түсті. Оған ешкі сойылған жерге жиылған иттер таласып, ырылдасып-керілдесіп мазаны алды.

Тұрғандар Торғынды көтеріп барып төсегіне жатқызды. Молда екінші бөлмеге әлдекімнің алып келген қара мысығын ұстап кіріп, аздан кейін шықты. Одан мүлгіп Торғын жатқан үйдің төр алдына барып отырды.

—Қарағым, алла сәтін салды. Қара мысық қара жынды қабылдамай көп қарысты. Дегенмен қара мысыққа ауруды аударып оқыдым. Енді мен жүрейін, алла тағала сәтін салды...

Енді мен жүрейін, ала тағала сәтін салды... Енді...

Көмескі Торғынға ым қақты. Торғын төсектің бас жағынан екі қызыл қағазды алып молдекеңе ұсына берді. Қағазды қағып алған молда «қара мысық мәуілдемей есікті ашпаңдар, мәуілдеген соң науқас жазылады» — деп екі қызыл қағазды шапанының алдыңғы бойына сүңгіте салып, қара ешкінің етін көтеріп үйден шықты...

Қара мысық қамалғалы қашан, екі-үш сағаттай уақыт өтті. Науқас үдей түсті. Үйге келгендер қара мысықтың мияуын естуге асығып, құлағын сол қамалған бөлменің есігіне тосты. Дыбыс жоқ. Торғын дөңгелеп жатыр. Күн батуға таяды. Жұрт жиналып қалды. Торғын әл үстінде. Нақ осы бір сәтте колхоз председателі Өрен, Торғынның баласы Еркін машинадан түсті.

Болған жағдайды сұрап білді. Адам ауруын өзіне қабылдаған қамқор қара мысық не халде екенін білу үшін Өрен есікті ашып жіберді. Мысық түгіл сымбылбай да жоқ.

—Мысық жоқ!

—Ой, тауба!

—Қара мысық қайда?

—Астағипралла!

—Менің көзімше қалған...

Жұрт таңданысып, жағасын ұстасты. Осы кезде қара мысықты балалар көшеден ұстап әкелді. Нақ бағанағы қара мысық. Бұрнағы жылы Қайсардың баласының құлағына ен түскенде Көмескі кемпір осы қара мысықтың құлағын тіліп, қанын жаққан еді. Нақ сол құлағы тілік қара мысық. «Қамбаларыңа түскен тышқанды қырдым, құлағымды тіліп, қанымды бердім, енді не жазығым бар еді» дегендей қара мысық ұстап тұрған баланың қолын тырнап алып, жерге түсіп кетті. Сөйтсе, қара мысық молда қамасымен-ақ ашық тұрған желдеткіштен қарғып шығып, жайына кеткен екен. Қара мысықтан қайыр кеткенін көз көрді. Колхоз председателінің машинасымен Еркін шешесін ауруханаға әкетті. Ертеңіне қара ешкінің еті Көмескі кемпірдің есігі алдында қайысып жаюлы тұрғанын жұрт көрді. Бес-алты күн өткен соң соқыр ішегін алғызып, Торғын шешей үйіне қайтты. Жұрт арасында көңіл сұрай келген Көмескі:

—Тышқаншығыңды сала келіп, біздің үйден тамақ жеп кет,— деп Торғынды қара ешкінің етіне шақырды...

1962 жыл.

АРЫЗДАР ОСЫЛАЙ ОҚЫЛДЫ

Керіп қойғандай қап-қара қасты, қалың қабағы түксиген, көзі сәл шадырлау біткен, бүйрек бетті, қара кісі резина кәсіпшілік артелінің клубына кіргенде отырғандар оған ығысыңқырап жол берді де, ол жиналыс басқарушылар столына жеткенше ала көзімен шығарып салды.

—Әне, председатель келді,— деді жұмысшы Әлім, істес жолдасы Николайды түртіп қалып,— бұл жолы не ойлап келді екен.

—Әрине, бүгін ол,— деді Әлімге күлімсіреп қарап Николай,— «өзіңнің қалауың бойынша қызметтен шығарамын» деп айқайлай қоймас. Нақ осы жолы басқа бір амалын сайлап келген болар.

Аяғын кердең басқан дөң жауырын, қырыс мойын жаңағы кісі стол басына барысымен коңырауды алып мен келдім, көрдіңдер ме дегендей сылдыр еткізіп қойды. Сонан соң жан-жағын тегіс бір шолып алды да, резина кәсіпшілік артелінің коллективінің жиналысын ашық деп жариялады. Күн тәртібінде қаралатын бір мәселе болды. Еңбек тәртібі. Мұны естігенде зал іші тегіс қозғалысып, отырғандар күбірлесіп сөйлеп кетті. Халықтың жуан ортасында отырған, күнге күйіп тотыққан, мығым денелі жас жігіт қолын созып, жиналыс басқарушыдан рұхсат алды да, орнынан атып тұрды. Ол сөзді бастай берді де, тамағын бір кенеп қойып сөйлеп кетті.

Осындай кең талқылауды керек ететін мәселе жұмыс уақытындағы жарты сағат үзілісте қалай аяқталмақ. Қашан да болса осындай кең мәселені тар уақытқа әкеліп саламыз да жұрттың пікірін тыңдай алмаймыз. Өндірістік кеңес те, коллективтің жиналысы да жұмыс уақытында өткізіледі? Бұл қалай?

Осы кезде стол басында отырған артель председателінің түсі өзгеріп сала берді де, жуан қарнын орнынан зорға көтеріп, столдың ернеуінен ұстап әрең тұрып:

—Қашан да болса, Әлім, сен елге іріткі саласың, біздің кемшілігімізді неге сен көргішің. Жоқ сенің екі-үш норма орындайтын екпінді жұмысшы екеніңді айтқанымызға жазықтымыз ба? — деп қызараңдады председатель.

Шынында председатель бұл жерде Әлімнің екі-үш норма орындайтынын айтқысы келген жоқ еді, оны отырғандар председатель Айқайбаевтан гөрі жақсы білетін. Онын айтқысы келгені «сені екпінді етіп жүрген өзіміз, мына біз, бітіріп жүрген ештемең жоқ» дегісі келіп еді, өзі болдырып келе жатқан аттың алдынан өр кез келіп, тоқтап қалғандай мұғалақ тілі құрғыр шындықты айтты да, аржағын жеткізе алмай титықтап тұрды да қалды. Айқайбаевтың сөзі Әлімді үркіте алмады, ол айтатынын тегіс іркілмей айтып шықты.

—Кемшілікті бүгіп қала алмаймын, оны көрген жерде айтпау коммунистік арыма сыймайды. Жұмыс уақытында жиналыс жасау дұрыс емес, — деп Әлім сөзін аяқтап кідіріңкіреп орнына отырды. Түс-түстан «дұрыс, дұрыс» деген дауыстар естілді. «Жиналыс кешке қалсын» деген ұсыныстар естіліп, ол сөзсіз орындалды. Айқайбаевтың қабағы қарс жабылып кетті.

Сонымен жалғыз өзі бір жақ болған қыңыр кісіні қырық кісі жеңді. Терісіне сыймай ашуланып, тырс-тырс етіп Айқайбаев қалды. «Мұның өзі бастықтың арын төгу», әдейі істеліп отырған нәрсе, менің кемшілігімді неге Әлім ғана көреді, кемшілікті көргіш болудың өзі де күмәнді нәрсе, мен қазір партия ұйымына арыз беремін, кезексіз жиналыс шақырып Әлімнің тәртіпсіздік ісін қараңыз» деп күйінді Айқайбаев.

Сабыр етіңіз, Айқайбаев жолдас, несіне сонша таусыла сөйлейсіз, — дейді партия ұйымының секретары Петров.

Жиналыстың кейінге қалуының Айқайбаевтың шиқанының аузын жұлып отырған жайы бар, оның да өзінше жеке басына байланысты ойы болатын. Қазір қалт еткенде жиналысты өткізіп жіберіп, кешке колхоздағы туғанының үйіне қыдырып кетпек еді. Оның үстіне сәт-сәттің арасымен коллективтің жиналысын жасамады деген сөзден де құтылып қалмақ еді және тығыз-таяңда жасалған жиналыста ешкім сын да айта қоймайды. Мінеки «үйдегі ойды базардағы нарық бұзар» деп ой салған жерден шықпады. Я, бастық дейміз, осы бастығымыздың басы жұмысты қалай істейді, деп жұмысшылардың айтатын сөзі жанға қалай батады десеңізші. Бастық болған соң айтқаныңның болмай қалғаны да жақсы емес қой. Бәрінен де бұл жиналыстың болмай қалғандығының Айқайбаевқа өтіп бара жатқан бір жағы бар. Таңертең үйден шығарда қосағы қатты тапсырып еді. Қайтсең де қайтып кел, колхоздағы Қапаңдардікіне қыдырамыз деген болатын ол. Жиналыс кешке қалады деп Айқайбаев ойлап па! Коллектив қолымда ғой, деп уәдені бере салған Айқайбаевты ығыстырып, жанын шымшылап тұрған осы әйелі берген тығыз тапсырма. Әйтпесе Әлім-Сәлімнің тыңдасын ба, олар Айқайбаевтың бақайынан да келмейді. Жүре тыңдап жүре бермес пе еді. «Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман» дегендей жанында отырып мыжыңдай берсе, көресіні әйелден көрерсің. Сондықтан да Айқайбаев сияқты ағаларыңыз алдымен әйелінің көңілін аулап, сонымен ақылдасып, қоғамдық іске сонан соң барып оралады.

Жиналыс болса кешке қалды. Қызмет аяғы жақындап келеді. Жиналысқа дейін үйге барып келу керек.

Алаңсыз-ақ үйге барайын десе аюдай ақырып әйелі отыр. Өзі жұмыс істемейтін, қоғамдық талқы көрмеген, іші пысып отырған әйел оның ырқына болып, дегеніне көне қоя ма? Барысымен-ақ екі аяғын бір етікке тығады. Сондықтан қайтсе де бір айла табу керек.

Егер жиналыс бар еді десе, оны неге кеше өткізбедің, коллектив өз қолыңда ғой, басың істемей қалған ғой, ә, дейді. Ал артельде шаруам бар десе, онда одан да пәле. Сегіз сағат жұмысты істеп келдің, енді қандай шаруа. Шамасы онда сенің бір қимасың қалып отырған ғой деп шатақ салады. Енді не істеу керек? Ендеше мұндай жерде актерлік қабілеттен де құр алақан болмау керек. Жүйкесі жұлынып, жаны шаршап, әбден ашуланып, ызаға булыққан адамның түрін көрсетіп бару керек. Сонда ғана ол кешке кеткенде шаруамен кетті деп ойлайды.

Айқайбаев қабағын қарс жауып, түйіле үйіне келді. Әйелі буынып-түйініп тек машинаға отыруы ғана қалып күтіп тұр екен. «Кетеміз бе?» деуі-ақ мұң екен, әйелін Айқайбаев қатты жекіп тастады. Ол да әншейіндегідей әдетінше бірдеңе дей беріп еді, ерінің ашуды үдетіп бара жатқанын көріп жым болды.

Бір рольді жақсы ойнап шықтым деді Айқайбаев үйінен шыға беріп өзіне өзі. Ал осы жиналыста да бір роль ойнап көрейін, бұл қалай шығар екен.

Кешке қарай жиналысқа Айқайбаев қабағы ашылып, күлген болып келді. Жиналысты ол едәуір жайдары болған жүзбен ашты. Өзі сыпыртып сұйық баяндама жасады. Күн тәртібінде қаралып отырған «тәртіп» мәселесі болғандықтан ол Әлімнің бағанағы «тәртіпсіздігін» де айта өтті. Бастыққа елдің көзінше сын айту — бұл бастықтың қаруындағылары алдында кәдірін түсіреді. Әлімді мен сыпайылап айтып тұрмын, әйтпесе ол қыз-метте ұстап болмайтын адам деп те кетті баяндамасының бір жерінде.

Сөзді бригадир Николай алғанда Айқайбаев орнынан ұшып тұрып, сөзді басқа сөйлейтіндерге беру керек деп еді, жиналысты басқарып отырған Петров оны басып қойды. — Жаңадан жасалған екі балонды сіз колхоздағы туысқаныңызға беріп жібердіңіз... — дейді Николай.

Бағанадан бері ашуланып, бедірейіп отырған Айқайбаев Николайдың сөзін естігенде орнынан тұрып, түсін өзгертіп, күлген болып, түлкі бұлаңға салып кетті.

— Николай, мені сынаушы тағы басқа жолдастар, дейді ол бір қолын шошайтып, екі көзін сығырайта, екі езуі құлағына жеткенше күлген болып, — мені сынау арқылы қалалық кәсіпшілік одағының председателі Исак Хаимовичті сынап отырғандарыңызды ұмытпаңыздар. Өйткені мен барлық істі алдын ала сол кісімен келісіп аламын. Жұмысшылар бұдан кейін де сынауын қойған жоқ. Қайдан қойсын. Сорайып көрініп тұрған кемшілікті қалай жасырып қалсын. Озаттар әдісін кең қолдануға көмектеспейді, сынға құлақ аспайды, — деді олар. Айқайбаев шыдамнан шығып, булығып тағы бірде-мелер айтпақ болды.

— Мен қарапайым адаммын, сондықтан да өзі туралы көп айтқанды ұнатпаймын, — дейді ол, бар даусымен гүрілдеп. — Мен осы артельді басқарып жүргенде мына, Николай мен Әлім, екеуің де партада мұрындарыңды қайта-қайта тартып пысылдап отыратын балалар едіңдер. Сынаймын деп менің жасымның үлкен екенін ұмытып кеттіңдер. Ұят бұларың сендердің, ұят...

Айқайбаев резина кәсіпшілік артелінде председатель болып жүріп жатқанда оның сынға қысым жасаушы екенін дәлелдейтін бірнеше арыздар қалалық кәсіпшілік одағына түсіп жатты. Артынша-ақ Айқайбаев Исак Хаимовичке орынбасар болып келді.

Ай артынан айлар өтіп жатты...

Артельден оп-оңай құтылып, әрі қызмет жағынан жоғарылап кеткен Айқайбаев көз еті өсіп, ешкімге жауап бермеуге айналды. Бірлі-жарымды шағым айта келгендерді қабылдамай жіберген кездері де болған.

— Арыз айтушыларды білем мен, тек бастықтарың туралы айтасындар, — дейтін ол.

Қыстың бір әдемі кеші болатын. Кеш алдында ұйқтап тұрған Айқайбаев қызарған көзін уқалап сыртқа шықты. Оның көзі есіктің алдында сырғанақ теуіп, ойнап жүрген екі балаға түсті. Мұның бірі өзінің он бір жасар ұлы Жарас еді де, екіншісі көршісінің қызы, ол да сол шамалас, Хадиша еді.

Баланың ойыны қызық қой. Біраз ойнаса аздан кейін екеуі біріне бірі өкпелеп ауыздары томпайысып қалады. Тап-тату, ойнап жүрген екі бала сырғанақтың кезегіне таласып қалды. Жарас кішкентай Хадишаны итеріп жіберіп жығып қойды.

—Папаңа айтамын,— деді Хадиша аузын томпайтып, үстінің қарын қағып жатып.

—Айтпасаң аттан сал. Сенің арызыңнан басқа да менің папамның шкафында жарым жылдан бері қаралмай жатқан құшақ-құшақ арыздар бар,— деді Жарас.

Сыртынан мұны естіп тұрған әкесі шыдай алмай баласын қолынан алып үйіне жетектей жөнелді.

—Саған кім үйретті мұны!— дейді әкесі баласына түнжырап.

- Папа, оны сізді білетіндердің бәрі айтады. Мен үйлеріне барғанда Коляның папасы да, Болаттың мамасы да, оны Валяның, Темірдің мамасы да айтқан.

Айқайбаев «өз әкеңді өзің» деп баласына бірдеме айтқысы келді де, ештеме түсінбейтін жас балаға сөйлеп қайтем дегендей, орнынан тұрып екі қолымен екі құлағын басып, үйдің ішінде біраз сенделіп жүрді. Сонан соң жалғыз өзі теңселіп сөйлеп кетті.

—Балаларға дейін біліп алған, балаларға қарашы. Менің бұл қылығым мына кішкентай баламның да алдынан шығады екен. Әй, бұдан да өлгеннің... Жо-жоқ. Өлмеу керек, жөндеу керек. Мен жөндегеніммен сынға қысым жасаушы деген атақ менен қала ма? Қалмаса да мен өз ісімді жөндеймін. Мен енді Исак Хаимовичтің ондай теріс сындар дегенін естімеймін. Мейлі енді, сынай берсін. Мен тек сол теріс әдеттерімді жөндей беремін.

Сонан соң ол жалма-жан киінді де, үйден шығып тура кеңсеге келді. Ол столының кілтін ашып қағаздарға ұзақ үңіліп, отырып қалды.

1953 жыл.

ҚЫЗЫЛ БҰЗАУ

Оқудың да оқуы бар, бәрі де он бес жыл оқығанымен, менің оқуыма жететін ештеме жоқ деген ой көңілімді көкке көтеріп жіберген жайы бар. «Дүниедегі журналист те, жазушы да өзім ғана!»—деп нейлон жейденің ішіне сыймай барамын. Әлі тірі болып қызметке бара қалсам шығарма дегеніңнің қанын ағызып, терін сорғалатқанды көрсететін мына көкетайың болар. Етім мен терімнің арасына кіріп алған бір мақтанқұмарлық минут өткен сайын желпінтіп, желбуаздандырып алып барады. Автобустан түскеннен билеп алған осындай бір желік нағашым үйіне қалай келгенімді де білгізбеді.

«Менің болыс болғанымды қайын-жұртым естіді ме екен?» деген екен бір ұртыкебер, дәңкеуде күйеу. Сол айтқандай, ертең қатырма қағаз алған соң қатып шыға келетін жиенін нағашым да бір білсінші, көрсінші деп іздеп келген едім. Кім біледі, ертең қызметке араласып, алпыс апа, жетпіс жездем болған кезде нағашы, жиен деп қалтамдағы дипломмен ондай шылыққа жол беріп жүре алармын ба, келешекте болатын қайын-қайынаға болмаса, бұрынғылардың бәріне шекемнен қарап, «қайда көрдім» деп өтіп кетпеймін бе? Құдайға шүкір, бір кісінің мұрынындай мұрын бар, танауды бір көтеріп жібергенде арғы жағында шүйкедей Шіңкілдек түгіл, таудай Қажымұқаның тұрса көрермін бе, екпінім үй жыққандай болып өтіп жүре бермеймін бе!?

Айтқандай, әлгі бұзауымды қалай алып қайтар екенмін, ендігі мүйізі де шығып, мал кейпіне келіп те қалған болар. Қыста курсты бітірдім, диплом қорғау ғана қалды деп келгенімде нағашым (шешемнің ағасы) осы бұзауды беріп еді.

—Оқу бітірген екенсің, жиен,— деген ол,— бізден бір бұзау ал, қызыл бұзау.

Әрине журналист мамандығы ауылда бола бермейді, малдана алармын ба, мен ол қызыл бұзауды. Қызыл бұзауды бұлақтай қызыл сиыр етіп, айранын ұрттап-ақ отырар едім, амал нешік. Әлде осы жерде құдай жарылқап, мал құмар біреу табыла кетсе сатып кетсем бе екен.

Сөйтіп мына бір тұрған магазиннен костюм сатып киіп, шікірейіп қалаға бір-ақ тартсам қалай? Бір жаманы бұл ауылдық жерде мал арзан ғой, қызыл бұзауым көзінен қызыл қанды жасы ағып арзанға жылап кетеді-ау, ә! Не де болса жүк таксиін жалдап қалаға-ақ алып кетейін. Әлгі бұзаудың жылы жұмсағынан тамақ пісіретін «Ауыл» ресторанына өткізіп, өзім де қуырдағына бір тойып, бүйірімді бір шығарып алайын. «Кедейдің бір тойғаны шала байығаны!» Жоқ мен қызыл бұзауымды сатқан соң кәдімгідей шыр жинап қаламын ғой. Бір бұзаудың бағасына, әсіресе қызыл бұзаудың, бағасына қалтам тоймағанымен нағашыма риза болған көңілім толмай ма, оның үстіне бұзаудың түр-түсіне олар бірдеме қосып төлемей ме. Өйткені нағашым қызыл екендігіне салмақ сала айтқан еді ғой. Тым әдемі, көркем қызыл болмаса, сонша бұлдап айтар ма еді, ол кісі.

Ә пәлем, әлгі ауылынан жырақ, нағашы түгіл жиені, жиені тұрғай жиеншары да жоқ Құрманбайға құдайдың көзінен түскендей қызыл бұзауды сатқанымды көрсетіп, көзін ботаның өрістігіндей қызартайын. Сонда ол Құрманбай ғана ма, Құрықбай, Сырықбайдың бәрі «Сиыр сатқанда сыра ішкізбеймісің» деп артымнан кекіліктің балапанындай шұбырып жүрсін...

Қызыл бұзау беретін, мені ғайыптан жарылқайтын қызыр — нағашымның үйіне кіріп келдім. Нағашым жоқ екен, табиғатынан мойнының бір омыртқасы кем жаратылған нағашы шешем қарсы алды. Әбден жалап жаман үйреткен еріні құрғап кеберсіп бара жатқандықтан ол тілімен оны бір сусындатып тастап, амандық сұрады.

— Әлгіні көрсен бітті ме? — деді шешем менің бар ауырпалығымды жалғыз көтеріп жүргендей күрсініп. «Сақау баланың тілін шешесі біледі». Нағашы шешемнің не айтып тұрғанын бірден-ақ түсіне кеттім.

— Бітірдім, апа! — деймін мен.

— Енді қайда жұмыс істемексің? Шопыр боласың ба, әлде дүкенші боласың ба? — Нағашы шешем үшін қыдыратын жеріне апарып келе салатын, керегінде әшмөшке-тәшмөшкеп шайын ала салатын осы екеуінен жоғары мәнсап та, қызмет те жоқ екенін ұқтым. Бағанағы көңілім су сепкендей басылып, бір сәт қалтамды қампайтып, қадірімді арттырар қызыл бұзауды да ұмыттым. Солай болмағанда қайтейін, он бес жылғы оқуым бір тәшмөшке шай бере алмайтын болған соң көңілің қалай қабаржымасын.

— Өзіңнің оқуың қандай еді, — деді шешем сары жалақ ерінін бір жалап алып. — Әлгі шотты қаға білетін бе едің? Дүкен ұстауға жарар ма екен деп жатқаным ғой, әншейін. Жұрттың жекжат-жұратының бәрі әйтеуір дүкенші, не шопыр болып шыға келеді. Бізге ондай бұйырмай-ақ қойды.

— Апа-ау...

— Жұрт бес-алты ай оқып-ақ шопыр, не дүкенші бола салады. Құдай ми бермеген сен соны бес жыл сүйредің ғой. Енді не істейсің?

— Газет шығарамын.

— Газет шығарамын? — Ол жалма-жан анау бұрышта тұрған нағашы шешемнің өзіне ұқсас тапалтақ қазақ столды дөңгелетіп әкеліп, ортаға тарс еткізіп қоя салды. Столдың бірнеше шегесі сояудай-сояудай болып көтеріліп тұр. Содан да болар, тақтайлары да атжал қалдырып жыртқан егістіктей ойқыш-ойқыш. Шешем мен «газет шығарамын» дегенде ерегісіп кетті ме, төрдің алдында шашылып жатқан қағаз ішінен «Жарқын жол» деген аудандық газетті алып, столдың үстіне төсей бастады. Оны қат-қабатын жазу үшін оны-мұныны сезе қоймайтын, күстеніп мүйізденген алақанымен бір-екі ысып-ысып жібергенде тапалтақ столдың босаған шегелері газетті тесіп-тесіп шықты. «Мені қайтсең жасырасың» деп ерегіскендей. Бағанадан бері столдың әлде бояуынан, әлде кірінен көрінбей тұрған шегенің қалпақтары газетті жарып бергі жағына шыққан соң, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қалпыш-қалпыш қалды. Мұның бәрі де менің жүрегімді тесіп шығып, енді қайта қадалып тұрғандай болды.

— Газет-пәзетіңді қайтесің, егер қолыңнан келсе осы ауылға дүкенші болып келмеймісің?

Не десем екен, тіпті бірдеме деудің өзі қиын, бұл кісіге. Дүниеде шофер мен дүкеншіден басқа мамандықтың керегі жоқ сияқты. Тіпті бұрынырақта «жұрт қорқатын милиционер болсаң етті» дейді екен кемпірлер. Енді милиционер боламын десем де бұл кісінің құлағына кіретін емес.

—Апа-ау, оқығаным сол газеттің оқуы.

Бұдан кейін шешем тіл-аузынан айрылғандай маған сөйлеуді қойды. Сөйлеу емес менің дүниеде барым да, өзімен бірге газеттің үстіне шашып тастаған шибауырсақты жеп, шай ішіп отырғанымды да ұмытып кеткендей. Менің екі-үш кесе шай ішуім ол кісіге екі-үш жылға созылғандай шыдамсызданып, дегбірі кетіп отырғанын байқадым. Қарным ашқан байғұс бауырсақты ойсыратып-ақ жіберер едім, амал не. Менің қолым бауырсаққа барған сайын шешемнің көзі үйге кірген ұрының көзіндей тоқтамайды, менің қолыммен бірге дастарқанның бетін аралап жүгіріп отырады. «Бір тәшмөшке шай бере алмайтын неменің нан жесіне қара» дегендей. Құлқыным құрып, араным ашылып тұрса да, әлі тоймасам да шайды доғардым. Шешемнің күткені де осы болуы керек. Дастарқанды көз ілескенше жинап әкетті де, дөңгелек столды қабырғаға сүйей салды. Дүниеде менің барымды енді көргендей ғана бір сөз айтты:

—Бұйымтайыңды айт!— Ішеріңді ішіп болдың ғой, ендігі отырысың не, есегіңді суғармаймысың деп отыр. Шешем шыдамаса піскен шиқандай жарылып кетсін, мен есегімді суғара алмаймын. Өйткені нағашымды келгенше күтіп, қалтамды қампайтып, бүйірімді шығарар қызыл бұзауымды алып кетпеймін бе?

—Нағашым бұзау беремін деген. Соны алып кетпек едім.

—Е, беремін десе берер,—деп алды да, нағашы шешем маған қарап қой көзін алаң еткізді. Түрі бұзылып қайта сөйледі.— Ау, қайдағы бұзау.— Жасымнан жетім өскен, жұрттың ішкі пікіріне үңіліп, қабағын аңдып үйренген менің ойыма да бір арамдық кіре кетті. Менен сары су ас-шайды, бес-алты бауырсақты аяп отырған кісі бұзауды қиып ақылынан адасып па деймін ішімнен.

—Осы үйдегі шығар.

—Бұзауың туған жоқ қой, әлі.

Тумаса туады-дағы. Қалаға алып барған соң туса бұзаулы сиыр етіп тұрып бұлдамаймын ба? Бірден екі қаралы болып шыға келейін деп тұрмын-ау, ә! Менің нағашым да кісі-ақ, жетім жүріп қиындық көріп өскен мені енді адам болар кезде бір демеп жібермек қой. Түйеге «әйт, шу!» деген де сеп! Оның кейін «Оқу бітіргеніне екі қара бергенмін» деуіне де жақсы. Иә, айтқандай осы қазақтың балаларға ен салып, бәсіре етіп, не еншіге бөліп берген төлді атан болып, ат болып кеткенде де «Алданның бұзауы», «Тәкеннің ботасы» дей беретіні несі екен? Әлде балаларға қарап оларға тиісті малды да еркелеткені ме екен? Әйтпесе менің бұзаулағалы отырған сиырымды «Балбақтың қызыл бұзауы» дегені не? Ия екі бірдей мал сатқан соң әжептәуір қоңданып, тіпті үстіме үй, бауырыма қазан бітіп қалмас па!? Отаулы болуға да осы пұл септігін тигізер.

Осы бір тәтті ойымды даладан сөйлеп кірген нағашымның даусы үзіп жіберді.

—Әлгі бес жыл сөз оқыған батыр қайда?

Нағашым екеуміз әңгімелесіп отырдық. Шешем де тырп етпей отыр, ернін жалап қояды.

Аудандық газетке келесің ә? Сен маған мына біздің ауылдың дүкеншілерін бір тәртіпке салып берші. Ақ-құйрық шай аузымызға тиюді қойды. Әлгі Қоңқабайдың қорлығы өгіп жүр. Дүкенге түскен жақсыны жақындарына ғана жасырып береді.

Нақ осы жерде мені жаңа көргендей нағашы шешем тесіле бір қарап, ернін жалап-жалап алды.

—Дүкеншіні тәртіпке салады?! Оу, мен қазанға тамақ салмай неғып отырмын?!—Шешем ернін бір жалап алып бүгежектеп сыртқа жүгіре жөнелді...

Таңертең кетпек болдым.

—Бұйымтайың бар ма жиен?— деп сұрады нағашым.

— Әлгі бұзауымды әкетейін деп келіп едім.

— Сиыр бұзаулаған жоқ қой, желіндеп жүр.

—Қызыл бұзау ал деп түріне дейін айтқан өзіңіз едіңіз ғой.

—Ойбай-ау, мынау бес жылдан бері оқып жүр десем, мені қызыл сөзбен риза етіп жүр екен ғой.

Қызыл сөз!.. Қызыл бұзау... Қап! Құдекең абұйыр бермегенде осылай болады. Қап! Не дерімді білмей үйден ата жөнелдім. Ендігі қызыл бұзау, қызыл сиыр да болған шығар. Нағашыма баруға бет жоқ. Бұл кезде қызыл бұзау да қызыл сөз болып қалып барады...

1978 жыл.

ҚАЙТЕСІЗ, МӘДЕНИЕТ ДАҒЫ...

Сіз мәдениетті қалай түсінсеңіз, олай түсініңіз. Мен білетін кейбіреулердің түсінігі сіздердің түсініңізден мүлдем өзгеше. Мәдениеттің де мәдениеті болады екен. «Әкесін сабағанды көріп едік, бірақ арбаға байлап қойып сабағанды көрген жоқ едік» деген екен біреу. Сол айтқандай сіз білмейтін мәдениеттің талай түрі бар. Мысалы менің көршім Қоңқай қалтасында дипломы, иегінің астында шоқпардай қылып байлаған галстугы, қатқан костюмі, қатырма жағасы бар адам. Баз бірде танауы астына қырбық мұрт қоятыны да болады. Шалбарының қыры да қатып тұрады. Артық жөткерінбейді, жұрт ішінде кекіреймейді, түкіргіштен басқа жерге түкірмейді. Бір жаман жері оның үйінен шешесі кетіп қалды. Өйткені жас басын кәрі қылып, ақ жүзін сары қылып жетімнен жеткізген ұлына қарайлап жүріп, көп жәбірге шыдап-ақ бақты. Қоңқайдың келіншегі Көлкеш оған күн көрсетпеді. Отырса опақ, тұрса сопақ болды. «Мен сізді жек көремін» деп ашып айтты. «Өзімнің мамам бар, сізді мама демеймін» дегенді де талай естіртті. Ішкі сырын бүкпей сыртына ашық шығарып айтқаны да дұрыс шығар, әкесі өлгенді де естіртеді, содан қиын дейсіз бе. Бірақ кемпір байқұс келін жек көретіндей ештеме істеген жоқ еді, бар жазығы отымен кіріп, күлімен шықты, балаларын үйректің балапанындай бақты. Бір оңашасын тауып шеккен жапасын үмітпен баласына жеткізіп еді, баласының жауабы қысқа болды.

—Мен оған сені жақсы көр деп айта алмаймын. Ол оның өзінің жұмысы.

Әйеліне ескертпе жасау деген немене ол? Жабайылық емес пе? Қайтесіз бұл да мәдениет.

Қоңқай қонаққа баруды жақсы көреді. Ондай кезде ол көл-көсір мол адам. Ұрттап ішіп, шайқап төгуді ұнатады. Ауылға барғанда төрт қабаттап көрпе салғызып, қос жастық қойып шынтақтап, көсіліп тастап жатып, қызыл ірімшік, ақ сары ежігей, сағырданған сары құртты сары майға батырып жеп, түйіле-қабына ет асағанды тәуір көреді. Артық ішпесе де, аз ішпейді. Үйге келген қонаққа «тамақ ішпеді» деп ренжіп жүретін көп қазақтың біреуі оған әлі «арағым ішілмей қалды, тамағым желінбей қалды» деп өкпе білдіріп көрген жоқ. Бір жақсы жері Қоңқайдың келіншегі Көлкеш те табиғатында бір енеден туғандай, басқасы болмаса да қонаққа бару, жұрттың тамағын жеу жөнінен тура Қоңқайдың өзіне тартқан. Не керек, ол жағына келгенде ол қарынның жанындағы мейте. Оларға таныстарының, туыстарының есігі ашық. Бірақ біреу-міреу келіп қоймай үшін олар жарым түнге дейін үйінде жоқ. Есіктері тарс жабық. Қайтесіз, қонаққа бару оларша мәдениеттілік болғанмен қонақ қабылдау мәдениетсіздік.

Сол ерлі-зайыптылар үйіне бір күні ауылдан ағасы Аңғалбай келген. Бас-аяғы сағыммен астасатын қаланың ұзын көшелерін жаяу аралаған Аңғалбай шөлдеп-ақ жетіп еді. Бірақ ауылдың барлық жай-жапсарын кең әңгімелесіп сұраған Қоңқаймен Көлкеш үйінен оған тамақ татырмады. «Ауылдағыдай ағыл-тегіл ағып жатқан» дүние бар ма, есігінің алдында мөңіреп тұрған бұзаулы сиыр, маңырап тұрған қозылы қой бар ма, «Жалақыға қарап отырған жандар» екенін ағасы білмейді дейсің бе, шай беріп қайтсін. Тілі аузына сыймай бара жатқан соң Аңғалбай су тұратын жерді сұрап, екі шөңке қара су ішіп тынды. Бір тәуір жері Қоңқай ағасының су ішкеніне қатты көңіл бөлді.

Су суық па екен? Мөлдір, салқын су сусыныңды қандырды емес пе?!— деді. Ағасы басын изеді де, шығып кетті. Бірақ ағасы бұларға шешек шыққан екен деп ұқты. Өйткені ауылда тек шешекпен ауырып жатқан адамы бар үй ғана тамақ бермейді ғой. Кім біледі, Қоңқайлардыкі де дұрыс шығар. Бір жақтан артық келіп жатқан бірдеме бар дейсіз бе, тиындап келетіп ақшаны, сомдап шашар болар ма? Ә, етті айтасыз ба, ет туралы жалпы сөз қозғауға болмас. Космос заманында екі сағатсыз піспейтін етті қайнатып отыруға адамның тағаты жете ме?

Ал босқа шай беріп біреуді баптап отыру деген ескінің сарқыншағы болып кетер. Қайтесіз, шай беру деген де осы жағына келгенде мәдениетке жатпаса керек?

Көлкеш сәнмен киінеді. Ол сән ауылға қонаққа барғанда айқындала түседі. Ойынтасы анарынан келіп, етегі бөксесін соғып тұрған көйлек әсіресе жерге отырғанда екі тізесін сорайтып, жарқыратып жібереді. Қайын-қайнаға, абысын-ажын мырс-мырс күледі. Тек мұндай көйлек кигенді құдай түрегелтсе де еңкейте көрмесін... Бірақ одан қысылып жатқан Көлкеш жоқ, артына тартса алдына, алдына тартса артына жетпейтін көйлекті созғылап-созғылап қойып отыра береді. Қатты созғылауға тағы болмайды. Онда мыжылып қырыс-тырыс болады. Айдалған жердей қырыс-тырыс, сөлбірейген ұзын көйлек кию мәдениетсіздікке саяды. Сәннен қалған соң ұят емес пе?! Тақымнан шыққан көйлекті мода қылған Көлкеш емес. Ал модадан артта қалуға болмайды. Қайтесіз...

Қоңқайдың үлкен қызы Анжелика биыл он жетіге келді. Сейсенбі күні он сегізге толса, сәрсенбі күні күйеуге кетуге дайын отыр. Бір күні Қоңқай жұмыстан келгенде қызы үйге жігіт ертіп келді де әкесіне:

—Папа, мынау менің еркегім!— демесі бар ма? Ондағы айтпағы «мынау болашақ күйеу балаңыз» демек екен. Әдемилеп тұруға уақыт бар ма?! Космос заманы! Төтесінен кеткен ғой. Мәдениеттілерміз дейтін көрінеді олар да, қайтерсіз!

Қоңқайдың қызының тойы жақындағанда үйге Робинзон сияқты жабайыға айналған біреу кіріп келді. Шашы арқасын жауып, сақалы белбуарына түсіп тұрған адамға Қоңқай үңіле де, түңіле де қарасын. Қаба сақалдың тілі оралымсыздау ма, әлде өзінің ыдысында бары сол ма, болашақ атасына төтесінен қоя берді:

—Анжеликаны мен қатын!..— Міне керек болса! Біле келсек, амал нешік, бұл да Анжеликаның тағы бір еркегі болып шықты. Тойы болғанша тұқыл иекті тастай беріп, қолға мол ілігетін қаба сақалдан қарындасың қатты ұстаған екен. Сақалы жұлынбағай әйтеуір! Қайтерсіз, бәрі сыя беретін мәдениет бар емес пе?!

Кейде жұлар ма еді, осыларды деп ойлайсыз. Бірақ ол мәдениеттілікке жата ма, әлде мүлт кетіп жүреміз бе? Ойламауға бола ма? Қайтесіз, мәдениет дағы!.

1970 жыл.

УАҚЫТ

Біздің үйге танитын адамдар келгенде қабағы қарыс жабылып кететін, әсіресе менің туысқандарым келгенде көбірек шытынап, солар қолдарын сүртетін сүлгіге дейін әңгіме етіп, біраз жерге апарып тастайтын Сәніштің көңіл күйі бейтаныс адамдарды ертіп келгенде жайнап сала береді. Сіздің үйдегіге керісінше, біздің үйде тағы бір қызық жай бар. Мысалы, кейде үйімізде ақша жоқта, керісінше дастарқанымыз тасып-төгіліп жатады да, ал екеуміз (Сәнішті айтып отырмын, одан басқа тағы біреуі бар деп ойлап қалып жүрмеңіздер) жалақы алған кезде кейде шай мен нанға қарап қаламыз. Әрине, сіздер мұның сырын білмейсіздер. Осындай оңашада өзіңізге сол сырды бір ақтарып тастамасам болатын емес.

Сәніштің туысқандарынан менің туысқандарым аңқаулау ғой деп шамалаймын. Өйткені олар Сәніштің айтуына қарағанда, ылағи үйде ақша таусылып қалғанда келеді.

Бәрін өзі білетін Сәніштің сөзінше олар аузының салымы жоқ, керауыз, тайқы маңдай, ырысқа лайықсыз тағы-тағылар. Мен болсам Сәніш сөзінің растығын қоштап үйренген жанмын. Қоштамауға бола ма, ол менің көзімді жеткізбей қоймайды. Бір рет өзім де байқағаным бар.

Жалақы алғанмызға екі күн болған. Үшінші күні маған Сәніш қалта түбін қағып көрсетті.

— Міне, нан мен шайға ғана жететін ақша қалды. Уақыт өтіп барады, таусып барады.

— Ие, уақыт өтіп барады, таусып барады, — деп қай-талаймын мен. Демей көрші ер болсаң. Сәніш шаңыңды қағып жіберсін. Япыр-ау, қызық. Менің ауылдағы жалғыз бауырым Бәрімбек сол күні үйге сап ете түскенін көрдіңіз бе? Енді Сәнішті әулие демей мен не дейін. Ауызының салымы жоқ, өзінен көрсін-дағы. Әйтеуір ақ нан мол, ағама сонымен шай бере отырып Сәніш:

-Уақыт солай болды, қонақасы жей алмадыңыз, — деп жайбағыстап тігісін жатқызды.

Мен оны қоштай кеттім. Егер Сәніш өйтіп әдемілеп айтпаса мен не істей алар едім.

-Қонақасы жей алмадыңыз, — дедім мен де. Бірақ Сәніш ала көзімен атып жіберді.

Қайтып жауапқа келе алмадым. Аузының салымы жоқ Бәрімбек шаймен аттанды.

Уақыт өткенде келген өзінен көрсін.

Арада күн өтпей-ақ Сәніштің немере апасы келді. Бұлардың жөні басқа екен. Кешке қарай дастарқан жасалып, аспаннан Ыбырайым пайғамбарға түскен көк қошқардай бірдеме біздің үйге пайда бола кетсе керек. Үйдің астыңғы қабатындағы дүкеннен бір қойдың етін Сәніш бір-ақ көтеріп келді. Етті былқытып асып әкеліп қойған кезде Сәніштің апасының салымды аузына қарап едім, біздің Бәрімбектің аузынан бөлектеу ештемесі де жоқ сияқты. Салпып-ақ жатыр. Әсіресе, астыңғы ернін айтсайшы, кәдімгі қорабының артқы жағын түсіріп қойған жүк машинасындай. Әлде салымын келтіріп тұрған керқызылдап тұрып жаққан далабы ма екен? Қап, біздің Бәрімбек байғұс оны өзі түгіл, жеңгеме де жаққызбайды-ау! Онда Бәрімбекке де бірдеме жұғар еді.

— Аузының салымы қай жерінде тұр? — дедім сыбырлап Сәнішке, шынымен көргім келіп. Ол санымды шымшып алды. Онысы несі? Немене салымы саныңда тұр ма? Оған риза болмай қайта сыбырладым:

— Салымы қай жерінде дедің?

— Бұл уақытқа тап келді ғой. Нағыз теріс азу өзі, бір қойдың еті келе кеткенін көрмеймісің?

Енді не істейін. Ауызыңды көрсет демекпін бе! Тыныш отырдым. Бірақ жаным тыншымады.

— Уақытысында келдіңіз, ауызыңыздың салымы бар екен, — деді Сәніш апасына.

«Біздің Бәрімбектің аузынан түк те айырмасы жоқ, омырылған астаудай болып тұр ғой» дегім де келді. Бірақ айта алмадым.

Бәрінен де қорлығы ертеңінде болды. Бәрімбектің ин-ститутта оқитын баласы келіп еді. Әлгі «салымды ауызға» келген ет соған ере кетіпті. Қайтейін, Сәніш «уақыт солай», — деді. Мен де тез-ақ қозғалып «мен-ақ дүкенге барып келе қояйын» деп едім, «немене бала құсап, елпілдей қалдың!» деп Сәніш қайырып тастады.

Шынында бала емес, үйдің иесі сияқты едім ғой. Отыра бердім. Уақыт болмаса керек. Бәрімбектің баласы да аузына қызыл тимей қайтты...

Бұл біздің үйге таныс адамдар келгендегі жағдай. Енді таныс еместер келгенде қалай? Мұны айтқым да келмейді. Өйткені бұл жерде жарым-жартысы өзіме де байланысты еді. Дегенмен бір сыр болсын.

Айдың аяғы жақындап, уақыт өте келгенде, ақша бар болғыр ада-күде бітетін әдеті ғой. Нақ осындай кезде-ақ мен үйге бейтаныс үш кісіні ертіп сау ете түссем, біздің Сәніш сау желіп, жырық қара қапшықты алып дүкенге жөнеледі. Ондайда жырық қараның езуінен көк мойындар қылтиып, қылтиып көрініп келіп тұрады. Тістің құрты ұстағандай әр жері бұлтиып-бұлтиып шығып білеуленіп кетсе-ақ болғаны оның бәрінен-ақ консерві қалбырлары, жылытпа қуырдақ, майлы шұжық өрби берді.

Ауызға аздап ақаң тиіп, арғы жаққа ел қонған кезде мен қонақтарыма қарап: —Сыза отырмаймыз ба?—деп қоямын. Осы сөз аузымнан шыққан кезде біздің Сәніш бордақы, борпылдақ денесін тез жинап, сүйінші сұрағандай көк мойын шөл-мектің бөріктерін жұлып-жұлып алады. Олар лақылдатып-лақылдатып жібереді. Көк су көмейді қырып, ішті жидігіп жібере жаздап, өңештерді тіліп, төмендеп кетеді. Нақ осы бір сәтте қонақтар қоштамай тұрып-ақ Сәніш бәрін жөнге келтіріп жібереді. Жөн білетін әйелдер бөлек қой, шіркін. Сәніштің осы бір кездегі күлкісін көрсең етті. Оның езуі бір жиылмайды, «қайнымдап» жігіттердің есін алып та жібереді. Сәніштің қайындарын мен «темныйлатып» отырып, ыңғайыма айдап түсіре беремін. Екі-үш рет көз жұмбайға салып барып, тарттырып-тарттырып жібергенде көңілге болмаса қонақтарым тотып-ақ қалады. Мұндайда Сәніштің дастарқан шығынының шамасы өзіме мәлім, содан төрт-бес есе асып түскен кезде қапысын тауып қабақ қағамын. Осы бір жайды байқағанда бағанадан бері бетіне қатық жағып сөйлемей отырған Сәніш: —Уақыт болса өтіп барады, ертең жұмыс бар,— деп зарлап жүріп береді. Қанша дегенмен де маған жаман кісі еріп келеді деп ойлайсыз ба, мәдениетті жігіттер. Сәніштің емеурінін тани қояды. Бір жақсы жері осы жігіттер «енді осы үйді көрсем, әйелімді көрмейін» деп ант беріп кете ме, қайтып есік ашпайды. Мұндай бейтаныстарды ертіп келгенімді, шығып бара жатқандарын көргендер: —Пәлі, пәлі, жігіт-ақ Балбақ! Үлкен есікті үй деген осы. Жұртқа күнде қонақасы беріп жатады,— деп мақтап жүреді. Бәрін де ішім біліп тұрады. Сонымен уақыт өтіп жалақы уақтысы да келеді. Кеше де жалақы алдық. Бұл жолы қонақасының қалай боларын қайдам. Әрине уақыт көрсетеді. Лайым Сәніштің уақыты болғай деңіз!

АРАЗДАССА ДА, АРТЫНАН КЕЛДІ

Әсіресе Күлтайға анау бет-аузың қаншиедей етіп бояп, бетінен екі қолы елі кетпейтін Жамалдың айтқан сөзі өтіп кетті-ау. Тағы қандай кекесінмен айтты десеңші: —Сенің жігітің немене өзі, адам ба, әлдекім бе қаладан ауылға қашады. Сондай да мәдениетсіздік бола ма екен. Ең болмаса аузын буған өгіздей өзі кете берсе екен, «жүріңдер, комсомолецтер, ауылға мәдениет егейік» деп жұртқа жар салады. Сенің мәдениетсіз жігітіңнің «мәдениет егейік» деген сөзі әркімнің-ақ бүйірін қыздырып, бүгін менің Қамалым да еліріп: «Мен немене, Құлбайдан кем бе екем, ол аяқкіім фабрикасының атақтысы болса, мен тігін фабрикасындағы озатпын. Ол білетін техника тілін мен де білем» дегенді шығарыпты. Сен ол маймұрыныңды неге тыйып қоймайсың,— деді-ау.

Оның бұл сөзіне Күлтай ыза болыңқырап қалып: «Мұрын өзінікі ғой, ол біреудің мұрнын алған жоқ, онда кімнің жұмысы бар» деп ашуын басқандай болды да, Құлбай жайын, оның фабрикадағы белсенді комсомолец екенін, оның не істеймін десе өз еркі, өз правосы өзінде екенін айтып еді. Жамал оған әңгіме тиегін ағытып кеп жіберді:

—Сен өйтіп босбелбеуленбе. Еркек дегенді еркіне жібере берсең, еріге береді. Оларды басынан қолға алмасаң, кейін басынып кетеді.

—Е, еркінше жүрмегенде мен оны қалай кісендеймін?

—Ойбай-ау, өзіңнің ақылың бар қыз шығар деп жүрсем, ақылдан шайнам ештемең жоқ екен ғой.

—Артығыңыз болса ауысарсыз.

—Өйтіп кекетпей-ақ қой, бірақ мен саған адам болатын жағыңды айтып отырмын. Тың жер, пың жерді қайтесің. Ол бір құлан жортпас құба жон емес пе? Жаңа үй болып, есіңді біліп етектеріңді жапқан кезде шаңырағыңды түтетіп, ит арқасы қиянға қаңғып не бар.

Жамалдың қас-қабағын керіп, әсемсіп-бәлсіп айтқан сөздері осы тәріздес болды. Әрине, Күлтай оның сөзіне артық жауап берген жоқ, тек: «Ол жерде де біз сияқты адам тұратын шығар» дей салған болатын.

Бірақ үйге келісімен Жамалмен арада болған әңгімені ойлап отырып, Алмалық сияқты әсем қаланың көркі көзіне елестеп, оны тастап кету өз ойынша әлде не болып көрініп Кұлтай соның сөзіне ауытқып сала берді.

Жолдамасын қолына алып үйіне Құлбай кіріп еді, Кұлтай бұлан-талан жылап отыр. Жылаудан көзі қызарып, көз еті бұлтиып ісіп кетіпті. Бетіне жұқалап жаққан опа көзден аққан жаспен айғыздалып, соры шыққан былғарыдай саталданыпты да қалыпты. Құлбай да Кұлтайдың неге бүлініп отырғанын сезе қойды. Оның есіне «қасыңда отырып мыжыңдай берсе, көргенде көресіні әйелден көрерсің» деген тұрмыстан бытыраңқырап жүрген біреудің сөзі түсіп, жүрегі су ете қалды.

— Не болды, Кұлтай?

— Бармаймын, Құлбай.

— Қайда бармайсың?

— Құс қанаты сәгіліп, құлан тұяғы тозған құла дүзге бармаймын.

— Бармай-ақ қой. Өзің де бармайсың.

Бұл сөз Кұлтайға бұрынғыдан да жаман тиді. Кұлтайдың зығырданы қайнап, ызаға булықты. Ішінен қызғаныштың оты тұтанып, түтеп сала берді. Ал Құлбай бұл сөзді әзірше бармай тұра тұрар және өксігі басылып, өкпесі тарқасын деген оймен айта салып еді. Бірақ Кұлтай оны басқаша түсінді. Оның есіне кеше қайдағы-жайдағыларды айтып отырып «сенің жігітіңнің ойы басқа» деген Жамалдың сөзі түсе кетті. Кұлтай одан сайын өксіп-өксіп жылады.

— Сенің ойың менен құтылу ғой, — деген сөз Құлбайды қатты ренжітті. Олар бұдан бұрын ренжісіп көрген жоқ, тіпті ренжісетіндей уақыт болған жоқ. Бар болғаны қосылғандарына екі-ақ апта болды. Құлбай қалай айтса да Кұлтайға тың жерге аттануды түсіндіре алмай-ақ қойды. Кейін келерсің десе Кұлтай одан жаман жылады. Сонымен бірі төсекте етпетінен жатып жылаумен, бірі орындыққа шоқиып отырумен таңды атырды. «Кеше қосылып едік осы уақта, айрылғалы отырмыз күншуақтаның» кері келді. Осы кезде терезе алдына келіп тоқтаған машинаның гүрілдеген мотор даусы естілді де, автомобиль гудогі «дут-дут» деді.

— Кұлтай, мен жүргелі тұрмын, қоштасалық, — деді Құлбай.

— Жүре бер, — деп Кұлтай зекіңкіреп айтты. Бұдан соң қоштаспайтыны білінген соң, амал не, ол чемоданын алып, есікке сырғи берді. Машина моторының гуіліне құлақ тігіп, оның кететініне сенбей отырған Кұлтай терезеге көз тастап еді, чемодан салып жатқан Құлбайды көрді. Ол жалаң аяғына кебістің басын іле салып далаға шыққанша машина зырғып жүріп те кетті. Үйге асыға қайта кірген Кұлтай көзіндегі мөлтілдеген жасы ыршып асығыс киініп, вокзалға жөнелді.

Ол апыл-құпыл перрон билетін алып, поезға шығып еді, поезд нақ Кұлтайдың келгенін көре салып жүруге уәделескендей жайлап қозғала бастады. Поезд жүріп кеткен соң Кұлтай барлық мүмкіндігінен айрылғандай еңіреп жіберді. Кұлтай жыламақ түгіл бақырсын поезд оған қарасын ба, жүрісін бірден бірге екпіндетіп, ақыры жүйткіп жөнелді. Бұл март айының іші еді.

Үйге келген Кұлтай өзін өзі қатты кінәлады. «Сол бір Жамалдың сөзіне еріп... «Сүйреңдеген жаман тіл сүйгеніңнен айыра» деген осы екен ғой». Ол алыс жолға кетіп бара жатқан жолдасын ренжіткеніне қатты өкінді.

...Поездан түскен Кұлтайды жүк машинасы алып кеп жөнелді. Көз көрім жердің бәрі бір бұлдыры жоқ жап-жазық және пісіп тұрған сап-сары егін. Оның машина үстіндегі ойы әлі де тоқтамай келеді. Совхоз деп жүргені бес-алты үй шығар.

Машина бір қаланы аралай келіп, жаңа салынған ағаш үйдің қасына тоқтады.

— Түсіңіз, — деді шофер. Кұлтай ренжи, қабағын шытқан бойы машинадан түсті.

— Жолға тастап кетесіз бе? Мен енді немен жетемін?

— Енді қайда бармақсыз?

— Бағана өзіңіз айтқан совхозға.

Сол совхозға, өз үйіңізге келдіңіз, — деді шофер.

Өтініштің өкініші қатты болды-ау деп жүрген Кұлтай бүгін өтініштің қуанышына кенелді. Бірақ араздасса да артынан келгеніне намыстанбады, өтініштен туған өкініш есіне түсіп, ұялып та, қызарып та кетті.

1955 жыл.

ШҰБАР ТАС

Соңғы күндері Айжанның қабағы ашылмайтын болып кетті. Оның басты себебі ауылдағы әйелдердің бәрімен алакөз болып, ұрсысып біткен Шайбүбінің қитықтан ситық тауып Айжанды тілдеуі еді. Жай тілдегенге ол шамданбас та еді. Айжанды қарғап-сілегенімен қоймай «қубас неме, неменеңе жетілесің, дүниеде ернің жібімей кетіп бара жатып» деп бүкіл ауылдың бас-аяғына жар салғандай айғай салды. Мұндай қатты сөз, қайтып көрмес сөз айтылуы үшін бір үлкен себеп болды ғой деп ойлайсыз ба? Жоқ, тіпті болар-болмас нәрсе. Бары-жоғы «тары түйісіп жібер» дей келген Шайбүбіге Айжан «қолым тимейді» деуі-ақ мұң екен, ол борандатып жүріп берді-ай дерсің. Айжан оның ұрысына үндемеді, бірақ соңғы сөзді айтқанда даусы шығып жылап жіберді де, үйіне жөнеле берді. Шайбүбінің де айта алмай тұрғаны тек соңғы сөз екен, соны айтқан соң желі кеткен қарындай солып, іші босап, ашуы басылып қалды. Ішінен өртеп бара жатқан пәле «қубас» деген сөзбен бірге кеткендей. Айжан сол кеткеннен үш күн бойы үйінен шықпай қойды. Ешкімнің көзіне де түспеді. Жолдасы Ермек «не болдылап» қанша сұрағанымен айтпады да, тіс жарып, тіл қатпады.

Семья жағдайымен алты-жеті класс қана оқыған Айжан ауыл мұғалімі Ермекпен қосылғалы да үш-төрт жыл өтті. Ешкімге айтпай іштей қанша тілегенімен бала көтермеді. Оқтаудай болып қақиып қалды. Айжанмен қатар күйеуге кеткен қыздар қазір бір-екі балалы болып отыр. Ал Ермек болса бала сүю дегенді тіпті еске алатын емес. Осыларды ойлап іштей тынып келген Айжанға Шайбүбінің ұрысы дәл төбесінен таспен ұрғандай болды. Осыдан бірнеше апта өткен соң барып қана Айжан тілге келе бастады. Бір күні түнде төсектен түсіп бара жатып Ермек бір нәрсеге аяғын ұрып алды. Аяғы шымылдап ашып кетті. Ол шамды жағып жіберіп қараса кровать жанында еден үстінде нан кесетін ұзын қара пышақ жатыр. Нанға өтпей оны үгітіп жіберетін қара пышақ нағып қасиеттеніп ас үйден ұйықтайтын бөлмеге келген? Аяғына тигеннің осы екенін білген Ермек оны алып, стол үстіне қойды. Тобығының терісін пышақ жырып кетіпті. Ол далаға шығып келіп жатып қалды. Шам өшіріліп жатқаннан біраздан кейін қасынан Айжан сырғанап түсті де, әрі таман барып, стол үстінен тықыр еткізіп бірдеме алды. Сөйтіп кровать жанына келіп белі бүгіліп отырды да, қайта тұрып төсегіне жатты. Бұрын төсекке басы тиісімен ұйықтап таңды бір-ақ атқызатын Айжанның соңғы күндергі, мына бір түндегі күдікті жүрісі Ермектің көпке дейін ұйқысын келтірмеді. Ол ұйықтаған болып, мұрнынан жай демін алып жатты.

Айжанның ұйықтай қоймағанын Ермек сезді. Айжан бір нәрселерді айтып ұзақ күбірлеп жатты:

—Е, құдай, тілегімді бере көр. Ермектің өзі жалғыз еді, ең болмаса осыған бір серік бер. Құдай мені басқалардан неге сорлы қыласың? Менің сорлы болардай не жазығым бар еді. Әлде «екеу болмас жігітке бедеу қатын түс болар» дегендей мен сорлыға кездескен шоқпарлы ма едім...

Айжанның құдайға түн жамылып жатып жасаған құлшылығын тыңдап болып Ермек күліп жібере жаздады. Енді белгілі болды. Айжанның қабағының кірбіңі — бала. Ермек осы уақытқа дейін шынында қалай ойламаған? Өзі қатарлы үйленгендердің көбі-ақ балалы болған екен-ау, ә!? Бала! «Бала адамның бауыр еті» дейді.

Ақыры Айжанның абыржып жүргені басқа бір ерекше нәрсе болмаған соң ол ұйықтап та кетті...

Таңертең Ермек көзін ашып алғанда үйдің іші жап-жарық екен. Көктемгі мейірі күн нұрын төгіп тұрғанға ұқсайды. Айжан тұрып кетіпті. Ермек әдеттегісінше еденнен үйге киетін жеңіл башпағын іздеді. Оның көзі төсектің басына таман қарағай еденде қадаулы тұрған түнде өзін жаралайтын қара пышаққа түсті. Күнде ас үйде қадырсыз жататын майлы қара пышақ үлкен беделге ие болыпты. «Е қарауылым-ай,— деді Ермек ішінен,— Айжанға бала туғызбай жүрген қара албасты келіп қалмасын деп төсекті күзетіп тұр екенсің ғой». Ермектің ойымен қара пышақтың жұмысы не, түрме күзеткен жасауылдай қақшиып тұра берді.

Ол оны көргенін Айжан білсін дегендей еденнен жұлып алып, ас үйдегі столға апарып тастай салды.

Шай ішердің алдында ауызғы бөлмеге ауылдағы «белгілі бедеу атанған» жұп-жуантық Қойман кіріп келді. Нық жабылмай, саңлау қалған есіктен олардың сөзі шай алдында газет қарап отырған Ермекке естіліп тұрды.

Әңгімені Айжан бастады:

—Қара пышағымды енді қайда қоярымды білмеймін. Түнде Ермек аяғын ұрып алды. Таңертең оны шаншыған жерімнен алуды ұмытып кетіпмін. Әкеліп ас үйге лақтырып тастапты.

—Ойбай-ау, келіншек-ау, еркек адам соған маңыз береді ғой деп қорқып отырмысың? Олар оған көңіл аудармайды.

—Маңыз бермегенде? Бір күні біліп қойып көңілі қалып жүре ме, қайдам. Былтыр есік алдындағы құдықтан түнде су алуға жүрегім дауаламағаны. Соны Ермекке келіп айтып едім, ол суды алып келіп берді де: «қалтаңа пышақ салып барып, бісмілда деп шаншып қойып, суды ала бермейсің бе?» деп кекеткені бар емес пе. Содан бір күн тұрып бейсенбіге Жұмасай молдаға ол жоқта құран оқытқызып, шай бергенімді естіп қойып, пәле содан шықты ғой. Өзім де жаман қорықтым, жеңеше-ау. Әйтеуір көңілі қалмасыншы, соның.

—Ендеше сен қара пышақты шүберекке орап бас жағыңа тыға сал. Пәле-жала содан да жоламайды.

Ермек ойланып тұр. «Айлас қатын мұңдас». Мына байқұс та баласы жоқ болған соң Айжанға келгіштеп жүр екен-ау! Әй, надандық-ай! Ермек Айжан көңілі қалмасын деді ме, әлде тағы да байқап тұрайын деді ме, үндемеді. Ертеңіне Ермек шүберекке оралған қара пышақты тағы да жастықтың астынан суырып алды. Ол қара пышақтың орауын жазып, шүберегін алып тастады да, тағы түк көрмегендей ас үйге апарып қоя салды. Бұдан былай қара пышақ құрметтен қалып, бұрынғысынша енді ас үйден табылатын болды. Әр нәрсенің дүниеде алатын орны бар ғой. Айжан қара пышақтың тіпті осында жатқанының өзі тәуір ме деп қалды, ол ас үйдегі столдың үстінің аз да болса көркін кіргізіп тұрғанға ұқсайды. Бұдан былай қара пышақ түпкі үйде көрінбеді.

Қара пышақ ұмытылып кеткен соң Ермек Айжан қайғысын да ұмытты. Ұмытпағанда ше, басы жерге жетіп тұрған емес, бала деп безілдеп не көрініпті зарығатын уақыт бола қойған жоқ, жиырма үшке жаңа келді.

Күн жылынып кәдімгі жаз да басталды. Ермектің бастауыш мектептегі сабағы аяқталып, енді демалысқа да шықты. Жазғы демалысын Ермек аң аулап, құс атып бір еркін демалыс етіп өткізбек болды. Нақ демалыстың алғашқы күні Ермек ұйықтай алмай шықты. Басына бірдеме батып барады. Көзін ашып алып еді, үйдің іші жап-жарық күн сәске болыпты. Айжан қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр. Жастығы ысырылып бір жағына түсіп қалыпты. Ермектің ойына тағы да қара пышақ түсе кетті. Сондай бір пәле шығар деп ол бас жақты ақтара бастап еді, аппақ ақ шүберекке ораған ап-ауыр бірдеме. Тағы не болды екен, бұл? Осы үйге бала әкелетін тағы бір «қасиетті» нәрсе екеніне бұл жолы Ермектің шүбасы болмады. Шүберекті шешіп ашып қараса кәдімгі көк шүбар қайрақ тас.

Мұндай қайрақ тастарды Жетісуға баяғыда Әндіжанға қой айдай барғандар Жалдау-аттан әкеледі дейтін. Шынында оның қайрақтық қасиеті күшті. Тіпті оның майдалығы сонша — ұстара қайрауға да болады.

Бір сәт Ермек Айжан көңілін қалдырмас үшін қайрақ тасты орнына қоя салғысы да келді. Бірақ мұның өзі көбейіп барады ғой. Төсектің басынан біресе қара пышақ, біресе қара шұбар тас шыға беруі қаншалықты ұнасымды. Оның үстіне кеше ғана ойнаса да Әбіш ойындағысын айтып «құдайға шүкір әйеліміз құдайға құлшылық қылып жүрген жоқ» деді ғой. «Ел аузына елек қойған бар ма», ол балалардың құлағына жетсе «ағайымыз сондай екен», деп жүрсе Ермек басына бұдан өткен ұят бар ма? Одан да бұған біржола тыйым салу керек шығар.

Осы кезде Айжан да оянды. Оның көзі Ермек қолындағы шұбар тасқа түсті. Ол көзін шарт жұмып ала қойды. Дүние тым-тырыс. Айжан сығырайтып қана көзін қайта ашты. Ол орнынан атып тұрып, тез киінді. Ермектің қолындағы тасты қалтылдап ұстай бермек болып еді, оны анау бермеді. Айжан қайта ұмтылуға батпады. Ермек тасты қолтығына қысып далаға беттеді. Түрі кетіп, түсі қашып, екі көзі жауаңдап Айжан ере шықты. Өзінде үрей қалмапты. Бұл жерде ол баланы тууды былай қоя салып, қазір астан-кестен болып, топан су жүріп, дүниенің асты-үстіне келетінін ойлап құр сүлдесі тұр.

Ермек рельстің бір кесінді — төсті, кішкене балғаны алып келіп Айжан алдына дүрс дегізіп тастай салды. Жерге дүрс ете түскен төстің дауысы Айжанды Ермек дүрс дегізіп қойып жібергеннен жаман естілді.

—Мә, енді мынаны жастан. Егіз туасың.

Бұлардың жанына Қойман жетті. Айжанда үн жоқ. Сүлесоқ тұрды да қалды. Оның ойы басқа. Құдайсыз адамның қолына түскен дұғалы тастың қазір Ермекті ұрып жықпасына кім кепіл. Ермек бір кескен шөркені астына қойып отырып шұбар тасты төске қоя берді. Нақ осы кезде Қойман баж ете қалды:

—Ойбай-ау, жайдың тасы ғой бұл. Ол қасиетті тасты не істемексің?

—Бұл жалдауаттың шұбар қайрағы ғой.

Балға тасқа шақ ете түсті. Алай-дүлей боран соқты да, жер шыр айналып барып, аударылып кетті. Айжан шайқалақтап барып, жалп ете түсті. Ермек қайда, Ермек? Қайран Ермек! Сәлден кейін Айжан көзін ашып еді, дүние орнында. Шағылған тас түнгі ашық аспандағы жұлдыздай шұп-шұбар болып есік алдында шашылып жатыр. Жұмасай айтқандай шұбар тас ақ орамалдан шықса, дүние астан-кестең болмапты, шайқалмапты да. Оны төске қойып шағып тастаған Ермек те аман. Тіпті құдайдың бермесе баласы өзінде тұрсын, тек мына шұбар тастың кесірі енді Ермектен аулақ болса екен. «Қожа, балаңнан бездім, қамшымды берші» деген екен бала беремін деген қожаға бір адам. Айжанға да соның кері келді.

Бұл оқиға сол сағатында колхозды ауылдың барлық түкпіріне жетті. Шұбар тастың төңірегіндегі әңгіме гуілдеп біраз күнге барды. Кейбір көріпкелі барлардың сөзіне қарағанда Ермектің үйі «сол тастай шағылады». Оны таратушының бірі Қойман болды. Кейбір желім ауыз, жез таңдайлар бірі жаны ашығансып, енді бірі табалап тоғыз саққа жүгіртті.

—Ойбай-ау, құдайдың өзі жіберген тасты шақты ғой. Сол тастай шағылар.

—Ой, әттегене-ай! Енді Айжан бала түгіл тас та тап-пайтын болды-ау.

—Ойбай, бетім, жеңеше-ау, кеше Жүмекең ұйықтамапты. Таң атқанша Айжанды айналдырғандарды қуып тыныш таппапты. Жүзің құрғырлар, қаптап кетпесе не қылсын!

—Құрысын, айтпаңдаршы. Денем үркіп барады.

—Соның үйінен кіріп, шығып жүргенін де көріпті.

Сөйтіп шұбар тас әңгімесі елге тараған күні-ақ Ермек әйелін алып Алматыға кетті де қалды. Олар қалада екі ай жүріп қайтты.

Уақыт зымырап өте берді. Жаз өтіп, күз жетіп, одан қыс та келді. Айжанның екі қабат екенін ауыл біліп қалды. Мұны естіген Шайбүбі мен Қойман:

—Ол аман тумайды, үйін торып жүргендер оны аман туғыза ма? — десті.

—Ойбай-ау, екеу екен дейді. Шаштары жалбырап сол төңіректен кетпейді дейді. ...Көктемнің бір күнінде аудан орталығынан келген жедел жәрдем Айжаңды алып кетті. Арада апта өткен соң ұл баласын құшақтаған Айжан Ермек екеуі машинадан түсіп жатты. Үйге кіріп бара жатып өткен жылы шағылып есік алдына тасталған, түнгі жұлдыздай жыпырлап жатқан шұбар тастың сынығын көріп Айжанның беті ду ете түсті. Ермектің балалы болғанын естіген Қойман үйіне бара салып ораулы тасты далаға лақтырып ұрды деген сөз де демнің арасында ауылға тарап үлгерді.

1965 жыл.

БІР МЕКЕМЕГЕ ТӨРТ БАСТЫҚ

Аягөз ауданында құс жұмыртқасынан балапан шығаратын инкубатор станциясы ашылатын болды. Аягөз аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Жұматаев жолдас Әбдіреш Балғымбаевты станция директорлығына тағайындауды сұрап, Семей облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробовқа хат жазды. Бұл құс-инкубатор станциясының республикалық тресінің директоры Филимонов жолдасқа осы жайында мәлімдеп Балғымбаев жолдастың директорлыққа белгіленгендігін хабарлады.

Хабар қайта алынған күні Балғымбаев жанынан құс-инкубатор станциясы ашылатын жерге келді.

—Сіз кім боласыз?— деді есік алдында тұрған күзетші.

—Осы станцияның директорымын,— деп Балғымбаев есікке кіріп кете бергенде, қолында чемоданы бар тағы біреу келді. Кіре берісте әлгі күзетші оны тоқтатып:

—Сіз кім боласыз?— деді.

—Осы станцияның директоры боламыз,— деді де, ол да жүре берді.

—Болсаң бол! Сізбен директор екеу,— деді күзетші. Бұған түсіне алмаған және өзі жол жүріп шаршап келген адам басын шайқап, қақпадан кіріп, бойы жасырына берді.

Осы кезде бір машина зыр етіп келіп тоқтай қалды. Кабинадан шыққан кісі тоқтаусыз қақпаға келді.

—Жолыңыз болсын?— деді күзетші тағы да.

—Мені осындағы жаңа ашылар станцияға директорлыққа бекіткен екен.

—Жақсы, сізбен үшеу,— деді сөздің аяғын айтпай күзетші.

—Қалай, менен бұрын басқа біреулер келді ме?

—Я, сіз үшінші директорсыз!

Үшінші директор кеңсеге кіріп орындыққа отыра бергенде, қақпа алдына арбалы біреу келіп тоқтады. «Бұл да көп директордың бірі болып жүрмесін» деді күзетші күліп.

Шынында да солай болып шықты. Бұл да директор екен!

Сонымен төрт директор столдың төрт жағына отырып кеңес құрды. Әрине, төр жағына бұрын келген Балғымбаев ие болды.

— Мені Коробов біледі, Филимонов бекіткен дейді,— Балғымбаев.— Міне, бұйрық.

Сол, сол-ақ екен келгендердің әрқайсысы өздерінің жайын сөйлеп жүріп берді. Жағдай былай болған екен:

Семей облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов Филимоновқа жаңа құс-инкубатор станциясына директорлыққа Балғымбаевты ұсынады. Филимонов оны бекітеді. Мұнымен бірге облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының кадр жөніндегі орынбасары Колмогоров директорлыққа Қаратай Сағын-дықовты ұсынады. Филимонов мұны да бекітеді. Бұл екі директор мекемені ұйымдастырып болмай-ақ үшінші директор жіберіледі. Мұны облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының мал шаруашылығы жөнінде орынбасары Әбділдин жолдас ұсынады. Ол — Жағыпар Айдарханов. Мұны да Филимонов бекіткен болады.

Төртінші директор Ананин әңгімесін айтқанда бәрінен осының сөзі орынды сияқты болып көрінді. Мұны облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының тағы бір орынбасары Цикунов ұсынбақ болып, ал Филимонов бекітемін деп дайындалып отыр еді. Бұл арада Ананин ерекше ептілікпен сақтық істеп, кейін бірдеңе болып қалмасын деп алдын ала станцияның ұйымдастыру жұмысымен, болашағымен таныспақ болып келіпті. Бірақ станцияға келген соң өзінің директор болатындығына көзі жетпей, бастық болуға күмәнданып, сесі қайтып қалды.

Республикалық құс-инкубатор станциялары тресінің директоры Филимонов пен Семей облыстық ауыл шаруа-шылығы басқармасы басшыларының резервте тағы да үш-төрт директоры бар екен. Олар да бүгін-ертең жаңа станцияға бастық болып келмекші.

1951 жыл.

ШИКІ БҮЙЕН

Бір бөлмеде тұратындар қызыл іңірде бас қосатын уақыт болғанда Мөntenбай ұшты-күйді жоқ болды да кетті. Ұзына кешке бірімен бірі көріспегенімен нақ осы уақытта жатар бөлмеде бір шоғылысатын студенттер Мөntenнің болмағанына үрпісіп қалды. Бірақ іңір қараңғысы жаңа ғана түсе бастағандықтан келер десіп күтіп еді. Сөйтiп әне келедi, мiне келедiмен өңештерiн созысып отырғанда сағат он екiге барды. Ендi бұлар қорқа бастады. Өйткенi бұл осы бөлмеде тұратындарға айта қаларлық жаңалық едi. Мөntenнiң өзi әлде тұйықтау, әлде қиықтау, қызық жiгiт болатын. Бөлмедегi басқа үшеуi барын бөлiп iшiп, бөлiп киiнiп театрға, киноға, тағы сондай бiр жаққа асығыс жиналып жатқанда Мөnten үндеместен тұқшындап, төсегiн салып, ендi бiр қарасаң үш бүктелiп, ирек-ирек болып жатушы едi. Кейде тiптi мына үш студент жалынып та киноға алып бара алмайтын.

Әуелгi кезде Мөntenнiң өздерiне қосыла жүрмеуiне бұлар қатты ренжiсiп, «сен бiрдеме деп қойдың» деп бiрiнен бiрi көрiстi. Ақыры жағын жар, тiлiн кез қылып қанша айтқанмен Мөntenге тiлдерiн алғыза алмаған соң шаршағандай болып iске аспас бос сөздi қойып едi. Ал бүгiн оның мына мезеттi уақыттан қалғаны бұларды таңдандырды да, тынышсыздандырды да. Мөntenдi «ендi келедiмен» отырып, сағат он екiнi де соққызды. Ендi жiгiттер саса бастады. Әсiресе мұндайда шыдамсыз, болар болмас нәрсеге шыжылдап кететiн жұқалтаң Жортақ:

—Ойбай-ау, қалада не көп машина көп, байқаусызда соның бiрiнiң астына түсiп қалып жүрмесiн. Әншейiнде қолыңа шоқпар алып қуаласаң үйден шықпайтын Мөntenнiң бүгiнгiсi қауiптi болмаса не қылсын,— деп тынышы кеттi. Арада жарты сағат өткенде қалған екi жiгiттiң бiрi Ермек те мазасызданды.

—Милицияға телефон соғайық,— деген оның сөзiне мiнезi ауырлау Бармақ қана қозғала қоймады.

—Қазiр келiп қалар. Мен көрген Мөnten болса, ол ұзап кете қоймаған шығар,— деп жайбарақат отыра бердi. Бармақтың салқын қандылығын көрген Жортақ бұрынғысынан да шыдамсызданып, шам айнала ұшқан жынды көбелекше оның о жақ бұ жағына шығып шыж көбек болды.

—Япыр-ау, шыдамның да шегi бар емес пе, жаманның құлағын кессең құрым кескен құрлы көрмейдi дегендей, пiлдей бiр жiгiт жоқ болып отырса, саған бит шаққандай көрiнбейдi. Қыс көзi қырауда, осындай қақаған аязда адам далада жүрушi ме едi. Бармақ Жортақтың сөзiнен кейiн де бұрынғы қалпын өзгерткен жоқ. Жортақ Бармаққа қарай қайта шүйiлген кезде залдан жүрiстiң сыбдыры естiлдi.

Әне келедi, арам тер болмай-ақ қой,— дедi Бармақ Жортаққа. Ол қайта жауап берiп үлгiргенше, есiк ашылды да, Мөntenнiң сұрау белгiсi сияқты денесi көзге түсе кеттi. Әдеттегi салыңқы қабағы көтерiңкi ме, қалай? Оған тағы да бұрын сөйлеген Жортақ болды:

Батыр-ау, жөніңді айтпай кетуіңе жол болсын. Мөnten әдетте мұндай нәрселерді сұрағанда тіпті ештеме демесе де осылар мені неге тексереді дегендей қорсып қалатын. Сөйтіп танауының астынан өзі ғана еститін бір-екі сөз айтушы еді де, қабылмалы көрпеге оранып үш бүктеліп жатып қалатын. Түп-түзу қроватта оның осы бүктеліп жатысын жігіттердің бірі сиыр жатысқа, бірі ит жатысқа теңеп күлісіп отырғанда баяғы жатыпатар Бармақ жұрттың сөйлеп болуын күтіп отырып:

—Жоқ, бұл кәдімгі шикі бүйен, малды сойғанда бүйенін алып тастасаң нақ осылай жататын,— дегені барды. Содан бері Мөnten жоқта қалжыңбастар оны шикі бүйен деп те жүретін. Бірақ қалжыңды да көтере алмайтын оған көзіне ешкім айта алмайтын. Сырттан кірген Мөnten бұл жолы бұрынғыдай, «не жұмысың бар» деп елсізде адамға кездескен кірпідей дүрдие қалмады, кәдімгідей жайлап жауап берді:

—Қаланы аралап жүріп қалдым. Көрмеген жерлеріме бардым. Қала тамаша екен ғой.

—Сонда айтпай кете ме екен?— деген Жортақ сөзін ол енді көтере алмай қалды. Осының сөзін-ақ қайта-қайта кешіре берем бе деген кісіше бұрынғысынша қатты қайырды:

—Сенің не жұмысың бар?!

Оның қабағының бұрынғыдай жабыла бастағанын көрген Бармақ оны сөйлетпек болды ма, әлде көңілдендіргісі келді ме оған қалжың айта бастады:

- Түү, Жортақ-ай, екі жылдан бері институтта не оқып жүрсің. Мөntenкеңнің қаланы араладым дегеніне сеніп-ақ қалдың ба? Онысы шп-шикі өтірік. Ол қыздармен киноға барып жүрген ғой.

Мөntenнің жаңағыдан гөрі қабағы көтерілейін деді. Әлі де үнсіз отыр. Оның сәл де болса қабағының көтерілуін аңғарған Бармақ қайта сөйлеп кетті.

—Шынықты айтшы, қыздармен жүріп кешігіп қалдың ғой, рас емес пе? Әлгі өзің ғашық Күлімханмен.

Мөnten бұл жолы да үндемеді, дегенмен жаңағыдай емес, Бармақтың сөзі құлағына жағып кетті ме, ыржалақтап күле берді. Бармақ Мөntenнің қыз атаулыдан көш-құлаш қашық жүретінін жақсы білетін. Сонда да болса, бұралқы сөз күлуге жақсы деп отыр еді. Ал Мөnten кәдімгідей бір қызбен киноға барып, оны үйіне шығарып салып, енді сонысын жасырып отырған адам сияқтанды:

—Қойшы, Бармақ, сен де осындай нәрсені айтқызбай қоймайсың, еп-не-не...

—Айтам ғой, осының бір пәлесі бар,— деп күлді Бармақ. Анау тағы да ыржалақтап, мынанікі шындық дегендей күлегештенді. Бармақ та оны тереңдете түсейін дегендей:

—Әй, осының бір пәлесі бар!— деді тағы. Мөntenмен осы қалаға институтқа бірге келген Күлімхан онымен бірге оқитын және көп сөйлемейтін, біртоға тәуір жігіт деп ол туралы жақсы пікірде де болатын. Бірақ неге екені белгісіз Мөnten жалпы қыз атаулыны жақтырмай ма, әлде батылдығы жетпей ме, кейде сабақта, әсіресе біріккен лекцияларда орынның ыңғайы солай болып оның жанына қыздардың бірі отыра қалса, олардың үстінен күйе жұғатындай ол түрегеп барып басқа жерге отыратын. Сондықтан ба, кейінгі кезде қыздар оны қылжаққа да айналдыратын. Бармақ сияқтылар Күлімханға «сенің көзжақсың» десе, ол «ой қойшы сол ынжықты» дейтін болды. Мөnten қыздардан қорқады деген сөз де жанын жегідей жейтін. Бірақ өзіне біткен үндеместікпен оны ешкімге тісінен шығармайтын. Міне, Бармақтың жаңағы сөзіне қарағанда үйге бүгінгі кешігіп келуі оның мойнынан «ынжық» деген жаманатты жұлып тастайтын сияқты... Ертеңіне де Мөnten тағы жоғалып кетті. Тағы да кешегі уақытта өңі құп-қу тартып, екі көзі қызарыңқырап келіп жетті. Ол келгенге дейін бөлмедегілер де ұйықтамай, тынышсызданып отырды. Бірақ Мөntenнің кешігуі әдетке айналды. Ол кей күндері түнді орталап, кейбір күндері таң ата, тағы бір күндері мүлдем таңертең келетінді шығарды. Бұл қолайсыз жай Мөntenнен гөрі оның бір бөлмеде тұратын жолдастарын қатты абыржытты. Өйткені олар оны күтіп ұйқылары бөлінді. Соңғы күндері сылбырау қытушылардың лекциясында Жортақ та, Ермек те қалғып кетіп, стол сүзіп қалып жүрді. Үйдегі жайды көпшілік талқысына сала алмай іштен тынды. Тек Мөnten жайына мойымаған Бармақ болды.

Ол сабағын оқып алады да, қаннен-қаперсіз тып-тыныш ұйқтай береді.

Бірақ ақыры Мөntenнің күнде жоғалуы Бармақты да қозғады. «Қайда жүрсің?» деген сұраққа ыржалақтап жауап бермейді. Өзі күн асқан сайын жүдеп барады. Жігітшілік құрып жүрген шығар дейін десең ондайы да байқалмайды. Өзін дамылсыз жөтел буып буындрып тастайды. Әсіресе таңертең келгенде көрсең екі көзі бұлаудай болып ісініп, беті домбығып бұрын да топ-томпақ, бұлтық көз еттері шодырайып, қара сүр өңі көк-сүрға айналып, қалш-қалш етіп жетеді. Осындайда «сен қайда барып жүрсің» дегендерге берер жауабы біреу ғана. «Сенің жұмысың қанша?» Бұл келте жауаптан кейін ер болсаң сөйлесіп көр.

Мөntenмен арада болған осындай бір суық сөзден кейін тағы да баяғы жолдас дегенде жарғақ құлағы жастыққа тимейтін Жортақ сөз бастады.

—Мұны байқау керек, бұл бір беймезгіл жүретін біреулердің тобына тап болған шығар,— деген күдікті сап еткізді. Жігіттердің бәрі де үндемей ойланып қалып еді, сол үнсідікті Бармақ үзіп жіберді.

—Мұны аңдиық. Бірақ бүгін емес. Өйткені қар жаусын, із басылсын, бағанағы сөзді ұмытсын. Ертең, бүрсікүні көрейік.

Жігіттер осыған келісті де кешке қарай тамақтанған соң үшеуі де қалалық кітапханаға кетті. Кітапханадан түнде қайтқанда үшеуінің сөзі тағы да Мөntenге соқпай өте алмады. Сөйтіп әңгімелесіп келе жатып, түйе қарай жүріп тойға кездескенін өздері де білмей қалды.

Студенттер жатақханасы. «Г» әрпі сияқтанып салынған үш қабат үй болатын. Қысты күндері үй суып кетпесі үшін көшеден тікелей кіретін есікті жабатын да, студенттер қақпа арқылы үйдің қора, жағынан кіретін. Жігіттер қақпаға кіріп келе жатып үйдің доғал бұрышына таман жиналып тұрған көп студентті көрді. Әп-әжептәуір аязда беймезгіл үрпісіп тұрғандарға қарап таңданып қалды.

—Мүмкін бір маскүнем шығар,— деді бірі.

—Суық өтіп, өледі-ау, байқұс,— деді тағы бірі.

Бәрін білгісі келіп тұратын жас жан шыдай ма, жігіттер аяқтарын жедел басып бұрышқа жақындады. Олар тұрғандардың жанына келгенде бұрыштағы күнде жинаулы тұратыи көп жәшіктерге көздері түсті. Бұл кәдімгі осындағы дүкенге әкелінген заттан босаған жәшіктер. Ол кіреленіп тұрып жиналған. Үстінен қора ішінен электр жарығы мол жетіп тұр. Тұрғандарға жақындағанда іштерінде көрші бөлмелердегі студенттер де бар екен.

—Тұрыстарыңа жол болсын?

—Мына жәшіктердің арасынан адамның қорылы шығады.

—Нағып көрмей тұрсыңдар?

—Басында біреу болып қорқып едік, жаңа көбейіп тұрмыз.

—Қайсы мен көрейін,— деп «байқа» дегенге қарамай басқалардан бұрын шыдамсыз Жортақ жүгірді. Ол жедел барды да, жиюлы жәшіктерден зорға өтіп, түкпірге таянды. Ол үңіліп, өз көзіне өзі сенбегендей состиыңқырап қалды. Ақыры қайта қарады да:

—Ой, шикі бүйен!— деді.

—Құдай ұрды, елге келеке болдық-ау, дәу де болса сол Мөnten,— деді Бармақ Ермекке.

—Қой,— деді Ермек, елең етіп. Бәрі де жәшікке жүгірісіп барды. Үңіліп қараса кәдімгі Мөnten. Бір бітеу жәшіктің ішіне кептеле қарап алып, жүресінен отырған күйінде ұйқыға кеткен. Жанына барған адамның дыбысын да сезбейді, шамасы қазір ғана мызғыса керек. Бір жағына қарай мойыны қисайып қалған. Сондықтан болуы тиіс, кеңсірігі бітіңкіреп, қорылы күшейе түседі. Мөntenкеңнің жәшік ішіндегі ұйқысының тәттілігі сонша қолшамнан бетіне түскен жарықты да сезбейді.

—Қыздарды шығарып салып жүр дейміз-ау, біз мұны,— дейді Ермек аяушылықпен. Жігіттер жұлқылап жатып оны зорға оятып алды. Мөntenкеңнің өзі де өзін біреу тауып алар деп ойламаса керек, есін зорға жиды.

Ол сәлбірейіп, ішін алған тораңғыдай болып орнынан тұрды. Екі көзі қызарып, аузын сүртіп жан-жағына алара қарады.

—Ей, шикі бүйен, өлгенде түсетін жәшікке тіріңде түскенің не ей? — деп ыза болып, күйінген Жортаққа оның алғашқы берген жауабы тағы да шолақ болды.

—Онда сенің не жұмысың бар? — Мөntenнің мына кейпі Бармақтың ойына ауылдағы бір әңгімені түсірді... Баяғыда бір ынжық қызды ауылды жағалап жүреді екен де, сол ауылға жақын жерден жайлы орын сайлап, ұйқтап, «қызға келіп кетіп бара жатыр» деп айтсын деп, күн шыға бере өзінен өзі тұра кеп қашады екен. Оны қуған ешкім болмаса да, далбаңдап артына қарайлай қашады екен. Мөntenдікі де нақ соның өзі болды да шықты. Бармақ оны аяп та кетті, ыза да болып, терісіне сыймай тұр. Мөnten көзін қайта уқалады. Ұйқысырағандай аузын кере есінеді. Сәлден кейін Бармақтарды анық көрді де, мойны салбырап, төмен қарап кетті.

1961 жыл.

ӨТКЕН КҮННІҢ БЕЛГІСІ ЖОҚ

Теміртектің де өз дегені, өз жоспары бар. Біреуге ақыл бермесе, ешкімнен ақыл сұрмайды. Тіпті барын киіп, бақанын қолына алып шыққанда одан сылқым жігіт жоқ. Сақал-мұртын қыруды, самай шашын қиғаштап қиғызуды, әсіресе уақытысымен тамақ ішуді ол ешқашан ұмытқан емес. Онжылдық бітірісімен университеттің тарих факультетіне арыз беріп, әкім болсам деді. Бірақ амал нешік, көңіл көктемнің шырқы бұзылып, емтихан тапсырғанда ақпанның бораны соққандай жағдай өзгеріп сала берді. Теміртект «Молшылық» колхозына қайта оралды.

Июль, августы қойшы, ол екі ай, әйтеуір, он жылдық бітірді, одан жоғары оқу орнына түсемін деп арыз берді, конкурстан өте алмай қалды, — осындай себеп-сылтаумен өтіп кетті ғой. Бірақ август аяқталып, сентябрь орталанғанда да Теміртект бос жүре берді, жүре берді.

...Күндегі әдетінше күндізгі сағат он екіні соқтырып түрегелген Теміртектің әлі де ұйқысы қанбай қалыпты. Ол қой қатығын ішкен адамдай, манаурап көшеге шықты. Көшеде көзіне ешкімді іліктіре алмай тұрғанда, қорасының ішінде шаруасын жайғастырып жүрген көршісі Атабай қарт көрінді. Еріккен Теміртект ерінсе де соның жанына келді: —Малға деген шөбіңіз ғой, оның өзін дұрыстап көктемгі жаңбыр өтпестей етіп жинай алмапсыз, шөпті аз алыпсыз, еңбекті аз істегенсіз ғой, — деп Теміртект өзінің білгірлігін бір байқатып тастамақ болды. Қарт бұл сөзге ақысын жібере қойған жоқ, реті келген соң шымшып қалды:

—Жастың да жапырып жатқаны белгілі ғой, жиырмаға келсек те жаспыз деп жүре беретіндеріміз де бар ғой. Өзің неге боссың?

—Жаздай жар құлағым жастыққа тимей емтихан тапсырдым, енді дем алып жүрмін — деді Теміртект.

—Жөн екен, — деді Атабай.

Арада сентябрь өтіп, октябрь айының боз қырауы түсе бастағанда да Теміртектің демалысы созыла берді. Ерте жатып, кеш тұрған кісіге күн дегеніңіздің ұзақтығы білінбей, тез-ақ зымырап өте береді екен. Ыңырана ұйқтап, манаурай тұратын Теміртектің ұйқысы осы кездерде тәуліктің жиырма сағатын соғып жүрді. Әрине, ұйқы жағынан жарыс өткізілген болса, оның бірінші орынын да, чемпиондығын да Теміртект жеңіп алып, жүлдені жанға билетпеген болар еді.

Осы бір боз қыраулы күні де Теміртект түстен кейін тұрып еді. Көшеге шықса еш адам көзіне түсе қоймайды. «Осы біздің ауылдың адамы-ақ ауылда тұрмайды екен, бәрі де қыдырып кете береді» деп ойлады ол: Айналып соғып, тапқаны Атабай қарт болды. Ол жанына келген Теміртекке бір бүйірден сұрақты қойып қалды:

Теміртек, жұмыс істеп жүрмісің?

Бұл сұрақ Теміртекті ойландырып тастады.

Міне қызық! Оқу деген оңай ма екен! Он жыл оқығанда он ай дем алмай. Осылар қалай оқуды бағаламайды. Әй, осы надандық-ай, оның инемен құдық қазғандай екенін бір ойлау керек емес пе! Атабай инемен құдық қазып көрсінші, қанша жыл қазар екен. Ал мен он жылда... Анау айларда дем алғаны — емтихан тапсырған күндері үшін, ал мынау болса он жыл оқығаны үшін. Бұларды шатастырып алмау керек қой, оның әр демалысының орны бар.

Осындай ой орманына сүрініп кеткен Теміртек қартқа маңызданып жауап берді:

—Дем алып жүрмін, он жыл оқыдым...

—Жамал мен Жанбай да он жыл оқыған,— деді қарт басқа сөз қоспай.

Тағы бір күні Атабай қарт Теміртекке жолыға кетті. Бұл ноябрь айының алғашқы аптасы еді. Бұл кезде Теміртек август, сентябрь, октябрь айларында дем алғаны үшін демалып жүрген болатын.

—Я, Теміртек, жұмыс қалай?— деп сұрады, Атабай одан.

—Қалайын сұрайсыз, оқу деген оңай емес, он жыл оқып тракторист болмақпын ба?!

Мен он жыл оқып, қойшылықты қалайтын Жанбай емеспін.

Ол Жанбай екеуінің арасында жер мен көктей айырма бар екенін айтты. Ол —Жанбай, ал бұл болса —Теміртек. Тіпті басқасын қойғанда жоғары оқу орнына арыз бергенде де бұл басқа факультетке бермей тарих факультетіне арыз берді ғой, мұның өзі Теміртектің Жанбайдан жар бойы биік екенін көрсетпей ме?!

Осы мақтанның бәрін тыңдап тұрған Атабай қарт оған бір ауыз сөз айтты:

—Я, я, көрініп тұр, Жанбай екеуіңнің араңда жер мен көктей айырма бар!..

Оның мысқылын басқаша жорыған Теміртек Атекеңе сөз бермей тағы сөйлеп кетті:

—Білем, білем, клубта тұрған қабырға газетін, ондағы Жанбайдың мақаласын оқығансыз ғой, олар менің жақсы ұйқтап, жай тұрғанымды көре алмайды. Олар бар ғой, менің осы жақсы дем алып жүрген орныма таласып жүр.

Қарт осы жерге келгенде күліп жіберді:

—Мүмкін, олар жиырмаға келгенше сенің шешеңнің мойнынан түспей жатқаныңды көре алмайтын шығар... Аз жүрген жоқсың, өткен күннің белгісі жоқ...

Атекең кете барды. Қарт сөзі қатты батқан Теміртек кешке қарай колхоз клубына келді. Теміртек келгенде жастар бір мәселе жөнінен қызу таласып жатыр еді. Онысын бітіріп, олар енді жаңа жылды қайда, кіммен қарсы алуды әңгімелесті. Ақыры не керек, осы жерде тұрғандардан Теміртектен басқа қалғаны жоқ, бәрі де бір дастарханда, бір үйде болуға келісті. Ал Теміртек сопайып жалғыз қалды. Өзінің жалғыз қалғандығына қорынған, әрі басқалардың бірлігін байқаған Теміртектің ішін бір нәрсе жегідей жеп, алап-жалап жібергендей болды, іші күйіп, әлде неден сусап кетті. Ол шыдай алмай жастардың жанына барып:

—Жаңа жылды мен де сендермен қарсы алайын,— деді ол. Жастар оған мейірімділікпен қарасты.

—Бірақ сен бізбен бірге бола алмайсың,— деді оған Жанбай, басқаларға қулана қарап алып.— Біз жаңа жылды мал отарыңда қарсы аламыз.

—Қой бағу менің де қолымнан келеді, мен де сендей он жыл оқығам,— деді Теміртек.

...Міне жаңа жыл сағаты соғуға санаулы уақыт қалды. Бұл кезде жастар дастархан басына отырып та қалған. Осы күні жұмыстан кешірек келген Теміртек:

—Сендермен бірге болуға рұқсат па?— деді. Рұқсат бермес бұрын жолдастары оны бір қажап алды:

—Сен он жыл оқығансың ғой...

—Мен бос жүрген уақытымды ұмытып та кеттім, өткен күннің белгісі жоқ,— деді де Теміртек күліп, дастархан шетіне отыра кетті.

—Жамалда өткен күннің белгісі бар,— деді Жанбай,— ол он жыл оқығанын өндірісте көрсетті, сүтті көп сауғаны үшін сыйлыққа радиоқабылдағыш алды.

1956 жыл.

ЖЕТЕКШІ АДАМ

Қызулы темір пештей ешкімді бет қаратпай ойдағыны орып, қырдағыны қырып отырған шойқара төрдегі телефон шыр ете түскенде орнынан ұшып кете жаздады. Өмірінде жібімейтін, иілмейтін, бүгілмейтін денесі ішіне жел қарысқан адамша телефон трубкасы алдында үш бүктеліп кетті. «Әрине бұл ауданнан, бірақ кім болды екен, бюроға шақырып жатпаса игі еді. Әлгі құрығыр, құйрығыңды қасқыр тартқыр қозы иттің қырыла бастағанын қайтерсің. Не десем екен? Қисынын қалай тапсам екен?!».

Шойқара трубканы қолына ала беріп, жан-жағына қарап, мұным қалай дегендей бетін тыржитып, жымыған болды. Онысы татып кеткен айран ұрттаған адамның жиіркенгеніндей бірдеңе болып шықты.

—Ау, ау, «Жайтөбе» колхозының председателі Шоңбаев тыңдап тұр. Ел аман, жұрт тыныш. Мал қонды. Қозы қошқардай, құлын айғырдай... Ой айналайын, басқа біреу ме деп есім кетіп, зықпыртып жатыр едім, өзің екенсің ғой. Өзің болмасаң кімім бар, миятым да, қуатым да бір өзің емессің бе? Аты кім дейсің? Е, е. Еһе! Әбеке десем болады ғой! Алда айналайын-ай! Қош!

Осы сөздерді сөйлеп тұрған Шоңбаев телефон трубкасын тұғырына қойғанша жүз құбылды. «Жөні келген жерге түйе де шөгеді» дегендей мынау мың жұдырық тисе мыңқ демес Шоңбаевтың шоң денесі сөзді бүгіліп бастап, қипақтап-қипақтап тұрып, ақыры жоталанып, тышқан ұстаған мысықша жауырынын күржитіп аяқтады. Қара өңі қошқылданып, бетіне қан жүгіріп қалды.

—Ал сөзге шешен, іске мешел немелер не дер екенсіңдер. Сендер мені жамандағанмен аудан жамандамайды. Тіпті сонау облыстан келген тілшінің өзі, тіліне тиек етуге мені қалапты. Өңкей шуылдақ, енді қайтер екенсіңдер. Ал іштерің күйсе түз жала!..

Шоңбаевтың мінезі нөсер жаңбырдан кейін көрінген күндей жайдары да, жадыраңқы да тартып, көтеріле бастады. Бағанадан бері ұсақ-түйек сұрап келгендердің бухгалтер жазып берген бұйрықтарына қол қоймай қырсығып отыр еді, енді бырбық саусақпен үш иректі барлық қағаздың үстінен сыпыртып шықты. Ол жанындағы көккөз шикіл сарыға, маймұрынды қараға, шоколад қоңырға келте-келте, кесіп-кесіп бұйрық беріп жатты:

—Ал Мәжнүн, Ләйланы қызыл отауға әкеліп, қыздарды жинап қыздырыңдар думанды. Әбірақ, Зәйтүнді бақшаға жібер, Пердеш, Ғибашты клубқа жөнелт!

Нақ осы кезде есік алдына машина тоқтады да, одан ішін алған тораңғыдай, сылыңғыр қара түсті. Машина сылыңғыр қарадан зорға құтылғандай етіп сырғанап жөнелді.

Сылыңғыр қара ың жоқ, дың жоқ көшеге біраз көлбей қарап алып, бері бұрылып шания басып кеңсеге тартты. Кеңседен асыға шыққан төртеудің ортасынан оза жүрген Шоңбаев бұл адамды қарсы алуға жүріп емес, допша домалап келе жатқандай еді.

Қызыл қырманның астықты дағарындай бүйірлі, ебедейсіз зор дене бұл жолы тіпті жібектей есіліп, қайыстай созылды. Қонаққа жайылып жастық, иіліп төсек болғандай түрі бар. Пай-пай, шіркін Шоңбаев мінезін қойсаңшы, жыл мезгілі сайын түгін өзгертен жабайы қоянша мың құбылады, бастық алдына қайқаң, бағыныштыларға сойқан.

Шоңбаевтың әншейінде қалтасынан шықпайтын екі қолы ербеңдеп, өкілдің білегін тас қылып ұстап, біразға дейін жібермей қатып қалды.

—Сәламатсыз ба? Танымасақ та амансыз ба? Амандықтың артығы болмас деп үйден үдере шыққанымыз емес пе, баяғы.

Қырықтың бірі қыдыр, ауылға келген адамды адамша қарсы алмасақ біздің кім болғанымыз. Жолыңыз болсын!— Соның арасында ол ойына әлде не түсіп сіресе қалды. Тым жылпылдап, артымның қуыстығын көрсетіп қалдым ба деп көкірегің кере түсті. Бірақ іш жағы құрығыр ауыл адамдарымен сөйлескендегі салмағынан айырылып қылп-қылп ете берді.

—Тілшімін. Тәлиев!

—О, Әбеке! Сіздің атыңызға қанықпыз. Жүздің жүзін танығанша, бірдің атын біл дегендей, көріскеніміз қандай жақсы болды. Сіздің жазғаныңызды көп оқыдық, жазғаныңыздан көп үйрендік,—деп жұптаған сөзін сыртқа шығарып епелектеп, жеңілейіп қалды. Мұнысына өзі де риза болды.

Шіркін, мақтағанды кім жек көрсін. Шоңбаевтың жылпылдақ сөзі ішін жылытып салып жүре берді. Әсіресе оның «көп оқыдық» дегенінен «көп үйрендігі» Тәлиевке қаттырақ ұнап кетті. Мұндай жерде оқыған шіркінге дауа бар ма, ол да есесін жіберген жоқ. «Аудан басшылары аузынан суы құрып мақтаған колхозыңызға келіп қалдық» деп Шоңбаевты ол төбеден тауға шығарып тастады...

Осы арада Шоңбаевтың «көк дөнені» көшені қақ жарып келіп тоқтай қалды да Шоңбаев Тәлиевті қолтықтап ала жөнелді. Машина кабинасына Тәлиев тәлтиіп отыра бергенде Шоңбаев ол отыратын орынды шаңы жоқ болса да, оң қолының жеңімен сүйкеп-сүйкеп жіберді. Тілшіге председательдің мұндай тақуалығы ұнап кетіп, машина үстінде оны блокнотқа бір түртіп алған болды.

—Япыр-ай, деп ойлады Тәлиев,— шіркін осындайда оқымағандығымның орны көрініп-ақ қалады. Әлгі дипломды журналистер мұндайда қайтеді екен?— Ол өз аузының жыбырлағанынан даусым шығып кетті ме деп өзі қатты қорқып қалды. Соның арасында «Көк дөнен» де гүрілге басып желіп жөнелді. Шоңбаев танауы астынан келте бұйрық берілді.

—№ 2 ферманың сиыр қорасына!

Көк шығып, тебіндеп келе жатқан колхоз даласы сағымдай бұлдырап қалып жатыр. Шоңбаев әлі көрінбеген егілген егіндікті, әлдеқайда бір фермада сауылып жатқан жебіндікті, мал жайылып жүрген тебіндікті әсірелеп айтып, Тәлиевтің көз алдынан тізіп өткізді. Көктемнің жаңа өскен раңы, көтерілген көденің шыраңы, бәрі де Шоңбаевтар егіп шығарған егін болып, жер-дүние көк-жасылға бөленді, ойда-қырда мыңғырған мал, қой бағып жүріп ән салған шал... тағы тағылар.

Машина № 2 фермаға келіп тоқтады. Ферма болғанда бұл бұқасы күжілдеп, сиыры мөңіреп, айран-сүт ақтарылып, ит басына іркіт төгіліп жатқан жер емес еді. Малы қора-қора болып қырылып, адамы ақ таяғын ұстап қалғандай қаңырап тұрған құр қыстау болатын. «Көк дөнен» төңірегі көк суымен көтеріліп, көкшіл бу тартқан жерге төбесін қамыспен жапқан дуалдың сыртына бір қырын келіп тоқтады. Машинаның артқы есігінен бұрын шыққан Шоңбаев қонағын қолтықтап түсіріп алды. Бұлар қораның қарасын көріп тұрып, сыртынан сөз бастады. Бір жақсысы тілші де ішін көруге ынтықпады. Өйткені оның ойы алыста қалған редакцияда еді. Өзі сын мерзімімен уақытша алынған адам, қалай сыннан мүдірмей өтсем екен деп көңілінде ұялаған күдік кеудесін бір көтертпей қойып еді.

—Ішіне бармай-ақ қойыңыз, аяғыңыз былғанар,— деп Шоңбаев жып ете түскенде, Тәлиев басын бүтелектеген жылқыша шұлғып қалды. Шоңбаев сөзі әр жерден бір бұрқ етіп жүйрік тұяғынан шыққан шаңдай жеткізер болмады.—№ 2 фермамыз осында қыстайды, танасы бір бөлек, торпағы бір бөлек, буырқанған бұқасы, күйі аз жұқасы, астапыралла, дүмді, дилы өгізіміз бір бөлек. Іші спорт сарайындай бұлың-бұлың қорамыздан оқыралаған бір сиыр кірсе ішінен апталап-айлап іздеп таба алмайсыз...

Шоңбаев қолын оң жаққа сілтеп, мына жақта қаптаған қойымыз, мына көк өзекте өтетін тойымыз болады. Жазда жайлауымыз бар, қыста байлауымыз бар. Құйрық-жалы төгілген жылқы деген жануар ішсең кымыз, жесең ет!

—Мұндайда дипломды журналист не дейді екен, ә? Білсем шіркін!

Шоңбаев сапыртып айтып тұр, Тәлиев сыпыртып жазып жатыр.

Аздан кейін тағы да «көк дөнен» жүйткіп жөнелді.

Шоңбаев Тәлиевті қыз-келіншек сызылтып ән салған, біразы мүлгіп кітап оқыған, бір жағы азан-қазан, ойын-күлкі думанның ішіне әкеліп қойып қалды. Бекер обалы не, тілші де жетекшіл жылқыдай елпең қақты. Мұнда басқаны бағдарлау түгіл, басыңды жоғалтып алмасаң жарар! Өз басыңа өзің ие болуың екіталай.

—Дипломдылар мұны көргенде қайтеді екен, ә?..— Әрине Тәлиев оны ішінен айтты.

—Міне, біздің қойшылар өмірі! Қызыл отауда күнде қызық, тамаша!—деп Шоңбаев қылқылдаған күлкісін тыя алмады... Тілші блокнотқа тағы да үңіле түсті... «Жайтөбе» колхозында болған екі күн «көк дөнenniң» кабинасында, көк шалғынды жерде, қымызды үйдегі төрде тербелумен осылай өтті. Тілші өмірі жаман емес сияқты.

—Атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар, асықпа,— деп жайлы қонақты Шоңбаев өз үйіне бір күн ұстады. Тәлиев төртінші күн колхозда отырып, «Жайтөбенің жайдары жандарын» жазып, қойнына тығып алып, бара басқызып жіберу мақсатымен «көк дөнен» ішінде тербеліп кете барды. Машинаның ізіне қарап тұрған Шоңбаев:

—Тілшіміз мұрнын тескен тайлақтай, бас білген құнаңдай жетекшіл жақсы адам екен, ұзағынан сүйіндіргей...— деп жайлы қонаққа да, есебін тауып жіберген өзіне де қатты риза болып, «у!» деп демін бір алды.

Қалаға келген Тәлиев аяғы үзегіден түсе, асығып-үсігіп «Жайтөбенің» жайдары жандарын» редакторға ала кірді. Ол асықпай мақаланы оқып шығып, аға газеттің төрт бүктелген кешегі номерін алып, «Жылбысқа» деген фельетонды Тәлиевке қарай ұсына берді...

1971 жыл.

«АЙРИК»

Сіздер қалай десеңіздер олай деңіздер, менің бүкіл өміріме із қалдырған бір ғана кино бар. Киноны әркім әртүрлі қабылдайды. «Ой маған пәлен деген кино былай әсер етті, оны көргенде жүрегім шаншып, көзімнен сорам ақты» дейтіндердің бәріне де кино менің жаныма батқандай жоқ шығар дер едім. Талай бәйге, талай жұлде алған кинолардың аты миымнан магнитофон лентасынан өшірілген әтеш дауысты әншінің үніндей сып-сипалама кетіп жатады. Қараңғы түнде аспанды тіліп өтіп, қайта жоқ болған найзағайдай мен үшін ол кинолар қасқағым бірдеме сияқты. Осы заманда не көп, кино көп, қайсысы құрғыр есте қалып, қайсысы ұмытылды деріңіз бар ма?

Бірақ киноның, онда ойнайтын актерлердің аты-жөні, тіпті қаһармандар ролін ойнаған артистің туған жылын, көзінің үлкенін-кішісін, ернінің жұқалығы мен қалыңдығын, оның сүйеге ебедейлі-ебедейсіздігін хатқа жазғандай тізіп жүретін қыздар қаншама?! Тіпті сонау бір жылы, мамыр мен маусымда жүрген киноны санап, атын атап, жіліктен бөліп тастайтындарды қайтерсің. О тоба, ондайларды көргенде япырмай басының қуыс-қуысы көп екен-ау дейтінмін де қоятынмын.

—Ол киноны көре алмап едім,— дегенімде оны маған үлкен бір қылмыс етіп тақпаса да, осының мәдениеті қай шамада екен деп адырая, алая қарағандарды талай көргенмін. Бірақ сорлы басым киноның, актердің атын білмеуді өзіме мін деп бір санасамшы. Ақыры соның кесірі жүзін басқанда тайқы маңдайға келіп сарт ете түскен кетпеннің басындай қауындай басымды қақ айыра жаздағанда бір-ақ білгендей болдым.

Осы жақында кино жұлдыздарына көп жұлде белгілеп, соның бірін тапсыру бақыты (бірақ мен үшін сор болды) маған тимесі бар ма? Қомпиып, желке шашымды дүр-дитіп, әлі көзім үйрене қоймаған әдемі мүйіз көзілдірігімді салып, барымды киіп, бақанымды қолыма ұстап дегендей жұлде тапсырушылар арасынан орын алдым.

Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болған жез-таңдайлар тақылдап, аузы-аузына жұқпай кетіп жатыр. Қырып кетпей немене деп кеуіп басылып мен де отырмын.

Па шіркін, сөз кезегі бір келсінші, алып келіп бір жөнелейін, бір сом беріп жырлатып, мың сом беріп қойғыза алмайтынның керін келтірейін!

Мекемемізде жүлдені кімге беру керектігі ұзақ сөз болды. Бізде де актерлердің жасын, жынысын, аяқ-қолын, бет-аузын айдан анық білетіндер баршылық екен. Кім білген, оқыған адамға дауа бар ма, «ол сиыр жылы «сыптығыр» деген кино жасаған деп» жеті-ата, жеті-пұстысына дейін тегіс әңгімелеп тастайтындар сөйлеп кеткенде аузымды ашып, көзімді жұмдым. Сөйтіп айызымыз қанғанша айтысып, жүз жыртысып, бет пердемізді үзісіп, пыш-пышсыз ашық кетістік. Ағымыздан айрандай ақтарылып дұрысына шештік. Біздің таңдауымыз Армения актері Мкртчяннің талайына түсті. «Ау, не береміз?» десті отырғандар.

—Ат мінгізейік!— деді киножанды жігіт Базкен. Қазақ жоралғысына бастап отырса керек.

—Апыр-ау, оны тау асып, теңіз басып жеткізуі қиын болар, біздің малды ел екенімізді, малды одан аямайтынымызды өзі де біледі ғой. Жаңаша келейік.

—Қобыз сыйлайық,— деген біреуіне басқалары жабыла кетті.

—Қойшы, қобызыңды зарлатпай!

—Ендеше,— деп көп ойланудан кейін Зекен,— күміс бақыраш тартайық. Жері де, қаны да ыстық адамдар, біздің бақырашқа су құйып шөлмектегі шарабын салып суытып, сусындарын қандырып отырсын!

Бәрі де дуылдап, дұрыс-дұрыс деп кеу-кеулеп кетісті. Сонымен «қойшыны құдай атарда шопан атаға таяғы тиедінің» кері келіп, бұл күміс бақырашты күміс көмей актерға тапсыру құрметі маған берілді.

—Е, несі бар, құдай берген сөзді аяйын ба, төгіп-төгіп жіберіп қайтпаймын ба? Береріміз бақыраш болса да, Батыраш өлтірген Ақанның Құлагеріндей құндап-бұлдап берейін,— дегенмін...

Енді міне, кезек маған да келді. Нақ осы жерде ойым-ойға, санам-санға бөлініп жүріп бермесі бар ма? Бағанадан бері артта отырып білмепшін, микрофонның алдына шыға келген маған үш мың адамның алты мың көзі өңменімнен қадалмасы бар ма? Осынша көз күнде қадалғанда актер байқұстардың жаны қалай шыдайды екен. Тіпті бағанадан бері алдыңғыларға қарамай ала-бөтен маған тесіліп барады бәрі. Қандай әдемі түрлі-түрлі көздер десеңізші, наркес көздер, тұнжыр қара көздер, шегір көз, көк көз, көген көздер... Тіпті анау бір оныншы қатарда отырған қыздың көзі мойылдай екен. Мына бір шалбар киген әйелдің ағайға арта салған жалаңаш қолын қара, саусағының ұшынан қаны тамып тұрғандай...

—Я,— дедім мен даусымды кенеп қойып,— сонымен біз Мкртчянға көркем суретті... Қап, пәлі! Киноның аты көмейіме кептеліп қалды, тіліме түссеші қане? Апыр-ау, әлігі ойнаған киноның аты қандай еді? Қазақтың бір сөзіне ұқсас еді ғой. Басыңыздан осындай бір секундтарды кешіргендеріңіз бар ма? Бір оншақты секундта бүкіл қазақ сөзінің бәрін теріп шықтым. Атау, ілік, барыс, табыс... Бәр-бәрін. Алты мың көз қадалып барады. Киноның аты қалай еді? Айтып жіберетіндерің бар ма, ағайын деп жалынышпен қарадым. Қайдан болсын, бәрінің аңдығаны мен. Қазақ сөзіне ұқсас еді, ә? «Қисық!» Жоқ. «Қиғаш!» Жоқ ол да емес. «Бөлек!» Тіпті де олай емес. Япыр-ай, актерлер неге суфлерді жақтайды дейді десем осы көзден қорқады екен ғой Енді қайттім? Ал ер болсаң армян сөзін тауып ал! Біздің «тыныштық» деген киномыздың атын қанша армян біледі екен, ә? - деп те ойлап кеттім арасында. -«Екі аша ма еді, әлде?». Не керек, Чеховтың «Жылқы аттас» деген әңгімесінің кейіпкерінше сөз санап тұрмын.

Жалма-жан қалтама қолымды салып, бір бет қағазымды алып шықтым. Бетіне қарап жібергенімде бәрі сайрап жүріп берді. Таба алмай тұрған қазақ, сөзім «Айрық» екен! Қап, пәлі, «Айрик» киносы деп жібердім. Не керек, кештеу болды. Ол кезде талай адам-ақ менің ішімді кептіріп жатыр еді. Егер бес жол жазуды зуылдатып оқып шықсам ғой. Онда кім не білуші еді. Шіркін сырбаз жігіт Балбақ болып шыға беретін едім. «Біле-міннің» білгізбей соққанын көрдіңіз бе?!

Жоқ, жоқ, атай көрмеңіз! Осының өзі жақсы да болды. Өйткені бір киноның аты есімде қалды. Ол менің миыма да, маңдайыма да жазылып қалды. Оны енді ұмыта алар ма екенмін. Кино аттарын жаттап жүрермін деген қорытындыға келдім. Бірақ оның бәрі маған «Айриктей» әсер етеді дейсіз бе? «Айрик», «Айрик», «Айрик!».

1973 жыл.

АҚСАЙТАН

Шымбай табиғатында момын жаратылған адам. Бірақ жаманның да жаманы, адам таппас амалы болатыны сияқты, ол өзін танылмаған талант, жұрттан асқан данышпанмын деп ойлайды. Өйткені сонау елуінші жылдардың басында үлкен бір шеберханада істеп жүргенінде киіз үйдегілер пайдаланатын дөңгелек стол төңірегіне қойып адам отыратын үлкендігі отау үйдің темір ошағындай тапал орындықтар жасағаны үшін өндірістік жиналыста мақталғаны бар-ды. Осы мақтау Шымбайға пәле болып жабысты. Осыдан кейін-ақ ол өзін осы заманның алып әуе кемелерін жасаған Туполевпен, Яковлевпен қатар қоятынды шығарды. Тіпті бір жиналыста ол тура былай деді:

—Конструктордың бәрі бір!— Бұл өзім де конструктормын, өйткені тапал орындықтар жасадым дегені екенін жұрт жақсы түсінді. Естіген әйелдер жағы бетін шымшып, енді біразы еріндерін қымқыра тістеп, еркектер езу тартып теріс айналды. Ақыры осы кішкентай нәрседен туған үлкен «мен» Шымбайды біздің сормаңдайымызға сыйғызбады. Партия ұйымы мәселе қойып, жергілікті комитет қолдап ол бізден кетті. Бізден кетерде ол тура былай деді:

—Сорларың бар байқұссыңдар, маңдайларыңа мен сыймадым ғой.— Мұны алғаш естіп, шынымен біздің ырысымыз ығысып бара жатыр ма, егер олай болса Шымбай өзімізде қала берсін деп басшыларға айтқандарымыз да болды. Кім біледі, бақ таздың басына, пұшықтың мұрнына қонады деген бар. Шеберханадағы бар пақырдың бақ-дәулеті осы теке көз, қортиған Шымбаймен бірге ере кетсе бәріміз апаннан бөлірігін алғызған шуландай алас ұрып қалып жүрсек пәле емес пе? Оның үстіне «бәке-неден пәле шығады» дегенді былай қойғанда дүние тарихында кішкентайдан шыққан ұлы адам аз ба? Сондықтан да әдепкіде ішімізді жиып-ақ, секем алып-ақ қалғанбыз. Бірақ Шымбай айтқандай шаңырағымыз шарт келіп, ортаға түсіп қалған жоқ, керегеміз көгінен сегінеген жоқ. Бұрынғыдай-ақ түтін түтетіп, шеберханамыздың есігіне іргенек, босағасына таяныш болып жүре бердік. Бір тәуір жері Шымбаймен бір цехта жұмыс істейтін төртеуіміздің құлағымыз да тыншып қалды. Өйткені екі күннің бірінде қитықтан ситық тауып, іліп-қағып бізді сілкілеп-сілкілеп алатып бастық аузына құм құйылғандай үнсіз қалды. Бастықтың бұлай үндемей қалуынан төртеуіміз де іш жиып, ұлы дауыл алдындағы тымық ауа емес пе екен деп есіміз кетіп, етегімізді басып жүрдік. Бірақ артында ештеме болмады.

Бір күні көрші комбинатқа орналасқан Шымбайдың аузы-мұрны қан болып құлап жатыр дегенді естіп, «байқұс-ай, қиын болған екен» дестік. Сөйтсе...

...Ауыз деген құрғыр тек тамақ ішу үшін жаралмаған ғой. Тіпті тамақтан бұрын оның міндеті сөйлеу сияқты. Әрәдік сөйлеп қоятын, тіпті артық айтып кетіп, артынан тамақты көп ішіп қойған адамша бей-жай тартып, ренжіп жүретініміз қанша? Сондай бір кездері көрші шеберхананың бір бөлмесінде іс тігіп отыратындардың бірін шеберхана бастығы Күркей шақырар еді. Алдымен жайбағыстап халды, бала-шағаны, үй-ішін сұраған болады. Артында не жатыр екен деп шеберлер абыржып отыратын. Қап! Осындайда құм құйылғыр ауызға құм құйып тастамасам деп іштей әлденеше уәдені де байлап-байлап тастайтын. Бастық білгізер-білгізбес, шалажансар қылып бірдеме айтады: -Осы менің үйіме кім келіп, кім кеткені сендерге не үшін керек? Әлде мені әңгімелемесеңдер ішкен астарың сіңбей ме?— Ол күлген болады. Онысы шеберлерге күмірем қаптырамын дегендей көрінеді.

Қап! Тіліңе тыйым сал! Бір елі аузыңа екі елі қақпақ қой деп бабаларымыз қалай дұрыс айтқан. Бұдан былай бір сөз аузымнан шығарсам аузыма қара қан толсын деп олар іштей қарғыстанады. Келген соң бірер күн төртеуі бұртиысып үндеспей қалады. Сонан соң үндеместік бұлтын шыдамсыздық желі көтеріп әкетеді де, аспан ашылғандай сөйлеп үйренген ауыз қайта жыпылдай бастайды. Қайсысы бұрын сөз бастаса басқалары соған күдіктене қарап тұрады да, ескі әдет қала ма, төстен қашқан тұлкіге қосылған тазыдай қалың шаң ішінде бара жатқандарын өздері де байқамай қалады. —Мынаны, — деген еді қолыңда күзен терісінен құрастырып отырған жағаны нұсқап Алтай деген жігіт — шамасы бастықтың әйелінің аманатымен істетіп жатса керек. —Әй қойшы, — деді Өркен, — тағы біреуіміз жеткізіп жүрерміз. — Бәрі де жым болды. Төртеуі де үндемей іске кірісіп кетті. «Енді сөйлесем аузыма қан толсын!» дескендей. Бәрі де орнынан қозғалған жоқ еді. Жаздың жаңа келе жатқан шағында қысқы зәк, дымқылдан жаңа арылған есік сықырлап ашылды да, арғы жағынан хатшы қыз көрінді.

—Алтай, сізді бастық шақырады!— Алтайдың түсі бұзылып жүріп берді. Ол шыға бергенде қалған үшеуі біріне бірі қарасты. Көп айналмай, Алтай тез келді. Қап-қара болып түтеп кетіпті. Мұрнының үстінен шыпшып тер шығып тұр.

—Мына бастықтың ақ сайтаны бар шығар. Қазір ғана менің айтқан сөзімді біліп отыр. — Өркен орнынан қарғып тұрды. Дереу орындығының астын аударып жіберіп, көңілі орнына түскендей «уһ» деп оны жерге тарс еткізіп қайта қоя салды. Төңірегіннің бәрін тінтініп кетті. Басқалары да түсініп, бүкіл бөлмені тінтіп шықты. Бұлардың сөзін жеткізетіндей еш жерде хауіпті ештеме көзге түспеді.

Бір сұмдық болды ғой, — деді күйінген Алтай. Ал ол жоқта қалған үшеуі Алтайдың өзі өңін айналдырып жеткізіп жүрмесін деген күдікті де айтты. Кім біледі, кімнің ішіне кім кіріп шығыпты?! Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында..

Сөйтіп төртеуі сырттай білгізбегенмен іштей алақөзденіп, бірін бірі атарға оғы болмай жүрді. Бірақ таңертең келісімен олар қызметті төрт адам іс тігетін бөлмені тінтіп, сөз жеткізіп қоятын ештеме жоқ па деп қараудан бастайтын болды. Кейде шеберхана бастығы Күркей әңгіме арасында төртеуінің біріне қарап, кешегі бәлен деген кино қызық па екен дейді. Мұндайда алғаш бірге отыратын төртеу, бастығымыз да біз барған киноға барған екен, бізді сыртымыздан көрген екен ғой деп қоя салушы еді. Жоқ, олай емес екенін бұлар сезе бастады.

Япырмай, шынымен бастықтың ақсайтаны бар ма? — деді Алтай арада екі-үш күн өткен соң жолдастарына қарап. — Тіпті істің жайын сөйлесе алмайтын болдық қой. Киноға барғанымызға дейін біліп отырады. Айтқанымыз айтқан заматта өңі айналып бастыққа жетеді.

Күнді күн қуып жетіп жатты. Календарьдың кішкентай парағы он рет аударылған соң өндірістік жиналыста Күркей азғантай сөз сөйледі де, аяғын былай аяқтады.

—Жұмыстарыңызды алаңсыз істей беріңіздер, менің ешқандай ақсайтаным жоқ, ақсай-тандар жазасын алады!

Жұрт үндемей тарасты. Бір бөлмеде отыратын төртеу не де болса үлкен машиналы цех тез бітсе екен, мына бір аядай бөлмеден құтылсақ екен. Үлкен цехқа көшкенше тіпті жұмыстың жайын ыммен сөйлесе де, үндеспеуге келісті. Күркейдің соңғы сөзін бұлар түсіне де алмай қалды. Соңғы сөзді өздеріне айтқан дейін десе, «жұмыстарыңды алаңсыз істей беріңдер» дейді. Неде болса әліптің артын баққан жақсы ғой десті.

Сөйтіп жүргенде бір қолайсыз жай болды. Соңғы күндері бастығының айтқанын көбірек ойлап мазасызданды ма, әлде тіпті осы заманның жабысқақ ауруы тұмау келіп қалды ма, Алтай төрт-бес күннен бері ұйқтай алмай жүргенін, содан ба басы ауыратынын айтып еді, Күркей тіпті мұны да біліпті.

—Үш-төрт күннен бері ұйқтамай менің үйімді аңдып жүргендерді де білемін, — деді де, ол неге екені белгісіз, осы сөздердің артынан ішек-сілесі қата келіп күлді. Ұзақ күлді.

Бұл да Әлтайға әсер етті ме, кім білсін, іс тігіп отырғанда аяқ астынан мұрнынан дірдектеп қан кетті. Ол есікке тұра жүгірді. Бар пәрменмен қатты ашылған есіктің бірдеңеге дүрс етіп қатты соғылғаны белгілі болды. Есіктің сыртқы жағында ағаш еденге әлдене дүрс етіп құлады да, тапыр-тұпыр дыбыс естілді. Басқа бөлмедегілер де, Әлтайдың жолдастары да есіктен не болып қалғанын көруге мойнын созды. Үсті шаң-шаң болып, бет-аузы қан Шымбай үйелеген тоқтыша жерден тыпырлап зорға тұрып жатыр. Бет пішіні әлемтапырықтанып, түрінен адам шошығандай. Шамалы қыли қарайтын екі көзі бұл жолы тіпті қиястанып, біріне бірі атысып тұр. Көптен өтек көрмей гармонның көрігінше көп қыртыстанып кеткен шалбар тізесіне қарай тартыла түсіп, қоян сирағы ашық қалыпты. Мұрнынан қаны сорғалаған Әлтайдың не болып жатқанына қарауға мұршасы жоқ, жуынатын жерге қарай жүгіріп барады. Аузы-мұрны қан болған екеуді сырт көрген кісі төбелесіп қалды деп те ойлар еді. Біреуі мұрнын, біреуі бетін басып алған.

Анау бұрышта хатшы қыз жер-көкті жаңғыртып күліп жүр. Күлкіден әбден сілесі қатса керек, ішін қос қодап басып алыпты. Күлкіден тыйылайын дегенде:

—Оған сол керек,— дегенді бөліп-беліп зорға айтады да, сөзінің аяғын күміс күлкісімен көміп жібереді. Ауызы аңқиып, не болғанын біле алмай тұрғандар да көп. Қан жалаған ауызға аяушылық білдіріп жатқандар да бар.

—Не болды?— дегендерге Шымбай бұрынғысынша көзі қылиланып, қыртыған мойны бұрынғыдан да ішіне тартыла түсіп, теріс жауап береді:

—Сенің не жұмысың бар?!

Ер болсаң бұдан кейін оған сөйлеп көр. Ол тура амандық сұраған адамнан пәле іздейді. Сонымен сәлден кейін-ақ бәрі де жым-жырт болды да, қызметкерлер қайта жұмыстарымен шұғылданып кетті.

Үш күннен кейін көрші комбинаттан да Шымбайдың жұмыстан шығарылғаны әп-сәтте-ақ кәсіпшілік комбинатының ішін жарып өтті. Бәріміздің тауқыметімізді көтеріп, бар бақ-дәулетіміз бір басына оралып жүрген Шымбай ертеңіне типыңдап, екі тізесі жазылмай кетіп бара жатты. Алғаш бәріміздің қызырымыз Шымбайдың бие сауар көнектей қапшығында кетіп бара жатқандай көрдік. Бірақ көрші шеберханадағылар сияқты Шымбайдың кеткенінен кесел келген жоқ. Ол аз уақытта-ақ ұмыт болды. Әлтайлар бұл кең дүниеде бастығы барын ұмытқандай, бір шатырдың астында өмір кешіп жүріп-ақ хабарсыз қалды. Ақсайтанынан айрылғандай Күркей де үнсіз.

1971 жыл.

ФЕЛЬЕТОҢДАР*

АЛГЕБРАҒА АБАЙ БОЛЫҢДАР!

Алдымен түскені бір хат болды. Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Қызылсай жетіжылдық мектебінің мұғалімі Мейірманов жазыпты. Қолымызға алып зерттеуге ыңғайлана бастадық. Нақ осындай мағналы хат ертеңіне тағы келді. Солтүстік Қазақстан облысынан келіпті. Жазғандар Николаевка орта мектебінің мұғалімдері Омаров, Бүркітов жолдастар. Содан соң тағы түсе берді... Ақыры көбейіп кетті. Хаттардың мазмұны мынадай: сауатты адамдардың сауатсыздығы туралы жазыпты. Оқу-ағарту орындарындағы кейбір жолдастардың аптығып жүріп, кетірген қателерін айтыпты.

Мектеп басқармасының әуелі жергілікті мектептерге жөнелтпегі емтихан билеттері болыпты. Бастықтар баспа орындарына батыл тапсырыпты. Қате кетпесін, қайталау болмасын. Емтихан билеті деген нәзік нәрсе. Әсіресе, алгебраға (абай) болыңдар. «А» орнына «В» түсіп кетіп жүрмесін, жайбарақаттануды қойыңдар, емтихан жайбарақаттануды күтпейді. Жайбарақаттық жойылсын! Сәтті жұмыс жасасын! Сапасыз іс құрысын!— депті.

Осындай игі тілектерден кейін билеттер әзірленіп, Оқу министрлігінің мектеп басқармасына әкелініпті. Мектеп басқармасындағы жолдастар да өздерінің шабандығынан жергілікті жерлерге жөнелтуге билет кешігетін болды-ау деп қорқыңқырап отыр екен, билеттердің кейбірі әзір бола кеткен соң қуаныштарын жасыра алмапты:

—Алақай, билеттер басылып бітті. Жасасын қарқынды жұмыс! Жойылсын сапасыз іс!— деп, даяр болғандарын бастықтарға ала жөнеліпті.

—Көп кешіге ме деп едім, бірер ай-ақ кешігетін болды,— десіпті. Әзір болған билеттерді жіті көздер жүгірте қарап, олпы-солпысын түзеткен болып, артығын аластап, кемін жалғап ауылға асығыс жөнелтіп жіберіпті. Ол жалғыз жіберіле салмапты, жақсы лебізбен, үлкен анықтамалар беріп, шығарып салыпты. Үлкен жолдама жазып, мынаны айтқанды жөн деп таптық депті.

Баспахананың кінәсінен билеттерді бірер айға кешіктіріп алдық, игіліктің ерте-кештігі жоқ деген ғой, әлі де болса ырғалып, жырғалмай, жатпай-тұрмай жұмыс істей берсеңдер кеш емес. Баспахана болмаса әлдеқашан... әй осы баспа... Жұмысты тездетіңдер. Жасасын жедел жұмыс!

Сонымен не керек, сынақ күні де келіп, емтихан басталып кеп кетіпті. Мұғалімдердің алдымен қолына түскені төртінші класқа арналған «Біздің Отанымыз» деген текст екен. Тексті оқып шығып, мұғалімдер Оқу министрлігінен келген бұйрыққа еріксіз қарасыпты. Одан ештеңе таба алмапты. Төртінші кластан емтихан алғанда мұғалімдер терең ойға қалыпты, бұл тексті төртінші класқа ұсынар-ұсынбасын білмей қатты сасыпты. Алматыдағы білімді ағалары осы азғантай сөзден онға тарта қате жіберген екен. Он төрт жыл оқығандар жаза алмаған тексті қалай ұсынамыз деп мұғалімдер біріне-бірі қарасыпты. Әлде ағалары сызықша, үтір, бас әріп, кіші әріпті оқымаған шығар, тіпті оқыса да баяғыдағысын ұмытып кетуі де ықтимал, шынына келгенде, осы текстің өзін оқымаған болар деп кешіріскен екен. Бұдан былайғысының қатесі жоқ, мынау бір қиын жағдай, асығыс үстінде «баспахананың кінәсінен» кеткен болар дескен екен.

Билеттердің басқаларына үңіле беріпті. Оның үстіне есеп жөніндегі билеттер соғрышталған конвертпен емтихан басталардан бір-ақ сағат бұрын ашылады екен. Сондықтан Оқу министрлігі жіберген есептегі қате жаушы-жаламда байқала қоймапты. Жетінші кластың оқушыларына арналған есептің екі нұсқасы беріліп, есепті балалар олай айналдырып, былай айналдырып, ақыры мұғалім ағаларына қайырыпты. Бірде бір оқушы бұл ғажайып есепті шығара алмапты. Шәкірттерінің есеп шығара алмағанына мұғалімдері қатты ренжіп, сені оқытқан есіл еңбегім, тегін мектебім... деп ашуланыпты. Ойластырып қарай келгенде, бұл да Алматыдағы мектеп басқармасындағы ағаларының қатесі болып шыға беріпті «2а-1» дегеннің орнына «2в-1» деп жіберіпті.

Атап айтқанда «а» орнына «в» түсіп кетіпті. Осы жалғыз әріп республиканың барлық қазақ мектептеріндегі емтихан қорытындысын теріс шығаруға салдарын тигізіпті. Есептің тағы бірінде «кішкене ғана» қате жіберіп алыпты. «350 тонна» дегенді «50 тонна» деп қойыпты.

Тағы қате, тағы кетіпті. Тоғызыншы кластың логарифм жадуалының көмегімен шығарылар есептің беріндісінде радикал көрсеткішінің «3» дәрежесін көрсетпепті. Шамасы оған дәрежені қимаса керек.

Сонымен не керек, бұл есептер шым-шытырық, сайда саны, құмда ізі жоқ болып шығыпты. Жауабы келсе есебі, есебі келсе жауабы келмей, оқушылардың басы қатыпты. Бәрібір есеп дұрыс шықпапты. Басқарманың кінәсі үшін мұғалімдерге ұялуға тура келіпті. Ақырында біреудің кінәсіне күйе алмай мұғалімдер министрлікпен хабарласқан екен:

—Биыл болмаса ендігі жылы естеріңде болсын, баспаханадан қате кететіні жадыларыңнан шықпасын, естеріңде болсын, өздерің түзей саласандар. Алгебраға абай болыңдар!—депті.

—Я, мектеп басқармасындағы жолдастар, өздерің де алгебраға абай болыңдар.

1954 жыл.

АШЫҚ АУЫЗДАРДЫ ОТЫРҒЫЗЫП КЕТТІ

Күн күлімдеп тұрған жаз күнінің бірі болатын. Гурьевтегі өнер басқармасының бастығы Аңдамасовтың кабинетінің есігі жай ғана тықылдады.

—Кіріңіз,— деді сыпайыгершілік көрсете қалған Аңдамасов.

Сып-сыпайы киінген, жылпостау жігіт кабинетке кірді де, босағаға мүләйімсіп тұра қалды. Кейде аңқау бастықтар аферистердің осындай жасанды мінезін нағыз «қызмінез» осы деп қалатыны бар-ды. Аңдамасов ол сызыла түскен сайын, кішіпейілділік жасаған болып, орнынан атып тұрып, «сыпайы» жігіттің қолын алды. Ол да мәдениетті түрде амандаса білетін болып шықты. Басы аяғына жеткенше иіліп тәжім етті. Неше айтқанмен Аңдамасов өнердің төңірегін жағалап жүрген адам емес пе, мынау егер қызметкер болса, артист болу керек деп ұқты. Бірнеше рет қиылып отыруын сұрап Аңдамасов жайылып жастық, иіліп төсек болған соң ғана сыпайы жігіттің креслоға қисайып әңгімесін бастай берді.

—Қызмет іздей келіп едім, мамандығым драма театрының актерлығы. Театрларда Ягоның, Жантықтың, Бекежанның рольдерін ойнай аламын, тіпті батырлық рольдерден де құралақан емеспін. Жағдай жасаңыз екі езуім көпіршіп бақсының ролін де келістіріп ойнап беремін,— деп тынды жылпос жігіт.

Сөздің аяғында ол облыстағы бір үлкен адамның атын атап, сол кісіден сізге сәлем деп қойып еді, бұрынғы-бұрынғы ма, Аңдамасов табанын қойып, аяғының ұшымен жүре бастады. Өйтпегенде қайтсін. Мына жігіттің соңғы сөзі салмақты. Егер қитықтан ситық тауып ағасына жамандап барып жүрсе... Одан да өлім жақсы емес пе? Жақсы, адамдарға жағымпаздана білу керек қой. Тіпті олай істемегеннің өзінде мынау жылпос жігіт көрінеді, оның үстіне өзі актер, ауызы жеңіл болып төрешіл адам екен деп таратып жіберсе «ер жігітке мешкей деген жақсы атақ емес» дегендей, бұл да жақсы ма? Аңдамасов шұғыл тапсырма беріп, облыстық драма театрының уақытша директоры Жақабайды шақырып алды.

—Мына жігіт Ташкенттегі артистер даярлайтын институтта оқыған, теориялық білімі бар, таңдаулы адам. Осындай кадрлардан қолға түскенде айрылып қалмай орналастыра қою керек,— деді Аңдамасов.

—Алдымен бұл жігітпен толық танысалық, документтерін көрейік,— деді Жақабай.

—Мен айттым ғой, менен артық не документ керек саған,— деп Аңдамасов Жақабайды жекіп тастап еді, өзі уақытша директор болған соң ба,

Жақабай сескеніңкіреп қалды. Әсіресе оған қатты тиген облыстағы үлкен адамның атының аталуы. Жақабай жым болды.

Ертеңіне кешегі Аңдамасовтың алдында отырған жылпос жігіт Хамзиев театрдың белді артисі болып шыға келді. Сыпайы жігіттің нағыз сұмпайы жігіт екенін білмей, Аңдамасов оны жер-көкке сыйғызбай мақтай берді. Жақабай екеуі Хамзиевті жексенбі сайын кезек-кезек қонаққа шақырып, Гурьевтің көшесінде қолтықтады да жүрді.

Аз күннен кейін-ақ Хамзиевтің өнерден хабары жоқ екені білініп қалды. Аңдамасовтың теориялық білімі жеткілікті актері Станиславскийдің кім екенін де білмейтін болып шықты.

Облыстық театрдың актері Хамзиевтің үстінен қайта-қайта шағымдар түсірді. Оған құлақ асқан. Аңдамасов жоқ, арызды шкафында сақтап отыра берді.

Өстіп жүргенде кенет актеріңіз жоғалып кетті.

Үш ай өткен соң Гурьевте Хамзиевтің төбесі жылт ете түсті. Актеріңіз бұл жолы дәрігерлік рольге боянып, денсаулық сақтау бөліміне Үрейғалиевке келді. Ол да Хамзиевті құшақ жая қарсы алды. «Асатпай жатып құлдық дейді» дегеннің кері келгенін көрдіңіз бе?

—Қош келдіңіз, — дейді ол.

—Медицина институтының төрт курсын бітірдім, өз мамандығым бойынша қызмет істегім келеді, — деді Хамзиев.

—Сіз сияқты жоғары білімді адам бізге былай керек, — деп Үрейғалиев қолын кеңірдегіне бір апарып қойды. Үрейғалиев бұл жолы ерекше жұмсақтық көрсетті. Шамасы облыстың үлкен адамының аты аталуы бұған да зор әсер еткен болуы керек. Әсте ол төрт курсты құр аузымен айта салған Хамзиев тұрмақ, он алты жыл оқыған шын дәрігерлерді де қалаға орналастыра қоймайтын. Ал Хамзиев қаланың қақ ортасындағы мұнайшылар емханасының жедел жәрдем көрсететін дәрігері болып тағайындалды.

—Көп ұзамай-ақ Хамзиев сырын алғызып қойды. Үрейғалиевтің мақтаулы дәрігерінің нашатырлы спирттен басқа да білер дәрісі болмай шықты. Мұнайшылар емханасының дәрігері, басшылары Хамзиев туралы қатал-қатал хаттар жазды. Амал не, Үрейғалиев бұл арызға өсек деп қана қарады. Іс ұзаққа созылды. Мұны Хамзиев те тиімді пайдаланды. Іс шиеленісіп, шешілуге шектеліп, жөпелдемеге келгенде Хамзиев Гурьевте жоқ болып шықты.

Бір күні тонын айналдырып киіп Хамзиев облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Ақаңа келді.

Ташкентте зоотехникалық институтты бітірдім...

Бұйрық берілді. Хамзиев Шевченко аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бас зоотехнигі болып белгіленді. Асыға күткен бұйрық аферистің қолына тиюі мұң екен, көңілі теңіздей толқып, қолы шығып жүре берді. Ол моторлы қайыққа мініп, Шевченко ауданы қайдасың деп Каспий теңізі үстінде зырғып бара жатты. Алға аттаған сайын оның қызметі өзгере берді.

Кеме үстінде Хамзиев Сауда министрлігінің тергеу жұмысымен жүрген өкілі болып, өкімін жүргізе түсті.

—Магазиндерге соға жүріңіз, — деді ол кеме капитанын шақырып алып.

Кеме Пешной жарты аралындағы магазинге келді. Сөйтіп Хамзиев қойнынан құшақ-күшақ мөр басылған қағаз көрсетіп, өзін сауда тергеушісі деп таныстырды. Магазиннен бірнеше жүз сомның затын алып, есебін Сауда министрлігіне жіберерсіз дей салды.

Шевченко ауданына келген соң Хамзиев колхоздарға шығып, жүрген жерінен бас жеп, бата оқып, ондай-мұндайды да буыншақ-түйіншек етіп алып, қайтып келіп жүрді.

Маңғыстау ауданымен де қатынас жасады.

Сөйтіп мәселе шиеленісіп, беті ашыла бастағанда Хамзиев зым-зия жоқ болып шықты.

Бармағын тістеп ашықауыздар отырды.

ҚЫРЫҚ ҚҰРАҚ

Қылышын сүйреп қыс келеді. Жапалақтап қар жауып, жапырақ бетін жабатын уақыт та таяу. Қыс келетінін басқа ұмытса да жетісулықтардың ұмытатын жөні жоқ. Ми қайнатқан шілдеде де Талғар мен Саржалақ басынан көрініп тұратын қар қысты қалай ұмыттырсын. Тоңдырамын тоныңды сайла дейді.

Ақтауда тон тігетін де, пальто тігетін де, манто тігетін де кәсіпорындар жоқ емес. Бірақ расын айту керек, ала жаздай жиналып айтқанымыз әләулай дегендей осындағы фабрикадағы көп жұмысшы сарыла бір жұмыс істеп көрген жоқ. Уақыттың көбі үздік-создықпен өтіп келеді. Олар істемейін демейді-ау, істеуге жұмыс жоқ. Осындай қыс қарсаңында бірі пальто, бірі манто тігіп отырса, оны тігіп отырғандар да, оны кигендер де жарасып қалмай ма? Жылы киіммен халықты қамтамасыз ету қандай ардақты міндет десеңізші.

Фабрикаға ертелі-кеш елтірілер түсіп жатады. Үлкен-үлкен теңдер жеткізіледі. Бума-бума бөлектері де болады. Жылмиған жылбысқа, салаба-салаба сеңсеңдер де кездеседі. Сақалы салбыраған теке терілері де бар. Жеткізіліп жатқан нәрсенің көлемді шумағын, ауырлық салмағын көріп жұмысшылар қуанысып та жатады. Киімнің неше түрін жасап шығаратын болдық қой деседі.

Аздан кейін тең шешіледі. Әуелгі шешілген тең сары-шұнақтың терісі. Жіп-шуы кесіліп, теңін шешісіп тұрғандар бір көңілденіп қалды.—Дұрыс, дұрыс! Шын, бізге керегі осы. Санап жібер,—деседі. Жоспар бойынша үш миллион болуы керек еді, бар жіберілгені бір жарым. Яғни жоспардағының жартысындайы ғана. Жарты болғаны жақсы болмаған ғой, жұмыс та, оның өнімі де жарым болады деген сөз ғой. Жұмысшылар ренжіп қалды.

—Істейтін жұмыстың өнімдісі осы сарышұнақтың терісінен болушы еді, оның өзі жарты болды ғой десті жұмысшылар. Нақ осы кезде бір жақтан бракердің ащы дауысы жаман естілді.

—Ойбай-ау, өзі жоспардағының жарымы кеміп отырғанымен тұрмай оның жартысы тағы брак болып шықты. Көпшіліктің көңілі «брак» деген дауысқа ауып кетті. «Өзім кесір таппай жүргенімде менен кесір сұрайды қыз антұрған» дегендей, өзіміз брактан құтыла алмай жүргенде...

Олар ерінбестен-ақ санай бастады. Сарышұнақтың әкелінген терісі жарым болса да жақсы болмады. Көпшілік терідегі түрлі тесік, теңбілдерді әңгіме ете бастады.

—Мына бір сарышұнаққа шешек шыққан екен.

—Мынауы қотыр болған шығар.

—Мынаны қақпан қырыққан екен.

Сөз осылай шұбала берді. Бәрі де мехпен айналысып келе жатқан адамдар сарышұнақтың терісін әп-сәтте-ақ сорттап бітірді. Брак бес жүз мың болды.

—Апыр-ау, мұны бізге жіберген кім?

—Баяғы қайыс-әбзел заводы да.

—Дәп өзі, одан басқа кім дейсіз?

—Сонымен бес жүз мың брак болып шығып, жұмысшылар үндемей қалысты.

—Қайта жіберу керек, бас басқармаға айту керек.

Оған уақытысымен-ақ айтылды. Бірақ басқармада үн жоқ. Бастығы Басымбек жаманатты болып қайтсін, жаман болған осы мех фабрикасы-ақ жаман болсын. Оң қолын сол қолымен қалай кессін. Бәрібір өз жаны ауырмай ма? Қайыс-әбзел заводы да өзіне қарайды.

Тағы бір тең шешілді. Бірақ сабалақ жүнді тері болып шықты. Бұл жоспарда атымен жоқ нәрсе екен. Ештеме етпес десті тұрғандар. Осынша дүниенің ішінде бір тең сабалақ тері ешкімнің ішін жармас. Олар оны тәуірлеп тігіп жіберетіндіктерін айтып жатты. Тағы бір тең тағы шешілді, сабалақ тері... желке жүні дүрдиіп, құйрық жүні қайқайып...

Бұдан кейін тағысы-тағы сабалақ тері болып шыға берді, шыға берді. Осындай сабалақ терінің он бір мыңы шықты. Жоспарда белгіленбеген әуілдік терісінің осыншасын жіберген екен. Мол қол-ақ екен шіркін!

—Апыр-ау, жұрт сабалақ теріден басқаны кимесін деген бе, — деді біреуі, күйіп кетті білем.

Теңнің бірінен соң бірі шешіле берді. Бірінен қоян терісі шықты. Бір жылға қоян терісі де шыдайды, осы түгел болса екен деген тілектер болып еді, ол да жоспардағыға жетпей қалды.

Бұдан кейінгі шыққан мехтың бәрі де шұрық-тесік, салаба-салаба, ілуде болмаса іліп алар бірі жоқ. Сабалақтанған сеңсеңдер, қызылшақа жылбысқа, жота жүні дүрдиген бөрібасар, шешек шыққан сарышұнақ. Қысқасын айтқанда тамтығы жоқ терілердің бәрі осында жіберілген. Жоспарда бар нәрсе жоқ болған соң жоспар қалай орындалсын, жаман болған осы фабрика жаман бола береді.

Осы кезде тағы бір тең шешіліп кетті де, жұрт соған аңтарылып қалды. Жеті мың түлкі шықты. Жоспарда жоқ нәрсе. Ленинградтан әкелінген.

—Мұны кім алдырған?

—Әрине Басымбеков шығар.

—Мұны не істейміз?..

Бұл фабрика түлкі терісін тігуге икемделмеген екен. Оны зорға дегенде Москваға жөнелтпек болды. Бұл түлкі терісінің де арманы жоқ, Ленинградтан, Алматыдан, Ақтауға, Ақтаудан Москваға жөнелтілді.

—Түрксибтің арқасы ауырмас, жібере сал, — деді Басымбек.

«Барыменен базар, жоқты қайдан қазар». Фабрика коллективі іске кірісті. Шоқпыт-шоқпыт сарышұнақ терісін тоқсан жамап, қырық құрап киім тіге бастады. Сеңсеңнен сабалақ бөрікте жасалыңды. Бәрібір айтып айтпай немене тері-аяқкиім өнеркәсібі бас басқармасының бастығы Басымбектің «тәуір» басшылығы арқасында фабрика бес миллион сомға қарыз болды. Іске жарамсыз сарышұнағын қайыс-әбзел заводына қайтадан ал деуге аузы бармай, оң қолын сол қолымен кесе алмай Басекең отыр. Ақтау мех фабрикасы қырық құрақ шығарып жатыр. Жоспар айдан айға орындалмай қала береді, қала береді. Қора төрінде жататын әуілдек терісі болмаса фабрика тақыр мұзға отырып қалғандай екен, оның болғанына да шүкіршілік.

1953 жыл.

КЕЛТЕГІҢІЗ ҚОЛЫҢЫЗДАН ТҮСПЕЙДІ

(Бір директорға жасырын хат)

Сізді ауданның да, ауылдың да көп басшылары тәуір көреді. Сіз келгенде қымсынып та тұрады. Ә, бәрекелді, сіз ыңғай жақсы ниетте болсаңыз, өндірісте, еңбекте өзіңізді көрсете білсеңіз, онда сізді жұрт та жақсы көреді. Мұндай жағдайда сізді сөккеннің жағасы сөгілсін. Олар сізді шынымен-ақ жақсы көре ме? Соған келейікші. Жеке хатта айтқанымды ешкім ести қоймас. Ашық айтайын. Олар сізді көргенде сыртынан жылытырай қояды. Егер олар жайылып жастық, іліп төсек болып тұрмаса, сіздің қолыңыздан келтегіңіз қашан қалушы еді, сонымен салып кетесіз. Сондықтан сізді еркінен тыс жақсы көргенсіді, сойған түлкідей ыржың-ыржың етиседі. Олардікі қай бір күлкі. Жылымшы бірдеме.

Түбеке өзіңіздің мінезіңізді алдыңыздан өткізейік, қарай қойыңыз. Бетің қисық болса айнаға өкпелеуге бола ма? Өз қылығыңыздан өзіңіз жиренбес пе екенсіз. Сіздің әрекетіңіздің сыйқын көпшілік те білсін, кейін хатта жарияларсыз да.

Сіз 1943 жылы Бөгетсай станциясының директоры болып тағайындалғанда бір күні сіздің жолдастарыңыз келіп, «орын құтты болсын» айтты.

Кетпеңдер, директорға, яғни маған жолдас нөкер керек,— дедіңіз Түбеке өзіңізді өзіңіз салмақтап. Бұдан кейін сіз жалғыз жүруді қойып, топ болып сап түзеп жүретін болдыңыз.

Директор тойға барады. Мынау үйден анау үйге, ауылдан ауылға емес, ат арытып, тон тоздырып ауданнан ауданға барады. Қу бас та домалап баратын сол тойға «Көктөбе» МТС-інің директоры Есекең де келіп қалыпты. Екеуіңізді бір үйге қонаққа алған екен. «Екі қошқардың басы бір қазанға сыйсын ба» сөзбен кекетісіп, қағыса бастапты. Алғашқы сөзді кәдімгі Түбекең өзіңіз бастап:

—Менен мәртебең биік адамдай менен жоғары отыруыңа жол болсын?!— дедіңіз.

(Бұл өзі ата-бабаңыз Маман мен Көтібардан сізге мұра болып қалған ұрыс қой).

—Сен директор болсаң, мен де директор. Бұрын келдім, бұрын отырдым. Тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар. Үй менікі!— деді Есекең де қалыспай.

—Нөкерлер, көрсетіңдер мына бұрын келген дирек-торсымаққа. Білсін менің күшімді!— деп сіз айғайды салдыңыз келіп.

Кекетудің аяғы білек сыбанып, жұдырық жұмсауға жетіп, сарт-сұрт төбелес басталды да кетті...

Жасыратыны не, «артық еңбек» сіңірген, жұдырығы жуандау болып «көзге түскен» Түбекең өзіңіз болдыңыз. Екі директордың тойдағы «тамашасы» екі ауданнан асып, облысқа тарады. Ожар мінезімен ауызға көбірек ілінген Түбекең тағы өзіңіз болдыңыз.

«Түбекбайға ұқсамай қойшы әрман» дейтін сөз жұртқа мәтел болып кетті. Түбекең бұған өзіңіз де сүйсіне түсетін көрінесіз. Мұндай «зор атаққа» ие болғанға құштарланып, бұдан былай келтегіңізді тастамайтын болыпсыз. Кім болса ол болсын, Сіздің тұрпайы мінезіңізді болар-болмас сөз қылса болғаны, келтекпен салып өтесіз. Шынын айту керек, осындай күшті кейде сізге қызғанамын. Маған құдай екең сырттан түйрейтін найза-қалам бергенше сіздікіндей жұдырық бермеген екен деп те қаламын.

Өзі батыр Түбеке сіз келген жерден шатақ шықпай кеткен емес. Түскен үйіңіздің шыны-шәйнегі сынып, астан-кестен болмай қалған күні жоқ. Біраз уақытқа дейін Түбекең түскен үй ана үй, мына үйден ыдыс-аяқ сұрап-ақ жүргені. Осындай «батырлықты» қалай бастайсыз? Япыр-ай!

Тағы бір күні Түбеке машинаңызбен сырғанатып келіп, «Тұщыайрық» колхозының председателі Меңдештің үйіне тоқтай қалдыңыз. Үй иесі Түбекең келгенде қашанда графиннің орта-толысын көрсетуге тиіс. Егер орта бола қалған күнде, «ақмағамбетті» Түбекеңе арнап алдырмаған болса, онда қай жерден шатақ шығаруды ойлай бастайды. Міне ойламаған жерден осы жағдай бола қалды. Екі бүйіріңізді таянып, төрде отырып табақтағы ыстық тамаққа жуылмаған қолыңызды малып алып:

—Қап, әкеңді... қолымды күйдіріп алдым,— деп жұдырық түйіп, жазықсыз шамды қойып кеп жібердіңіз. Еденге құлап түскен шам күл-талқан болды. Үй іші қараңғы, тарс-тұрс... Қараңғыда келтегінен айрылып қалған Түбекең дереу етігін шешіп алып, қараңғы үйдегілерді тоқпақтай жөнелді. Бұл батырлығыңыз да мен сияқты қаламнан басқа түк ұстап көрмеген журналисті таңдантпай қоя ма?

—Ой, тоқпағың өз басына тигір-ай, қайдан ғана келіп еді?— деп жеңгей зар қағып жүр. Аздан кейін сіз:

—Жағалбайлы, Жағалбайлы!— деп айғай салып, азаматтарына түсініксіз, әлдеқашан ұмыт болған, көптен бері аталмайтын ру аты дейтін бірдеңені атап, даурығып, мыят шақырдыңыз. Көпшілік аң-таң. «Жағалбайлысы қалай, біз «Тұщыайрық» колхозы болып атанушы едік қой» десті олар.

Әділін айтсақ сіз де кішірейетін жерді білесіз. Ол қызметі жоғары ағаларыңыздың алды ғана. Олар отырғанда құрдай жорғалайсыз. Сондықтан да сыбайластарыңыз ерік беріп тәлтектетіп қойды. Сіз тіпті ешкімнен де сескенбейсіз, МТС партия ұйымының секретары Горяевті ше? Оны да клубта... бірде қызмет жүзінде кездесе қалған, облыс өкілі Рысбайды ырситып ұрып жықтыңыз. Мұндай күшті қалай армандамассыз!

Ал осыған сізге не айтты? «Жігіттік желік қой, ішкен болар» демеп пе еді. Дұрыс айтасыз, басшылар сіздің ішпейтін, төбелеспейтін күніңіз жоғын жақсы біледі.

Дәл айтқанда, келтегіңіздің қолыңыздан түспейтінін де біледі. Бірақ Түбекеңнің төбелесін жұрт айта жүрсін дейтін болу керек. Бір Маман, бір Көтібарсыз бола ма дейді бұл аймақ. Сәлеммен қош айтушы, тура айтып туғанына жақпай жүрген өзіңіздің Қыдырбекұлы деген ініңіз.

1950 жыл.

АЛЫСТАН АСТАНАҒА КЕЛГЕНДЕ

Паровоз түгіндігінен шыққан қою қара түгін будақтап, поезд II-Алматы вокзалына жақындады. Алыс ауданнан ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесіне қатысуға келе жатқан азамат Нұрым күн ашық болғанымен қала шетінде шөгіп жатқан алып бұлттарға таңданып тұрды. Сәлден кейін қарап еді, бұлт дегені аспанмен астасып жатқан тау екенін біліп, астананың табиғи көркіне таң-тамаша қалды.

Азамат Нұрым орыс тілін білмегенімен қазақша сауаты мол еді. Поездан түсе қалған жерде бізге келген машина бар ма екен деп диктордың үніне құлағын тігіп еді, одан ештеме түсіне алмады. Содан оны вокзалға кіргізбей, бір шеттегі қақпадан халықпен бірге шығарды да жіберді. Содан айналып вокзал ішіне кіріп еді, қаптаған көп жазудан «шығатын есік», «шықпайтын есік» дегеннен басқа бір сөзді де түсіне алмады. Қалаға бару үшін мұның қай есігінен шықсам екен деп ол көп бұйлықты. «Қалаға шығатын есік» деген жазуды іздеп көріп еді, ондай қазақша жазу жоқ болып шықты. Ол қайта ойға шомды. «Әлде астанаға мен сияқты орысша білмейтін қазақ келмей ме екен, ә?» Ақыры халықтың бір оптимистік, жауынгер мәтелі ойына түсе кетті. «...Тәуекел түбі жел қайық өтесің де кетесің» деген деп тәуекелге бел байлап, бір есікке қойып кетіп еді, әйтеуір жаңа қалаға барасың деп қақпадан шығарған жақ екен. Ол далаға шыққан соң тағы сәл ойланып тұрды. Ауа райы болса жақсы, жаяулап қаланы көре кетпек болды. Әрине барар жерім Ауыл шаруашылығы министрлігі ғой, «сұрай сұрай Меккені де табасың» дегендей әйтеуір табармын деп, қол чемоданын алып тауға қарай жүріп кетті. Нұрым кең, түзу көшемен тауға қарай беттеп келеді. Көшенің екі жағындағы сапқа тұрған солдаттай әсем бәйтеректердің төбесіне карасаң бөркің жерге түседі. Ағашқа жасырынған үйдің көбі көзге түсе бермейді. Сөйтіп келе жатқанда үш қабатты әдемі үй кездесе кетті. Нұрым көре кетуге бұрылды. «Қазақ ССР мемлекеттік бақылау министрлігі» дейді. «Қ» ға тілі келмейтін бір сақау жазған ғой деп өте беріп: «Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі» дегенге көзі түсіп кетті. Жеңіл өнеркәсіп министрлігіндегілерге «Жеңіл» деген сөзді жазу қаншалықты ауырға түскенін байқады.

Енді бір көше жүріп бұрышқа қарап еді, қай көше екенін ажырата алмады. Тақтадағы қызыл-жасыл әдемі жарнамалардан да ештеме ұқпады. Әттең білсем деді, бірақ арманда кете барды. Сонан соң тағы тәуекел деп шығысқа қарай тарта берді. Ол Гоголь көшесімен келе жатыр еді. Бағанағы бір ойын қайта тұжырымдады. Нұрым мұның кейбір іскерсінген іскер емес басшылардың кінәсі екенін қайдан білсін, Нұрым шамасы мұнда шынында да мен сияқты адамдар келмейтін шығар деген қорытындыға келді. Көшенің түстік жағындағы алды көрнексіздеу бір мекемені көріп Нұрым әлде іздеп жүрген министрлігім осы емес пе екен деп тоқтай қалды. Мекеме маңдайшасындағы сөз нақ мынадай екен: «СССР — Электростанции қалық комиссариаты қазақстан аудандық энергиялық басқармасы қазақэнерго» алма-аты электросеттерінің басқармасы «УАЭЕ». Кәне ер болсаңыз түсініп көріңіз! Мұның не екенін сонау алыстағы ауданның түкпіріндегі колхоздан келген Нұрым түгіл, бар өмірін қалада өткізген, жоғары білім алған, басшы қызмет істейтін жолдастар да айтып бере алар ма екен?

Апыр-ай, астанадағы кейбір мекемелерде де әлі де не орысша, не қазақша тілден махрұм қалғандар отыра береді екен-ау! — деп ойлады Нұрым. Шынында да, осы мекеменің бастығы қай тілде сөйлейді екен ә!?

Өзі өмірден қанша жыл артта қалып қойған. Комиссариаттың — министрлік болғаны қашан! Мұны көріп Нұрым қатты түңілді. Нақ осыған қатарлас бір жазу түр екен: «МЭС—СССР главвостокэнерго қазақэнерго энергосбыты». Алғаш Нұрым мұның қазақшасы қай жері екен деп қалды. Бірақ ол айыра алмады. Бірақ мұны айыптауға болмайды, қазақшасы бар-ақ екен. Ол — «қазақэнерго» дегендегі екі «Қ»-ның аяғы, сонан соң сөйлемнің аяғындағы тәуелдік жалғауының үшінші жағын жасап тұрған «ы» әрпі екен. Қазақша-ақ емес пе, шіркін!

Кездескен біреуден сұрап жүріп, Нұрым бір көшемен жоғары көтерілді. (Фурманов көшесі еді). Нақ осы көшеден бір қазақша жарнама көріп қуанып қалды: «Ішкі істер мен № 2 әскерилендірілген жеке өрт сөндіру командасы». Нұрым «е, бұған түсінуге болады» дей беріп, аузын жиып ала қойды: «Алматы қалалық Ленин аудандық мемлекеттік өрт сақылау инспекциясы», «Сөндіру» дегені дұрыс, ал «сақылауы» несі екен. Ол көшенің арғы бетінен отызыншы жылдарда жазылған сөзді көрді.

«automovilden sagtan»

—Япыр-ай, атадан қалған мұрадай сақтаған екен, дегенмен мұндай мәселеге содан кейін көңіл аударылмаған ғой.

Сұрай-сұрай Ауыл шаруашылығы министрлігі де табылды-ау. Нұрым үлкен үйдің ішіне еніп кетті. Жан-жақтың бәрі есік. Бұлың-бұлың үйдің қай есігіне кірерін білмей аралап жүріп, үйдің бір бұрышына келіп қалды. Бір темір есікті ашып қалып еді, іштен біреу бақырып шыға келді. «Ашуға болмайтын есікті ашып, сен өзің күдікті адам шығарсың». Одан ары жүріп беріп еді, барлық есіктегі жазуға түсіне алмады. Бір есіктегі жазуды көріп Нұрымның пұстысы қалмай жаман қорықты. «Қылмысты істер» деген жалғыз сөз оның жан дүниесін шарлап шықты. Үлкен есіктегі «Прокурор» деген жазуды көргенде ол жаңағыдан да жаман қысылды:

Мен өстіп жүріп бір пәлеге жолықпайын! — Ол залдың ішіндегі ретсіз қойылған қалың шкафтан зорға жол тауып шықты да залдың сыртқы есігіне келіп, өзінің қайда кіргенін білмек болып маңдайшаға қарап еді, «Советтік Социалистік Республикалар Союзының прокуроры» деген екен. Осыны көрген соң барып мұнда бірнеше мекеме бар екен деп Нұрымның көңілі орнына түсті.

Нұрым бір кабинеттің алдынан «Бухгалтерия МСХ» деген сөз көрді. Бұл не деген құрмет деп ойлады Нұрым. Бухгалтердің мысығына бір кабинет. Бұдан былайғы есіктерде оған таныс сөз осы мсх болды. «МСХ начальник Глозман» дегенді көріп мысықтар бастығы екен деген ой келе қалды. Осыдан кейін «Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоспарлау-экономикалық басқармасының жинақтап және болжап жоспарлайтын бөлімі» дегенді көріп қызметті бұлар болжап істейтін болса да, әйтеуір енді жақын келгеніне қатты қуанды.

Сөйтіп Нұрым әр есікті бір соғып жүргенде бір мейірімді адам кездесе кетті:

—Мына хабарландыруды көрмеп пе едіңіз? — деді ол.

—Е, мен оның не екенін ұқпаймын ғой.

—Ә солай ма еді, — деп ол көзің жамандық көрмегір кеңеске қатысушыларды тіркейтін бөлмені көрсетіп жіберді. Сәтсіз саясат осылай аяқталды-ау! Дегенмен Нұрым бұдан былай орыс тілін білетін бір адамнан ұстап алып айрылмайтын болды. Әйтпесе? Әйтпесе, адасыңқырап кетуі мүмкін ғой, астанамыздың тек аталған мекемелерінде емес, одан басқаларында да жағдай осындай ма екен деп ол таңданып қалды.

1956 жыл.

ТҮПКЕ ЖЕТКЕН ҚУ МАНСАП

Жуалы ауданына қарасты Карл Маркс атындағы колхоздың осы бір мал жайылымындағы он шақты үйден құралған ауыл қазір күнде ізі шу, құм қуыт болады да жатады. Әуелі мұнда Дәуіт Айтқұлов бригадир болды. Өзіміздің сүйегімізге сіңген мансапқорлық, даңққұмарлық ауруға төтеп бере алмай Айтқұлов аттан түсті. Себебі не? Себебі «бірлігі жоқ елден без, қайыры жоқ көлден без» дегендей осы аз ғана ауыл бірін бірі қораштап, тышқан ұстайтын мысықтай аңдысады да отырады. Оның үстіне осы ауылдағы ендігіге ақыл айтар ата болған Са-рыбай алпыстан жетпіске беттеп бара жатса да мансапқа таласуын, жастардың аяғынан шалуын қойған жоқ.

—Япыр-ай, Сарыеке-ай, балалармен таласпасаңыз етті, — дегендерге ол:

—Е, ағамыз қазақ болғалы бері мансапқа таласып келген жоқ па еді, ол кәдемді өзім өлмей қоямын ба! Ақсақалсайды ақсақал билемей, иегін көктұқылдап қырып тастаған қырмасақал билемек пе!? Бозбала бастаған ел оңбайды, құралай бастаған киік оңбайды дегендей, сақалым сапсып мен тұрғанда, иегінде қылшық жоқ балалар жүрмек пе?! Сарыбайға тақау отырған біреу: «қой асығы демегін қолыңа жақсы сақа қой, жасы кіші демегін ақылы асса аға қой» деп те айтпап па еді, сол атаң қазақ», — деп ақыл айтқандай болып еді, Сарыекең саспады:

—Мен жүз жасап жүйкем құрып тұрғаным жоқ. Жетпісімде жетектегі аттаймын, — деп есе бермеді.

Міне Ақсақалсайдағы ауылдың берекесінің кетіп қиыр-шиыр болатыны да осыдан басталды. Мұнда тұратын алты-жеті әскер семьясы, төрт-бес үй жасы асқан адамдар арасында алакөздік пайда болуы да осы Сарыекеңнен еді. Сарыбай алдымнан артым озсын дейтін тілеуші адам болмады, ол өзінің мансапқорлық пиғылын іске асырудың қамына қатты кірісті. Осы кезге дейін бұрын орындап, біріне бірі сүттей ұйыған ауылдың қаймағы сыпырылып, айран тамып, ашып кетті. Ақсақалсайға бригадир болу Сарыекең өмірлік мүддедей көрінді. Сөйтіп колхоз председателі мен ауылдық советтің председателі қонаққа шақырып жүріп Сарыекең ыңғайын келтірді де. Ақмағамбетті ақтарып, қазы қартаны көлденең тартып, сырын жайып салғанда Петровка ауылдық советінің председателі Валин:

—Сырдың суы сирақтан келмейді, ондайларды орайластыра саламыз, — деп те қалды. Үш күннен соң Сарыбай бригадир болып шыға келеді.

Бұдан бір жыл бұрын Сарыбайдың ұлы Қабыл алты айлық санитарлық курсты бітіріп, қай жолмен болса да Жуалы ауданының мал отарының мал дәрігері болып белгіленді. Бір үйден аталы-балалы екі «өкімет» шығуы олардың көңілдерін көншітіп, кеуделерін аяққаптай қылып, арақ ішпей мас болды. Аяғын қайдан басарын білмей, шалқандап та, талтаңдап та жүретін болды. Пай, пай, шіркін мансапқорлық-ай!

Сарыбайдың бригадирлігі алақандай ауылдың апшысын қуырып, күнін бір тұтам етті. Аяқ астынан ұрыс көтеріп «көрсетермінді» көбірек айтатын болды. Сарыбай Ақсақалсайдағы он үйді жамандап, күніне күбітіп колхоз басқармасына жазба баяндама түсіріп жатты. Ауылдағылар да көре тұрып қарап қалмады. Сарыбай төбемізді ойып барады деп өткен-кеткенге шағым шертті. Мұндай суық сөз жата ма, қайта айналып Сарыбай құлағына шалынып, ол іштен «келетін кезекті» тосып жүрді.

«Сендерді ме» деп жүрген ашулы күннің бірінде ауылдық советтің председателі Валин, оның хатшысы Дученко, тағы бір екі кісі машинамен келіп сау етіп түсе қалды. Жоғары-төмен жан ұшыра шабуылдаған Сарыбай арақты әкеліп, қойын сойып, қолын қусырып мейманын күтті. Жайылып жастық, иіліп төсек болды. Мансап ағалары келгенде сырқырама бел, қарауындағы ел бәрі де ұмыт болып, оның көз алдына ерттеулі ат, қолдағы қамшы басына бақыт болып байланғандай сезінді. Айла-шарғының шаңырағын ортасына түсіретін Сарыбай танауы астынан сөйлей жөнелді:

—Мынау ауыл маған бағынбай барады, осында бірнеше жылдан бері салық төлемейтіндер бар, олар еркінсіп барады, соларды бір тезге...

Сарыбай тілегі табаңда орындалып, шаш ал десе, бас алатын «ұр да жық» бастық Валин мен Дученко Сарыбайдың санатқа іліну намысын қорғап, ауылға тәртіп орната бастады. Сөйтіп олар әй-шай жоқ ауыл шетіндегі Рамазанов үйін тінтті. Мұның не екенін түсіне алмаған кәрі әже үйге ұры кірді ме деп не істерін білмей, «аттан» салды. Әскер семьясының үйін әптер-тәптерін шығарып, олар көрші үйді, одан шығып бірнеше үйді тіміскілеп кетті. Сонымен басбұзар бастық Валин әскер семьясының, қарттардың бәріне табаңда салық салды.

Тіпті не істерін білмеген соң олар үйде жатқан терілерді тиеп, ауылдың берекесін кетіріп жатқанда азамат соғысына қатысқан Болтай Барлыбаев шыға келгенде тінтуші тентектер теріні түсіре салып, қасқыр көрген қойдай быт-шыт болды, машинасына міне қашты. Байқай келгенде Сарыбайға тартқан бастық Валин де мансапты шоқпар деп түсінетін, шаш ал десе бас алатын дүмшелердің бірі екен.

Бірақ Валин мен Сарыбай жорығы онымен бітпей биыл ауылға тағы тінту жүргізді. Ауылға әлек салып, азан-қазан етті. Ақсақалсайдағы жәбірленген жұрт не істерін білмей, қынжылды. Ал мансапқорлар шашши түседі. Бұл не деген тінту? Бұл не деген совет адамын жәбірлеу, арына шек келтіру. Жамбыл облыстық прокуроры бұл жыл сайын болатын тінтуді не деп ұғады? Валинге қай прокурор рұқсат етті?

Жоқ, ешкім де рұқсат еткен жоқ. Оны облыстық прокурор өзі тексерсін. Алтауды ала қылған, ауыздағыны жырып әкеткен, түпке жеткен қу мансапқорлық-ай! Өзіңді ұстап алып жаназа маршын ойнап, салтанатпен көмсе, «шоқ, шоқ, сол керек» дер едік-ау!

1977 жыл.

КӨНІЛ ЖҮЙРІК ПЕ, КӨК ДӨНЕН ЖҮЙРІК ПЕ?!

Әдетте кеңселерде әңгіме дүкені құрылып, кейбіреулердің қызыл тілін қылатылдатып, күлкісін сыңқылдатып отыратын екі күн болады. Оның бірі — дүйсенбі. Ол күні қандай әңгіме деріңіз бар ма! Кеше жексенбі өтіп, демалыс күннің деміккен арыны басылмай әңгіме судай сапырылады. Мұндайда босаған шөлмек, ішілген тентек су, тентек су ішуден туған тетір мінез, атылған мылтық, мерген жіті көз, сұңқиған сұқсыр, қарасын көрсетпей қашқан қарақұйрық, саясы мол тау, балық кетпес майлы ау — бәрі де қолмен қойғандай айтылып, жемтігі жетіліп, жетістігі артылып көрсетіледі. Сейсенбі күні бұл әңгіме қайта басталмағанымен талайдың ішін тесіп, келесі жексенбіге дейін бұғып жатады.

Әңгіменің екінші бір өрістер күні — жұма. Бұл күні ертең сенбіге қонаға жүріп кететін сан түрлі саяхат қамы жасалады. Мініп кетер машина, баратын ауыл, ау құратын көл, бөкен

аулайтын шөл, тазының тұмылдырығы, қырқаның бұлдырығы, бүркіттің томағасы, барар жердегі қонақасы ұмытылмай, тегіс тізіліп, көз алдыңыздан өтіп жатады. «Жоқ, олай емес былай» деп қызылөңештеніп таласып жататындар да кездеседі. Бірінің айтқанын бірі ұнатпай қабақ шытысушылық та болмай тұрмайды. Нақ осы тәріздес әңгіме Гурьевте жұма күнгі қызмет аяғында басталды:

—Мемлекеттік автоинспекцияның технигі Пастухов ертең түстен кейін балық аулап, се-руен құруға аттанғалы жатыр екен,— деді майор Пуртов. Бұған құлағы елең ете түскен осы мекеменің беделді қызметкерінің бірі Якименко іле жауап қатты:

—Я, я, бізге де ойланатын нәрсе екен. Біз ауласақ балықтың көзі жұмылып қалады дейсің бе, Жайықтың жайынын жұтар жалмауыз біз емеспіз ғой,— деп тоқтады ол. Осы кезде Пуртов қайта сөйледі:

—Автоинспекцияның бір техник сымағы кетіп барады. Егер бақытты десе балық мына маған ілінеді ғой. Ол кім, мен кім. Ол бір техник, мен майормын.

—Ей, ей тұра тұр. Егер су түбіндегі табан балық погонға қарап ауға түсетін болса, онда мен сенен гөрі олжалы болуыма күмән бар ма!

Тіпті саған ғана емес, талайларға-ақ мен есе бермей кетемін ғой.

Екеуінің әңгімесі осылай басталып, біразға кеткенімен Пуртов өзінің шенінің Якименкодан кіші екенін айтқанына ренжісе де ертеңіне балық аулауға бірге кетпек болды.

«Ел құлағы елу» деген емес пе, бұлардың балық аулай бара жатқаны бір қалада тұрып, бір өзеннен су ішіп отырған қалалық прокурордың орынбасары Чебаковқа да жетті. Прокурор бұлардан қалып қойғанына қатты ренжісе де, арты қайырлы болар деп ойлады.

— Мен олардан кеш барсам да сыбағамды жібере қоймаспын. Тіпті балық деген шіркін менің ауыма келіп өзі оралмай ма! Өйткені менің ата-бабам балықпен басынан айналысқан болу керек. Әйтпесе мен қалай-ақ Чебаков боламын. Оның үстіне Жайық жағасының қай жерінен қармақ салып, қай аймақтан ау тартсам да маған қарсы тұрар қайсысы бар. Қармаққа қақалтып, ауға оралтып мейлі алабұға болсын, мейлі акула болсын, мейлі қорытпа болсын, мейлі құртқа болсын ала бермеймін бе!

Прокурор кіммен жолдас болып жүргенін өзі білсін, әйтеуір белгілі кәсібі жоқ Көшеков деген біреуді қолтықтап «Победамен» зырғытып кетті. Заулаған машина Қандауыр маңындағы балық аулауға тыйым салынған участоктен апақ-сапақ, бір қараңғы, бір жарықта келіп бір-ақ шықты. Бастықтарша машина мініп, ұрыларша түн жамылып мезгілсіз жүрген бұл кім екен деп қорықшы таңданып тұрды.

— Қайығыңды бер, — деді ол қорықшыға қарап әй-шәй жоқ және зікіней сөйледі.

— Бере алмаймын, бұл жерден балық аулауға мемлекет тыйым салған.

Ақыры қорықшы қорылға басқан соң қайықты ұрлап, таңертең бір-ақ әкеліп берді.

Таңертең «Победамен» «қош», та жоқ, «рахмет» те жоқ қалаға қарай қайқайып кете барды.

Прокурорымыз кешке келгенде таңдайына татығандай, тіліне тәтті, тісіне жұмсақ бір-деме ұнап қалған ба, араға бір күн салып машинамен зырғытып қайта оралды. Қасында баяғы кәсіпсіз Көшеков пен тінтініп, тіміскіп, жымысқып жүретін Сойқан деген тағы бар.

— Қайығыңды бер, — деді ол ашулана.

— Бере алмаспын, балық аулауға рұқсат жоқ, — деді қорықшы. Прокурор шақ-шәлекейі шығып, шала бүлініп ашуланды:

— Маған сенің рұқсатыңның керегі жоқ, мен сенен оны сұрамаймын, — деп ол қорықшыдан қайықты тартып алды да, сұмдығы-қулығы бірі-бірінен айнымаған екі серігіне ұстата салды. Ол екеуі қайықты қалқытып, түн қараңғысына еніп жоқ болды. Чебаковтың өзі де шектен шығып, жалмаңды қармағын жалаңдатып, қайықты қайраңдатып суға қарай беттеді. Содан түнгі түнекке кіріп, жағаға қайтпай жоғалып кетті.

Түн ортасына таман олар қорытпаға (қызылбалыққа) қадалған қармағын жыйып су шетіне келіп отырды. Чебаков шешенсіп сөйлей жөнелді:

— Заң, заң. Заң деген мына мен. Міне енді тіске толғау, қарынға қанағат болатын болды. — Ол ауланған қорытпаның қомақтысына қуанып, ортаншысына жуанып, кішісіне кірбеңдеп, екі қолы ербеңдеп сапылдап сөйлеп, екінші жағына қойып жатыр:

— Қорытпа деген қомақты-ақ шіркін. Көрсен көзің, жесең жемсауың тояды. Ширатылған мұртын қара. Ішінен шыққан құртын (уылдырығын) қара. Па, шіркін! Самтрестен жұтқанда сан тістемге жетеді. Oh, oh мына біреуі арыс екен аузының өзі қарыс екен. Біреу осындай қарыс ауызды қорытпа қармағына ілінген нағыз теріс азу өзім екем. Анау дөкейін қуыртып жеймін, мына кішірегін асқан соң суытып, жеймін. Туп, мынаның құйрығын-ай тұрған бойы май екен, ананы маған таста, өзі балық емес тай екен. Мына бір шонжарын қысқа сүрлеп қоямын, ал анаған сілікпелеп бір тоямын. Бәрі қанша? Қырық бір! Түу, түк емес екен. Қап, тағы бір қырық бір болғанда қандай жақсы болар еді, әйтпесе мынау жүк емес екен...

Чебаков осылай аузының суы құрып, әрқайсысын бір ұстап отырды. Мұны жемеймін деген оның ойы түгіл, таназарына да кірмеп еді. Сәлден кейін келіп бұларды балық аулау инспекторлары ұстап алғанда да өзінің 190 килограмм тыйым салынған балықты аулап, үлкен қылмыс істегенін елей қойған жоқ.

Нақ осы кезде балық аулауға аттанған Пастухов та Дамба поселкесінің жанында ұсталып, бой бермей қорықшы-инспектормен айқасып жатыр еді. Ол бұдан бұрын да бірнеше ұсталып бойы үйренген екен.

— Сендердің машиналарыңа маза берместің, — деп кіжінді ол. Ал Якименко мен Пуртов та нақ осындай оқиғаға тап болды. Сол Якименко Қазақ ССР Балық өнеркәсіп министрлігіне «кешіре салыңыз, бүркей салыңыз, бізді қылмысты деп көрсетуге болмайды» деп хат жазады.

Байқап отырған боларсыздар, мемлекеттің өзінікі өзіне кетті, ал Чебаков пен Пастухов, Якименко мен Пуртов сілекейлері шұбырып, балық сорпасын аңсап отырып қала берді. Жаңа ғана аузымен орақ орып, есіп отырған Чебаков салы суға кеткендей сылқиды да қалды. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе деген осы болды.

1978 жыл.

ТОРАЙДЫҢ МАЙЛЫ ТҰМСЫҒЫ

«Дерек» совхозына барып оның іс архивтерін ақтарып таныса бастасаңыз, көптеген актілер көз алдыңыздан өтетін болады. Бәрі де жылқы туралы жазылған. Актінің бәріне тән нәрсе мынау: еріксіз сойылды, шауып келе жатқанда ортан жілігі үзіліп кетті, ойнақшып тұрғанда тобығы тайып кетті: жылқыны қасқыр қуып біреуі жартастан құлап кетті, тағы бірі апанға түсіп кетті, жаңа бастап үйретіп жүргенде арқанға оралып, мойны астына қайырыла жығылып, ауыз омыртқасы шығып кетті. Несін сұрайсыз, осындай «кетті» толып кетті. Тек биылдың өзінде жиырма бір жылқы асық жілігі, тоқпан жілігі, кәрі жілігі сынып, тіпті ештеңе табылмай бара жатса, қиядан құлап, жамбасы сынып өте береді, немесе бір тұяқтыны аша тұяқты бұқа сүзіп жіберіп те шығын болыпты. Бұл қалай? Ортан жілігі опырыла беретін жылқыны бағып, ақы алып жүрген кісі қайда? Совхоздың директоры Тасан қайда? Әрине ол осында. Ол актілердің бәріне: «бекітемін, «Дерек» совхозының директоры — Тасан» деп қасқитып тұрып әлде неше ирек жасап қолын қоя береді. Неге екені белгісіз. Осынша жылқының актілер бойынша «еріксіз сойылуы» Тасанға шыбын шаққандай да әсер етпейді.

«Еріксіз сойылған» жылқының әрқайсысының мемлекеттік бағасынын оннан бірі төленбейтіні-ақ жұртқа батып барады. Мәселен № 176 тай «таудан құлап кетіп», бір жүз сомға сатылды. Тасан оған ренжіген жоқ, өйткені өзі барған үйден басын мүжиды. Ала аяқ кері бие аяғы кетті делінді. Мемлекет есебінен тегін жем-шөп беріп, тығыршықтай етіп семіртті. Өзі сойып алды. Қайқайтып қазысып айналдырып, мүшелеп, жіліктетіп бөлгізуге Сағындықты ертіп келді. Сойғызды. Пай-пай! Айтпасаңызшы!.. Ақ май ақтарылды-ау тура сере қазы шықты. Дөнге байлаған соң дөңдей бөрткен екен жануар. Тасанның достары мұндайда тасада қалған жоқ. Обалы нешік мемлекет есебінен болса да үлесін алып отырды. Ортан жілігі үзілген торыны Манаң осылай жеді. Сонымен барлық сойылған семіздің бірі де асханаға жіберілмеді. Ол Тасанның есіне келмеді дейсіз бе? Оны ол білген. Бірақ ата-баба тамағы — қазы тәтті, қазыдан гөрі жолдас та тәтті.

«Жігіттің жігіті алдын болжайды» деген де рас екен. Тасан күндердің күнінде керек болар деген оймен заң қызметкерлерінен де дос іздеді. Осындай біреу керек болып жүргенінде құдай адвокат Өзековты өзі айдап келіп берді емес пе? «Бір қуға бір қу қызыл іңірде жолығады» деген сияқты дағы. Бүкіл «Деректе» тұрушыларға белгілі, жер-су баспайтын жүйрік—бәйге торыны сатты да жіберді. Ол да жігіт екен. Біреудің асық жілігін жегенде өзінің жамбасын ұсынды. Тасанды шілдеханаға шақырды. «Құр қасық ауыз жыртпай ма?», сондықтан «бауы берік болсын» айтып, Тасан бір құнан қойды машинаға баса барды. Ол да Тасанға «сенің де бауың мықты болсын» депті. Бірақ ол батаның орындар орындалмасын біле алмапты.

Өстіп тым ірілеп кеткен Тасан біраз ұсақтағысы келіпті. Сөйтіп ұсақ малға ауыз салыпты. Тоқтыны қоздатып, торайды жей бастапты.

Тасан мал өсірген елдің баласы екенін осы жерде бір көрсетіп тастады. Ол тоқтыға қошқар жіберіп, өсімге кенелді де қалды. Бірақ көкжан тоқты Тасанның талабын тартып тастады. Тоқтыдай қоздаған қой қандай? Тоқтының қозысы қандай? Суыққа шыдамады. Өткен жылы қойдың басқы кезде өсімін, кейіннен өлімін көбейткен де — нақ осы тоқты мен тоқтының қозысы болды. Оған қараған Тасан жоқ. Өйткені қанша семіз болса да, жылқының еті кесек келеді. Қойдың етіне не жетсін! Білемдеген құйрыққа, жапырақтаған бауырды қосып, тұздық-тап тұрып, сылақтқысы келді оның. Сондықтан сүбесін басып жүріп, өзі бес құнан қойды алды. «Тойған соң тоқтының еті топырақ татиды» деген емес пе? Көп жегесін кісі қой етінен де шығады екен. Директор жолдасқа тамақты түрлендіру керек болды. Енді ол торайдың жұмсақ құйқасын, майлы тұмсығын аңсапты.

Осындайда ептілік керек. Сонда Тасанның қолынан бұйрық неше түрлі болып шықты. Үлкенді кішірейтті, кішіні үлкейтті. Солай істемей қайтсін, «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп». Өзіне иемденерін үлкейтіп алып, кішірейтіп жазуға көп ақыл керек бола ма!?

Жылы-жұмсаққа үйренген Тасан жас торайдың тағы бір қуырдағын аңсады. Оған торай қиын ба? Өзіне керек деп тапса, торай түгіл қабанды да қылғиды. Сілікпелеп жеуге айына екі торайдан алып отырды. Жеуді білген батыр, оның ізін жасыруды да, документті жөндеуді де біледі. Ол жеген торай торғайдай болып, документке түсті. Әрқайсысы екі килограмнан делінді. Килограмдаған сары май, шөлмектеген арақ өзі келіп жатады. Тере беріп керегі не, оларды «ұсақ нәрсе» деп-ақ қоя салайық. Ол түгіл айырбастап алған мегежінді де, магазиннен кеңсеге деп сатып алып, өзіне сіңіріп кеткен кілемді де айтқанымыз жоқ. «Ел құлағы елу». Тасанның ішкен-жегендерінің басқасын біз айтпасақ та жұрт біледі.

1951 жыл.

ӨТІРІККЕ ЖҮЛДЕ ЖОҚ

О заманнан бұ заман өтірікке жүлде беріледі дегенді естігеніміз жоқ. Дегенмен ондай атты күн бола қалса, үмітсіз шайтан дегендей, түйе басы тоғызды алып тартып тұрғысы келетін кейбіреулер де табылып қалады. Оны алыстан іздеп әуре де болмаймыз. Осы Алматы қалалық советі атқару комитетінің председателі Мамонов пен қаладағы көршілес аудандық советі атқару комитетінің председателі Иванцовтарды-ақ ала қойыңыз. Тамағын кенеп, мұртын сипап өтірікшілер бәйгесіне түскенде бұл екеуі қырық өтірігін өлеңмен, қырық өтірігін қарасөзбен тебіренте толғап берген жетім баладан ғана қалмаса басқаларға сөре берісе қоятын түрі жоқ. Бұл жарыс былай басталған еді:

Ерлі-зайыпты Мәлік, Мәлике Қарағұловтар алғаш Алматыға келгенде бес баласы бар болатын. Балалардың бәрі де сарыауыз, үрпекбас балапан сияқты, ана сүті аузынан кетпеген, бойы бекіп, бұғанасы қатпаған үйелмелі-сүйелмелі еді. Оның үстіне шешесі бар, барлы-ғы сегіз жан еді. Олар бір үйден бір үйге көше жүріп Дұнған көшесіндегі 22 үйде пәтерге тұра қалды. Пәтер табылған соң үлкен семьяның бас-аяғы жиналды, бір ошарлы жан болды. Осы кезде пәтер иесі қыңқыл шығара бастады:

—Балаларың береке қоймады, ертеден кешке дейін шұбырып тыныш таппайды.

—Апыр-ау, баланың аты бала, бес бала көзіңе мыңғырған ақтылы қой, алалы жылқыдай көрінгені ме, шұбырады дейсің.

—Жоқ үйді босат. Ақшасы көп адамы аз семья тауып аламын.

Қыңқылдың аяғы қиынға айналды. Ертеңіне-ақ көктемнің аласапыранына қарамай пәтер иесі үйден оларды қуып шықты. Үлкенге бұл ештеме ете қоятын емес, мұрнының қаспағын, бетінің сатпағын сүрте алмай жүрген балаларға қиын болды.

Әрең дегенде әлде кімнің үйіне бес баласын бес жерге орналастырып, елге пана болар, ақыл айтар, дана болар деп әке-шеше Алматы қалалық совет атқару комитетіне келді. Өтірікшілер бәйгесінің басталар жері де осы болды.

—Өздеріңе керегі үй ме, үй дегенге әлі кіріп үлгірмейсіз, ол многодан да көп болады,— деді председатель Мамонов,— балаларың бар екен, ә, балалар біздің бақы-тымыз, балалар біздің болашағымыз, балаларды бағаламаушыларды біз аппараттан аластадық. Жұмыс істемейтін жалқауларды жойдық, пәтер белуге қара қылды қақ жаратын әділ адам қойдық. Бір айналып соғыңыз, сопаң еткізіп ордерді қолыңа ұстата саламын.

Ерлі-зайыпты Қарағұловтар қатты қуанып кетті. Қуанбағанда ше, анау-мынау адам емес, председательдің өзі, Мамоновтың өзі айтып отыр. Балаларды бағалай білгенін көрмеймісіз. Сол бір күндері жарғақ құлақтары жастыққа тимей, Алматыны алпыс ара-лап, тоқсан түгендеп жүріп, Қарағұловтар Байғанин кешесіндегі 15-үйге көшіп барды.

—Балаларың көп екен, ақшаны көбірек төле,— деді үй иесі.

—Пәтерге қарай төлемеймін бе?

—Онда үй тауып ал. Қарағұловтар Мамоновқа қайта келді.

—Сізге деген үйді салып жатырмыз, я, я, балаңыз бесеу, шешенізбен алтау. Екеуіңізбен сегіз. Сегіз жерде тоғыз жетпіс екі. Балаларға ауа көп керек, кең, жарық бөлмеде жайрандап өссін түге! Балалар бөлмесінің терезесін оңтүстіктен түсіртіп беремін, күннің көзін көріп, күлімдеп өссін, түге!

—Ә, бәрекелде, рахмет, рахмет,— десті ерлі-зайыпты Қарағұловтар.

—Жоқ, рахметті қойыңыз, рақатын көріңіз бумен жылытамыз, кемшілікті құртамыз.

Уәде әзірге үй бола алмады. Ертеңіне Қарағұловтар Гараж көшесіндегі 18 үйге көшіп бара жатты. «Балаларың маза бермеді, көш» дегенді естіп, Қарағұловтар қалалық советке тағы келді.

—Балаңыз бесеу, шешенмен...

—Жоқ, балам алтау.

—Я, алтау, шешенізбен жетеу...

Бұл жолы қаулы шығарылып, қағаз жасалып, қай көшедегі. қандай үйден берілетінінің бәрі тегіс тізімге алынып, Қарағұловтардың қолына табыс етілді.

—Енді қанша тимес үй болса да алармыз,— десті Қарағұловтар.

—Мүмкін сенің үй алатының жайында хабар берерміз,— десіп қалжыңдасты Қарағұловпен радиохабар бас басқармасында бірге істейтін жолдастары.

Осы үйдің қаланған кірпішін күнде санаумен арада бір жыл екі ай уақыт өтіп кетті. Үй бітіп жөпелдемеге келгенде Мамонов бұрынғы айтқан сөзден, жазған қағаздан танып, үй берілмесін деп шыға келді. Міне, балалардың қамқоршысы, керек болса!

Осыдан кейін Қарағұловтар қыс көзі қырауда, мый қайнатқан ыстықта мұнша адресті жайлап, қыстап тарта берді. Тартпағанда амалы қанша, үйдің майын сатып күн көрген қызылқұлақтар балаң көп деп шыжғыра береді. Ол адрестер былай басталатын: Гараж көшесіндегі 18 үйден Восточная көшесіндегі 33 үйге, одан 14 линиядағы 76 үйге, одан Тастақтағы колхоз мүйісіндегі 6 үйге, одан Комсомол көшесіндегі 170-«а» үйге, одан 4 линиядағы 112 үйге, одан 4 линиядағы 42 үйге, одан қайтадан Комсомол көшесіндегі 170-«а» үйге, одан Қаракөл көшесіндегі 33 үйдің қорасына... Қорадан бірде күн өтіп, бірде су өтіп отырғанда Қарағұловтардың аянышты халін көрген Алматыдан көшетін бір азамат өзінің 12 шаршы метр үйін алып қалуды ұсынды. Қарағұлов екі өкпесін қолына алып, Мамоновқа келеді.

—Сізге ол үйді беруге болмайды, семьяңыз аз, балаңыз алтау-ақ.

—Ойбай-ау, ол бұдан бір жыл бұрынғы еді ғой, балам жетеу, шешеммен сегіз, екеуіңізбен он.

—Түу әлі де екі шаршы метрі артық қалды-ау, жарайды сізге қияйын!

—Уһ!— деп демін бір-ақ алды Қарағұлов.

Ал шынында бұл үй кісі басы бір шаршы метрден де келмеуші еді, оның үш шаршы метрін пеш, тамақ істейтін орын алатын.

Сонда тоғыз шаршы метрдің он кісіге қаншадан келетінін есептей беріңіздер. Бұдан кейін Мамонов Қарағұловтарға аудандық атқару комитетіне барыңдар дейтінді шығарды. Ауаткомының председателі Иванцов Қарағұловтардың жайын алғаш естігенде:

—Қалалық советте не бар, қазір бәрі ауданның қолында, үйді үстіңізге үйе саламыз,— деп еді. Қазір бұл көп өтірігінен алыстаңқырап, төрешілдікке таман барып қалды. Тіпті ол:

—Немене, балаңның көптігін міндет қыламысың, балаң болса қайтем,— дейтін болды. Шынын айту керек, Қарағұловтар бұл сөзді үй жалдаушы жолдастардың аузынан талай естігенімен аудан басшысынан ести қоямын демеп еді. Бұдан кейін олар аупартком секретары Әкежановқа жайын айта барып еді, ол коммунист адамның аузынан шықпайтын сөз айтты, көңіліне келсе де айтпасқа болмайды, оның бұл сөзі Мальтус теориясымен үндесіп жатты:

—Жағдайың жоқ екенін біле тұрып, баланы неге көбейте бересің.

Бұл сөздерді естіген Қарағұловтың нақ осы Әкежановтың өзінің үйді асықша атып, бірнеше үйге көшкенін ойлады. Ал Мамонов пен Иванцов туралы бір қорытынды жасады: ақылы жоқ басқа бадырайған көз бітеді, пәтуасыз ауызға судыраған сөз бітеді десті. Өтірікті аршындап өлшемейді, онда тұлдыр жоқ дегіміз келеді оларға. Өтірікші осындайдан суайт атанады. Бірақ оған әуес бола бермеңіздер, қанша келістіріп айтқаныңызбен ертегіде болмаса өтірікке жүлде жоқ.

1957 жыл.

АЛДАР КӨСЕНІҢ ІНІСІ

Оқушының білетін білмейтінін кім білсін, қазақ халқында ертеден келе жатқан бір әңгіме бар-ды. Қыз, бозбала жиналған шаршы топта әңгіме айтып, күпініп отырған бір жігіт:

—Мерген едім, құланды қуып келе жатып садағымды қолға алып тартып кеп қалғанымда оқ артқы оң аяғын жұлып кетті де, оң құлағын жырып кетті,— депті. Сол арада көптің ішінен өтірікке шыдай алмаған біреу қарғып тұрып:

—Ой, иттің баласы, өтірік айтсаң да жөніне келтіріп айтсаң етті,— деген екен. Сонда алғашқы әңгіме айтып, есіп отырғанның жанындағы біреуі:

—Әй, неменеге қызылөңештене қалдың, құланның қасынуына мылтықтың басылуы келген ғой,— депті. Сонда әлгі түпсіз өтірік жіптіктей болып білінбей сіңіп кеткен екен. Содан бері халықта «өтірікті айтса жарар, қоштаушысы келіссе» деген мәтел болып кеткен деседі.

Нақ осыған ұқсайтын бір жай Қостанай облысында да болды.

Елу бесінші жылдың октябрь айында Өркен ауданының прокуроры Сатай прокуратураның екі атын кенет сатып жіберді. Сөйтіп одан түскен екі мың сом ақша прокурордың сейфінде көзге күйік болып жата тұрсын. Прокуратура қызметкерлеріне қалған екі ат жетпейтін болды. Өйткені бірі жексе бірі табанын сауып қала берді. Прокуратура қызметкерлері Сатайдың мазасын алып, қайта ат сатып алу керек деп қыңқылдап жүргенде бір ат тағы сатылып екі мың сом ақша қолға келді. Сонымен прокуратура қызметкерлері бір жаққа шықса бір аттың біреуі құлағына, біреуі құйрығына жармасты. Бұған шыдай алмаған қызметкерлер қайта ат сатып алу керек деп прокурорға өтініш айтқанда ол «алмаймын» деп келте қайырды. Ақыры қызметкерлер қыңқылдап қоймағанда:

-Аттың ақшасын облыстық бастықтар командировкаға жұмса деп бұйырды,— деп тағы бір түлкі бұлаңға салып шыға келді: заң қызметкерлері заңды кімнен үйренсін, бәрі алақандарында емес пе, мұндай іске республика прокуроры ғана рұқсат беретінін біліп облыстық прокурормен хабарласа қойысып еді, өтірік сопаң етіп шыға келді.

Бұдан кейін Сатайдың өтірігіне құдайкеңнің өзі береке беріп, қызыр дарытып жіберді. Тіпті құдай құдіретін түсірмеген жерде Сатайдың өзі-ақ ретін келтіріп, Мюнхаузен мен Алдар Көседен үйренгендерін іске батыл тігіп, қалғанын адам көмегімен жымдастырып тастады.

Арада аз уақыт өткенде облыстық прокурор жоғарыдан хабарласқан екен, Сатай үш аттың құнына «ГАЗ — 69» маркалы машина тұрғызып жатырмын деп жауап берді. Мұны естіген облпрокурор қатты қуанды. Қуанбағанда қайтсін, егер үш атқа бір «ГАЗ-69» келе берсе, аз-ақ уақытта қазақ даласына машина деген шілдедегі қара қоңыздай қаптап кетпей ме! Тіпті мұндай жағдайда алыс отарда қой бағып жүрген қойшыға да бір-бір машина тимесе, өзі де оңбас! Па, шіркін, Сатай! Ол тұрғанда тіпті Москвадағы Лихачев атындағы заводтың бізге керегі бола қояр ма екен! Тоқсан тоғыз атты айдап апарсақ, Сатай бізге шығыс ертегілерінде кездесетін ұрылардың сиқырлы қақпасына айтқанындай бірдемелерді күбірлей салып, отыз үш машинаны алдымызға салып береді ғой.

Сатайдың тұманды дүниесінің бұлыңғыр қуанышына есі кеткен облпрокурор бұған тағы да мың жарым сом ақша босатты. Оған таңданбай-ақ қойыңыздар, егер үш ат бір машина бола берсе, әркім-ақ үш атқа үш мың сом қоса берер еді.

Сонымен шынында «ГАЗ — 69» жеңіл машина төрт аяғынан тік тұрды. Аудандық прокуратураның қызметкерлері қатты қуанды.

Бірақ қуаныштың артынан іле-шала қатты реніш басталды. Прокурор сейфінде тұрған үш аттан түскен бес мың сом, облпрокурордан алдап алған бір жарым мың сом, айналасы алты жарым мың сом бір-ақ күнде жоқ болды да шықты. «Бұл қайда?» дескендерге Сатай «ГАЗ — 69» сатып алдық дегенді шімірікпестен айтып салды. Шынында прокуратураның басқа қызметкерлерінің қуанғанының жөні бар еді, өйткені табанынан тік басқан жеңіл машинаның моторы қазіргі Қамыс ауданының Өскен совхозынан, ал кузовы Өркен совхозынан тегін алынған болатын. Сондықтан мұндай бекер дүниеге қуанбағанда, олар неге қуансын. Ал реніші ше? Реніш машина тегін келгенде сейфтегі ақшаның жоқ болып кетуі қалай? Демек реніш те орынды.

Заң қызметкері Сатайдың заңды өрескел бұзуы оның көмекшісі Жөкеннің азаматтық арын шымшылады. Ол мемлекеттің ақшасын прокурор Сатайдың жеп қойғанын облыстық прокурорға білдірді. Әрине бұл колхоз, совхоздың бірінде болса Молдажановтың өзі-ақ іс қозғар еді, оның үстіне Молдажанов іс қозғамаса, Сатай қояр ма еді. Амал нешік, алты жарым мыңды асап қойған прокурор Сатайдың өзі. Бастыққа қандай өкім жүрсін. Облыстық прокурор бұл іске күле қарады. «Сатай жылқы етін жемейді», — деп ол тіпті қып-қызыл қылмысқа көңіл аудармады. «Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер!»

Ақыры Молдажановтың көтерген ісі өзінің басына пәле болып жабысты. Сатай мен оның облыстық бастығы Сокол жоғарыда айтылған екі өтірікшідей бірін бірі қостай түсіп, Молдажановты қолды-аяққа тұрғызбай қудалады. Ауданға тексеру комиссиясы жіберілді. Облыстық прокуратураның қызметкері Тимофеев Молдажановтың қызметін аударара қарап, ақтара төңкеріп ештеме таба алмады. Оның қызметін қанағаттанарлық деп тапты. Дегенмен де Молдажанов бұдан кейін Қостанай облысының аудандарына допша домалады, кадрдан қаңбаққа айналды, Өркен ауданынан Қарабалық ауданына, Қарабалық ауданынан Қостанайға, Қостанайдан Қамыс ауданына, тіпті бұдан кейін шындықты айтамын деп ол өтірікшінің қостаушысы Соколға да жақпай қалып, құлдырап, Федоров ауданына сын мерзімін өтеуге жіберілді.

Ашық қудалауға шыдай алмаған Молдажанов Алматыға кетті. Тіпті ол қызметке де тұрып алды. Ал бұл кезде алты жарым мыңды асаған Сатайдың қылмысы ашылып, Молдажановтың айтқаны анықталып, оған Сокол ескерту беріп қана тыңды. Бұл кезде қостанайлықтар «алты жарым мың сом ақша берсе, ескертуді көпсінбей-ақ көтеріп алар едік» деп күлісіп жүрді.

Алматыға кеңеске келген Сокол мен Сатай қызмет істеген жерінен Молдажановты іздеп келді: «Түсініспеген екенбіз, түсінісіп істелік, жүр Қостанайға» десті олар. Тіпті оның кім болатынын Алматыда-ақ шешіп тастады. Қыс көзі қырауда семьясы Қостанайда қалған Молдажанов бұған келісті. Әрі Сокол мен Сатайдың адал жүрегіне риза болды, нағыз коммунистер осылар шығар деп ойлады.

Қостанайға келген соң ол облыстық прокуратураның аға тергеушісі болып таудай жұмысты бастады да, арада үш ай өткен соң қылдай жіңішкеріп, қолынан іс келмеді деген сынықтан табылған сылтаумен қызметтен босатылады. Керек десе осы уақытқа дейін сонда істеген жалақысын да ала алмай-ақ қойды. Сонымен алты жарым мың сомды прокурор Сатай жеді, ал мемлекет мүддесін қорғаған Отан соғысының мүгедегі Молдажанов қызметтен қуылып, тотанаққа қалды. Сөйтіп қостаушысы облыстық прокурор Сокол болып отырған прокурор Сатай әзірге Мюнхаузен мен Алдар Көсенің тәжірибесін зерттеумен шұғылданып жүр. Прокурор әзірге Алдар Көсенің туған інісіндей. Өтірікші де келіскен, қостаушы да бар, мінекиңіз, алдамшы прокурормен таныс болыңыз.

1959 жыл.

«АЛ» ДЕЙ САЛАДЫ ДА, АЛДАЙ САЛАДЫ

Прыговтың да өзінше мемлекет қаржысына жаны ашыған болады. Заңды ғой. Неге? Ал әйтпесе жаны ауырмасын делік, сонда да жұртқа дұшпан көзі жасауы тиіс емес пе? Әрине, өйтпесе, қарауыңдағы ығай мен сығайлар:

—О, эне, трест бастығы мемлекетке жаны ашымайды. Әйтпесе асхана жағалаған қылмыскерлерді неге жазаламайды!—деп оған айғайлап шыға келсін. «Ер жігітке мешкей деген жақсы атақ емес» дегендей темір жолдың асханалар тресінің басқармасына көп көз қадалып, көп ауыз өстіп шулап тұрса жақсы дейсіз бе? Одан да, «ал» дей салып, алдай салған жақсы ғой. Алдағаны алысқа бармай, балалы үй істеген ұрлықтай артынан ашылып жатса да, әзірге жұрт көзін басқа жаққа бір бұ-рып жіберудің өзі не тұрмақ? Міне, өз қызмет орнында осындай түйеқұс қулығындай іс істеп отырған Прыгов осы жолдың бірінші тоқсанының соңғы күндерінің бірінде қатты ашуланды. Тіпті ашудан булығып, бірнеше күнге дейін тіл-аузын қойып қалғанын былай қойғанда, қолы қалам ұстауға келмеді. Екі-үш күннен соң қырылдап шыққан жаман даусымен іштегі ызасын білдірді.

—Не деген масқара, қаржы қалай таусылды! Апыр-ау, ендігілерге мен ұртымды шерттіремін бе? Командировкаға бөлінген көжедей көп ақшаны біз қайда жұмсап қойдық? Әрине трестің бас бухгалтері Қорықов нақ осы сәтте бастықты бетінен алып қарсы шықпағанымен танауының астынан міңгір ете түсті:

—Әлгі «Үштөбе»...

«Үштөбе» деп міңгір ете түскен бухгалтердің сөзі Прыговтың лапылдап тұрған мінезін су сепкен өрттей басты. Үштөбе! Қазақтың жай ғана екі түбірден құралған бұл сөзі Прыгов үшін неге құдіретті болып қалды екен!

Әлде... Былтыр «Үштөбедегі» буфеттен арыз түсті. Арызда буфеттің аға бухгалтері Дуреевтің көп ақшаны құртып жібергені айтылыпты. Бұған Прыгов «шұғыл» шара қолданып өзінің бухгалтерін командировкаға аттандырды.

«Үштөбеде» Қорықов біраз күн жатып, аунап-қунап қайтты. Ол буфетті жау шаппапты, «ақша дегенің дін аман» деп келді. Бірақ бірнеше күннен соң дабыл тағы түсіп, мұнда трестің екі бірдей қызметкері қайта жіберілді. Тексеруші Стадов пен инспектор Мәскеев үлкен былықтың бетін ашты. Буфетте 35 мың сомның орны жоқ.

Отыз бес мың!

Бұл жайды естіп отырып Прыгов қалай тыныш ұйықтасын? Бірақ ол ұйықтамаудың себебі оқушы ойлағандай емес еді.

Ол ақшаның талан-таражға түскендігінен емес, қылмыстың дұрыстап, есебі табылып қымталмағандығынан болды. Қарауыңыздағы мекемеден қарау шығып, қарақтап жатыр деген сөз естір құлаққа түрпідей тимей ме?! Қайткенде де қылмыстың бетін жабу керек. Қап, бекер-ақ істеген екен. Тағы да Қорықовты жібермей, күйісінен жаңылған малдай екі бірдей қызыл көз пәлені қайдан ғана жібере қойды екен. Енді, міне, әлекке түсті де қалды.

Бұдан кейін трестің екі қызметкері «Үштөбеге» барып, ақша түгел, былыққан есеп екен деп шығару үшін көп жүрді. Шатасқан есеп екен десті. Ақша дегенің түптеп келгенде қағаз емес пе? Ол кімнің тамағынан өтуші еді, бәрі орнында десіп қайтты олар. Расын айту керек, мұнда бастықтардан да барып қайтқандар болды. Е, бастық бұйырса, орынбасар қалай отырсын. Сондықтан да екі орынбасардың әрқайсысы жарты айдан «Үштөбеде» отырып қайтты. Олардың келуін тағы бір адам аңдып тұрды. Бірі поездан түсіп үлгірмей, екіншісі чемодан арқалап кетіп жатты. Өйтпегенде ше? Отыз бес мыңның орнын жабу оңай ма, үңірейіп тұрады да қояды емес пе? Не көмек көрсеткенін Прыгов білер, мұнда бұл буфетке көмекке құрылысшы-техник те барды. Ал тілегенің қарныңа деп, сен осыған үндемесең біз осындай сарсаңға салынбас едік дегендей Прыгов трест тексерушісін үш ай бойы сонда отырғызып қойды. Ақырында бас бухгалтер Қорықов москвалық қонақпен бүгін осы буфетті тағы шолып қайтты... Сонымен бір «Үштөбенің» өзі трестің бір тоқсанға деген командировкалық ақшасын алып бітірді. Он кісінің айлап жатқаны оңай дейсіз бе? Ақшаның бәрін тақырлап таусып кетті дағы. Міне, «Үштөбе» деп Қорықов мінгір еткен сөзінің саптауы осы еді де, оған сапырылысып барып, қайтып жатқандар Прыговтың көз алдына елестей қалған еді. 35 мыңның тексеріле келе 80 мыңға шыққаны да жанына сом шыққандай батып барады. Екінші жағынан өзі де сақ Қорықов басып тастаған нәрсеге ұрына қойғысы да келмейді. Жанындағы жалғыз бухгалтерімен жамандасып не оңдырады.

— Дуреев орнынан алынсын, — деді де, үндемей қоя қойды.

Осы тексеруден кейін Прыгов ашулануды қойғандай болып еді, бірақ есіне жыл ішінде 284 мың сомның талан-таражға түскені келіп, әлсіз баланың лақтырған тасы тиген әйнектей қайта шытынай қалды. Ол қоңырауды басып жіберіп, есік алдындағы секретарьға зікіней сөйледі:

— Қорықовты!

Бас бухгалтер кабинетке кіргенде ол жібіп, босап сала берді. Бухгалтеріне майдалай сөйледі.

— Бұл қалай?

— Бұл, өзіңіз білесіз, жергілікті жерлер партиядан шығарған, өзіңіз қызметке қайта орналастырмақ болып Фрунзеге іздеп барған Мурзин сияқтылардың...

— Қоя тұр..

Прыгов одан арғысын өзі түсінді. Оның көз алдында қылмыс жасаушылардың неше түрлісі келіп жатты... Оның бірі бухгалтерімен дос, енді біреуімен өзі дос. Әйтеуір әмпей-жәмпей дүние!

Прыговтың сондай көп досының бірі II-Алматы станциясы жанындағы ресторанның директоры Монтаева еді. Ол былтыр жиырма төрт мыңды талан-таражға салып Прыговтың арпа ішінде бір бидай дегендей, ішіміздегі жалғыз әйел ғой, қойыңдаршы деп қорғаған сөзімен аман қалған еді. Енді байқаса ол қодыра бидайдай көбейіп, төңірегіне өзі сияқтыларды жинап тамырланып алыпты. Прыговтан басқаны жүре тыңдап кердеңдеп жүріп бір жүз мың сомдық павильонды өртеп жібертіп тыныш тапты. Аш құлақтан тыныш құлақ, ол туралы да әйтеуір ызың жоқ, сап болды.

Прыговтың осындай босбелбеулігін көрген Көжеков деген бір күні мемлекет ақшасын оңды-солды шашып, зытып кетіпті. Өзі де ұқсап тұр еді ғой, фамилиясын көрмеймісіңдер, енді қоя-ақ қойыңдар деген екен Прыгов. Артынша қат-қат ақшаны қалтасына басып алып, Смешов қашыпты деген сөз естілді. Прыгов пен Қорықов бұл жолы өздерін өздері:

— Е, Көжеков те қашып кетіп еді ғой... — деп жұбатыпты.

Басқа не амал қалды дейсіз.

Соңғы рет Прыгов ашуланғанда жаз ортасы болып та қалып еді. Ол бас бухгалтерін — мас бухгалтерін тағы да шақырды. Талан-таражға түскен ақша жарты жыл болмай-ақ жүз мыңнан асып барады екен. Мұны біліп бұл жолы тағы ол өзі басылды... Оның көз алдынан қылмысы таудай Алехин, Мухин, тағы басқалары өтіп жатты. Олардың әрқайсысына қолдан берген бес-алтыдан сөгісі де есіне түсті. Алдымен орнынан «ал» дей салып, артынан жұртты алдай салғаны да көкейінде тұрды.

Трест бойынша 317 адамды қызметтен шығарып, 331 адам алғандығын да ойлады. Ал шынында, ол қылмыскерлер трестің бір буфетінен шығарылып, өзі арқылы екіншісіне орналасып, қылмыс жасап, өзінің үсті-үстіне сөгіс беріп жатқанын да білді. Бірақ бәрібір қылмыстыларды қорғап, басында орнынан «ал» дей салады да артынан алдай салып отыра береді. Шынында ең дұрыс жол Прыговқа осы болып көрінеді. Ал мұны көргендер қылмысқа қайта батып, Прыгов пен Қорықовқа қарай қолдарын қайта созады... Созған қолды да, алған қолды да кесер ме еді!

1955 жыл.

СОҒЫМЫ МЕН СОРПАСЫ

«Кержазық» колхозының «пысық» белсенділері сыпыра соғым сойды. «Пысықтардың» он екі қарыс қара қазандарында құлаш-құлаш түйрелген сары ала қазылар сарқ-сұрқ қайнады. Нәзіктері бесбармақ, қомағайлары қосқолдап сылқыта бастады. Бірінің ұрты, бірінің мұрты май болды. Аузы май болған соң, көңілі сондай жай болды. Жекелеп айтқанда бастықтың сойғаны айғыр, белсенділерінікі кішкене дегенде тай болды. Осыдан барып тоғыз жылқы кем болды.

Соғымды жығып алғаннан кейін көршілерді, ауыл ақсақалдарын соғым басына шақыру «ежелгі дәстүр». Міне бүгін колхоз председателі Месқараның үйі де қонаққа толы. Бірақ олар көршілер мен ақсақалдар емес. Заты өздері ащы судан жұтып алған болулары керек, дауыстары көтеріңкі шығады. Думан қызып, дүмбірлеп домбыра дауысы да естіліп, үй іші ию-қию болып жатыр.

—Басеке, Басеке! Көмекейді көсілтіп шырқайтын, өзіңіз шығарған әнді айтып жіберіңізші, — дейді бірі.

—Сөз Месекеңе берілді, музыкасы да, сөзі де өзінікі, ұқыпты тыңдаңыздар, — деді отырғандардың бірі.

Месқара аты қара месті аңғартқанымен өзі сары, басы тұз түйген келсаптай кісі болатын. Ол мастықтан тәлтіреп әрең қимылдап, ішкен асы алқымына тығылып тұрып, толғанып, гүрілдеп жүре берді:

*Атың барда жер таны,
Желіп жүріп. Асың барда ел таны
Беріп жүріп.*

*Қайырмасы:
Соғым тегін, көңілім жай,
Сайраңдамай мен қалай
Әлеулей-ау, әлеулай...*

—Ой мың жасап, мың бөтелке босатқыр!— деді бір тізерлеп арақ құйып отырған жігіт қолын сермеп, айқай салып.

—Месекең осылай шалқытады!— деді екіншісі. Я, рас айтады. Месекең осылай мықтайды. Әрекетіне өлеңі сай айтылған. Яғни «асы барда ел таниды, беріп жүріп».

Атап айтқанда, жалы берік жирен бие мен қазысы қалың қара жорға қас пен қабақтың арасында жол тартты. Ақтабан торы биені тексеруші телімсек сойып тартты. Ақшасы бойына құт. Әр кімдер жақсы аттың майын сұрап мініп, қаңқасын да қайтармайды. Жылқы фермасының меңгерушісі Жалтаңбайдың жағымпаз ағасы бір биені мінгеніне жылдан асты. Не құлын жоқ, не тыным жоқ. «Бие мінсең құлын жоқ, саумал ішсең қымыз жоқ» деген осы дағы. Көбірек мінген атын жеке меншік етіп алу мұнда әдетке айналған. Жалтаңбайдың да арам ойының орындалуына мүмкіндік туып келеді, иемденетін күн жақын. Көп ұзамай колхоз председателін де көндіретін түрі бар.

Қыс күні суық. Тамақ тұзының татымдысы жақсы. Месқара шошқаның етін жекжат-жұрағатына беріп тұздатқанда осындай бірдеңені сезген болар. Талпақ танаудың сүбесі қандай, қабырға майы қарыс келеді. Осыдан екі килограммын соғып алып, кілкілдеп тұрған жүректі басу үшін «ақмағамбеттен» екі жүз грамды тастап алсыншы, қыз-қыз қайнап, бетіне оты шыға келсін. Содан соң Гималай шыңдарынан көтеріліп, Тянь-Шань тауларынан асып, ұйтқи соққан боран болса да былқ етпейді.

Етті тұздап қоя ма, болмаса шикі жей ме, онда біздің жұмысымыз жоқ. Біздің білетініміз сегіз шошқаның кем екені рас. Ол Месқараның жекжат-жұраттарына жытырылған.

Сырбаз ет — сиыр еті. Жылқы етіне қарағанда котлет жасауға бұл әлдеқайда бейім.

Төрт сиыр осындай котлетке, қуырдаққа, қонақасыға кетті. Әлгі сиырдың бірін осындағы мектеп директоры Тұрғанға сатты. Буаз екен, сойғанда бұзауы тулап шықты.

Тұрған да қодыға бауыздаған Қарабайша іштен шыққан бұзауды бас салып бауыздады. Табақтастар іштен тулап шыққан бұзауды сірнелеп асқызып, сілікпелеп жеңді.

Қомағайлардың шайнамай қылғи беретін ежелгі әдеті ғой. Бұзау еті тіліне тәтті, тісіне жұмсақ тиді.

Қанша айтқанмен сиыр сорпасы сұйық, сырдаң келеді. Қой сорпасына не жетсін. Қой сорпасы қоймалжың. Еті қандай күшті. «Қойдың еті — қорғасын».

—Еттің бәрі сүр болып кетті. Сүр сорпа кәрі ауруды қоздырады, — деп кесір сайлады. Месқара мен оның айналасындағылар. Олардың аузынан шығатын сөз «сүр сорпа, сары ала сорпа, жас сорпа» туралы болды. Ақыры олар «жас сорпалап» жүріп үш жүз он алты қойдың басын мүжіп, оның алты жүз отыз екі құлағын балаларына ұстатты. Мұның бәріне Месқара бас болып қазір документ іздеуде. Әрине, өтірік-расты, жоқтан бар етіп құрап бірдеңе табар. Ал айқын тұрған араққа кеткен алпыс қойдың... Тойғанға берген тоғыз тайдың, Сағынаевқа берген сегіз сиырдың, тағы басқалардың ізін қалай жабар.

1951 жыл.

АЛПЫС ЕРКЕК АТ ҮСТІНДЕ

Ел аралап, су кешіп Оңтүстік Қазақстан облысына келдік. Мақта жинау науқанының қызу кезі екен. Сарыағаш ауданындағы Киров атындағы колхозға жақындадық. «Бұл кеңседен де адам таба алмаспыз», — деді де, жолдасым: «қой, тыпа-тыпа тіл-аузым тасқа, табылмаса табылмасын, әйтеуір мақта жинала берсін» дей қалды. Мен де мұның қарап отырып мазасызданғанына таңдана қойғаным жоқ, жалпы жақсы тілек қой деп отыра беріп едім. Бірақ ол іле-шала:

—Тойды қара, той, — деп бүйірімнен түртіп қалды.

—Не той, мезгілсіз уақытта? — деймін мен түсіне алмай.

—Топылдаған тұяқ, топырлаған адамды көрмеймісің? Жоқ, мынау кәдімгі той!

—Е, оның несіне өзеуредің, колхоз мақта терімін аяқтап, «сабан той» жасап жатқан шығар. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, өзіміздің аузымыздың салулысын-ай! — деп мен де бір желпініп алдым.

-Ия, басты мен мұжысам, құлағы саған тиер,— дейді ол.

Той болып жатыр дегеніміз колхоз кеңсесі. Іші толған адам. Анаумен де, мынаумен де танысып қарқ болып жатырмыз.

—Мынау отырған,— деп бастады ортада отырған пы-сықшалау жігіт,— колхоз табысының тұтқасы — колхоздың бухгалтері Құлмұрат Төлеев, мынау екі кітаптың иесі, оның көмекшісі Айтмырзаев. Ал мына бір жігіт көмекшінің көмекшісі, алып кел, барып келге жүретін Шумаев.

Басқа отырғандардың лауазымы ешкімнен кем болмай шықты. Мысалы мына екі жігіттің бірі бригадир, бірі көмекші. Ия, шынын айту керек, бір ерекшелігі: мұндағы әрбір қызметкердің бір-бір көмекшісі бар екен. Көмекші деген қандай жақсы. Жат десең жаныңда, түр десең қасыңда емес пе? Осындай қанатына су тимес көмекші жігіттерді санасаңыз, бұл колхозда ондайлардың саны отызға жетеді. Нағыз белсенділер өз алдына. Ия, толық бір бригада ғой. Көмекшілердің аттары да қандай әдемі, айтып көр: Байбосынов, Нұрсейітов, Қалдыбеков, Ырсымбетов, тағы-тағылар.

Осылай жете танысып, желпіне сөйлесіп отырғанымызда ортамыздан бір шешен жігіт суырылып шыға бергені бар емес пе. Алға шыққан жүйрікті бетке қағар болар ма!

—Сөйле, сөйле! Жігіттің жігіті қызыл егесте, қызыл өңешімен көзге түседі. Берме жолды, берме,— деп біреулер есіртіп қойып еді, әлгі жігіт аяқтыға жол, ауыздыға сөз берер болмады, кеңесті күбітті-ай дейсің.

—Мақта терімі бүгін 26 процент болды. Қазір жұмыс қарқыны қауырт, күніне бір процент өседі. Сонда біздің мақтаны бітіруімізге жетпіс төрт-ақ күн керек, яғни январьдың ішінде-ақ бітіріп тастаймыз. Бітіріп тастаймыз да, тойлаймыз...

Бұдан кейінгі әңгіменің сиқы былай келді. Тойды той-лағанда кімнен бастайды? Әрине, үлкен десе, колхоз бастығынан бастау керек шығар. Жоқ, оған колхоздың басқа белсенділері көне қоя ма? Анау жүрген Байғабылов, Бұғыбаев, Борамбаевтар өзін кімнен кеммін деп жүр. Апырай енді қалай? Е, емі табылады. Алфавит ретімен бастау керек. Бірақ, онда да алғашқы той ағайынды Айтмырзаевтардың үйінде болып кетеді-ау. Мейлі-мейлі, онда Бұғыбаевтар да, колхоз председателі Кузьминдер де жуан ортада болады. Міне қызық! Егер колхоздың атқамінер алпыс белсендісінің үйінде алпыс күн той болса, жазың түгіл алты ай қысың да жетпес.

Бұл әңгіменің нақ ортасында, ағайынды белсенділер Байтақовтар, Шурилов, Шумаев сияқтылар да тыс қалған жоқ, қызыл кеңірдек болғанша айтысып жатты...

Жұмыстың қауырт кезінде колхоз белсенділері кеңседе құр кеңес, қысыр әңгімені осылай соғып отыр екен.

Ал осы кезде колхоздың мақта плантациясында қызу кеңес те, қауырт жұмыс та жоқ еді. Жаңағы отырған көп пысық, сөзге пысық болғанымен, іске мешел жандар болып шықты. Мақта шыққанмен, мақташылар жұмысқа шықпаған ба, әр жерде бір адам. Іздеп жүріп бірнеше адам басқосқан жерді әрең таптық. Плантациядағылардың бәрі де әйел. Осы жерде ойымызға бір күдік сап ете түсті. Әлде мақта ер адамның организміне зиян келтіретін шығар. Әйтпесе колхоз кеңсесіндегі қаптаған еркек неге мақта термей отыр. Оның үстіне мақта жоспарын орын-дауда колхоздың артта қалғаны мынау. Апырай бұлай болса қиын екен...

Ауызға келген сөзді айтпай кете алмадық білем. Мақта терімші жеңгейлердің кеңесіне араласа кеттік.

—Қайным-ау, майысып мақта теріп қайтсін, лауазымды арқалап жүрген олардың өздері түгіл, әйелдері де мақтаның басына келмейді. Мысалы, Кузьмина мен Жұматаеваның нақ қазіргі сағатта қос жастық қойып, шынтақтап іші пысып жатқанына мен кепіл. Алдында палау, көңілінде қалау.

Петр Васильевич Кузьмин председатель болғалы еркек атаулы түгел әкім қойылды. Тіпті қызмет орны жетпей қалған Момбаев, Шойымбаев, Құлжанов сияқтыларды да орналастырып жіберіпті. Оларға ат үстіндегі қарауыл деген атақ берілді. Әйтеуір өйтіп-бүйтіп бәрінің санын алпысқа толтырыпты. Мақтада басы қарайған еркек кездеспейтіні де осыдан екен.

Бұл алпыс белсендінің қайсысының болса да ұялмай-қызармай айтары: «Мақта теру әйелдің жұмысы». Олардың басына біткен ерекше қасиеті де бар. Атқамінер атанса, сүйіншіге атан түйе беруге шыдайды. Мансабынан айрылса, колхозын тастап, Ташкенттің қойып, Марғұланға көше қашады.

Атқамінер еркектің бәрінің көңілін тауып, ат үстіне орналастырған соң, колхоз председатели Кузьмин өз құлқынын да ойлап шарапханаға бір сүңгіп кеткен екен, 375 литр шарапты біржола құртып жіберіпті, «Колхоз мүддесіне босат, қағазды құрт» деп жазыпты ол қамбашыға. Тағы бір адамды жіберіп: «Жүз литр шарап бер, шатағы болып жүрмесін, жоғалтып жібер жазуды» деп-ті. Әредікте ол аттан түспес ағаларын да, інілерін де бауырына тартып отырыпты. Оның бірі бұрынғы бухгалтер Әлимов екен. Ол Рахимов деген біреу арқылы біркеспек шарапты Ташкентке саттырып, одан түскен он алты мың сомын бастық екеуі бөлісіпті. Тағы бір тоннасын тағы Ташкентке жөнелтіпті. Жазу деген жалаға ұрындырады, жазбай-ақ қой депті Кузьмин бухгалтеріне. Одан кейін председатель бір жарым тонна бидайды саттырып, түскен ақшасын бөлісуге келгенде белсенділер атты қоя беріп, білегін сыбана кіріскен екен, ақыры үлестерін алып шығыпты. Ат үстіндегі жағдайымыз кейде пайдалы болса да, кейде зиян екен, үлестен махрұм қала жаздаппыз депті.

Бағанағы, кеңседегі керіс есептен артық шыққан төрт тонна шараптың шатағы екен. Мұндай алашақ жағына келгенде, аттан түспес еркектердің ешқайсысы атты керек етпей, байлап тастап-ақ қызыл кеңірдек дауға кірісіп кетеді екен. Дүние көз тұндырады деген осы-дағы.

Ақыры бұл аттан түспес алпыс белсенді мақта терудің қауырт кезінде де жұмысқа қол ұшын тигізбей, «Молдабайдың» әнімен:

Тергізбей мақта әйелге Еркектің сәні келмейді, Ат үстінде күн көрмей Ағанның сәні келмейді. Шарап ішіп шалқымай, Атқамінер атанбай Ағаның сәні келмейді,— деп ыңырана толғанып, ат үстінде шалқып отыра береді екен.

1954 жыл.

ТӨРТ КОМИССИЯ, ПАВЛЕНКОМЕН БЕСЕУ

Жалтыр станциясында күннің жалап тұрған бір суығы еді. Кезекті поездан екі адам түсе қалды да асығыс басып келіп, станцияның вокзалына кіре берді. Үстінде теміржолшылардың киімі бар, сырт қараған адамға сұстылау бұл азаматтарға вокзалда отырғандар ығысыңқырап жол берді. Олар бірден станция бастығының кабинетіне тартты.

—Сұстылау адамдар, бұл кім болды екен,— десті жолаушылар.

—Жол бастықтарының бірі шығар,— дей салысты көпшілігі.

Аздан кейін станция қызметкерлері ерсілі-қарсылы сапырылыса бастады. Олардың әбігер болатын жөні бар: Комиссия екен. Келген Қарағанды темір жол басқармасы, Ақмола жол бөлімінің поезд жүргізу жөніндегі ревизоры Иван Иванович Сорокин болып шықты. Ол жалғыз емес, жанында тағы бір көмекші бар. Сонымен екеуі техникалық тексеру жасамақ болды. Олар станцияның документтерін аударыстырып қараған болып, өткен айда істелген жұмыстарға үңіле бастады.

Осы кезде гүрілдеп-сарылдап Ақмола жақтан тағы бір поезд келді. Поездан теміржолшыларша сыпа киінген тағы бір адам түсті, ол да адымдай басып вокзалға кірді. Беті станция бастығының кабинеті. Кабинет бұл жолы құлыптаулы болып шықты. Құлыптаулы болғанда станция бастығы бір жаққа қыдырып кеткен жоқ, келген комиссияны ертіп, соған бірдеңе көрсете кетіп еді.— Станция бастығын көрдіңіздер ме?— дейді ол отырған жолаушылардан.

—Осында Ақмоладан келді дейді, біреулерді ертіп сыртқа шығып кетті.

— Кім екен ол Ақмоладан келген. Мен де Ақмоладан келіп едім,— деді ол. Мейлі өтірік, мейлі рас болсын, онда жолаушылардың жұмысы не, жайына отыра берді. Келген кісі олардан әр нәрсені сұрап мазалай берген соң, жолаушылар да оның қандай мансап иесі екенін білгісі келді. Бұл да Қарағанды темір жолының Ақмола бөлімінен келген комиссия екен. Лауазымына келсек алдыңғыдан бір кем емес,— коммерциялық аға ревизор. Фамилиясы — Тоқжұманов.

Тоқжұманов та іске кірісіп кетті. Тексеріп, тергеп жатыр» Ол алғашқы комиссия сияқты алдыңғы айды ғана бағдарлап, байқап қойған жоқ. Аяқты алысқа салды. Тексеруді әріректен бастады. Көретіні коммерциялық документтер, жүктің салмағы, ауыр-жеңілі, ұзын-қысқасы алысқа бара ма, жақынға бара ма, барып жеткені қанша, кеткені қанша, қалғаны қанша? Сөйтіп екі комиссия екі столға отырып, арасындағы станция бастығын зыр қақтырып, бірі олай сүйреп, бірі былай сүйреп, тексеріп жатқанда шығыс жақтан станцияға тағы бір поезд келе жатыр еді.

Поезд күтіп отырған жолаушылар бұл поездан кім түсер екен деп тағы қарай қойды. Поездан тағы екі адам түсе қалды. Олар да вокзалға қарай аяңдады.

—Сіздер комиссия емессіз бе?—деп сұрады есік жақта отырған сайқымазақтау келіншек. Келген қонақтар бұл бізді қайдан біліп қойды деген кісіше, біріне бірі қарады.

—Я, комиссиямыз, станция бастығы бар ма екен?

—Бар болу керек. Сіздер қонақ үстіне қонатын қонақ болып тұрсыздар. Өздеріңіз үшінші комиссиясыз. Станция бастығы сіздерге қызмет етіп қалай үлгірер екен?

Бұл келген екі адам да Қарағанды темір жолының Ақмола бөлімінен келіп отыр.

Фамилиясы — Осипов Кузьма Иванович. Лауазымы — бөлімнің поезд жүргізу техникалық секторының бастығы. Көмекшісі және бар. Келген жұмысы осы станциядан жөнелтілетін экскаватордың ұзынын, көлденеңін өлшеп қайтпақ. Бұрын жөнелтілген машиналардың жайын білмек. Енді жөнелтілетін машиналар туралы нұсқау бермек. Сөйтіп үш комиссия станция бастығының шарадай басын шапшақтай етіп отырғанда, бұл үшеуі аз болды дегендей жергілікті комитеттің председатели Қаржанов бастаған тағы бір комиссия табан аузында пайда бола кетті. Ол өзінше бірдемелер тексерген болып вокзал айналасынан шықпады. Ара-тұра станция бастығының кабинетіндегі үш комиссияға қосылып, төртінші комиссия болып іс жүргізді.

Осы төрт комиссияның төртеуінің де бітірген ешнәрсесі жоқ. Кеңседегі документтерді ақтарып, құлаш-құлаш актылар жасады. Алып-жұлып кеткен ештеме жоқ болып шықты. Сөйтіп үш күн отырған комиссия ештеме таба алмай өз жұмысын аяқтап, аттанып кете беріп еді...

Ақмола жағынан жалғыз паровоз келіп тоқтады. Ішінен ақ тон киген біреу шықты да су ішіндегі қоғаша толқып, вокзалға қарай жүрмек болды. Бірақ ол өздігінен жүре алмады. Оның да соңында бір көмекшісі бар екен, қолтығынан алып сүйей жөнелді.

Сусыны қанғанша ішкен «ақмағамбеттен» оның бет-аузы ісініп, екі көзі қанталап кеткен. Бұл кім екен деп үңілгенімізде магистральдің Ақмола бөлімінің локомотивтер бастығының орынбасары Владимир Павленко екен. Ол да станция бастығының кабинетіне бармақ болды. Павленко кабинет алдындағы тар залға сыймай екі қабырғаға кезек соғылды. Оның жанындағы көмекшісі сыр білдірмеген болады. Павленко біреуді қағып кетіп: «Менің кім екенімді білесің бе, сен түгіл, маған барлық составты сүйрейтін паровоздар да бағынады» деді.

Комиссия келсін-ақ! Бірақ осынша комиссия бір уақытта неге жіберіле берген. Жолдың Ақмола бөлімінің бастығы мұны неге ескермеген?

—Әлде Ақмола жол бөліміндегілердің басқа станцияда жұмысы жоқ шығар,— деп күліседі жолаушылар. Көп комиссия осылай үйме-жүйме келіп, бітірген ештемесі жоқ, бәрі теңселіп станцияда жүріп жатты...

1954 жыл.

НАН ЖЕСІНЕ ҚАРАҢЫЗ!

«Әкемнің өлетінін білсем алмаға айырбастап жіберер едім» деген екен бір жаман. Сол айтқандай нан комбинаты директоры Тойғановтың басына да осының кері келді. Тексеру тұтқиылдан басталып кетеді деп кім ойлаған. Тіпті тексеру болғанмен аузы бар, қарны бар, бала-шағасы бар адам тіліме көнбейді деп Тойған Тоғаныч ешқашанда ойлап па еді? Оны Тойған Тойғаныч атандырған да оның осындай құлқы емес пе еді. Егер ондай ой басына келе қалса, документі құрғырды сұлудың жүзі көрінер күзгідей жалтыратып қоймас па еді. Аяқ астынан комиссия келтіріп бұл қу шұнақ құдайға не айтарсың!

Комиссия әуелі Фабричний поселкесіндегі қойманы тексеріп кеп қалды. Кеспелтек қаптар, енсіз екеншелер, далиған дағарлар әділет таразысына тартылып, сақырлап қант, бұрқылдап ұн өтіп жатты. Әрбір қап таразыға қойылған сайын, безбеннің басы теңесіп шоқаң еткен сайын қойма меңгерушісі Сидоровтың жүйкесі жұқарып, қайта-қайта бір талдап шашын біреу жұлып алып тұрғандай болды. Безбен тұмсығына қарай тұрып ол ұзақ-ұзақ ойға кетті:

Осы уақытқа дейін «жоқ-жоқ» деп жүретін құданы құрғыр шынымен бар болмаса не қылсын! Әйтпесе бұрыштан біреу сығалап тұрған жоқ, мұның қоймасындағы артық-кемді, аз-көпті кім білуші еді. Тіпті мына комиссиядағылардың өзі «құдай емес, құдайдан былай емес қой». Сөйтіп Сидоров қуыстанып тұрғанда қорытындыны шығарып жатқан комиссияның бір мүшесінің даусы шықты:

—Қоңыр ұннан сегіз жүз килограмм жетпейді!

Сидоров селк ете түсті. Сол сол-ақ екен, оның селкілдеуі көбейе берді, қоймадағы дүниенің біреуі артық біреуі кем. Екіншісі сортты ұннан алты жүз килограмм артық, бірінші сортты ұннан тоннасы кем. Кеспек-кеспек маргарин орнымен жоқ, қап-қап қант саудырап артық қалған. Құймақтың құйылып жатқаны анау...

Жаманат құрғыр жата ма, қалқан трубкалы сымсыз телеграф жалғасып, әп-сәтте-ақ мұның өзі Тойған Тойғанычтың қалқан құлағына да бір соғып өтіп еді. Ол да тез қимылдап ең болмаса наубайханалардың цехтарына «абай болыңдар» деп айтпақ еді. Оның осы ойын біліп қойғандай комиссия мұнда да келіп үлгіріпті. Ондағы мастер Бөлековтан бидай ұны жетпей қалыпты.

Бұл қисыны қашқанда істің бәрі осылай болады екен. Тойған Тойғаныч ең болмаса «Ұзынағаш» наубайханасына бірдеме демек еді, оның да тексеріліп, бары-жоғы, алғаны-бергені ақтарылып, асты-үстіне келіп жатқанын білді. Қыстың қысқа күнінде қырық рет үзіліс жасайтын Денисовтың заманасы бір тұтам болып, өзі бір уыс болып бұрышқа кіріп алыпты. Бір сәт Денисов ұлпа ұн, аппақ нанмен қоштасып, көзіне торлы терезелер де елестеп кетіп еді, өзін ұрттап ішкізіп, шайқап төккізіп қойған Тойған Тойғанычты, тағы кім бар еді, әлгі технолог Терентийді тағы... соларды еске алып көңілін бір дем деп қойды. Қиын қыстау күндерде қалай-ақ солар оны Қызыл оттың ішіне тастап кетер екен! Бір жаманы — комиссия жылы қабақ көрсетпей қойды. «Жылы-жылы сөйлесе жылан іннен шығады» дегендей олардың алды-артын әлденеше орап та көріп еді, орайын келтіре алмады. Өңкей көк айыл пәле екен.

Ақыры қорытынды да жасалып, ішкендер-жегендер, берген-алғандар, артқы-зған-тартқызғандар сопаң-сопаң етіп шыға-шыға келісті. Қоңыр ұннан табандатып тоғыз тонна жетпей қалды. Екінші сорт ұннан екі тонна артық шықты. Неше айтқанмен бұл наубайхана аудан орталығында емес пе, жақсы көз, жылмаң сөздер наубайханаға да кіріп шықса керек-ті. Ақ ұнның да ортайып қалғаны осыдан-ау деп шамалады комиссия.

Бұдан кейін комиссия мұндағы артық-кемді, документті, документсізді тегіс тексеріп көп нәрсені анықтады. Қоймадағы социалистік меншіктің талан-таражын да байқады. Тіпті ол Тойған Тойғанычтың кіріс-шығыс документтерден колын да көре алмады. Аға бухгалтер де мұнан аулақ қалып отырыпты. Кім біледі, тіпті бұлар күйген күлшенің, шикі қамырдың ізін осылайша жаппақ шығар.

Әйтпесе олардың қолынсыз бір күлшені тышқан тістеуші ме еді? Мұндағы документтердің сайда саны, күмда ізі жоқ. Екі қойманың арасындағы алым-берім де қолдан шатыстырып, сиыр құйымшақтанып кете барады...

Есебін табатын ерлердің бұл жолы қырсыққанда Қызыл иті қыңыр жүгірді. Сидоров жөнелткен ұн жұртта қалған жұрымдай есепке кірмепті. Елпескен екеуінің бұл жолғы орталық коймада жасырған үлкен ұрлығы да ашылып, «өзің жеген ішектің жауабын өзің бер» деп қасқыр мен түлкі ертегіде біріне бірі қарасқанындай бұлар да біріне бірі телмірді. Жеті тонна ұнды жасыру олардың кеу тамағын, кең тамағын анық-ақ көрсетіп тастады. Жеген соң осылай жесеңші деп кейбір естіген сайқымазақ жігіттер оларды тоғыз саққа жүгіртті.

«Бір тасты бір тас қозғайды» дегендей бір жоқты екінші бір жоқ түртіп шығара берді. Кім алғаны белгісіз мыңдап кеткен ақша. аузы-мұрны, қол-аяғы жоқ шығыс документтер... Бір үзімін аузыңа салсаң кеуденді бір күн қыжылдататын, сырты күйік іші шикі нанның сыры міне, осындай екен.

Тойған Тойғаныч осындай иен дүниеден есепсіз жеп жүргенде комиссия келіп қалғаны болмаса басқасының бәрі де орнынша болса керек-ті. Оның кердең басып, бойкүйез жүруінің де жөні бар сияқты. Өйткені оның қылмысын ашқан акті қысқа қарай інге кірген суырдай аудан басшыларының тартпасына кіріп, зым-зия кетіпті. Өздері наубайхананы жағалаған жемқорлардың нан жесіне қарап, ауыздарын тамсанып отырыпты. Шынында да олардың жеуі қарауға тұрарлық сияқты. Шіркін-ай дерсіз. Белі ауырмағанның нан жесіне қараңыз деген осы дағы!

Нан жесіне қараңыз!

1965 жыл.

КӨЖЕГІНЕН ЖЕРІГЕН ҚОЯН

Айдар Зәкіровтың осыдан біраз жыл бұрынғы ойы қазіргі ісінен мүлдем басқаша еді. Ол Совет Армиясы қатарынан Қарағанды облысының Шет ауданындағы өз колхозына келісімен бір игі істің иесі болғысы келді. Оны жолдас-жорасы, ағайын-туысқаны құптап кетті. Құптамағанда ше? Үйленсем, балалы-шағалы болсам, балаларым оқыса, азамат болса... Осындай тебіренген ойларды түптен тартып қозғағанда көңілі құрғыры босап кетіп, кейде ел жоқ жерде еңкілдеп те алатын...

Зәкіров сөйтіп біраз жүрді. Не істеп жүрсің дегенде қыз айттырып, қыз таңдап жүрмін дегенді шығарды. Өзіме өмірлік жар іздеп жүрмін дейтін болды. Дұрыс! Өмірлік жар деген оңай нәрсе емес өмірлік серік тауып алсын деді естігендер. Қырмызы жігіт қыз айттырып жүріп, ойындағысы кездеспей, Шет ауданының шегінен шығып, Қоңырат қоңыр қырқасын кезіп кетті.

Қоңырат ауданын қыдыра жөнелген Зәкіровтың көзіне «Бірлестік» колхозында тұратын Дәкен түсті. Алғашқыда ол батыл сөз айта алмай, сыртынан өлеңмен орағытып көрді:

*О дуние,
Дәкен-жан,
Шыдатпайды-ау ыстық қан,
Күйіп-жанып барамын,
Қайтіп сенен қаламын.*

Оның алғашқы махаббат жырлары осылай басталып, аяғы лирикаға айналды. «Ел құлағы — елу», бұл жырлар Дәкеннің құлағына тиіп, ақыры екеуі қосылуға келісті. Той да жасалынды, тоқты да сойылды. Екеуінің қосылғанына көп көздер куә болды. Келдеудегі көгілдірдей көк мойындар келтіріліп, стакан сыңғыры естіліп жатты...

Күзге қарай Зәкіров Ақшатау жетіжылдық мектебіне мұғалім болып орналасты. Үй ішімен осында көшіп те келді.

—Апыр-ау, ұмытыпшыз ғой,— деді бір күні Дәкен,— некелік куәлік алмапшыз ғой. Жылмаң жігіт бұл кезде «О дүние, Дәкен-жан, шыдатпайды-ау»... деп сырғаната жөнелді. Әрі-беріден соң әңгіменің бетін әлдеқайда бұрып әкетіп, махаббаттың сан жолынан хабардар екенін көрсетті.

Зәкіров махаббатының ыстық лебі жалындап тұрғанда жас иіс пайда болып, бір сәби дүниеге келді. Үй ішінен іңгәлаған дауыс естіліп, бірінің әке, бірінің шеше екеніне куәлік берді. Нәрестенің атын әкесі Айман деп қойып, азаматтық тіркеу бюросынан да өткізді. Тууы туралы куәлік жазылды. Әкесі Зәкіров, шешесі Дәкен деп көрсетілді. Уақыт зымырап өте берді. Аздан соң екінші бала дүниеге келіп, аты Сәбира қойылды. Тағы да азаматтық тіркеу бюросынан өткізілді. Әкесі Зәкіров, шешесі Дәкен деп көрсетілді.

—Япыр-ай, осыны көрсетпесек қайтеді?— деді Зәкіров.

—Нені?

—Әкесі Зәкіров деп.

—Шешесі білсе әкесі сен болатынсың!

Зәкіровте үн жоқ. Тағы біраз уақыт өтті. Бір күні жылпос әке баласы мен Дәкеннің жанында отырып өткен өміріне шолу жасады:

—Сен болсаң — қартая бастадың, мен болсам — уыздай жап-жаспын, өйткені мен талайдың уыз батасын алып едім,— дейді....

—Шынында да жастықтан екеуіміз де кетіп барады екенбіз, мен екі баланың анасымын, сен екі баланың әкесісің,— дейді әйелі.

—Жоқ, мен жаспын, әке емеспін!

—Әу, бұл қалай, екі баланың әкесі?

Сонымен, Зәкіровтің махаббат лирикасы ескіріп, осыдан барып драмаға айнала бастады. Ол нәзік махаббат лирикасының кейіпкерінен нағыз содыр кейіпкерге айналды.

Оның екі балалы болуы, әсіресе, тууы туралы куәлікке әкесі Зәкіров деп жазылуы жанына қатты бататынға ұқсайды: «Үйленбегір қу басым, қайдан үйлендім, бір кезде әке болуды да мақтаныш көрдім-ау мен шұнақ!» деп өкіңді ол.

Дәкенге де күн көрсетпеді. Тұрса — аяққа, отырса — басқа ұрды. Мақсаты — ажырасу болды. Табансыз жардың махаббаты бордай тозып, ақыры уатылып жоқ болды.

Дәкенді «үйден шықтың» астына алды. Әуелі бұған Дәкен сене қоймады. Зәкіровтен қанша жәбір-жапа шексе де, екі баласын арқа тұтатын Дәкен жас жеткіншектерді жақсы өнегеге үйрететін мұғалімнен мұны күтпеген еді. Бірақ Зәкіров «екі сөйлемейтін» жігіт болғандықтан, айтқанын орындап шықты. Дәкен қысылса да қиналса да екі сәбиін медеу көріп бауырына баса түсті.

Біраз уақыттан кейін кездескен бір жолаушының арбасымен әкесінің үйіне кетіп бара жатты.

Зәкіров те жоспарсыз жұмыс істемеген екен, аздан кейін тағы да біреуге «сүйем, күйем, қалқатайымдап» жүріп үйленіп алыпты.

Жылпос әке осы күні балаларынан біржола безіп, керек десе, сырттан да сұрап білмейді. Өйткені, балалардан оған ақша қымбат. Көжегін тастап кеткен қоянша, балаларынан безіп кетті. Әттең басында ол қазіргі жәбірленген келіншегінің қолындағы балаларының тууы туралы куәлігін де жаздыртпайтын еді, оны да тек ақша үшін, яғни бойдақ салығын тартпас үшін алған екен. Ол Дәкенмен о баста-ақ неке куәлігін алған жоқ.

Өйткені, ажырасқандай күн болса. «басын байлап» қайтсін. Міне, ол Дәкенді екі баласымен қуып шыққанда да неке куәлігі жоқ болғанына сүйенді.

Зәкіровтің есебі дұрыс шықты. Азға ойланып, алысқа жолдас болмаған оның іздегені де осы еді. Дәкен арыз айта барғанда Шет ауданындағы халық соты да неке куәлігін жоқ деп істі қарамады.

Аудандық прокурор да куәлік дегенді Дәкеннің алдына тарта берді. Ал, дұрысына келгенде, Дәкеннің қолында куәлік бар. Біреу емес, екі куәлік. Баладан безген әкенің кім екені сол куәлікте көрсетілген. Оны да неке куәлігін беретін мекеме берген. Ал, неке куәлігі жоқ адамға тууы туралы куәлік берілмейтіні жұртқа мәлім. Бұл жағына келгенде аудандағы заң орындары балаларынан безген әкені босқа қорғап, бұлтаққа салып отыр. Бұл — орынсыз бұлтақ. Балаларынан безіп жүрген әкені тәртіпке салушылардың өздері бұлтақтаса, мұның аты не болмақ? Көжегінен безген қоянды көкірегі бітеу көркөкірек қана қорғамас па!? Оның көзіне мөрлі қағаз куәлікті қоя тұрып, екі бірдей көзі жайнап тұрған тірі куәлікті баспас болар ма!?

1954 жыл.

МЕЙІРІМСІЗДЕР

—Ол кісі кім еді?— деп сұрағанымызда бір қарт шешей:

—Ол кісі оқыған қыз Түнсұлудың туған шешесі, оның көрген күнін адам баласының басына бермесін, Қалқам,— деп күрсініп қоя берді.

Ең алдымен оқушыға біз айтып отырған ол кісі кім еді, соны таныстырып өтейік. Ол қарт ана — Әнипа. Бұрынғы кезде Тасқалада тұрған еді. Жұбайы қайтыс болғаннан кейін өзінің жас қызын әлі келгенше әлпештеп өсірді. Бой жеткізді. Ол қыз институт бітірді. Содан аспирантурада оқып ғылым кандидаты болды. Содан соң үйленді, үйлі-баранды, балалы болды.

—Е, бауы мықты болсын! Ері майданға жүріп кетті.

—Е, аман барып, сау қайтсын!

Түнсұлу бір күні орта жастан асып кеткен шешесіне:

—Мен қызметті Алмалық қаласында істегім келеді,— дегенді айтты. Шешесі оған қарсылық көрсеткен жоқ. Адам боламын, адал боламын деп тұрса, баласына шешесінің риза болмайтын жайы бар ма, ақ батасын беріп, ақ тілеу айтты. «Үлкен ғылыми адам бол» деді. Ал нәресте нағашы шешесі Әнипаның қолында қала берді. Нағашы шеше Әнипа оған бұрынғы уақыттағыдай «жиен ел болмайды» деп қараған жоқ, қызын қалай мәпелесе, жиенін де ақ сүтін беріп асырап өсірді. Мектеп жасына жеткізді. Тәрбиеледі. Сонымен Түнсұлу Алмалық қаласына келіп, қызмет істей бастады. Пәтер деген бар болғыр қашан есігін ашып тастаушы еді, әзірше ол қонақ үйде тұрып жатты.

Нақ сол бір кезде қонақ үйде бір бойдақ жігіт те көрінгенге көз сүзіп тұрып жатушы еді. Бойдақ болғанда кәдімгі үйленбеген бозбала бойдақ емес, сақал-мұртының орны өрттей шалған ормандай бойдақ. Оның «өнері» жалғыз бойдақтығында ғана емес — музыкадан, драмадан, аудармадан хабары бар, иіс майы бұрқылдап тұрған, қарнын тарта алмай құрқұрлап тұрған бойдақ екен. Қысқасы, әдебиеттен де, өнерден де ол құр алақан емес. Қып-қызыл ақша тапқыш бойдақ болды. Бойдақтың ел қатарлы аты-жөні де бар Арзантай еді. Көп ұзамай оның Түнсұлумен қосылған тойы да болып қалды. Тасқаладан келген Түнсұлу биімен, анау ақшалы күйімен бірін-бірі ұнатыпты десті тойға келген көпшілік.

—Апыр-ай, бұрынғы әйеліне опа қылмаған мына жігітке Түнсұлу қалай кез болды, бұған опа шектірер ме екен?— десті біреулер. «Апама жездем сай», Түнсұлу да қара жаяу емес десті екінші біреулер. Қысқасы «қуға қу қызыл іңірде кез боладының» кері келіпті. Тағы бір күні Түнсұлудың шешесі қолына келіпті деген сөз естілді қалаға.

—Е, жақсы болған, екен,— десті жұрт.

—Е, жақсы болса жарар еді,— десті тағы біреулер әлде не аңғартып.

—Арзантай пайдасыз жерге аяқ баспаушы еді ғой,— деді театр төңірегіндегілер.

— Түнсұлу да «сауда сақал сипағанша» дейтін жерде өскен,— десті білетіндер. Сөйтіп нағашы шешесі мен жиені Арзантайдың қолында тұрып жатты.

Арада біраз күн өткен соң-ақ қарт ананың жүрген-тұрғаны екі жақтан қосылған қос мәдениеттіге өрескел көрінді де тұрды. Аяғын басқан сайын күйеу баласы да, қызы да зекіп қалып, тыржиып қалып отыратынды шығарды. Бара-бара біреуі анам еді, біреуі енем еді деп ойламай-ақ кезек-кезек ұрғылап, жұдырығының қышуларын қандырып алатын да болды. Ананың бұрынғы Тасқаладағы күні көзінен бұлбұл болып ұшты. «Туғаннан сала ма, тұтқаннан сала ма» деген осы екен. Туғаны — қызы, тұтқаны — күйеу баласы. Апама жездем сай, одан салсаң бұдан шық, екеуі ұрсып қалса, екеуінің де өш алатын жері Әнипа шешей болды. Түйілсе жұдырық, сөйлесе тіл бәрі Әнипаға арналды. Көрген көзде жазық бар ма, өткен жылы Арзантай сырттан үйіне ашулана кіргенде жазықсыз ана жолда тұрып қалған екен, пеш алдында жатқан көсеуді ала салып беріп жіберіп еді, қарт ананың қолы сынып қалды.

Мейірімді ананың қашан да ойлайтыны бала ғой, қызының көңілін қимамай, бұл туралы ешкімге тіс жарып үндемеді, жасырып-жауып қоя салды. Келесі күнгі кезекті ұрысты қызы бастағанда, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтін беріп әлдилеп өсірген ана, осылай асырап едім-ау деп міндетсінбей-ақ жай ғана: «Шырағым-ай, өлерімнің шағында жанымды әбден қинадыңдар-ау!» дей беріп еді. Түнсұлу оған баж ете түсті:

—Өлмесең ома қап, асарыңды асадың, жасарыңды жасадың, енді саған тірі жүріп не керек, босат үйді!— дегенді шімірікпестен айтып салды. Есептің жайы да белгілі болды. Олардың соқыр жобасы бойынша көптен қарт ананың қолында болып, соған бауып басқан баланы аз уақыт қолға үйретіп алған соң, шешені қуып шығу еді.

Әдебиет мекемелерінің арасын жол қылып, бір жазғанын екі сатып үйренген сұғанақ сонымен енесін үйден қуып шықты деп естілді, бір күні қалаға.

—Қой, жала шығар,— десті біреулер.

—Жалған айтқан жалақ болсын!— десті көргендер.

Қайда барарын білмеген қарт ана бір бұрыш жалдап алып бөлек пәтерге тұрды.

Қыз бен күйеу қарыс жерде отырып айына берер он сомды почтамен жіберді. Әйтеуір «бермеді» деген айыптан аулақ болғысы келді. Бұл «жәрдемді» пәтер ақыға ма, киімге ме, тамаққа ма, қай жағына жеткізерін білмей, қарт ана дал болды. Қарт ана сонымен қаңғып көшеде жүр. Ал айтқандай Әнипа шешейдің баяғы жиені қайда? Думан-тойдың ортасында. Қандай думан дейсіз бе? Кәдімгі күнде түнді ортайтып барып тарайтын ішкіштер думаныңда. Баласына өз шешесі оңай қызмет тапты. Он үш жасар бала күнде арақ тасиды. Шөлмектің түбін сарқып ішеді. Тарс ашылар, көпіріп басылар шампан шарабы соның қолында, темекі соның қалтасында. Әйтеуір оны да «тәуір жолға» бастағанын көріп отырған шығарсыздар. Баланың денсаулығы да нашарлады, оқуға баруға да арақ тасудан қол тимей қалады. Шоқпақ бас, айыр құйрық екілік цифрға күнделігі де толып бітті.

Анаға, туған анаға, қарт анаға қол жұмсап, үйден қуып шыққан қыз бен күйеу күнде думан, күнде той Алмалықта жүріп жатыр. Ақ сүтін берген анаға осылай қарағандарға «басына келмесін!» демеске не шара! Туған шешесіне жақсылық жасамаған адамнан қандай үміт күтуге болады?

Төреші өзіңіз болыңыз, оқушы. Әнипа шешей өзінің кәрілік өмірі осылай болады деп ойлап па еді?! Мейірімсіздік демей мұны не дерсің. Басына келсін!

1952 жыл.

КҮЗЕТШІНІҢ ӘЙЕЛІНЕ КҮЗЕТ

Осыдан бір көше темен тұратын кеспелтектей жігіт Бүлдірбай ымырт жабыла Әбханның есігін қақты. Жылмаңдап, келіншек есікті ашып қалды да:

—Әбхан біреу келіп тұр, кірсін бе? Үй иесі рұқсат етпесе кіруге болмайды,— деп сыңқылдап күліп тұр.

—Кірсін,— деді ойында ештеңе жоқ Әбхан.

—Мен осы үйге уақытша пәтерге тұрайын, бос бөл-мелеріңізге?

—Бос үйді сізден аяман,— деді үй иесі.

Екі-үш күн өтпей-ақ осы үйдің ішінде бір сәлекет кө-ріністер болып та қалды. Жәмиланың көз күлімдеп, Бүлдірбайды кешегі келген жігіт дейтін емес. Жатырқайтын түрі жоқ, бұрыннан таныс адамдар сияқты. Кейде олардың көзбен арбасып отырғанын байқап қалып «апырай, бұл қалай?» деп те қояды Әбхан ішінен. Үй ішіндегі жағдай өзгере берді. Көзі анық ештеңеге жетпей, күзетке кетерде Әбхан артына бір бұрылып қарап тұрып, қынжылып шығып кететін. Сыртқы есік тарс етті. Бітті...

Күзетшінің әйеліне күзет осыдан басталған.

Жәмиланың Әбханға көзқарасы бұрынғыдай болмады. Оның жейдесінің жағасы да жуылмайды. Ал Бүлдіржанның шұлауына дейін аппақ.

Бүлдірбай келгелі Жәмиланың мінезінде де үлкен өзгеріс болды. Бүлдірбай десе көл-көсір, Әбханға жібімейтін қатқан тулақ, тырысады да қалады.

—Көйлегімді жуып қоя салсаң етті,— деп, ол болар болмас бірдеңе айтса, Жәмила:

—Кетемші, кетем!— деп байбалам салатынды шығарды.

—Ұрысты қойсаңыздаршы Әбхан. Пай, пай, осы сіздердің мінездеріңіз-ай!— деп Бүлдірбайдың айтқанын талай естігенбіз. Әбхан да оған иланып, үндемей қоя салатын.

Жәмила аяқ астынан ауырып, ауруханаға түсе қалды. Екінші күні-ақ оның артынан ақ нанын алып, баласын көтеріп Әбхан келді.

—Кімге келіп тұрсыз?— дейді дәрігер.

—Жәмила Мақсұтоваға,— дейді Әбхан.

—Жәмиланың кімі боласыз?

—Ері едім, мына баланы емізіп алуға рұқсат етіңіздер!?

- Сіз неге сонша өтірік айтасыз? Оның күйеуі жаңа ғана келіп кетті ғой!—дейді дәрігер. Әбхан қысылып, «оның менен басқа да күйеуі бар ма еді!»—деп таңданып қалды.

Жәмиланы «күзетуден» шет жағасын сезген Әбхан Бүлдірбайға жайымен отырып:

—Шырағым Бүлдірбай, менің жас балалы әйелімді желіктірмесеңші, бұл жігіттік арыңа үйлесе ме?— деген.

—Атай көрмеңіз, ондай жағдайда сіздің бір жасар балаңыздың көз жасы мені алысқа ұзата қоймас,— деді мүләйімсі қалған Бүлдірбай.

Бүлдірбай биыл Алматыдағы екіжылдық заң мектебін бітіріп, Ақтөбе облыстық прокуратурасының қарауына жолдама алған. Заң «қызметкері» Бүлдірбай ең алғаш тәжірибелік жұмысын заңды бұзудан бастады. Көрші тұрып, Жәмиламен көңіл қоса бастағаннан кейін ол, үйіне келіп бүлік шығарып, он жылғы отасқан әйелін тоғыз жасар қызымен жолға шығарып салған. «Сен төркінің бара тұр. Мен оқу бітірген соң ораларсың. Я, әзірше нете тұрарсың, сөйтерсің».

Бүлдірбай бұлтағына анық көзі жетпей дүдәмалданып бара жатқан әйелі: «Көздегенің күзетшінің әйелі ғой, ә!» деп айтып салды. Көршілері де таңданып: «күзетшісі қалай, онысы әлгі Жәмила болмағай еді!»—дескен болатын. Сөздің басында айтылған есікті тықылдату осының ертеңіне болған. Әбхан тұтас бір тәулік болғанда, Бүлдірбай Жәмиланы күзететін.

Бүлдірбай оқу бітіргеннен кейінгі іс-әрекеті ел аузындағы бір әңгімені есіңізге еріксіз түсіреді. Ол былай болған екен. Құдағиымен көңілдес бір құда сол үйден кеткісі келмей өзінің қамыт, доғасын өзі тығып қойып:

— Ой тоба,
Жоғалттым қамыт пен доға,
Табылмаса бұл доға,
Тағы қонар бұл құда,—

деген екен дейді.

Бүлдірбай да оқуды бітіргеннен кейін осы құданың кебін киіп, Әбханның үйінен екі адым аттап сыртқа шықпай-ақ қойды. Оның үйі «бір қаққан қазық, бұл бір арқандаулы ат. Айнала береді, айнала береді». «Бір күні куәлік ала алмаймын», келесі күні «ақша ала алмай», ал үшінші күні «билет ала алмай-ақ қойдым» деп түсі қашып тұнжырап жүріп алды.

Әбхан тәуліктік жұмысына аяңдады. Оның үйден шығуы мұң екен, поезға билет те даяр болып шыға келді.

— Апай,— деді Жәмила,— мен Бүлдірбайды шығарып салып келейін, сіз баланы жұбата тұрыңызшы.

— Жарайды, қалқам,— деді көршісі — Екі ай бірге тұрған адам, қимай жүрген болар,— деп ойлады.

Поезд сағат он екіде кетеді. Күн кешкірді. Жәмила жоқ. Кемпір «шаруамнан қалдым-ау» деп зар қарады. Түн болды, сөйте-сөйте таң атты, күн шығып, Әбхан күзеттен қайтты. Оның емшектегі баласы қалыпты, әйелі жоқ. Баласы жылап қолды-аяққа тұрмайды. Үй іші астан-кестен.

— Әлгі Бүлдірбайды шығарып сала кетіп еді,— деді апай. Үй кітабын алып қарап жіберген Әбхан екеуінің де есептен шығып біржола жоғалғанын біліп:

— Ыстық жас қойындарына сорғалағыр-ай!— деді сәбидің көз жасын сүртіп. Қорыта келгенде, оқушыға Бүлдірбайдың әрекеті белгілі-ақ болып қалды-ау дейміз. Балалы әйелін алдап қаңғыртып «төркініңе бара түрмен» шығарып салды. Бір жастағы сәбиді шырқыратып тастап кеткені мынау. Жәмиланың да бір күні шамаданын арқалап төркініне жол тартпасына біздің көзіміз жетіп пе?

Сонымен мүләйімсіп жүрген Бүлдірбай Ақтөбенің облыстық прокуратурасы қайдасың деп Жәмиланы алып, зытып отырыпты-ау. Болашақ «прокурорымыз» алғашқы тәжірибелік ісін осылай бастаған екен дейді.

1950 жыл.

КӨК БАЗАРДАҒЫ ҚЫЗЫЛ МАЙКА

Күн болса ыстық. Үстіңіздегі камзолыңызды шешіп қолыңызға аласыз. Теріңізді бір сүртіп қойып, магазинге тартып кетесіз. Ондағы ойыңыз, жаз күні жайдары, жаурамасыңызды білген соң, «жаз жазыл, қыс қысыл» дегендей, бір майка алып кию. Асыққанда іздеген нәрсеңіз алдыңыздан шыға қоя ма, үлкен магазиндерден іштеңе таба алмайсыз. Әрине, ондағы майкалардың жақсы болатынын одақтың үлкен қалаларының ірі кәсіпорындарынан шығатынын біліп іздейсіз. Бірақ ол жұмысы бар адам келгенше «мен мұңдалап» көлденең тұра қоя ма, жоқ болып шығады.

Сіз жақсы майкалардың орнын сипалап қалған соң, «көрген жерде ауыл бар», бір табылса осы жерден табылушы еді ғой деп төтелей салып. Алматы көк базарындағы көптеген көк дүкендерге келесіз. Бұл жерде жоқ болса, суда балық жоқ шығар деп ойлайсыз.

Асыққан кісі дүкеннің маңдайшасына қарап тұрмайды. Кішкентай дүкеннің бір жағын алып жатқан бума-бума қызыл майкалар көзіңізге оттай басылады. Бірін сатып алып жайыңызға жөнөп бересіз...

Күн болса ыстық. Аздан соң терлей бастайсыз. Осы жерде ойда жоқта бір жұмыс табыла кетеді.

Етіңіз дуылдап қышып жүріп береді. Жұрт ішінде қышыну тағы қиын, шыдамасаңыз да сипап-сипап қойып, сонымен біраз тынасыз. Әттең оңаша жер кездессе деп кіжініп те қоясыз. Тырнақты тырылдата салар ма еді, шіркін! Жұмыс аяқталып үйге келген соң қызыл майканы жерге бір-ақ ұрасыз. Терлеп бояуы езіліп, үсті-басыңыз қыза-рып, қызыл шақа болып шыға келесіз. Еркіндік өзіңе тиген соң осып-осып жібермейсің бе! Таңертең қайта киіп алып, жүріп кетесіз. Білеудей-білеудей тігістер, шоқпардай-шоқпардай түйіндер етіңізге батып, жаныңызды шымшылайды. Онымен қойсын ба, қызыл майканың іш жағындағы бүртік-бүртік бөріткен тәріздес шумақталған жіп қышытып, мазаңызды да ала береді. Жүріп келе жатқанда бұл бүртіктің жыбырлатқаны, сізге өтірік, маған шын, арқанызда ат шауып жүргендей болып білінеді.

Бірнеше күннен соң кезек кию үшін қызыл майканың тағы біреуін алғыңыз келеді. Бұл жолы дүкеннің маңдайшасына қарай келесіз. Қарамағанда ше? Көп ішінде мазалағаны есіңізден кетер ме, сірә! Осындай майкаларды қолыңа күбіртке түскір қай шебер тоқыды екен дейсіз бе? Бұл қызыл майканы тоқыған облыстық кәсіпшілік одағының Кіші станицадағы Ватугин атындағы артелі.

Бұл жолы майканың әр түрі-ақ табылады. Көгі де, күлгіні де, сарысы да бар. Майканың тағы бірін алып көресіз. «Аузы күйген үріп ішер» дегендей, бұл жолы аударып-төңкеріп қарайсыз. Баяғы өзіңіз киген қызыл майка. Тігісі атыздай, жіп түйіні шоқыдай. Әсіресе, екі қолтықтағы бүкпесі өтірік айтқан кісіге қос жұдырықтай. Айналдырып қарай бересіз. Осының өзі фабрикадан шықты ма екен дейсіз.

Етегіне бастыра тіккен қағазы да болады. Артикулі 5804. прейскуранты 068, пішімі 48, сорты 1, бағасы 9 сом 50 тиын. Бұл жағына келгенде кішкене ойланыңқырап қаласыз. Әлде осы артикул бойынша білеудей тігіс, шоқпардай түйін, қышытатын бүршік болсын делінген шығар, кім біледі.

—Қалай, сатушы жолдас, сату жоспарыңыз орыңдала ма?— деп сұрайсыз Бессоновадан.

—Орыңдалғанда қандай, артығымен орыңдалады. Өйткені тұрған орын жақсы, нағыз ұрыныс жер!

Бірақ маусымды уақытта майканың дүкенде айлап жатқанын ішіміз сезіп тұрады.

Біраз саудаға қарап тұрасыз. Сатушы майканы алушыларға созғылап көрсетіп жатады, «Қысқа болса ұзынын былай созасыз, тар болса көлденеңін былай созасыз! Біздің майка икемге келе береді. Әдейі қолпитып-солпитып икемді жасаған».

Апырай, ә, икемдісі-ай! Бірақ қышытқаны...

«Алтынды шыққан жерден қаз» деген ғой, қызыл майканың жасалып жатқан жерін көргіңіз келеді. Артель председателі Гапар Қасымовтың жұмысы көп дейді, бірде кездесесіз, бірде кездеспейсіз. Бірақ бастықтан құр алақан емес, технорук А. Солудилова қасыңызда болады Өндірісті аралап кетесіз. Бір жерде тігін цехы, бір жерде пішім цехы, тағы тағылар. Артель ішінен жол тауып жүре алмайсыз. Көң-қоқыр, қиқым-сиқым. Технорук тілінен майын тамызып сөйлеп келеді:

—Бізде бәрі жақсы, майкаларымыз қалай созғыласаңыз да икемге келе береді...

Ол мынадай нұсқаулар, өлшем, пішім бар деп бір кі-тапшаны да көрсетті. Бірақ онда білеудей тегіс, шоқпардай түйін болсын деп жазылғанын көре алмадық. «Қоянның бойын көріп, қалжасынан түңіл» дегендей, артельдегі өлшеусіз кесіліп, аяусыз тігіліп жатқан бұйымдарды көріп, көрмегенім қызыл майка болсын дейсіз. Содан бері көк базардың қызыл майкасын өзім де, жолдастарым да кимейтін болдық. Айта көрмеңіз.

1953 жыл.

ШҮЛЕН

«Мешкей» деген жақсы атақ емес. Дегенмен де мешкейдің де мешкейі бар. Олардың бірі түйені түгімен жұтса, енді біреулері керуенді жүгімен қылғытады.

Қайткенде де бірінен бірі қалмайды. Олардың ішінде топтап, тобырлап жеп, ауыз толтырып қарпыта, түйіле-қабына жұтатын қомағайлары бар. Ондайлардың қашанда қол салған жерлері омырылып, орталанып қалады, дос дұшпаны алдында беті ашылып, көр шеңгелін салған жері көрініп тұрады. Мұндайлардың өмірі ұзақ емес, тез келіп, тез кетеді.

Қомағайлар мен мешкейлерді сұрыптап қарағанда Қармақ мал дайындау-бордақылау пунктiнiң бұрынғы директоры Қомпай мен мекеменiң аға бухгалтерi Домбай жоғарыда бiз айтқан қомағай мешкейлердiң қатарына жатады екен. Олар ә дегеннен-ақ таз таулардың ақ бас күшiгенiнше көп асап жiберiп, жегендерi желкесiнен шығып қалды. Оның үстiне мемлекет малына алақаны ашық мырзалар бiраз адамның, бiраз адамның болғанда көңiл жетерлерiнiң ұрты мен мұртын майлап та тастады. Көрiп келген бар ма. күндердiң күнiнде Арал теңiзiнiң қысқы қара дауылындай бiрдеңе пайда бола кетпесiне кiм кепiлдiк берсiн. Сонда Қармақ төңiрегiнде өсетiн кеуректей дауыл жұлып әкетiп жүрсе олардың бiрi болмаса бiрi жанға жалау бола ма дейдi дағы. Бұл тәжiрибелi жiгiттердi қойсаңызшы, олар көмеi бос басшылардың көбiн-ақ баурап, қолға оңай түсетiн заң қызметкерi болса, олардың тамағынан да бiрдеменi жылып еткiзiп өткiзiп жiберуге әзiр тұрады. Қомпай мен Домбай да прокурор Торсықтың қоржынына екi қойдың етiн тығып жiберген едi. Бекер обалы не, Қомпайлар басқаларды да көкiрегiнен итерген емес.

Бiрақ, несiн айтасыз, тексеру тұтқиылдан басталып, қара дауыл қатайған кезде, Қомпай мен Домбайға олар пана бола алды ма, бұлар қазан соққан қауындай пәлегiнен жұлынып қала бердi емес пе!? Сөйтiп қомағай мешкейлер әшкереленiп, бiрақ сылбыр мешкейлер орнында қала бердi.

Бордақылау пунктiндегi бордақылар кеткен соң орындарына Кiрмесов пен Танабаев келдi. Сылбыр мешкейлер осы кезде жаман састы. Бiреуi:

— Ойбай-ау, жылбырап, сылбырап жүрiп тояттай алмай тотидық-ау,— десе екiншiсi:

— Қорықпа, қазан аузы жоғары, таңғы нәсiп тәңiрден. Бордақылау пунктiнiң жаңа бастықтары бiтеу болмаса, қорқытсақ та қолға түсiреміз әлi,— дедi:

Я, сiздерге қомағай мешкейлер туралы айтып, сылбыр мешкейлер туралы үндемей қалудың өзi жөн болмас едi. Сылбыр мешкейлердiң қомағай мешкейлерден кәдiмгiдей ат пен атаңдай айырмашылығы бар. Қомағай мешкейлер қолға оңай түседi дедiк. Ал сылбыр мешкейлер ше? Жоқ, бұлар алысты болжайтын көреген-мешкейлер. Бұлар қомағайлардай емес, теспей сорып, ұзақ жылдар жасайды, етiн жеп, жiлiгiн шағып, сүйегiн мүжiп, сорпасын iшiп те үлгiредi. Сондықтан да Қомпай қатты өкiне отырып:

— Зады сылбыр мешкейлердей теспей сорғаннан артығы жоқ екен,— деп едi. Сол Қомпай да жеуден тәжiрибесi мол батыр ғой, бiрдеме бiлсе керек-тi. Өйткенi мұнда жаңа бастықтар келген соң да сылбыр мешкейлер теспей сорууда. Олар тиын-тебен төлеген болып, мемлекет малын оңды-солды ала бередi, ала бередi. Соңғы үш жылдың iшiнде нақ осы пунктте 329 оқиға болып, бұған 152 адам араласты. Мемлекеттiң 512 қойы, 33 сиыры, 63 жылқысы мен түйесi сол оқиғаның құрбанына шалынды.

Бiр жаман жерi сол — қомағай мешкейлер кеткенiмен осы малды бiрге жескен сылбыр мешкейлер осы пункттi әлi де «ұзағынан сүйсiндiргей» деп сүлiктей сорууда. Сылбыр мешкейлердiң өзi де мансап жағынан ақсап жатқан жоқ, олардың қызметi де түрлiше, жеуi де өзгеше. Көрген кезде, естiген құлақта жазық бар ма, ендi сол тiзiмнен көзiмiз шалып қалғанын айта кетейiк.

Алдымен бордақылау пунктiн соруға бейiмделген халық соты Тәшiмбетов екен. Ол он бес қой алған. Мұны көрген халық соты Тұрмаханов ашуланып келiп, төрт қой сойыс алып, көңiлiн демдеген. Бұларды көрген бал ұстаған бармағын жалайды, дайындау пунктiнiң қызметкерi Кiрмесов «сонда мен неден сорлымын» деп жиырма қойды, бiр сиырды алдына салып қуалап жөнелген.

— Пәле деген аяқ астында,— деген чумаға қарсы кү-ресетiн станцияның қызметкерi Ставский,— егер ондай бiрдеме болса, өзiм қорғап аламын.

Чумадан асқан пәле жоқ, оның да бетін қайыру өз қолымда. Чуманың құртын көрген көз, сезген мұрын сендерге келген пәлені сезбесе кесіп-ақ тастармын. Әкеле бер, бере бер,— деген.

—Ойбай, басқа келген пәледен бастан құлақ садаға. Сенен аяғанымды ит жесін!— деп Кірмесов Танабаев екеуі сыбырласып-сырласып он қойды бауыздап жөнелтті. Мұндай шүлен тарқатып, әркімге сыбаға беріп жатқан жерден мәдениет мекемесінің қызметкерлері құр қалғысы келмеді. Атымызды атамады деп өкпелемесі үшін аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Сауытовтың, сол мекеменің қызметкері Салмановтың ат мініп, атан жетектеп, сиыр айдап кеткенін айта кеткеніміз жөн болмақ.

Қылмыстың қызыл басы қылтыңдап көрініп тұрған жерге милиция бөлімі қызметкерлері де жеткен. Олар қызыл көрген қарғадай бұл төңіректі жағалап жүріп Ділдаев та есесін жібермеген, қосақтап айдап қайтқан. Екі өркеші екі баладай бір түйені жетелей кеткен. Бас-қасының бәрін қалай тізе берелік, мұнда сол ауданның сорпа бетіне шығар жыланқарақтың бәрі де келіп, бос қайтпаған. Бұлардың бағына қарай прокурор да, сот та, милиция бөліміндегі кейбіреулердің де аузы арамдалып ұрты мен мұрты майланып қалған соң қылмысты ашуға дәті шыдамаған. Сөйтіп мемлекет малын талан-таражға салғандар, шүлен үлескендер түк көрмегендей жүріп жа-тыр. Ал қомағайлар болса, жазаланбаған сылбыр меш-кейлерді көріп, бұларға қызыға да, қызғана да қарайды.

—Әттең теспей сорар сылбыр мешкей болмаған екенбіз,— деседі. Бірақ түбінде теспей тынар ма олар. Мес түбі тесіледі де, жегіштер жолы кесіледі де. Тек сол күн ертерек болғай деңіз.

1976 жыл.

МЕКЕРЛІК

Алғашқы танысу екі жақтан бірдей болғанымен, та-нысып алғаннан кейінгіні Миман өзі іліп әкетті. Тіпті Мәкеннің уақыты болмаған күндері Миманның өзі-ақ университетке жүгіріп келіп тұратын болды. Әрине, ол кезде Мекенмен сабақтас жігіттердің біразы-ақ бұларға қызыға да, қызғана да қараушы еді. Қарамағанда ше? Кең балақ шалбарыңды салпылдатып, көктемгі лайды шалпылдатып қыздар институтының есігінің алдында сөлбірейіп тұру қандай! Немесе қыз қасқырып жігіттер жатақханасына салып жетіп келіп тұрған қандай! Әрине, қылмың қағып қыз өзі іздеп тұрса, жігіт басына бұдан артық бақыт, бұдан артық құрмет болады дермісіз.

Бұл желпеңі жоқ жігітті желіктіріп іздеп келіп тұра-тын Миман қыздар институтының студенті еді.

Барған сайын мұнда Миманның келуі жиілей берді. Екі көшелік жерге екі күнде зорға келетін қыздың жазған хаттарынан қосылғанша шыдамай бара жатқан, кү-ңіренген қайғының иісі мұңкіп тұрды. Мөкен Миманнан қарыс жерде отырып, қат-қат хат алып жатты. Өліп барамын, өртеніп барамын, арып барамын, азып барамын деген сөздердің сан алуаны осы хаттарда қайыңнан аққан шырындай созылатын. Оның үстіне Алматыдағы Комсомол мен Гоголь көшелерінің арасы да алыс емес, Миман күніне екі, қаласа үш рет келіп тұрады. Тіпті Мөкен жолдастарымен бір жаққа бара жатқанда да, Миман көкпарға төте қосылған шабандоздай өкпе тұстан, күтпеген жерден сап ете түсетін болды. Жатақханалар мен кинотеатрлардың арасында талай із қалды, ағаштардың түбінде тұрып айтқан талай сөз қалды, талай күз қалды, талай жаз қалды.

Ғашықтың арманы, қайғы-қасреті бәрі де айтылды. Қыз Жібек-Төлеген, Анархан-Хамра тектес ғашықтық аңыздары судай сапырылып, моншақтай шықтардың арасын тас жарғандай айырар Бекежан, Сұлтанбай сияқты сұмпайылар да тұрмастай болып талай сыналып өтті. Обалы нешік, әңгіме арасында, бұларға көбірек кіжініп, көбірек қарғап, тауықша жұлғысы келетін де Миман еді. Ғашықтың кіршіксіз көңілше қалай қаяу салады екен деп таңданатын да, таңырқайтын да сол болатын.

Бұдан кейін ақпейіл Мөкен ақ жарылады.

Сөйтіп жүргенде Мөкен төртінші курсты бітіріп Шымкентке өндірістік практикаға аттанды. Миман құшақ-құшақ гүлмен оны І-ші Алматы станциясына шығарып салды. Болашақ жары елжіреп тұрғанда жігіт те жұмсарып, айрандай ұйып қалды. Миман қайта-қайта хат жазып, өзінің әр қырынан түсірген кескінін жіберіп тұрды. Бірде қырын, бірде қисая қарап түскен суреттердің сыртында: «Сүйсең менше сүй. Миман» деген сөздер алыстағы аңсап жүрген жігіттің көзіне оттай басылды.

Бір күні Миманнан хат келді. Сүйгенім, күйгенім деген сияқты бірсыпыра күйреуік сөздер айтылып болған соң, ол жақында Шығыстың атақты әдеби мұрасы «Мың бір түннің» бірінші томын оқып шыққанын баяндапты: Апыр-ай, адам да осынша арсыздық істейді екен-ау, «Мың бір түндегі» әйелдердің пиғылы қандай жаман, олар маған тіптен ұнамайды. Бетсіздер-ай, күйеулерін қалай түлкіше алдап, тиінше бұлақтайды. Жүрген-тұрғандарының бәрі мекерлік пен сайқалдық...

Тағы да хат, тағы да келді. Миман бұл жолы «жаным» деп бастап, жалынып, жалбарынып аяқтапты. «Уәделі күніміз жетті, мен сағынып, сарғайып жүрмін. Институтты бітіргелі тұрмын. Аспирантураға қалдырып еді, сен жоқ жерде онысы адыра қалсын, арманым өзің...» деген сөздер бар. Бұл махаббат қылын шерткен нәзік сөздер Мөкеннің көңілін көл-дариядай етті. Ол практикадан болашақ жарына алыс болса да арнайы бірнеше келді. Мұны көргендер де, естігендер де «махаббаттың орыны басқа ғой!» десті.

Сонымен Миманның институт бітірген кеші де болды.

Кеште келешек жолдасы ретінде оның қасында Мөкен отырды. Талай жақсы лебіздер естіліп, лепірме сөздер айтылды. Содан үш-төрт күн өткен соң Миман сөзді өзі бастады.

— Мөкен, өмірді бекер өткізбелік. Анархан Хамраны қандай жақсы көрсе, мен сені сондай сүйемін. Ертең ЗАГС-ке барайық.

Мөкеннің көктен тілегені жерден табылды, қарсы болған жоқ. Некелескеннен кейін «Эмгек» колхозында, Миманның үйінде екеуіне арналған үлкен той болды. Бұған күмпиген мантылар пісіріліп, сәбізді шашпа палаулар басылды, қаймақ құйған еккен шайлар қайнатылды. Лагманның бірнеше түрі: да гүнгурман, да тәнмән, да шимән пісірілді. Дутардың сыңғырлаған, тамбурдың даңғырлаған даусы естілді. Көшені күй кернеп, Сәнәм би биленді, Илахун әні шырқалды. «Сен Гулләулла, мен Гулләулла, Гулләулла!» Ай да, шіркін!..

Мөкеннің әлі де бір жыл оқуы бар. Жазғы демалысының аздығына байланысты жолдасымен елге жүруге тілек білдірді. Сөйтіп, июльдің ортасында ол келіншегімен Шолаққорған селосында тұратын семьясына келді. Мөкеннің туған-туысқандары, әке-шешесі оның оқыған қызға үйленгеніне шексіз қуанды. Миман өз тілегі бойынша осындағы орта мектепке мұғалім болып орналасты да, Мөкен аз күн аялдағаннан кейін оқуын бітіріп келу үшін Алматыға жүріп кетті.

Ендігі хатты Мөкен жазатын болды. Бірақ бір жаман жері сол, қанша хат жазып, қанша телеграмма берсе де, әйелі аузын бұғаңдай, жауап бермеді. Сөз жоқ, жанпоз жігіттің жаны қысылды.

Әйелінен хабар болмаған соң Мөкен жақын жердегі енесіне келді. Ол оның қолына бір хат ұстата салды. Онда: «жақсылықты жеткізуге асығамын, январьдың ортасында үйге барамын, жалғыз емеспін, өмірлік жолдасым бар» деп жазылыпты. Хат аяғындағы адрес те басқа. Бұл хабар Мөкеннің төбесінен жай түскендей етті. Анығын біле алмаған, алданған жүрек тар кеудеге сыймады. Мүмкін көре алмаған біреу хатты сыртынан жазған шығар.

Кеше ғана «Мың бір түн» әңгімелерінің кейіпкерлерін жамандап жүрген Миман нақ солардай мекерлікпен Саданбай деген біреумен көңіл қосып, жаңалап топы киіп екінші тойды да жасап жіберіпті.

Бәрінен де өтіп кеткені сол болыпты: оқудағы Мөкенге жіберемін деп үйінен екі мың сом ақша алып, тойының ауыртпалығын көтертіпті, мектептің мұғалімдері де біраз ақшасынан аңқиып қалыпты.

Миман Мөкен Алматыға кете салысымен-ақ теріс жолға түсіп бір күн үйде отырмай, «күшік күйеу» іздеумен болыпты.

Өйткені Мөкеннің қарт әке-шешесі оған ұнай қоймапты. Сөйтіп «жүргенге жөргем ілінер» дегендей, салт басты, сабау қамшылы, біреу түс бола кетіп Алматыға сүмеңдеп еріп жүріп беріпті. Сөйтіп талақ хат алмай тартып кетіпті. Кешегі қуаныш та, жұбаныш та жайына қала беріпті. Өскен орта, тәрбиеленген институт есіне келе қоймапты. Ал, олар бұл жағдайды естігенде бірауыздан: «мұның аты мекерлік» деп шу ете түсіп, бұған заң орындары араласуы керек десіпті. Ал, қазір Миман «күшік күйеуін» ертіп төркінін жағалап жүр деседі.

1955 жыл.

КӨШЕЛЕРДЕН КӨРГЕНДЕРІМІЗ

—Алматы қаласы қанша бөлек?— деп сұрады троллейбус тоқтайтын жерде маған таяу тұрған жас жігіт.

—Атай көрмеңіз бөлегіңіз не? Алматы бір-ақ қала. Трамвайға міне салып, осыдан солтүстікке қарай 7—8 километр жүрсеңіз Алматы станциясы бар, соны шатастырып тұрмаңыз. Оның да қазір қаламен арасы бірігіп кеткен,— дедім мен.

—Мен сіздің сөзіңізге сене алмаймын, мені шатастырмай-ақ қойыңыз, сізден басқа да бір адамнан сұрап білермін,— деп ашу шақырды әлгі жігіт.

—Апыр-ау, кейіп тұрғаныңыз не? Мен сізге жөнін айттым ғой,— дедім мен.

—Міне, қараңыз,— деді әлгі жігіт, бұрыштағы үйдің қабырғасын нұсқап,— мен сізден гөрі мына жазуға көбірек сенемін.

Үйдің қабырғасындағы жазуға мен де қарай қалдым, «2-ші қалалық милиция бөлімі Алматы қаласы» деген жазуды оқып шықтым. Әлгі жігіттің айтқаны дұрыс. Не дерімді білмей қалдым. Бұл мекеме бастығының сауатсыздығы үшін маған ұялуға тура келді. Бұл орыннан кеткенше асықтым. Бұрыла бергенімде бір жолдас кездесе кетті, бір бос уақытың екен, жүр, қаланы аралап, таза ауамен дем алып қайтайық, менің «Алмаастройда» жұмысым бар еді деп жабысты.

—Жүрсең жүр!

Жүріп келіп қақпаның алдына тоқтай қалдық. «Осы еді» деді жолдасым.—Қазақ ССР коммуналдық шаруашылық халық комис сариаты республикалық құрылыс тресі «Алма-Атастрой» деген жазуы бар екен маңдайшасында. Алдымен өз көзіме өзім сенбей қалдым. Анықтап қарап едім, қателеспеген екенмін. Дұрыс-ақ оқыппын.

—Өмірден төрт-бес жыл артта қалған екен,— дедім мен.

—Бұл бұл ма,— деді жолдасым,— бұдан да сорақы-сын көрсетіп берейін, маған еріп жүрші.

Мұндай бір «комиссариатты» Қазақ ССР юстиция министрлігінен де кездестіргеніміз бар. Осы министрлік-тің бір қызметкерін іздеп, кеңседе отыр деген соң осында келдік. Есіктен «Заң халық комиссариатының...» дегенді көрген соң-ақ торығып қалдық. Әлде адасып кеттік пе деп ойладық.

Залда бізге мосқал тартқан қарт адам кездесе кетті. Терлеп-тепшіп, бір нәрсе іздеп жүрген түрі бар.

—Ауылдан келген едім, жаңа ғана осы жердегі бір бөлмеде болдым. Далаға шығып қайта келіп едім, әлгі үйді таппай қалдым. Жаман көзіммен байқағанымда, «көдік-бөдік» деген бөлме ме еді, қалай еді,— ден тоқта-ды ақсақал.

Бұйырмасын, «көдік-бөдіктен» ештеме түсіне алма-дық. Ол кабинетті біз де іздестік, бұл үлкен үйде бірнеше мекеме бар екен. Облыстық сот, облыстық басқарма, арбитраж.

Қай есіктің қай мекемеге қатысы бар екенін кім білсін, есігін ашып, сұрап тегіс аралап жүрміз. «Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мемлекеттік арбитраждың жалпы болими» деген есікке кездестік.

—Мына есік емес пе?— деп сұрадық ақсақалдан.— Мұнда «көдік-бөдік» жоқ, бірақ не мекеме бастығы, не есіктегі жазуды жазған суретші араб, парсы тілінен ха-бардар болу керек. «Советі», «болиминің» делінген. Бірақ әйтеуір мына жазуын ешкім қазақшалаған дей ал-майды.

Тағы бір кабинетке келгенімізде «юстиция министрі Ж. Жұрбаев М» делінген екен есікте.

—Бұл да емес,— деді ақсақал. Осы кабинетке отырғалы Жұрбаев жолдас «Маңдайшаға қараңыз» дегенде қарамағаны белгілі-ақ болды. Өйтпесе өз атының дұрыс-бұрысын көрер еді-ау.

Енді бір кабинетке келгенімізде «осы еді» деп ақсақал ішке кіре кетті. «Көдік-бөдігі» не екен деп есікке қарап едік, «кодификации бөлімі» депті. Яғни жартысы орысша, жартысы қазақша, «Отдел кодификации» деп ойлап «отделін» қалдырып, «кодификацийін» алған да, «бөлімі» деген сөзді жалғай салған. Осыдан барып «көдік-бөдік» шыққан.

Қыдырып келеміз. Демалыс қой, асханаға бара кетейік деп болмады жолдасым. Бағанадан бері маңдайшадағы жазуларға қарап, талай қойыртпақты көрген жолдасымның көзі асхана маңдайшасына да түсіп кетті.

—Бәлі,— деді ол,— асханада тағамдармен қоса қабат сөз де жасалып шығатын болған ба?

Еріксіз мен де қарай қалдым. «Етжәнесүт өнеркәсіп министрлігі алматыетконсерв комбинатының ұлттық тағамдар павильоны» делінген екен. Шынында да сөз жа-саушылар осында екен. Қиыннан «қиыстыруын» қараңызшы. Үш сөзден бір сөз.

Көшеде көргеніміздің бәрін айтып тауыса алар емеспіз. Сонда да тағы бір екі мысал келтірелік. Бір маңдайшада «Алматы горкоопинсоюз системасының «Красный проводник» артелінің дүкені №1» депті. Мұның қазақшасы қайсы екен десек, сөйлемдегі екі сөзге жалғанған ілік жалғауы екен. Мұндай қазақшалаудың бір тәуірін «Пионер» магазинінің босағасынан көрдік. «Баланың да-йын киімдері мақта-қағаздан істелген көйлектер, мақта-қағаздан істелген костюмдер, жүннен істелген көйлек-тер»,— дейді.

Қазақшалаған-ақ екен, шіркін! Қалай-қалай былдырлайды, ә?

Күні бойы көшеде жүргендегі біздің көрген, білгеніміз осы, біз көрмеген маңдайшаларда не жазылғанын кім білсін...

1952 жыл.

ОҚЫМЫСТЫ САУДАГЕР

Қарыс жерді аяғымен баспай, жеке меншік «Москвичінен» түспейтін Павел Петрович Калмаков бума қап бірдемені арқасына көтеріп, Шортандының орта көшесін жарып өтті. Мұндағы жұрт тегіс білетін бұл адамның қара балшық, су болған киімін, өрт өшіргендей тер-леп-тепшіген түрін көрген, біраз бала шулап ере жүгірді. Тек дала ғана ма, бір қызығы бұл күні Калмаковтың артынан есік алдында күн шуаққа арқасын қақтап, мүлгіп отырған мысық атаулының барлығы мияулап еріп, қоғадай құйрықтарын қойқаңдатып, оны өз үйінің шекарасынан өткізіп жіберіп қалып жатты. Мысықтардың ащы тарғыл мияуы кейбір жүйкесі жұқарған әйелдердің ұрысына тап болып қораларға қуып тығылды.

—Мурка құрғыр! Жағыңды қарыстыр: Немене, Павел Петрович тышқан арқалап бара жатыр ғой деймісің? Сонша мәуілдегені несі-ей?!— деген бірер әйелдің даусы да шығып қалды.

Я, тышқан емес екен. Бірақ тұмсығын Шортандының білікті адамы арқалаған балықтың иісі жарып бара жатса, табиғатта иісшіл болып артық жаратылса, оған Мурка байқұс қаншалықты кінәлі! Дегенмен тап берген иелерін көріп үй астындағы жазғы желдеткіштерге сүңгіп-сүңгіп мысықтар жоқ болысты.

Қабын арқалаған Павел Петрович сол тартқаннан тура село ортасындағы дүкенге келді. Пора-пора болған терін сүртуге де шамасы келмеген. Ол кірісімен мұндағы сатушыны адам да демей, арқасындағысын былқ еткізіп тастай беріп, таразыны жұлқып өз жанына тырылдата сүйреп тартып алды. Таразының екі құс тұмсығы шоқыс-қан құстарша кезек көтеріліп Павел Петровичтің қылығын жақтырмағандай тұштаң-тұштаң ете түсті. —Павел Петрович! Сізге не болған?— деген сөз оның құлағына да кіріп шықпады. Мемлекет саудасы жайына қалып, таразы оқымыстының қолына көшті. Сөйтіп ол сатушының қарсылығына, ойбайына қарамастан онымен қатарласа салғыласа тұрып балығын өлшеп сата бастады. Аздан соң тіпті дүкен таразысын сатушыға билетпей біржола алдына тартып алды.

Нақ осы кезде «Павел Петрович балық сатып жатыр!» дегенді естіп, село тұрғындары дүкенге ағылды-ай кеп. Олардың бәрі де мұнда балыққа зәруліктен ыңдынын салып келген жоқ, бірі ғылым кандидатының балық сатумен шұғылданғанына таңданса, екінші бірі шынымен-ақ сол ма екен деп, ал үшіншісі көре кетейікші деп әуесқойлықпен, сайқымазақтықпен кіріп шығып, сапы-рылысты. Бір көруге тұрғындарға мұның өзі қызық та болды. Қызық емегенде ше?! Институттың ғылыми қыз-меткері, оқымысты адам үлкен басына, ағарған шашына қарамай, сауданы ұятсынбай таразыдан тартып алып жатса, мұның өзі қызық емегенде не?! Балық сатуға құ-нығып кеткен Павел Петрович жұрттың көп жиналғанын да байқамай, тіпті олардың өзін тамашалап, келе-келеп кел-генімен ісі жоқ, бармақтай балықтың kilosын 25 тиыннан сатып, қара терге түсіп, қолы дірілдеп, Мольердің сараңындай қалт-қалт етіп таразы жаныңда тұрды. Бұл жерде таразының балықты басын басқызбағандықтан Павел Петрович талай-талай ұрыс та естіп жатыр. Бірақ көнтерілі, кәнігі саудагердей ол оларды елеі қоймайды. Бір ит балық артық шықса жаны бірге шыққандай болып тұрған, қалт-қалт еткен оқымысты саудагердің жанына бағанадан бері осыны көріп, кіжініп тұрған сары әйел келгенде бір шу қайта көтеріліп кетті.

—Алмаймын, таразы тартқан жоқ,— деп сары әйел шынашақтай балықты таразының балық салынған таба-ғына сала беріп еді. Павел Петрович барбиған саусақ-тарымен таразыны бас салды. Таразының гірлі басы қо-қаң етіп жоғары көтеріліп кеткенде әйел шынашақтай балықтың бірін қайта алып, таразыға тағы тастап жіберді. Оны Павел Петрович үлкен саусақтармен теңізден әлдене ілген шағаладай-ақ жұлып алып еді, балығы құрғыр жылп етіп қолынан шығып кетіп еденге сылқ ете түсті.

—Қойшы, құрсын, қызғанғаның қызыл итке, саған-ақ қалсын!— деді әйел әлден уақытта. Жеңілді білем! Ал Павел Петрович бұл сөзді естіп, өзінің үнемшіл саудагерлігіне мақтанып, мұртынан күліп қойды. «Жеңілдің бе, бәлем!» деп тұрған секілді. Балық саудасы қызып, бір шамадан кейін бітіп те кетті. Сөйтіп Шортандыда орналасқан Бүкілодақтық ас-тық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты егіншілік бөлімінің меңгерушісі Калмаковтың бір күнгі саудасы осылай аяқталды. Тұрғындардың сол күнгі әңгімесі, жы-ры да, қызығы да Петровичтің балық саудасы болды. Бірі оның ептілігін, бірі оның браконьерлігін айтып, енді бірі оның әншейін пайдакүнемдігін айтып күлісті. Дегенмен көбі-ақ оның саудаға ыңғайын, қалт-құлт еткен саудагерлігін ешқайсысы да жоққа шығара алмады. Аяқтаған судан балық ұстау оңай емес деп даурыққандар да, қызыл кеңірдек болып қырқысқандар да кездесті.

Япыр-ай, төрт жүз сомды мүсе тұтпауы-ай!

—Япыр-ай, балық аулағышы-ай, өзінің!

—Қанағатсызы-ай!

—Оңай табылған олжа ғой, бұл,— деп тоғыз саққа жүгіртушілер де көп. Ал, Павел Петрович мұның бірін де елеген жоқ, шаршап қалған екен, балық саудасынан

түскен ақшаға сыра сатып ішіп, терлеп-тепшіп ләйліп кете барды. Бірақ бұл жолы оның артынан бағанағыдай мысық біткен мияулаған жоқ, тек көпке дейін сөз еріп жүрді.

1964 жыл.

БҰҚА ФЕРМАСЫ

Красивое селосының тұрған жері жаз айларында әде-мілене түсті. Айналаны раң басқан кезде, село төңкерген тақия тәрізденіп, құлпырып көрінеді. Осы сұлу табиғатты жердегі көктемгі бір картина көзге елестейді.

Май айының орта кезі болатын. Көктемнің жайдары күні көтеріліп, сәске түс болып қалған. Ауа тып-тынық. Ойда-жоқта осы тыныштық бұзылып, ауыл азан-қазан болды да кетті. Әлде бақырған, әлде мөңіреген, әлде айқай, әлде шу. Әлде боран, әлде жел. Не екенін біліп бол-майды. Ауыл үстін шаң басып, ызың-шу, қым-қуыт.

Соның арасынша болған жоқ картина көз алдыңызға іліге кетті. Көшеге қарасаңыз қара құрымдай қаптап кеткен сиыр. Біреулері келіп, ұрғанға да қарамай, сы-нықтау қақпаны сындыра, кимелеп қораға қойып кетіп жатыр. Сонау беткейден тағы шұбырып қаптап келеді. Басы-көзі қан-қан бұқалар.

Оқиға былай. Мұның бәрі бойдақ сиыр. Мына қырат-сымақтың үстінде жайылып жатыр еді. Бақташысы да жоқ емес. Кешеден бері екі бұқа сүзісіп, бірін-бірі жеңе алмай ерегісіп жүрді. Қазір соның бірі екіншісін жеңіп, үстемдік ала бастағанда тана-торпақ жеңген бұқаға болысып, жеңілгенді қуып берді. Селоға андағайлап келген бұқалар бірі дуалды сүзсе, екіншісі үйді мүйіздейді. Сөйтіп, көше әптер-тәптер болды.

Ауыл шаруашылығы артелі председателінің мал ша-руашылығы жөніндегі орынбасары Селезнев түнгі ұйқы-сынан жаңа тұрып, үйінен далаға шығып еді. Оның ұй-қысы әбден қанған екен. Көздері көшедегі көп бұқаға түспей қоймады.

—Мыңғырып жатқан мал деген осы. Қандай жақсы көрініс. Анау жерде бұқа, мына жерде торпақ, тайынша-мыз тағы бар. Іргесінде малы, көшесінде шаңы. Па, па, па... шіркін-ай!—деп масаттанды ол ішінен.

-Oh, сайтан алғыр,— деп ойланды ол тағы да, — мен бұл малды он жылдай бағамын, сөйтсе де бір рахмет жоқ. Өзі Ақмола облысындағы, ақылды кісімсіп анау зоотехник Әлмағамбетовті қара, сүтті аз аламыз деп қыңқылдай береді. Ал осыны біле отырып, аудандық совет атқару комитетінің председателі Үкітаев та үндемейді. Үкітаевтың үндемегенінде Әлмағамбетовтің шаруасы не? Осы өзіміздің председатель болып келген Гнатюк те аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде отырып, ештеме демеп еді...

Оның ойлағандары осындай нәрселер болды. Ал ойламағандары мыналар:

Колхозда жоспар бойынша бірінші октябрьге 3298 сиыр малы болуы керек еді, одан қазір қолда бары 2466. Мұның өзі де даулы. Зоотехник 2472 дейді ал бас бухгалтер Гаус 2466 дейді. Қай есеп дұрыс? Қайсысына сенеміз? Әлде бухгалтер алты сиырды ада болдырғысы келе ме? Осынша сиыр малынан есеп бойынша сауылатыны 603 қана. Биыл күніне бір сиырдан екі литрден сүт сауылды. Қазымыр екен демей-ақ қойыңыздар, екі литр сүтті ешкі де береді ғой. Олай болса, Селезнев баққан алты жүз сиырдың орнына алты жүз ешкі ұстаған көп пайдалы емес пе? Ең болмағанда ешкіні жылына бір рет қырқып қылшығын, түбітін алуға болады ғой. Оған жем-шөп те көп шығын болмайды. Карайғанды қағып кететін сиыр емес.

Тағы ойламағаны тағы бар? Он жылдан бері осы ша-руашылықтың малын басқарып келе жатқан Селезневқа, бұрынғы аудандағы, қазір ауылдағы бастық Гнатюкке, үндемес Үкітаевқа, колхоздың басқарма мүшелеріне тағы бір есепті көрсетейік деп отырмыз.

Барлық сиырдың сауылды-ау дегені алты жүз болды. Ендігі жылы тоқтап, оның арғы жылы туады-ау дегені, оның арғы жылдың оның арғы жылы туатын болу керек дегені, басқа болмаса да бұқа жетеді, ғұмырында бір туар дегені — барлығы 850 болды. Мұны аты жүзге қосып қойыңыз. Ал ендігі 1013 бастың барлығы сауып сүті, көріп пайдасы жоқ, бағанағы бұқалар.

Бастан-аяқ цифр болып кетті десеңіз де тағы бірін айтуға тура келіп тұр. Өйткені цифр деген факті ғой. Осынша сиыры бар фермадан былтыр бар болғаны 12 мың сом табыс алынды. Мұнда пайда шаш етектен болмай, белшесінен зиянға батты. Фермада 203 адам істейді. Олар 130 мың еңбеккүн тапқан. Колхозшыларға бір еңбеккүнге 94 тиыннан ақша, 2,6 килограмнан астық берілді. Есептеп шығара беріңіз, ферманың бір жылғы жұмысынан қоғамдық шаруашылыққа келген бір тиын пайда болған жоқ. Ал бұл жағдайды колхоз басқармасы әлі есептеп көрген емес. Талай жылдан бері-ақ осындай. Әлі есебіне жете алмай жүр. Сонымен: «пайдаң пайда, қара сиыр қайда?» дегеннің кері келгенін көрмедіңіз бе? Бірақ оны ешкім әзірге жоқтай қойған жоқ.

Шынтуайтқа келгенде барлық сиырдың екі мыңдайынан колхоз биыл да, былтыр да бес тиын пайда көрген жоқ. Пайдасы сол, оқыралаған кезде құйрығын шаншып, көздері алайып, ара-тұра ауыл үстін шаңдатып, көгалды қисыпыр етіп, Селезневтің көзіне бір көрініп кетіп тұрады.

Ішіп сүті жоқ, көріп пайдасы жоқ, бұқа фермасы деген осы болады!

1953 жыл.

БОГДАНОВ ДЕГЕН БІРЕУ БАР...

Санаторийге ауданнан өкіл келді. Жай келген жоқ, ішкен-жегенді, алған-бергенді тексере келді. Өкілдің қолындағы арызға қарағанда республикалық санаторий «Каменское платоның» тігерге тұяғы, үзерге алмасы қалмаған. Арыз бойынша алған-берген, кіріс-шығыс, жүрген-тұрған, бар-жоқтың бәрінің есебі алынған. Санаторийде бір сау адам жоқ: бәрі арамтамақ, бәрі ішеді, бәрі жейді делінген. Қысқасын айтқанда арыз берген кісіден басқаның бәрі жаман болып шыққан. Я ұмытылып бара жатқан бір нәрсе бар — қолының жымсымасы, құлқынының кеңдігі білініп қалып жұмыстан шығарылған бі-реулерді «жақсы еді», «сабы алтын» еді деген.

Арыз тергеле бастады. Жұмысшылар, қызметкерлер тегіс шақырылды. Арызда көрсетілген нәрсенің бәрі мұқият тексерілді. Арыз анықталмады. Өкіл ауданға қайтып кетті...

— Тағы өкіл келді, — деді кеңседен келген кісі.

— Қайдан, не жұмыспен келген?

— Облыстан. Арыз тексере келген. Бәріңді шақырып жатыр.

— Арыз берген кім?

— Аты жоқ.

Нақ бұрынғыша қайта зерттеу жүргізілді. Арыздағы сөз тағы анықталмады...

Санаторийдегі жұмыс тағы қызу жүре бастады. Осындай қызу жұмыс үстінде тағы бір жайсыз хабар естілді. Кеңседен келген кісі:

— Арыз тексере кісі келді — деді.

— Қайдан?

— Министрліктен.

— Арыз иесі кім?

— Богданов.

— Осы арыздың бітер күні болар ма екен бір тыныштықпен қызмет істетпеді, — деп ренжіді санаторийдің қызметкерлері. Олар қабақ шытқанмен амал қанша, арызды тексермеуге бола ма? Тексергенмен нәтиже шықпады...

Енді осымен бітсе игі еді,— деп тілек білдірісті көпшілік.

Өз қолыңда жоқ нәрсе, ойлағандай бола ма? Арызы құрғыр бітпеді. Қайдан біте қойсын: «домалағы» да, аузы-аяғы бары да көбейіп, алды тексеріліл біте бастағанда артқысы жоғары орындарға топылдап, түсіп жатты. Тексеру бола берді, комиссия келе берді, ұшы-қиыры жоқ... анықталмаған арыз иесі де шақырылды.

—Арыз кімдікі?

—Баяғы Богдановтікі.

—Әйтеуір Богданов деген біреу бар, құлақтан қиқу кетірмейді,— десті қызметкерлер.

Өкіл сөз бастады:

—Сапырылысып жүргенімізге бірнеше ай болды. Арыздан ешнәрсе анықталмады.

Енді кімді шақыр дейсіз? Өзіңіз айтқан кісіні шақырайық.

—Ребровты, Мұрынбаевты, Мерсиді неге шақырмайсыз?

Бұл адамдар ұрлығы, тағы басқа әртүрлі қолайсыз жағдаймен басқа жаққа, басқа қалаларға кеткен болып шықты. Тиісті документтер әкелінді. Бұдан кейін тексерушімен арызқойдың арасындағы сөз былай болды:

- Бас дәрігер мемлекеттің мыңдаған сом ақшасымен үлкен сарай салды дегенсіз.

—Мұным анықталды ғой.

—Я, анықталды. Сарай орнында екі шаршы метр жерде тауық күрке бар екен. Ол өз қаражатымен салынған. Оның жүз қазы бар, оны санаторий есебінен жемделеді дегенсіз.

—Я, я.

—Санадық, он шақты екен.

—Мен санағаным жоқ.

—Енді қалай жаздыңыз?

—Солай шығар деп ойлап едім...

—Айтыңызшы, бас дәрігер арақ ішеді дегенсіз,

—Ішеді, ішетін болуы керек.

—Соңғы рет қашан ішті?

—Есімде жоқ. Айтқандай мейрамда ішкен шығар...

Бұл тексеру аяқталған соң екі-үш апта тыныш болды. Бір күні тағы бір тексеруші келді. Бір тәуір жері, бұл жолғы арыз Богдановтікі емес, оның әйелі Хабаджидікі. Үлкен арыз. Талай жерге жазған. Тексеру тағы басталып кетті.

«Жақсыны көрмек үшін» деген ғой, осы шамадан тыс ақ жүрек болып, арызымен елге жұмыс істетпей жүрген Богдановты оқушыға таныстыра кетейік.

Богданов баяғыда медициналық дәрігер болатын. Дипломы да бар. Қырағылығын жоғалтқаны үшін пар-тиядан шығып қалған. Сөйтіп жүріп жел аударған қаңбақтай Алматыға келіп, одан осы санаторийге орна-ласқан. Анкетті кім ашып көре берсін, дәрігерлікті місе тұтпай, «жағалап жүрсем мен жемей кім жейді» деп шаруашылық қызметке ауысқан. Онысы ойынан дөп шықты. Қазір санаторийдің алма бағының ортасында тұ-рады. Керек десе бұл жерге демалушыларды да жібермей қояды. Алма-тының ауасы жалғыз өзіне аз болатындай көреді. Жан-жағын жалғыз жайласам дейді. Санаторийді демалушылар үшін емес, өзі үшін ұстап отырғандай санайды.

Күнде арыз беріп жүрген ақ жүрегіңіз санаторийдің төрт атын таудан құлатып өлтіріп, әлі «көргем жоқпен» келеді. Шаруашылықтың басында жүрген болып, ашық жердің бәрінен огород салып ала береді. Нақ күні бүгінге дейін 19 учасктоке огороды бар. Осы огородты күніне бір айналып шыққанша, күн де батып кетеді. Ал түні арыз жазу-мен өтеді. Көріп отырған шығарсыз, өзі айналдырған 24 сағат уақыттың, мемлекеттің жұмысын атқару үшін несі қалды? Ол бригадир болып істейтін учасктоктегі жұмысшы-лардың бірінен Богданов туралы жақсы пікір естімейсіз. Бәрі де: «көрмегеніміз Богданов болсын» деседі. Тіпті ол айтты деген кейбір сөзді естігенде аза бо-йыңыз қаза болады...

«Жұқпастың жұбайы өзіне лайық» дегендей, Богдановтың әйелі Хабаджи де арыз жазудың неше түрлі тәсілін үйреніп келеді.

Соңғы арызында ол Алматыда тұратындардың барлығын жамандай келіп, маған қызмет бермейді деген. Ал шынына келгенде, оған жұмыс берілген, бұйрық та болған. Тіпті өзі қалаған жұмыс. Бірақ 19 жерге салған огородты қарап күтуден қолы тимейтін болған соң, ал партия мүшесі бола тұрып, партия ұйымының тапсырған жұмысынан бас тартқан.

Ерлі-зайыпты арызқой 19 огородтың төңірегінде қазір де жүріп жатыр.

-Санаторийдегі жол асфальттанбаған деп жазғанымды көне, анықталмады деп көріңізші,— деп Богданов орнынан атып тұра келеді.

Оған біз мына жауапты ұсынғалы отырмыз:

— Дұрыс. Бұл анықталды. Егер Алматының тауында жабайы алма, өрік өседі, жаз бойы тау басынан қар кетпейді деп жазса, сөз жоқ, бұл да анықталады. Айтып айтпай немене, тексере келе Богдановтың 105 бет арыз жазғаны да анықталады. Оның анықталмағаны да анықталады.

1953 жыл.

ҚАНТ ҚАЛАЙ САСЫДЫ?

Дайын өнімді жөнелтетін қойма жанындағы қант зерттеушілер ойда-жоқта әбігерге түсті де қалды. Олар өз көздеріне өздері сенбей нелер жіті көзбен, бадырақ көзбен қарап шақпақ қанттың құрамынан бөтен ештеме таба алмады. Ал бірақ қантта бір жаман иіс бар. Қант сасып кетіпті! Жаманат шіркін жата ма, әп-сәтте бұл суық сөз Жамбыл қант комбинатының барлық цехтарын, бұрыш-бұрышын, қуыс-қуысын тегіс аралап, алып-ұшып жөнелді. Қейбір өсек құмар ауыздар жыпылдап, сampsылдап қант комбинатын он көшіріп, он қондырды.

— Ойбай, қант сасып кетіпті! — дескен біреулерге байырғы жұмысшылар салқын қанмен:

-Қой, жаңылма, о заман да бұ заман қант сасығанды кім естіпті, мүмкін қызылшадан шыққан сығынды ма, жуынды ма, бірдеменің ісімен шатастырып жүрген шығарсыңдар, — десті. Дегенмен де осы бір суық сөз комбинат ішін қыста соққан борандай алай-түлей ұйт-қытып жіберді. Аз-ақ уақыттың ішінде жұмысшылар әр қайсысы өздерінің жұмыс орнын зерттеп, қант сасуға қатысы болады-ау деген күдікті жердің бәрін қарап шықты. Ондай ештеме көрінбейді. Бірақ «қант сасыды» деген сөз бәрінің де жанын жегідей жеп, намыстарын келтірді, зығырданын қайнатты. Намыстанбай қайтсін, есігінің алдындағы итіңді біреу жамандаса намысың келеді, ал еңбегіңді сіңіріп, қолдан жасап шығарған өнім оның жанында іштен шыққан балаңдай емес пе? Япыр-ай, мұның өзі қалай болды? Сасыған нәрсеге тұз себуші еді, әлде қантқа тұз қосу керек шығар?

Колхоз-совхоздардан қызылша түсіп, тазартылып, өңделіп, одан құм шекер, одан шақпақ қант болып жасалғанға дейінгі еңбек процесі тегіс тексеріліп, қуыс-құбырлар, күбі-күбіжіктер күмәнмен тағы қайта қаралса да ештеме табылмады. Ақыры қанттың сасу себебі оп-оңай сезілді. Оған комбинат та, оның жұмысшылары да кінәлі емес, бәленің бәрі түп-тура қант орайтын қарала қағазда екен, Қомбинаттағыларша шықпа жаным, шықпа деп қорқақтамай дұрысын айтсақ: оған ең алдымен Тамақ өнеркәсіп министрлігінде отырғандар кінәлі болып шықты.

Қант орайтын қарала қағаз бұрын орталық қалалардан әкелініп жүруші еді. Содан енді бұл қағаз өзімізде басылады дегенде комбинаттағылар бөркін аспанға лақтырып қуанысты. Оның басты себебі — «алысқа қарап ауызды ашып отырғанша жақыннан тамтұмдап болса да уақтысымен алып отыратын болдық деген-ді. Алыстан күткен соғымнан жанымдағы қасап деген-ді. Бірақ не керек үміт үзілді. Алматыдан келген қарала қағаз баспадан қою бояумен баттаса басылған екен. Шамадан артық берілген бояудың күлімсі иісі қантқа шауып, ақ қантты сарғайтып, сасытып кеткен.

Сөйтіп, жақыннан күткендегі жай осылай болды, қант сасып кетті, орындай алмаған жоспар бастан асып кетті.

—Жағдай түзелер, — деп үміттенді комбинаттағылар. Үмітсіз сайтан. Бірақ, іс оңға баспады. Өткен жылдың екі айының әрқайсысында он күннен жұмыс тоқтап тұрды. Ол да баяғы сасық қағаздың сағынтуынан болды. Былай қарағанда көзге ілмес нәрсе сияқты, бірақ одан келген зиянды есептеп көріңіз, бастан асып кетеді. Тамақ өнеркәсіп министрлігіндегілер өкпе айтып жүрмес үшін атап-атап айтып берсек те болады. Өткен жылы январьда бұл қағаз сегіз күн болмай қалды. Апрельде он күн, майда алты, июньде сегіз күн жұмыс тоқтап тұрды. Ал октябрь айы қант ораушылар үшін тіпті қиын болды, бұл айда сау қағаз түгіл, сасық қағаздың өзі де көзден бұлбұл ұшты. Жұмыс ай бойы тоқтады. Қағаз ноябрьдің он бес күніне жетті де қалған күн ауызды Алматыға қарап ашумен ада болды. Декабрь де оңған жоқ, оның алты күнінде қол қусырып отыруға тура келді. Сөйтіп орта есеппен алғанда шақпақ қант заводы екі мың бес жүз центнер қантты мемлекетке бере алмай қалды.

Мүмкін ұлан жыламай ештеме ұсынбайтынындай бұл күндері завод ешкімге қыңк етіп ештеме білдірмеген шығар? Атай көрмеңіз, олар атап-атап телеграммаларды үсті-үстіне жөнелтіп жатты. Тіпті жалынып-жалбарынып та көрді. Бірақ сөзге шешен, іске мешел Өтемаев қант орайтын қағаз жібертудің орнына «жоспарды орындау керек!» деп тамақтары жыртылғанша телефонмен айқайлады. Қалалық қант комбинатында бір күні шеге жоқ, бір күні қап аузын тігетін жіп жоқ, әйтеуір Тамақ өнеркәсіп министрлігіндегілердің көзінің оң қыры бір түспей-ақ қойған еді. Соңғы күндері Өтемаев көңілі қатты босап, ішіндегі төрешілдіктің мұзы еріп, мейірі түсіп кетіпті. Неше айтқанмен көктем келе жатыр емес пе? Бұрын қант сыртын байлайтын ленталар да келмей әурелеуші еді, енді оны тоғыздың тондығына жеткізді. Оның ықыласы түскені сонша Жамбыл қант комбинатын екі жылға жететін лентамен шырмап тастады. Несі бар, бірде аштан өлдім, бірде астан өлдім деген осы дағы!

Ал қарала қағаздың жайы биыл қалай? Январда жұмыс тағы жеті күн тоқтап қалды. Биылғы қырсық осымен кетсе игі еді деп жұмысшылар «кет, пәлекет» деп ұшық-ұшық айтып отырғанда февраль айы да нақ осылай басталды. Бәрі де баяғы қант орайтын қағаздың кесірі. Қағаздың айы өтіп еді деп комбинат елу бір миллион данасына заказды бір-ақ берді. Соның алғашқы төрт жүз мың данасы февральда келіп те қалды. Жұмысшылар оған қатты қуанды. «Енді жоспарымызды бір орындап тастайықшы!» десті. Қырсық бір айналдырған соң болмайды екен, жаңа келген қағаздың бәрі де тағы да қант сасытып, баттасқан бояу болып шықты. Амал нешік! Өтемаевқа тағы телеграмма берілді. Мазалай беру жақсы деймісіз. Дегенмен жұмыс тоқтап қалып ба-ра жатқанда Өтемаев түгелі одан зорға да қарауға бола ма? Қантты тәтті, оның жұмысын ащы, жайбарақаттықты жақсы көретін кейбір жолдастарға маза бермей, әй осы қарала қағаздардың да қорлығы өтті-ау- Айтып айтпай не керек, бәрі сол қантты сасытатын қарала қағаздың кесірі!

1960 жыл.

АҚАДЫРДАҒЫ АЛДАМШЫ

Ақадырдағы осы бір үйдің алдынан адам да, мал да арылып көрген емес. Пысылдаған сиыр, қорсылдаған шошқа, қиқылдаған тауық, қоңыраулы серке, қозылы қой бәрі де көз алдыңыздан өте береді. Аздан соң олар бауыздалып, бірінің санынан, бірінің қолынан базарком-ның көкала мөрі басылып, жіліктеніп, мүшеленіп, жөнін тауып кетіп жатады. Ал дәрігерді ешкім жоқтай қой-майды. Талай мал осылай жайғастырылып, жұтқыншақтан өтіп, түпкі бүйенге барып жетеді. Аздан соң осы үйден біреу шығады. Арығыңды, семізіңді, ауруыңды, сауыңды айырып беріп жатады. Мықтының өзі осы деседі тұрғандар.

Бұл — аузынан шыққан сөзі дуалы Мақұлбеков деседі.

Мақұлбековтің екі аты бар, бірі туғанда құлағынан тартып әкесі айғайлап, азан айтып қойған аты — Атабек, екіншісі Ақадырдағылар қойған аты — Айболит. Оның атын да, фамилиясын да Ақадырда ешкім білмейді. Айболит екенін айтсаңыз болды, жұрт шетінен шулап, үйіне дейін көрсетіп береді. Әрине, доктор Айболит деген атақ алу оған оңайға түскен жоқ.

Ең алғаш «Егінбұлақ» колхозынан келгенде ол осы төңірекке жеті жылғы көтеремді тұрғызатын, сиырдың «қара санын», бұзаудың тазын құдайсыз жазатын «атақ-ты» дәрігер келді, хайуанаттарды емдегенде оның өзі Ай-болиттен бір былай емес екен деген лақап таратты. Осы әңгіме ел құлағына еркін жеткен соң, көп кешікпей оған бір адам ілмиген тайыншасын жетелеп келді. Тайынша шегірткеге қарсы қолданылатын умен уланған екен. Оның бұйрығы бойынша тайыншаның құйрығын қайырып байланды. Сонан соң жерге тарс жығылып, тыпырлап жатқан тайыншаның төрт аяғы бүрістіріліп буылды. Та-йыншаның жағы ағашпен керіліп тасталды. «Ал енді ем қолданылады» деп жұрт үміттеніп тұрды. Бірақ нақ осы бір шақта жеті атадан бері келе жатқан сүтті шелек осы жерге де жетті. Керілген ауызға шелектеген сүт сарыл-датып құйылды-ай келіп.

- Ойбай-ау, мұндай емді өзіміз де білуші едік,- дейді мал иесі. Сонымен тайыншаның аузына үш-төрт шелек сүт құйылды. Тайыншаның іші кеуіп қампайған қарнын көтере алмай, көзі аларып жатты. «Дертке дерт қосып берер жаман бақсы» деген осы екен, улағанның үстіне садыра деген ауруды жамап алып, тайынша бір апта жатып, сары ала жамбастанып әзер тәуір болды. Мақұлбеков осы тайыншаға танытқан емі үшін жұрттан Айболит атын алды.

—Ой, шіркін Айболит!— десті жұрт.

Бірнеше күн өтіп, тайынша жөніндегі Айболит емінің айту қызығы басылған кезде Айболиттің қызметі өзгеріп шыға келді. Айболит атақ бетіне шіркеу болып, Айболит-тің есік алдындағы мал базары тарқап бара жатқанда ол Ақадыр поселкесінің базаркомы деген атақ алды. Кешегі көз алдында тарқап бара жатқан мал иелері қайтадан Айболиттің төңірегіне топтанып, оны салмақтай бастады.

Базарком! Әкелінген нәрселердің бәрі оның көз алдынан өтіп жатады. Қызығады. Нәпсі қиын ғой шіркін, қызығып көзі тұнады. Жұлып кетеді, алып кетеді. Қаға берісте, қалтарыста мал иесінің көзін алдай беріп, ішек-қарындарды, бүйрек-сирақтарды жытырып кетеді. Көріп қойса ойнадым дейді. Сан еттер, қол еттер, жұмыршақ, жарты жіліктер, бүтін борбайлар дорбаға түсіп, базар-комның үйіне жөнелтіледі. Айболит қазаны майлы қазан, сорпа-сусыз болмайды. Дүние бір пұлдан дегендей, соғым соймай-ақ, өстіп жүріп оның ұрты мен мұрты май болады. Кешке Айболит үйге келіп, жылтылдаған қазан астындағы отты, бүлкілдеп қайнаған етті көріп көңілі қош болып қарнын сипап жатады. Аузына осы бір сәтте мына бір өлең орала береді. «Бидайдың барар жері шанақ екен, адамның ең жақыны тамақ екен...»

Айболит осындай базарлықтарға кенеліп, ішкені алдында, ішпегені артында жүргенде өзіне тағы бір лауа-зым жамап алды. Ол базардың ақша жинаушысы делінді. Айболит қыруар ақшаны қолымен ұстап, оң қалта, сол қалтасын тығындай түседі. Өзінен артылған азғантайы ғана банкке өтеді. Осылай сығымдап жүргенде «Мың бір түндегі» Шаһмаранның бал құдығындай ақша табудың мол қорының көзі ашыла кетті. Қайтадан мал дәрігері болып өзгеріп, Айболиттей атағы жер жарып берді. Тек ақадырлықтар емес, Ақадыр жол бөлімшесінің тұрғындарын айдап та, алдап сорып жатты. Әрине, теспей сорды.

Әуелгіде ол Ақадыр поселкелік советі председателі Ақайдың аузын алды. Ағай екенсіз, ала болмайық деді. Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп дегендей, менімен тату болсаңыз, сорпа-сусыз, майлы құйқасыз, арақ-шарапсыз бола қоймассыз деді. Ағасының да көмейі бостау ма қалай, тез көне кетті. Тілімсіз жазықты, күні бүгінге дейін ол Айболиттің көңілін қалдырып көрген емес-ті. Айболит десе-ақ аңқылдап, лақылдап, сабадағы қымыздай тасып төгіледі. Мөрін де, барын да соғып береді.

Ара-тұра ағасы да ақылын айтып қояды. Әйтеуір арандап қалмайық дейді. Ағалық ақылы ғой, шіркін, жөн-ақ қой. Ағасына сенімді болып алған соң Айболиттің жұлдызы оңынан туды. Бұрынғы бұрынғы ма тәйірі, Айболит көнек болып кетті.

Айболит Ақадыр участоктік мал дәрігері болып өзгергенде елдің малын сатуға, союға ұзың-ұзын актілер жасап, анықтамалар бере бастады. Қиғаш-қиғаш қағаздарға ирек-ирек қолдар қойылып, көкала мөрлер сарт-сұрт басылып, оңды-солды жіберілді. Ауыл ағасы сақал сипап мұны растай береді. Бұл анықтама әрбір адамға онша арзанға түспейді. Айболит әрқайсысынан бес сомнан қаржы қағып отырды. Анықтама керек болған соң мал иесі қиналса да бес сомын бере салады. Күніне мұндай талай көк шолақ оның қалтасына сүңгіп кетеді. Там-тұмдап оны ол жолдастарымен бөлісіп те отырады. Ол берген анықтама былай болып, бір сортты келеді: «Еті жеуге жарамды. Рұқсат етемін. Мал дәрігері Мақұлбеков». Аяғына алты ирек қолын қояды.

Оның ең жақындары құлағы қызарғанша, тамағы жыртылғанша керісетін саудагерлер. Адал, арамы белгісіз етті сатып кәсіп істейтін алыпсатарлардан анықтаманы аямайды. Сонан соңғы тату адамы юрист Ұйықбаев. Ол екеуінің татулығы екі килограмм етке таластан басталады. Әдетінше, анықтама бергендігі үшін жеке адамдардың сойып сатқан малынан ең аз дегенде қолүздік алып отыратын Айболит біреудің сатқан тайыншасының басын кішіркеніп алмады да, екі килограмм сан етін шапқызып қойды. Дәл осы кезде ойда-жоқта осында юрист Ұйықбаев келіп, әлгіні алмақшы болып, таласып, тартысып қалды. Айболит те беріспеймін-ақ деген еді, анау юристігін алдына тарта қалған соң өзі сау емес адам, сескеніңкіреп қалып, жібере салды. Кейін екеуі ауыз жаласып кетті. Қазір Ұйықбаев Айболиттің үстінен түскен шағымдарға сенімді арашашы болып алды.

Айболитке бірнеше мекемедегі ашық ауыздар бес-алты жылдан бері алпыс сомнан ақша төлейді. Бұл не десеңіз, ашық ауыздар «шартымыз» бар деседі. Сонымен Айболит жата береді. Ақша келе береді. Мұны көрген жұрт «Айболитті құдай жаратқан, келіп жатыр, алып жатыр» деседі. Ал Айболит төрінің алдында шалқасынан түсіп, қарнын сипап өлеңдетіп жатыр: «Адамның ең жақыны тамақ екен!..»

— Япыр-ай, алдамшы-ай!

1953 жыл.

БАҚАЙ ЕСЕП

Алматыда есепке жүйрік адам көп болғанымен, бақай есепке келгенде соның барлығы да «Кілемші» артелінің ағасы Пекарьға жете алмайды. Жеткеніңіз не, жақын да келмейді. Оның өз айтуына қарағанда студент атаулыны аузына қаратқан жоғары математиканың Алматыдағы, Алматыдағы емес-ау, Қазақстандағы дәйлері Оразбаев, Персидский, Жәутіковтер де оның жанында жіп есе алмайтын болса керек.

Бірақ соңғы кездері өткір қырғышымен қазанның түбін тесіп алды ма, әлде жас келейін деген соң есебінен жаңылды ма, Пекарьдің қызыл иті қыңырттап, ісі бір оңға баспай-ақ қойды. Бір кездегі тықыр кілем, түкті кілем, жібек кілем, қалы кілем дегендеріңді артель тоқып, одан іс оңалмай кері кеткен соң, әр түрлі бұйымдарды істеуге әуестеніп еді. Алғашқы кезді қойсаңшы, шіркін. Пайда шаш етектен болды. Жартысы боялып, жартысы боялмаған бір тартар қиық орамалдар да, бір-бір жапырақ бөкебайлар да Алматы магазиндеріне түсіп, қаздай қалқып жұрт қолында кете барып еді. Магазиндерге ала теңбілденіп, әлеуекеш шұбарлап тек не апармап еді, бәрі де әп-сәтте сатылып кетіп жатты. Біреудің басынан, біреудің қолынан, біреудің мойнынан бір-ақ көрініп қалды. Дәндеген жаман екен, аздан кейін екі бұрышына бояуды екі сүйкеп, ортасына бір сүйкеп, орамалдарды алабажақтандырып жөнелте берді. Жеңіл еңбек, арзан қолдан шыққан бұл орамалдардан түскен олжаны айтпаңыз.

Басы Пекарьдің өзі болып «прогрессивканың» астында қалды.

Бұл олжа апта бітіп, ай өткен сайын көбейіп, шамадан тыс шарықтап кетті. Мұның да өзінше сыры бар-ды. Сыры болғанда ол баяғы бақай есептен келіп шықты. Мысалы, артикульдің цифрын бір санға қысқартса болды, оның бағасы үш сомға, не бес сомға, кейде келісіп кетсе, одан да көп артып кетеді. Мұны сонан соң мыңдаған бұйымға шағып көріңіз. Ақша дегеніңіз аяқ астында туып, шытыр-шытыр еткен көкала қағаздар өз-өзінен алдыңызға көлденең тарта береді. Бірақ үш-төрт жылдан бергі осы бір арзан олжа соңғы кезде ашыған сүттей іріп, бояуы бұзылып жүріп берді.

Я, алдымен бояу бұзылды. Өйткені шығарған өнімді сатып алып кеткендер екі-үш күннен кейін қараса, түрі өзгеріп, көнетоз тарта береді. Қызыл орамал сарғайып, сарысы бозарып, бозы ағарып, талдың күзгі жапырағын-дай түрінен айырылып қалады. Әсіресе мұндай орамалмен бет-аузыңыздың терін сүртуші болмаңыз. Терді сүрттіңіз — бітті. Цирктердегі масқарапаздардай қызыл мұрын, көкала бет болып, тотыша құбылып шыға келесіз.

—Кеше мынаны жасыл деп алып едім, бүгін көгеріп кетті.

—Кеше қызыл деп алып едім, бүгін ағарып кетті,— деушілер магазинге келіп дау шығара бастады. «Казга-лантерейторгтың» Алматы базасы мұнда не пәле бар деп мемлекеттік сауда инспекциясынан адам шақырып, тек-серіп кеп қалды. Базардағы жалпы сомасы миллион сом-ның бірінші сортпен шығарылған он жеті мың бұйымы түп-түгел брак болып шықты. Мемлекеттік стандарт бұ-зылып, оның есесіне бағасы артық қойылып отырыпты. 707 артикульді жібек бөкебайға 706 артикуль қойылып, әрқайсысының бағасы 3 сом 30 тиыннан 4 сом 20 тиынға дейін артып кеткен. Осы жолмен қиық орамалдардың бағасы да қисая көбейген.

Август айында бұл тексеру Алматы универмагында да жүргізілді. Үш жүз мың сом-ның алты мың бұйымы бадырайған брагымен магазинге жөнелтілген. Лабораторияға салып, бояудың анализін алып жібергенде, «батик» деген әдіспен боялған бұйымдардың бәрі жарам-сыздығы ашылып қалды. Бұл кемшілік кілем мен кілем-шелерден де табылды. Мұны шығарған да баяғы «Кілемші» артелі. Байқасақ, мұның бәрі бағанағы Пекарь мен төңірегіндегі бояушылардың ісі екен. Зерттей келгенде мұның өзі бояушылық емес, көзбояушылық екен.

Мемлекеттік сауда инспекциясы бұл брактарды сатуға тыйым салды. Осы жерде көзбояушыларға да бір адвокат табылды. Ол қалалық кәсіпшілік советі басқармасының председателі Пахомов болатын. Пахомов Пекарь сияқты көзбояушыға тыйым салудың орнына, оның сөзін сөйлеп, сойылын соғып мемлекеттік инспекцияға хат жазды: олар бояудың басытқысын баса-баса салатын болды, енді шығарған бұйымдарының бояуы бір жыл түгіл, бір ғасыр тұрса да кетпейтін болды дейді. Тіпті аяғын ұшынан басып талай мекеменің есігін де ашты. Бекер обалы не, бұл кезде бақай есептің өзі де тыныш қарап жатқан жоқ. Инспекцияға, басқаға кіріп, ол да мазасын ала берді. Көз жасы көлдей ағып, өзі бордай езілді. Мүләйімсіді. Ақыры январьдың ортасында тексеру қайта келді. Сапаны сараптау қалыс мекемеге жүктелді. Ұзын сөздің қысқасы бояу да, басқасы да баяғы қаз қалпында. Зерттей келсе көгі жасыл, жасылы сары, сарысы сатпақ-сатпақ бірдеме... 645 шаршы метр кілем, кілемше, алашаны алып қарағанда, оның бояуы сумен жуғанды былай қойғанда, құрғақ сүрткенді де көтере алмайды.

Бәрін айтып жеткізу қиын, әйтеуір бұл артельдің өні-мі бықыған былық, бояуы бұзылған, басы Пекарь көз-бояушы. Айналдырып келгенде осының бәрі де баяғы бақай есептен туған.

Япыр-ай, бақай есептің пәлесі-ай! Қазақстан кәсіп-шілік кооперациясының басқармасы бұл кемшіліктерді өзінің қаулысында Пекарьға да, Пахомовқа да талай көрсеткен. Бірақ ақпа құлақтарға айтқан сөз оң құлағы-нан кіріп, сол құлағынан шыққан. Енді ол көзбояушы бақай есептің ақпа құлағына бір-ақ ем бар. Ол ем — ақпа құлақты жұлып тастау!

ПРОКУРОР ЕТ САТЫП ТҮР

Есіктегі құшқананың қызметкерлері жұма күні кеш алдында әбігерге түсті де қалды.

—Прокурор келеді,— дейді.

—Қай прокурор?

—Өзіміздің аудандық прокурор.

—Я, ол не істемек?

—Мал сояды.

Кешке қарай аудандық прокурор - кәдімгі Саудабаев құшқанаға келіп, сиыр сойды.

Мұндағылардың бәрі оны жақсы танитын болғандықтан, одан документ те сұрап жатпады. Сиырының басын кесіп, мүшесін бөліп, ішек-қарнын аршып, тазалап машинасына салып берді. Сонымен Саудабаев шикі ішегін де тастамай, етті машинаға тиеп алып, әйелі екеуі кете барды.

Олар сенбі күні таңертең А. қаласының базарына жетіп келеді. Машина етті дәрігерлік байқаудан өткізетін кабинеттің алдына келіп тоқтай қалады. Үстінде былғары тоны бар бір кісі кабинетке кірді. Дәрігерге қарап ол:

—Машинаның үстінен етті тезірек көріп, таразыға жөнелтші,— деп анайы сөйледі.

Дәрігер оған етті машинаның үстінен қарау үстіртін іс болатынын айтып, етті үйге кіргізуін сұрап еді. Саудабаев оған дүрсе қоя берді.

—Немене, сенің мына есік алдындағы машинаға жүріп баруға шамаң келмей отыр ма?

—Жоқ, менің оған баруға шамам келеді, бірақ мал-дәрігерлік тәртіп осы.

Біраз даудан кейін, сан ет, қол ет, арқа мойын кабинетке кіргізіліп, еттің жеуге жарамдылығы жайында анықтама берілді. Сан етке мөр басылды. Алынған анықтамалар, жасалынған актылардың барлығы «Рахат» колхозының мүшесі Жамаш Шарықбаевтың атынан. Дәрігер мына документтерді растайтын ет иесінің паспортын, немесе еңбек книжқасын сұрады. Прокурор қалтасын қараған болды да «жоқ, үйде қалып қойыпты» дей салды.

Ет сатуға рұқсат алғанымен дәрігердің етті машинаның үстінен қарамағандығы прокурор Саудабаевтың есінде қалып қойды. Есіктен етті алып шығып бара жатып:

—Саған көрсетермін,— деп қалды.

—Мына жолдас маған не деп барады?— деп сұрады дәрігер жанындағылардан.

—Ол колхозшы емес, прокурор, сені жауапқа тартамын дейді,— деді Саудабаевты қошаметтейтіндердің бірі.

—Мен әзір қылмыс істегенім жоқ, қылмыс істемеймін де,— деді орынсыз сөзге шамдана қоймаған дәрігер.

Ет таразыға әкелінді. Өлшенді, ішек-қарын, бас-сирақтан басқасы бір жүз алпыс бес килограмм шықты.

Саудабаев базар бригадирінен алжапқыш сұрады. Ақша қалдырмақ болды.

- Колхозшымын, документім жоқ,— деді ол. Саудабаевтың малы базарлы болды.

Прокурор екі күн табанынан тік тұрып ет сатты. Алдына алжапқыш байлап алғанда өзі кәдімгі тәжірибелі қасапшыға ұқсап-ақ қалды. Сауда жасау да қолынан келетіні байқалып тұрды Есіктіде не болып жатыр десеңізші. Ауданда Саудабаевтың қабылдауына келгендер кабинеттен оны таба алмай, орнын сипап қайтып жатты. Сұрағандарға «Шұғыл жұмыспен А. қаласына жүріп кетіп еді» деп күбірлепті секретары. Ал, прокурор болса, жұмыс ойында жоқ, ет сатып жүрді. Оны танитындар мұндай көп болар ма, прокурорымыз заң қызметін қойып, саудагершілікке шыққан ба деп күлісті.

Оған жұртшылықтың күлетін мәні бар. Оның сатқан малы кімдікі? Дерекі жоқ бірдеме, сиыр өзінікі дейін десек, оны дәлелдейтін бір жапырақ қағазы жоқ, барлығы бөтен біреудің атына жазылған. Олай болғанда прокурордың мұнда жұмысы қанша?! Әлде алып-сатарлық істеп жүргені ме?! Оның айтуы бойынша өз сиыры көрінеді. Бірақ оны дәлелдейтін де анықтамасы жоқ.

Мейлі сиыр кімдікі болса, оныкі болсын, әйтеуір прокурор Саудабаевтың екі күн ет са-
тып тұрғаны А. қаласының жұртшылығына айқын. Қалай болса да етті сату үшін біресе
прокурор, біресе колхозшы болып тоқсан құбылғаны да рас.

1952 жыл.

КҮЙІС ҚАЙЫРҒАНДАЙ

(Бір мекемеге барғанда көргеніміз)

Ауыл шаруашылығында МТС-тердің ролі артқаннан бері облыстан, ауданнан жиі-
берілетін бума-бума нұсқаулар, жарлықтар, директивалар тура МТС-ке келетін болып
алды. Өткен жылы келген қағаздарды қайтейік, жаңа жылда жаңа күш дегендей,
содан бергі қарқынды әңгімелей кетейік.

Алғашқы қағаз Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында декабрьдің 30-ы
күні жазылып, Шелек МТС-іне жаңа жылдың бірінші күні келіп түсті.

Жаңа жылдың алғашқы екі күнінде қызмет болмағандықтан қатынас үшінші күні
оқылды. Бұл қатынаста бұрынғы қатынастардан бір ерекшелік те бар. Бұрынғы қаты-
настар өз сөзімен, номерімен келуші еді, ал мына бір қағазға жолбасшы ере келіпті. Ол
— облыстық совет атқару комитетінің екі беттік қаулысы. Осы қаулыға облыстық ауыл
шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Діلمұхамбетов екі беттік түсінік
жазып, төрт бет етіп, МТС-терге жіберіпті. Өйткені атқару комитеті қаулы шығарға-
нымен дәл ауыл шаруашылығы басқармасындағы бастықтардай қатынас қағаздар
жазудың егжей-тегжейін біле береді дейсіз бе? Діلمұхамбетов әрине, өзі қағаз жазуға
шебер болған соң олпы-солпысын, артық-кемін көрсетіп, сөздің тігісін жатқызып, жым-
питып жіберейін деген болуы керек.

Оның ертеңіне келген қатынасты бастықтың өзі жиі-беріпті. Бастық болғанда Нүркеевтің
өзі. Қатынас мал санағы жайлы. Жазғаны да аз емес. Бұл қатынас он жеті пункттен
тұрады. Тығыз шаралар көр деген тығыз бұйрық. Оның үстіне бастықтың өзі тығыз
жауап беруді керек етіп отыр.

Шелек МТС-інің бас зоотехнигі Финатуллин тығыз бұйрық алған соң тығыз іске кірісіп,
ертеңіне жіберуге жауапты даяр етті. Бір жұмыс күні осымен кетті. Оңай дейсің бе?
МТС қарауында тоғыз колхоз, оның әрқайсы-сында сан мың мал бар. Зоотехник
осы жұмыспен шұғыл-данудың орнына кеңседе қағазбен айналысып отырады. Облыс
сұраған мәліметті телефонмен колхоздардан алу үшін аз болғанда бір күн өтеді. Әйте-
уір әзер біткен ақпар енді жөнелтіліп кете бергенде бас зоотехникті МТС директоры
шақырады.

— Банченкодан. Тез жауап беруді керек етеді, — деп қағаз ұсынды ол, бас зоотехник-
ке.

Зоотехник қағазды қолына алды да, тағы да жауап жазуға отырды. Жазбасқа бола
ма? «Бұйрық» берілгеннен кейін оны орындау керек. Аудандағы тоғыз колхозға бұй-
рықты жазбаша жеткізу керек. Оны жергілікті жағ-дайға үйлестіріп, қорытып қайта
жазу керек. Содан кейін оны облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бас-тығының
орынбасары Банченко алады да, біраз «өңдеп» ауданға тағы қайта жазады. «Аспан
әлемін шолып жаз, мал отарында болып жаз, асыл айғырлар туралы жаз, күжірейген
бұқалар, ыңыршақ сиырлар туралы жаз, қо-қиланған қораздар, қақылықтаған та-
уықтар туралы жаз, мекиен, шибиді де ұмытпа». Кей қатынастардың пункті осылай
келеді. Қысқасын айтқанда жазылатын қағазға қыстың қысқа күні жетпейді. Уақыт
қалай жетсін кейде Банченконың өзі қатынасты қырық пункттен құрастырады. Оның
25 январь күнгі қатынасы нақ осындай.

Сонымен Банченко болсын, басқа болсын, бір маманға әйтеуір тарыдай күнде табақтай
қағаз жетіп келіп тұрады.

Ал телефонмен ауызекі ақпар бергенде қаланы бірде алсаңыз да, бірде алмайсыз. Ал Ділмұқамбетовпен сөйлескенде ер болсаңыз шыдап көріңіз! Ол күні жазы-ңыз қыс, қысыңыз жұт болып кеткендей дүние астан-кес-тен болады. Ашуланып әлек салады. МТС-тегі бір маманға облыстан он маман қатынас қағаз жазады. Алдымен ауыл шаруашылығы басқарма-сының бастығы Нүркеев, содан кейін оның орынбасарла-ры Банченко, Ділмұқамбетов, бұдан кейін мал дәрігерлік бөлімінің бастығы Башкиров. Ұйымдастыру колхоз істері басқармасының бастығы Кензин жолдас тағы бар. Жаза бермей қайтеді, бұлардан сөз табылады. Бас зоотехниктің өзіне ғана жыл басынан март айының ортасына дейін 48 қатынас түсті. 48 қатынас қағаз қырық сегіз құлаш. Жауап беріп үлгіріп көріңіз! Октябрь атындағы колхозда мал шығыны бар, «Қадам» колхозында жоғалған-жіткен 150 қой бар, колхоздарда талан-таражға түскен жем-шеп бар. Бірақ оны тексеруге уақыт қайда?

Сөйтіп, бас зоотехниктің қатынас оқумен басы қатып, жауап бере алмай жазып отырғанда бас агрономға да қағаз қарша жауады. Әрине, оған жазылатын қағаздар бас зоотехникке жазылғаннан көбірек те, көлемдірек те болады. Осы қатынас бойынша... делінеді де, содан соң үйреншікті сөздер тіркеліп жүріп береді: бес күн сайын мәлімет, үш күн сайын ақпар бер, күн сайын жауаптас, алған заматта хабарла...

МТС-тегі маман бұл екеуі ғана емес, бас инженер, аға мал дәрігері, жерге орналастырушы, нұсқаушы бухгалтер, тағы басқалар бар. Бұлардың қайсысының столының тартпасын ақтарсаңыз да қатынас қағаздар қаптап шығады. Сол бойынша МТС қарауындағы колхоздарға жазылғаны тағы қанша...

Облыстық басқарманың мал шаруашылығы басқармасы ғана жаңа жылдан бері жан-жаққа 766 қатынас жазды. Егер басқарманың басқа онға жуық басқармасы мен бөлімдері осындайдан қатынас жазғанда қанша болатынын есептей беріңіз. Мамандар үлгіргенше жауап жазады. Колхоз өндірісіндегі жұмыс өз бетімен қала береді. Облыстық басқармадағылар колхозға өздері шықпағанымен қоймай, жергілікті мамандарға қағаздан қора соғып береді де, бұлар содан шыға алмай отырады. Сөйтіп өздері қағаз-бастылыққа салына түседі, басқаларды да қағазбасты болуға мәжбүр етеді. Тіпті МТС мамандары берген мәліметті қорытады да өздері келіп көргенде, «дабыл бар, жағдай сондай екен» деп жаңа дир-ректива жазып, сол МТС-ке қайта жібереді. Ойлай келсек мұның өзі малдың күйіс қайырғанымен бірдей екен.

1954 жыл.

ЖЫЛҚЫ ЖЕГЕН ЖЫРЫНДЫЛАР

—Жырынды деп кімді айтады?

—Жырынды деп қасқырды айтады.

—Жоқ, жырынды деп әккі болған қу адамды айтады.

Екі колхозшының сөзі осылай басталып келе жатыр еді, олардың сөзін көк лақты көкпар етіп тартып жылғадан шыға келгендердің ат аяғының дүбірі бөліп жіберді. Дәп ортада көк серекпен көсілтіп келе жатқан «Ақтерек» колхозы председателінің орынбасары Қадақов, шамасы көкпар сонда болуы керек. Оған таяу біреу жиі-жиі бар дауысымен бақыра түседі.

—Әкеңде болса берме, әкеңде болса берме! Бас қамшыны көк серекке. Еңірет! Боздат!— Бұл айғай біте бергенде-ақ көкпар ұсталып қалып дода тартыс басталып кетті. Енді біреу, екінші біреуге өктем сөйлейді.

Ой қарабасқыр, белің бүгіліп, қабырғаң сөгіліп қартайып тұрсың ба, ұмтыл, жармас. Сендей күнімізде...

Енді біреу атын қамшымен жанып-жанып алып, қамшысын аузына тістеді де, ол атын тебініп ілгері ұмтыла беріп, айғырша кісінеп көкпардың пұшпағына жармаса түседі.

Көкпар алып қашқан шабандоз аздан кейін тағы қайта ұсталып қалып, додаға түсті. Шапқанда Қадақов алда болса, жұлмада жылқы фермасының меңгерушісі Ділдаев ешкімге жол берер болмады. Қатты тартыстан біреудің құйысқаны қиылып, біреудің тартпасы тарс кетеді. Олардың кейбірі аттан аударылып түседі. Оған қараған ешкім де болмайды, «әкең де болса, берме» деп екілене түседі.

Сұрастыра келгенде бұл той емес, ас болып шықты. Асқа азғана мал сойылған жоқ, құйрықты кепелер де, сарыаяқ қозылар да, марқайған бағландар да, сүбелі саулық ту тұсақтар да болды. Апыр-ау, мына Қадақовтың өзі бір мырза жігіт екен ғой деп, аузы майға толған соң мақтау айтып, көпіршіп отырғандар да жоқ емес мұнда Тураушы-да туғаның болсын деген, туысқанына жарылмағанда, қашан жарылады дегендер де табылады. Ішкені алдында, ішпегені артында деп тойған сайын «тобалап» отырғандар да толып жатыр.

Астың аяғы ат сатумен ұласты. Қадақов пен Ділдаевтар колхоздың жылқы фермасынан бірнеше жылқыны бір мың сомнан сатып жіберді. Бірақ бұл ақша колхоз кассасына тегіс түспей ырымдап-жырымдап, жарымдап-жартылап өткізілді. Осындай қызу сауданың үстіне колхоздың аға жылқышысы Байбосын бір жақтан сап ете түсті. Нақ осы кезде екі асыл тұқымды биені Ділдаев қосақтап қойып, өзі құлағын кесіп, ен салып жатыр еді.

—Тарт қолыңды, колхоз малынан!—деген өктем дауыс естілді. Өзі өсірген малды өрістен үлестіріп жатқандарға шыдамаған жылқышы екен.

Шатақ осыдан басталды. Ділдаев өзі ферма меңгерушісі оны тыңдай қойсын ба, екі биені аздан кейін-ақ артық баға қойып саудалап сатып жіберді. Есебін тауып екі мың сом пайда түсірді. Ал фермадағы сатылуға тиісті шаруашылыққа жарамсыз деп табылған шолақтар қала берді. Құныққан құлқын құнанға қанағаттана ма, онымен де қоймады, ол екі дөненді алып, оның бірін мініп, бірін жетектеп тартып кетті. Базардағы сауда да осындай-ақ болар, бір биені сырттан келген бір қаңғыбас әйелге өгізге айырбастағанда арасына Жүмекең делдалдыққа жүрді. Зады ол сіріңке пайда тапса керек, өзі өгіз болса, өзі семіз болса оны Ділдаев колхозға қалай қисын, былай шыға беріп оны өзі пайдаланып кетті.

—Апыр-ай, өзінің жүрегінің түгі бар екен,— десті мұны көрген колхозшылар.—

Осындай сүмелектігі үшін бес жылға сотталып, өткен жылдары ғана келсе де жеуден жалтармаған да, жалықпаған да екен. Жүрегі де шайлықпапты.

Байбосын қып-қызыл қылмысты көре отырып тыныш таба алмады. Ұрлығына көз болғанды кім жақсы көрсін, нақ осы жерде Ділдаев Байбосынды жылқыдан шығарды да тастады.

Оның үстіне Ділдаев Бекбосынның мың сом ақшасын да ебін тауып қолына түсіріп алды. Өз ақшасын сұрай барғанда Байбосынға ол: сандықта шіріп жатқан ақша бар, содан алмаймысың,— деп кекетті.

Байбосын он сегіз жылдан бері осы «Ақтеректің» жылқысын бағатын еді. Ол жылқыны өткізіп алғанда колхоздың 140 жылқысы бар еді, сойғанын, сатқанын қоспағанда Байбосын екі жарым мың жылқы өткізіп берді. Жылқыны өсіруге көп еңбек сіңірген үздік еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советі президентінің Құрмет грамотасымен, «Социалистік ауыл шаруашылығының озаты» значогымен наградталды. Міне жылқы жеген жырынды жылымдар ұялмай-ақ оны заңсыз босата салды.

Әркімге бір ат мінгізетін адамның сөзін сөйлейтін кісі көп болады екен, Байбосын шындықтың түбіне жете алмай-ақ қойды. Қайда барса да Қадақов пен Ділдаевтың сөзі алдынан шығады да тұрады. Бір қызығы алты парақ қағазға акт жазса да, оның қолындағы малды өткізіп алғанда мойнына алты тиын да мінгізе алмады. Әйтеуір соза жүріп соғып қалсақ деген ойы бар. Байбосынның тапқанының тамтығын ғана бергісі келеді. Бастан жырып жеп үйренгендердің кәдесі дағы.

Ауданыңды білмейміз, ауылдық мықты. Міне, ақ-шаңды да алмайсың, бидайыңды бермейміз,— деседі екеуі қосарлана.

Байбосынға үстімізден арызыңды бере бер, өлсек те жеп өлелік деседі олар. Шынында да олардың өлсе де жеп өлгісі келетін болса керек. Ділдаев жылқышы Байсалбаевқа алғызып тұрып, шабдар биені сойып алды. Осыны әбден зерттеген ауыл жастары олар туралы өлең де шығарып алған.

*Қадақов-ау, Ділдаев,
Жүруші едің ілмиіп,
Жегеніңді білдірмей,
Шығармай жүрсің тісіңнен
Арамнан жиган мал жаман,
Жылмай ағар ішіңнен.*

Шындықты айтқан бұл өлеңге біздің алар-қосарымыз болмайды. Тек аудандағылардың үндемейтіндігі бізді қатты ашындырады. Олар — бәрінен ауылдық мықты де-генге басын изейді. Аңқауланып отырып, Ақтеректегі жылқы жеген жырынды қуларды құрығына өзіміз түсеміз бе деп жүрексіне береді. Өйткені... Кім білсін!..

1954 жыл.

ҚЫЛМЫСТЫ БОЛҒАН СОҢ ҚЫСЫЛАДЫ ДА...

Қыстың бір түнінде Қ. аудандық оқу бөлімінің мең-герушісі Тілемсеков қырық түрлі ойға шомып, қырық рет қысылып, таң атқанша-ақ қырқылжың тартып, қартайып шығыпты. Түнімен көрген азабы аза бойын қаза етіпті. Бірде қабынып, бірде шабылып, түнімен көрмеген қорлығын көріпті. Қысқасын айтқанда бұл түнгі көрген азабы Данте жазатын тозақтан бір де былай болмапты. Кеш алдында ғана өзінің қылмысын білетін біреумен түс шайысып, жүз жыртысып қалған екен, түнімен дөңбекшіп шығатын кесел де нақ осыған жабысыпты. «Жатқан жыланның құйрығын бастым-ау, қушұнақ басым» деп өзін өзі жазғырыпты. Содан келіп төсегіне жатысы мұң екен, алғаны, асағаны, жұтқаны, құртқаны, қорқытқаны, үркіткені, тағы-тағылар көз алдынан өте беріпті. Бұрын оның бәрі көңіліне жай, ішіне май болып бітсе, бұл жолы қарысқан қарғыс, түйілген түйнек болып көрініпті. Өзі қолын бүгіп санай беріпті.

Ең алдымен көзіне көрінгені өзінің біреу сұраса ай-татыным деп әзірлеп қойғандары болыпты. Мұнысы аз ғана, жүрегіне жұбаныш, көңіліне қуаныш болып орнаған екен. Мәселен төрт қана қыз оқуды тастап кетті. Аудан мектептерінде химиядан, физикадан мұғалім жетіспейді, менің қылмысым осы деген ұғымдар екен. Қалай десең де бар қылмысым осы ғана деп орнынан атып тұрғанда, көз алдында тұрған мұғалімдер Тілемсековтің өзі ұмытқан қылмыстарын санай бастапты:

Ауданда V—X кластардағы төртеу емес, он төрт қыз оқуды тастап кетті. Жүзге тарта бала о баста оқуға тар-тылмағай қалды. Орта мектепті бітіргендердің бірсыпырасы жоғары оқу орнына түсе алмай қалды. Бір деңіз, дегенде Тілемсеков тыңдап болыпты да «қалай жағам сендерге қылығымнан, сырдың суы келмейді жұлығымнан» деп өлеңдете жөнеліпті. Аналар да сөзді соза түсіпті. Ауданда мұғалімдерді, кадрларды іріктеуде үлкен былық бар. Жетіжылдық мектептің директоры болған, өзі оқытып жүрген қызға сөз айтып, моральдық жағынан азғындаған, сөйтіп партиядан шыққан Қаймақбаевты қызметтен шығаруға аудандық комитет нұсқау берсе де, бұл нұсқау құлаққа ілінбей, ол әлі де сары майдай сақталып мұғалім болып келеді. Тілемсеков мұны жайылсам өрісім, жатсам қонысым деп ұстап отыр.

Мұны екі деңіз дегенде Тілемсековтің танауы тыржың ете түсіпті.

Байбақшаева балаларға білім бере алмаса да жалақы алып жүр. Жеңгесі Жезіке мен қарындасы Қаламды Ворошилов атындағы орта мектептің интернатына бірін завсклад, бірін замсклад қойды. Қолын жылы суға батырып қойды деген осы да.

Су емес бармағын майға батырып қойса құдайдан одан артық не тілері бар. Мұнымен үш деңіз, дегенде Тілемсековтің қабағы қарс жабылып кетіпті.

Мұғалімдер Тілемсековтің қолында қой асығынан қойылған сақа сияқты. Оларды иіріп оңқасынан да, тәйкесінен де түсіре береді. Өзінің көңілін тапса көлкідетіп ұстап, қытымырлығы ұстаса қысым жасайды. Сынықтан сылтау тауып артына түсіп алады. Қызылорда облысының, ол шетіне бір, бұл шетіне бір қуып шығарады. Қазақ орта мектебіндегі партия ұйымының секретары Пернебаевты екі қаракөл елтірі тауып бермейсің, айтқанымды екі еттің деп қудалап жүр. Мұнымен төрт деңіз, дегенде «қап, қаптағының аузы ашылып, қайдағы-жайдағының бәрі айтылып кететін болды-ау» деп қыңырттап барып, отыра кетіпті. «Артынан жарылқасын» дегендсі артын күтейін, басқасы айтылмаса да жарар деп үн-түнсіз отыра қалыпты.

Тілемсековті арты қайбір жарылқады дейсіз, қақпақтың аузы ашылған соң ішінен ол жасаған былық та, шылық та түйдек-түйдегімен, буда-будасымен шыға беріпті.

Жазықсыздан жазықсыз Тебенованы сабақ беріп тұрған жерінен қызметті тастап қыдырып кеттің деп кластан қуып шығыпты. Анықтай келгенде көргені Тебеноваға ұқсас біреу болып шығыпты. Дап-дардай адам, осындай да жаңғалақтық істейді екен деп Тебенова қала беріпті. Бұл көп фактінің бірі ғана. Тілемсековтің төрешіл, әкімқұмар, дөкір екендігіне бұл бір айғақ. Мұнымен бес деңіз дегенде, «үндемеген үйдей пәледен құтылады», үндемей отыра берейін деп тұнжырапты да қалыпты.

Комсомол мектебінің мұғалімі К. Әбішевті сенің жұмыс стажыңда шатақ бар деп тергеу орнына беріп, тергеуде ештеме табылмаса да сені өзім ажыратып алдым деп былтырғы 26 октябрьде Әбішевтің пенсиясынан бір мың сом ақшасын Мұғалов арқылы алып, қажетіне жаратты. Әбішев ақшасын сұрай келгенде «стажыңда шатақ бар» деп желкесін көрсетіпті. Мұнымен алты деңіз дегенде «енді қайттым, ақша деген пәлесінің аузы ашылып келеді» деп Тілемсеков зар қағыпты. Зар қаққаны не керек, өзі де нақақтан нақақ біреуді зар қақтырып ақшасын жеген жоқ па! Мұғалімдер сөзін соза түсіпті.

Алматыдан үйіме министрдің орынбасары келе жатыр еді деп Комсомол мектебінің оқу бөлімінің меңгерушісі Шопановтан 300 сом алып, соңынан істеп жүрген қызметіңе жарамайсың, сол ақша үшін қойып отырмын деп қызмет бабын пайдалана кетті. Әйелің жұмысқа шықпай жүр, деп Энгельс мектебінің мұғалімі Байниязовтан өткен жылдың 4-ноябрі күні 800 сом ақшасын сыпырып алды. Мұнымен жеті деңіз, дегенде «жегенімді желкеменнен шығаратын болды-ау» деп боздап жіберіпті. Қылмыстыны аяған оңама, мұғалімдер сөзін жалғастыра беріпті.

Өзің тәртіпсіздік істедің, басқа мектепке ауыстырамын деп қорқытып Сармолдиннен 600 сом алып тыныпты. Тағы да... дей бергенде кенеттен Тілемсеков атып тұрып, бар күшін жинап, айтылмаған не қалды, көрсетермін сендерге деп кіжініпті. Қудалауға салып көресіні көрсетіп жүрсің ғой, деп мұғалімдер тағы сөйлеп кетіпті.

Әбдікешев бір ауданның ағарту жағын басқарғанымен өзі ағарып бола алмай жүр.

Оның сөздері былай келеді деп мысал келтіріпті: «мой телефон райком не ходит», «вы понимаешь», «ты понимаете», тағы-тағылар. Ал қағазға жазылғанда былай болып шығады екен дейді. Мысалы облыстан келген қатынастарға тәртіп соғады. Облыстық оқу бөлімінен келген № 49 қатынасқа:

«Тов. Асқаров. Дойти указание всем школяя состовлаети второго положодного 1953 года» деп жазылған. № 2002 қатынаста тағы мынадай бір былдыр бар: «тов. Асқаров состовлаети директор, завуча и пионер вожатья по форма списка подготавлиеть не поздного 13/ХІ—52». Әрине мұны Асқаровтан басқа ешкім түсіне алмайды. Ал Асқаров болса, екеуі — бірінің тілін бірі білетін адамдар. Бірі қазан, бірі қақпақ.

«Мұнымен» дей бергенде Тілемсеков ең болмаса осыны айтпаса деп отыр едім деп қысылып қалыпты. Мұны көрген халық қылмысы болған соң қысылады да, әйтпесе біз неге қысылмаймыз деп қорытыпты.

Я, солай ғой, сезікті секірет дегендей, қылмысы болған соң қысылады да.

БӨДЕНЕНІҢ ҮЙІ ЖОҚ...

Әңгіменің арасында «бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдық» деген біреуіне тыңдап отырған екіншісі тарпа бас салып, таласа кетті:

—Апырай, сен де ойламай айтады екенсің, бөдененің де үйі болады, бұтаның түбі сайын бөдененің үйі емес пе?

—Жоқ, олай емес. Бөденеде үй болса, Шәпейде күй болмай ма?

Осыны бірінші адам айта бергенде екіншісі бастырмалатып кеп жөнелді:

—Бөдененің бұта сайын ұясы бар, ал Шәпей Рысқұловтың село сайын үйі бар.

—Қой, мен олай дей алмаймын.

—Дей алмасаң онда міне, тыңдай бер,— деп анау тіпті аузы-аузына жұқпай шұбыртып жөнелді.

—Алдымен, ол ауылдағы әдемі жігіттердің бірі болып жүрді. Арымыз алты батпан, ұяттың ұйтқысын ішкен, дәретсіз жер баспайтын пақырыңыз мына біз боламыз, деп жүрді,— деді әлгі сөйлей түсіп.— Бірақ қызы құрғырлар халық арасындағы қарапайым адамдарға қарай қоя ма, тақиямды тықырайтып, қырық құбылып, тоқсан өзгертіп қай шекеме кисем де көз қырын салмай-ақ қойды.

Сөйтіп қапалықтан қан жұтып, санамен сарғайып жүргенде тастаған тұзағына бір қыз ілініпті. Алғаны адалынан жолығыпты. Қыздың аты Тәлімай екен, ол Шәпейдің ығына жүгіре беріпті. Қыз алдына менің де беделім бар екен ғой деп Шәпей бір желініп алыпты. Содан кейін осы Тәлімайға үйленіп, оны үйіне әкелген соң: әйел деген артыңыздан еріп жүреді екен, біз де үйлі-жайлы болдық деп бір мақтанып қойыпты. Сөйтіп мақтаншыпен біраз уақыты өтіп жүргенде үйінде қуаныш пайда болып ұл туыпты. Атын әдемілеп-ақ Тілеу деп қойған екен. Осы кезде Шәпей мақтанудан бөспе сөзге көшіп, кеуіп-басылып отыратынды шығарыпты:

—Қыз деген қызық қой, қосақтастырып қолтықтап жүреміз, — деп кеуіпті.

—Апырай,— депті Тәлімай,— сенің кеуіп-басылуың көбейіп кетті, жарылып кетпегей едің.

Ақыры оның жарылар күні де жақындап, жар көңілін қалдырыпты. Өткен-кеткенді, артық-ауыстың бәрін есіне алыпты. Әуелгі көрген шырағым деген Тілеуді де ұмытып, бір кездегі тәтті болған Тәлімай, енді оған кеспекке тұз салып ашытқан бұрыштан тиіпті. Екі сөзінің бірі ажырасу болыпты. Аздан кейін үй ішінде ұрыс-керіс орын алып Тәлімайға күн көрсетер болмапты. Ақыры баланы алып қалып, Тәлімайды қуып жіберіпті.

Шәпей әйелін қуған соң бойдақ атқа қонуы онша қиын болмапты. Көктұқыл иегін күнде қырыпты. Ол сақалы құрғыр да қас қылғандай кешке қырса таңертең, таңертең қырса кешке қаудып шыға беретінді шығарыпты. Біраз күн бойдақ болып бұлықсып жүріп көрген екен, ақыры жылы төсекті аңсай беріпті.

Өстіп жүргенде «мал келдіге дәл келді» болып жігіт іздеп қылаң қаққан біреуге кез бола кетіпті. Оның аты Құрбанай екен. Қосыла салысымен-ақ Шәпей Құрбанайдан құтылуға асығыпты. Құрбанай деген құрыған екен, құрдан құйысқан тіге алмайды екен деп өсекке қондырыпты, қу бастан қуырдақ ала алмайды екен депті. Төріне төрт кісі, есігіне екі кісі отыра алатын дәрежеге жетіп, тұрмысы түгінде бастағанда Құрбанайды да қуып үлгіріпті. Тағы қандай «Құрбанай» кездеседі, деп тілек тілеген болыпты.

—Міне, көрдің бе, Шәпейдің екі үйі болды,— десіпті көргендер.

Шәпейдің мазасы тағы кеткенде Тұйғын Тоялиеваны тауыпты. Аты Тұйғын екен, тұйғындай жақсы шығар деп жабысты оған Шәпей. Бірақ басқаны қанша таңдап, жақсыны іздегенде өзінің қаншалықты жақсы-жамандығын еске ала қоймапты. Жанымдай сүйемін деп жата жабысып үйленіпті де, бас-аяғы екі ай отасып, екі рет сойылға жығып шығарып салыпты. Шығарып салу сонша қиын дейсің бе, екі ай тұрған ол түгіл, екі бес жыл тұрған Тәлімайды да тайғызып жібермеп пе еді?!

Мұнымен Шәпей үш үйлі деңіз. Үйлі болуды, көбеюді кім жек көреді дейсің. Сонда да бұл жағына келгенде Шәпейге ешкім жете алар ма екен?

Оның үстіне оның үйлі болуы басқалардан өзгеше емес пе? Міне кейбіреулер бір рет бас қусырып үлгіргенше бұл үш рет үйленеді. Бірақ ойыңызға келмесін, ол осы қалпымен дүниеден өткен жоқ.

Арада аз уақыт өтпей жатып-ақ ол Ұлайымға қол артып, қолқа салды. «Қалқам, қорықпа» деді ол, мен жұрт айтқандай тұрақсыз емеспін, шындап кетсе, тап қозғалмайтынның өзі менмін. Арыммен алдыңда ант бере аламын депті. Ұлайым Келебаева да көсілте көпіргенді тәуір көреді екен, екеуі қосылып та қалыпты. Бұл жолғы татулық екі аптаға ғана барыпты. Арды былай қойып, ажырасу басталды. Одан кейін баяғы бұлдыр жолына тағы түсіп, ескі сүрлеуімен кете беріпті.

Тағы бірде, Шәпей үйленді деген хабар тағы дүңк ете түсіпті.

—Е, сол да жаңалық па, күнде төсек жаңғыртатын Шәпей емес пе?— десіпті естігендер.

—Жоқ бұл жолы, Шәпей уәдесі берік көрінеді. Өйткені бұл жолы араға кісі салыпты. Бір күні Ерқайымды апасы Мырзайым шақыртты. Ол басын майдалап бастап, аяғын қатал аяқтапты.

—Осы еті тірі жігітке қосылмасаң, қонысыңды аулақ сал, туысқан болмаймын,— депті.

Мырзайымды улаған Шәпейдің шешендік сөздері Ерқайымның да бойын билепті. Көптен келгіштеп жүретін күйеудің көңілін тындыруды ойлапты. Осымен Шәпей Рысқұлов бесінші рет некеленіп, Ерқайым отпен кіріп, күлмен шығыпты. Тіпті қасқа биені арбаға жегіп, өріске тұсайтын да сол болды. Белшесінен балшық айдап, ұй де салып беріпті. Сөйтіп жүргенде арада алты жыл өтіп те кетіпті. Бұл жолғы керіс Шәпейдің шешесі Ханымқыздан басталыпты. Келінді жақтырмайтын кемпірлер де бола береді емес пе, Ханымқыз оны ұнатыңқырамапты. Мұндай пікірді естіген Шәпей жолға шығарып салыпты.

Енді әйел іздеген Шәпейге ешкім жоламапты. Айна-ладағының бәрі сырын алып, ол тақиясын қай шекесіне салса да қарай қоймапты. Оның үстіне сақалы құрғырдың үш күн қырмаса қаудийып шыға келетінін былай қойғанда, еңбегінің шашы да түсіп, қасқаланып жүріп беріпті.

Амал не, бұл айналадан амалдайтын ешкім табылмаған соң Шәпей Ақсайдан Манкентке сырғып кетіпті. Айдағаны арба болып жүріп Талбикемен танысқан екен, екінші күні әйелді боп шыға келіпті. Аз тұрған соң әйелдерін сағынатын болыпты. Арақ ішіп ішінің күйігін басыпты. Ал кейін арақ ауруға айналып, ол жоқ болса ауыратынды шығарыпты. Арақ жүрген жерде шатақ жүреді. Үйде күнде қып-қызыл төбелес, сап-сары жағалас болатын болыпты. Сөйтіп Түлкібасқа көше жөнеліпті. Мұнда келген соң ескі қояншығы кеудесін қысып кетіп «кеше қосылып едік осы уақта, бүгін айрылғалы отырмыз күн шуақта» деп, Талбикені де қуыпты. Ол Георгиев ауданындағы халық сотына арыз берген екен, арызы аяқсыз қала беріпті. Өйткені онда отырған жиені Жаңабаев нағашысын қанатының астына алып, қорғай түсіпті.

Ақыры октябрь айында Қызылжалауда тұратын Құрбанкүл Асанбаеваға үйленіп, бұл заңды некесін санағанда жетінші әйелі екен. Онымен де тайыншасы жараспай, құр құйысқаны босап, қырқылжыңы, кикілжіңі біліне бастапты. Мұның бәрін халық соты Кәрімов біліпті де, «бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдық» деген мақал ойына түсіп, аяп кетіпті. «Бөдененің үйі жоқ, Шәпейдің күйі жоқ, қайтеміз» деген екен, «қайткені несі, соттаңыз» деп жұрт бір ауыздан шу ете түсіпті. «Бұған Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуроры Федоренко, облыстық соттың председателі Жаңабаев жолдастар да аралассын» деген дауыстар да естіліпті.

1955 жыл.

ШЕКТЕГІ ҚЫРЫНДЫ

Жансұлу Қарақойшина мұғалімдік училищені бітірді. Онда бала тәрбиелеу туралы алуан түрлі сабақ өтті. Одан кейін педагогикалық институт бітірді. Кейінгі кезде Қарақойшина Ұзынағаштағы мектепте тіл мен әдебиет мамандығы мұғалімдігіне орын болмағандықтан аудандық оқу бөліміне инспектор болып қызмет істеп жүрді. Инспекторлық қызмет жүріп-тұруды, сартабан аттай басуды тілейді, сондықтан жас баласы бар адамға мұның өзі соншалықты қолайлы болмады. Жағдайын айтқан соң Алматы облысы, Жамбыл аудандық оқу бөлімі оны Ұзынағаштағы балалар бақшасына тәрбиеші етіп жіберді. Бұл қызмет барлық жағынан да келіп тұр. Әрі бала-сына жайлы, әрі біліміне сай. Бұл январь айының іші болатын.

Нақ осы кезде сай болмайтын бір пәле сап ете түсті. Балалар бақшасының меңгерушісі Шестаполова оны қызметке алғысы келмейтінін анық аңғартты:

—Сіз осы қызметті істемей-ақ қойсаңыз қайтеді, бұл білімді адамға лайықсыз-ақ, — деп мәймөңкеледі Шестаполова.

—Жоқ, маған осы қызмет әбден ұнайды, — деп келте жауап берді Қарақойшина.

«Мынаның өзі жұға алмай тұрған қара күйе ғой» деп ойлады Шестаполова. Ертеңіне ол Қарақойшинаны шақырып алды да:

Сіз, қазір дәрігерге барыңыз, тоқішегіңізден тоқсан түрлі кесел кездесуі мүмкін, соны тексертіңіз, — деді.

Я, бұл дұрыс та еді. Енді дұрыс емес жері қайсы дейсіз ғой? Дұрыс емес жері сол — ол емхана қызметкерлерін Қарақойшинаны қызметке жарамсыз деп табуға жағдайластырып қойды.

Ондай арамдық ойында жоқ Қарақойшина дәрігерге келді. Дәрігерлердің бәрінен өтіп, «дені сау» деген сөзді аузынан естіп, анықтама алып, ішек-қарын ауруларын зерттейтін лабораторияға келді. Мұндағы дәрігер Голошапова керек анализді де, керек емес анализді де алып, кейін келерсіз деп жіберді. Голошапованы күнде «ертең келіңіз» дегенімен апта өтті. Қарақойшина «нәтижесін қашан бересіз» деген сұрағына жаман жауап естіді.

—Инфекция!

—Инфекция?

—Мүмкін емес, — деп ойлады Қарақойшина, — егер ол ауру болса, организмі өте нәзік балам неге науқастанбайды, оған неге жұқпайды.

Өзінің аурулығына дүдәмалданған Қарақойшина лабораторияға қайта келіп, дәрігерге тағы үш рет көрініп, анализ өткізді. Бірақ нәтижесі қолына берілмеді. Үш апта тағы кетті. Ақыры ол аудандық денсаулық сақтау бөліміне осы жайларды айтып шағым беріп еді, мұның бағына бөлім меңгерушісі Кротковская тіл-аузынан айрылып қалғандай үн шығармады. Арыз қайда? Арыз аяқсыз қалды. Кротковская бұқараның шағымына құлақ аспай, қайта арамза дәрігер Голошапованың «іште инфекция» бар дегеніне құлағын тосып, аузын аңқайтып отыра берді. Сонан соң Қарақойшина дәрігерге қайта келді. Ол кездегі Голошапова мен Қарақойшинаның арасындағы сөздің түрі мынау еді:

—Апыр-ау, дүние күйіп кетсе де, нәтижесін берсеңізші.

—Ішінде...

—Не бар екен менің ішімде.

—Пәле бар екен ішінде, пәле.

Ақыры Қарақойшина қатты кеткен соң барып қара пәленің беті ашылды. Ол пәле балалар бақшасына жібермеу үшін жасалған екен. Ішегінде «қарын сүзегінің құрты бар, балалар мекемесінде істеуге болмайды, емдеуді керек етеді» деп берілді анықтама.

Міне пәле, керек болса! Өмір-бақи ішегінде құрт болуы түгіл ішіне жел қарысып көрмеген адамнан ауру табылды деген соң оңай ма? Ол ауруханаға барды. Аурухана қандай себеппен екенін кім білсін, оны қабылдамапты. Енді не істеу керек?

Бүйте берсе бұл сүзек құртын басқаларды қойғанда өз баласына жұқтырып, ажал есігін ашушы өзі болар, Қарақойшина қатты қысылып, ойға батты.

Нақ осы кезде балалар бақшасының бастығы Шестаполова да үлкен ойда отыр еді. Тосын келген көз көргіш болады, ең ақыры балаларға әкелген сарымайдан іліп аузыңа салсаң да пәле салуы мүмкін. Мұндай шағын мекемеде өз адамың болғаны қандай жақсы. Сондықтан...

«Сондықтанның» аяғы белгілі, Қырғызстаннан Кириллова шақырылды. Ол Қарақойшинаның әуре-сарсаңда жүрген кезінде балалар бақшасына орналасып алды.

Не керек, Қарақойшина ақыры Алматыға келді. Диспансерден үш рет өтті. Тәжірибелі дәрігерлер микроскоппен мың айналдырып қараса да, іште, ішекте ештеме көрінбеді. Пәле-жаладан аман болып шықты. Сөйтіп қарында құрттың жоқтығын дәлелдейтін анықтамасын алып келсе, Шестаполова мұның орнына кісі алып, көңілін демдеп отыр екен. Қарақойшина екі-үш ай босқа жүріпті, ішінде ешқандай пәлесі жоқ, керісінше, Шестаполова мен Голошапованың түпкі бүйенінің қырындысы кетпеген болып шықты. Ол түпкі бүйенде тамыр-таныстық, туған-туыстық жатыр екен.

Іс осымен біткендей еді, бірақ енді қысымды Қарақойшина Жамбыл аудандық совет атқару комитетінің председателі Мажаровадан көріп жүр. Шестаполова басқаратын балалар бақшасында оның екі бірдей баласы бар. Осыны пайдаланған Шестаполова Мажароваға сөзінің тігісін жатқызып, өткізеді. Ал Мажарова Шестапованың жетегінде кетіп, «сіз қызметтен кетіңіз, онда Кириллова істейді» деген басшы адамға лайықсыз әрі ұшқалақ, әрі өрескел сөз айтады, «іңізді» қосып ызылдап, сыпайы болғансиды. Жоқ Мажарова жолдас, жұмыстан ауру-сырқауы жоқ, адал адам кетпейді, керісінше ішегінің, түпкі бүйенінің қырындысы кетпеген адам кетуі тиіс, жұрт осыны қоштайды.

1956 жыл.

ӘКЕСІНІҢ ӨКІЛ БАЛАСЫ

—Не ғып тұрсың?

—Өкіл әке іздеп жүрмін.

—Ойбай-ау, ЗАГС бар емес пе?!

—ЗАГС-ің куәлікке өгіз бен текемет қосып бере алмайды ғой. Өгіз бен текемет куәлікпен бірге келсе, неке дегеніңіз тас болып, о дүниеге дейін қатып қалады екен.

—Япыр-ай, ә!?

—Әйтпесе Айдаболов неге өкіл әкелі болды?!

—Иә, Айдаболовың кім? Өкіл әкесі несі?

Керек десеңіз қайтейік, қиналсақ та сізге айтып берейік. «Естіген құлақта жазық жоқ» дейтін естіген нәрсе емес. Егер керек ете қалсаңыз, айы, күнін айтып документпен дәлелдеп сөйлесеміз.

Сонау алпыс алтыншы жылдың июль айында Айдаболов жүдеген көңілі жұбанып өкіл әкелі болды. Әуелі бұған сенгендер де, сенбегендер де бар еді, факт деген құрғыр мойныңа қиып салмай тұра ма, ақыры әмбеге белгілі болып, Менкі ауданының әр жерінен-ақ өкіл әке іздеушілер көбейе бастады. Аудан бастығының бәрі өзі өкіл әкелі болса, ол ЗАГС-ке сенбей, неке куәлігіне сақалы сапсиган шал, аузы омырайған кемпір іздесе, пәлен жыл тұрған әйеліне сенбей, енді сары аяқтан су ішіп, қайта сақина алысса, басқа қарапайым адамдарға не жорық.

Сонымен мәртебелі өкіл бала бір күні Тепекбаевтар үйіне келіп, қона-түстеніп, қозының жылы-жұмсағын жеп жатып, әлеміштеп оюлап басқан текеметті машинасына тиеді де, өгізді кейін аламын деп жүріп кетті. «Текемет» деген немене, екі-үш шилі киіз, ол ер-азаматтың арынан садаға деп Тепекбаевтар күлісіп қойды.

Бәрі ұмыт болғандай еді, келесі жылдың күзі түсе Айдаболовтың сөзі шынға айналып, қайта-қайта өгізге кісі жіберіп лаң салды. Араға елші-жаушы түсіп, көк өгіздің басына қауіп төнді. Әуелі қайқы төс қарпықты машинамен жіберген екен, өгіз деген үш-төрт жылғы еңбек. Тепекбаевтар қия алмады. Қалай қисын, тірнектеп жинаған мал, табан ет, маңдай тер деген осы, ақсақ қыздың қайыр сәлеміне қалай жолдай салмақ. Өктемдік жасағанымен өте кеткені жоқ адам еді ғой десті ерлі-зайыптылар. Аудан бастығының қылқылдаған сөзіне қиналса да мал ашуы қиын, қия алмады.

Көк өгізге келген қауіп үш рет кейін серпілген соң ерлі-зайыптылар енді еркін дем ала бергенде қоңыр күзде қадалған жерден қан алар Қабден жетіп келді. Анау-мынау адам емес, ауданда әжептәуір мансабы бар адам. Келе ол қағаз ұсынды: «Өгіздей өкірейін демесеңдер, тез сиыр беріңдер. Қабденнен қалдырсаңдар қаһарыма ұшырайсыздар. Ағаң Айдаболов» депті бір жапырақ, өгізді алып кетпек өктем қағазда.

—Ойбай-ау бұл өкіл бала деген өктем пәле болды ғой,-деп өгізін қимаған Тепекбаевтар сасып-салбырап, етегін басты. Бәрін біліп жүрген жұрт: «Қозы Көрпеш қандай жан деп жүруші едім талтайған таз екенсің өзімдей-ақ!» деп Қозымен оңашада кездескен тазша айтқандай Айдаболов дегеніміз айтулы қызметкер деп жүрсек, құдайдың қазақ даласындағы өкілі екен ғой десіп гу-гу етісті.

Қиын жері сол болды, қимаса да, қиналса да «тіпті осы өгізді беріп құтылалық» десті Тепекбаевтар. Енді қайтсін, «басқа келген пәледен бастан құлақ садаға» деген емес пе! Сонымен көк өгізді көк жазулы бір жапырақ қағаз сүйреп ала жөнелді. Қағаз құдіреті деген жаман екен.

Тепекбаевтарға алпыс жетінші жыл қатал келді. Олардың қызыл иті қыңыр кетіп, декабрьдің он бірі күні ауданға аяқ астынан шақырылды. Бір тәуір жері шақырған өз ағасы — әкесінің өкіл баласы болып шықты. Бірақ бұл кезде көк өгіз «Заготскотқа» өткізіліп, ақшасы балдай батып, судай сіңіп, мүйіз тұяғына дейін түйме түйіліп, іске жарап кеткендіктен ағасы қаттырақ келді, Сусамырдың суық желіндегі ызғарлы отырды.

—Сізді ауыл активтері жұмыс істемейді деп жүр,— деп зіл тастап жарылар шиқандай біраз сыздаусыды.

Арада үнсіз минуттар өтіп, Тепекбаевтардың көз алдынан көк өгіздің қайқы мүйізі, сыртылдаған буындары, аймышты текеметтің түрі елестеп кетті. Осы бір сәтте ағасының да түсі жылып, демалысқа шығатынын, курортқа баратынын ескертіп өтті. Аяқ астынан асығыс қаржысыз шығып бара жатқан ағасына олар үнсіз ырым білдірмей ер-нінің емеурінін түсінбей кетті. «Түлейді түртпесең білмейді» деген осы деп ернін тістеп, кіжіне-кіжіне ағасы қалды.

Бірақ олар көп ұзамай-ақ ауданға неге шақырылғанын түсінді. Ағасы алысқа аттанып бара жатып інісіне өктемдік жасап «жалақысы берілмесін» деп кетіпті. Заңға шағынып көрген Тепекбаевқа ешкім ағасынан батып көмек көрсетпеді.

Сегіз айдың жалақысын ала алмай сенделіп жүрді.

Көріңде өкіргір, мүйізін біреудің ішін тескір көк өгіз Тепекбаевтарға пәле болып жабысты. Алпыс сегізінші жылдың августында Айдаболовты арқаланған селолық совет председателі Қабатаев кітапхананың құлпын бұзып кіріп, емеурінді түсінбейтін ерлі-зайыптыны жұмыстан сыпырып шықты. Ерлі-зайыпты екеуі қол ұстасып қызметсіз қалып, өгіз алған өкіл ағасының арқасында бос жүрді. Он сегіз жыл істеген кітапхана жұмысы, әлденеше грамота, қаптаған алғыстан қайыр болмады. Ағаның тегеуіріні олардың бәрінен басымдау шықты. Еңбек мүгедегі жалақысының азырағын арызданып жүріп алғанымен, біразы берілмей сөзбұйдаға түсіп, аяғы сиыр құйымшақтанып жоқ болды. Былтыр қарызданып-қауғаланып, Алматы, Меркі, Жамбыл арасын шиырлап жүріп, қол жеткен жерге шағынып, көк өгіздің иелері өкіл інілік борышын өтей алмай, ақыры арызқой атанды. Оның жан жаққа жолдаған арызын тексеруге келгенде қағып алып Айдаболов ағасы «қамқорлық» жасады. Осы кезде Тепекбаевтар да қол ұшын беріп әділеттік айтқан адамға өкіл бала бола кеткісі келгендей жайы бар. Бірақ қызметіне орналаса алмай, жүдеп жүрген адамға кім жең ұшынан жалғаса қойсын. Оның үстіне аудандағыларда Айдаболовтың атын атап, жөнін жөндеп жүрген жерден көш-құлаш қашады.

Сонымен әкесінің өкіл баласы көк өгіздің мүйізі ішімді жарады демей-ақ еңбек мүгедегінің артына түсіп алды. Баласын құдалағаным өкіл әкемнің көңіліне келер деп ойламайды да. Шамасы ол жақта енді алатын текемет, «Заготскот» таразысын қайыстыратын қырыстай көк өгіз жоқ екенін білетін болса керек. Шіркін, періштені де жолдан шығарған қу дүние десеңізші. Бірақ кім біледі, өкіл баланың өктемдігін де, діндарлығын да қойғызатын уақыт болар. Тіпті ол уақыт жеткен де шығар!

1970 жыл.

ҚИСЫҚ ТАБАНДАР

Нақыптым алғашқы атағы Басбаймен шықты. Өсектің қызыл тіл өрт жалынындай жалаңдап, оның алыста жатқан ері Төрөнді де бір шарпып өтіп еді. Ішінде күздің қара дауылы соғып, қызғаныш оты әлеп-жалап бара жатқанымен бәрін ақылға жеңгізген жігіт бұған көтеріле

қоймады. Кім біледі «сүйреңдеген жаман тіл сүйгеніңнен айырар» дегендей әлде біреулер өсекке қолдан теліп, сүттей ұйып отырған семьяны іркіттей ірітіп жібергісі келмейтінін кім білсін... Бірақ құрығыр әлгі «шөптің басы жел соқса ғана қимылдайды» деген де бар. Осыларды ойлап қанша толқығанымен жігіт оқуын бітіріп Алматыға бір-ақ қайтты. Дегенмен сөз құрығыр бекер шығушы ма еді, әлдекімдердің өліп барамын деген хаттарын да тауып алды. Бірақ әйелі о дүние, бұ дүниедегі қарғыспен қаруланып, тішатанған соң, сөзіне сеніп мүмкін менікі дұрыс емес шығар деп қоя салып еді.

Елу сегізінші, елу тоғызыншы жыл осылай өтіп, алпысыншы жылы сырты бүтін, іші түтін Төрө «Ташқара-су» совхозында директор болып жүріп жатты. Тіпті жақын жер болғандықтан демалыс құрғатпай келіп те тұрды. Бірақ осы кезде Нақыпқа екінші бір өсек қоса жабысып, Борақ деген біреудің аты қосамжарлай естіліп қалып отырды.

Жігіт қанша қиналғанымен Нақып екеуін айырмас дәнекердей алды онға, арты бір жасқа келген үш баланың тағдырын ойлағанда іштегі жалын жалп етіп сөніп, қаны салқындап, жанын кешірімділік пен қайырымдылық торлап, соған бұрылып сала берді. Қалашыл Нақып ауыл десе үстіңгі ерні көк, астыңғы ерні жер тіреп, қабағы қарс жабылып, «Ташқарасуға» барса ажалынан бұрын өлетіндей болып жүргенде арада екі жыл өтіп те кетті. «Ит көзі түтін танымаспен» өткен бұл жылдар Төрenniң қап-қара шашын аппақ етті. Нақ осындай іштегі ренішті сыртқа шығара алмай құса болып жүріп жатқан кезде Алматыдан телеграмма сарт ете түсті. Телеграммаға бейтаныс әйел қол қойған. «Сіздің әйеліңіздің тәртібі туралы» депті. Шынында Нақып бұл кезде үш баланы үйге қамап тастап, жалғыз басты Жәми сияқты жеңгетайлардың үйінде болушы еді. Телеграммаға қол қойған Басбайдың жұбайы Нақыпқа нақ сол неке бұзарлық жағдайда кездескен екен.

Ақыры әйелі совхозға көшуге үзілді-кесілді қарсылық білдірген соң Төрән қимаса да совхоз басшылығын тастап, алпыс екінші жылдың ноябрінде Алматыға қайтты. Өз үйіне қарамағанның қолы қарынан кесіледі дейді ғой, Төрән өз үйінің отымен кіріп, күлімен шықты. Әйтеуір үш баласы үшін көргенге соқыр, естілгенге керең болып жүре берді. Біреу ынжық деп, біреу қылжық деп, біреу тірі өлік деп естімеген қаңқуы болмаса да, туысқандары табалап жатса да былқ етпеді. Мұндайда табаның басы туысқандардан келеді ғой.

Нақыптың қызметтен уақытысымен қайтуы ұзаққа бармады. Аз күнгі көз алдау бітіп, қисық басып үйренген табан ілгерінді-кейінді кете барды. Кей күні кештетіп, кейде әңдетіп, кейде иіс майы бұрқылдап сәңдетіп келетінді шығарды. Бірде кеш қайтқан Нақып ыржалақтап күліп, аузының қиюы қашып, зорға сөйлеп, тәлтіректей кірді. Әшейіндегі ойын мастықпен сыртқа шығарып та қойды: «Судан құрғақ шығу әйелдің ісі, ха-ха-ха... Мен де құрғақ шығып жүрмін, мен де... ха-ха...»

Әйелінің бұл ісі ерінің еңсесін түсіріп жіберді. Шешесі есіктен ыржалақтап кірісімен-ақ балалар әкесінің қойнына тығылды, үн жоқ. Тек үлкен қызы: «Көке, ал енді жаман сөздер басталады» деп состиып, есі кетіп тұрып қалды.

—Міне, сен алып бермеген алтын жүзік,— деді ол аузын оң құлағының астына қарай қисайтып. Мен сенсіз де... иттің балалары...

Шынымен Нақып мал тапқыш болып алды. Бір күні алтын жүзік, бір күні дүмбір сырға, тағы бірде тіпті алтын сағат та қолына салып келді. Жылан терісіндей қара шұбар, жылтыр көйлек, сүйір тұмсық, биік өкше туфли. Ия, әйелі дүниені нақ осылай жинай берсе, Төрән көп ұзамай-ақ баяғы Алматының байлары Ғабдуәлиев, Пугасов сияқты көше алмай қалар. Нақыптың қалтасынан ақша борап шығып, ұзын-ұзын «Жамбыл», «Қазбек» шылымдарын бір-бір қарыс етіп будақтатып сорып отырады. Көкала түтін, буалдыр дүние бұған қатты ұнайтындай. Үйім, балаларым, ерім бар еді деу, семья алдындағы жауапкершілік — бәрі де Алматы өзені жұлып ағызып кеткен күзгі жапырақтай зым-зия. Беттегі бояу қалыңдап, бұрынғы бейне өзгеріп кеткен.

Нақ осының ертеңіне әлдеқалай көшеге шыққан Төрән бір әйелге кездесіп қалды.

Әйел:

—Сіз әйеліңізді іздеп жүрсіз бе, мен ерімді іздеп жүрмін. Екеуі бір жерден табылмаса не айтарсың!—деп ызалы күлкімен булығып тұр. Бұл ел арасындағы бір ертегіні еске түсірді: Түлкі мен тырна достасып, балаларын бір жерге бағыпты. Тырна жоқта оның балапанының бірін қылығытып қойған түлкі тырнаны көре салып: «Сенікі, менікі дейтін не бет бар, ұзын мойын баланың біреуі жоқ» деген екен. Сондай-ақ кімді кім сүйрегенін кім білсін әйтеуір қуға қу қызыл іңірде тап болған ғой. Төрән ащы да болса, мырс етіп күліп жіберді.

Аздан кейін блар іздегендерін тапты да. Әйелі әлдебіреулердің үйінде Борақтың қолтығында отыр. Ішті бұған ыза басқа шығып, ол көріне көзге әйелін иемденген батырды ұрып жыққысы да келд. Былғанышқа қол былғағысы келмей, сабасына қайта түсті. «Қартайғанда кәрі боз жорға шығарады» дегендей ілгерілеген жасқа, ағарған басқа қарамай, сақалды қырып тастап, терек түбін күзетіп жүрген Борақ та өз

төсегінен безген біз аяқ екен. Біз аяқтың бәрі әйелден шығады деймісіз, олардың арасында бір еркек те жүрмесін бе?! Үйіндегі үш баласы, әйелі жел обатындай тапқанын араққа салып қисық жолға түскен екен, пақырың. Арақ дегенге ақша шақ келе ме, сондықтан мемлекет қалтасына да түсіп шығады екен. Онысы білініп қалып, ұрлығы да ашылған.

Көріп отырсыздар, қисық табандардың қисық жүрістері алты баланы жылатып, арадан аттап өтті. Іс насырға шауып Борақ істейтін жол құрылысы тресінің партия ұйымы совет семьясын бұзған некебұзардың мәселесін қарады. Нақ осы жерде бұл құбылмалы тұлкі бұлаң етіп өзгеріп түсіп, «Бәрін қойдым, ауыл шаруашылығына кетем» деді. Мұндағы жұмсақ жүректілер бұрын мемлекет қалтасын аңдыған неке бұзушының енді өздерінен кететін болғанына қуанып, аман шығарып салды.

Қазір неке бұзар Қалпе станциясынан Нақыпқа хатты қарша борататын көрінеді. Баяғысынша өліп, өшіп жазады. Үш баласы ойында жоқ... Бір күні ол совхоздың да қаржысын сақина-білезікке салып жүрмесін кім біледі? Алты баланың көз жасын кім көтереді. Жалпы мұндай қисық табандылардың балаларға ата-ана болуға қақы бар ма! Тайғанақ табандарға таға қағу керек болмас па екен?

1976 жыл.

ӨЛЕ КӨРМЕҢІЗ!

Айналдырған ауру Ұрқияны алмай қоймады. Өткен жылы жалғыз ұлы жауыз қолынан қаза тапқаннан бері жүрек ауруы қатты буып, меңдеп, ақыры осы жылдың күзінде ол дүние салды. Алматы қаласындағы 5-микро-ауданның 41-үйіндегі 55-пәтерде жалғыз тұратын оның өлімінің себебін ашу үшін заң орындарына хабарланды. Істі қаладағы Калинин аудандық прокурорының көмекшісі Борин жүргізді. Арада екі күн өткенде өлік жерленді. Жылап-сықтап туған анасын о дүниеге аттандырған Ізетгүл ертеңіне прокуратураға шақырылды.

—Келіп үйінен алынған ақшасын тез алыңыз, әйтпесе мен демалысқа кетемін,— деп Борин тездетіп, жылпылдатып жіберді...

Арада тағы екі күн.

Сонымен екі күннен соң не болды дейсіз ғой. Қайғы үстіне қайғы жамалды. Шешесінің үйіне келген Ізетгүл өз көзіне өзі сенбей қалды. Қәдімгі өзі күнде көріп жүрген прокурордың көмекшісі Борин осы үйге жүк көтеріп кіргізіп жүр. Екі қолын сыбанып алған, вокзал басындағы жүкшілерден кем қимылдап жүрген жоқ. Айран көзі аларып, Ізетгүлге суық қабағының астынан ғана көз тастады. Не істерін, не дерін білмей сасып қалған Ізетгүл состиып әуелде қатып тұрып қалды. Денесі мұздап, буындары дірілдеп кетті. Дірілдемей қайтсін, прокурор басқыншылық жасайды, өлік шыққан үйге ұрланып кіреді деген оның үш ұйықтаса ойына кіріп пе?

Нақ осы бір сәтте Борин үйге зып беріп кіріп, есікті іштен тарс жапты. Саңлаусыз, қиюлы есік оның қылмысын біржола жауып тастайтындай сазарып қалды. Не істеу керек? Ізетгүл өзіне-өзі келіп есікті ашқызуды ойлады. Борин де бір сәтке тілден айырылып қалғандай мылқиып жауап берер болмады. Өзі қайғыда қапа болып жүрген Ізетгүл есікті тартқылай бастады. Есік Боринге жақтасқандай баттыып дыбыс бермеді. Әрең дегенде есіктің жапсары ашылды. Ізетгүл жаңылмапты. Кәдімгі-ақ Борин, қасында екі жігіт. Иесіз үйге кірген ұрыша, көздері бал-бұл жанып, үнсіз отыр. Осы кезде көрші-көлем де жиналып, бұл жерде әжептәуір адам болды.

Екі жақта көпке дейін бедірейісіп үндеспеді. Ақыры шыдамы таусылды білем, Борин бірнеше күн бойы қаңқайып тұрып қалып, бір нәрсе тиіп қозғап жіберіп сөйлеп кеткен бұзылған радиоша сайрап қоя берді. Сайрап па, әлде ақырып па, әйтеуір сөйлеп кетті. Оның бұрынғы жылпылдақ сөзі, жалмаң көзі өзгерген.

Жылпылдақ сөз орнына қатқыл үн шықты да, әнеугі күндері күлмеңдеп тұрған айран көздерінің аласы көбейе түсіп, адырая қарайтын болып алыпты. Ол тығылып отырып күш көрсете дыбыс шығарды:

—Үйдің иесі мен, қазір жөніңді тап, әйтпесе милиция шақырып, шашыңды қырғызып тоқырайтып, өзіңді он бес тәулікке қаматып тастаймын. — Прокурордың көмекшісі екенін танытып отыр, ия, қолыңда әкімдік барын білгізіп, «Мені кім деп едің, көптің бірі емеспін» деп отыр.

Нақ осы бір шақта бұл үйдің есігінің бұзылғаны, оны Ізетгүл өзі жауып кеткені есіне түсті. Сөйтсе заң бұзар,

бас бұзар есікті бұзып кіріпті. Қанша дегенмен сақ заң қызметкері емес пе, есікке басқа құлып та салғызып үлгіріпті. Енді бұл Ізетгүлге үйдің есігі мәңгі-бақи жабық деген сөз. Ол күйініп, ағыл-тегіл жылап жіберді... Шынында да Ізетгүл шешесінің дүниесі сол үйде қала беріп, үйді Борин аферистікпен басып алды. Аферист болмағанда ше!?! Талайларыңыз-ақ үй алып көрген шығарсыздар. Бар документі сай, барлық заңдылықты сақтаған, үстіңде үйі, бауырында қазаны жоқтардың өзі үйге ордерді зорға алатын еді. Ал Боринге бәрі екі-ақ күнде істеліп, түп-түгел өз қаруындағы Калинин ауданынан біте қалыпты. Аудандық совет атқару комитетінің, пәтер бюросының тиісті қызметкерлері аяғының ұшынан мысықша басып, ерекше ептілікпен бәрін бітіріп қойыпты. № 26 ұй басқармасы да оған қызмет көрсетіп қол қусырыпты. Осыдан былай бұл үйден Борин шықса-ақ мөр басылған қағаз тұратын болды. Таңданбай-ақ қойыңыздар, заңсыз істерді қорғайтын мөрлердің болғаны ғой.

Арада тағы екі күн.

Арада жүйке жеген екі күн өткенде Ізетгүл келсе оның үйдегі мүлкі әжетқанаға лақтырылып тасталыпты. Бориннің басыздығы ма, әлде басынғандығы ма, есіктен шыға қоймаған шифоньерді (мүмкін заңды үйінен оның да шыққысы келмеген болар) ара-лап, бір жағын кесіп жатыр. Қарағайдан қасық шығармайтын жаман балташыдай, әлде бүгінді бұзатын басбұзар тентектей талқандап жатыр. Бұл біреудің үйін басып алумен жүргенде аудандық прокурор Лобар оны «өлікке кетті» деп жауап беріп, өтірік айтып отырды. Ол шынында өлікке кетті ме, әлде өлім шыққан үйге дәндеп қалған адам қисық-қыңыр кетіп жүр ме, ол жағын Лобар тексере қоймапты.

Біз аудандық прокурор Лобармен тілдестік. Ол Бориннің заңсыздық ісін көрмейді, оны заңды дейді. Әлде заң қызметкерлері үшін заң жазылмаған ба?! Байқап отырған шығарсыз, оқушы. Мәселе Борин аферистікпен басып кірген өлген кемпірдің үйін кім алуында емес. Бұл үйге заң жүзімен әркімнің кіруіне хақы бар. Мәселе адамшылықтың, ардың түйінінде болып отыр. Өліктің аты өшіп болмай жатып, оның дүниесін бүлдіріп, басып кірген заң қызметкерінің бұл ісі қай моральға сыяды екен. Біздің анық білетініміз — бұл адамшылық заңына сыймайды. Ендігі бір ой адамшылықтың ұсақ, қарапайым әдебін білмейтін басбұзар Борин заң қызметінде бұдан былай қалай істер екен? Оның алдына келген істі адал шешетініне кім сенбек? Республика прокуроры Сейітов жолдас прокуратура қызметкерінің мұндай сұғанақтығына қалай қарар екен? Ал Калинин аудандық совет атқару комитеті аферистікпен алынған ордерді қалай ақтар екен? Қазіргі жұртшылық ойы осындай.

Ал біздің айтарымыз, оқушы, өле көрмеңіз, ондай жаманат болса үйіңізді Бориннің тартып алатынында дау жоқ. Аты құрысын оның, өлімнің. Өле көрмеңіз!

1972 жыл.

НЕКЕ БҰЗАР

Ә. Москваға бір жылдық курсқа жүрмек болды. Инеш ерінің сонша ұзақ уақытқа кеткенін еске алып, қатты қамықты. Вокзалға келіп, ерін жылап-сықтап шығарып салды...

—Ә, сенсіз қалай күн көрем. Шынымен-ақ сенің әл-пешіңнен айрылып, үш баланың ортасында жалғыз қаламын ба?—деп Инеш солқылдап жылап, ақыры өксігін баса алмай, боздап-боздап жіберді. Алматы — Москва поезы жүріп кетті...

Арада апта өткен соң Инештің іші пысты. Инеш үйден шықты. Косметика көмегімен бет-аузына өңдеу, жөндеулер жүргізді. Аздан кейін әрі кең, әрі әдемі Калинин көшесінің, былайша айтқанда Алматының «Нева проспектісімен» кетіп бара жатты. Осы кезде мұнда үйде отырудан іші пысқан бір жігіт те жүр еді. «Жүргенге жөргем ілінеді, жатқанға жан жуымас» дегендей, шашын бір жағына қайыра тараған, қыржық мойнын жерге сала, екі қолын артына ұстап келе жатқан тәпелтек біреу Инешке душар бола кетті.

—Инеш, аманбысыз! Ә-ден хат келіп тұра ма? Апыр-ай, сіздің ішіңіз қалай пыспайды деуші едім, бүгін үйден шыққан екенсіз,— деді ол сөзін әрі таптап, әрі баптап айтып. Содан соң ол екі алақанын ысқылап, жан-жағына қаранып қойды. Майдалап тұрған жігітке Инеш майлы күйеше жұғыса кетті. Халін сұрағаны үшін оған рахмет айтты. Бұдан әрі жігіт одан да майдалап, жылбыратып сөйледі.

- Ә-мен біз жолдас адамбыз, жүріңіз қорықпай-ақ қойыңыз. Менің ешкімге зияным тимейді...

Алғашқы күнгі әңгіменің түрі осылай болды. Жылпылдақ жігіт Инешті үйіне шығарып салды. Айрылысарда:

—Менің де уақытым өтпейтін бір сорлы жанмын. Ертең де келіп әңгімелесіп қайтайын,— деді әлгі мүләйімсіп. Инеш үндеген жоқ. Үйге келген соң: «Әлі де болса жігіттерді қарата алатын қауқарым бар екен» деп ішінен ол мақтанып қалды. Бұл уақытта жігіт те: «Адамды бір көргеннен-ақ үйіріп әкетемін-ау» деген ойда бара жатыр еді. Ертеңіне жылпылдақ жігіт Инешті қызмет істейтін мекемесінің алдынан күтіп алды.

—Түйе қарап жүріп тойға жолықтым дегендей, осы жақта бір шаруам болып келіп едім, сен осында істеуші ме едің?— деп тағы да ол бір лыпың ете қалды. Бұл күні олар кешегіден гөрі үйренісіп қалған екен. Инеш сәмпылдаңқырап кетіп еді, анау жылбыраған дауысын өзгертпей, ақырындап сөйлей бастады:

—Апыр-ай, сенің ішің пыспайды, Инеш. Киноға барып қайтсақ қайтер еді,— деді.

Енді Инеш те қысыла қойған жоқ және киноға да барғысы келіп тұр екен, келісімін берді. Сонымен апамызға жездеміз, жездемізге апамыз сай болып шықты.

—Қай кинотеатрға барамыз?

—«Ударникке» де.

—Ойбай, құрсын, алыс қой, «Алатау» мен «Алматының» біріне ше?

—Олар театр ма, тәйірі! Адам көп болады, сен пысынап кетесің. Мен сені ондай жерге қимаймын.

Жылпос жігіттің «қимаймын» дегені Инештің жанын дір еткізгендей болды. Олар сол күні «Ударникке» барып, киноны да көріп шықты, өмір мен экранды шатастырып алды ма, әйтеуір екеуі қолтықтасып қайтты. Бұл кеште Инеш ерін, бала-шағасын ұмытып та кетіп еді.

—Мен бір жалғыздық жапасын шегіп жүрген жанмын, ертең де келейін, Инеш,— деді жылпылдақ жігіт айрылысарда.

Бұл күні де ол сағат алтыда кешегі мекеменің алдын қарауылдап тұр еді, аздан кейін Инеш оны өзі қолтықтап бара жатты. Жылпылдақ жігіт аз жүрген соң тағы әңгіме шертті:

— Апырай, Инеш, сенің қарның ашпайды. «Үйі жоқтың күйі жоқ» деген ғой, мына менің жайым болмай тұр. Тамақ ішсек қайтеді.

— Қайдан ішеміз?

—Рестораннан.

—Қай ресторан?

—І Алматы станциясының ресторанынан.

—Ойбай-ау, қашық қой. Мына біздің үйге жақын «Алатау» мен «Қазақстанның» біріне барсақ қайтеді.

—Олар ресторан ба, шіркін. Анау нағыз бірінші класс. Мен саған дәмсіз тамақ ішкізгім келмейді жаным.

Жылпос жігіттің «жаным» деген сөзі Инештің жүрегін жарып кеткендей болды. Олар рестораннан тамағын да тойғызып, екі жарты — бір бүтін болып қабағымен де ұғысып қайтты...

Сонымен бұл жылпылдақ жігітіңіз әдебиет факультетінің оқытушысы Шартық Инешке сол кеште бір уәдесін беріп те салды. «Үш балаң түгіл, он балаң болса да, саған үйленемін, міне жаным, міне иманым» деп тырнағын жалап-жалап алған кездері де, «осыны орындамасам о дүние, бұ дүниеде жақсылық кермейін» деген сөздері де болды. «Менің атам, арғы атам екі-үш әйелден алған, баласы бар жесір жеңгелеріне де үйленген, сен олардың жанында бүлдіршін емессің бе» деп аталарын да бір шолып өтті. Тіпті кейбір жоғары қызметтегі жолдастардың атын атап, солардың алдында уәде берейін деп те жіберді.

Арада екі-үш ай өткеннен кейін жағдай басқаша болды. Шартық құйрығын бұлаң еткізіп, сыртқа салып шыға берді. Әңгіменің түрі де өзгерді: «Прокуратурадағы Парымбекті, соттағы Сағымбекті, министр Маралбайды білесің ғой, солардың бәрі де менің асық атысып, доп ойнасқан достарым. Қазір Көкеңнің үйінен келдім, ой, ол ауыз жаласқан ағай ғой». Міне ол сөйтіп, жоқты жаратып, ойдан шығарған өтірігін тізе берді. Ақыры Инеш әйелдер босанатын үйге аттанды...

Болған оқиғаның бәрі болғанындай Москвадағы Ә-ге жетті де жатты. Алдады дегенге кім бірден сене қойсын. Тіпті айналасы бір жылда Ә-нің көзіне Инештің шөп салғаны ма? Ол үш баланың анасы емес пе? Осыны ойлап ішкені ірің, жегені желім болып келген Ә. әйелінің түрін көргенде шошып кетті.

- Инеш саған не болған?

- Қайтем үш баламен...-деп Инеш жылап жіберген болды. Сәлден кейін Инештің бар азғындығын біліп, бетіне айтқан үй қызметшісі Захарияның үйден қуылғаны да анықталды. Инеш айыбын мойындап отырғанда үйге күндегі әдеті бойынша үйдің иесінше баса көктеп Шартықтың кіріп келмесі бар ма, әңгіме енді басталды. Байсалды жігіт Ә. оған жайымен сөйледі:

—Менің баламның алды мектепке барады. Менің семьямда нең бар,— дегенде, ол шымыр етпей:

—Мен сенімен емес, әйеліңмен... қолыңнан келгенін істе,—деп Шартық шәнтіді.

Мұны бір емес, Ә-ні көрген сайын айтатын болды.

Ә. ләм демеді. Ал, әдебиет факультетінің кейбір оқытушылары мұны естігенде, өмірден тәжірибесі жоқ, уни-верситет бітіргенше жиырма жолдық хабар жазбаған адамды оқытушы етіп алып, еркелетіп жібергендеріне бармақтарын тістесті. Ал Шартықтың ешнәрсе ойында жоқ, жағасы жайлау, етегі қыстау, екі езуі екі құлағында.

1955 жыл.

БАСТЫҚТЫҢ АШУЫ

«Қарасаз» колхозының председателі Жортақбай кеңсеге қатты ашуланып кірді. Қабағы түксіп, өңі түтігіп, қарауытып кетіпті. Тіпті қатты ашуланғандықтан есік алдында тұрған бірсыпыра колхозшылармен амандаспай, өз кабинетіне де бармай бірден бухгалтерлер бөлмесіне беттеді.

Ашушаң бастықты бәріміз де сөгеміз. Бірақ бүгін ашуландың деп Жортақбайды сөзге болмайтын еді. Ашуланбағанда қайтсін, егін судан қалып барады, отыр-ғызылып болмаған темекі анау. Көк бригадасының жұмысы мүлдем бастаусыз жатыр. Аудан ақпарды бұрын бес күнде бір сұраушы еді, колхозда телефон орнағалы бері құлаққа тыныштық жоқ, ауаткомдегі әне бір бадырақ көз қара қыз тақылдап тынышыңды алады.

Тіпті күндегісін былай қойғанда балалар яслиінде істейтін бес әйелдің бесеуі де жұмысқа шықпай қалыпты. Яслидің есігі ашылмағандықтан бес бригададағы жиырма шақты балалы әйел үйінде баласынан шыға алмай шырмалып қалыпты. Яслиде істейтіндердің бірді-екілісі болмаса көбі белсенділердің әйелдері еді. Жеңілдеу жұмыс, маңдай күнге тимесін, шыжыған ыстықта бір-бір уақыт көлеңкеде отырғанның өзі де бір ғанибет қой дескен. Енді міне, бұлардың кесірі бригадаға тиіп бақандай жиырма адам жұмысқа шықпаған.

Жортақбай даладан қатты келген күйі бас бухгалтеріне жеки түйіле сөйледі:

—Сенің әйелің неге жұмысқа, яслиге бармай қалды? Бухгалтер сасқан жоқ, жай әдемі сыбызғы дауыспен

жымысқып қана:

—Бүгін сіздің үйдегі Жауыар жеңгейге болысатын еді— деп лыпың ете түсті. Председатель не айтарын білмей бар ашуынан айрылып, сылқиды да қалды. Ал бухгалтер тісін көрсетіп ыржиып күлген болды.

КЕҢСІРІК ҚАЛАЙ КӨРІНДІ

Бүлкібай майданнан бір қолынан айрылып қайтты. Оның шынтағынан жоқ қолына пролет жасалды. Ал екінші қолынын да екі саусағы оққа ұшқан еді. Қолынан айырылып қайтқан ері Салихаға бұрынғыдай сүйкімді көрінбеді. Бүлкібайдың қолының сықырын естігенде Салиханың шекесіне біреу бізді сұғып, қайта суырып алып, дамылсыз осыны қайталап тұрғандай көрінетін болды. Оның үстіне он шақты күннен бері тұрмай, төсек тартып жатып алғаны да өтіп кетті.

Еркегі жоқта жол алып, жаман үйренген Салиха Бүлкібай төсек тартып жатқалы бері шолақ күйеуді менсінуді қойды. Тіпті ол кей күндері жарым түнде қайтып жүрді. Қасып-қасып ақырындап айтқан Бүлкібайдың сөзін ол құлағына ілмеді. Бір күні тіпті ері қанша жалынғанмен Салиха буынып-түйініп біржола кетпек болды. Киімін тегіс қаттап, қол саңдығына салып, есікке қарай енді беттей бергенде, күйеуі Салихаға тұра тұршы дегендей ишара білдірді.

Әйел жалт бұрылып Бүлкібайдың бетіне тура қарады. Салиханың жарқ еткен нұрлы жүзі қызарыңқырап, қаны сыртына теуіп, долылықтан қызарса да әдейілеп бояп қойғандай көрінді. Оның жүзінің сұлулығы сонша — бетінен ашу ізі білінбей, қайта сыртқа тепкен қан оны сұлуландыра түсіпті. Оның әдемі қыр мұрыны, кескінді кейпіне айрықша көрік беріп тұрғандай. Екі танауынан күн көрінеді деген сұлу да осы Салиха шығар. Қандай көркем келіншек! Қарақат көз, жайнаған жүз, тотыша құбылып тұр. Енді осындай келісті бетті біреу аймалап, шикандай ерінді, оймақтай ауызды біреу сүйеді-ау! Мүгедектің іші қазандай қайнады. Тіпті у ішіп өле кеткісі де келді. Оның ішін қызғаныш оты жегідей жеп, әлеп-жалап жіберді. Не істеу керек? Асыл ерке алыс сапарға аттанып барады, осындай ай десе аузы, күн десе көзі бар перизатты қандай ғана көздер қияды.

Бір сәт тұра тұршы,— деді ол әйеліне,— шын кетемісің? Мен өз басым сені қимаймын. Мынау тату күндердің айғағы — екі баланы кімге тірі жетім етіп қоямыз. Ойлансаң етті.

Әйел қатты кетті.

— Жоқ, мен жарым адаммен тұра алмаймын, мен періштенің баласындай көркіммен қасқырды асығындай мұжиып тұрған сені қайтем. Бала болса, қалады да әкесін сағалап.

Күйеуінің қызғаныш оты ішін жалап барады. Өле кету оңай емес, өз жанын қия алмайды. Әйелінің әбден бұзылып алғанына, кететініне Бүлкібайдың көзі жетіп күйіп кетті.

— Анық кетер болсаң,— деді ері,— он жыл бірге тұрдық қой, ең болмаса бетіңнен бір сүйгізе кетші!

Әйел бұрылып күйеуінің жанына келді.

— Еңкейсеңші бері таман, бір құшып сүйейін. Мүгедек жалғыз қолымен әйелін қапсыра қатты құшақтады. Әйел де еңкейіп, отырған күйеуіне бетін тоса берді. Осы кезде Бүлкібай сүйе беремін деп әдемі қыр мұрынның ұшын қыршып, жұлып алды. Келісті беттің сәнін келтіріп тұрған мұрын екен, кеңірейіп кеңсірігі көрініп қалды. Көкіген танау бұдан кейін қанша көтерілмек болса да, түбін су орып кеткен ескі дуалдай мұжиып, жырымданып қала берді.

ОРАҚ МҰРЫННЫҢ АЛМАСЫ

Алматыдан келген өкіл Н. облысының бір түкпіріндегі «Авангард» колхозының магазинінің алдына келгенде басында қаракөлден тігілген кавказдық бөркі бар, үңірейген ұзын бойлы, орақ мұрын біреуді көрді. Оның айналасында аузы буулы бірнеше қап жатыр да, аузы ашылған екі үлкен қаптан алма көрініп тұр. Келушілер көп.

Анадай жерде бүйрек бет қара бала шешесінің етегіне оралып дамылсыз ызыңдап тұр:— Апа, е-е-е, апа, ал-ма-а-а! Әке-шешесіне тілін алғызған балалар алманы құшырлана шайнап барады. Олар алма жемей тұрғандарға, «е-е-ей» деп «сенде жоқ, менде бар» дегендей жылтылдатып алмасын домалаң-домалаң еткізіп көрсетеді. Балалардың «апалаған» қыңқылы одан сайын көбейе, үдей түседі.

«Құртты көрсе құр ауыздан су ағар» дегендей өкілдің де алма жегісі келіп, сілекейі шұбырып жүріп берді. Оның көз алдынан осыдан он шақты күн бұрын ғана Алматыда тұтынушылар одағында отырып, күртілдете алма шайнаған кезі елестеп кетті. Шіркін, сол алма осындай алыс ауданда командировкада шөлдеп жүргенде кездесер ме еді! Ол алма жанында отырған орақ мұрынның жанына жақындады. Баласы маза бермеген біреу оның сөзін аузы-нан қағып әкетті.

— Алмаңыз қаншадан?

— Екі сом.

— Килосы ма?

— Жоқ, біреуі.

— Ойбай-ау, мынауың қырады ғой.

— Қымбатқа сататыныңыз, ашуланатыныңыз бар метр жол жүріп, екі тонна алманы Алатаудан, алыстағы жырақ «Авангард» колхозына азабын тартып алып келгенде бекер бергелі отыр деп пе едің.— Орақ мұрын бұл сөзді шамданып, зікінеп, зіркілдеп айтты. Тұтынушылар одағының Н. облысына келген өкілі саудаға тікелей қатысы барын аңғартты:

— Қымбатқа сататыныңыз, ашуланатыныңыз бар мұнда неге келдіңіз?— деді? Орақ мұрын да тартынған жоқ:

— Егер біз болмасақ алыстағы ағайындарды алмамен кім қамтамасыз етеді?— деп шімірікпестен айтып салды. Өкіл не айтарын білмей аңырып тұрып қалды.

ҰЛЫҚ КІШІК БОЛДЫ

Облатком председателі Орынбетов кеш алдында аудан орталығындағы мейманханаға келіп тоқтады. Бұл аудан орталығы үлкен поезд жолының торабы Жандыағаш деген станция еді. Сондықтан мұнда үнемі бір поездан түскен адам екінші поездға мініп, үнемі сапырылыс болып жататын. Сондықтан осындағы кішкентай мейманхана адамға лық толып, бос орын болмайтын. Орынбетов кішкентай мейманхананың аяқтай ауыз үйіне кіріп, дем алып отырды.

Әлден уақытта осы мейманхананың әрі қожасы, әрі әкімгері екі қолы иығына дейін ашық, көйлегінің ойынтасы анарына жетіп тұрған жұқа жібек көйлек киген Рәбила келді. Ол кірген бетте-ақ жан-жағына қарап:

—Отырмай-ақ қойыңыз, мейманханада орын жоқ, — деп жауапты келте қайырды.

Орынбетов жай ғана:

—Ең болмаса, осында отырып шығуға рұқсат етіңіз, — деді. Рәбила мұны әңгімеге айналып естімеген болды. Тіпті аздан кейін ол сыртқа шығып кетті. Рәбила қайта кіргенде Орынбетов мейманханаға қонып жатқан біреумен әңгімелесіп отыр еді. Рәбила әңгімеден оның қаладан келгенін аңғарып қалды.

—Сіз қайдан келдіңіз? — деп сұрады ол Орынбетовтан.

—Облыстан.

—Сіздің фамилияңыз кім?

—Орынбетов.

Рәбила сәл үндеңкіремей қалды да:

—Сізге орын бар, жүріңіз — деді.

Ол түкпірдегі бөлмеге Орынбетовты ертіп келіп алдымен кіріп осында бұрын орналасқан адамға адуын сөздер айта бастады:

—Сіз жөніңізді табыңыз, мынау орынға ұятты адамды орналастырамын.

Төсекте жатқан адам басын көтеріп алды. Жас жігіт екен. Ол:

—Өзім студентпін, мұнда танысым жоқ, кеш батқанда қайда бармақпын.

Рәбила айғай шығарып, милиция шақырамын деген соң студент амалсыз орынды босатпақ болды. Орынды босаттырған Рәбила:

—Ал осында орналасыңыз, мен сізге төсек-орын әкеліп беремін, — дей беріп аңырып тұрып қалды. Өйткені Орынбетов студент «танысым жоқ еді» дегенде-ақ бұрылып шығып кетіп еді.

СЫБЫРДЫҢ СИҚЫ

6-класс оқушысы Сақберген сабақ оқымай, ылғи көшеде ойнайды да жүреді. Қай жерде балалар ойнаған, адам көбірек жиналған жер болса Сақбергенді нақ сол жерден табасың. Бірақ сабақты ойын сияқты жақсы білмейді. Мұғалім сабақ сұрағанда ол сұрақтың басқы екі сөзін айтады да, бедірейіп тұрып алады. Не бүгін қолым тимей оқи алмап едім демейді, не білмеймін демейді. Ойлаған болып аузын жыбырлата береді. Кейде жан-жағындағы балалардың өзара сөйлескен сыбырына құлақ салады.

Мұғалім жаңа сабақ түсіндіргенде ол қалтасынан шолақ бәкісін шығарып алады да, Сақберген деген атын партаға ойып жаза бастайды. Бұрын оның «Сақ» дегені біткен, енді «бергені» қалған. Кейде қалтасынан нанын алып, үзіп жеп, малжаңдап отырады. Балалар оны қабырға газетіне де жазып қойды:

Сақберген,

Тамақ десе тап берген,

Оқу десе жалт берген...

Физика сабағынан бұрын Сақбергеннің «қанағатта-нарлық» деген ғана бағасы бар еді. Оның өзін де кітаптан көзі түскен жерін оқып беріп алған болатын.

Енді бүгін кезек келіп қала ма деп қыпылдап келеді. Ол партада қасында, артында отыратын балаларға кейде жалынып, кейде қодыраңдып өзіне сыбырлап жіберуді, не кітаптан көрсетіп отыруды сұрайтын. Бүгін ол жанында отыратын Мергенге қыр көрсетіп келіп еді.

Міне, физика мұғалімі кіріп келді. Жыл басынан бергі сабақты қайталау жүріп жатқан кез. Балаларды түгендеп болған соң мұғалім Сақбергенді орнынан тұрғызып:

—Физика деген не?—деп сұрақ қойды. Ол ішінен бағана Мергенге қыр көрсеткенше жалынбаған екем деп ойлады.

Сақберген бағанадан бері физиканы өзі-ақ ашып қоя-тын еді, сұрақтың қай жерінен келетінін білмеді. Оның қасындағы Мерген дереу алдындағы кітапты алды да, ашқан болып партаның астына тастай салды, сөйтіп гео-метрияны алып, ашып Бақбергеннің алдына қойды және қолымен нұсқап бір сөзді көрсетті. Сақберген оқи берді:

—«Гео деген гректің жер деген сөзі, метрия деген өл-шеу деген, жер өлшеу деген сөз...»

Балалардың көбі сықылықтап күліп жіберді де, біразы тымырайып қалды, ал Мерген өзінің жолдасына іс-тегеніне ұялғандай қызарып кетті.

Нақ осы кезде артқы партадан бір сыбыр шықты да, Сақберген құлағын соған тосты.

Мұғалім шыдамдылық-пен тыңдап отыр: «доғал бұрыш тоқсан градусқа тең бо-лады».

Сақберген қағып алды:

—Доғал бұрыш тоқсан градусқа тең болады. Балалар бір сөзден айта бастады:

—Физикада.

Сақберген: — физикада Балалар :— доғал Сақберген: — доғал. Балалар: — бұрыш.

Сақберген: — бұрыш.

Балалар:— бола ма?

Сақберген: — бола ма?

Мұғалім де, балалар да шыдай алмады, бәрі ду күлкіні қойып берді.

Мұғалім:

— Оны өзің айтшы. Физикада доғал бұрыш бола ма?—деді Сақберген не айтқанын енді ұғынғандай мойыны салбырап кетті. Балалар жаппай қолын көтерді. Сақберген сыбырдың өзін қайда әкеткенін енді ғана сезді. Балалардың жаппай көтерген қолын көріп, Сақберген партаның астына тығылып қалғысы келді... тоғызыншы сот

Сәулет өнерінің бір маманы Сапақ айыпкер орынды-ғында осымен тоғызыншы рет отыр. Ол біреудің басын жарып, көзін шығарып шектен шыққан қылмыспен немесе мемлекетке қандай болсын бір зиян келтіргендіктен отырған жоқ. Ол сот алдына үнемі әйел мәселесімен келуші еді.

Алғашқы әйелінде оның бір баласы кетті. Сапақ әйелінен ажырасқалы бері оның қызмет орны төрт рет өзгерді. Сол төрт ретте де ол барлық уақытта әйелімен соттаспай баласына алимент төлемеді. Тұңғыш рет әйелі оны сотқа бергенде оның жалақысы жүз сом еді. Әйелі жүздің төрттен бірін кестіріп алды. Сәлден кейін-ақ оның қызмет орны өзгеріп, сол мекемеде жоғарырақ столға жылжып отырған болатын. Бұл кезде оның жалақысына тағы бір елу сом қосылып еді. Алғашқы әйел екінші соттан жиырма бес процентті алғаннан кейін, іле үшінші сотқа шақырылды. Өйткені Сапақ екінші әйелімен де ажырасып, онда бір баласы кетіп, үшінші сот болды. Мұның өзі қиындау еді. Бір әйелде екі баласы кетсе, оған отыз үш процент алимент беруші еді. Ал жеке-жеке әйелдегі екі балаға не істерін білмей соттың өзі қатты састы. Сонан соң ойлап отырып, екі әйелдегі екі балаға отыз үш процентті бөліп қайта билік шығарды. Іле-шала Сапақ қайта қызмет орнын өзгертті.

Сапақтың қызмет орнының өзгергенін білген алғашқы әйелі қайта сотқа беріп алиментті бұрынғыдан сол көбейтіп алып көңлі құрғырды тыныштандырып еді. Оның артынан екінші әйел де соттасып ол да өз сыбағасына алды. Бұл екеуі енді жанымыз тыңды деп отырғанда үшінші әйел Сапақпен ажырап, соттасып, барлық істің астаң-кестенін шығарды. Өйткені бұрын екі әйел табыстың отыз үш процентін алса, енді үш әйелге елу проценті бөлінетін болды.

Бұдан алғашқы екі әйелге қаражат жағынан келер-кетер болмағанымен сот орындаушысы қайта-қайта шақырып мазасын алды. Оның үстіне бұрын мұрагер екеуіміздегі екі бала ғана ғой деп, алғаш соттасқанда алакөз болғанымен кейін үшінші әйелге қарсы бір майдан құрған екеуінің зәре құты қалмады. Амал не, сот Сапақтың соттасу ісін тағы жетінші рет қарап, жетінші рет көзіне шұқып, Сапақты соттай, соттай әбден қажығанын айта отырып билік шығарды. Тіпті халық соты шын тілек білдіріп «енді осы байыпты болғай» деп салды.

Арада аз күн өткен соң Сапақ үйленіпті деген сөз дүңк ете түсті. Одан көп ұзамай-ақ қызмет орны жоғарылап, оның үстіне бір институтқа сабақ беретін болып барлық жа-лақысы үш жүз сомға көтерілді. Осы кезде бұрынғы үш әйел сотқа беріп, бірақ сот Сапақ ісіне маманданып, тәжірибесі молайып бәріне бір-ақ сот — сегізінші сот құрды. Сөйтіп Сапақ үш жүздің жартысын беріп үйіне қайтты.

Бір күні Сапақтың төртінші әйелінен бала туды. Тоғы-зыншы сотты өзі жасатты. Әйелі әйелдер босанатын үйден келген күні-ақ Сапақ әңгімені бастады:

—Күләйхан,— деді ол, әйеліне қарап,— сен екеуіміздің бір баламыз бар. Енді мен сенен де ажыраймын.

Әйел бұған қатты шошып кетті.

—Неге?

—Негесі сол, анау үшеуі жүз елу сомды бекер бөліп жеп жатыр. Мен оларға оны түгел жегізгім келмейді.

—Е, сол үшін менімен ажырамақпысың? Сапақ сәл ойланып отырды да:

—Сен осы үйде қал. Мен сенен ажыраған боламын. Әзірге мейманханаға кетем.

Аз күннен кейін Сапақ төртінші әйелімен сот алдында ажырасты. Бұрынғы үш әйелге бөлінетін жүз елу сом енді төрт әйелге бөлінді. Ертеңіне-ақ Сапақ Күләйханға қайта жетіп келді. Некесіз тұрса да қырық сомның үйге артық келгеніне әйелі де қатты қуанды. Ал көршілері:— Арың қайда, олар да балаң емес пе?— деп еді, оған Сапақ:

—Арың не, арыңнан ақшам қымбат, ар деген маған ақша бола ала ма?!— деп жауапты келте қайырды.

ҚАРТТЫҢ ОЙЫ

Еркін үлкен төрт қабат үйде тұратын. Бір күні оның үйіне ауылдағы ағасының қолында тұратын қарт шешесі келді. Арада бірер күн өткен соң қарт ішім пысты кетемін деп әлек салды. Сонда шешесін көптен көрмей, әбден сағынған Еркін оны жібергісі келмей:—Сіз мына балконға шығыңыз да көшедегі елге қарап отырыңыз —дейді. Баласының жібергісі келмей тұрғанын білген шеше: «жарайды шырағым» дейді. Сол күні-ақ қарт биік үйдің балконына шығып, көшедегілерге қарап отырады. Көшеде әйелдердің неше түрлі киіміне қарап әрқайсысына өзінше баға береді, сынап қарайды. Бір кезде соңғы сәнмен уыққаптай қылып тіккен, тап-тар белдемше киген бір әйел кетіп барады. Ол етегінің тарлығы соншалық адымы қысқарып, мимырттап жүре алмай бара жатқанын байқайды. Екі аяғы жыбырлап, қолтаулаған жылқыдай бүгежектеген әйелді көрген қарт ана: «ой сүмдық-ай, ауылда атты тұсаушы еді, қалада әйелдерді тұсайды екен ғой»,— деп күліп жіберіпті.

«БОЛДЫ, ШЫРАҒЫМ, БОЛДЫ»

Шаған бойының бір қазағы Омбы айналып, Көкшетауға келеді. Көкшетауда бір үйге түсіп қонады. Бір кезде қарас керегеде қолдан шапқан қаз мойын қоңыр домбыра ілулі тұр екен.

—Мына домбыраны тартып көруге бола ма?—деп сұрайды әлгі кісі үй иесінен.

—Е, неге болмасын, иесіндей тартсаң беріп те жіберер едім,— депті.

Әлгі жігіт домбыраны шалқытып тартып отырып, бір кезде Біржанның «Айтбайына» басып кетеді. Оны бола беріп «Жамбас сипарды» үзілтеді. Үй иесі қарт ұйып тыңдап қалыпты. Мұны байқаған әлгі жігіт:

Біздің ауылдың Біржан деген қазағы осылай шырқаған екен,— дейді.

—Сенің асылың қай ауыл, қарағым?—деп сұрайды қарт.

— Біз Шаған бойынікіміз.

Бағанадан бері ұйып отырған қарт, балқып отырған бойын жинап:

—Болды шырағым, болды, енді айтпай-ақ қой,— деп орнынан тұрып кетіпті. Сөйтсе түпсіз мақтаншақ бөсіп отырып, өзінің Біржанның ағайындарының ауылында отырғанын, қолындағы қоңыр домбыра Біржан баласы Асылдан қалғанын сезбеген екен...

ЕРКЕ ТОҚАН

Тоқан таңертең қорада тұрған велосипедін көріп келді де, екі көзінен сорасы ағып жылап жіберді: он үштен он төртке шығатын баланың дауыс шығарып жылағаны жаман болады екен, барылдап, үйді басына көтерді:

—Балалардың бәрі кетіп барады, ал менің велосипе-дiмнің шині әлі айырбасталмапты.

Мұны көрген шешесі жанұшырып барып әкесін оятты.

—Әнеугі күні-ақ айтып едім, осы баланың дүниесін жөндеп қой, аяқ астынан керек етер деп. Жалғыз ұлдың айтқанын істемейсің.

—Тағы не болып қалды?—деді әкесі.

—Не болғанын тұрып көрмеймісің, жалғыз баланы жылатып... Велосипедтің шині айырбасталмапты. Бар-саңшы енді, жаны бар кісіше.

Сөйтіп әкесі тұрып, әп-сәтте велосипедтің шинін айыр-бастап, майлап берді де, баласының көңілін қош етті. Тоқан әзір велосипедке мініп алып, зырғыта жөнелді.

Балалар бұл күні ауылдан екі-үш километр жердегі көлге барып түске таман қайтамыз, қайтар жолда жа-рысамыз, сөре ауылдың ортасындағы Мұраттың үйі десті.

Көп жүріп қалып, күн кешке таянған кезде көлден шыққан он шақты бала тегіс қатар тұрып, ауылға қарай жарысып кеп кетті. Тоқан тыз етпе, шығымды атша ә дегенде алға шықты да, біртіндеп мимырттап, бәрінен артта, көз ұшында қалып қойды. Нақ осы кезде «жығылған үстіне жұдырық» дегендей артқы доңғалақ парс етті. Өзі ызаға булығып келе жатқан ерке еңіреп жылап жіберді. Ол еңіремек түгіл бақырса да, дауысын көл жағасындағы қызғыш пен шағаладан басқа ешкім естіген жоқ. Олар оны келеке еткендей ілесе шиқылдап қояды.

—Е, е, е, енді қайттім? Әк-е-е...

Сәлден кейін ол орнынан атып тұрды да, жығылып жатқан велосипедінің жанына жетіп келіп, бірден кісеге жармасты. Кісені ашқанмен не пайда, кілт көп, жөндейтін әке жоқ. Кілттің бірін доңғалақтың ортасына апарды да, қай болтты бұрарын білмей аңырып қалды. Велосипедтің ауруы қай жерінде? Кілт біреу, болт әлде нешеу! «Долы зәрін көзінен төгеді» дегендей көзінен жас, басынан тер бірдей ағып жүріп берді.

Доңғалақтан жұққан топырақпен жас, тер араласып, ақсары бала қарақожажақтанып шыға келді. Ол велосипедтің о жер, бұ жерін түрткіледі де, ештеңесін білмейді, бәйек болар әке-шеше жоқ, мықшындап тұрғызып сүйреледі. Тер қарабақайына дейін ақты.

Көтермек болды, болмады. Ол қатты састы. Ол «далада қалдым-ау» деп қайта жылай бергенде қос ат жеккен арбамен көршісі Кәдір кела қалды. Тоқан қуанып кетті:

—Сал арбаға,—деді Кәдір оны көріп,— жылап отырғанша жөндеп алмайсың ба?

Тоқан тіс жарып үндеген жоқ. Велосипед салынған арбаға өзі де отырып, қалғып кетті.

КӨШКЕН ЖҰЛДЫЗ

Жаз күнінде түнде далада отырған адамның аспанға қарай беретін әдеті. Жазық даладағы қырман басындағы қарауыл Бекбай қарт таңды болжап, үркер қарап, одан жеті қарақшыны түгендейді. Сөйтіп далада өскен қазақ-тың алысты болжайтын жіті кезі аспан әлемін тегіс шо-лып отырып, түстіктен туып келе жатқан бір жарық жұлдызды

байқайды.

—Япырмау, бұрын жұлдыздар да шығыстан туушы еді, енді түстіктен туатын болған ба,— дей беріп—«өзім шатасып отырмайын» деп үркерге қарайды. Үркер шығыс жақта, темірқазық төбеде, бәрі орнында. Сөйткенше болмай әпсәтте әлгі жұлдыз арқан бойы көтеріліп, одан заулап түстіктен шығысқа қарай төбеге келіп қалады. Әлгі жұлдыздың зымырап бара жатқаны көріне көзге байқалып тұр. Сонда әлгі Бекбай қарт отырып:

—Ой, сүмдық-ай, заман өзгергенде аспан да өзгереді екен ғой, бұрынғы жұлдыздар жымың-жымың етіп, бір жерде тұрып алушы еді, ендігі жұлдыздар қас қаққанша аспаңды кезіп шығатын болыпты-ау деп ойлайды.

ГАЗЕТТИҢ МАКЕТІ

Үлкен аудиторияда сабақ өткізіп тұрған журналистика пәнінің оқытушысы тізіліп отырған студенттерге бір сұрақ қойды:

—Айтып жіберші, Айтан, осы қазіргі газеттердің бұрынғы газет макеттерінен қандай айырмасы бар?

Орнынан ширақ тұрған Айтан жан-жағына қоразданып қарап алып былай деді:

—Оны кім білмейді. Бұрын подвалдық мақала газеттердің аяғында болушы еді, енді беттің басына шықты.

ТӨТЕ ЖАУАП

Он күн облыста командировкада болып қайтқан бір журналист қызмет соңында машина бюросына кіріпті.

—Сәруар, аман-есенбісің?

Сонда Сәруар әй-шай жоқ төте жауап берді:

—Қызмет уақтысы бітті, сағат алты болды.

—Жоқ мен амандасып тұрмын ғой.

—Бүгін болмайды, ертең келерсің.

СӘТІ КЕЛМЕГЕН МАҚАЛА

Журналист жауапты секретарьға кеш алдында шағын ғана мақала ұсынды.

—Мына мақаланы номерге салсаңыз екен.

—Ойпырмау, болмайды шығаратынымыз төрт бет қой.

Әлгі журналист ертесіне кеш алдында тағы да жауапты секретарьға келіп 25 беттік мақала ұсынып былай деді:

—Тақа, мына мақаланы номерге салып жіберсеңіз екен.

—Болмайды, ыңғайы келмейді.

Сонда журналист таңданып тұрып сөйледі:

—Апырау, шығаратынымыз төрт бет қой...

—Секретарь жолдас, менің мақаламды салып жіберсеңіз.

—Дайын ба, терілген бе еді?

—Дайын, басымда. Бір-екі күнде жазып беремін ғой.

ОСЫ БАСТАН ҮЙРЕНЕМІН

Тойбай деген бір қызметкер күнде қызметтен ерте кете беретін болыпты. Соңғы күндері оның мұнысы әдетке айналыпты. Тіпті күндегіден күнде жұмыс орнынан ерте жинала бастады. Бұл тәртіпсіздікті күнде байқап отыратын бөлім бастығы оған ескертпе жасап:

Тойбай, сен неге қызмет уақыты аяқталмай, ерте кете бересің, мұның ұят қой, шырағым,— дейді. Сонда ол қысылмастан тұрып:

—Кейін жұмыс сағаты қысқарады ғой. Соған осы бастан әзірленіп жүрмін. Әйтпесе үйрене алмауым мүмкін деп,— жауап беріпті.

ҮЙДІҢ АУАСЫ

«Көмек» артелінің кеңсесі қамыстан салынған ескі үйге орналасқан еді. Бір күні күн кенет суытып, кеңсеге адам отыруға мүмкін болмай кетті. Бұл бөлмеде отыратындардың барлығы да столдарда сырт киімдерімен жұмыс істеді. Төрт-бес күннен кейін күн жылып, ноль градусқа түсті де, әлгі бөлменің іші күйіп ыстық бола бастады. Сонда есіктен кіріп келген сол бөлмеде отыратын бір қызметкер:

— Ту, осы үйдің-ақ қорлығы өтті-ау, суықта суып кетеді де, күн жылына берсе ысып сала береді. Отыруға мүмкін емес,— деді. Сонда отырғандардың біреуі:

— Біздің бөлме бастық күле сөйлесе аты жоқ, жөні жоқ ыржия бастайтын, қатулана сөйлесе қабағын шытатын жағымпаз адамдар сияқты,— деді. Сол кезде есіктен кірген қызметкер құлағына дейін қызарып кетті.

«ШАРМЕҢ»

Қазақтың бір оқыған жігіті Жұрымбай ауылға өкіл болып келді. Ол әр күні жатарда ұйықтай алмай әр нәрсені бір ойлап, бірден бірге түйіліп, ойға сүңгі беретін әдеті еді. Сонан соң әлдебір нәрсені шығарып келсе де, келмесе де өзім тапқан жаңалығым деп айтып мақтанып жүретін. Нақ осындай бір күні ой түбіне жете алмай жатқанда ертең колхоздың шаруашылық меңгерушісінде жұмысы бары есіне түсіп, оған қаладан әлдебір науқанға жетіспей жатқан бөлшекті алып келуі керектігін ұсынбақ болды.

—Әй, осы завхоздың өзі бір салақтау адам екен,— деп ойлады. Шынында да Жұрымбайдың ойлағанындай ол әрі салақтау, әрі сауаты шамалы қара төкпек адам болатын. Жұрымбай дамылсыз ойлай берді.

—Я, я, завхоз, завхоз! Завхозы несі осылардың?— деп ойлады ол.— Завхоз. «Заведующий хозяйством» деген сөз ғой орысша. Оны неге қазақшалауға болмайды? Немене бәріне жеткен қазақ тілі осыған жетпей, осыны аударма алмай қалып па!? Заведующий — меңгерушісі, ал хозяйством — шаруашылығын, сонда тура аударма «меңгерушісі шаруашылығын» болып шығады. Жоқ-жоқ. Орыстар заведующий хозяйством деп тұтас айтса көзі көрмеп пе! Сондықтан завхоз дегендей оны да қысқарту керек қой. Таптым, таптым. Алғашқы буындарды аламын. «Меңшар!» Жо-жоқ. Бұл да теріс. Алдымен анық қазақшылап алу керек. «Меңгерушісі шаруашылығын» деген болмайды. «Шаруашылық меңгерушісі!» Міне на-ғыз қазақша, қатып кетті. Енді қысқартуым керек. Сонда бұл алғашқы айтқанымдай «меңшар» емес, «шармең» болады. Ой пәле! Әй, Жүкеннің басы жұмыс істейді-ау! Жарайсың, Жүке, жарайсың. Шынында, осы түбінде қа-зақтың Карамзині мен болып кетіп жүрмейін.

Таңертең өкіл қырман басына келді. Ол қолындағы жүгенін колхоздың шаруашылық меңгерушісіне берді. Сөйтіп:

—Шармеңге бердім,— деді: Анау түсіне алмай аңы-рып тұрып қалды. Жұрымбай қайта айтты: Шармеңге бердім, шармеңге.

—Кімге?

—Шармеңге!

Осы кезде колхоздың шаруашылық меңгерушісі түтеп «ә, әкеңнің аузын... өзің шармең» — деп жүгенмен Жұ-рымбайды салып кетті.

ЖАЛҒЫЗ ЖОЛБАРЫС ӨЛІМІ

—Әлгі арамқатқыр Сары атан әлі жоқ. Ол да бір Қарынбайдың малы болды ғой,— деп Сәлиман шошайта тіккен төрт қанат үйден сыртқа шықты.— Құдай жалғыз бота беріп, оның ернін жырық қылып берді дегендей, мынау Сары атан ауыл көрмегелі айдан асты. Алтыға келсе де бас білмейді, пайдасыз мал болды.

Бұл Қарадырды жайлаған Қызыл Оспан ауылының шаруасы— Нақабайдың әйелі еді. Сәлиманның бұл сөзді айтуы бір бұл емес, оны күнде қайталайды. Нақабай оны күнде естиді. Сәлиман ерине туралап жеткізе алмайды да, өзінен өзі сөйлеген болып жүріп, Сары атанның ішін кептіреді. Шынында оның ішін кептіргісі келетіні Нақабай, бірақ айтуға жеңіл болған соң ба, әлде ескі ауылдың етек бастылығы жібермей ме, Сары атанның естімейтінін біле ме, күнде бір қарғыстап қояды.

Ақ шелегің түскір! Арамқатқыр!

Бұл қарғыстан Сары атанға да пәле келіп жатқан жоқ. Тек Сәлиманды көрші-қолаң «тағы Сары атан ба?» деп келемеждеп қояды...

Сары атан туралы Нақабайдың ойы мүлдем бөлек. Өзі-өз болғалы, Сәлиман екеуі шаңырақ көтеріп, түгін түтеткелі есігіне біткен бұл жалғыз түйе. Бір-ер жылқы, тоқты-торым болса, әйтеуір бұрыннан бар есепті. Ал Сары атан Нақабай мен Сәлиман үлкен үйден бөлініп шаңырақ көтергеннен бір жылдан кейін туған бота еді. «Отауларыңды артарсыңдар» деп бұл ботаға үлкен үйі ен салып, Нақабайдың бәсіресі атандырып еді. Нақабайдың ойынша Сары атан біткелі бұл үйдің күбісінен көжесі, қазанынан асы кетіп көрген жоқ. Шәугімнің шайлы болсын, қазаның майлы болсын деген бата тап келгендей. Он шақты тұяқ — маңыраған қозылақтың дау-сы бұл отаудан да шығады. Өзі теңдес кедей-кепшік болса да, есігіне екі кісі, төріне төрт кісі отырмаған деп ешкім айта алмайтындай келіп тұрады. Нақабайдың өзі айранын ұрттап, қойын құрттап жұрт қатарлы шаруасымен айналысады. «Құдайдың берген екі-үш күшігі» аман болсын деп қойып, басқаның қиярын қылап жүре береді Ал Сары атан... Сары атан біреуге зияны тиіп жатқан жоқ. Қысы-жазы бірдей жайылымда. Ал Сәлиманның айта беретіні ел көшкенде басқаға қарап, көзін сатып, телміріп отыратыны. Ел үдере көшкен кездері Нақабайдың өзі де «қап Сары атанды бас білгізбесем бе!?» дейді де, жаңа жұртқа ілдалдалап көшіп алған соң, бәрін ұмытып, Сәлиманмен басқаша сөйлеседі:

—Кішкене қоя тұралық та. Артылмай қалып жатқан жүгіміз жоқ қой, Сәлиманш. — Сәлиманш дегенді естігенде, ондай сөзді жиі айта бермейтіндіктен бе, ол да еріп кетеді де, «жолбарыс жарып кетпесе жүре берсін» деп бірнеше күнге дейін Сары атан әңгімесін ұмытады. Сәлиманның соңғы күндері Сары атанды аузынан тастамайтын болып кеткені оны бір ел қатары жүгін артып, үстіне кілемін жауып жүруден туған жоқты. Биыл ел дала жайлап қалғалы бері бір жарым айдай мерзім өтсе де, Сары атан елдің түйесі сияқты ауылға бір соқпады. Тіпті «келенің ішінде жоқ» деп түйе қарағандар да мыңқ етумен тынады. Жүгін артып, жұмсап пайдасын көрмегенмен «менікі деген басын ұстайды» дегендей маң-маң басып, маңқиып бір көрініп кеткені де Сәлиманға дәтке қуат.

Тіпті Сары атанды Нақабай үйретпейін деген де жоқ. Оны «малын көзіне сұрткен» деп жұрттың айтатынындай ойы да болмаған-ды. Сары атан тайлақ күнінде екі өркешіне бір өрелі киізді қомдап жібергеннен кейін ұстатпай-ақ қойды. Әдетте түйе жуас жануар. Тайлаққа бір шом салып өзін бір көш жіберсең болды.

Арнап үйретудің керегі болмаушы еді. Ал Сары атан киіз қомдаған соң тіпті ұстатуды қойды. «Жуас мал болғандықтан ба, қазақ қашаған, асау түйені ұстаудың жөнін ойластырмапты. Түйеден Сары атан сияқты бұзақы мал шығады демесе керек. Егер Сары атанның орнында бір Сары ат болсын ше, бұғалық тастап, баяғыда-ақ буындырып жықсын. «Тайында тарта мін, құнанында құрта мін...» деп әлдеқашан есектей бас білгізіп алсын. Сонымен Сары атанның асаулығы бұл ауылға кейде сары пәле сияқты болып та көрінетін. Тіпті үлкен үйдегі Дәркен әжей жағасын ұстап:

—О, сұмдық-ай, мұның өзі біздің ауылға бітпеген мал болды. Үш көк, үш тегімде жоқ пәле ғой, бұл. Біздің ауылдан мынадай мал шығуы заманның бұзыларына көрініп тұр ғой,— деп тамсанып-тамсанып қояды.

Ал таяудағы екі-үш күнде Нақабайға бір желік пайда болып, «ойбай, Сары атанды айдап әкеліп үйретпеске не» деген еді. Бірақ алғашқы екі күнде оны таба алмады да, соңғы күні Топар бойындағы бір қолатта тал ішінде жалғыз жүр екен дегенді біреуден естіп қана қайтты. Құрған біреулер қайтармақ болғанда Сары атан тайрақтап жолбарыстарға қарай шығып кетіпті. Мұны естіген жұрт «мынау тегі түйеде болмаған сұмдық» десіп таңданысып жүрді. Сөйтіп Нақабай өзі жалғыз түйе, буыны бекіп, бұғанасы қатсын, нар жолында жүк қалмас болсын, қайда кетер дейсің деп жүргенінде Сары атан бір қайырсыз мал болып барады...

* * *

Сары атанның да өз есебі бар. Бір үйдің маңдайына біткен жалғыз түйесі. Бота күнінен басына үкі тағып бұлғақтатып өсірді. Тұзды да басқа үйлердің түйесінен, өзі қатарлы ботасынан артық жалады. Бота күнінде ойнап, үйдің еркесі — Ермекті тізесімен қағып жіберіп, төсіне баспақ болғанда да бұған ешкім бір таяқ салған жоқ. Тентектерге берілетін сыбаға бұған тимеді. Қыл бұрау салмады. Ермек екі күн ессіз жатып басын көтерді. Сонда үлкен үйдегі Дәркен әже «Ермектен үш айналдырып сойып тасташы, жәукен алғырды» деп ұрсып еді, сондағы қорыққаны әлі есінен кетпейді. Ол кезде оны союға болмайтын еді ғой. Көкбақадай тырбиған ботаның сор татыған боршасына кім құштар болып тұр. Онсыз да үлкен үйде сойылып жататын қойдың етіне тойған ерсілер қымыздың желігімен пышақ жұмсамаса, ботаның сірнесін не қылсын. Дегенмен сол күні адуын шеше айтқанынан қайтпай қойып, бұл кірерге көр таппай қазықта тұрып боздай берді, тіпті шын жылап, екі көзінен жасы да парлап кетіп еді. Оны ауыл адамдарының көбі Ермекті шақырып жылап тұр деп ұқты. Тек сол күні кеш алдында далаға шыққан үлкен үйдегі ата: «Анау Нақабайдың ботасын нағып ашықтырып байлап қойғансыңдар, жібер әрі» дегенде барып көңілі орнына түсті. Келіп мұның ноқтасын басына Нақабай түрді. Өзінің иесі Нақабай оны қазықтан босатқанмен сол сәттен бастап Сары атан оны жек көрді. Қешке дейін жанына бір келмей қойып еді. Сонда Нақабай да әжеден қорқып өз жанын күйтеді. Мұны қазықтан босатпақ түгіл, осы тұсты маңайлай алмады. Адуын әженің алдында құрдай жорғалап жоғалды.

Содан тайлақ болғанда алдап, тұз беріп тұрып ұстап алып, арқасына шом салғанын қайтерсің. Басқа түйеден онда мұның не айырмасы болмақ? Анау Ермекті жорға мінгізіп тұрып, бұлаңдатып қоя берді. Күнде той, күнде думан, үнемі сәукім салумен жүреді. Қолында ай сайын жаңа домбыра. Ал Ермекке алғаш домбыра ұстатқанда мұның мойнына қоңырау байлап еді, ол даңғырлақтың бауы үзіліп қай жерде түсіп қалғанын да ешкім білмеді. Бұның бота балалығы сол қоңыраумен бірге кеткендей болды. Сөйтіп шом салып, сонан соң анау көп түйелер сияқты мұрнын тесіп, одан әне бір мұрындық деген ағаштан жонған пәлені көлденең өткізбек. Оны тарта-тарта бір сәтсіз күні мұрнын жырып, сәңкитіп пұшық атандырмақ. Оған бұл қалай көне ал-мақ? Атасы түйе жақсы момын жандар еді деп алып, бар пәлені үстіне артпақ.

Егер адамға қызмет еткен түйені сыйласа онда анау Алыпатанды неге төбесіне көтермейді. Бүкіл бір ауыл өрбіп шыққан үлкен үйдің шаңырағын соған бастырып артады.

Оның момындығын пайдаланып бала да, шаға да ұстап мініп кетіп бара жатқанын көрмеген кім бар дейсіз. Қашпайды, жуас деп Альпатаңға қатындар да құмар. Екі қатын тезек терсе де соны жетелей жөнеледі. Көрші ауылға қыдырғысы келсе де екі үш қатын соған мінгесіп алып тартады. Әсіресе, бір ауылдың бар үйіне сонымен көң тартатынын қайтерсің. Сол болмаса бір ауылдың түтіні түтемей іргесінен жылтылдап оты көрінбей қалар ма еді, қайтер еді. Осынша жұмыс істегеніне қарай оны бір жақсылап оттатпайды да. «Ертең таңнан тұрып отынға баратын едік» деп бір қатын жетектей келіп қызыл іңірден үйінің жанына шөгереді. Арқан деген бір пәлесі бар бұлардың. Анау қыл-құйрық оңбағандар жүйрік болғансып, адамға әбден жағынып, жал-құйрығына дейін күзеттіріп тұрады. Оның құйрығын, жалын сыпырып алып, түйені мәңгі-бақи шырмайды. Альпатаң да бір өлік, қатындар сол арқанмен «тіздейміз» деп келгенде шөгіп, бүктеулі жатқан аяғын жаза алмастай етіп байлаттырып қояды. Одан өздері келіп шешкенше тұра алмай жатады.

Альпатаңдардың өздеріне де обал жоқ. Өйткені отқа қойған заманда зытып жоғалмай, сол адам қарасынан алыстамай, шамалы ғана ауыл төңірегіндегі алаботаның басын шалып, салп етек, салақ қатындардың жерошақтан ұзатпай төккен күліне келіп аунап жатады. Сорлы-ақ емес пе?

Сары атан қайтадан өз жайына ойысып кетті. Ия, бәрінен әлгі соңғы бір көрсеткен қорлығын айтсайшы. Әп-әжептеуір түйе санатына жетіп, аузынан жынын төгіп, түйе тіс дейтін үлкен тістерін шиқылдатып қайрап, арты шөмейіп, қарақұсы өсіп, буыршын болып, жарап қалған еді бұл. Тайлақ қоспақтарға қырындап, қиқақ басып, мойнын өркешіне сақ-сақ соғып, құйрығын санына шарт-шарт ұрып, бура салтанатын құра бастағанда дегеніне жеткізбей құртқаны өтті ғой. Ұстатайын деп пе еді бұл? Тар қораға қамап бәрі жабылды да алып ұрды. Сөйтіп етінен ет кесіп алғанын қалай ұмытпақ. «Қанды бұт» атандырғанын қайтерсің. Әйтпесе осы кезде сары бура атанбас па еді, атағы елге жайылып, інген атаулыны бық дегенде жерге қорқытып қысты күндері жарағанда төбе басында әліптей болып, шаншылып тұрмас па еді. Ал өз иесі Нақабай болып бұл адамдар мұны біржола жұмысқа көндіктіріп алмақ болды.

Ол қайтадан жалпы түйе тағдырына ой жіберді.

Түйенің өздерінде де бар. Енді осы кезде әлдеқандай темірден жасалған бұқаға жол салу үшін кетіп жатқанына қалай күймес. Әнеугі күні Альпатаңмен боздаса кеткенде «өз жүгімізді, болашақ түйе ұрпағының жүгін жеңілдету үшін темір жол — «Турк-сибті» саламыз. Бұл біздің ойсыл қара тұқымының енді ауыр жүктен азат болуының алғашқы жолы» дейді. Түйе атаулыға қамқоршы сол кез келген қатынның малайы — Альпатаң болыпты. О, сорлы жырық ерін! Баяғыда ерігіп ел қыдырып екі қатын мінгесіп барғанда әлгі бір түйелі ауыл — Итаяқтың төрт көз сары иті астыңғы ернін жұлып алыпты. «Адам болмаса қайтер едім, киіз күйдіріп басып, жанымды алып қалды» деп екі аяқтыға табынғанын қайтерсің. Ал ол намыссыз неме әлгі бура бола алмай бұл сияқты атан болып, інген атаулының жүзіне қарай алмай қалғанын ойламайды да. Ал Сары атан болса «қанды бұттығын» сылтау етіп, ай бойы ауылға, інген түгіл түйе атаулыға жолай алмады.

Тіпті бұған қалай күймесің! Адамдар өздері әлгі жаулық жамылған, түйе жұмсауға бір табан жақын, қатын дегендермен күнде бірге жатып алады да, ондай жылындағы бір ләззатты малдан аяйды. Бұл қандай әділетсіздік. Жаның бұған күйе ме, күймей ме? Адам адам деп жүріп тұқымы құрып бітетін болды бұл ойсыл-қараның. Тіпті мұның артын ойламауын қарашы. Әлгі қара бұқа жүретін темір жолды салып бітсе, сонда барлық түйе атаулы жүксіз қалса, онда не шекелері шылқып, не айдарынан жел есер дейсің. Ондай шақ бола қалса, жеті үй бірігіп құрбанға шалып, немесе қысқа соғымға сойып қазысын айналдыртып жүрер әлі. Онымен қоймай «әуедегі еттің сасығы-ай!» деп мысық айтпақшы, «түйенің еті сор татиды» дейтінін де естірсің.

Тіпті ойлай келсе бұларға намыстанбауға бола ма, сірә? Жақыны бәйгеге қосып, жал-құйрығын сүзіп, немесе шабандоздар мініп көкпарға салып, адымын ашып, қызығын көреді.

Ал сиыр екеш сиырды да қанша сүт береді екен деп, немесе қай ауылдың бұқасы күшті екен десіп адамдар күжілдесіп жатады. Тіпті батыс жақтағы бір елдің палуандары бұқамен күреседі екен. Басқасын қойшы, қол басындай құс-бөденені таластырып-шоқыстырып та қызығына батады. Ал түйе байқұстар болса ауыз-екі сөзде ғана, біреуді мақтағысы келсе «атан түйенің күші бар» деседі. Ал сол мол қайрат иесі түйе болса, оны неге бір сынап, сайыпкер қарап, сарапқа салып қызығын көрмейді бұл қазақ. Анау үлкен үйдегі тентегін қарашы. «Ермекте атан түйенің күші бар» дейді. Ал мұны неге Ермек сияқты еркелетіп, тойдан тойға жібермейді. Палуан екен, ол неге күш атасы түйеге мініп жүрмейді. Анау Сары үйсін Қали деген дәуі ат көтере алмаған соң жайлауға үнемі түйе мініп шығады екен десуші еді. Сол Қалиға-ақ бітпегенін қарашы. Араб, Парсы, Үнді елдері әскерлерше түйе мінгізеді екен, содан олардың елдігі төмен деген жоқ қой. Оның үстіне он түйе жабылып бір жылқының жегенін жемейді. Яғни түйеге шығын аз. Оны неге ойламайды бұл қазақ.

Бәрінен мұны да басқа түйелер сияқты ауыл айнала-сында шаңдақта жатсын деуін көрдің бе?! Қарадырдың бұл шалмаған алаботасы, бұл иіскемеген татыраны қалды ма? Түйенің қара күші барын бұл адамдар тікен жегенінен-ақ білмей ме? Мықты болса басқа мал жеп көрсінші, ішін тесіп кетсін. Ал түйе Топар бойындағы жиденің басын шалса немене арам бола ма екен. Кешегі жерден мынау жер от екен. Тікенегі де, ащылау шөбі де көп, әрі шүйгін. Неше айтқанмен түйе өсірген ауылдың жері емес пе!? Осы адам сонша күші бар түйені қалай бағындырып алған. Момындығы-ау, байқұстардың. Жо-жоқ, ездiгi болса керек-тi. Ал мұны енді адам бағындырып көрсін ше? Бірақ... Бірақ әлгі кездейсоқ жыртқыш деген пәлелер бар емес пе? Осы кезде өзі тістеп тастап қасқырға жегізбес болып алды. Келеде жүргенде қыста екі қасқырды қара бура екеуінің шайнап тастағаны бар. Қасқыр дегенің аты болмаса, ол өзіміздің үйдегі итеріміздің жабайы туысқандары көрінеді. Көкжал қасқырды түйе аранымен қауып алып лақтырғанда қайта тұра алмай сұлап қалмады ма? Сонан соң жалма-жан үстіне шөгіп қарақұсымен езіп тастады. Бірақ кешегі бақырған пәле қандай болды екен? Жолбарыс деп неге сонша қоқитады оны. Апыр-ау, кеше ол бақырғанда мұның жанындағы түйелердің бәрі аттап баса алмай, зәрін жіберіп қойды-ау. Ал бұл болса күн күркіреген екен деді. Тіпті ап-ашық күнде қалай күн күркіреуші еді деп ойламапты да. Тек мал атаулының бәрі жанын шүберекке түйіп, пышаққа түсетіндей, қалшылдап кеткенде ғана барып бұл іш жиды. Артынша бір тана-бұқаның аспанға ұшқанын көрді. Жап-жазық бұл Қараойдың бетінде қырғауылдың ұшқаны да көрінеді. Дегенмен аспанға ұшқан тана-бұқа қырғауыл қанаты жетер биіктен гөрі жоғарырақ сияқты еді. Әлде бұл түйеден де дәу, керемет болды ма екен? Өйткені тана-бұқаны сол лақтырды деседі. Қанша күші бар екен, ол мықтымсынған неменің. Әлде қамыс арасына кіріп алып, өзімнен басқа мықты жоқ дейтін болар. «Келдібайдан қалған жалғыз жолбарыс» деседі адамдар. Шамасы осы Іле-Топар бойындағы елде Келдібай деген аңшы болса керек. Ол басқа аңды місе тұтпай, өмір-бақи жолбарыспен алысып кеткен екен. Ал енді адамнан ондай Келдібайлар нағып тумай қалған. Әлде адамның да ұрпағы ұсақтап бара ма екен?!

Мейлі қалай болса олай болсын, бұл енді Сары атан басымен адам алдында барып құлдық деп тұра алмақ емес. Монғолдың құмды, тасты қырқаларында түйе жабайы-ақ өсіп келе жатқан көрінеді. Шапқан аттың бірі де ол тайрақтағанда қарасын көрмейді екен. Ал бұл солардан кем бе екен. Жолбарысы болмақ түгіл несі болса да осы Өтеген құйылысынан кетпейді. «Жолбарысын да көріп алайын».

Сары атан Өтегеннің Ілеге құйылысы төңірегінде осылай еркін сайран салмақ болып, шөгіп, түнеп қалды.

* * *

Нақ осы бір түннің ертесіне Өтегеннің құйылысы төңірегінде, жыңғыл түбінде шекесінен жылу өтіп, ұйқы-сынан оянып, манаурап, көзін ашып-жұмып жалғыз жолбарыс та жатыр еді. Бұл ат оған жалғыз болғандықтан қойылмаса керек. Жолбарыстар жалғыз-жалғыз көрінгеннен солай атаса керек. Ол шақырайып, арқан бойы көтеріліп алған күнге сығырайып қарады. Содан кейін басын көтеріп, құйрығына маңғаздана бір көз тастады. Шұп-шұбар болып, өзіне лайық-ақ төгіліп жатыр. Бір-ер рет былғаңдатты. Әсем-ақ. Сонан соң жүрелеп жатып алдыңғы екі табанын жалай бастады. Табаны әлі тимепті. Ештеме де жұқпапты. Жүргенде жүрісін жанға сездірмейтін ең төменгі, тобықты буынды көбірек жала-ды. Осы буын ғой, бұған бәрін қолға түсіріп беретін. Жүгіргенде де, ұрғанда да осы буынның қызметі артық-ақ. Бірақ бір нашар жері осы буын батырлықтан гөрі ұрлықшылыққа икемді сияқты. Шын батыр, аң атаулының жылдамы — жолбарыстың да жүрісі нық, ешбір тірі жаннан қорықпайтын, батыл болғаны дұрыс емес пе? Ал мұның жүрісі ұрыға лайық, қорқақтап ақырын, абайлап басатындай. Бұл жағын ойлағанда Жалғыз жолбарыс бір сәт қабаржып қалды. Дегенмен жан сақтаудың бірден бір көзі — осы тобықты буынды көбірек сылады. Өйткені мұның күнінің өзі де осы буынға қарап бара жатқандай...

Екі алақанын әбден жалады. Сонан соң қай жерде азық бар екенін айта алмайтын, өмірі жемтіктің иісін білмей өтіп бара жатқан танауын жұмсақ алақанымен салып-салып қалды. Алдыңғы аяғының тырнақтарын ішіне бүріп көрді, жерге басып қайта шығарды. Сояудай-сояудай болып-ақ тұр. Бірақ көбісі тоза бастапты. Бір майлы тамаққа түспегелі қашан. Өзенді, қамысты даланың тағысы, асыранды бордақысы — бір қабанды жарып тастап, майға батқанына да бір айдай болып барады. Бірақ мұның өзі жолбарыспын дегенімен табиғат бұған күшті, жылдамдықты беріпті де, тісті өзіне сай жасамапты. Қабанның аузын көргенде өз тісіне риза болмай қалды.

«Шошқа тіс» деп нағып аң атаулы аңыз қылады десе, айтса айтқандай екен, қарш еткізіп мұның қара санына түмсықты бір салып қалғанда шақ етіп сүйекке жетті ғой. Мұның да жетіскен жері жоқ, әйтеуір атадан келе жатқан мирас күшпен лақтырып ұрды, әйтпесе жаралап-ақ кетті. Өзі де майы сере қарыс екен, шылақ майға бір батты. Ол құрыштай тырнағын қайта жазып көріп, ежелден келе жатқан шұнақтау қара жиек құлақтың түбін қасып-қасып қойды. Бұл құлағына риза екенін білдіруі еді. Қамыс арасында жымысқып, сыбдырсыз келе жатқанда тіпті ара-тұра көрініп қалатын жылан деген әлгі жымық көз, жолбарыстың дәйрағындай шұбатылған бірдеменің ысылын да біледі. Құлақ-ақ, шіркін!

Бір шамадан кейін Жалғыз жолбарыс артқы аяқтарын жалап, оған да риза пішін білдірді. Алдыңғы аяқтың артынан жалпақ табанмен-ақ мүдірмей жүріп отыратын екі артқы аяқ та керемет. Әсіресе, қарғыған кезде осынша салмағы бар өзін серіппедей лақтыратынын айтсайшы.

Бірақ әлгі қабаны құрғыр мына бір жерін — қара санын қарш еткізіп, бір ай жара болды. Ол жараның орнын — тыртық болып біткен жерді тістелеп-тістелеп, қайта жалады, сілекейін жинап, тілін екі езуіне екі апарып жаланып, санын сылауға қайта ұмтылды.

Кешеден бергі аштығы есіне түсті. Түнімен жортқанда түк ілінбегенін ойлады. Енді күндіз жүрмесе жөргем ілінер емес. Ол орнынан ерініп зорға тұрды. Керілді. Өзінше әдемі-ақ сияқты. Есік пен төрдей болып тұр. Үстінен бит домалап түскендей, жұнттай. Екі алдыңғы табанын тіреп, жотасын күжірейтіп артына қарай тартылды, сонан соң екі артқы аяғын созып жөнге келтірді. Екі артқы аяқтың әрқайсысын жеке-жеке сілікті. Құйрығын бір сәтке қоқайтып, керіліп, қайта түсірді. Не пайда? Бұл әдемілік неме керек? Бүкіл Балқаш бойын, Іле жиегін осынша шарлады, бұл қырындайтын шулан түгіл, ырылдасып етісуге жолбарыстың арланын да көре алмады. Жиделі тоғай, сексеуіл шабыры, көгалды балқаш, сары қамыс, көк құрақтың түгін қоймады. Бұл әлепетке ұрынбауы керек еді, ақыры жортқан екен, бірдеме табылғаны абзал еді. Жалғыз жолбарыс өзен маңайына таман келді. Бірақ жүрегі жолбарыс жүрек болса да одан әрі баруға дауамады. Жауырындары құнжыңдап еріне басып жүріп келеді.

Мұның әкесі де осы Ілені жағалап жүріп өліп еді. Қалай еді? Есіне түсірді. Жоқ тіпті оны ойласа жүрегі айнады Бірақ әкесі жіберген ағаттықты қайталамау үшін жаман да болса, бастан кешкен ата-баба өмірін еске алу да сабақ. Жалғыз жолбарыстың да әкесі нән еді. Тіпті жолбарысқа тажал болып тиген, оның жалпақ табанынан қалған мөрді жазбай танитын, сөйтіп ізге түсіп соғатын Келдібайға да шалдырмаған екен. Бәрібір бір күні оның қалың, жолақ, борақтай тоны Келдібайға бұйырды. Жалғыз жолбарыстың әкесі аузы кере қарыс, теріс азу аң екен. Долырқап, Алатаудан домалай құлап, еңіске қарай желген өгіздей өңкілдеп ағып жатқан Ілені жағалап өрге қарай еріне, байпаңдай басып келе жатады ол. Бір кезде өзен жағасына таман жерде, бетінде бір тірі нәрсе көрініп, қайта-қайта зым-зия болады. Тағы бір қылаң еткенде байқайды — әлдеқандай қанат. Қалқыған қанатты іздеп ол өзеннің терең жағасына телміре қалады. Осындайда бір пайда тауып қалам ба деген ойы да болды. Сөйтсе су астынан жолбарыс бойындай жайын келіп «телмірсең міне!» деп оны құйрықпен періп кетеді. Ата мирас — айтулы жылдамдық, осы жерде көмек беріп, өзін соғып еткен құйрықтан алып, жайынды қас қаққанша лақтырып жібереді. Одан әрі не болған қызығын Келдібай көреді. Судан шығып, талып жайын да жатыр, белі сынып жолбарыс та жатыр. Сөйтіп екі қомағай адам баласы — Келдібайға бірі төсек, бірі азық болады.

Еріне басып келе жатып, Жалғыз жолбарыс әке өлі-мінен шошып, сілкініп қойды. Мұны да келіп әлде не соғып кететіндей. Соңғы кезде осындай қорқыныш кө-бейе беретін болды. Сондықтан, көбіне жүйкесі жұқарып, түн ішінде бақырып, жерді көшіре жаздап басылады. Ал бақырудың мұндай сорлы болған Жалғызға не пайдасы бар. Оңай оспақ қолды болатын аң күндей күркіреген дауысты естігенде көз көрмес қиянға зытады ғой. Ол өз үстіне, терісіне бір қарап қойды. Өзіне өзі кімге төсек болар екенсің, менің әкемнің терісін Келдібай заманында Пышан мырзаға тартқан екен, ол оған бір шұбар ат беріпті, сен кімге ат болар екенсің дей жаз-дап тоқтады. Ол мұндай ойынан өзі шошып қалды.

Қазір мұның ізіне түсетін Келдібай жоқ. Жолбарыс терісіне бір ат беретін мырзалардың да басы биыл саудаға түсіп, қысым көріп жатқанға ұқсайды. Оны көбіне ауылмен жиі қатынас жасап жүретін қасқыр деген кезептер айтып жүрген көрінеді. Сондықтан бұл енді ондайдан айылын жимаса да болар еді. Бірақ өзі неге жалғыз қалды? Мұны қалай ойламай тұра алмақ. Мысық тұқымдастар болып жаратылышты да, содан өрбіген, әлгі бұлардан шыққан ақ сүйек Арыстан ыстық жер — Африканы таңдап алыпты. Оның тұрған жерінде молшылық болса керек. Тек әлгі піл деп аталатын дөң жауырын пәледен басқаның бәрі оның алдында мөлтендеп тұрса керек. Ал жолбарысқа қарағанда бұлардың аталастары — барыстардың да жайы біршама тәуір. . Олар биік таудың ең таз тауларындағы заңғар жартастар арасын мекендепті. Олардың жүрген жеріне әлгі екі аяқты адам деген пәле көп жүрмейді екен. Олар көп жортып әуре болмайды да екен, тек арқардың, тауешкінің суатқа келер жолын аңдып, жартастан сығалап тұрып бас салады екен.

Бірақ бұл батырлық емес, қарақшылық қой. Бетпе-бет келіп, қайрат-қажырын асырып алмаған соң қалай тамағынан жүреді екен. Бұл тасты жағалаған қарақшы болса, әлгі сілеусін деген туысқандары биік таулардағы ағаш, тоғай арасын мекендепті. Барлай келсе, ол да қарақшы. Жұбайы ілбісіп екеуі ағаш басына шығып, бұлан, бұғы, қодас сияқты үлкен аңның үстіне секіріп мініп, желкесін қияды дейді. Сонда мұны алған аңы тіпті көрмейді. Ол не болғаны?

Тұқымымыз бір еді деуге намыстанатын бір мәлін деген ергежейлі бар осында. Оның күні де күн емес. Оның атын естігенде аталарымыз бір туыпты дегенде қалай намыстанбассың. Өзі бұлардан айнымайды-ақ. Бірақ бары-жоғы мұның бір табанындай. Оның кейбір тұқымдары ұсақтап тышқаншы болыпты десуші еді, кәриялар. Азғындағаны емес пе адамға қызмет етіп, соның қамбасын тышқаннан қоритын көрінеді. Тышқаншы! Үлкен қызметті тапқан-ақ. Ал осында Жалғыздың өзіне кездесіп қалып, қарны ашқанда жем қылып жіберетінің мәлін дегенінің күні де осыған таяу. Ол да солар тұрған мекенге барып, адамға пенде болған құс-тауық дегендер тұратын қораға кіріп ұрлық жасайды екен. Көрген күні құрысын оның.

Жалғыз жай басып келе жатып өзіне бұрылып бір қарап қойды. Жолақ-жолақ жүнінің әдемілігіне риза болды. Екі жағына кезек қарап, не күлкі емес, не реніш емес ыржиды. Тістері ақсиып кетті. Бірақ бұл да жасырынудың бір түрі ғой деп ол өзінен өзі көңілі қалды. Сары ала қамыстан айнымай қалуын көрдің бе!? Бұл да жасырыну-ұрының ісі. Шамасы бұлардың тұқымының өзі азғындап бара ма қалай? Бұлардың арыстаннан басқа тұқымдастарының әмбесі ұрлыққа бейімделген екен.

Осы жерде Жалғыз өз жайын ойлан кетті. Туған-туысқаннан жүрдай, бәрі ада болды. Бұрын Сырдария, Әмудария, Шу, Іле құйылыстарында өріп жүреді екен. Мұның аталары Балқаш, Іле бойын мекендепті. Төстеп сонау Көртоғайға дейін барып, келіп тұрыпты. Ал бұл болса небәрі Өтегеннің Топарға құйылысындағы Қорыс қамыста ғана еркін жүре алады. Өрісі, аңдысы тарылды. Әсіресе кешегі қатты батып кетті-ау! Бірнеше күн бойы сәті түспей жүріп бір бұзау-танаға зорға ауыз салып еді. Сан етін ойып жеуге ғана мұрша берді. Дүниеде жолбарыс дауысынан қатты дыбыс жоқ деуші еді аталары. Тарсылдаған бір пәле дүниені күңірентті. Өтеген аңғарынан шықса-ақ болды дүние дүрлігеді. Тарсылдақтан зуылдап бірдеме келіп жетеді. Көбіне зуылдап асып кетеді. Қандай күші барын кім білсін! Я, айтпақшы, кешегі бұзау-тана қайда еді? Осы жерге келгенде оның ашқарақтығы артып, ішегі шұрылдап кетті. Езуі ырсиып, тістері сақсиып барады. Көзі қанталады, аяқтары еппен басылып, осынша ұп-ұзын дене қалың қамыс арасынан сыбдыр білгізбей жүрді. Батырларша бұзып-жарып-ақ жүрмек болды, майда басып үйреніп кеткен аяқтан дыбыс шығар емес.

Кеше тананы лақтырған жеріне барғысы келді. Бірақ барғанмен кешеден қалған тамақты бұл жемейді ғой. Бекзада аталарынан қалған жол осы. Тағы тыңнан тамақ іздеп, жемтігінен ит-құсқа олжа салуы керек. Ата дәстүрі осылай. Дегенмен Жалғыз кешегі батырлығын көргісі келді. Міне қызық! Түп көтере алып кетіпті. Бұрын ондай қалған жемтіктің сүйек-саяғы, қаңқасы жататын еді. Енді түк болмағандай. Кеше сонша еңбектеніп босқа кеткенін есіне алды. Ол ыза болды. Тағы бір бақырғысы келді. Қарны қатты ашып, онсыз да жарау іш омыртқасына жабыса түскендіктен өзін өзі тоқтатты. Құр ғана ырсиып, тістерін көрсетіп, мұртын едірейтті.

Бұрыла беріп шұнақ құлағы әлде бір дыбысты сезе қалды. Әне анау шағылда құдай да, Жалғыз да ойында жоқ иір-иір, буылтық-буылтық бірдеме жатыр. Тани кетті. Ә, әлгі түйе деген момын. Түк сезер емес, жынын жұтып, күйіс қайтарып жатыр. Қатты-қатты босайын десе де болмайды аяғы ептеле береді. Батырларша дыбыс шығарып, батыл бара алмады.

Өзіне өзі тағы ыза болды. Жақындай түсті. Шабатын жақынддыққа келді. Бірі мал күштісі, момыны, қаннен қаперсіз. Бірі аң күштісі, тістісі, ашуланшақ, ызақор, аңдушы. Түйе басымен итмұрыны өтпейтін қорыс арасында осынша бейқам жатқаны жалғыздық намысын қоздырды.

Жолбарыс бар деп неге ойламайды ол. Аяқтарын тікейтіп құйрығын қоқайтып, екі артқы аяғымен жерді бір-екі тарпып айбат шегіп шабынды. Артқы аяқтың сояу тырнағы қара жердің бетін айғыз-айғыз қылды. Сонан соң беймазаланып, құлағын жымырып, құйрығын қысып түйеге атылды-ай келіп. Ар-р-р!

Арандай ауыз алдыңғы өркешті қапты. Өркеш тегіс жыртқыш ауызға кіріп жоқ болды, көміліп қалды. Сары атанның баладай өркешінің сары қоңыр шудасының орнында түгі жарқыраған қара жиекті шұнақ құлақты жо-лақ бас тұрды. Сояудай өткір қайралған төрт тіс қатты, сіңірлі қара көннен өтіп өркештің іртік-іртік майына кірш-кірш кіріп кетті. Өркештің шудасы аузын әлде қа-лай жыбырлатып, тамағына тамақ емес жүн тыққандай болды.

Сары атан осылай бола қояды деген жоқ. Ол Жалғыз жолбарысты көрді. Кәдімгі тарғыл мысық келе жатыр екен деп жатты. Тіпті мына Өтеген құйылысының мысығы үлкен болады екен-ау деп әдемі жәудір көзінің қиығын бір салып еді. Алдыңғы өркешіне кірш етіп бірдеме кіріп-кіріп кетті. Сары атан орнынан түйеге бітпеген жылдамдықпен атып тұрды. Жаңағы мысық өзіне асылып тұр. Аузы еркешке тиісімен жақсылап бір лақтырып тастамақ болып жолбарыс артқы аяғын жерге тіреп еді, аяғының астындағы жер басқа жаққа көшіп кеткендей жоқ болып шықты. Екі артқы аяғы ербең-ербең етті. Та-лайды-ақ ә дегеннен лақтырып ұратын қайран заман қайда ада болды. Нендей ғана қара күш көтеріп әкетті мұны. Дүние не болып барады?! Мұндай пәлені көріп пе еді бұл?

Ия, мұндай пәлені Сары атан да көрмеп еді. Мысық түйеге шабуыл жасар деп үш ұйықтаса ойына кіріп пе? Әлде кешегі жолбарыс деген пәлесі осы ма екен? Егер осы болса оның өзі үлкен мысық екен ғой. Сары атан атып тұра келген қалпымен өркеш жарасын ауырсынып екі-үш тапырақтап секіріп-секіріп кетті. Секіріп кеткен-де жолбарыс салмағымен тіс өркешке кіре түсті. Секіріп бара жатып артқы икемсіз аяғымен сүйретілген үлкен мысықты тарпып-тарпып қалды. Оның ырылдаған әлсіз дыбысы шықты. Үстіндегі пәле қайта қимылдады, бақырмақ болып еді жалғыз, бар күш сүйретілген денесіне түскендіктен оның үстіне қомағай, аранды ауыз өркеш қауып, бос болмағандықтан барылдап ырылдап қана тынды. Жалғыз да тырмысып келеді. Бірақ кептелген ауыз түйенің үлкен, қом, шом көрмеген толымды өркешінен шықпай қалды. «Байтал түгіл бас қайғы» дегендей басқа ұсақ жыртқышқа олжа салмақ болған батырекең аяғын тіреуге жер таппай ербеңдетіп өркешке ілініп кете барды. «Япырмау, бір өңірден біздің тұқымымыздың құрығаны осы болар ма» деген ой да оған сап ете түсті. Қанша созылып, артқы аяғын жерге тигізбек болғанмен түйе тым биік екен, жерге жетер болмады. Сөйтіп жалғыз жолбарыс түйенің әлдеқалай апайтөс жерлерге жанап өтетін шағын күтіп, дарға ілінген адамдай салбырап барады.

Сары атан үстіндегі пәледен оңай құтылмасын түске таман білді. Өзінің әлі тайрақтап шауып келе жатқанын байқады. Бірақ қайда бармақ? Босқа шапқанмен бұл ілінген пәле түсе ме? Байқаса өзі Өтеген құйылысындағы түнде түнеген түбекті айнала беріпті. Үстіндегі үлкен мысық алдыңғы екі аяғымен тырмалап алдыңғы қомдықты жырта бастады. Қан судай шашылып келеді. Тек өркешке қапталған ауыз шығар емес. Жолбарыс он жағына қарай ауғызып, жыға жаздап басып барады. Не істеу керек?

Нақ осы кезде адам көмегі керек екені оның ойына сап ете түсті. Бірақ бұл қай бетімен бармақ. Басы ойлап бітпей жатып-ақ Сары атанның аяқтары Қарадырға қарай тартты. Әлі бұл шапқан бойымен келеді. Түс ауғанда бұл өзінің алғашқыдан әлсірей бастағанын сезді. Сары атан қатты намыстанды. Күнде жүк көтеріп Алыпатан қалай өлмей жүр. Атам Ойсыл қараның әруағына шәк келтірмейін деп бекінді ол. Басына бір түскен салмақты Сары атан көтере алмай құлапты деген, сөйтіп қаңғыған бір тарғыл мысыққа жем болыпты деген бүкіл түйе атаулының сүйегіне таңба баспай ма? Одан да тура Қарадырға дейін шыдамақ болды. Өліп құламаса, тірі жығылмауға іштей ант етті. Сары атан тайрақтап шауып барады. Үлкен мысық-тың әдемі құйрығы салбырап жер сызып келеді. Сары атан бір ескі қораның дуалынан өте беріп қатты шайқалып кетті. Артқы аяғы дуалға тиіп кеткенде жолбарыс тіреп қалған екен.

Түйе тәлтіректеп барып, қайратын жиып, ары қарай қайта тайраңдай жөнелді. Осы кезде кеше тана бұқаның аспанға ұшқаны есіне түсті. Енді ол бұдырлау бірдеме көрінсе жоламауға, жақындамауға тырысты.

Қарадыр көрініп, дала жайлап отырған ауыл қашықтан байқалды. Күншілік жерге ет пісірімде келіп жетті. Аздан кейін-ақ ит атаулы тегіс шулап қоя берді. Бұрын ұнамайтын иттің даусы бұған әжептәуір әл берді. Ит қандай жақсы еді. Ұлып жатқандары да көп. Көбі құйрығын бұтына қысып келе жатқан түйеге қарай үрмей, айдалаға қашып барады. Сары атан бұл кезде тайрақтауға шамасы келмей ілбіп, аяңдап-ақ қалып еді. Төрт аяғы шатқаяқтанып зорға келеді. Сары атанды көріп шулаған адамдардың аба-лаған малды ауылдың көп итінің даусын естіген жолбарыс екі алдыңғы аяғымен қомдықты сойып жіберді. Түйенің қаны көбірек ақты. Жолбарыстың екі артқы аяғына да жан бітіп, ербеңдеп, далбасалап келеді.

Сары атанды таныған Сәлиман болды. Ол ит, бала шулап ізі-шу, құм-қуыт болып бара жатқан соң далаға шығып еді, Сары атан аяңдап, шайқалақтап келеді екен. Ол үйіне қайта тұра жүгірді.

—Нақабай, Нақабай, құрыдық, құрыдық. Сары атанға бірдеме жармасып алыпты. Жан жақтан ауыл адамдары көбейіп кетті. Ит атаулы құйрығын бұтына қысып, алыстан үріп-шулап жүр. Балалар тегіс үйге тығылып, дымы шықпай қалды. Бір ақсақалдың ғана даусы естілді:

—Жолбарыс шапқан екен. Жолбарыс. Қарақұлақ, Қарақұлақ! Аттан, аттан! Жұрттың бәрі Сары атанға қарай «Қарақұлақ, Қара-құлақ!» деп қолына не түссе соны алып жүгірді. Алдыңғы ауылдың соң білген еркектері түйенің артынан жүгірді. Сары атан басқа жерге бұрылған жоқ, қыста оқшырайта киетін бөріктей Нақабайдың шошайта тіккен отауына тура аяңдап барады.

Ермекті шақыр, Ермекті, — деген сөздер естіліп еді, Ермек қарнын қампайтып үйден шықты да, «қой, өле алмай жүрген жоқпын» деп тұрулі тұрған киіз үй есігіне қайта сүңгіп кетті.

Күн ұясына еңкейіп қалды. Нақ сол сәтте аяғында саптама етігі бар, екі жеңі тұрулі Нақабай шықты да, бір қолында пышақ, бір қолында балта «Қарақұлақ, Қара-құлақ!» деп тура Сары атанға жүгірді. Бағанадан бергілердің бәрі алыстан айғайға аттан қосып жүр еді. Мұны көріп Сары атан босап, тайқалақтап кетті. Келе-ақ Нақабай ұзын қара пышақты оң қолына алып жолба-рыстың қарнынан есіп жіберді. Жолбарыс соңғы күшін жинап бір бақырды. Ауылдағы ит те, адам да дым болды. Малдың бәрі тұрған-тұрған жерлерінде қалшылдап қатып қалды. Жолбарыстың ішек-қарны шұбатылып жерге түсті. Сары атан тура Нақабайдың өз үйінің жанына жеткенде қара пышақты лақтырып тастай салған ол балтамен жолбарысты қақ бастан тағы салып өтті. «Арық атқа қамшы ауыр» дегендей, жолбарыстың басына тиген балтаның салмағын көтере алмай Сары атан үйдің іргесіне құлап түсті. Басы қақ айрылып ыңыранып жолбарыс та сылқ етті. Жолбарыстың жаны көпке дейін шықпады, көзін ашты. Сол кезде Нақабай сексеуіл жіге-рімен қара тұмсықтан үш-төрт рет салып-салып өтті. Жалғыз жолбарыс мәңгіге көз жұмды. Күн батып ұясына кіре берді. Балқаш бойынан жолбарысты бұдан кейін ешкім көре алған жоқ. Күрті бойында жаңа ұйымдасып жатқан колхозға көшуін Нақабай мен Сәлима Сары атанның тәуір болуына қаратты... Келесі жылы жыртқық өркешті Сары атан колхоз түйесінің ішінде бара жатты.

1969 жыл.

ЖАҚСЫНЫҢ КӨЗІ

Асанбек ауырып әл үстінде жатыр дегенді есіттім. Ойыма әр нәрсе түсіп, оның үйіне мұңая келдім.

..Бес-алты бала ортаға алып тигені мені, тимегені жерді ұрып жатқанда атқа мініп бір жақтан келе қалған кісінің «қойыңдар, тез!» деген әмірлі дауысы сабап жа-уып тұрған бұршақ бұлтын қуып әкеткен желдей үс- тімдегі тарс-тұрс жұдырықты сейіліп сала берді. Жү- дырығын маған ең соңынан тағы бір сілтеп қалған қара шұбар баланы атынан түскен кісі жауырынынан ұстап жұлқа тартып итеріп жіберді. Бетіне қарасам ат жақты, аққұба кісі екен.

—Ақымақ! Сенің надан әкеңді байлардың жаласынан ажыратып соттатпай қалған осы Балбақтың әкесі еді ғой.

Бағанадан бері өз әлімше тырысып, бой бермей, «алтауына болмай» тұрған менің мына сөз жүйемді босатып жіберді. Жылап қоя бердім. Жетімдердің көпшілігі-ақ шынығып, мықты болып өседі, бірақ мен әлжуаздау едім. Өздерінің мені жүндей түтетініне көздері жеткен алтауы асықпай қолға алған жағдайы бар еді, енді бәрі де үндемейді. Кейбіреуінің ашуы шықпай аузы бұртиып, кейбіреуі төсегіне отырып қойған баладай тыштыып-қызарып, енді бірінің түйілген кішкентай жұдырығы әлі де жазылмай тұр. Кісі менің қасыма келіп, арқама қағып жұбатты.

—Қоя ғой, шырағым, әлі-ақ адам болып кетесің,— деді ол. Ал балаларға қарап ақыл айта, жекіңкірей сөйледі:

—Осы тұрған бәрінің әкелеріңе де оның әкесінің шарапаты тиген. Көр көкірек бай-құстардың сауатын ашқан. Талайының сөзін сөйлеп, ақысын алып берген. Ал сендер әкелерің барсып оны ұрып жатырсыңдар,— Кісі бұдан арғы сөзге бара алмады, та-мағына әлде не тұрып қалғандай булығып, қабағын шытынып теріс айналып, атын жетектеп жүре берді. Менде үн жоқ. Балалардың бәрі де аңқиып қалыпты. Сонша ашумен келіп, кісінің қабаржып қалғаны менен басқаларды тегіс таңдандырғандай еді. Ал мен болсам анық білген ештеме жоқ, тек шамалап қана жорамалдаймын. Бәріміз де алды-алдымызға тарап кеттік.

«Жетім бала кекшіл» дегендей мен әлі де жаңағылардың қорлығын ұмыта алмай, өксігімді баса алмай келемін. Олардың маған жасаған жәбірі тек менің әкемнің жоқтығынан болып отырғандай көремін, әкесі жоқ жетімді бәріміз илеп алайық дейтін сияқты. Ал мұңымды шағып оларды сабаттырып алатын менде аға да жоқ. Бірге туған апам өзіммен бірге жылайды, бар бітірері сол.

Өз әлімше үйіме тұлан тұтып жеттім. Нақ есіктің алдына жете бергенімде артым-нан тасыр естілді. Соңғы жұдырық салған қара шұбар бала. Бірме бірге келгенге енді тайынбайтынымды білген ол состиып барып, жаныма ақырын келді. Ол шолақ мұрнын екі-үш рет тартып-тартып алды. Сонан соң төмен қарап тұрып сөйледі.

—Балбақ, сені көкем үйге келсін дейді. Мен енді сенімен ешқашан да төбелеспей-мін.— «Ә, солай ма екен?» дегендей мен кеудемді көтеріп алдым. Рай бермедім.

Қысқа қайырдым.

—Бармаймын!

Басында алты қанат үйге лайықталған уығы ұзын бол-ғандықтан жоғары жағы оқшы-райта кигізген бөрікше көрінетін кішкене төрт қанат керегелі үйіміздің көгінен шешем бәрін естіп отыр екен. Іштегі қапамды ешкіммен бөлісе алмай, төрдің алдындағы әлдеқалай төселіп қалған, әкем барда маған арналып жасалған қара тоқымның үстіне етпеттен сұлай кеттім. Шешем түк сезбеген сияқты.

Мен кеш батып, қас қарайғанша тұрмай жатып алдым. Бір қызығы шешем де тұр демеді. Есік алдындағы жерошақ басында батқан күннің қызылына қарап телміріп отыр. Үн жоқ. Кейде байлауға келсе де, күрмеуге келмейтін қысқа жіптің азабы, жесір-шілік-жетімшіліктің кеселі ойландырғанда шешем осылай ұзақ уақыт үнсіз қалатын. Ондай кезде біз апам екеуіміз де үн-түнсіз шешеміздің ойынан шығуды ойлап, зыр қағатынбыз. Ше-шемнің отырысын көргенде жүрегім зырқ ете түсті.

Орнымнан тұрып кеттім.

Нақ менің басымды көтеруімді күтіп тұрғандай-ақ төрт-бес кісі үйге сау ете түсті.

Олар шешем үйге кірмегендіктен өз беттерінше баса көктеп келе алмады. Тек шешем «үйге кіріңдер» деген соң ғана киізбен қапталған шилі есікті көтеріп бас сұға бастады. Кейбіреулерін танып отырмын. Олар ортадағы қалаулы тұрған жылқы тезегінен маздап жанған отты айнала отырысты. Ешқайсысы жуғарақпанда тіс жара қоймады. Бірі біріне көзінің астымен ғана қарасып қояды. Төрге таман, бірақ отқа ол да итініп отырған мұртты кісі жерге қараған күйі сөз бастады:

—Жеңеше, осы отырған бәріміз де балаларымыздың сазасын беріп келдік. Жиып алып Асанбек бізді қатты сөкті. Өлмегеніміз қара жер болды. Өтіп кетіңіз, жеңеше! Бұдан былай мұндай нәрсе болмас.

Көп сөйлей бермейтін шешем осы жерде бір шешіліп, мына алдына келгендерді сөзбен түйреп тастайды ғой деп ойлап едім, жоқ, бұрынғысынша сараң сөйледі, қатты шешілмеді. Бір-екі сөзбен ғана тыңды:

—Бала мен иттің арасына түсіп бола ма? Тек бір ғана нәрсені айтайын деп едім.

Менің балам өзінше ешкімге тиіспейді. Ол оның әдетінде жоқ.

...Келгендер кетіп қалды. Бұдан кейін маған ауылдағы балалардың ешқайсысы тиіспейтін болды, қайта бәрі мені алдына сала жүретінді шығарды. Бірақ менің сарылып, салынып ойнамағаныма олар ренжіп қалып жүрді.

Ренжісе қайтем. Мен ойнамайын деймін бе? Ол кездегі — отызыншы жылдардағы колхоздардың жайы белгілі. Шешемнің тапқаны мол киіп-ішуге жетпейді. Сондықтан жылына зорға бір жаңаланатын ботинканың жұлығын ақ жоңқаламау мені ойынға жібермей, кежегемнен кейін тартып тұрады. Сонан соң ойынға барарда, немесе ойнап жүргенде «менің балам өзінше тиіспейді» деген сөз ойымнан бір шықпайды. Әр жерде-ақ тістеніп қала беремін.

Сол бір төбелестен кейін Асанбекті жиі көріп тұратын болдым. Ол біздің ауылға бригадир болып келген екен. Көктем кезіндегі бір жиналыста мұғалімнің менің атыма айтқан жылы сөзін естіген ол мені тағы бір көтеріп тастады:

—Айналайын, жақсының көзі ғой ол. Әлі ол бәріңді басып озады, адам болады.

Адамның көңілі мақтау сүйе ме, әлде «айналайынды» аз еститін, туған-туысқаны аз маған осы бір жылы сөз қанат бітіре ме, мен кәдімгідей көтеріліп қаламын. Жақсы оқуға тырыстым, ол жақсы деген сайын жақсы болмаққа ұмтылдым. Бос уақыттарымының бәрінде оның табелін жазып беретін болдым. Ол көптің көзінше:

—Менің хатшым ғой, бұл. Адам болады,—деп қояды. Өстіп жүргенде ауылдағы бастауыш мектеп те бітті.

Мен көрші селодағы — аудан орталығындағы мектепке оқуға кеттім. Біреудің үйінде жатып оқимын. Ол үйдің іші тұрмыс жағынан күйлі болатын. Бірақ қанша күйлі болғанмен менің тамақ ішуім қиын еді. Егер дастарқандары жиналмай тұрғанда келсем аузыма бірдеме тиіп қалады да, әйтпесе бұралып аш жүремін. Ешкім маған арнап тамақ бермейді. Әйтеуір күніне үш ішілетін тамақтың бірінің үстінен түссем, маған бұдан артық бақыт жоқ сияқты. Тіпті кейде тамақ емес, құлағыңның тыныш болғанын ғана қалап отыратын кез де болады. Егер көлік табылып ауылға барып қалсам, қайтарда осы үйге бетімнен басып зорға келемін.

Нақ сондай бір кезде Асанбек кез бола кетті. Тамақтың үстіне түсе алмай жүргеніме екі күн болған. Көзім қарауытып, әр нәрсеге сүрініп бара жатыр едім, «Балбақ» деген дауыс саңқ етті. Қарасам Асанбек. Ол менің тамақ ішпегенімді білгендей қалтасынан үш сом суырып берді.

—Мә, конфет алып же, әлі-ақ адам болып кетесің,— деп бұрынғы сөзін қайталады. Алғаш мен не істерімді білмей аңқайып тұрып қалыппын.

«Бір күн тамақ ішпегеннен қырық күн ақыл сұрама» деп халқымыз қалай дәл айтқан. Кеңірейіп қалсам керек. Асанбек мені ұялтпайын деді ме әлде асығыс жұмысы барма, атын тебініп жүріп кетті. Нақ сол бір сәтте маған одан мәртебесі жоғары адам жоқтай көрінді. Ол маған көкқасқа аттың үстінде таудай, әлде тау сияқты алып кетіп бара жатқанға ұқсады. Нақ сол бір шақта мен тағы бір ұлы нәрсені аңғардым. Дереу қалтама қолымды салып үш сомдық көк шолақ қағазды алып шықтым. Мандайшасында «нан» деген жазуы бар көк дүкеннің алдында тұрғанымды нақ сол жерде аңғардым. —Жүз грамм,— деп сатушыға ақшаны ұсына бердім. Ол түк те ойланбастан тоғыз тиынға жүз грамм қоңыр нан өлшеп берді де, басқа ақшамды қайтарды. Бір тілім нанды аузыма бір-ақ тықтым. Нанның дәмін де, бағасын да өмірімде тұңғыш рет нақ сол жерде білген сияқтымын. Ол аузымда әлі тұр. Нандай дәмді, тәтті нәрсе дүниеде жоқ екен! Нан!

Нанды қарпып жіберіп жұтып болғанымда ойыма әлде не түсіп, қара бақайыма дейін терлеп сала бердім. Асанбек менің атымды айтқан кезде мен нан дүкеніне телміріп, тамсанып тұрған жоқ па екенмін деген ой ішімді тіліп өтті. Солай болғанына ешбір күмәным болмаса да, өзімді «олай болған жоқ» деп иландырдым. Бірақ олай болмау қайда! Осындай ойда Асанбек те бір ай бойы санама ұялап алды. Тіпті оны ойламау мүмкін де емес еді. Өйткені күнде түсте сабаққа бара жатқанда тоғыз тиынға жүз грамнан сатып аламын да, оны қарпи тұрып Асанбекті есіме аламын және ол мені көргенде қандай жағдайда тұрғаным да ойыма орала кетеді. Қарадай тұрып жер боламын. Бірақ амал нешік «әлі-ақ адам болып кетесің, жақсыдан қалған көз ғой» деген оның сөзі құлағымнан кетпейді, жаздыкүнгі жақсы леп самалдай желпіп тұрады.

Қалтасынан бөліп бергені болмаса да, жан жадыратар жақсы сөзін айтып ол жоғары оқуда жүргенімде де келіп кетті. Нақ бәз-баяғы сөздерін айтты.

—Жақсының көзі!

—«Әкең өлсе өлсін, әкеңді көрген өлмесін!» деген осы екен.

Енді міне, сол Асанбек әл үстінде жатқанда көңілін сұрай бардым. Ол менің келуімді күтіп жатқандай басын көтеріп алды. Құр терісі қалыпты. Ақтық демін тартқан кеудесі кеуіп басылады.

—Келдің бе,— деді ол, демігіп. — Қалай-ақ келмес деп едім. Апаңа сәлем айт!

Жа...— Оның көзі жұмылып кетті... Асанбектің берген наны мен жарым ырыс жақсы сөзі, жоғарыдағы қылығы есіме түсіп, ішім бұлан-талан болды. «Жақсының көзі» осы Асанбек екенін осы жерде ғана аңғардым. Мен есіктен шыға беріп «оның баласын мені демегеніндей демей алармын ба» деп баяғы бес-алты бала ұрғандағыдай өксіп-өксіп жібердім.

1966 жыл.

ҮЛКЕН ЖҮРЕК

Таңертеңгі қоңырау соғылды. Класқа жапырлай кірген балалар тегіс орындарына отырды. Мұғалім келгенде олар әдеттегідей орындарынан тұрып қарсы алды. Кіріп келе жатып-ақ мұғалім Жанардың көзі алдыңғы партада бір баланың жоғын байқады. Класс іші күрек тісінің бірі түскен кісінің аузы сияқтанып омырайып қалғандай. Тағы Нұрлан жоқ. Мүмкін тағы да кешіккен болар. Бірінші кластан бері оқытып келе жатқан төрт жылдың ішінде Нұрланнан мұндай нәрсе байқалмап еді. Нұрлан кеше де, бұрнағы күні де сабақ басталып кеткен соң келді. Жанар оны тұрғызып қойып, неге кешіккенін сұрап еді: ол үндемеді, ештеме айтпады: «Кешігіп қалдым, кінә өзімнен» дегеннен артыққа бармады. Жанар бұл сабаққа да даярланбаған шығар деп сұрап көріп еді, сабақтың бәрін айтып берді. Үйге берілген жазу, есеп жұмыстарын да тап-тұйнақтай етіп орындапты. Барлығы да әдеттегідей бес қоярлық.

Мұғалім ойға қалды.

Үйінде басқа жағдай болып қалды ма екен? Бірақ ондай кірбің шәкірт қабағынан бай-қалмайды. Тіпті осыдан үш күн бұрын ғана Нұрланның әкесі де, шешесі де Жанарға келіп жолығып кетті. Мұғалім осындай ой үстінде отырып балаларды түгендеп, тізімнің аяғынан шыққанын да білмей қалды.

Нақ осы кезде есік тық-тық қағылды. Алдыңғы партада Нұрлан жанында отыратын Гүлнар «Нұрлан шығар» деп өзіне өзі сыбыр етті. Шәкірттердің барлығының көзі есікке қадалды. «Рұқсат» деген мұғалім сөзін естіген Нұрлан кіріп келе жатты. Екі бетінің ұшы далаптап қойғандай қан ойнап тұр. Өзі әбден терлеген, ентігі де басылмағанына қарағанда жүгірген болуы керек. Демін екі иығынан алады. Мұғалімге де, шәкірттерге де қарамайды.

Оқушы кірген күйінде есік алдында тұрды. Мұғалім отыр деген жоқ.

—Нұрлан неге кешіктің? -деп сұрады ол. Оқушы мұғалімге тіс жарып сөйлемеді. Класс іші құлаққа ұрған танадай тынды. Балалардың көзі Нұрланға өтіп барады. Бәрі де оның кешігуін айыптайтын сияқты. Қалай айыптамасын оқушылардың сабаққа кешігіп келу сағаты көбейіп келеді ғой. Алдыңғы парта сықыр етті де Гүлнар қолын көтерді. Жанар Гүлнарға қарап:

—Гүлнар, айта ғой,— деді. Ол тамағына бірдеме тығылып қалғандай, жұтқынып та, жөткерініп те алды. Сонан соң Нұрланды бүгін көргенін айтты.

—Нұрлан бір қолыңда портфелі, бір қолыңда толған қапшығы бар, магазиннен шығып бара жатқан. Мен троллейбустен көрдім. Оны үй-іші магазинге жұмсаған болуы керек.

—Үйім мені еш жаққа жұмсаған жоқ, сен мені қорғап алмай-ақ қой,— деді Нұрлан аузын бұртитып.

Мұғалім Нұрлан жайын одан әрі қазбалаған жоқ, онымен кейін жеке әңгімелеспек болды да сабақ бастады.

Үзілісте Жанар шығып бара жатып оқушылардың Нұрланды ортаға алып, бірдемелер айтып жатқанын байқады. Кластан шыға беріп Жанар Нұрланның әкесі Төкенді көріп, таңданып тұрып қалды. Өзінің табиғатында кішкентай Нұрлан әкесінің аузынан түсіп қалғандай. «Кішкентайлығы болмаса құдды түйе» демекші үлкендігі болмаса Төкең де нақ Нұрлан дерлік. Бұл да терлеп-тепшіп, ентігіп кеткен, қатты келгенге ұқсайды. Тура таңертеңгі Нұрланның келісін аңғартқандай. Жанарды көре салып амандықтан кейін айтқаны «Нұрлан сабақта бар ма?» болды.

—Бар, бірақ соңғы үш күн бойы кешігіп келіп жүр.

—Біз ешқайда жұмсағанымыз жоқ,— деді ол ақталғандай. Төкенмен бірге қызмет істейтін біреу «Нұрланды үлкен қапшықпен көргенін» айтқан да, содан Төкеннің тағат таппай мектепке соққаны осы екен. Жанар бұдан әлдеқандай сыр ұқты. Содан Нұрланды шақырып Төкең екеуі ортаға алып, мұғалімдер бөлмесіне кіріп кетті...

Соңғы сабақтың аяғында Жанар Нұрланның неге кешіккенін балаларға айтып берді. ...Күнде Нұрлан сабаққа бара жатқанда қора ішінде қыдырып жүретін, әрі кейде әңгіме айтып, Нұрланды біраз жерге шығарып салатын пенсионер Сәлиман шешей далада көрінбей қалды. Ол тіпті күндіз де, таңертең де көзге түспеді. Сонан соң сабаққа кетіп бара жатып Нұрлан Сәлиман шешейдің халін біле кетуге кірді. Шешей төсегінде сұлық жатыр. Ерні кезеріп, ор-нынан тұра алмайды. Үйіндегі тамағы да, сүті де таусылған. «Менің Жомартым майданда қаза болмаса, оның да сендей ұлы болар еді-ау!» деп күнде басынан сипайтын шешесінің жалғыз екені іші-баурын елжіретіп жіберді... Кішкентай Нұрлан үш күннен бері шешейдің «Сабақтан қалып қойма» дегеніне қарамай оған магазиннен тамақ әкеп беріп жүр екен. Мұғалім осыны айтып болды да:

—Қалай, Нұрланның кешігіп келгенін кешіреміз бе, балалар,— деп сұрады.

—Кешіреміз,— деп балалар шу ете түсті. Ал Нұрлан жанында отырған Гүлнардың көзінің жасы партаға тырс-тырс тамып кетті. Жанар кішкентай Нұрланның үлкен жүрегі туралы ұзақ әңгімеледі.

Ертеңіне түстен кейін жанына екі жолдасын, Гүлнарды ерткен Нұрлан Сәлиман шешейдің үйіне кіріп бара жатты.

1963 жыл.

ТЕМІРЖОЛШЫ

«Шойыннан жол салынғалы жатыр, ол жолдың көрінісі домбыраның екі ішегі сияқты болады екен, онымен поезд деген отпен жүретін арба келеді екен» деген қауесет Балқаштың бергі жағасына жуық жатқан Күрті еліне тез тарап кетті.

—Қара бұқасы болады дейді.

—Оның жаны бар ма?

—Тұяғы қалай шойыннан тайып кетпейді?

—Шойыннан істелген арба дейді, от күшімен көп жүк сүйрейді екен,— десті кешке жақын ауыл ортасындағы төбе басында отырғандар.

—Ол қайда барады екен?

—Мына Қопаны басып өтеді дейді жұрт.

Бетінде қорасан дағы бар шетте отырған, жасы жиырмалар шамасындағы қара жігіт жаңағы әңгімені айтқандардан жолдың жайын қайталап сұрап еді. «Біз қайдан білейік, біздің білетініміз де сенің естігенің ғой» деп олар ештемені ашып айта алмады. Сұрауына жауап таппаған жігіт ел аузына біраз қарап тұрды да, орнынан тұрып кетті.

Ол үйіне келгенде алауланған тезек оты бықси жанып, үй іші ала көлеңкеленіп тұр екен.

—Апа,— деді үйіне келіп жігіт, отты үрлеп жатқан шешесіне,— мен шойын жолға жұмысқа тұрсам қайтеді.

—Жассың ғой әлі, қалқам.

—Ой апа, жиырмаға келген адам жас болушы ма еді.

—Анығын білдің бе? Жұмысшы ала ма екен?

—Әзірше менің естігенімнің бәрі тұспал.

—Ендеше біреуден әбден анығын білсеңші, шырағым, бару жағын сонан соң қарастыраарсың.

Сөз басыла бергенде, киіз үйдің есігі көтерілді де, сәлем беріп мосқал тартқан бет сүйегі шығыңқы, аласа бойлы, қара сақалды кісі үйге кіріп келді. Бұл Тосқанбай деген өздерінің бір туысқаны еді. Бағанағы төбе басындағылар «Тосқанбай Қопа бойына жұмыс іздей кетіпті» дегенді де айтқан. Тосқанбайды көріп қуанған жігіт, бар іздегенін осы туысқаны алып келгендей болды.

—Тосекеңбісіз? Төрге шығыңыз.

—Жоқ, асығыспын,— деді от басына бір тізерлеп отыра берген Тосқанбай.

—Әлгі Нұрқасым «барып келіңізіші» деп мазалап болмаған соң Қопа жаққа барып едім. Қопаны бастыра шойын жол жасап келеді екен. Соны біліп қайттым. Сенде жұмыс іздеп жүр дегенді естіп, айта кетейін деп едім. Мен қазір барып дем аламын да, таңсәріден көшемін. Үлкен балам екеумізге де жұмыс беретін болды.

—Сапарыңыз оң болсын! Мен де көшемін,— деді үй иесі.

—Бірге болсын!— деп Тосекең шығып кетті.

Құрылыс қызу жүріп жатыр. Мұндағы адамдардың көбі осы маңдағы Күрті болысынан келгендер көрінеді. Ауылдан келген жігіттер жұмысқа белсене араласып кетіпті. Кешегі «мен көшемін» деген кісі сайдан топырақ тасып жүр.

Лашығын өзен бойына қалдырып, жол құрылысының бастығы тіккен шатырға жүгіріп келген жігіт көп кідірмей-ақ шатырдан қуана шықты. Әуелі ол шатырға кірерде осылар қазақша сөзімді түсінбес деп жүрексініп еді, олай болмады, кіріп барған жігітке:

—Амансың ба?— деп қазақша сөйлеп, мұртты сары кісі Столяров орнынан тұра келіп қолын өзі берді.

—Амансыз ба?— деді, не айтарын білмей қалған Әліш те.

—Жұмыс сұрай келдің бе?

—Я.

—Ендеше мен қағаз жазып берейін, ана Тарасов деген кісіге бар, ол саған жұмыс береді. Ендігі сенің бастығың сол болады..

—Құп.

Осыдан кейін ол жұмысқа кірісті Оның жұмыс істеуіне сары атан тиді. Осы сары атанды жетелеп, Әліш бірнеше күн басқалармен бірге топырақ тартты, «Топырақты қашан тартып бітіреміз, егер дөңес жердің бәрінен топырақ ала берсек, мына қырқаны қалай тауысамыз» деп ойлап та қойды ол ішінен. Бірақ Әліш бұл ойының ағат екенін білді. Аз ғана күн ішінде жап-жазық далада топырақ жалданып, тау болып үйіліп қалды. «Көп түкірсе көл» деген осы екен-ау деп ойлады Әліш.

Аз күнде Әліш құрылысшылармен үйренісіп кетті. Ауылдағы жолдастарының да көбісі осында келді. Жұмысшылардың бірсыпырасы тасылған топырақты тегістеп, нықтап, таптап, енді бірсыпырасы тақтай тілуге кірісті.

Күн асқан сайын Әліштің жұмысының түрі өзгеріп отырды. Әліш бүгін өзінің бастығы Тарасовқа бір іспен бара қалып еді, ол «сен бүгіннен бастап топырақ тасығаныңды қой да, Сергей Колесниковтың қарауына бар. Жұмысты солармен істе» деді. Бұл сөз Әлішке алдымен қиынырақ тиді. Өйткені Әліш болса орыс тілін білмейді. Ал Сергейдің жанында бір қазақ жоқ, бәрі де орыс жігіттері. Сондықтан ол осы топырақ тартқан жігіттермен бірге жүре беруді ұнататын. «Бірақ,— деп ойлады ол,— топта сөз сөйлеймін бе, олардың істейтінін істей беруді білемін ғой». Осы екі ойды салмақтап келді де, Әліш тәуекел деп Сергейдің бригадасына кетті.

Әліш енді жолдың топырағын тегістеп, үстіне құм, тас қиыршықтарын тасуға тапсырма алды. Ол бұл жұмысты да бар ынтасымен істеді. Поезд осы арадан өткенше асықты ол. Жал

боп үйілген топырақтың үстінен тас төселді, бір-екі рет жаңбыр жауған соң, әлгі жал ат тұяғы батпайтын беріш болып қатып қалды.

Тағы бір күні Әліш түйемен ағаш тартатын болды. Ағаш әлі жолға төселінбей үйіліп қойыла берді

—Сергей- деді Әліш,- осы топырақты, тасты, ағашты үйіп жатырмыз, ал поезд қашан келеді?

—Асықпа, Әліш,- деді Сергей, - поезд әлі-ақ келеді. Екеуіміз сол поезбен саяхат құрамыз. Әнеугі күні өзіңнің айтқан әңгімең есіңде ме? Алматыға осы жерден екі күн жүрдік деп едің ғой, енді сол Алматыға екі сағатта баратын боламыз.

Әліштің ойына болашақ өмірі келіп, өзін поезд үстінде кетіп бара жатқандай сезінді. Нақ осы жерден Жиренайғыр өзені өтетін. Тура тартылып, үйіліп келген жал топырақ өзенге жақындағанда иіндеу болып төселді. Алғашқы кезде бұған Әліштің ақылы жетпей жүрді. Судың арғы бет өте берісі де нақ осындай иін болады да, одан әрі түп-түзу болып кетеді.

Бір күні осы өзен бойына көп ағаш түсірілді. Ағаштан зәулім көпір салынды, жал болып үйілген тас-топырақтың үстіне көлденең ағаштар төселінді. Қырлы жіңішке ұзын шойындар әкелініп. қатарынан осы көлденең ағашқа шегеленгенде Әліштің ойына ауылдағылардың «жол домбыраға ұқсайды» дегені түсе кетті. Жол, шынында да, домбыраның мойнына ұқсап қалды. Екі рельс екі шекте, ал шпалдар перне сияқты.

Жол бітіп поезд келерде, Әліш Үмбеталовты жол мастері Тарасов шақырып алды да:

—Сен поезд өткенше көпірдің астына жатасың,— деді.

—Менің де поезды көргім келеді, Дмитрий Степанович,— деді ол.

—Сен поезды көрмек түгіл, мәңгі сонымен бірге бо-ласың, алғашқы поезд өткенше осында қаласың,— деді Тарасов. Сөйтіп, бірінші рет поезд өтетін көпірдің астында Әліш жалғыз қалды. Әдетте бұл кезде жұмыстағы ең озат адам поезд алғаш өткенде көпірдің астында қалу құрметіне ие болады екен. Ол кез-келген адамға ұсыныла бермесе керек.

Поезд гүрсілдеп өте шыққан соң, Әліш орнынан тұра келіп жол үстіне қарап еді, түтіні будақтап паровоз жүйіткіп барады екен. Бұрын поезд көрмеген түйелі, атты қазақтар паровоздың артынан таң қалысып қарап тұр, енді біразы жарысып шауып барады.

Әліш ел қуанышының қуәсі болды. Кейінірек өзен жағасындағы иіннің мәнісін де түсінді, ол цементтен, тастан біржола істелетін темір бетонды көпірге қалдырылған орын болып шықты.

Түрксиб темір жолы Айнабұлақта түйісіп, жұмыс біткен күні Әліш Үмбеталов Айнабұлаққа шақырылды. Поездан түсе қалған жерде Әлішті бұрынғы өзінің жолдастары Тарасов пен Колесников қарсы алды. Олар Әлішті жол бастығына алып кірді.

—Үмбеталов деген озат жұмысшы осы, сіздің шақы-руыңызбен келді, жол бастығы жолдас,— деді Тарасов.

Жол бастығы орта жастағы байсалды адам екен. Әлішпен көп әңгімелесті.

—Сізді Ауыр өндіріс Халық Комиссариатының гра-мотасымен құттықтаймын,— деді ол Әлішке. Бұған қоса көп заттай сыйлық тапсырды.

Үш күннен соң Әліш үйіне қайта келіп, Жиренайғыр станциясына стрелка салушы болып қызметке орналасты. Осы жұмыста екі-үш жыл істегеннен соң ол станция кезекшісін даярлайтын курсқа жіберілді. Курсты бітіріп келісімен ол станция кезекшісі қызметін атқарды.

Әліш Үмбеталовтың темір жолда қызмет істегеніне жиырма жыл толуы қарсаңында, ол үлкен бастаманың иесі болды. Оның поездарды тоқтаусыз жөнелтудегі бастамасын бүкіл Түрксиб теміржолшылары қуана қарсы алды. Осы мәселеге байланысты Түрксиб басқармасында болған жиын — оның өміріндегі ең бір белді кезең болды.

Кеше кеште қызметте тұрған Әліш Үмбеталовқа станция бастығы Орынбаев бір пакет әкеліп тапсырды да:

—Қазір сен жұмыстан шығып, үйіңе барып жуынып, маған кел, мен сені осында күтемін, екеуміз қазір Алматыға жүреміз,— деді.

—Не жұмысқа жүреміз?

Асығып бара жатқан станция бастығы оған жауап берудің орнына:

—Тез кел!— деді әлгі сөзін қайталап.

Әліш жұмыс киімін тастап, пакет ойына түсіп ашып оқып еді, «станция бастығы екеуіңіз келесіз, сіз кеңеске қатысушыларға өз жұмысыңыз туралы әңгіме айтасыз» деген шақыруға жол бастығы қол қойыпты. Әліш сасыңқырап қалды.

—Дайындықсыз қалай сөйлеймін, міне қызық.

Ол орнынан тұрып тез киінді де, станция бастығына келіп барлық жағдайын, өзінің даярлығының жоқтығын да ескертті.

—Ештеме етпейді,— деді Орынбаев,— даярлықтың керегі жоқ. Ондағылардың бәрі өзіңдей теміржолшылар, өзіңнің жұмыс тәжірибеңді жай ғана әңгімелеп бересің.

Әліш әлі де жүрексініп келеді. Поезд ішінде де ол қобалжумен болды. «Әңгімені неден бастаймын» деп Орынбаевтан қайта-қайта сұрай берді. Сол күні олар қонақүйге түсті де, таңертең жол басқармасына келді. Кеңес күндізгі сағат он бірде басталды.

Алдымен жол бастығы баяндама жасады, сонан соң Әлішке сөз берді.

Біраз қысылыңқырап қалған Әліш аздан соң сөйлеп кетті. Ол өзінің жұмысына байланысты жағдайларды, іс әдісін бір жарым сағат айтты. Біраз сұраулар болды. Оған жауап беріп Әліш орнына келіп отырды.

—Көп сөйлеп кеттім бе?— деп сұрап қойды ол жа-нын-дағы Орынбаевтан.

—Жоқ, әдемі сөйледің, бағана сонша қорқып едің, өзің шешен екенсің ғой.

Мәжіліс аяқталар кезде жол бастығы Андреев орнынан тұрды да:

—Кеңестің аяғы мейрамға айналатын болды, жол-дастар,— деді.— Біздің жолдасымыз Әліш Үмбеталов үкімет наградына ие болды. Мына «Правда» газетінде Указ басылыпты, соны тыңдалық.

«Жиырма бес жылғы темір жолға үздіксіз сіңірген еңбегін еске ала отырып, поездарды тоқтаусыз жүргізуде зор жетістікке ие болған Әліш Үмбеталов Ленин орденімен наградталсын» депті Указда.

1952 жыл.

ӨТКЕН КҮН ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ

Төменгі Сарытауқұмды мекен етіп келген Балташтың кәсібі — киіз үйдің үй ағашын жону еді. Оның колхозға барғысы келмей, жежесі кейін тартты да тұрды. Тіпті жанында туған-туысқандарынан да ешкім қалмай, тегіс колхозға көшіп кетсе де, оның барғысы келмеді. Осылай жалғыз үй жүріп-ақ күнелтемін ғой деп топшылады ол.

Бірақ Балташ пен оның зайыбы Ұмтылғанның ойы бір жерден шықпады.

Таңертең Балташ белін буынып, жеңін сыбанып асыға басып тағы да ешкіталдан үй-ағаш кесуге тоғайға кетіп қалды.

Үйде жалғыз қалған Ұмтылған бірер сағат үй ішіндегі күйбең-күйбең жұмысты аяқтаған соң, іші пысып отыра алмады. Ара-тұра әңгімелесіп, сыр шертсетін абысын-ажынның бәрі колхозға кетті. Істеуге жұмысы жоқ, сап-сау адамға күннің батуы қандай қиын болады десеңізші.

Ұмтылған жалғыз отырып, бірауық сыртынан Балташпен ұрысса, бірауық бажырайып дақ төбеде тұрып алып, батпай қойған көктемнің ұзақ күнімен ұрысты. Ол жалғыз қалғандығын күннен көрейін десе, осы күннің астында өмір сүргендердің бәрі де колхозға мүше болуға кетіп қалды. Өздерінің осында қалуын ол өзен бойына біткен ешкіталдан да көрді.

Балташ кешке дейін толарсақтан саз кешіп, ешкіталдан екі үйдің ағашын дайындап, шаршап үйіне қайтты. Үйге келсе дайын тұрған тамақ жоқ. Әйелі ұйықтап жатыр. Балташ әйелін оятып алғаннан кейін де Ұмтылған тамақ істемей, қарысып, үндемей отырды да қойды.

—Адам шаршап, қарыны ашып келсе, қарап отырып, мұның не ей, — дейді зіл тастап Балташ.

—Сен күшіңді жұмсап қажысаң, мен жанымды жеп қажыдым, — дейді Ұмтылған.

—Саған не болды, қараптан қарап отырып? — дейді Балташ.

—Жалғыз жүріп жол тапқанымыз бар болсын, көптен бөлек қалдық, көмусіз қалып жүрмейік, — дейді Ұмтылған.

—Айтқалы отырғаныңды жорамалдадым. Оның бола қоймас. Қашан жер тамырын сорып күн көріп едік.

—Тірі болсақ елмен бір төбеде, өлсек бір шұқырда болғанымыз жақсы емес пе?

Келіспесең, мен де келіспедім, менің де саған тамақ істеп берер халім жоқ.

Таңертең қисайған бойымен Балташ кетті, теріс қараған қалпымен Ұмтылған қалды.

Үйден шыққандағы Балташтың ойы екі үйдің ағашын сатып қайту еді. Осы мақсатпен ол колхозға біріккендерге келді.

—Ия, жөніңді айт? — деді колхоз бригадирі, коммунист Екпіндиев.

—Екі киіз үйдің сүйегін жасап қойып едім, соны сатып алатын кісі іздеп жүрмін.

—Е, сенің ойың әлі сол ма еді, колхоздан қашып, ізіне ерген досың Байтөбет бай алмаса басқаға керегі бола қояр ма екен? — деді бригадир.

—Байтөбеттің баласы отау тігіп шыққанда жылуға қосарсың, — деді тағы бір колхозшы.

Үйге келісімен ол жасырмай әңгіменің бәрін айта келді. Колхозшылардың оны әбден жеріне жетіп келеке еткенін де айтты.

Балташта үн жоқ. Мұның жібінің босап қалғанын көрген Ұмтылған колхозға көшуді алдына тарта қойды. Содан олар колхозға көшті. Көршісі Балташты тамаққа шақырды. Қарны ашқан кісіге тамақтың да бал боп кететіні бар-ды. Кешеден бері нәр татпай, әбден кенезесі кепкен Балташ алды-артына қарамай, тамақты тойғанша ішті.

—Тойып кеткенімші! — деді ол көршісіне қарап.

—Тойғаныңның алды осы, көпшілік бар жерде колхоз бар, колхоз бар жерде береке бар! — деді көршісі.

Ұмтылған ертеңінде-ақ егіс даласына жұмысқа кетті. Ал Балташ көшерін көшіп келсе де, не істерін білмей, екі ойлы болып босқа теңселді де жүрді. Оның колхозға ұйымдастырған күрең атын апарып соқаға жеккенде денесі тітіреп кетті.

Киіз үйден кірпіш үйге кіру де оған бір үлкен іс болды. Алғаш оған да қипаңдап жоқтан өзгені сылтауратты. Күзге қарай Ұмтылған болмай стандартты үйге кіріп алды. Осыдан бастап-ақ Балташ та икемге келе бастады. Ал Ұмтылған колхозға келген күннен бастап-ақ екпінді болып, колхоз басқармасына мүшелікке сайланды. Балташ Ұмтылғанға: «жиналысқа барам дегенді тағы қайдан шығардың?» деп алғашқыда қарсылық көрсетіп еді, кейін оны да қойды. Өзі нағыз екпіндінің бірі болып алды. Балташ ауыл советтің мүшелігіне сайланған соң жиналыстың алдын бермейтіннің өзі болды. Ол жиналыста колхоз шаруашылығын жақсартудың шараларын айтып, ұзақ-ұзақ сөздер сөйледі.

...Міне, Балташ пен Ұмтылған екеуі жаңа жыл сағатының соғуын күтіп отыр. Қазір ол киіз үйдің сүйегін жонушы емес, колхоз кірпіш зауыдының шебері. Сәнді колхоз селосының кірпішін қалаушы, озат колхозшы. Ал Ұмтылған — қызылшадан мол өнім алушы Социалистік Еңбек Ері.

Балташының баяғысы есіне түскенде Ұмтылғанның күлкісі келе береді. Ал Балташ болса, сол бір өткендегісінен қатты ұялады.

1952 жыл.

АҚЫНҒА ТІРІ ЕСКЕРТКІШ

Біз қаладан да, аудан орталығынан да жырақтағы Жаңдосов атындағы колхозда тұратынбыз. Өзімізге осы шағын колхоздан артық елді мекен жоқ сияқты болатын. Аспан әлемінің қожасы—күн нұрын тек біздің ауылымызға ғана төгіп тұратындай көрінетін. Тіпті біздің ауылымыздағы жарқ етер күн басқа жерге де шығып тұрады дегенді мен өзім де, басқа балалар да таңданып тыңдайтынбыз.

Шілде шығып, күн аптабы басылып, қоңырқай салқын тарта бастаған кез. Август айының соңғы күндері зымырап өтіп кететін баяғыдан бергі әдеті. Әдейі сентябрьді — мектепке барар күнді тездеп жақындатып келеді.

Күннің бір шеті батып, бір шеті жанып тұрған шақта кеш алдында Асқар ағай жорға торыбиесімен Ұзынағаштан үйіне келіп түсті. Біз бәріміз Әбдісәлем де, Хамитта, Қалибай да кітапқа ақша төлеп қойғанбыз. Ауданнан келген мұғалімді көре салып, артынан жүгірдік. Мұғалімнің бөктерген қызыл қоржыны бар. Екі басы толған кітап. Оны ересектеу Қалибай мен Хамит көтеріп үйге кіргізді. Менің оған шамам келіңкіремейді.

Үйіне кірген соң мұғалім кітапты ақтарды. Әрқайсымыздың сыбағамызды берді. Маған төрт кітап тиді. Енді үш-төрт кітап алуым керек екен, ол қазір болмағандықтан кейінге қалыпты.

Асқар ағай сыртын кеңдірмен бір шалып байлаған бір буда ақ қағазды шешті. Ақ қағаз дегеніміздің ішінде сурет бар екен. Суретте көзінің қарасынан аласы көптеу, бұйра шаш, жақтауының бәрі қаптаған жүн бір адам қолын қусырып отыр. Астында бірді-екілі жазу бар екен, ол біздің көзімізді тарта қойған жоқ, мұғалім бұл суретті де бізге бір-бірден үлестірді. «Үйлеріңе іліп қойыңдар» деді. Мен кітаптардан гөрі мына суретті үлкен олжа көрдім, оны құрмет тұттым. Жасыратын не бар, бас ауыртып оқып жатқанша көз жүгіртіп қарай салатын маған сурет жақсырақ сияқты. Байқасам балалардың бәрінің қызыққаны да сурет екен, олар да кітап алғандарын құрмет тұтпай, суретке қатты қуанған жайы бар. Үлесімізді алған соң үйді-үйімізге тарадық.

Үйге келген соң кітапты елеусіз қоя салып, жаңа мұғалім үйінде қысылып көре алмаған суретті мақтана жайып тастап, оған үріккен танаша тесіле қараймын. Ұстап тұрған жерімді жібере салғанымда қағаз шиыршықталып, бұрынғы орнына барды. Осы кезде «қайсы суретіңді көрейін» деген өзімнің мектепте бірге оқитын, бірге туған апам Ідікейге «көрем деп былғарсың» деп шыж-көбек болып көрсетпеймін. Ідікей менен гөрі ересектеу болғандықтан ба, әлде қыздар суретке әуес емес пе, бір қараған соң оған маңыз да берген жоқ, тіпті қайта айналып қарамады да.

Мен суретті ілудің қамына кірістім. Мың шегенің ол кезде ауылға әлі келе қоймаған кезі. Мен бір-бір сүйем төрт шегені әкеліп, басына қағазды түйіртпектеп өткіздім. Сөйтіп көшпенділік өмірден отырықшылыққа айналғанына әлі алты-жеті жыл ғана болған, үй салудың мәнісін білмейтін елдің куәлектен тұрғызған балшық үйінің қабырғасына жаңағы бір-бір қарыс шегені бойлата қағып, суретті ілдім. Мүмкін мен ілген сол сурет біздің ауылдың үйлерінде алғаш, тұңғыш қыстырылған сурет шығар. Бұған дейін мектепте қыстырулы тұратын Ленин мен революционер Ораз Жандосовтың суретінен басқа еш жерде сурет болмайтын.

Сурет бағанағысындай емес, бір түрлі жан кіріп, әдеміленіп кеткен сияқты. Елшім жоқта суретке әбден қарап алдым. Ол кезде біз латын әрпімен оқығандықтан орысша «Александр Сергеевич Пушкин» деген жазуды зорға шығарып оқыдым.

Суретті іліп, енді ғана оқулықтарды қолыма алдым. «Қоғамтану» деген кітаптың ішін ақтарып едім, «ерте замандағы жаяу жарыс» деген бес кісінің жарысып келе жатқан суретінен басқа түк жоқ екен. Суреті аз болған соң бұл кітап көңіліме ұнамай қалды. Одан «Жаратылыс тануды» алдым. Ол кітаптың ұнағаны сонша тіпті қойныма тығып қойдым. Ішінде аю, қабылан, арыстан, жолбарыс, керік, тағы басқаларының суреті көп екен. Бұл кітапқа ерекше құрметпен қарадым. Сондықтан да оны басқа кітаптардан ерекше, газетпен қаптап тастадым. Ал арифметика оқулықтарын ашқаным да жоқ, оған қарасам жүрегім айнып кетеді.

Осы жерде жұмыстан шешем келді. Шешем суретті бірден байқамады. Мен «апа» деймін, ол кісі «ау» дейді де, мен қайта үндемеген соң өз шаруасымен болады. Мен «апалауды» жиілеттім. Екі көзім Пушкин суретінде. Тез көрмегеніне ренжіп те отырмын. Бір кезде маған қарады да, мен қарап отырған жаққа көз тастап:

—Ой, сурет қыстырған екенсің ғой, суретің әйбат екен, балам,— деді. Мен мақтанып қалдым. Мен енді әдебиет оқулығын ақтара бастадым. Ұқыпсыз салынған қиюсыз есікті шиқылдата ашып біреу келді, көршіміз Малкелді екен. Ол менің қасыма келіп, текеметке жантайып жатты.

Әдебиет оқулығын ақтарып отырып, қабырғаға іліп қойған суретті кітаптың ішінен де тауып алдым. Оқысам тура жаңағы сурет. Астында «Балықшы мен балық» деген өлең басылыпты. Оның шекесіне де «А. С. Пушкин» деп жазып қойыпты. Өлеңді дауыстап оқи жөнелдім:

...Жарық анау астауың,

Ең болмаса алмапсың,

Астаудың да бір сауын...

Мен «Балықшы мен балықты» дауыстап оқып бітірдім. Малкелді де, біздің үйдің іші де ұйып тыңдады.

—Мұны жазған кісі кім екен?— деп сұрады Малкелді менен. Мен:

—Пушкин,— деп жауап бердім. Өстіп отырғанда есіктен бір әйел асығыс кірді де, «әйелің толғатып жатыр» деп, Малкелдіні ерте жөнелді.

Ертеңіне білдім. Малкелдінің әйелі босанып, ұл туыпты.

—Баламның атын түндегі сен оқыған ақынның атын қойдым. Бөшкін қойдым,— деді. Мен оның аты Бөшкін емес Александр ғой, ал Пушкин деген фамилиясы және Бөшкін емес, Пушкин деп айтып түсіндіргім келді. Бірақ ішінде бүкпесі жоқ қазақтың ақ ниетін, пейілін аңғарып, үндемедім. Осыдан кейін мен де, біздің ауыл да Пушкинді білетін болдық, ұмытпайтын да болдық. Мүмкін кітаптан оқыған, суретін көрген Пушкин мен есейіп, оқығанда ұмытпайтындай дәрежеге келгенге дейін ойынның астында қалып қояр ма еді, қайтер еді. Енді тіпті жазғы каникул күндерінде де Малкелді баласы Пушкин менің көз алдымда жүгіріп жүретін болды. Мен кейін ол баланың он жылдық бітіргенін де көрдім. Сонда көрген сайын бұл да Пушкиндей адам болар деп үміттенемін. Мүмкін ол Пушкиндей ұлы ақын болар. Тіпті ақын болмаса коммунизм заманының белсенді бір құрылысшысы болар. Әйтеуір оны көрген сайын менің есіме Пушкиннің жүз жылдық мерекесі түседі. Мен оны Пушкиннің жүз жылдығына ауылға орнатылған тірі ескерткіштей сезінемін, Пушкиннің өзі арамызда жүргендей көремін.

ОТ БАСЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

От басындағы әңгіме әртүрлі бола беруші еді. Қазақтың кедей шаруасының революциядан бұрынғы әңгімесінің бір түрі мынадай болатын. Мысалы, наурыз тұрып, жер жібіп, жаңа жыл келген соң Әбділ үй ішін от басына жинап алып әңгіме бастайтын. Зағипа, сен Итбайдың сиырын саууға тұр. Артылған іркіті болса да, үйге әкеліп тұрарсың. Сәлім, сен Итбайдың қозысын бақ. Бір жылғы табанақы, маңдай терің үшін түк бермеді ғой. Бәрібір сабап-сабап бақтырады. Одан да ең болмаса өйтіп-бүйтіп тамағыңды асырарсың.

Ал коллективтендіруден он жыл кейін от басындағы әңгіменің түрі былай өзгерді. Әбділдің әйелі ойда жоқта қалада тұратын кіші баласының үйіне барамын деп әзірленіп жатты. Үйге кірген Әбділге «маған ат ерттеп бер» деп жабыса кетті. Бұрын әйелінің бетін қайырмайтын Әбділ осы жолы шыдамнан шығып кетті. Ол: істеп жүрген жұмысың қайда, көпшіліктің тапсырған ісі қайда, ферма меңгерушісіне айтпай кетіп қалғаның ұят емес пе және қазір колхоз жылқысы өрісте ғой,— деп өзінің шыдамсызданғанын тыжырылған қабағымен байқатты. Бірақ бұл қабақтың өзі жасынан үйреніскен жау болғандықтан Зағипа қояр болмады. Қайта одан сайын жабыса түсті.

—Е, немене, мен болмасам, сепаратор тартылмай қала ма? Менен де басқалар бар емес пе? Өзі зырылдап тұрған машинаны бұрай беруге еріне ме? Сүтті тартып, майды колхоз қамбасына өткізіп беріп жүрміз ғой осы,— дейді Зағипа.

—Сен тәртіп сақтамай, ешкімге айтпай кетіп қалған соң, орныңа кісі белгіленбейді де, ертең сүт тартылмай қалады. Сенің кетуің ертең мемлекетке майды аз өткізуге салдарын тигізеді,— дейді Әбділ.

—Жоқ, менің өз еркім өзімде. Кетемін деген соң кетемін.

Ат ерттеп бермейсің деп еріне ашуланған Зағипа оның барлық сөзін жақтырмай шығып бара жатқанында үйіне баласы кіріп келді. Жаздың күні. Аспан айналып жерге түскендей ыстық. Ал Сәлімнің шешесі басына кимешек киіп, оның сыртынан қарағайдай күндік орап алыпты. Күндік болғанда да мұның өзі бір келіссіз нәрсе. Кәдімгі шаршылап тіккен кездемені орап-орап, ең үстіңгі жағын сиыр мүйіздендіріп қойыпты. Сәлім еріксіз мырс етіп күліп жіберіп, шешесінен қайда баратынын сұрай қойып еді.

—Қалаға, Ғалымның үйіне барамын, қыдырамын,— деді шешесі.

—Күн болса ыстық, мына жаулығыңыз бен кимеше-гіңізді тастап, басыңызға жалаң шәлі салсаңыз қайтеді?

—Жоқ, қыдырғанда кимешек киіп, күндік орап болар, әйтпесе сәні келмейді,— деді де, шешесі үйден шығып жүре берді. Сәлім шешесіне бұрылып, «қолыңызда ұршылығыңыз жоқ қой» дегісі келді де, ыза болып қалар деп аузын жаба қойды.

Қалаға келген соң Зағипа өзі қатарлы әйелдердің басынан ондай кимешек пен жаулық көре алмады. Сондықтан бұл өзіне де ерсі көрініп, келініне айтып, шәлі сатып алғызды. Кешке қарай қызметтен баласы келген соң Зағипа үйден қалай шыққанын, ерінің, Сәлімнің сөз-дерін де көбейтіңкіреп, өңін айналдырыңқырап, өзгертіңкіреп жеткізді. Тіпті, арасына олардың айтпаған сөздерім де қыстырып жіберді. Ертеңіне кешке қарай Ғалым ше-шесін театрға ертіп барып еді, Зағипа театрдан колхоз-дағы бір жалқаудың оғаш мінезін көрді. Ол да жұмыс тың қауырт кезінде Зағипа сияқты қыдырып кеткен біреу екен. Зағипаның ойына ерінің «жұмыстың қауырт кезінде қыдырғаның» дегені түсе кетті.

—Қыдырған жаман емес пе, ә, балам?— деді Зағипа Ғалымға қарап.

—Әрине, жаман. Қалай, ауылығызда мына жалқауға ұқсайтын ешкім жоқ па?

Шешесі үндемеді. Сонымен, Зағипа ертеңіне-ақ кол-хозға қайтып келді. Ертең жұмысқа барған соң ұят бола-ды-ау деп қысылды. Қысылмағанда ше? Қым-қиғаш қызу жұмыс кезінде ел қыдырған деген не. Ең болмаса айтпай да кетті-ау! «Міне қызық, қыдырғаны құрысын, қызаратын болдым» деп күңкілдеп қояды ол.

—Кетіп қалғаным ұят болды-ау, шал. Фермаға бар-ғанда не айтсам екен?— деп сұрайды Зағипа ерінен.

—Өз еркің өзіңде, өзің біл...

Зағипа ерінің бұл мінезіне тағы да шытынай түсті. Өз сөзін өзіне қайталап, кекеткеніне жарыла жаздап ыза болды...

Сол жылдың аяғына таман осы үйде мынадай әңгіме басталды. Шай ішіліп, көңіл жадырап отырғанда Сәлім биылғы табысын есептеді де: «Мен еңбеккүнге алған ақ-шалай табысымның бір бөлегіне драп пальто, патефон сатып аламыз,— деді. Шешесі оған драп пальто не керек, одан да арзанға түсетін тоқтышақтың терісін киіп жүре берсе қайтеді. Жылы десең жылы, төзімді десең төзімді. Патефон деген не ол, оған шығарған ақшама ақ құйрық шай сатып алып, құрттан бір тістеп қойып, терлеп-тепшіп ішіп отырсам, соның өзі бір ғанибет емес пе?— деген сөздерді айтты. Шешесі солай дегенмен Сәлім өзінің дегенін істеді. Жыл аяғында драп пальто, патефон сатып алды. ...Соңғы әңгімеден бері қарай он екі жыл өтті. Бұл семьяның өмірінде талай өзгеріс болды. Зағипа одан бері жергілікті советтің депутаттығына екі рет сайланды. Кезекті сессияның біріне бара жатқанында Сәлім шеше-сінің осыдан он екі жыл бұрынғы бір айтқанын еске түсіріп былай деді:

—Апа, кимешек киіп, күндік орамайсың ба?

—Жоқ, құлағым дүңгірлеп, естімей қалады.

—Өйтпесеңіз сәніңіз келмейді ғой.

—Ондай «сәнді» қойдық қой.

Зағипа сессиядан қайтып келген соң Әбділ қарттың үй іші биылғы еңбегіне қорытынды жасады. Жамбыл атындағы миллионер колхоздың мүшелері заттай да, ақ-шалай да мол үлес алатын болды. Әсіресе, семьядағы үлкен жаңалық — Сәлімге егіннен мол өнім жинағаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұл шексіз қуаныштың өзі колхоздағы бір жылдық еңбектің жиын-тығымен қат-қабат келді. Колхоз қуанышын өз үйінің қуанышы деп санауды дәстүрге айналдырған Зағипа осы жолғы әңгімені былай бастады:

—Жаңа жыл сағаты соғысымен колхоздың жаңа салған электр станциясы іске қосылады. Бұрынғыдай емес, бұл күшті су электр станциясының қуаты өзім іс-теп жүрген ферманың жұмысын механикаландыруға пайдаланылады. Мен бір радиоланы сатып алайын деп отырмын. Жаңа станция жұмыс істей бастағанда радиоланы қосып, тамаша ән-күй тыңдаймын. Сөйтіп, ферманың механикаландырылуына байланысты үйге той өткіземін.

—Сіз еңбеккүнге алған ақшаңызға ақ құйрық шай сатып алып, терлеп-тепшіп ішіп отырмайсыз ба?— деді Сәлім шешесіне. Шешесі бұл сөзге күліп жіберді де:

—Мен бір жылдық табысыма, егер керек деп тапсам, бірнеше центнер шай сатып ала аламын. Ал маған жаңа жыл мейрамында сайрап тұратын радиоланы керек. Сондықтан бұл тілегім орынды ғой деймін. Ал сен шешеңнің баяғыдағы бір сөздерін ұмытсаң да болады. Өйткені шешең одан әлдеқашан арылған болатын,— деді.

Қазіргі семьядағы әңгіменің түрі осы. Қандай өзгеріс десеңізші!

1953 жыл.

ҮЙШІНІҢ ӘҢГІМЕСІ

—Оған міне елу жыл болып барады,— деп бастады Тоқсанбай қарт әңгімесін.— Кедейліктің кесірі не істет-кізбеуші еді. Үй жонатын өнерім болатын. Содан төмен үй жасауға Ілеге түскен кезім бар-ды.

Осы Алатаудың бауырынан он түйемен төрт-бес кісі үй жонуға аттандық. Қоңыр күз болып, ағаштың жапырағы түсе бастаған кез. Алатау маңында қазақ үй жонуға қолайлы ешкітал өспейді. Мұндай тал осыдан үш-төрт жүз километр жердегі Топардың Ілеге құйған жерінде. Онда сыңсыған орман, қорыс. Біздің мақсатымыз осы көп ағаштың кеніне кіріп, он шақты күннің ішінде он үй жонып алып қайтпақпыз. Онда қазақ үйдің сүйегі бір қара тұратын. Ал бес кедейге он түйені жалға берген байға сегіз қанат екі үйдің сүйегін тегін жонып жегкізіп беруге міндеттіміз. Амал нешік көлігіміздің жоқтығынан екі атан түйеміз байға босқа кетеді.

Арада далаға екі күн түнеген соң жердің түрі өзгере бастады. Ит шайнаған орамалдай қалың қоңыр қырқа біртіндеп азайып барып жоқ болды. Енді бірыңғай боз жусан өскен жазық дала. Елсіз далада жаз күнінде шырылдап тыным таппайтын бозторғайлар мүлде жоқ, күз түсуімен олар түстік жаққа ауысып кетсе керек. Қыс келетінін уәйімдеп аспанда көз жетер-жетпесте ұзын мойын тырналар тырулап қайтып барады. Алыстағы төңкеріліп жазылып ұшқан тырналарды көріп бала күнімізде айтатын «арқан тарт, кілем жап, ақсақ қызға сәлем айт» дейтін өлең есіме түсті. Қоңыр күздің мизам ұшқан бозша даласында анда-санда дала құсы — бұлдырық көрінеді. Басқа құс та, аң да көзге түсе қоймайды.

Үшінші күні жердің түрі тағы өзгерді. Бұйрат-бұйрат құм пайда болды. Алдымен қопалы жердің миқы бұталары шеңгел мен жыңғыл басталды да, жүре келе сексеуіл шабыры көбейді. Бұл жерде қырғауыл мен қоян жыртылып айрылады екен. Оны ермек етіп, саят құруға уақыт қайсы, оны аулап тамашалайтын қару қайсы, кедейлік тоқтатпай қуып барады.

Төртінші күні Топарды жағалай отырған бірлі-жарымды ауыл кездесті. Әлі Ілеге біраз жер бар.

Күн бесіннен асып, екіндіге таянып қалды. Түйенің итбектеген жүрісі өзімізді әбден шаршатты. Сөйтіп келе жатқанда қалың құрақпен қамыс арасынан алдымыздан қаптаған сиыр көрінді. Осы жерге дем алмақ болып ойланып келе жатыр едік, бір уақытта күтпеген оқиға болды.

Бір кезде күн күркіреп, найзағай ойнағандай қатты дауыс естілді. Біз бәріміз аспанға қарастық. Күн ашық. Қызуы кеткен күз күні сәулесін жерге бір ыңғай ғана шашып тұр. Дәнеме байқалмайды. Күннің күркіреуі ұлғайып, осы жерге аспаннан жасыл түсіп келе жатқандай болды. Дүниені жаңғырықтырып, азан-қазан еткен құдіретті үн жерді астан-кестен етіп атылған жанартаудың серпініндей төңіректі дүрліктіріп жіберді. Біріне бірі тіркесіп келе жатқан он түйеміз тапжыламай орындарында қатты да қалды. Олардың бір аттап басуға мұршасы жоқ, бәрі дір-дір етеді. Сәлден кейін үріккен тана-торпақ екі құлағы делдиіп бізге қарай ойысып келеді. Сиырлар мөңіреп, бұқалар өкіріп, үрейлі жаман дауыс үдей түсті. Әр талдың арасынан жөңкіле қашқан сиырлар көрінеді. Әлден уақытта күннің күркіреуі барылдаңқырап барып, қайта көтеріліп басылды.

—Ана сұмдықты қараңдар,— деді алдағы түйеге мінген сол кезде орта жастағы кісі. Аспанда бір бұзау-тана төрт аяғы көктен келіп, сақпанның тасынша шиырылып ұшып барады. Не екенін түсіне алмай біз дал болдық. Маған ол бұзау-тананың ұшуы торғайдың ұшқанындай көрінді. Әрине қорыққанға қос көрінген де шығар, дегенмен ол жерден аз болса алты-жеті метрдей көтерілді. Әрине теңіз жағасындағы теп-тегіс жерде екі метр биіктіктегі нәрсе де екі шақырымға көрінеді. Сон-дықтан да тана маған сақпаннан шыққан тастай болып көрінді. Күннің күркіреуі ырылмен ұштасып барып, жоқ болып кетті. Мұның не пәле екенін біле алмай біз қайранбыз.

—Бұл не?— дестік біз үлкен кісіге қарап.

Ол бізге «жолбарыс» деп жауап қайырды. Пәлі, кәдімгі аңның ең азулысы, ең жыртқышы, ең жылдамы, ең ашушаңы. Байқасақ мұның жолбарыс екенін бізден гөрі біздің түйелеріміз жақсы білсе керек, қарап тұрып қара суға түсіп терлеп кетіпті. Бәрінің де тері қомдығынан моншақтап шығып, жерге тырс-тырс тамып тұр. Біз осы жерге демалуды ұйғардық. Өйткені жолбас-шымыз бұдан әрі бүгін жүруге болмайды деді. Жолбарыс ілгері тоғайға қарай кетеді. Сондықтан ол ұзап кеткенше бүгін осы айналадан кетпеуіміз керек екенін түсіндірді.

—Ойбай-ау, біз қайта бұл жерден тез кетуіміз керек емес пе? Ол бізді аңдымай ма?
—Жоқ, — деді жолбасшы, оны адамға ұқсатып, — ол ондай сүмсік емес. Айналып соқпайды. Тек үстіне дәл келіп қалмаса адамнан қорықпайтын мақлұқ жоқ, одан жылыстап, алыс жүруді жөн көреді.

Дегенмен менің зәре-құтым қалмады. Сәлден кейін осы жерде сиыр жайған бақташы бала да кездесті. Ол «бір танамды жолбарыс лақтырып, өлтіріп кетті» деді. Сөйтсек біздің анық көретініміздей-ақ бар екен. Тананың өлігі бізден жүз қадамдай-ақ жерде жатыр. Сондай дү-ниені күңіrentкен жолбарыс сол тананың етінен бір асап жемепті де.
—Ол не қылған ақымақ, — дедім мен күйіп кетіп, — шапқан азығына ауызын бір салмағаны.

—Жалмауызға да жан керек деген шырағым. Жаңағы барлық сиырдың өкіргені оны қорқытпады деймісің.

Біз екі-үш күн ішінде үй ағашты әзірлеп, жарты айдан кейін жоғары беттедік.

Қайтар жолда бір үйге қонсақ, бұл Жалайырға атағы шыққан жолбарыс соққыш Келдібек дегеннің үйі екен. Біз жолбарыстың тананы қалай лақтырғанын айттық. Әңгіме қызып, Келекең өзінің жолбарысты қалай аулайтынын әңгімелеп берді.

Жолбарысты аулау үшін жолбарыстай күшті болудың керегі жоқ көрінеді және оған күшпен теңесу мүмкін де емес екен. Бірақ жолбарыстан гөрі адам жүректі болуы керек деді ол. Сонымен бірге жолбарыстай шапшаң болу керек. Жолбарысты Келдібек әдейі іздеп ізіне түседі екен. Ол жазда жеңіл, қыста ықшам киініп қолына жеңіл айбалтасын алып, кісесіне бір-екі құрт тығып, белдігіне қынымен қанжар байлап бір қыл арқанды арқалап үйінен шығады екен. Содан жолбарыстың ізіне түсіп келіп, енді осы мерзімді жер дегенде, немесе жолбарыс енді осы төңіректе болуы тиіс дегенде отырып дем алып, тамақтанады. Содан соң арқалаған қыл арқанды буындап тұрып, сол қолына қолтығына дейін таусылғанша орайды. Бұдан кейін айбалтаны ыңғайлап ұстап жүріп отырады.

Сонау бір жерде шабынып, аспанға қарап азан-қазан ақырып жолбарыс тұрады. Немесе ол жүресінен шабуға ыңғайланып, аңшының кірпігін аңдып жатады. Осы кезде Келдібек кәдімгі үйреншікті ит пен мысыққа қарай жүрген адамдай кірпік қақпай ептеп басып жүріп отырады. Аяғының әр басқаны санаулы болады. Бір кезде жолбарыс жатқан орнынан атылады. Сонда Келдібек саспай жалма-жан жолбарысқа сол қолын ұсына қояды. Қолтығына дейін қыл арқанды қалыңдап, көнтітіп тұрып ораған сол қан қолды жолбарыс қарбытып қауып алады. Жолбарыстың әдетте әдісі екеу болады екен. Оның бірі нені болса да аузын салғанда лақтыруы керек немесе шайнап езіп жіберуі керек. Бірақ ауызға кептелген қыл арқан мұның екеуіне де мүмкіндік бермейді. Қолқасына дейін барған қол ауызды не ашқызбайды, не жапқызбайды. Оның үстіне қыл арқанға тіс жөнді кір-мейді. Кірсе жуғарақпанда шықпайды. Жолбарыс не істерін білмей ыза болады. Әдетте ол аузын қайта тартып алғысы келмейді екен. Қайта тартып алмақ болғанмен арқанға нығыз кірген тіс енді одан әрі ауыз ашылмаған соң шықпайды. Сонымен ызақор жануар жанұшырып тұрғанда Келдібек айбалтамен қақ маңдайдан шауып жіберді. Жолбарыс құлап түседі. Осының бәрі бірнеше секундтың ішінде ғана болады.

Міне қорықпаған адамға жыртқыш жолбарыс та ештеме істей алмайды екен. Үй жона барғанда бір көр-генім мен естігенім осындай нәрселер еді, — деп бітірді Тосекең әңгімесін.

1958 жыл.

ҰРЫНЫҢ ЕНШІСІ

Әуе айналып жерге түскен июль айының бір жексенбі күні еді. Күн түскіліктен ауса да әлі де шаңқайып тұр. Көшеден асфальттың мүңсіген исі шығады. Ол ашық терезеден үйге жетеді. Қарт Алатау соншалықты бір адам айтып жеткізбейтін ерекше көрікпен Алматы үстіне үңіле түседі. Қаланың көшелері ми қайнатқан ыстықтан балбырап ұзын шынарлардың көлеңкесін тасалайды. Бар жан-жануар күн көзінің ыстығына шыдамай-тындай жар қабақтарды, үйлерді, ағаш саяларын қуалайды. Менің де енді ғана біраз дамылдауға төсекке беттеген шағым еді. Есік қоңырауы шылдыр ете түсті. Мен есікті аштым.

Есік алдында еңгезердей қара жігіт тұр. Көзіме ә де-геннен түскені бетіндегі тыртығы. Беттен тыртық көрсем-ақ көше бұзықтары есіме түседі. Бұрынырақта Қаске-леңдегі балалар үйінде беті тыртық Тайлақбай деген бұзық болып еді. Балаларды бір шыбықпен айдайтын. Тайлақбай осы жерде де ойыма орала кетті. Бұл жігіттің киімі жұпынылау. Көнетоз боз костюм бір кезде тәуір болғанға ұқсайды. Қазір жағасының қос қыртысы бүкте-ліп, ажымды беттей мыж-мыж болып қалған. Шалбардың қыры жоқ. Ол шамасы фабрикадан шыққаннан кейін сыну дегенді білмесе керек. Тізеге кептелген жері қалталанып шығып кетіпті. Бірақ тым былғаныш та емес. Сегіз шабулы боз кепкасын оң қолына қысып ұстап алыпты. Екінші қолында кенеппен тысталған кішкене қол чемоданы бар.

—Сіздің үйге кіруге бола ма?— деді ол маған тура қарамай.— Тура бір жыл іздедім сізді.

Өтірікшілердің сөзі осылай келеді деп тұрмын ішім-нен. Республиканың барлық бұрышынан маған бума-бума хат келіп жатады. Тіпті олардың шала сауаттылары толып жатыр. Бірақ сол күпшегі бұзылған ескі арбаның ізіндей жазулар да тауып келеді. Кейде жолдастар мені сұраған біреулерді туысқаным болмаса да шатасып үйге жіберіп қояды. Солардың бәрі табатын адресті бұл тепсе темір үзетін және осы заманғы көзі ашық жігіт қалай таба алмасын.

—Ұзақ іздеген екенсіз,— дедім күліп.

—Егер келеке етсеңіз ізімше қайтамын. Бірақ мына чемоданды осында тастаймын.

Онда кейін сіз мені іздей-тін боласыз және сіз мені өмір-бақи таба алмайсыз.

Осы әңгіменің шет-жағасына үй-іші, бала-шаға тегіс үңілісіп қалды. Есіктен біреу қараса-ақ балалардың қоса жүгіретін әдеті. Өйткені үлкен қаладағы бірін-бірі біл-мей-тін көршілерді балалар біледі, үйін, қай есік, қай пәтер екенін қатесіз айтып береді.

Сондықтан да адасқан біреу болса адрес айту үшін анталайды. Ал бұл келіп тұрған адасқан біреу емес, біздің үйді төте тауып келген адам.

Көзім оның қатулы қабағына түсті. Бет-жүзін шол-дым. Шынымен әңгімелесе алмай, осы үйге кіре алмай кетер ме екенмін деген ой оны тынышсыздандырып, бет-аузы құбылып, тықыршып кеткенін аңғардым. Ол қал-тасынан кір-кір, термен әбден илектеніп қалған орама-лын алып маңдайын сүртті.

—Мен сіздің қатал адам екеніңізді де білем, сонда да үйіңізге келіп тұрмын,— деді ол орамалын қалтасына салып.

Мен ойланып қалдым. Мүмкін шынымен жұмысы оңаша ғана айтуды керек ететін адам шығар. Өмірде адам баласы білмеген, біліп болмаған сыр көп қой.

—Кіріңіз!

Ол бір аттап үйге кірді де, аяғындағы көнеріп, ақ жұлықтанған, үлкендеу болғандықтан басы судан шық-қан қайықтай қайқайған ботинкасын тастады. Бір қызығы аяғындағы шұлығы ең соңғы өрнекпен жасалған, ине-жіптен жаңа. Жігіт төргі бөлмеге өтуге азырақ қорсын-ғандай тұрды да, баяу басып келіп шеттегі орындыққа отырды. Қалтасынан орамалын алып, тағы маңдайын сүртті. Сонан соң:

—Менің әңгімемді мүмкін болса бөлмеңіз. Өзіңізден басқа кісі естімесін,— деді ол маған ә дегеннен кесімді шарт қойып.

—Жарайды. Құп.— Ол түнеріп, қабағын тарс түйіп жерге қарап кетті.

—Мен ұрымын,— деп бастады ол сөзін, қайта басын көтеріп, маған тура қарап, қасын қақпастан.— Менің атым әзірге сіз үшін Айтыртық болады. Мына сол бетім-дегі тыртықты көріп отырсыз. Бұл табиғаттың менің бетіме әдейі басқан белгісі. Мен қарғыс атқан адаммын.

Бұл сөздерді естігенде зәре-құтым қалмады. Әйтсе де өзі тапа-тал түсте келсе, мені азды-көпті бір жыл іздеген болса, одан несіне қорқамын. Еш нәрсе білдірмеген болып отыра бердім. Ол тамағын кенеп, қайта сөйледі. Тамағын сәл кенеп, қоңыр даусымен сөзді бастап кетті.

—Мен қарғыс атқан адаммын,— деп қайталады ол. Қабағын шытып, бар бас терісін тас түйін етіп маң-дайына жинап алды.— Сізге өмірімнің бәрін айтпаймын. Уақытымды көп алады екен деп қорықпаңыз. Жеті класс бітірген соң кездейсоқ жүргендерге елігіп, ілесіп кеттім. Әке-шешем ерте өліпті. Қазір жиырма беске келдім. Соңғы он жылда істегенімнің бәрін айтсам түңіліп кете-сіз, сондықтан оны да айтпаймын. Бірақ өткен жылдан бері менің жолым болмады,— деп ол қатты күрсініп қой-ды. Мұның несін маған айтады екен деп біраз таңдансам да, майын тамызып, әдемі сөйлегеніне, әңгіме айта ала-тынына мән беріп, енді бөлмеуге, тегіс тыңдауға бел байладым.

—Нақ осы сіз туып-өскен қалаға өткен жылдың апрель айында жел аударған қаңбақтай бір соққаным бар. Соқа басынан басқа ештемесі жоқ, біреудің қолына қараған адам не оңушы еді. Кәсібім ұрлық болатын. Сон-дай бір, кімнен нені жұла қашсам екен деп жүрген кезім болатын. Сіз жалпы адамның мінез-құлқын, оның ішінде қазақтардың мінезін жақсы білетін адамсыз. Біз де өз тарапымыздан олардың хал-жайын, жай-күйін зерттеп білетіміз бар. Адамсыз адамның күні жоқ деген хал-қымыздың қағидасын білесіз ғой. Ортадан бөлек жүрсек те, біз ұрылар да адамсыз күніміз жоқ. Оларсыз тамақ іше алмаймыз, оларсыз киім кие алмаймыз. Сіз, әрине, іштей мені жеп қоя жаздап, жек көріп отырсыз. Оны сезіп отырмын. Солай болуы керек те. Үйіңізге келген соң қазақ пейілімен үндемейсіз. Оны да жақсы біліп отырмын. Дегенмен де мені сабырмен тыңдаңыз.

Содан тамақ таба алмай таңертеңнен аш бұралып келе жатқанмын. Көшенің арғы бетінен ауылдан келген бір еркек пен бір әйелді байқай қалдым. Олар әдетте қа-ла-ның тік бақайларындай емес, молдау, еренсіздеу ғой. Философиясын қара мынаның, деп кіжініп отырсыз ғой, олардың мол екенін, ондай-пұндайды есіне ала бермей-тінін, қысқасы олардың жанының кеңдігін сіз де жақсы білесіз. Кейде ұрылар олардың бірдеңесін ұрлап алып зар қақсатады. Сонда оларға жаны ашымайды деп ойлайсыз ба, тіпті де олай емес. Менің өз басым оларға қатты күйінемін. Бәрін ауылындағыдай ашып салады да жүреді. Сонан соң кейде қарның аш, киімнің жыртық кезде оңай олжаны ала қоясың. Әйтпесе біз де тамақты қиналып тапқанды ұнатамыз. Ондай қиыншылықпен алғанымыз сіңімді болады деп есептейміз. Ұры да арамдықпен істегенімен, арам да болса еңбек етеді деп Горькийдің айтқанын білетін шығарсыз. Шынында ол да өз қадарынша еңбек. Ұрлық істемей жан сақтау, ұрлық қылмай өмір сүру деген менің миыма кірмейтін нәрсе еді. Өйткені өзіңіз ойлаңызшы, бір нәрсеге машықтанған адамды қисық-қыңыр болса да, ол жолдан тайдыру қиын ғой. Мысалы шопанға шопан болу, қой бағудан оңай іс жоқ, ал комбайншыға егін орудан оңай жұмыс бар ма? Мәселен ғұлама дәрігер ғалымға, сіз жазатын кішкентай ғана фельетоннан, бір күн ішінде он кісінің соқыр ішегін кесу әлдеқайда оңай көрінеді. Осымды өтірік дей алмайсыз ғой.

Әрине менің айтқанымның бәрі дұрыс емес шығар. Бірақ олардың ішінде шындығы да бар. Міне сонымен маған ұрлық істеуден, қалта тілуден оңай нәрсе жоқ сияқты. Тіпті қарным тоқ, киімім бүтін болса да мен оны қоя алмаспын деймін. Сіз маған темекі тартуға рұқсат етіңізші,— деді ол менің бетіме тура қарап. Қалтасынан ең арзан шылым —«Арқар» шықты. Оның бірін алып тұтатып, түгінді үстін-үстіне сорып-сорып жіберді де, құмары қанғандай, ішке тартқан түгінді ішіндегі қапасын шығарып жатқандай қайта будақтатты.

Содан жаңағы екеуінің жанына жақындасам, ал-дында тағы бір әйел кетіп барады. Ол қалаша киінген. Бірақ тым мәдениетті емес, ол да қалаға жаңа келіп тұрған адамға ұқсайды. Жанасыңқырап келіп әңгімелерінің түрін байқадым. Ауылдан келген әйел піскен бауырсақтай қып-қызыл, екі ұрты салбыраңқы, беті қалыңдау адам екен. Оның күйеуі сып-сыпа, қарны шықпаған, орта жасқа келе қоймаған, жауырыны қақпақтай адам. Ал олардың қапшығы алдыңғы қала әйелінің қолында сияқты. Кейде қаладағы туысқандары ауылдан келгендеріне пысықситын, олардың көшені білмегенін келекелейтін жаман әдеттері болады. Оларға менің өзімнің тіпті жаман жыным келеді. Сонда бар өнерімді соған салуға тырысамын. Өнерің ұрлық болса, керемет екенсің деп отырсыз ғой. Егер маған тағдыр өнерді ұрлық етіп жазса, онда мен оған кінәлімін бе?

Сонымен әлгі үшеуінің біраз сөзін тыңдап бара жат-тым. Ауылдан келгендердің екі ұлы бар екен. Өздері бүгін қалаға қонышты. Балаларына киім-кешек алмақ. Байқауымша қаладағы әйел анау әйелге мәтібилеу сияқты. Өктем-өктем сөйлейді. Демек олай болса, ақша қала әйелінде болады деп түйдім де, жандарын сипай адымдап, алдарын кесіп өттім.

—Атаңның басын аларсың, — деді алдыңғы әйел мені танығандай. Жалт қарап едім, ол тура маған қараған сияқтанды. Оларға өзімді ұмыттырыңқырап жіберіп, көк базардың қайнаған ішіне кіргенде, сыртынан бақылап жүріп тауып алдым. Көк базарда өңкей кішкентай көк дүкендер тізіліп тұрады. Ауылдан келгендер көбіне осы жерде болатындықтан барлық дүкен мұнда өз өкілдерін ұстайды. Екі әйел келіп резина товарларын сататын кішкентай дүкенге кезекке килікті. Олар алдына таман жақындағанда мен де әркіммен жағаласа сүйкене-сүйене жеттім-ау. Қала әйелі әлгі қолындағы қара қапшықтың бауын иығына асып алған. Қапшықтың ақша тұратын негізгі бүйірін тура әйелдің қолының қары басып тұр. Не де болса нақ сол жерде жатырсың ғой деп нобайлаймын. Қат-қат жатқан көк ала қағаздар көз алдымнан елестеп-елестеп кетеді. Шіркін, қолға бір тисе ғой.

Кезектің алдына келдім. Жаңағы екі әйел қатар тұр. Артынан кимелей мен де тұрдым. Нақ осы бір сәтте маған ұқсас біреу кезекке кимелей кетті. Екеуміз көзбен ұғыстық. «Іздеп жүрсің бе» деді ол. «Ия, өзіміз» дедім мен. Қысқа кайырыстық. Алдыңғы әйел алдына алысы-раққа қойған балалар ботигін алуға ұмтылып, қомпаң етіп қолын соза берді. Міне, қағып кететін сәт осы. Қо-лымдағы ұстараның қылпып тұрған майысқақ жүзімен тартып жіберіп, кірпік қаққанша ішіндегі ақшаның бә-рін қағып әкеттім. Оң қолымның сұқ саусағы удай ашып барады. Шаруаны бітірген соң «ал сендер-ақ алыңдаршы» деп кезектен шығып, ашуланған болып, еңкелектеп жүріп кеттім. Дүкенді айнала беріп, зытып берейін. Бүйтіп көрген күнің құрысын деп отырсыз ғой. Оныңыз рас. Бүйтіп көрген күні құрысын. Ондай кезде жаның тырнағыңның ұшында тұрады. Әлгі кезек алдында сап ете түскен бауырым бірге зытып келеді. Үлкен олжаға ортақтаспақ. «Қанша екен?» дейді. Мен оларға сенбей-мін. Өйткені ондайлардан аузымның күйгені бар. Сондықтан бәрін жалғыз істеймін. Кейде, ондай қосам-жарлап жүргендер әдейі жүрген милиция қызметкері болады. Сондықтан «әне қуып келеді» деп былай шыға жүгіріп жөнелдім.

Екі-үш көше айналып, әлгі өзімдей сұңғытқа қарамды көрсетпей ұзап кеттім. Қала әйеліне ерегісемін деп, ауыл әйелін құртып кеттім-ау деп іштей елжіреп те келемін. Сіз мені сөкпеңіз, ұрының да жүрегі бар. Ол да адам баласының басына кездескен тағдырға ортақтасады. Бірақ оларға тағдырды қолдан жасағаны есінен шығып кетеді. Сонысы болмаса оларда кәдімгідей адамша аяушылық білдіреді. «Ұрыға құдай жоқ» деген қазақ мәтелін мен өзім ұнатпаймын.

Сөйтіп сол жүгіргеннен тура вокзалға дейін жүгірдім. Артымнан қуған ешкім болмаса да, аттандаған ешкімді көрмесем де қарамды үздіріп кетіп, көп ақшаға жалғыз келмек болдым. Вокзалдың арғы жағына өтіп, қаптаған қалың вагондардың арасына кіріп кеттім. Енді байқаймын, оңашарған сияқтымын. Қойынға тыққан ақшаны суырып қолыма алдым. Неге екенін қайдам жүрегім аттай тулап қоя берді.

Әйтеуір жақсылық болса жарар еді. Кім біледі, кенелдім бе деп кекірейіп отырғанда біреу кеңірдегімді суырып аламын деп бас сала ма қайдам. Әйтеуір жүрегімнің жаман хабарды осылай беретін әдеті еді. Жан- жағыма қарадым. Түскі әлетте мен сияқты қаңғыбас сорлыдан басқа кім болушы еді. Қыбыр еткен жан жоқ. Тек аңда-саңда көшелерден өткен трамвайдың қоңырау даусы ғана келіп тұр. Темір жол басы тып-тын- ныш. Әуелі тызылдаған саусағыма қарадым. Сөйтсем ұстара өз қолымды да кескен екен. Сіз білмейтін шығарсыз, қалта тілетіндердің оң қолы дәкемен ораулы болады. Оның себебі аңқаулар қолы ауру деп ә дегенде жабыса алмайды. Екіншіден қылпып тұрған ұстараны жалаңаш қолмен ұстағаннан дәкемен ұстаған тәуір. Дәке сырғып кетіп, ұстара саусағымды тіліп түсіпті. Қолымды таңдым.

Қолымдағы ораулы ақшаның сыртқы газетін жаза бастадым. Газетте бір космонавтың суреті бар екен. Көзі тесірейіп маған өршелене қарап қалыпты. «Мен аспан әлемін шар- лап жүрмін. Ал сен арамтамақ біреудің табан ет, маңдай терімен, адал еңбегімен та- пқан ақшасын ұрлайсың. Ұятың қайда, қып-қызыл жігітсің» деп тұрғандай. Төрт бүк- телген газетті теуіп жіберіп, алысқа түсірдім. Бірақ космонавтың өткір көзі өңбенімнен өтіп барады. Орнымнан атып тұрып, жүгіріп барып газетті төңкеріп тастадым. Көңілім жай тапқан сияқтанды. Ақшаның сыртын ораған газетті ақырын алдым. Жүрегім су ете түсті. Тағы тулап жүріп берді. Өйткені ішінен көрінгені ақша емес, тағы газет. Ендігі газетті тез аштым. Лақтырып жібердім. Ішінен тағы газет көрінді. Ерінімді қатты ті- степ тастағанымды кейін білдім. Аша бердім. Ашқан сайын газет шығады. Мен жүй- кемді жеп, қолым-қолыма тимей ашуланып тез-тез аштым. Әлі газет, әлі газет. Ақыры соңындағы газеттің ішінен үміткер едім. Ол да зая кетті. Тартылып біткен бір шылым- ның түбі ғана шықты. Ырым етіп аузыма апарып едім, ерніме ілінбеді. Тартарың тау- сылып бітті деп тұрғандай. Газетті жерге былш дегізіп бір қойдым. Қайдан газет мен өш алатындай былш ете түсуші еді, жеп-жеңіл. Шамадан тыс зор парашютпен түскен ұшқыштай оп-оңай жерге қона қалды да менің жұлынғалы тұрған жүйкемде жұмысы не, көп макулатураның біріне айналып, апрельдің ызғын желіне бір шеті көтеріле түсіп, желпілдеп жатты.

Қалшылдап апрельдің жылы күнінде тоңғандай болдым. «Түпу, иттің баласы!» деп дауысымды шығара жерге бір түкіргенімді өзім де артынан сездім. Қазақта ішінен ойлаған нәрсесін сыртына естірте айту әдеті бола бермейді. Ондайларды қазекем жыңды деп есептейтінін сіз де білесіз. Ал көшеде ашуланып сөйлеп бара жатқандар- ды көріп көп күлгенім бар. Сонда мұндай ойын бұрқыратып сыртқа шығармауы біздің халқымыздың қасиетінің бірі деп қатты қадірлейтінмін. Енді міне, менің де нақ сол бір сөйлеп бара жатқанын білмейтіндер сияқты даусым шығып кетті. Масқара емес пе, бұл. Ал сонша еңбектенген нәрсенің ішінде ақша болмай бос болуы, ақша бар деп екі- үш километр жерді арам тер болып босқа жүгіру— бұл жыңдандырмай қояр ма, сірә? Нақ осы жерде қарным да ашып жүріп берді. Ішектерім де біз бос қалдық дегендей шұрылдап барады. Жылап жібере жаздадым. Не істерімді білмей қатты састым. Сіз білесіз бе, осындай сәтте мидың ерекше тез істейтін қасиеті бар. Миымның бір талшығы аян берді білем, бұл жер қауіпті ғой деген күдік ойыма сап ете қалды. Шы- нында мына қаптаған вагон арасында не қылып жүр демес пе? Тек мына вагондардан бірдеме жымқыра кеткісі келгендер ғана менше сағалып жүрсе керек-ті. Сонан соң бұл жерде қарауыл милиция қызметкерлері қаптап жүреді. Біреу «азамат документіңізді көрсетіңіз!» десе мұштай болмаймын ба? Зытып кеттім. Былай шыға бере ойыма әл- дене түсе қалды. Бағанағы қала әйелі «атаңның басын аларсың» деп маған айтқан екен ғой деген ой басыма орнап алсын. Шынымен-ақ мені алматылықтар танып қалғаны ма? Мүмкін. Сол сәтте 1-Алматыға жөнелдім. «Бір айналдырғанды шыр айналдыра- ды» дегендей қырсық бір айналдырса біріне бірі қабаттаса береді. Жортқанға жөргем ілінбей жүргенде тағы бір тосын пәле киіп кетпей тұрып бұл жерден жоғалмақ болдым. Қызыл ит қыңырт кеткенде тұрақ өзгерту кей елдің салтында бар. Қырсықты адасты- рмақ болдым. Келе-ақ аштығыма қарамай, бір товарлы поездың тормозына жармасып кеттім.

Ұрлықтың ақшасын, табысын ұстағанда жақсы-ау. Табыс дегенге күлмей-ақ қойыңыз. Ол біз үшін шынында табыс қой. Бірақ мәңгі артыңнан біреу қарап тұрған сияқты. Міне бұл жолы да мені бүкіл Алматы халқы іздеп жүргендей көрініп, үрей жайлап барады. Бүйтіп көрген күн құрысын. Бір адамның бетіне тура қарап сөйлей алмайсың. Бала да, шаға да сені ұстап берейін деп тұрғандай, жан-жағыңның бәрі анталаған жау сияқты. Содан ұзын сөздің қысқасы Жамбыл қаласынан бір-ақ шықтым. Бір айдан аса уақыт сонда өлместің, былайша айтқанда бұралқы иттің күнін көріп жүрдім. — Нақ осы бір кезде есіктен әйелім басын сұғып, «шай әкелейін бе?» деді маған.

— Мен біржола бігірейін, мұрсат беріңіз. Шайды ішерсіз. — Айтыртық менен жауап болғанша маңдайын оң қолымен сүйеп төмен қарап, тесіліп қалды.

— Жарайды, өзім айтармын, — дедім әйеліме. Айтыртық жөткерініп алып, ұзын сонарлы әңгімесіне қайта басты.

— Сонымен Жамбыл қаласында жүріп жаттым. — Бұл маған шошырлық болып естілді. Жамбыл қаласында дейді, э. Япырай! Абыржыңқырап қалдым. Бірақ білгізбеуге тырыстым.

— Біліп отырсыз ғой, бұл былтырғы жылғы май айы еді. Одан бері міне, бір жылдан аса уақыт өтті.

— 13 май?! — дедім мен жұлып алғандай ашуым да келіп кетті. Айтыртық бұл жолы менің қобалжығанымға көңіл аударған жоқ. Солған сәбіздей сазарып өз әңгімесін соза түсті. Мен енді үндемеуге бекіндім.

— Иә, 13 май күні алпыс бесінші жылы тағы құдай екен не береді деп Жамбылдың вокзалына келдім. Құдай дегенімнің де жөні бар. Біз құдайға да кейде жалбарынып алатынымыз жоқ емес. «Қашқан да құдай дейді, қуған да құдай дейді» демей ме?! Ұры дегеннің өзі қайдан не түседі деген қасқыр сияқты ғой. Қасқыр да табиғатында ұры мақлұқ. Ол қырға шығып алып ұлиды екен дегенді естіген боларсыз. Сонда ол «жеті күн жерден бер, жеті күн елден бер» деп құдайдан тілеу тілейді екен демей ме. Біз де сол дала тағысы сияқтымыз. Айырмамыз аз. Ол дала ұрысы, біз қала ұрысы. Одан артықтығымыз тіліміз, адамша ойлай алатындығымыз. Ал ол құдайдан екі бірдей жағынан сұрайды екен. Ол бізден артықтығы. Неліктен дейсіз ғой. Өйткені ол «жеті күн жердей» деп тілегенде жерден қағатын тышқан, сарышұнақ, тағы басқаларын айтса керек. Ал «жеті күн елден» дегені жұрттың малын ұрлауы. Сонда қасқыр екеш қасқырдың да ырзық терер өрісі бізден гөрі кеңдеу болды ғой.

Вокзал басында біраз қаңғып жүрдім. Бір кездері Алматы — Москва жүрдек поезы келді. Одан көп адам түсті. Мен поезд вагондарына кірмек едім, оның ыңғайы келмеді. Сонан вокзал сыртына шықтым. Таңертеңгілік абыр-сабыр кез. Жаңбыр жауып өтіп ауаны тазартып кеткен. Таза ауаны сіздер тілейсіздер. Ал ұрыға күннің жарығынан түннің қараңғысы жақсы, күннің ашығынан боранды, тұмандысы жақсы. Біз де әдемі күнді, таза ауаны қалаймыз. Бірақ ол біздің кәсібімізге жарамсыз. Сондықтан күннің ашылып кеткені көңіліме ұнамай тұр еді.

Нақ осы кезде бірсыпыра адам поездан түсіп вокзалдың сыртына шықты. Есік алдындағы асфальтта тұрған бес-алты ғана жеңіл такси болатын. Шынын айтқанда біз ол таксилермен өшпіз. Өйткені олар жолаушыларды біздің қолымызға түсірмей алып жөнеледі. Бірақ әйтеуір ол әзір көп емес. Сонымен ол таксилерге қанша адам сыйсын, біразы кетті де, екі адам қалып қойды. Оның бірі қолында торы, онда екі батоны бар, киімі жұпыны, өзі бойы аласа адам. Көзге қораштау. Жаныңдағы адам бет-жүзі оқыған, зиялы адамға ұқсайды. Құбалау жігіт. Бірақ оның да киімі тым әдемі емес. Үстінде сары сұр жұқа сулығы бар, оның күлапарасы арқасында жатыр. Қызыл жіп атқан, мыжылмайтын, сары-қоңыр болгарлық костюмі бар. Басында болгар матасынан тігілген сары-қоңыр бұжыр кепка. Ал қолындағы кішкене былғары чемодан іші толы болуы керек, оң қолы зорға көтеріп тұр. Нақ осы чемодан менің көкейімді тесіп барады. Санаммен сартша байып ішіндегі қалаға барған соң кие-тін асыл киімдерді олжала-сам бір жыл киім іздемес едім деп қоямын.

Онын ішінде жатқан мойылдай қара костюм, қатырма жағалы ақ көйлек, түлкі тұмсық қара ботинка менің үстімде тұрғандай сезіндім.

Ол жігіт маған қой көздерімен ата бір қарады. Менің соңғы сәнмен тігілген әдемі костюмім оның көзін алдай алмады. Ол менің не ұры, не тентек екенімді сезе қойды. Жанындағы адам екеуі таныс па екен деп сөздерін байқап едім, ондайы сезілмеді. Ендеше құдай берді. Бірақ сезіп қалғаны қиын болды. Қазақта «аңдушыны алушы жеңіпті» деген мәтел бар, оны білетін шығарсыз. Ақыры ол менің ұры екенімді сезгенімен мен оны жеңдім.

Таксиге іліне алмаған екеу автобусқа келді. Автобуста адам онша көп емес еді. Әлгі кісі екі кісілік орындыққа жалғыз отырды. Мен оның артындағы орындыққа жайғастым. Былғары чемоданды өзімен қатар түкпір жағына қойды. Бірақ ол отырған орындықтың артқы көпшігі жоқ еді, ол оған мән бермеді. Мен оны әдейі нақ сол жерге отырғызу үшін кимелей барып, соның артындағы орындықты басып алғанмын. Екі аялдама өтіп, қала ортасына жақындағанда автобусқа адам лық толды. Жаңағы кісінің жанына бір жуан сары әйел отыруға ыңғайланды. Жігіт оған ығысып орын бермек болды. Бұл кезде мен басқаларға білдірмес үшін еңкейе беріп орындықтың артынан былғары чемоданды суырып алып та қойдым. «Ойбай өтіп кетіпшің» деп автобустан түсіп жөнелдім. Қолымда кетіп бара жатқан чемоданның кішкентай болғанымен ауырлығына қуандым.

Сіз енді әңгіменің қайда жылыстап соғарын біліп отырсыз деп шамалаймын. Бірақ шыдап арғы жағын тыңдаңыз.

Сол күні мен Жамбыл қаласынан шығып Байқадам селосына қарай жол тарттым. Оған бармай жолда Аса өзеніне түсіп қалдым. Майдың тамылжыған күні қыздырып барды. Бұл тақыр өзеннің жағасынан бойлап жүре-жүре жалғыз өскен бір оңаша селдір ешкіталды зорға таптым. Соның көлеңкесіне келіп отырдым. Екі қалтамдағы жарты-жартыдан бөлініп салынған батонның бір жартысын құр суға матырып, қарпып-қарпып жедім. Сонан соң айдалада Айтыртық батыр олжасына қарық болып батпақ еді. Чемоданның аузы кілтсіз екен. Оған ішімді бір жиып қалдым. Ашсаң аш, саған жарар мұнда ештеме жоқ дегендей оның аузы бос тұр. Ашып жібердім. Өңкей қағаз, кітап. Ауырлатып тұрған солар болып шықты. «Жоны қашқан итке дайрақ табылмас» дегенді білетін боларсыз. Мен бұл жолы шын жылап жібердім. Бұл менің өмірімде бірінші рет жылауым еді. Қанша таяқ жеп, қанша төбелесіп, қанша қиыншылық көріп жүргенде бір тамшы жас шықпайтын көзден жас парлады-ай келіп. Неге дейсіз ғой. Қайта-қайта ұрланған ыдыстың бос болуы ұрыларда жаман ырым. Алматыда болғаны анау — құр қағаз ұрладым. Қолға түссем сол үшін-ақ мені соттап жіберер еді. Енді міне тағы да түк жоқ. Демек бұл ұры қолын ит жалағаны — ебі кеткені. Ендеше бұдан былай не істейтінімді ойлауым керек. Чемоданды лақтырып жібердім. Е, оның маған не керекі бар? Итке темір не керек дегендей жан сақтай алмай жүрген менің қалың-қалың кітаптар не теңім. Көпке дейін Асаның әлсіз ағысына кеңкііп құр қарап отырдым. Әлден уақытта чемоданның жанына қайта келдім. Осы чемодан маған ыстық көрінді. Мен оған аз да болса (арам болса да) еңбек сіңірдім ғой. Чемоданды қолыма алып қарай берейін десем арасында қолжазба дәптерлер көрінеді. Кітаптар өзіне басқа. Дәптердің бір-екі бетін ашып оқып едім, әншейін балалық шалалықты жазған күнделік екен. Күнделік болған соң бұл кімдікі екенін білгім келеді. Аты жоқ. Оны басынан түсіп алып тұрып оқыдым. Біреудің кеудесіндегі сырын білгеннен қызық бар ма? Бас алмадым. Екі дәптерін бітіргенімде күн батты. Әртүрлі адамдардың аттары бар. Бірақ дәптердің бір жерінде ат-жөн, пәлендікі деген сөз кездеспейді. Не істерімді білмедім. Ымырт жабылып қас қарайғанша тағы бір дәптерін оқыдым. Онда бір қызық жай кездестірдім. Мен сықылды бір ұрының қалтаға қалай түсетіні, қалай ұрлайтыны, тек жүрген адамдарға қалай тиісетіні туралы жазылған екен. Соншалықты қызыға оқыдым. Бірақ ұры жайынан әлі кейбір нәрселерді білмейтінін де аңғардым. Енді осы жазылғанның бәрін не де болса оқымай қалаға қайтпауға бекіндім.

Бірақ ашпын. Жалғыз батонды жеп бітіргенмін. Сон-дықтан чемоданды осы жерге қалдырып үлкен қара жолдың бойына шықтым. Машиналар анда-санда болса да өтіп жатыр. Ойым бір-ер күндік нан сұрап алу. Екі «волга» тоқтамай зуылдап өтті. Осындай апақ-сапақта кім басына пәле тілесін. Ұры-қары деп ойлауы да ықтимал. Әлден уақытта үлкен жүк машинасы ыңыранып келіп тоқтады. Шофері зор орыс жігіті екен. —Қайда бармақ едің? — деді ол гүрілдей сөйлеп.

—Ешқайда да. Нан сұрайын деп едім.

Шофер одырая таңданып қарады. Жақын арада ел жоқ. Малды ауыл да көрінбейді. Сонда бұл қашып жүрген адам шығар дегендей басымнан аяғыма дейін қарап өтті.

Ақыры кабинасына қайта басын сұғып, үлкен бір булка қара нан берді.

Рахмет! — дедім мен. Ол «саулығыңа же» деп жүріп кетті.

Мен ол күні далаға ұйықтадым. Ай далада өзім сы-қылды ұрының — дала ұрысының ұлығанын естідім. Мүмкін оны білмей ұйықтап-ақ қалар едім, жаурап жиде қағып шықтым. Ерте шығатын май күні көтеріле бере, Аса өзенінің батыс жақ жарлауыт қабағына отырып, күнделікті оқи бастадым. Бұдан кейін бірнеше қол жазба әңгімелер бар екен. Оларды да оқыдым. «Ынжық» деген әңгіменің аяғы жоқ болып шықты. Бірде бірінде фамилия, ат жоқ. Енді мен адам баласына үлкен қиянат жасағанымды есіме алдым. Мен өмірімде өз атымнан екі жол жазу жазған адам емеспін. Соған қарағанда жазу өнерінің қиын екенін нобайлаймын. Менің ойымда қалғаны — «оқу инемен құдық қазғандай» деген сөз. Қиын болмаса бұл неге айтылсын деймін.

Сіз білесіз бе, менің сол күнгі өзімді өзімнің жеп қоя жаздағанымды ешқашан айтып жеткізе алмас едім. Адам болып дүниеге келген жанның хайуанға айналуы қандай аянышты. Сол жерде, елсізде өзімді өзім өлтіргім де келді. Шынын айтқанда ол кезде өз жанымды қия алмадым. Ал, мысалы, бүгін маған өмір онша қымбат емес сияқты. Осылай менше көз түрткі болып, ит көзі түтін танымас өмір сүргенше, адамдық өмірді хайуандықпен өткізгенше өлген жақсы емес пе? Әрине өлім деген сөзімді сіздің жақтырмайтыныңызды білемін. Сонда да шынымды айтып отырмын.

Ия, айтқандай чемоданның ішіндегі нәрселерді тегіс айтпаппын. Белинскийдің (үш томдық) жуан-жуан үш томы, күнделік дәптердің 1938 жылғы 15 апрелінен 1948 жылдың июнь айына дейінгі бөлегі. «Жаудың сарқыты» деген повестің нобайы түсірілген блокнот. Ұсақ-ұсақ қолжазба әңгімелер. Олар бірнешеу. Екі-үш фельетон бар. Бір майка, бір ішкіім. Тіс тазартатын щетка, иіс сабын, әтір. Бар болғаны осы. Әңгіменің, фельетонның сол елсізде бәрін оқыдым. Бұл басқа біреуге күлкі болып та көрінер. Бірақ елсізде жалғыз оқыған әңгімелер, сықақтар маған қатты әсер етті. Енді мені дүние, ұрлық қызықтыруды қойды. Тек осы чемоданның иесін тапқым келді. Не істеу керек?

Мен мейлі сеніңіз, мейлі сенбеңіз сол күннен бері ұрлық істегенім жоқ. Болар-болмас ақшасы бар деп бір чемоданды ұрлап, ішінде маған бір тиынға керексіз, бірақ түбінде халық мүлкіне айналатын нәрсені иесінің қолынан жырып әкеткеніме қатты өкіндім. Өкінгенде амал нешік. Ол мен сияқты шала сауат адамның қолында бір топ қағаз ғана. Дегенмен енді иесін белсеніпіздемек болдым.

Бір мекемеге, не кәсіпорынға, шаруашылыққа кіріп жұмыс істеуге бір жапырақ қағазым жоқ. Мен сияқты-лардың жексұрын — арамтамақ ат алғанын да білемін.

Ондайларды Бақанасқа жібереді дегенді де естігенмін. Ол Бақанаста мен үшін онша қауіпті жер емес екен. Оны да бір кезек шолып сүзіп өттім.

Ақыры соңғы бір жыл ішінде қайда болдың дейсіз ғой. Талас өзенінің аяғы бөлініп-бөлініп ағысын баяулатады. Кәрі Талас Алатаудан тасқындап келіп, осы бір далаңқы төңіректе тоқтау су сияқтанып ойдым-ойдым болып қалады. Сол жерде атақты Талас қаракөл қой совхозы бар. Мен сол төңіректегі етек-жеңі мол қазақтардың арасында жүрдім. Бір жылдың жартысын әркімнің қызметін істеп, біреудің қойын қайырып, біреудің отынын жарып, біреудің суын әкеліп дегендей түрлі іс атқардым. Адал істедім. Сол кезде қай күні қайда жүрсем де былғары чемодан қолымда.

Оны кейбіреулер мен құсап іші толған ақша шығар деп те жорамалдады. Бірақ кезі келген жерде жоқтан өзгені сылтауратып мен оның іші толған ешкімге керексіз қағаз екенін көрсетіп қалып отырдым. Әйтпесе бір Айтыртық қолтығына қысып кетсе, ендігі өміріме арқау еткен чемоданнан айрылып қалмаймын ба?!

Бір күні қоныс өзгертіп, Талас мойнындағы совхоздың тағы бірінің алыстағы бөлімшесіне келдім. Оның қай совхоз екенін сізге айтуымның керегі болмайды. Тентек қашанда тентектің тілін біледі. Ферма басқарушысының баласы маған үйір болды. Екеуміз бірнеше күн бірге жүрдік. Бұл кезде февраль болып, қар кете бастады. Қар астынан көк көрініп, жер бусанып, жіпсіп жатты. Өлмеген, тіршілігі бар адамға тағы жаз шеті көрініп келеді. Тек жібімейтін, мейірленбейтін мен ғана екенімді, қуанбайтын мен ғана екенімді осы жерде еске алдым. Күйініп кеттім. Күйгенде, өртенгенде не істемекпін. Басында бір бұзылған өмірді түзету оңай болмайды екен. Сізге мұның біразын әдейі айтып отырмын. Өйткені басыңыздан жарым-жартылай болса да жетімдікті кешірген адамсыз. Оларды сіз түсінуіңіз керек.

Ферма басқарушысының тентегі кез-келген шофердің машинасына отырып жүргізе береді. Оны шоферлар еркелетеді. Бір күні кеш алдында ол бір машинаның рулінде отыр екен. «Сені басайын ба?» демесі бар ма әлгі есіріктің. Мен қай оңып тұрған адам, «басып көр» дедім. Ол машинаны жүргізіп келіп жіберді. Мен бұлт ете түстім. Әйткенмен машина мені қағып кетті. Етпетімнен құлады. Жұрт жиналып қалды. Көзімді ашып чемоданымды іздедім. Оны біреу алып берді. Қайта құлап түстім. Тіл-ауызды қойдым. Сұлық жатырмын.

Машина тез даяр болды. Мені аудан орталығына әкетіп барады. Көзімді ашып «Жамбылға, танысым, докторым бар» деп бөліп-бөліп айтып, қайта құлап түстім. Төрт сағат бойы ыңыранып жүк машинасының қорабында жатырмын. Басымда тентектің өзі отыр, Аяғымда тағы біреу.

Жамбыл қаласындағы үлкен аурухананың біріне әкелді. Шекемдегі болар болмас шыққан қанды аналардың көзін ала беріп бет-аузымның бәріне жақтым. Оным әйтеуір аурухана алсын дегенім. Мені тез қабылдады жақсылығының бірі емнің тегіндігі ғой деп ойлаймын. Әкелгендер менің оларға таныс-қандағы фамилиямды айтып жаздырты. Чемоданымды да өткізгенін біліп жатырмын. Үш күннен соң есімді жиған болдым. Міне, нақ осы ауруханада жатып чемоданның иесін іздедім.

Әуелгі бір ай ішінде «Жұлдыз» журналының бес жылдық номерін тегіс оқып шықтым. Одан «Ара» журналын қарадым. Сондағы іздеп жатқан әңгімем «Ынжық». Оны іздеуімнің мәнісі мынада. Мендегі әңгіме білгіштердің айтуына қарағанда екінші дана. Сондықтан ол газет-журналдың бірінде басылуы тиіс. Ауруханада «емделген» бес ай ішінде (онда тіл-аузым жоқ, мылқау болатынымын) екі жүздей кітап, Қазақстан журналдарын қоймай бәрін оқыдым. Ақыры «Ынжықты» таптым. «Мәдениет және тұрмыс» журналының бұрнағы жылғы бір номерінде екен. «Таптым» деп бар дауысыммен айғайлап жібердім. «Таптым, таптым!» Дәрігерлер, сестралар жүгірісіп, мына жігіттің тілі шықты десіп шуласты. Жиырмадан жасы жаңа асқан адамның мылқау болып қалғанын кім қаласын. Оны тіпті ойлап отырсам, адам баласының басына бермесін дейтін нәрсе екен.

Мен тұңғыш рет адамның адамға деген қамқорлығын осы ауруханада көрдім. Осы ауруханада бірталай білім алдым. Бір жаман жері бір айлық аурумен ауруханада бес ай жаттым. Мұның да мемлекетті алдау, қылмыс екенін білемін. Алайда бұл жолы мен жақсы үмітпен, арам пиғылдан арылу үшін қылмыс істедім. Бұл жолы арамдық уын езген құрттай рахаттанып іштім, ішкенде келешекте оның тамшысын татпау үшін іштім, Мен мұны өзіме айып көрмеймін. Өзін өзі жұбатты деп ойламаңыз. Имандай сырым осы. Мүмкін бұл менің істеген соңғы қылмысым шығар. Менде әлі де үміттің оты бар. Ол өшкен жоқ. Сол мені осында жетелеп келді. Адам өмірбақи үмітпен өмір сүреді. Мен ұрлық істеп, тентіреп жүргенде үмітті едім.

Ол үмітім арам пиғылды, қатікездіктің қаныпезерліктің үміті болатын. Адамшылықтың жылт етер үміті болса, ол менде енді тұтанды, енді ғана шоқтанды. Енді оны бір уәлі ауыз тамызық салып үрлеп, жағып жіберсе, бәрі де орнына келеді. — Осы жерге келгенде ол сөзінің аяғын тығылып айта алмай, булығып, жылап жіберді. Екі-үш рет өксіп-өксіп алды. Мен тіпті есеңгіреп қалған сияқтымын. Не істерімді білмей ойланып, ойланып емес-ау, ештеме есіме түспей меңірейіп қалдым. Айтыртық желкесі өсіңкіреп кеткен, көзіне түскен қап-қара қайратты шашын сілкіп артына қайырып тастады. Көзінің жасын бұл жолы орамалмен емес, жеңімен құрғатты. Ол бір-ер минут үнсіз тығылып қалды. Сөзін қайта жалғастыру оған қиын болып отырғанын байқадым. Ол көптен ішін кернеп, ащы шындықты жалқаяқтай сыртқа ақтарып тастағанына жеңілденіп, арқасындағы батпан мойнынан түсіп қал-ғандай кеудесін көтеріңкіреп отырды. Мен үндей қоймаған соң осма жағып әдейі кергендей әдемі қара қасын қабағымен бір көтеріп қойып, қайта сөзге ойысты.

— Мен адам қамқорлығын, — деп бастады Айтыр-тық, — ауруханадан көрдім. Одан бұрын адамның адамға жаны осынша ашитын бауырмалдығын білмеуші едім. Әркімнің есігінде өскен менің көргенім босаға, естігенім «иттің күшігі». Бұдан кейін менен қандай адамгершілік күтесіз. Чемодан иесін журналдан көрген соң-ақ сол күні кетпек едім, дәрігерлер бес-алты күн бойы жібермеді, қайта енді бұрынғыдан жақсы күтті. Ақыры қайда бара-тынымды сұрап, жолыма билет алып берді. Сол соңғы бес-алты күн тіпті жақсы өтті. Маған біреу «Социалистік Қазақстан» газетінің тігіндісін әкеліп берді. Онда мен іздеген әңгіменің авторы жиі басылып тұрады екен... Енді маған оны табудың ауырмалдығы жоғын шамалаған шығарсыз. Кететін күні маған науқас адамдар ешкімім жоқ екенін білген соң ақша жинап берді. Сол қаражатпен осында жеттім. Білесіз ғой, мейманхана қабылдамайды. Өйткені оған да документ керек. Сондықтан үш күннің ақысын төлеп, біреудің үйіне қондым. «Жаман бірін айтамы деп бәрін айтады». Менің сізге бүгіп қалған ештемем жоқ. Тегіс айтып келемін. Соңғы үш сомға жаңа кісі үйіне барғанда ұят болар деп шұлық сатып кідім...

Ия, чемодан сол қалпында. Қысылып қалған кезімде Белинскийдің үш томын сатып екі күн тамақ іштім. Ұрлықты қойған соң күн көруім қиындау болды. Ең керегі — повестің нобайы жазылған блокнот болар, ол сол баз қалпында. Бір кешірілмес күнә болды. Күнделіктің 1938 жылдан 1945 жылдың апреліне дейінгісін жылымға кетіріп алдым. Қыс күнінде егер сенсеңіз, үш күн ұйықтамай мұзды суға түсіп іздедім. Табылмады. Осындай белгілі бейбақ болсын деп табиғат іштен туа тыртық таңба басқан ғой маған. — Айтыртық тағы да мұңайып қалды. Әңгіме түгесіліп келе жатқандықтан мен де ойындағысын айтсын деп үндемей отырдым. Сәл үзілістен соң ол басын көтеріп қатайып алды да, қайта сөйлеп кетті:

— Сіз туралы маған ешкімнің мақтауы, жамандауы керек емес. Сізді тіпті тәуір білетін сияқтымын. «Алдына келсе атаңның құнын кеш» деген мақалды мен шығарған жоқпын. Мен сізден кешірім тілеймін. Сіздің де бала-шағаңыз бар, мен сияқты ит өмірмен күн кешпей өссін. Көріп отырсыз, менің бір кісідей қайратым бар, денім сау, басқа жағын бағанадан бергі екі сағат ішінде сынаған боларсыз. Сіздің алдыңызға келген мен ғана емес екенімді білемін. Маған адал еңбек етуге көмектесіңіз. Адам атын былғамау үшін бақытымды енді еңбегімнен күтейін. Егер сене алсаңыз сеніңіз. Ұятқа қалдырмаймын. Осында әкелген соңғы үміт. Егер сіз демеп жібермесеңіз, онда маған дүние қымбат емес... Біреуінен басқаның бәрін айттым. Болдым. Ол қайтадан жаңағысындай жылап жіберді де, бір шамаға дейін өксігін баса алмай отырды.

Мен қатты ойланып қалдым. Біреуінен басқасы деп отырғаны — шын аты-жөні. Мәселе шешілген соң айтпақ. Әрине мен оң шырай берсем ғана айтады. Егер олай болмаса мәрт жігіт кім біледі... Шынында осы жігіттің сөзінен кейін мен шын адамды көргендей болдым. Егер ол адам болмаса, қатесін мойнына алуға шамасы келер ме еді. Сол қалпымен кете берсе тұтқындалып өмірін өткізер еді. Демек бұл адам. Нағыз жігіт деген қорытындыға келдім. Ал олай болмай шықса ше?

Кім біледі, адам аласы ішінде, мал аласы сыртында. Жоқ. Олай болмасқа керек. Енді оны мыжудың да қажеті болмас...

Шай үстінде Айтыртық бір ауыз сөйлеген жоқ.

«Кісі асына сабыр» дегендей тартынып шайды аз ішті. Дастар-қан жиналып кеткен соң да ол менің жауабымды үнсіз күтті.

—Жауапты ертең ал,— дедім мен оған. Ол «сау бо-лығыз» деп шығып кетті. Чемодан босағада қалды. Мен оны ала кет дедім.

...Совхоз директоры Мұқан ертелетіп жетті. Нақ сағат тоғызды соққанда біздің есіктің қоңырауы да қағылды. Уәделескендей Мұқанның артында Айтыртық та тұрды. Шайды үнсіз іштік. Мұқан екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы, зор жаратылған адам. Екі метрге жуық бойына лайық ауыр денесін зорға қозғайды. Маған туысқан. Отызыншы жылдан бері советтік шаруашылықты басқарып келе жатқан адам мұндай талай тентекті түзеткен. Ол жанында үнсіз отырған Айтыртыққа қарап қойып, маған жауап қатты.

—Мына баланы маған жапсырайын деп отырсың ғой.

—Жоқ, жапсырайын деп емес, тапсырайын деп отырмын. Бір бөлме беріңіз, жұмыс таңдамайды.

—Мамандығың, документің бар ма?— деп Мұқан Айтыртыққа қарады. Ол жерге қарады.

—Документ — мен, барлық қылығына мен жауап беремін, кімнің...

—Бекболат Асанбаевтың...— деп жіберді Айтыртық. Өзі тапсырып отырып, өзі атын білмегені несі дегендей Мұқан маған күжірейіп бір қарап, ыржиып күліп қойды.

— Ия, Бекболаттың. Өзіңіз маман етіп тәрбиелеп аласыз ғой. Талайды тәрбиеледіңіз ғой...

Мұқан жүрмек болды. Бекболат та есікке беттеді.

—Тұра тұр,— дедім мен,— чемоданыңды аш.— Бекболат терлеп, қызарып кетті.

Ашып ішінен іш киімдерін алып, чемоданды орнына қоймақ болды.

—Ішіндегісінің бәрін ал бері,— дедім мен. Күнделік, жазылған блокнот, тағы басқаларын алып Бекболат столға қойды. Сол сәтте-ақ чемоданға қызыл жіп атқан болгарлық сары қоңыр костюм, сары бұжыр кепка салынды.

—Ал үстіне іш киімдеріңді сал,— дедім Бекболатқа. Ол бәрін үндемей істеп, чемоданның аузын жапты...

Аздан кейін машина ішінен сілтеген Бекболаттың қолын көрдік. Ұры бізден еншісін алды.

1967 жыл.